ASTANA INTERNATIONAL UNIVERSITY

«АБАЙДЫҢ «ТОЛЫҚ АДАМ» ІЛІМІ –ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫНЫҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ»

халықаралық ғылыми-тәжірибелік семинар жинағы

Астана, 2025

ӘӨЖ 821.512.122.0
ББК 83.3 (5Қаз)
А13

Бас редактор: Резуанова Г.К. – Астана халықаралық университеті, филол.ғ.к., доцент

Редакция алқасы: Әуелбек А.Ө., Оразбаева А.С., Шнайдер В.А., Рахимбаева Г.К., Кузембаева Ж.Е., Усенбаева С.С., Алашбаева Ж.Н., Ибрайханова А.Қ.

«Абайдың «Толық адам» ілімі – қазақ руханиятының темірқазығы» халықаралық ғылыми-тәжірибелік семинардың жинағы.– Астана: «Астана халықаралық университеті», 2025. – 359 б.

ISBN 978-601-08-5212-9

Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына орай өткізілген «Абайдың «Толық адам» ілімі – қазақ руханиятының темірқазығы» халықаралық ғылыми-тәжірибелік семинар Абай мұрасын, дүниені танудағы ұлы ойшылдың философиялық ой-тұжырымдарын білім беру ұйымдарында оқыту әдістемесін жетілдіруді мақсат етті. Семинар жұмысына практик-мұғалімдер, білім беру орталықтарының мамандары мен әдіскерлері, қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері, жоғары оқу орындарының магистранттары мен студенттері қатысып, жалпы білім беретін орта мектептерде Абай шығармаларын оқытуды жақсартуға және ғылымның дамуына жәрдемдесуге бағытталған өз зерттеулерімен және практикалық тұжырымдарымен бөлісті.

Бұл жинақта сол семинардың материалдары (баяндамалар мен ғылыми мақалалар) жинақталған.

Мақалалардың мазмұны үшін авторлар жауапты.

ISBN 978-601-08-5212-9 **© Астана халықаралық университеті, 2025**

МАЗМҰНЫ

Резуанова Г.К., Кузембаев Ж.Е. 9
Алғы сөз

Абдраманова Г.А. 11
Абай мұрасын қалыптастырған тұңғыш ғалым

Абдуллаева К.М. 15
Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі және қазіргі білім мен ғылымға деген көзқарасы

Абдыкаримова Ж.Б. 20
Ақын шығармаларының ұлттық рухты сақтап, дамытудағы рөлі

Аймаханова А.Е. 24
Абайдың жәуәнмәртлік туралы көзқарастары және оның рухани құндылықтармен сабақтастығы

Айтбаева Т.А. 28
Абайдың қара сөздеріндегі негізгі философиялық идеялар

Акишева Ж.М. 34
Абайдың ғылым мен білім туралы ойларының тұлға қалыптастырудағы орны

Алдабергенова Б.М. 41
Абай философиясының бүгінгі әлемдегі маңыздылығы мен қолданылуы

Алипбаева А.У. 44
Абайдың білім мен ғылым туралы ойларының тұлға қалыптастырудағы рөлі

Аманова Л.Ш. 49
Ұлттық білім беру: Абай шығармаларында көрініс тапқан құндылықтар

Асланова А.Б. 53
Абай философиясындағы білім мен тәрбие: оқушылардың рухани және ақыл-ой дамуына әсері

Ахметова А.К. 61
Абайдың «Толық адам» концепциясының өміршеңдігі

Ахметова Н.М. 66
Абай мұрасындағы ұлттық құндылықтар және олардың білім берудегі маңызы

Байгунакова Г.С. 70
Абайдың ғылым мен білім туралы ойларының тұлға қалыптастырудағы орны

Банашева С.С. 73
Абайдың «Ескендір» поэмасы – рухани құндылықтар кілті

Батыргалиева Г.Х. 76
Абай шығармаларының алтын арқауы – өмір шындығы

Бейсембина Н.С. 81
Абайдың ғылым мен білім туралы ойларының тұлға қалыптастырудағы орны

Бекбарова М.Н. 87
Абайдың табиғат лирикасы арқылы география пәніне қызығушылықты арттыру

Бекбергенов А.И. 90
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы және «толық адам» концепциясы: Абай ілімі арқылы жас ұрпақтың бойында тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру

Бекбосынова Г.Д. 95
Абайдың білім мен ғылымға деген көзқарастарының қазіргі білім жүйесімен байланысы

Боканова А.А. 99
Абай шығармаларындағы рухани-адамгершілік құндылықтар және олардың ұлттық білім беру жүйесіндегі орны

Даулетова А.Ж. 102
Абай және әлеуметтік өзгерістер: ақынның шығармашылығындағы қоғам мен адам мәселелері

Дутбаева А.К. 108
Болашақ ұрпақты дұрыс жолға бағыттауда Абай шығармаларының ерекшеліктері

Дюсебаева Ж.Т. 111
Абай өлеңдерінде кездесетін сандық ұғым

Дюсенова А.Ж. 115
Абай философиясындағы білім мен тәрбие: оқушылардың рухани және ақыл-ой дамуына әсері

Елесбаева К.Е. 119
Бастауышта Абай шығармаларын оқытудың оңтайлы әдіс-тәсілдері

Есенова А.А. 122
Абайдың қазіргі қоғамдағы рухани және мәдени маңызы

Есмурзина М.К. 125

Абай мұрасы және бүгінгі жастар: «Толық адам» ілімінің өміршеңдігі

Жанасыл К. 130
Абай шығырмаларындағы «Толық адам» бейнесі

Жилхайдарова Р.А. 136
Абай Құнанбаевтың қара сөздеріндегі негізгі философиялық идеялар

Жомартова Э.Ж., Есжанова Б.Т. 139
Творчество Абая через призму физических законов

Жумбаева Л.М. 148
Ұлттық білім беру: Абай шығармаларында көрініс тапқан құндылықтар

Жумасанова Г.Х. 151
Бастауыш сыныпта Абай шығармаларын оқыту арқылы біртұтас тұлға қалыптастыру

Иманкалиева Е.Б. 157
Абай шығармаларындағы құндылықтар жүйесі

Исанова Н.Д. 160
Ұлттық білім беру: Абай шығармаларында көрініс тапқан құндылықтар

Кавияв А. 167
Абайдың ғылым мен білім туралы ойларының тұлға қалыптастырудағы маңызы

Кайырбаева А.С 171
Абай және қазіргі заман: ақын идеяларының өзектілігі

Карикпаева Д.А. 176
Абай философиясындағы білім мен тәрбие: оқушылардың рухани және ақыл-ой дамуына әсері

Кезембаева З.Ж. 180
Абайдың оқу, ғылым туралы айтқан ойларының тұлға тәрбиелеудегі маңызы

Керимбаева Ж.А. 184
Абайдың өлеңдері мен қарасөздерінің қазақ мәдениетіне тигізген ықпалы

Кошкарова Г.Д. 189
Абай шығармаларын оқыту арқылы ғылыми дүниетанымын қалыптастыру

Кошкарова Г.Д. 193
Абайдың ғылым туралы көзқарастары мен қазіргі заманғы білім беру жүйесі: сабақтастық мәселелері

Куанышбекова К.С. 196
Абайдың өлеңдері мен қарасөздері арқылы ұлттық сана мен тұлға тәрбиесі

Қуанышева Ә.М. 201
Абай қарасөздеріндегі тәрбие мен білім берудің педагогикалық модельдері

Кусаинова А.К. 205
Абай шығармаларындағы қанағат идеясы: бүгінгі ұрпақ тәрбиесіндегі мәні

Кутумбетова Б.А. 209
Абай философиясының негіздері: тәрбие мен қоғамды жаңарту идеясы

Калдыбаева Л.А. 213
Абай шығармашылығының қоғамдық сананы өзгертуге әсері: ақынның ойлары мен қазіргі тәлім-тәрбие

Мамырова Д.К. 218
«Толық адам» және ұлттық тәрбие: абай идеяларының сабақтастығы

Мураталиева Г.Ә. 222
Абайдың әдеби мұрасы: қазақ әдебиетіндегі рухани жаңғыру мен гуманизм

Мұхан А.С. 227
Абайдың ғылым мен білім туралы ойларының тұлға қалыптастырудағы орны
(«Ғылым таппай мақтанба» өлеңі бойынша)

Омарова К.С. 231
Абайдың білім мен ғылым туралы ойлары – тұлға қалыптастырудың негізі

Омарова С.Б. 235
Абай ілімі және заманауи ұрпақ

Омарова Ш.Б. 237
Абай философиясындағы білім мен тәрбие: оқушылардың рухани және ақыл-ой дамуына әсері

Раева А.Ж. 241
Абай өлеңдері мен қара сөздеріндегі эмоциялар: когнитивтік және психологиялық талдау

Резуанова Г.К., Әкімжан Ж. 244
Білім берудегі электронды платформалар, олардың маңызы

Сагидолданова Н.С. 249
Абайдың шығармаларының қазіргі жастарға, қоғамға және білім беру жүйесіне ықпалы

Садыкова Г.Ж. 256
Абай шығармасындағы ұлттық құндылықтар

Садыкова Д.Д. 259
Химия сабағында Абай өлеңдері мен қара сөздерінің оқушылардың химиялық заттар қасиеттерін сипаттау дағдысын дамытуға әсері

Саматова Г.Ш. 264
Ұлттық білім беру: Абай шығармаларында көрініс тапқан құндылықтар

Сарсенова Г.Ж. 269
Абай шығармалары – саналы ұрпақ тәрбиелеудің ескірмейтін бағдаршамы

Сейдешов О.Б. 273
Абайдың ғылым мен білім туралы ойларының тұлға қалыптастырудағы орны

Селимбаева К.Т. 281
Ұлттық білім беру: Абай шығармаларында көрініс тапқан құндылықтар

Скакова Б.Н. 285
Ұлттық мінездің рухани негіздері және қазіргі қоғамдағы көрінісі

Скаков С.Т. 289
Қазақы болмыс және сана: Абайдың психологиялық көзқарастары

Смагулова Ш.А. 291
Абайдың шығармашылығындағы қазақ халқының ұлттық ерекшеліктері

Смаилова Г.К. 297
Білім мен ғылымға шақыратын Абай өлеңдерін бастауыш сыныпта оқыту

Сулейменова Ж.С. 302
Абай қара сөздеріндегі философиялық идеялар

Сындаркулова М.О. 305
Абай философиясындағы білім мен тәрбие: оқушылардың рухани және ақыл-ой дамуына әсері

Тастанбекова Б.Ж. 309
Ұлттық білім беру: Абай шығармашылығында көрініс тапқан ұлттық құндылықтар

Тогтох С. 315
Абайдың «Толық адам» ілімі: ақыл, қайрат, жүрек үйлесімі

Томабаева Ә.Ғ. 319
Абай шығармаларындағы ұлттық код

Тулегенова Г.Ж. 322
Ұлттық білім беру: Абай шығармаларында көрініс тапқан құндылықтар

Уйсунбаева А.К. 329
Ұлттық білім беру: Абай шығармаларында көрініс тапқан құндылықтар

Умурзакова Л.А. 331
Абай шығармаларындағы құндылықтар жүйесі

Уразалиқызы А., Резуанова Г.К. 337
Бейнематериалдарды пайдалану арқылы тілдерді үйрету

Шальжанова Г.Ж. 343
Абай шығармаларын оқытуда геймикация элементтерін қолдану

Шериязданова М.А. 347
Ұлттық білім беру: Абай шығармаларындағы құндылықтар

Шолпанбаева А.К. 351
Абайдың философиясындағы адам мен қоғамның орны: ақынның әлеуметтік көзқарастарын заманауи тұрғыдан зерттеу

Шуленбаева Г.М. 355
Ұлттық білім беру: Абай шығармаларында көрініс тапқан құндылықтар

АЛҒЫ СӨЗ

2025 жыл қазақ елі тарихында ұлы ақын, ойшыл, сазгер Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерей тойымен ерекшеленеді. Тарих қойнауына көз жүгіртсек, Абайдың әдеби мұрасы, ғұмырбаяны, ұлы ақынның тарихи тұлғасы ертеден зерттеліп, зерделенгенін аңғарамыз. 1914 жылы кемеңгер қаламгеріміз Міржақып Дулатұлы «Қазақ» газетінде Абайдың қайтыс болғанына 10 жыл толуын еске ала отырып жазған мақаласында: «... ардақты ақынымыз, қараңғы заманда шырақ жаққан басшымыз Абайдың есімі, құрметі, терең мағыналы асыл сөзі атадан-балаға, немереден-шөбереге үзілмей сақталуын тілейміз. Абайдың өлген күнінен қанша алыстасақ, рухани сонша жақындармыз. Үнемі бұл күйде тұрмас, халық ағарар, өнер-білімге қанар, сол күндерде Абай құрметі күннен-күнге артылар, «Бірінші ақынымыз» деп қабірін халқы жиі-жиі зиярат етер, халық пен Абай арасы күшті махаббатпен жалғасар. Ол күндерді біз көрмеспіз, бірақ біздің рухымыз сезер, қуанар...» деген екен. «Абайдың «Толық адам» ілімі – қазақ руханиятының темірқазығы» атты халықаралық ғылыми-тәжірбиелік семинар соның айғағы. Семинарды Ұлылардың ұлық жолын ұстанып, Абайдың толық адам тағылымына терең бойлап, ақын ұлылығының жаңа қырларын ашып, дәстүр жалғастығымен Абай мұрасын ұрпаққа ұлағат ету үшін білім саласында қызмет етіп жүрген педагогтерге әдістемелік, ғылыми, өнер, білім беру менеджменті бағыттары бойынша тәжірибе алмасу алаңын құру мақсатында ұйымдастырылды. Семинар 2025 жылдың 19 сәуірі күні өтті.

Толық адам – Абайдың армандаған, аңсаған мұрат-мақсаттарының ең биік асқар шыңы. Дара да дана Абай айтқан адамның «ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» асыл қасиеттері болашағымызды айқындап берер руханиятымыз. Абайдың толық адам жайындағы танымын ғылыми тілмен оқырманға тереңінен түсіндіріп, талдап берген ғалым Мекемтас Мырзахметұлы «Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары» атты монографиясында Абайдың исламият пен мораль философиясына қатысы мұрасын зерттеп, ақынның парасатты ойларын бір ізге түсірген еді. Ғалымның 2017 жылдың 4 тамызында «Қазақ әдебиеті» газетінде жазған: «Адамзат қоғамының тарихында адамгершілік идеясы ғасырлар бойы күн тәртібінен түспей келе жатқан ең басты мәселелердің бірі, сондықтан «Бүкіл оқу орындарындағы тәлім-тәрбие беретін оқулықтар Абайдың «Толық адам» ілімі негізінде қайта жазылуы тиіс. Бұл рухани қажеттілік» деген сөзіне толықтай қосыламыз.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев: «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында ғалымдардың алдына нақты міндеттер қойып, «Біз Абайдың «Толық адам» тұжырымын қайта зерделеуіміз керек. Бұл бағытта ғалымдарымыз тың зерттеулерді қолға алуы қажет. «Толық адам» концепциясы, шындап келгенде, өміріміздің кез келген саласының, мемлекетті басқару мен білім жүйесінің, бизнес пен отбасы институттарының негізгі тұғырына айналуы керек деп есептеймін» - деген болатын. Демек, бүгінгі күні Абайды одан әрі зерделеу, зерттеу қоғам өмірінің бүкіл саласында, соның ішінде білім беру ұйымдарында басты мақсаттарды бірі болуы тиіс.

XXI ғасырда Абай айтқан «Толық адам» ілімі – рухани жаңғырудың шыңы. Адам өзінің рухани болмысын тануынан бастау алады. Толық адам болудың жолын Абай: «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста. Сонда толық боласың елден бөлек,- деп саралап берді. Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстаған адам ғана толық адам деңгейіне көтеріледі. Толық адам ғана нұрлы ақылдың иесі болмақ. Толық адамға тән қасиеттер хакім Абай өзі көрсеткендей талап, еңбекқорлық, терең ой, қанағатшылдық, рахым, әділет, ар, ұятта жатыр. Сонда ғана біз ізгілік пен мейірімділікке, пенделіктен қол үзген имандылыққа қол жеткіземіз.

Абай адамгершілікті, әділеттілікті ең негізгі моральдық принцип ретінде поэзиялық туындыларында да, қарасөздерінде үнемі атап көрсетіп отырады. Ғылым-білімді уағыздаған ағартушы ақылды, білімді аса жоғары бағалайды. Не нәрсеге болсын ақыл – таразы, дүниенің сырын танып білуде ақылдың мүмкіндігі шексіз, мол деп санайды. Абайдың «Толық адам» ілімі «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінен бастау алса, ондағы «бес асыл» мен «бес дұшпанның» негізі шығыс ойшылы Ғұламаһи Дауанидің (XV ғ.) педагогикалық трактатынан алынып, Абайдың дүниетанымында бұл ой тереңдетіліп, адам бойына қажетті «бес асыл қасиет» пен «бес дұшпан» нақтыланады.

Абай сипаттаған толық адам кім? Ол білімді, бойындағы бар ашуын ақылға жеңдіре білетін, жүрегі таза, рухы биік тұлға. Жүрек – рақым мен шапағаттың қайнар көзі.

Ұлы ойшыл өзінің отыз сегізінші қарасөзінде: «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар, содан қашпақ керек. Әуелі – надандық, екіншісі – еріншектік, үшіншісі – залымдық» дейді. Білім алушыларға осы қарасөзде айтылған адамның бойындағы рухани құндылықты төмендететін қасиеттерден алыс болу үшін адами асыл қасиет – ғылым-білім үйрену қажеттігін жеткізуіміз керек. Адам бойындағы адамгершілік қасиеттің жоғарғы шыңындағы «ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» сияқты үш қасиетті біріктіріп, оны өрісі кең әлеуметтік күшке жетелейтін көрсеткіш білім мен ғылым екенін ұғындыруымыз қажет. «Ыстық қайрат» – үнемі ізденісте болып, алға ұмтылуға, «нұрлы ақыл» – ізгілікті іс жасауға, өзі ғана біліп қоймай, білгенін басқалармен риясыз бөлісуге, жан-жағына жылулық сыйлауға, жақсылық жасауға, ал, «жылы жүрек» – мейірімді, иманжүзді болу жолында адамдарға құрметпен қарауға, мейірбандылық танытуға, адамдардың мұң-мұқтажын түсінуге жетелейтін асыл қасиеттер.

Абайдың «ақыл, қайрат, жүректі» бірдей ұстасаң ғана «толық боласың» деген ғибратты тұжырымы – «Толық адам» ілімі бүгінгі өмірдің мәні мен маңызын түсініп, даналық мен даралыққа ұмтылдырушы құрал, руханият әлеміне жол ашар «Парасаттылықтың патшасы» болмақ. Абайды оқу, ойшылдың ілімінен ой түйіп, өмірлік ұстанымға айналдыру – әрбір адамның азаматтық парызы, ұлттық намыстың тірегі.

Резуанова Ғалиябану Кабиевна,
Күзембаев Жамбыл Елемесович,
филология ғылымдарының кандидаттары, доцент,

АБАЙ МҰРАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРҒАН ТҰҢҒЫШ ҒАЛЫМ («Қайым –ғылым мектебі» оқу бағдарламасы негізінде қарастырылады)

Абдраманова Гульжанат Асановна,
қазақ тілі мен әдебеті пәні мұғалімі,
Астана қаласы әкімдігінің
«Қайым Мұхамедханов атындағы
№90 гимназия» ШЖҚМКК

Аңдатпа. *Бұл мақалада мектеп оқушыларына қазақтың ірі тұлғаларының бірі Алаштанушы, Абайтанушы, Шәкімтанушы, Мұхтартанушы ғалым, текстолог Қайым Мұхамедхановтың еңбектерінен Абай мұрасын қалыптастырудағы тұлғалық болмысын, даралық қабілетін, ұлтқа қызмет етудегі ұлы істерін насихаттау, дәріптеу, ғибрат алу, өнеге тұту мақсаты көзделеді. Абай мектебін, мұражайын құрудағы және оның шығармаларын жинақтауда текстологиясымен айналысқан ғалым Қайым тереңнен бойлап, Абайдан қалған жәдігерлерді жинақтап, алғаш Абай мұражайын қалыптастырды. Қазақ әдебиетінің дамуына үлес қосқан ұлы тұлғаардың еңбектерін сақтап, бүгінгі күнге жеткізу жас ұрпақтың өмір сүруге, еңбектенуге, адалдыққа, құрметке, өз еліне қызмет жасаудағы азаматтық борышқа үйретіп, ұлы Абайдың мұрасын тереңнен танытуға көмектесетіні сөзсіз.*

Түйін сөздер: *Абай мұрасы, оқыту, ұлы іс, ұлы тұлғаар.*

Кіріспе

«Абай – қазақ халқының бас ақыны»,- деген ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың Абай шығармларына, ақындығына, философиясына терең үңіліп баға берген еді [1]. Халықтың санасын, ойын, білім-ғылымға деген көзқарасын оятуда Алаш зиялыларының есімдерін еңбектерін елемей кету мүмкін емес. Тарих әлеміне ой жүгірте қалсаң, бір-бірімен сабақтасып жатқан ұрпақтар арасындағы шексіз байланысты аңғарасың. Бұл байланыс ғасырлар бойы жалғасып, «елім, жерім, ұлтым» деген арыстардың халықтың болашағы үшін жасаған ерен еңбектерін, қалтқысыз қызметтерін ақтаңдақ бетінен ұмыттырмай, қайта жаңғыртып, жаңартып, рухани байытып отыратыны анық. Тарихты көсіле жазатын, ой толғайтын небір шеберлер, шешендер, білімділер ірі тұлғаға айналып, бүгінгі ұрпақтың тұмшаланған санасына тың серпін беру үшін мұрағатқа айналғандай. Міне осындай қазақ халқы үшін, оның ірі де ұлы тұлғалары үшін жанкешті тағдырға табандылықпен қарсы тұрсы тұрған ғалым, зерттеуші, Абайтанушы, Шәкәрімтанушы, Мұхтартанушы, Алаштанушы Қайым Мұхамедхановтың еңбегін қалай насихаттамасқа, келер ұрпаққа танытпасқа болады. Қайым өзінің «Алдымда ақын Абай – Темірқазық» деген өлеңінде ақын Абайды өзіне ұстаз ретінде үлгі тұтып, өз өміріне бағыт-бағдар ретінде суреттейді:

Өлеңін асыл сөздің кеткен жазып,
Бойға қуат, жаныма болған азық.
Қалам алсам қолыма, өлең жазсам,

Алдымда ақын Абай-Темірқазық! [2]–деген өлең жолдарында айқын айтып өтеді. Қайымның жас кезінен халыққа жақын болуы, оның ішінде Абайға жақын болуы тегін емес емес еді. Бала күнінен отбасында әкесі Мұхамедхан алаш зиялыларымен бірге кездесіп, дастарханда с, дәмдес болып, мақсаты бірге өрбіген, елдің ертеңіне алаңдаған Алаш азаматтарына қолдау көрсеткенін көріп өскен бала Қайым, болашақта ғалым Қайым болып шығатынын білмеген де болар. Отбасындағы құндылық әкеден балаға берілгені сияқты, Қайымның жас кезінде –ақ зиялы әрі блімді ортадан алған тәлімі өмірлік ұстанымына айналды. Қайымның қазақ халқы үшін жасаған ең үлкен әрі баға жетпес еңбегі Абай мұрасының сақталуына, қалыптасуына қосқан үлесі болды. Абай мектебін, Абай мұражайын ашып, Абай шығармаларын зерттеп, алғашқы текстология саласын дамытқан да Қайым болатын. Бүгінде Абай шығармаларының бұрмаланбай дұрыс сақталуына, келешек ұрпаққа сол қалпында насихатталуына себепкер болған еңбектерінің құндылығын айтпай өту мүмкін емес. Осындай ұлы тұлғаларды танытқан ғалым Қайым туралы бүгінгі мектеп оқушыларының біліп, оқып өсуіне мүмкіндік туғызу қажет-ақ. Бағдарламаның негізгі идеясы- Қайымның еңбектері арқылы Абай, Шәкәрім, Мұхтар арасындағы Ұстаз бен шәкірттің байланысын, тереңнен зерделеп, ұлы тұлғаларынң мұрасын насихаттау.

Әдебиеттерге шолу

Абай мұрасын қалыптастырған тұңғыш ғалым туралы айту үшін Тұрсын Жұртбай, Ербол Ісләмұлының жинақтаған еңбектері «Қайым Мұхамедханов» 10 томдық жинақтарынан 1, 3, 8 томдары [3] және Дина Мұхамедхановаңың «Ұстаз бен шәкірт» жинағы [4] қарастырылды. Сонымен қатар «Әдебиет» порталынан тақырыпқа қатысты деректер алынды.

Зерттеу әдіснамасы

Оқытудың өзектілігі неде десек, мектеп бағдарламасында қаншама қазақ әдебиетінің алыптары, ұлы ақындары, жазушылары туралы оқу бағдарламасына енізіліп, мектеп оқушыларының солардың шығармаларын оқып, түрлі кейіпкерлермен танысып, тарихи болмыстарын ғана емес, әдеби шығармадағы болмыстарына баға беріп, тәрбиелік, өнегелік жақтарын талдап, жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді талқылауға машықтанып келеді. Қазақ әдебиетінің дамуына үлес қосқан алыптардың еңбектері жас ұрпақтың өмір сүруге, еңбектенуге, адалдыққа, құрметке, өз еліне қызмет жасаудағы азаматтық борышқа үйретіп, әлеуметтік тақырыптарды тереңнен танытуға көмектесетіні сөзсіз. Дегенмен, әдебиет алыптары туралы сөз қозғағанда Абай, Мұхатр, Шәкәрім туралы айтпау мүмкін емес, алыптар арасындағы сабақтастықты байқамау да мүмкін емес. Бірақ осы алыптардың еңбектерін көз майындай сақтап, қорғап, барынша ұстаздарына шексіз еңбегін арнаған , бір өзі бір ғылым мектебіне, бір өзі институтқа айналған, асыл мұраның қадірін, құндылығын бағалап, солар үшін күрескен, қиындық сәтте сатпаған ерекше дара тұлға бар, ол- осы ұстаздардың шәкірті, «Алаштың соңғы тұяғы» саналған Қайым Мұхамедханов еді.

Қайым Мұхамедхановтың ұстаздарына сіңірген еңбегі шексіз десек, қателеспейміз. Балалық шақтан бастап ғалымдық шаққа дейін өзінің

ұстанымынан айнымаған, өмірін Абайдың, Мұхтардың, Шәкәрімнің еңбектерін жинақтаумен өткен Қайым бір өзі-бір ғылым мектебі еді.

Талқылау

Бағдарламаның оқытудың құндылығы - Қайымның Абай мұрасын зерделеуге, жинақтауға бетбұрыс жасауына зор ықпал еткен ұстазы Мұхтар Әуезов арқылы Абайды сүйіп, танып, ұлы ғылымға бетбұрыс жасауы.

Педагогикалық тәжірибенің тиімділігін көрсетуде бірнеше деректер келтірілген. Соның бірі «Әдебиет» порталында Қайым Мұхамедхановтың өмір деректерінен маңызды деген 10 дерек жинақталып, жазылған екен, Соның ішінде бесінші дерегінде, 30-жылдардағы қиын кезеңдер Абай шығармаларын айналып өтпегенін және Абайды көрген жандардың да қатары сиреп бара жатқанын айтып, Абай шығармаларын жүйелеу, зердлелеу, жианқтау үшін Мұхтар Әуезов жас Қайымға арнайы тапсырма берген екен. Мұндағы басты мақсатта Абай мұрасының толыққанды сақталып қалуын, өршіп тұрған жаладан арашалап, шығармашылығын сақтап қалу маңызды болады. Ұстазынан тапсырма алған Қайым бұл жұмысқа белсене кіріседі. Қайым Абай мұрасын жинақтауда өзінің бағытын нақтылап, бұрмаланбау үшін үш бағыттағы әдіспен жүргізеді. Алдымен Абай мұрасының дұрыс сақталуы үшін Абай мұражайын жасақтауды жоспарлайды, Содан кейін Абайдың ұрпақтары мен шәкірт ақындарының еңбектерін жинап, зерттеп, зерделеуді көздеген. Енді ең маңызды әрі күрделі жоспарының бірі- Абай шығармаларының текстологиялық тұрғыдан, түпнұсқа жазбаларын сақтау еді. Жас Қайым үшін бұл артылған жауаптылық, міндет өте күрделі әрі қиын жолмен іске асты. Себебі, сол кездегі саясаттың әдебиетімізді дамытуға емес, керісінше қазақтың ұлы деген тұлғаларының шығармаларын теріске шығарып, жарыққа шығармауды мақсат екен кезең еді. Осындай қиын-қыстау уақытта Қайым Мұхамедхановтың қазақ халқының мәдениеті мен әдебиет саласына жасаған үлкен еңбегі Абай мұражайын құруға атсалысуы еді. Бұл мұражай несімен құнды болды? Біріншіден, Мұхтар Әуезов Қайыммен бірге Семей қаласында Абай мұражайы орналасатын ғимаратты таңдайды, екіншіден Қайым Абайдан қалған жәдігерлерді, қолжазбаларды жинауға кіріседі, әрине оған Абайды танитын ақсақалдар, туыстары, балалары қолдау көрсетеді. Осындай үздіксіз еңбектің нәтижесінде мұражайға 500-ден аса жәдігерлер жиналды. Осы мұражайдың алғашқы директоры болып Қайым Мұхамедханов тағайындалады. Қайымның тағы бір ерекшелігі Абай мұжражайын ашқаннан кейін Абайдың шығармашылығына тереңнен бойлап, ғылыми тұрғыда айналыса бастады. Мұражайға қойылған ғылыми мәліметтер, құжаттар, жыл сайын көбейе түсті.

Абай мұрасының өміршеңдігі мен насихатталуына, келер ұрпаққа дәріптелуіне қатысты Қайым Мұхамедхановтың тағы бір ерекше еңбегі- ұлы Абайдың ақын шәкірттері мен ізбасарларына, әдеби мектебіне алғаш рет ғылыми тұрғыда жүйелеп, негіздеме жасады. Бұған дейін Абайдың шығармашылығы және оның тәлімін алған қаншама ақындардың сазгер, әншілердің де шығармалары жүйеленеген болатын.

Қайым Мұхамедханов- Абайдың ақын ұлдары мен шәкіртерінің шығармаларын жинақтарп,ретке келтіріп, ғылым тіліне айналдырған ғалым. Алғашқыда ұстазы Мұхтар Әуезовтің тапсырмасымен басталған Абай мұрасын зерделеу , зерттеу жұмысы үлкен ғылыми диссертацияға айнлып, ғалымды Абайтанушы деңгейіне жеткізді. Бұл жолдарда Қайым Мұхамедхановқа небір айыптар тағылып, түрмеге түсіп қиын уақытты бастан кешеді. Табандылық пен ұстазға деген құрмет, шексіз сенім оның өз ұстанымынан айныта алған жоқ. Осылай Ұстаз бен шәкір арасындағы байланыс Абай мұрасынан басталып, Мұхтар әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының жазуына септігін тигізіп, ғұлама ғалымдардың еңбегін өз халқына таныта түсті.

Қайым Мұхамедхановтың Абай мұрасын сақтаудағы тағы бір ерекше ғылым саласына енгізген еңбегі текстология саласын қалыптастыруы еді.

Қайым Мұхамедханов ғұмыр бойы Абай сөзінің түпнұсқасын сақтаумен айналысты: Абай өлеңдері мен поэмаларына текстологиялық талдау жүргізіп, әрбір шығармасына ғылыми түсініктеме жазды, ұзақ жылдар бойы бір басылымнан екінші басылымға көшетін жаңсақтықтар мен қателерді жөндеді. Сонымен бірге, ғалым Абайдың белгісіз болып келген 31 шығармасын тауып, олардың Абайдікі екенін дәлелдеді. Міне, өмір дерегінде осындай қайсарлықтың, табандықтың нағыз шынайы бейнесі жазылған.

Нәтижелер

Мектеп бағдарламасында Қайымның Абай мұрасын насихаттаудағы ғылыми іздерінстері мен еңбектерін танытудың , оқытудың жаңа бір әдісі-ол мектеп оқушыларына «Қайым ғылым мектебі» оқу бағдарламасы арқылы жеткізу, дәріптеу. Бағдарламаны оқыту кезінде инновациялық әдістерді, жасанды интеллект, гемификация әдістерін, гибридті оқыту тәсілдерін кеңінен қолдануға болады.

Жаңа Қазақстанның бүгінгі тарихында мектеп оқушыларына тарихтың тұнығында жатқан,талай тұлғаларды таныту, олардың еңбектерін жарыққа шығаруды жаңаша форматта қарастыру, насихаттау басты міндеттіріміздің бірі болмақ. Сондықтан «Қайым-ғылым мектебі» оқу бағдарламасын оқытудың ерекшеліктеріне мұражай сабақтар, дебат, экскурсия сабақтар енгізілген. Буктрейлер, бейне жазбалар, жоба-зерттеу жұмыстарын шығармалылықпен жасап мектеп қабырғасынан Абайды, Мұхтарды, Шәкәрімді танып шығады және оқу бағдарламасы арқылы алыптардың еңбектерін сақтауда, асыл мұрасын насихаттауда, халқына аманат етіп жеткізуде өмірін арнаған, ғұмыр бойы ұстаздық жолында өзінің ұстаздарының еңбегін шәкірттеріне терең̆нен таныстырған жазушы, ғалым, текстолог, аудармашы, ақын Қайым Мұхамедхановтың еңбектерінің бағасын біледі. Қайым Мұхамедханов кім дегенеде, бүгінгі ұрпақ осы сұраққа жаңылмай жауап беретіндей, еңбектерін насихаттайтын болады. Бұл бағдарлама «Біртұтас тәрбие» бағдарламасымен де тығыз байланысты. Құндылыққа негізделген білім беру идеясы осы «Қайым және ғылым мектебі» оқу бағдарламасының да басты мақсаты.

Қорытынды

Алаштың ардақты ұлдарының бірі, Абайтанушы, Мұхтартанушы, Шәкәрімтанушы Қайымның асыл мұрасын мектеп оқушыларына таныту, адами болмыстың қалыптасуына тікелей ықпал болған отбасылық тәрбиенің, ғылым айнасында қалай көрініс тапқанын паш ету, үлгі алу, мектептегі құндылыққа негізделгін білім алуға өнеге ету. Бұл бағдарлама 34 сағатқа арналып жасалынған. Соның ішінде 18 сағаты Қайым мен Абай арасындағы тығыз әрі терең байланыстың, ұрпақтар сабақтастығының нақты дәлелдерін көрсетіп,оқушының бойына қайрат, жігер, рух сыйлайды. Ұстаз бойындағы құндылықты шәкірті қалай өнеге тұтқанын, өмірлік ұстанымы ретінде қандай тәлім-тәрбие алғанын үлгі етеді. Бағдарламаны оқыту нәтижесінде мектеп оқушылары Абай мұрасын қалыптастырушы ғалымның жан-жақты ғылыми еңбектерімен танысып, ұлы тұлғалардың мұрасына деген құрметтері, шығармашылық қабілеттері, ізденістері артады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Байтұрсынов А. Абайдың педагогикалық көзқарастары. - Алматы: Жазушы, 1992.
2. Мұхамедханов Қ. Абайдың ақын шәкірттері. Көп томдық шығармалар жинағы. Т.3. – Алматы, 2005. – 328 б.
3. Әдебиет порталы. https://adebiportal.kz/kz/news/view/qaiym-muxamedxanov-turaly-on-derek 23523
4. Мұхамедхан Д. Ұстаз бен шәкірт. – Алматы, 2023. – 13 б.
5. Мұхамедханов Қ. Зерттеулер, мақалалар. Көп томдық шығармалар жинағы.Т.1. – Алматы, 2005. – 352 б.
6. Мұқаметханов Қ. Абай шығармаларының текстологиясы жайында. – Алматы: «Қазақстан мемлекеттік көркем әдебиет баспасы», 1959. – 144 б.
7. Мұхамедханов Қ. Абай шығармаларына ғылыми түсініктер. –Алматы: «Қ.Мұхамедханов атындағы білім және мәдениет орталығы» қоғамдық қоры, 2009. – 174 б.
8. Мұхамедханов Қ. Көп томдық шығармалар жинағы. 8 том, –Алматы, 2005. – 170 б.

АБАЙДЫҢ «ҒЫЛЫМ ТАППАЙ МАҚТАНБА» ӨЛЕҢІ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМҒА ДЕГЕН КӨЗҚАРАСЫ

Абдуллаева К.М.,
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

Аңдатпа. *Бұл мақалада Абай Құнанбаевтың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі арқылы оның ғылым мен білімге деген көзқарасы зерттеледі. Абайдың бұл шығармасы оның жастарға деген педагогикалық ықпалын, сондай-ақ білім мен ғылымның адам өміріндегі маңызды рөлін көрсетеді. Ақынның ойынша, білім тек жеке тұлғаның дамуына ғана емес, қоғамның өркендеуіне де үлкен әсер етеді. Мақалада Абайдың ғылымға қатысты философиялық көзқарастары, оның шығармашылығындағы білімнің орны және*

қазіргі білім беру жүйесіндегі Абайдың идеяларының маңызы талданады. Сонымен қатар, ғылыми зерттеу нәтижесінде Абайдың білім мен ғылымды ұлттық мәдениет пен руханиятты сақтау, дамыту құралдары ретінде қарастырғаны анықталды. Мақала жастарды білім алуға ынталандыратын Абайдың педагогикалық мұрасы мен оның бүгінгі қоғамдағы өзектілігін айқындайды.

***Түйін сөздер**: Білім, ғылым, педагогика, философия, адамгершілік, руханият, ұлттық мәдениет, жастарға тәрбие, қазіргі білім беру.*

Кіріспе

Абай Құнанбаев – қазақтың ұлы ақыны, философы және ғұламасы. Оның шығармаларының мазмұны мен тереңдігі бүгінгі таңда да өзектілігін жоғалтпай, халықтың рухани байлығының негізі болып табылады. Абайдың шығармашылығы тек әдебиетпен шектелмей, сонымен қатар, қазақтың қоғамдық ой-санасы мен мәдениетінің дамуына зор ықпал етті және әлі де өзектілігін жоймай келеді. Ақынның бір ғана «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде қаншама ой, қаншама мән жатыр. Бұл өлеңде ақынның, әсіресе, білім мен ғылымға қатысты көзқарасы айқын көрінеді. «Ғылым таппай мақтанба» өлең арқылы Абай жастарға ғылымның маңызы мен адамгершілік құндылықтарды насихаттап, оларды білімге құштар болуға шақырады. Сол себептен де біз дәл осы туындысын қарастыруды жөн көрдік.

Әдебиеттерге шолу

Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін талдай отырып, оның қазіргі білім мен ғылымға деген көзқарасын көрсету мақсатымен С. Ахметов [1], А. Қоңыратбав [2], Ж.Аймауытов [3], Т.Әбсаттаров [4], Н.Иманғалиұлы [5], Мұхтар Әуезов [6], Р. Сатыбалды [7] сынды ғалымдардың еңбектеріне шолу жасадық.

Әдістеме және зерттеу әдістері

Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінен ақынның педагогикалық көзқарасын, жастарға білім алу жолындағы моральдық ұстанымдарын анық көреміз. Өлеңнің негізгі идеясы – ғылым мен білімнің адам өміріндегі рөлі. Абай «Ғылым таппай мақтанба, орын таппай баптанба» [8] деп, адам өмірінде білім мен ғылымның қаншалықты маңызды екенін аңғартады. Ақын бұл өлеңінде ғылымды жоғары бағалап, оны адамның дамуы мен кемелденуінің негізі ретінде көрсетеді. Ол ғылымды «Жүректен шыққан, ақылдан табылған» деп сипаттайды, яғни білім мен ғылымды өмірлік тәжірибе мен ақыл-ойдың ұштасқан нәтижесі ретінде көреді.

Өлең идеясы адамның білімсіз мақтануы, адасуы жайлы болып отыр. Абай ғылым мен білімді құнды, өмірдің негізгі арқауы деп санайды және оларды мақсатқа жетудің басты құралы ретінде қарастырады. Ақын осы өлеңінде жастарға терең ойлануға, білім алу жолында табанды болуға, тек сыртқы мақтан мен даңққа емес, ішкі рухани байлық пен адами құндылықтарға жетуге шақырады.

Абайдың шығармаларында ғылым мен білімді жоғары бағалауының бірнеше себептері бар. Біріншіден, ол ғылымды адамды рухани жағынан кемелдендіретін құрал ретінде қарастырған. Ақынның «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі мен басқа да шығармаларында ғылым адамды өз ісін білуге,

қоғамда өз орнын табуға, адами құндылықтарды сақтауға бағыттайтын фактор ретінде ұсынылады. Абайдың көзқарасында ғылым – тек ақпарат жинау емес, сонымен қатар адамның жан-дүниесін тазартатын, оны өмірге дайындайтын нәрсе.

Екіншіден, Абай ғылым мен білімнің қоғамға пайдалы қызмет атқаруы керектігін де атап өтеді. Оның пікірінше, білім тек жеке тұлғаны емес, тұтас қоғамды дамытуға, оны жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Ол жастарды ғылымды тек өз мүддесі үшін емес, қоғамның игілігі үшін үйренуге шақырады. Бұл тұжырым бүгінгі таңда да өзекті: қазіргі қоғамда ғылым мен білім тек жеке тұлғаның бәсекеге қабілеттілігін арттырып қана қоймай, сонымен бірге ұлттың да дамуына ықпал етеді.

Үшіншіден, Абайдың ғылыми көзқарасы да ұлттық құндылықтарды сақтау мен дамытуға бағытталған. Ақын білім мен ғылымды терең меңгеруді ұлтымыздың мәдениеті мен тарихын жаңғырту, ұлттық сана-сезімді қалыптастыру үшін қажет деп түсіндіреді. Абайдың шығармашылығында қазақ халқының мәдениетін, тарихын, әдет-ғұрпын біліп, оны дамытудың маңызы зор екендігі айтылған.

Қазіргі кезеңде білім мен ғылым қоғамның маңызды құрамдас бөлігіне айналды. Ғылым мен білімнің маңызы барған сайын артып келеді, өйткені олар әлемдік өркениеттің дамуына, экономика мен технологияның жаңаруына ықпал етеді. Абайдың ойлары бүгінгі күні ғылыми-техникалық прогресс пен білімнің заманауи маңызымен үйлеседі. Ғылым мен білім тек жеке тұлғаның ғана емес, тұтас ұлттың дамуына, қоғамның өркендеуіне ықпал ететін құралға айналды.

Қазіргі қоғамда білім алудың маңызды аспектілері болып ғылыми зерттеулер, инновациялар, ақпараттық технологиялар, экология мен әлеуметтік ғылымдар сияқты салалар қарастырылады. Алайда, Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінен біз тек ғылымды ғана емес, сонымен бірге адамгершілік, ұлттық құндылықтар мен руханиятты сақтау қажеттілігін түсінеміз. Абай айтқандай, тек ғылым мен білім ғана емес, оларды дұрыс пайдалану, адамның ішкі әлемін жетілдіру де маңызды.

Жұмыс нәтижелері

Абай Құнанбаевтың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі мен оның жалпы ғылым мен білімге деген көзқарасын зерттеу нәтижесінде төмендегідей қорытындыларға келуге болады:

1. Бұл өлеңде Абайдың білім мен ғылымға деген көзқарасы айқын көрінеді. Абай ғылым мен білімді адамның рухани және интеллектуалды дамуының басты құралдары ретінде қарастырған. Ақынның шығармаларында білімнің адам өміріндегі маңыздылығы және оның қоғамды өзгертуге, ұлтты дамытуға ықпал ететіндігі туралы терең философиялық ойлар айтылған. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде Абай білімнің тек адамға ғана емес, сонымен қатар қоғамның өркендеуіне қызмет етуі керектігін баса айтады. Бұл көзқарас бүгінгі таңда да өзекті болып отыр.

2. Абайдың педагогикалық идеялары осы өлеңде жақсы берілген. Абайдың педагогикалық ойлары да қазіргі білім беру жүйесіне маңызды

ықпалын тигізеді. Ол жастарды ғылымға, білімге деген құштарлыққа тәрбиелей отырып, олардың рухани байлығын арттыруды көздейді. Өлеңде айтылғандай, «Ғылым таппай мақтанба» деген ой оқушыларды жалған мақтан мен даңққа емес, өз білімін арттыруға және қоғамға пайдалы болуға шақырады. Бұл идеялар қазіргі білім беру бағдарламаларында да моральдық құндылықтарды дамытуға бағытталған.

3. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін білім беру ұйымдарында оқыту арқылы ғылым мен білімнің қоғамдағы рөлін арттыруға мүмкіндік аламыз. Абайдың ойынша, ғылым мен білім тек жеке тұлғаның дамуына емес, тұтас қоғамның өркендеуіне ықпал етуі керек. Осы пікір бүгінгі күні ғылым мен техниканың дамуымен, қоғамның жаһандану үдерістеріне сәйкес маңызды болып отыр. Бүгінгі білім мен ғылым қоғамның барлық саласына ықпал етуде, және олардың дамуы халықтың мәдениеті мен тұрмыс сапасының артуына мүмкіндік береді.

4. Қазіргі уақытта білім мен ғылымның маңызы артты. Абайдың көзқарасы қазіргі білім беру жүйесінің және ғылыми зерттеулердің негізіне айналғандай. Қазіргі заманғы қоғамда ғылым мен білім тек жеке тұлғаның ғана емес, ұлттық деңгейде де дамуға ықпал етеді. Абайдың ілімі білімді қоғамның өркениетінің белгісі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

5. Абайдың шығармашылығының заманауи құндылығы жоғары. Абайдың ғылым мен білім туралы ойлары қазіргі қазақ қоғамында және жалпы дүниежүзілік контексте өзінің маңызын жоғалтқан жоқ. Ақынның философиясы мен педагогикалық көзқарастары қоғамның дамуы үшін аса қажет рухани және моральдық бағдарлар ұсынады.

Талқылау

Абайдың ойынша, білім алу тек ақыл-ойды дамытумен шектелмей, адамды рухани тұрғыдан байытатын, қоғамға қызмет ететін құрал болуға тиіс. Бұл көзқарас бүгінгі күні де өзекті. Қазіргі білім беру жүйесінде жастарға тек білім емес, сонымен бірге моральдық тәрбие, адамгершілік құндылықтар да берілуі тиіс. Абайдың ғылым мен білімді үйлестіре отырып, адамгершілік тұрғыдан жетілуге үндегені бүгінгі күннің өзекті мәселелеріне тікелей байланысты.

Жаһандану мен цифрландыру дәуірінде ғылым мен білім тек жеке тұлғаның ғана емес, тұтас қоғамның дамуына ықпал етуде. Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңіндегі ғылымға деген көзқарас қазіргі ғылым мен білімнің қоғамға, ұлтқа тигізер пайдасын түсінуге мүмкіндік береді. Бұл мәселе қазіргі білім беру жүйесінде ерекше орын алады: білім тек жеке тұлға үшін емес, сонымен бірге ұлттың әл-ауқаты мен өркендеуі үшін маңызды құрал болуы керек.

Абайдың педагогикалық ойлары қазіргі білім беру жүйесіне тікелей ықпал етіп отыр. Оның жастарға деген көзқарасы, ғылым мен білімге деген құштарлықты насихаттауы, оларды рухани тұрғыдан жетілдіру туралы айтқан ойлары бүгінгі күннің білім беру бағдарламалары мен педагогикалық ұстанымдарымен үндесіп жатыр. Абайдың ғылымды тек қана ақыл мен білім ретінде емес, жан мен жүрекпен қабылдау керектігін айтуы қазіргі білім беру

саласында ерекше мәнге ие. Бұл тұрғыда Абайдың рухани құндылықтарды, адамгершілік тәрбие мен білімді бірлесе қарастыруы өте маңызды.

Бүгінгі жастарға Абайдың ойларының ерекше мәні бар. Қазіргі заманның түрлі қиындықтары мен ақпараттық тасқын кезінде жастардың дұрыс бағытты таңдай білуі өте маңызды. Абайдың білім мен ғылымға деген көзқарасы, оның терең ойлары жастарды тек білімге ғана емес, адамның моральдық дамуына да бағыттайды. Осы тұрғыда Абайдың шығармашылығы тек әдеби мұра ғана емес, жастардың адами болмысын қалыптастырудағы маңызды құралға айналады.

Қорытынды

Абай Құнанбаевтың шығармашылығында білім мен ғылымның орны ерекше. Оның «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі қазіргі қоғам үшін аса маңызды идеологиялық бағытты көрсетеді. Абайдың ғылымға деген терең көзқарасы мен педагогикалық ойлары қазіргі білім беру жүйесіне әсер етіп, жастардың рухани және интеллектуалдық дамуына ықпал етеді. Абайдың ұстанымдары қазіргі қоғамда білім мен ғылымды адамгершілік құндылықтармен, рухани байлықпен үйлесімді түрде қолдануды насихаттайды.

Абай Құнанбаевтың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі білім мен ғылымның адам өміріндегі маңызын терең ашады. Абайдың бұл шығармасы – бүгінгі таңда да өзекті, себебі ол жастарды тек ғылыммен ғана емес, сонымен бірге адамгершілік, ұлттың мәдениетін, рухани байлығын сақтауға шақырады. Қазіргі қоғамда да ғылым мен білімнің рөлі жоғары, бірақ оларды қолдану адамның рухани және моральдық кемелденуімен үйлесімді болуы тиіс. Абайдың ғылыми көзқарасы бүгінгі таңда жастарға білім мен ғылымды адамзаттың игілігі үшін, ұлттың дамуы мен өркендеуі үшін меңгеруді насихаттайды.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Ахметов С. Абайдың философиясы. - Алматы: «Ғылым», 2003.
2. Қоңыратбаев А. Абай және қазақ әдебиеті. - Алматы: «Санат», 1995.
3. Аймауытов Ж. Абай тағылымы / Ж. Аймауытов. -Алматы: «Қазығұрт», 2010.
4. Әбсаттаров Т. Абайдың рухани мұрасы. - Алматы: «Қазақ университеті», 2009.
5. Иманғалиұлы Н. Абай және ғылым. - Алматы: «Қазақ мемлекеттік баспасы», 2017.
6. Мұхтар Ә. Абай және оның айналасы. - Алматы: «Жазушы, 1973.
7. Сатыбалды Р. Абайдың өмірі мен шығармашылығы. - Алматы: «Раритет», 2005.
8. Құнанбаев А. Шығармалар жинағы. - Алматы: «Жазушы», 1988.

АҚЫН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ РУХТЫ САҚТАП, ДАМЫТУДАҒЫ РӨЛІ

Абдыкаримова Жайнагул Баяновна,
бастауыш сынып мұғалімі,
С.Сейфуллин атындағы №2 ЖББОМ
Алматы облысы, Талғар қаласы

Аңдатпа. *Бұл ғылыми мақалада Абай Құнанбайұлының шығармашылығының қазақ халқының ұлттық рухын сақтау мен дамытудағы рөлі талданады. Абайдың поэзиясы, қара сөздері мен философиялық ойлары ұлттық мәдениеттің негіздерін сақтауға, ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға және оларды жаңа заманға бейімдеуге ықпал етті. Ақынның шығармашылығындағы гуманистік көзқарастар, ұлттық тіл мен әдебиетке деген құрметі, сондай-ақ білім мен тәрбиенің маңыздылығы ұлттық бірегейлікті нығайтуда маңызды орын алады. Абайдың шығармаларының ұлттық рухты қалыптастыру мен әлеуметтік мәселелерді шешуге қосқан үлесі бүгінгі күнде де өзекті болып табылады. Мақалада Абай шығармашылығының ұлт мәдениетіне және рухани жаңғыруға тигізген әсері, сондай-ақ оның қазіргі қоғамда ұлттық сана мен білім беру жүйесін дамытудағы рөлі қарастырылады.*

Түйін сөздер: *ұлттық рух, ұлттық мәдениет, ұлттық құндылықтар, бейімдеу, жаңғырту*

Кіріспе

Абай Құнанбайұлы – қазақ халқының рухани мұрасын байытқан ұлы тұлға, ұлы ақын, философ және ағартушы. Оның шығармашылығы қазақ халқының ұлттық болмысын сақтауға және оны жаңа заманға бейімдеуге зор ықпал етті. Абайдың әдеби мұрасы тек қана көркем әдебиетке негізделген шығармалар емес, сонымен бірге қазақ ұлтының рухани және мәдени өмірінің кең ауқымды философиялық көзқарастары мен әлеуметтік тұжырымдарын қамтитын үлкен құндылық болып табылады. Абайдың шығармалары ұлттық мәдениетті сақтауға, дамытуға және жаңғыртуға бағытталған.

Бұл ғылыми мақалада Абай Құнанбайұлының шығармашылығының ұлттық рухты сақтау мен дамытудағы рөлін талқылай отырып, оның қазақ әдебиетіне, мәдениетіне, тіліне және жалпы ұлттың дамуына тигізген әсері қарастырылады.

Абай Құнанбайұлының шығармаларындағы ұлттық рух оның поэзиясында, қара сөздерінде, аудармаларында айқын көрініс тапқан. Ұлттық рух – бұл ұлттың тарихы, мәдениеті, ділі, дәстүрлері мен салт-санасын сақтау және дамыту үрдісі. Абайдың шығармашылығы осы ұлттың рухын жаңғырту мен қоғамның әлеуметтік мәселелеріне жауап беруді мақсат еткен.

Абайдың шығармалары халықтың дүниетанымын, ұлттық санасын қалыптастыруда ерекше орын алады. Ақынның өлеңдері мен қара сөздерінде қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрлері, ұлттық мінезі терең сарапталады. Оның шығармашылығында ұлттық дәстүрлерді сақтап қана қоймай, оларды жаңа көзқараспен жаңғырту идеясы да байқалады. Мысалы, Абайдың көптеген өлеңдерінде ұлттық салт-дәстүрлер мен мәдениеттің маңызы жоғары дәрежеде көрсетіледі. Абайдың «Қазақтың туған тілін, дәстүрін, өнерін бағалауы», «Ұлттың рухы мен ұстанымдарын сақтап қалу

үшін білім алу керек» деген пікірлері оның ұлттық рухқа деген ықыласын айқындайды.

Әдебиеттерге шолу

Абай Құнанбайұлының шығармашылығын зерттеу қазақ әдебиеті мен мәдениетінің маңызды кезеңдерін түсінуге мүмкіндік береді. Абайдың әдеби мұрасы туралы көптеген ғылыми зерттеулер мен еңбектер жарық көрген. Бұл әдебиеттердің басым бөлігі ақынның поэзиясының философиялық негіздерін, әлеуметтік мәселелерді көтерудегі рөлін, сондай-ақ оның ұлттық рухты сақтау мен дамытудағы маңызын талдайды. Төменде Абай шығармашылығының әртүрлі қырларын зерттеген негізгі еңбектерге талғанды жөн көрдім Ғалым С. Қирабаев «Абай және ұлттық әдебиет» еңбегінде Абай Құнанбайұлының қазақ әдебиетіне қосқан үлесін терең зерттеген. Автор Абайдың шығармашылығының ұлттық әдебиет тарихындағы орны мен оның әдеби процеске әсерін сараптай келе, Абайдың дәстүрлі қазақ поэзиясынан бөлек, жаңа гуманистік идеяларды енгізуі, ұлттық тіл мен әдебиеттің өркендеуіне зор үлес қосты» [1], - дейді. Бұл еңбекте Абайдың шығармашылығының ұлттық рухты қалыптастырудағы маңыздылығы кеңінен талқыланады. Ж.Әбдіғазиев болса Абайдың ұлттық рухты сақтаудағы рөлін тамаша көрсеткен. Ол Абай Құнанбайұлының ұлттық мәдениетті жаңғыртудағы және қазақ халқының рухани бірегейлігін сақтаудағы рөлін қарастырады. Абайдың қоғамдық мәселелерге көзқарастары, оның ұлттың болашағын ойлаудағы философиялық пайымдары, әсіресе жастар тәрбиесіне қосқан үлесін талдап түсіндіреді және Абайдың гуманистік идеяларын ұлттық рухтың негізін сақтаудағы маңызды фактор ретінде көрсетеді [2]. Ж.Тілеубекова да Абай шығармашылығының ұлттық мәдениеттің дамуына ықпалын жан-жақты зерттеген. Зерттеуші Абайдың шығармаларындағы қазақ халқының салт-дәстүрлерін, ұлттық мінезі мен мәдениеті қалай суреттелгенін сөз етеді. Автор Абайдың өлеңдері мен қара сөздеріндегі ұлттық рухты сақтап, оны жаңа көзқараспен жаңғырту идеяларының маңыздылығын ерекше атап өтеді [3]. А.Мұхамедханова, А. Абай шығармашылығындағы әлеуметтік мәселелердің қалай көтерілгенін, Абай өлеңдері мен қара сөздерінде қазақ қоғамындағы әділетсіздік, білімсіздік және моральдық мәселелерге терең сын айтқандығын тілге тиек ете отырып, Абайдың қазақ қоғамындағы теріс құбылыстарға қарсы пікірлерін, сондай-ақ оның әлеуметтік әділеттілікке шақыруын қарастырады. Сонымен бірге, автор Абайдың адамгершілік және білім беру жүйесіне қатысты көзқарастарын ұлттық мәдениетті сақтау мен дамытудағы маңызды бағыт ретінде көрсетеді [4]. М.Айтбаев «Абай және қазақтың ұлттық сана-сезімі» деген еңбегінде Абайдың философиялық көзқарастары мен оның қазақ халқының ұлттық санасын қалыптастырудағы рөлін сөз етеді. Бұл еңбекте Абайдың шығармаларындағы ұлттық болмыс, ұлттың мәдениетіне деген құрмет, сондай-ақ оның қазақ халқының рухани дамуына қосқан үлесі талданады. Автор Абайдың ұлттық рухты қалыптастырудағы маңызды факторлары ретінде оның білім мен ғылымды дәріптеуді, әділеттілікке ұмтылуды оның мәдениетке деген құрметі деп таниды [5].

Зерттеу әдістемесі

Абай Құнанбайұлының шығармашылығын зерттеуде әртүрлі әдіснамалық тәсілдер қолданылды. Бұл әдістер оның әдеби мұрасының тереңдігін, философиялық маңыздылығын және қоғамға тигізген әсерін түсінуге бағытталған. Мәселен, теориялық талдау әдісі Абайдың шығармашылығындағы ұлттық рухтың сақталуы мен дамуы мәселелерін зерттеуге көмектессе, Абайдың шығармашылығының терең мәнін түсіну үшін оның өмір сүрген тарихи, әлеуметтік және мәдени жағдайларын ескере отырып контекстуалды талдау әдісін қолдандық. Абайдың шығармалары қазақ қоғамындағы тарихи кезеңдермен тығыз байланысты екендігін дәлелдеп, Абайдың ұлттық құндылықтарды сақтауға бағытталған идеяларын басқа әдеби мектептермен және мәдениеттермен салыстыру арқылы оның гуманистік ойларының әлемдік мәнін ашуға тырыстық. Абайдың шығармаларының мәтінін зерттеу үшін текстологиялық әдіс қолданылды. Бұл әдіс арқылы ақынның өлеңдері мен қара сөздеріндегі идеялардың нақты мәтіндері мен әртүрлі басылымдары салыстырылды. Текстологиялық талдау Абай шығармаларының әртүрлі аудармалары мен редакцияларын зерттеуге мүмкіндік беріп, ақынның ойларының мәнін ашуға ықпал етті. Абайдың өмірі мен шығармашылығын зерттеу барысында оның замандастарының жазған құжаттары, хаттары мен пікірлері маңызды дереккөздер ретінде пайдаланылды. Бұл әдіс арқылы Абайдың жеке өмірі, қоғамдық көзқарастары мен шығармашылығына қатысты деректер тереңірек зерттеліп, оның шығармаларының шығу тарихы мен мәдени контексті толықтырылды.

Нәтижелер

Зерттеу нәтижесінде Абай Құнанбайұлының шығармашылығының қазақ халқының ұлттық рухын сақтау мен дамытудағы маңызды рөлі анықталды. Ақынның шығармалары ұлттық мәдениеттің негізін қалыптастырып, қоғамның рухани дамуына зор ықпал етті. Абайдың поэзиясы мен қара сөздеріндегі гуманистік идеялар, әлеуметтік әділеттілікке деген ұмтылысы, ұлттық тіл мен әдебиетті дамытуға арналған көзқарастары қазақ халқының ұлттық сана-сезімін жаңғыртуға бағытталған маңызды құрал болып табылады.

Абай Құнанбайұлының шығармашылығының негізгі нәтижелері мыналар:

1. Абай шығармалары қазақ тілінің байлығын, әсемдігін, дұрыстығын арттыруға бағытталған. Ол өз өлеңдерінде қазақ тілінің мүмкіндіктерін кеңейтті, оны көркем сөз арқылы жаңа мазмұнмен байытты. Бұл қазақ әдебиетін жаңа деңгейге көтеріп, ұлттық тілдің маңыздылығын арттырды.

2. Абайдың шығармашылығында адамгершілік, білімге ұмтылу, ізгілік, еңбекқорлық сияқты идеялар маңызды орын алады. Ол қазақ халқын білім мен ғылымға негізделген қоғам құруға шақырып, ұлттың моральдық және интеллектуалдық дамуына ықпал етті. Бұл гуманистік идеялар ұлттық рухты жаңғыртуда және қоғамды жақсартуда басты рөл атқарды.

3. Абайдың шығармалары қазақ халқының ұлттық болмысын сақтауға, ұлттық құндылықтарды насихаттауға бағытталған. Ақынның шығармашылығында ұлттық мінез, салт-дәстүрлер мен тарихтың маңыздылығы терең көрсетіледі. Сонымен қатар, Абай қоғамдағы теріс

құбылыстарды, әсіресе білімсіздік, надандық пен әлеуметтік теңсіздікті сынға алып, осы мәселелерді шешу үшін білім мен ғылымға ұмтылуға үндейді.

Талқылау

Абай Құнанбайұлының шығармашылығының ұлттық рухты сақтау мен дамытудағы рөлі қазіргі уақытта да маңызды болып қала береді. Ақынның гуманистік идеялары мен философиялық көзқарастары қазіргі қазақ қоғамы үшін де өзекті, өйткені бүгінгі қоғамда да білімсіздік, теңсіздік және әділетсіздік мәселелері бар. Абайдың шығармашылығын зерттеу арқылы қазіргі ұрпақтар ұлттық құндылықтар мен мәдениетті сақтаудың, адамгершілік пен білімділіктің маңыздылығын түсінеді.

Абайдың шығармаларының әлеуметтік аспектілері де ерекше назар аударуды қажет етеді. Ақын өзінің шығармашылығында қазақ халқының рухани және әлеуметтік тұрғыдан дамуына үлкен мән береді. Абайдың жастарды тәрбиелеуге, білім алуға және қоғамдағы теріс құбылыстарды жеңуге шақыруы бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтқан жоқ. Қазіргі қоғамда да жастарды тәрбиелеуде Абайдың идеяларын қолдану, олардың ұлттық рухты сақтап, жаңғыртуға ұмтылуын қамтамасыз ету маңызды болып отыр.

Абай шығармашылығында айтылған гуманистік және философиялық тұжырымдар қазіргі Қазақстан қоғамының рухани және мәдени дамуына зор ықпал ете алады. Ақынның өнер мен мәдениетке деген көзқарасы, қазақ тілінің болашағына деген үміті мен сенімі қазақ қоғамының ұлттық бірегейлігін нығайтуға бағытталған. Бұл тұрғыдан алғанда, Абайдың шығармашылығының маңызы бүгінгі күнде қайта жаңғырып, оның ұлттық рухты сақтау мен дамытудағы үлесі өте зор.

Сонымен қатар, Абайдың шығармашылығын тереңірек зерттеу қазіргі заманғы қазақ әдебиетінің дамуына жаңа бағыттар ұсынуға мүмкіндік береді. Абайдың философиялық, әлеуметтік және гуманистік көзқарастарын оқу арқылы қазақ әдебиетінің ұлттық негіздерін дамытуға және ұлттық рухтың жаңа кезеңде өзекті болуына жол ашуға болады.

Қорытынды

Абай Құнанбайұлының шығармашылығы қазақ халқының ұлттық рухын сақтап, дамытуда маңызды рөл атқарды. Оның шығармалары ұлттық дәстүрлер мен мәдениетті сақтау ғана емес, сонымен қатар, оларды жаңғыртып, қазіргі заманға бейімдеуге мүмкіндік берді. Абайдың гуманистік ойлары, әлеуметтік әділеттілікке деген ұмтылысы, ұлттық мәдениетті жаңғыртуға деген ізденістері қазақ әдебиетінде жаңа бағыт қалыптастырып, қазақ халқының рухани дамуына үлкен ықпал етті.

Абайдың әдеби мұрасы қазіргі ұрпақ үшін ұлттық бірегейлікті сақтау мен мәдениетті дамытудағы маңызы зор. Оның шығармалары жастарға ұлттық рухты сақтап, оны қазіргі заманның талаптарына сай жаңғырту үшін жол көрсетуші үлкен мұра болып қала береді.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Қирабаев С. Абай және ұлттық әдебиет. - Алматы, 2008.
2. Әбдіғазиев Ж. Абайдың ұлттық рухты сақтаудағы рөлі. - Астана, 2011.
3. Тілеубекова Ж. «Абай шығармашылығының ұлттық мәдениеттің дамуына ықпалы»// https://abai.kz/post/103502
4. Мұхамедханов Н. «Абай шығармашылығындағы әлеуметтік мәселелер»// https://abaialemi.kz/post/view?id=1312
5. Айтбаев М. «Абай және қазақтың ұлттық сана-сезімі»// https://abai.kz/post/47958

АБАЙДЫҢ ЖӘУӘНМӘРТЛІК ТУРАЛЫ КӨЗҚАРАСТАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ

Аймаханова Ақжамал Ераханқызы,
қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі,
№1 мектеп-гимназия, Көкшетау қ.

Аңдатпа. *Бұл мақалада Абай шығармашылығындағы «толық адам» концепциясы мен «жәуәнмәртлік» ұғымының мәні ғылыми-философиялық тұрғыдан сараланады. Абайдың адам туралы ілімінің рухани-философиялық құндылықтармен сабақтастығы көрсетілді. Жәуәнмәртлік ұғымы Абай шығармаларында ақыл, әділет, рақым, қанағат секілді қасиеттермен байланыстырылып, бұл қасиеттердің Аристотель, әл-Фараби, Ж.Баласағұн, А.Иүгінеки еңбектерінде де кездесетіні ғылыми тұрғыдан дәлелденді. Мақалада әділет пен махаббат, қанағат пен ақыл, жүрек пен қайрат сияқты ұғымдар ақынның «толық адам» ілімінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылды. Зерттеу нәтижесінде Абай іліміндегі жәуәнмәртлік ұғымының қазіргі заманның рухани жаңғыруында маңызды рөл атқаратыны анықталды. «Жәуәнмәртлік» ұғымы талданып, бүгінгі қоғамның мәдени, рухани дамуымен байланыстырылды.*

Түйін сөздер*: толық адам, жәуәнмәртлік, әділет, қанағат, руханият, ақыл, жүрек, әдебиет пен философия, адамгершілік.*

Кіріспе

Зерттеудің мақсаты – ұлы ақын, ойшыл Абай Құнанбайұлының жәуанмәртлік (жомарттық, имандылық, ақыл-парасаттылық) туралы көзқарастарын жан-жақты талдай отырып, оның рухани-адамгершілік құндылықтармен өзара сабақтастығын айқындау. Зерттеу жұмысы келесі міндеттерді жүзеге асырады: Абай шығармаларындағы жәуанмәртлік ұғымының мазмұнын ашу және оның мәнін қазақы дүниетаным тұрғысынан талдау; Жәуанмәртлік сипатындағы үш қасиет – ақыл, рақым, жүрек бірлігінің Абай философиясындағы орны мен маңызын анықтау; Абайдың бұл ұғымды қалай түсіндіргенін дәстүрлі рухани ілімдермен салыстыра отырып зерделеу; жәуанмәртлік идеясының ұлттық рухани құндылықтармен өзара байланысын нақты мысалдар арқылы дәлелдеу.

Абайдың жәуанмәртлік туралы ойлары – қазіргі заман жастары үшін де тәрбиелік мәні зор ілім. Оның «Толық адам» концепциясымен сабақтас бұл идеялар адамгершілік, имандылық, әділеттілік, мейірімділік сынды асыл қасиеттерді насихаттайды. Сондықтан Абайдың рухани көзқарастарын

жаңаша ғылыми тұрғыда зерделеу – ұлттық дүниетаным мен тәлім-тәрбие жүйесін жетілдіруде өзекті мәселе болып табылады.

Әдебиеттерге шолу

Мақаланы жазуда ғылыми және әдеби-көркем еңбектер пайдаланылды. М.Қаратаевтың «Тарихи шындық пен аңыз» атты еңбегі поэзия мен философияның біртұтас рухани құбылыс екендігін зерттеуге негіз болды. М.Әуезовтің еңбектеріндегі Абай туралы ой-тұжырымдары – мақаланың басты діңгектерінің бірі. Абай Құнанбаевтың шығармаларының жинағы – ақынның «толық адам», «жәуәнмәртлік» сияқты іргелі ұғымдарын түпнұсқадан талдауға мүмкіндік берді.

Зерттеу әдістемесі

Бұл мақаланы жазу бірнеше әдістемелік зерттеулердің нәтижесінде жүзеге асырылды. Абайдың шығармаларына мәтіндік талдау әдісі жасалды. Абайдың адам туралы танымын түсіндіруде оның рухани-философиялық ілімін герменевтикалық тұрғыдан түсіндіру басты назарға алынды. Абайдың философиялық идеяларды жеткізуі сол кезеңдегі мәдени, сопылық дәстүрлермен байланысы контекстуалдық талдау әдісі арқылы қарастырылды. Бұл әдіс Абайдың «жәуәнмәртлік» ұғымын қалай қабылдап, қалай трансформациялағанын анықтауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер

Адам, оның тұлғалық қасиеттері – әдебиеттің мәңгілік тақырыбы болса, Абай жырлаған адам – «толық адам». Зерттеушілер Абайдың толық адамын Аристотель, Әл-Фараби, Ж.Баласағұн, А.Игүнеки жырлаған ізгі қасиеттермен байланыстырады. Академик М.Қаратаев сөзімен айтсақ, «Поэзия мен философия – бұл бөлінбейтін біртұтастық, бірақ тұтастығы сирек болғанмен, олар адамгершіліктің биік шыңы мен ұлылығын өзара бөліседі. Олардың әртүрлі бағыты орта кезеңде түйіседі, мұнда ұлылықтың ұлылық тұңғиығында поэзия мен философияның рухы біртұтас, бірлікте және бір-біріне кірігіп кеткен» [1, 19]. Академик М.Қаратаевтың бұл терең пайымы – поэзия мен философияның рухани табиғатына жасалған талдау.

Абай адамгершілікті ілім мен таным, ойшылдық деңгейіне көтере жырлады. М.Әуезовтің: «ол адамгершілікті, моральдық философияны барлық жайдан жоғары қояды» [2, 179] дегенінен ғұлама суреттеген адам тақырыбының деңгейін анықтаймыз. Абай шығармаларындағы адам тақырыбын зерттеушілер былай жүйелейді: толық адам: ақыл, қайрат, жүрек; ақыл мен жүрек - жәуәнмәртлік - ақыл, әділет, рақым; жүрек: әділет, рақым, шапағат, мейірім, махаббат т.б.; адамдықтың алды – әділет пен махаббат; махаббат - үш сүю (имани гүл) - Алланы, адамзатты және әділетті сүю; ізгілік пен қайырымдылық; ойы ақын танымын терең танудан туған хақ жолы [3]. Демек «жәуәнмәртлік» ұғымы да толық адам концепциясымен байланысты.

Абай шығармаларында «жәуәнмәртлік» сөзі бір рет қана кездеседі. Ол өзінің 38-қара сөзінде «Енді біздің бастағы тағриф бойынша құдай тағала ғылымды, рахымды, ғадаләтті, құдіретті еді. Сен де бұл ғылым, рахым, ғадаләт үш сипатпенен сипаттанбақ: ижтиһатің шарт еттің, мұсылман болдың һәм

толық инсаниятың бар болады. Белгілі жәуанмәртлік үш хаслат бірлән болар деген» [3] деп, «жәуәнмәртлік» сөзін қолданады.

М.Мырзахметов осы «жәуәнмәртлік» сөзінің мағынасын бірнеше жыл бойына іздегенін айтады. Ол «Жәуәнмәртлік» сөзін Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігінен» тапқанын айтады: «Жәуәнмәртлік» ілімінің төрт негізі бар: ақыл, әділет, қайрат, қанағат. Бұны бабаларымыз XI ғасырда-ақ жазып кеткен» деп, оны әлем халықтарының әдебиетімен, ілімімен салыстыра зерттегенін айтады. Бұл ретте ғалым «бұның тамыры б. з. д. 626 жылы қайтыс болған Алып Ер Тоңадан бастау алған» деген тұжырым жасайды [5]. Тумысынан қолы ашық, жомарт болған Ер Тоңа барын халқына беруден жалықпаған, ақырында дұшпанының қолынан қаза тапқан. Өлер алдында «мені Ақи деңдер, ол менің жалпақ атым болсын» деп айтқан сөзі бар екен. Осы сөздің төркінін түріктің жомарт деген мағына беретін «ақи» сөзімен байланыстырған ғалым: «Содан басталған «ақи ілімі» XI ғасырдағы Құтты біліктегі «жәуәнмәртлік» іліміне негіз болды» деп қорытады [5]. Сонымен Абай шығармаларындағы «жәуәнмәртлік» – ақыл, әділет, қайрат, қанағат дегендерді білдіреді. Аталған ұғымдардың барлығы да – Абайдың «толық адамының» бойынан табылатын асыл қасиеттер.

Абай шығармаларындағы қанағат – адам бойындағы «бес асыл істің» бірі. Қанағат тақырыбына арналған шығармаларында Абай әр нәрсенің өз өлшемі бар екенін айтып, одан асуға болмайды. Өлшеуін білмек – бір үлкен керек іс» дейді. Бұны ойшыл 43-қара сөзінде былай берген: «ненің қызығын көп іздесең, соның күйігін бір тартасың» [4]. Яғни, бұл жерде Абай айтып отырған күйік көзінің сұғы тоймай, әділетсіз жолмен жиылған мал иесіне не бұл өмірде алғыс әкелмейді, не о дүниеде жанына тыныш таптырмайды дегенге келеді. Бұл туралы ойын нақтылаған ақын:

Қулық, сұмдық, ұрлықпенен мал жиылмас,
Сұм нәпсің үйір болса, тез тыйылмас.
Зиян шекпей қалмайсың ондай істен,
Мал кетер, мазаң кетер, ар бұйырмас [4], - деп түйіндейді.

Абай шығармаларының негізгі идеяларының бірі – әділеттің мерейін үстем ету. Абайдағы «әділет» - «ақылды нұрлы, жүректі ізгі етуші», толық адамға тән қасиеттердің бірі. Сөйтіп Абай танымының негізі – жәуәнмәртлік болса, оның мәні әділетте екенін аңғарамыз.

Әділет пен махаббаттың мәңгілікке адамның жолдасы екенін де тура айтқан Абай «Көк тұман алдындағы келер заман» атты өлеңінде:

Шырақтар, ынталарың «менікінде»,
Тән құмарын іздейсің күнде-түнде.
Әділеттілік, арлылық, махаббат пен –
Үй жолдасың қабірден әрі өткенде [4], - деп жырлайды.

Енді бірде ақын:

Көптің бәрін көп деме, көп те бөлек,
Көп ит жеңіп, көк итті күнде жемек.
Ғадәләт пен мархамат – көп азығы,

Қайда көрсең, болып бақ соған көмек [4], - деп дүниенің қай бұрышында болсаң да, әділетті, рахымды, қайырымды бол деген өсиет айтады.

Заманының бет-бейнесін жырлаған ақын әділетсіздікті өз тұсында көп көргенін айтып:

Досыңа достық – қарыз іс,
Дұшпаныңа әділ бол.
Асығыс түбі – өкініш,
Ойланып алмақ – сабыр сол [4], - деп, дос тұрмақ, дұшпанға әділетті болатын қоғамды аңсайды.

Еліміздің білім саласында қолға алынған оқу-тәрбие бағдарламаларындағы құндылықтардың бірі – осы әділеттілік екенін ескерсек, ақын шығармаларының өміршеңдігіне тағы бір көз жеткіземіз. Абай шығармаларының өзегі, толық адамның басты қасиеті – нұрлы ақыл.

Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек,
Жылытқан тұла бойды ыстық жүрек.
Тоқтаулылық, табанды шыдамдылық,
Бұл – қайраттан шығады, білсең керек [4], - деген ақын ақыл мен жүректі бір-бірімен тығыз байланыста ұстап, ақылдың «нұрлы» болмағы жүректің ісі екенін сездіреді. Осы шумақта адам бойындағы ыстық қайрат нұрлы ақыл мен жылы жүрекке бағынуы керек деген қорытынды жасайды.

Қорытынды

Зерттеу барысында Абайдың мен «жәуәнмәртлік» ұғымының терең философиялық, рухани-адамгершілік мазмұны айқындалды. Абай шығармаларындағы ақыл, әділет, қайрат, қанағат, махаббат сияқты қасиеттер «толық адам» концепциясының негізі екені дәлелденіп, олардың бүгінгі қоғам үшін де өзектілігі көрсетілді. Сонымен қатар Абайдың адам туралы ілімі мен оның поэзиясындағы философиялық мазмұнның өзара кіріге отырып, әдебиет пен философияның бірлігін паш ететіні ғылыми тұрғыдан негізделді. Зерттеу нәтижелері Абай дүниетанымының жалпыадамзаттық құндылықтармен сабақтас екендігін көрсетті.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қаратаев М. Тарихи шындық пен аңыз: [Қазақ даласының ойшылдары. IX–XII ғ.]//М.Қаратаев. – Алматы: «Ғылым», 1995. – 159 б.
2. Әуезов М. Шығармалар жинағы. 20-том//М.Әуезов. – Алматы: «Жазушы», 1985. – 493 б.
3. Әліпхан М. Абайдың іргелі ілімге қатысы//Түркология: ғылыми журнал. – №6, 2016. – 93–99 б.
4. Құнанбаев А. Шығармаларының бір томдық толық жинағы//А.Құнанбаев. – Алматы, 1981. – 695 б.
5. Мырзахметұлы М. Абайтану ғылымын түркі әлемін біріктіру мақсатында жолға қойдым//М.Мырзахметұлы//Адырна.kz: қоғамдық-танымдық портал. 26 тамыз 2020. (https://adyrna.kz/post/44673)

АБАЙДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІНДЕГІ НЕГІЗГІ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ИДЕЯЛАР

Айтбаева Толғанай Айтбайқызы,
қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәні мұғалімі,
педагог-сарапшы, филология ғылымдарының магистрі,
Ғали Орманов атындағы №7 мектеп-гимназия, Астана қ.

Аннотация. *Бұл мақалада қазақтың ұлы ойшылы Абай Құнанбайұлының «Қара сөздері» арқылы берілген негізгі философиялық идеялар талданады. Автор Абай шығармаларындағы адам болмысы, моральдық-этикалық құндылықтар, білім мен ғылымға ұмтылу, дін мен руханият, ұлт болашағы жөніндегі тұжырымдамаларды жан-жақты қарастырып, олардың қазіргі заманмен үндестігін ашады. Зерттеу барысында философиялық талдау, салыстырмалы әдістер қолданылып, Абай ойының тереңдігі мен әмбебаптығы айқындалады. Мақала Абай шығармашылығының қазақ қоғамындағы рухани жаңғыру үдерісіндегі орнын айқындауға бағытталған.*

Мақала тарих, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері, ұлттық идея мен құндылықтарды насихаттайтын мамандарға, педагогтер мен тәрбиешілерге әдіскерлер және болашақ тіл мамандары үшін пайдалы болады.

Түйін сөздер: *Абай, қара сөз, философия, руханият, адамгершілік, білім, дін, ұлттық идея.*

Кіріспе

Абай Құнанбайұлы — қазақ халқының ұлы ойшылы, ақын, ағартушы және ұлттық руханияттың темірқазығы. Оның шығармашылығы тек көркем сөзбен ғана емес, терең философиялық ойлармен де құнды. Абай философия бойынша іргелі еңбек жазбаған, алайда оның қаламынан терең философиялық поэзиясынан басқа философиялық толғаныстардан, төлтума философиялық идеялардан тұратын «Ғақлия» немесе «Қара сөздер» атты еңбек туды.

Абайдың «Қара сөздері» — халқына арнаған өсиеті, өмір мен адам туралы толғанысы, рухани кемелдікке жетелейтін даналықтың биік шыңы. Бұл еңбектерінде ол адам болмысы, тәрбие, білім, еңбек, иман, қоғам мәселелерін тереңінен қозғай отырып, бүкіл бір ұлттың ой-санасын оятуға тырысады. Сондықтан Абайдың қара сөздеріндегі негізгі философиялық идеяларды зерделеу — тек ақын мұрасын тану емес, сонымен қатар ұлттық сана мен адамгершілік құндылықтарды қайта жаңғырту болып табылады.

1918 жылы жарық көрген «Абай» журналында Ж. Аймауытұлы «Журнал туралы» деген мақаласында Абайдың философиялық дарынына алғашқылардың бірі болып баға бере келіп, былай деп дәл атап көрсетті: «Ақыл, білім, сезім, терең ойлылығына қарағанда Абай қазақтан шыққан философ (данышпан)» [1].

Зерттеу жұмысымыздың мақсаты: Абай Құнанбайұлының қара сөздері арқылы оның философиялық дүниетанымын зерделеу, қара сөздерде көтерілген рухани-адамгершілік, танымдық, ұлттық және әлеуметтік идеялардың мәнін ашу және олардың қазіргі заманғы тәрбиелік-маңызын айқындау.

Зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында келесі міндеттерді шешу көзделді:

- Абайдың қара сөздерін теориялық тұрғыдан талдау арқылы негізгі философиялық идеяларды жүйелеу;
- Қара сөздердегі «Толық адам» концепциясы мен рухани құндылықтарды анықтау;
- Абайдың адам, қоғам, білім, дін туралы ойларын философиялық тұрғыдан талқылау;
- Оқушылардың қара сөздерді түсінуі мен қабылдауын арттыру мақсатында инновациялық әдіс-тәсілдермен жұмыс үлгілерін ұсыну (мысалы, комикс, DID, тарсия, 3D куб, 3D визитка т.б.).

Әдебиеттерге шолу

Абайдың «Қара сөздері» туралы ғылыми-педагогикалық, әдеби-танымдық еңбектер аз емес. Бұл шығармалар қазақ әдебиетінің ғана емес, ұлттық философия мен рухани ілімнің алтын қорына енген. Бірнеше буын зерттеушілер Абай мұрасын түрлі қырынан талдап, қара сөздеріндегі философиялық ойларға терең үңілген.

Ең алдымен, М. Әуезовтің Абай туралы зерттеулері аса маңызды. Оның «Абай Құнанбаев» атты монографиясы мен «Абай жолы» эпопеясында Абайдың тұлғалық келбеті мен дүниетанымы терең бейнеленген. Әуезов Абайды «қазақтың тұңғыш философ ақыны» деп бағалаған.

Қ.Сыздық, З.Ахметов, Р.Нұрғалиев сынды әдебиеттанушылар Абайдың тілі, стилі, философиялық ойлауы мен көркемдік әдістері туралы құнды еңбектер жазған. Олар қара сөздерді талдай отырып, ойшылдың адамгершілік, моральдық, рухани тақырыптарды көтерудегі ерекшелігін атап өтеді.

Ғ.Есімнің «Хакім Абай», «Абай және қазақ философиясы» атты еңбектері Абайдың қара сөздерін философиялық тұрғыдан жүйелеп талдауға арналған. Ғалым Абайды «рухани ұстаз», «хакім» ретінде танытып, оның адам мен болмыс туралы ойларын талдайды. Ал З. Ахметовтің «Абайдың ақындық әлемі» атты еңбегінде қара сөздердегі тіл байлығы мен көркемдік ерекшеліктері қарастырылған. Ол Абайдың афоризмдік стиліне, терең философиялық мазмұнына ерекше назар аударады.

К.Сыздықова, С.Қирабаев, Т.Жұртбай, М.Мырзахметұлы, С.Негимов сынды зерттеушілер де Абай шығармашылығына, әсіресе «Қара сөздерге» терең талдаулар жасап, ғылыми мақалалар мен монографиялар жариялады.

Соңғы жылдары Абайды жаңаша пайымдауға бағытталған еңбектер де көбейді. Мысалы, ҚР БҒМ тарапынан шыққан «Абай әлемі» ғылыми жинағы, Абайтану пәніне арналған оқулықтар мен оқу құралдары қазіргі білім беру жүйесінде кең қолданылып жүр.

Зерттеу әдістемесі

Абай қазақ халқының тұрмыс-халіне қарап, өз бағалауын хатқа түсіріп отырған, ақындық шығармаларының дені елінің өмір әрекетін сипаттап, сын көзінен өткенін аңғартады. Ұлы ақынның сыншылдығын міншілдігі деп түсінбеуіміз керек. Абайдың сыны әртарапты, әрі ауқымды. Адамның мінез-

құлқын ғана сынамайды, қоғамдық әлеуметтік, әдеби не өнерлік, ғылыми ұстаздық болып келеді.

Қара сөздердің тақырыбы 10-11 тақырыпқа бөлінеді. Кейбір тақырыптар бір топ сөздердің көлемінде айтылады, әр алуан жаңа мысқылмен дәлелдермен молайғаны болмаса, ой жағынан біралуандас болып келеді [3].

Мәселен, Абай қара сөздерінің бірнеше тақырыптарға жіктеп қарастыруымызға болады (Кесте - 1).

1-кесте. Тақырыпқа жіктелуі

Тақырып атауы	Қара сөздер
Өмірбаяндық	1
Қазақ даласындағы әкім, тергеуші, соттар жайында	3
Мақал-мәтелдер туралы	5, 24, 29
Бала психалогиясын талдағаны	7
Күлкі туралы сыни ойы	4
Халықтарды салыстыру	2
Білім, ғылым, өнер туралы	18, 31, 25, 32
Дін, тәрбие қатысты ойлары	12, 13, 16, 27, 28, 35, 36, 38, 45
Халықтың мінез-құлықтарын суреттеу	6, 8, 9, 10, 14, 19, 21, 22, 23, 26, 29, 30, 33, 39, 40, 41, 42, 43
Адамгершілік, ар-ұят мәселесі	11, 15, 17, 18

4-ші қара сөзінің тақырыбы бөлек. Күлкі туралы ойлаған ойы жазылған. Ұлы ақын өз ортасынан ойшылдығы, сыншылдығымен, соншалық жоғары:сол тұстың әкімшілік құрылысынажуалап, мысқылдап, керек десеңіз, әшкерелеп те отырады. Абай «қазақ» деген сөзді «ұлт» немесе ел мағанасында қолданады. Қазақ қоғамындағы келеңсіздіктерді, сорақы сипаттарды, содыр қылық, оғаш мінездерді сынағанда қайтсем елімді жетілдірем, көркейтем деген ниетпен, жанашырлық, ұлтжандылықпен сынаған.

5-ші қара сөзінде қазақтың кейбір мақтаншақтарын сынайды. Ел билеп, ақшаға, параға сатып алған атақ – даңқтарын мақтан етіп, өздерін жоғары санап, айналадағыларды көзге ілмейтін кейбір мақтаншақтарды жіті сынаған.

6-шы қара сөзінен бастап ой мен сын, өсиет пен үгіт қайталанып отырады. Абай ұлттық – дәстүрлік ой - пікірдің қисынына сүйене отырып, қалыптасқан теріс өнегені сынға алады. Мысалы: 6, 8, 10, 14, 23, 26, 29, 33, 39, 40, 41, 42 және 43 қара сөздерінде ақын ел мінезін көптеп сөз еткен болатын [4].

24-ші қара сөзінде мақтаншақтарды шенеу арқылы мінезін сынайды. Арын сатқан, намысы жоқ, бай болыс сымақтарды сынға алады.Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады деген ойлары, (18 қара сөз) тәлім – тәрбиелік ұстаздық сыны осы тұрғыдан әр тарапты, сан сипатты болып келеді. **41-ші қара сөзінде** Абайдың көп өсиет, үгіт беру жайттары қайта қозғалады. Сөз құдіретімен көркемдік қалыпқа құйғанда сол сындарды – жүрекке жылдам жетерлік ыстық леп, қызу

қуаттынемесе жиреніш сезімін оятарлық улы, зәрлі кейде күлкілі, аянышты, күйінішті болып суреттеледі [4].

Абай қара сөздерінде надандық пен жалқаулықты қоғамның басты дерті деп біледі. Ол ғылым мен білімді – рухани және әлеуметтік өрлеудің басты құралы ретінде бағалайды. **25-сөзінде** білімсіздік пен жалқаулықтан арылмай, адам шынайы жетілмейді дейді. Оның «Ғылым таппай мақтанба» өлеңіндегі идеялар қара сөздермен тығыз сабақтасып, жастарды оқу мен ізденіске, білімге құштарлыққа үндейді.

Ал, **5-ші қара сөз** бөлек тақырып, оқшаулау тұрады. Ол жас баланың психологиясын еске алып отырады. Бұл тақырыпта парақор, мақтаншақ, малқұмар, атаққұмар би- болыстарды еске ала отырып*:* «Бұлардың жас баланың ақылынан несі артық? Бірақ жас бала қызыл ошақтан қорқушы еді, бұлар тозақтанда қорықпайды екен!»-деп мансапқұмарлар мен дүниеқорларды сынаған.

Енді бір өзге сөзі **11-ші қара сөз**. Бұл ұрлық турасынан басталып, ұлықтарға қарсы, оларды әшкерелеумен жалғасын табады. Әйтеуір, ұрлық, қулық- сұмдық, тіленшілік, соған ұқсаған әрекеттің қайсысын болса да іске асырып, мал табатыны жайында сөз қозғайды. Қазақ тыныштық үшін, әділет үшін қам жемейді екен. Бермесе, онымен жауласпақ екен. Малды болса да, әкесін жаулауды ұят көрмейді екен [3].

Сөздердің ішінде тағы бір қайталай түсетін тақырып – дін мен мораль, рухани таным, тәрбие мәселелері. Олар - 12,13,27,35,36,45 сөздері осы топта көлемі мен мазмұны бойынша ең көлемдісі 38-ші қарасөз. «Ғақлият-тасдихат».

Адал адамның қасында күншіл әрі сұм дұшпаны жүргенін ашық айтып беріп, ақын риясыз шыншылдығын танытады. Төңірегінде бай, кедей ғана емес «қу,білгір» атанғысы келіп жүрген арамза әрі арсыз адамдар бар екенін ақын аяныш білдіре сипаттап, олардың әрдайым әділдік пен шындық жағында екенін ел-жұртына жария етеді. Мұның өзі ақынның даналығы деп ұғынуымыз керек. Ақын моральдық философияны тәрбиелік талаптарына әкеліп қосады. Себебі тәрбиенің басы әрбір адам баласының ішкі сезімі екені даусыз. Жалпы адамзаттың бойындағы қасиеттерін адамгершілікке, тазалыққа, азаматтылыққа бағыттағысы келеді. Бұл ойлары Абайдың 15, 17, 18, 21, 22, 28, 30, 32, 34 қара сөздерінде кездеседі [5].

Бала әр сабаққа ойланып келіп, ойланып кетуі керек. Ойсыз өткен сабақ – бос, өнімсіз сабақ. Білім алушылар көркем шығарманы сезіммен қабылдауы, түсінуі, санасында қайта жаңғырта алуы және шығармадан қабылдағанын өзінің шығармашылық әрекетінде жүзеге асыруға ұмтылуы арқылы танымдық қабілеті дамиды. Бүгінгі таңдағы алдымызда отырған Z ұрпаққа шығарма оқытудың өзі мұң болып отырғанда, осы мақаланың ішіндегі практикадан өткен, нәтижеге жеткен әдістермен оқытып, әрі талдату маңызды.

LearningApps платформасы арқылы 1-10 қара сөздерін мағынасына қарай сәйкестендіру мен фабуласы мен сюжетіне қарай топтастыру арқылы білім алушы терең ойлап, сыни ойлауы дамиды, әр қара сөздің негізгі идеясын

ажыратып, бір-бірімен салыстырады, Абайдың тіл байлығын меңгеріп, көнерген сөздер мен тіркестердің мағынасын түсінеді.

Абайдың қара сөздерін тарсия әдісі арқылы оқыту – оқушылардың танымдық, логикалық және тұлғалық дамуына ерекше ықпал ететін тиімді тәсіл. Оқушылар бөліктерге бөлінген қара сөздердегі күрделі ойларды, сөз тіркесі, сөйлем немесе үзінділерді дұрыс сәйкестендіру арқылы сөздер мен сөйлемдердің өзара байланысын түсінеді, логикалық ойлау мен байланыстыру қабілеті дамиды.



Абайдың қара сөздерін комикс арқылы оқыту – заманауи оқыту әдістерінің бірі ретінде өте тиімді. Бұл тәсіл күрделі философиялық ойларды оқушының жас ерекшелігіне сай, визуалды әрі тартымды түрде жеткізуге мүмкіндік береді. Комикс форматында қара сөздер көркем бейнелер мен диалогтар арқылы ұсынылады, бұл оқушыларға мәтінді жеңіл әрі қызықты түсінуге көмектеседі. Абайдың философиялық идеяларын өмірлік жағдаяттар арқылы көру оқушыны тереңірек ойлануға итермелейді. Мәселен, комикс кейіпкерлері арқылы Абайдың «толық адам» ілімін, ар, намыс, еңбек, білім туралы ойларын визуальды түрде жеңіл қабылдайды.

Абай қара сөздерін DID қосымшасы (Digital Interactive Dialogue – цифрлық интерактивті диалог) арқылы оқыту – білім беруді технологиямен ұштастыратын заманауи әрі өте әсерлі әдіс. Бұл тәсілде оқушылар Абайдың қара сөздерін анималанған кейіпкердің (мысалы, Абай бейнесінің) бейнесі мен дауысынан естіп, интерактивті түрде әрекетке түседі.

Оқушы Абайдың бейнесінен оның сөзін тыңдау арқылы сөйлеу, тыңдау және ой айту дағдылары дамиды. Абайдың қара сөздерін тек оқудан гөрі, оны сөйлейтін, "тірі" кейіпкерден есту оқушылар үшін ерекше әсерлі. Бұл әдіс әсіресе Z ұрпағы үшін тиімді – олар цифрлық контентті жақсы қабылдайды.

№87 мектеп-гимназия базасында 8-11 сынып оқушылары арасында дәстүрлі түрде жыл сайын «Абай оқулары» өтеді. Биылғы оқу жылында Абай оқулары 6 номинация бойынша қалалық деңгейде өткізілді. «Өлең сөздің патшасы – сөз сарасы» атты номинацияда Абай өлеңдерін мәнерлеп оқу бойынша 8 «Ғ» сыныбында білім алатын оқушым Карибаева Қасиет II орынды қанжығасына байлап қайтты. Әрдайым Абай өлеңдерін нақышына келтіріп оқып, жаттаудан еш жалықпайды.

Талқылау

Абай Құнанбайұлының қара сөздері – қазақ философиялық ойының дамуына зор ықпал еткен рухани-мәдени мұра. Бұл қара сөздердегі идеяларды талдай келе, ұлы ойшылдың адам табиғаты, қоғам, білім, дін, имандылық, әділет, еңбек, ар-ождан секілді мәселелерге философиялық тұрғыдан терең үңілгені айқын аңғарылады.

Абайдың философиясында басты орынды «Толық адам» концепциясы алады. Бұл идея – адамның жан-жақты дамуын, рухани тазалығын, моральдық жетілуін сипаттайтын тұтас ілім. Ақыл, жүрек, қайрат үштігіне негізделген бұл тұжырым қазіргі заманғы гуманистік және этикалық көзқарастармен үндеседі. Мәселен, заманауи білім беру жүйесінде де тұлғаның эмоционалдық интеллектісі, өзін-өзі тануы, жауапкершілігі мен ерік-жігері маңызды фактор ретінде қарастырылады – бұл Абай ілімінің өзектілігін дәлелдейді.

Зерттеу барысында Абай көтерген рухани құндылықтар қазіргі оқушы-жастар үшін де маңызын жоғалтпағаны байқалды. Әсіресе, адамгершілік, адалдық, еңбекқорлық, әділеттілік, білімге құштарлық сияқты құндылықтар бүгінгі қоғамда қажетті сипаттар болып отыр. Оқушылардың Абай қара сөздерін DID қосымшасы, комикс, сахналық көрініс, тарсия әдісі арқылы меңгеруі олардың философиялық ойды заманауи тәсілмен қабылдауға бейім екенін көрсетті.

Абайдың философиялық ойлары тек ұлттық емес, жалпыадамзаттық құндылықтармен де үндеседі. Оның дінді тануы, халықты оятуға, надандықпен күреске үндеуі, адам табиғатына үңілуі – бәрі де терең философиялық көзқарас екенін дәлелдейді. Осы тұрғыдан алғанда, Абайды мораль философы ретінде қарастыруға толық негіз бар.

Жалпы алғанда, Абайдың қара сөздеріндегі идеялар оқушының сыни ойлауын дамытып, рухани әлемін байытып, ұлттық сана-сезімін арттыруға зор үлес қосады. Бұл идеяларды оқу үдерісіне енгізу – ұрпақ тәрбиесінің философиялық-рухани негізін бекітуге бағытталған маңызды қадам болып табылады.

Қорытынды

Абай Құнанбайұлының қара сөздері – қазақ халқының рухани қазынасы ғана емес, терең философиялық пайым мен адамзаттық құндылықтардың мәйегі болып табылады. Қара сөздерінде Абай адамның ішкі жан дүниесін, қоғамдағы келеңсіз құбылыстарды, халық мінезін, дін мен ғылым, білім мен тәрбие, еңбек пен адамгершілік мәселелерін тереңнен қозғайды. Ол адам баласына өмірлік құндылық байлық пен мансап емес, адамгершілікті сақтау, өмірге адам болып келіп, адам болып кету екендігін ұғынды. Өмірдің мәні де Абайдың түсінігінде осы адам болып өмір сүруде. Ол өз заманындағы қоғамдық-саяси және моральдық-этикалық ахуалды саралай отырып, болашақ ұрпаққа арналған мәңгілік өсиет қалдырды.

Абай Құнанбайұлының қара сөздерінде көрініс тапқан «Толық адам» концепциясы – ұлы ойшылдың рухани-философиялық дүниетанымының өзегі. Бұл ұғым адам болмысының тұтастығын – ақыл, жүрек, қайраттың бірлігін, сондай-ақ ар-ұят, әділет, имандылық, мейірім секілді рухани құндылықтарды бір арнаға тоғыстырған кемелдік жолын бейнелейді. Абай үшін «толық адам» – өзін-өзі үнемі жетілдіретін, білімге құштар, адамгершілік қасиеттерді бойына жинаған, ел-жұртқа пайдасы тиетін тұлға.

Зерттеу нәтижесінде Абайдың «Толық адам» ілімі, білім мен ғылымға үндеуі, рухани тазалық пен имандылыққа негізделген идеялары қазіргі заман жастары үшін де өзектілігін жоғалтпағаны анықталды. Қара сөздер – тек әдеби мұра емес, сонымен қатар қазіргі білім мен тәрбие жүйесінде қолдануға болатын тәрбие құралы екені дәлелденді. Инновациялық әдіс-тәсілдер арқылы оқушылардың Абай мұрасына қызығушылығы артып, сыни ойлау, рухани таным, ұлттық құндылықтарға құрмет сынды қасиеттері дамиды.

Осылайша, Абайдың қара сөздеріндегі философиялық идеялар бүгінгі ұрпақтың рухани дамуына бағыт беретін өмірлік бағдар рөлін атқарады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Аймауытұлы Ж. Журнал туралы // «Абай» журналы, 1918. №1.
2. Әуезов М. Абай Құнанбайұлының шығармалары. 2 томдық жинақ. – Алматы: «Қазақ мемлекеттік баспасы», 1940.
3. Құнанабаев А. Шығармалар жинағы. – Алматы: «Өлке» баспасы, 2012. – 512 б.
4. Құнанбаев А. Қара сөздер. – Алматы: «Атамұра», 2004.
5. Сыздықова, Р. Абай шығармаларының тілі. –Алматы: «Арыс», 2004.

АБАЙДЫҢ ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМ ТУРАЛЫ ОЙЛАРЫНЫҢ ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ОРНЫ

Акишева Жулдыз Мейрановна,
қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі,
«Лермонтов атындағы орта мектеп» КММ,
Жетісу облысы Қаратал ауданы, Қызылжар ауылы

Аңдатпа. *Бұл ғылыми мақалада Абай Құнанбайұлының қазақ халқының рухани дамуына қосқан үлесі талданады. Абайдың шығармашылығында ғылым мен білімнің мәні айрықша орын алады. Оның поэзиясы мен философиялық тұжырымдамалары арқылы жастарды білімге, тәрбиеге, адамгершілікке үндеуі халықтың ұлттық санасын қалыптастыруға бағытталған. Мақалада Абайдың ғылыми көзқарастарының тұлға қалыптастырудағы ықпалы, оның қазақ қоғамындағы интеллектуалдық жаңғыруға қосқан үлесі зерттеледі.*

Абайдың педагогикалық мұрасының бүгінгі ұлттық білім беру жүйесіне әсер ету заңдылықтары зерделенеді.

Түйін сөздер: *Абай, толық адам, ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек.*

Кіріспе

Абай Құнанбайұлы – қазақ әдебиетінің ұлы тұлғасы ғана емес, сонымен қатар қазақ халқының рухани және интеллектуалдық дамуына зор үлес қосқан философ. Абай білімнің адам өміріндегі маңызы, адамның жан-жақты дамуы, ұлттық мәдениет пен тәрбие мәселелеріне кеңінен тоқталып, сол арқылы қазақ қоғамының жаңаруы мен өркениетке қадам басуын көксеген. Сондықтан, Абайдың ғылым мен білім туралы ойлары тұлға қалыптастыруда ешқашан өзектілігін жоғалтпайды. Біз бұл мақалада: Абайдың ғылым мен білім туралы ойларын талдай отырып, оның тұлға қалыптастырудағы маңызды рөлін анықтауды және «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Өкінішті көп өмір кеткен өтіп» деп өкінген Ұлы Абайдың жан дүниесіне үңілуді мақсат еттік. Себебі, білім мен ғылым жайлы ой-пікірлері арқылы «Жас уақытта көңілі гүл» «жас өспірім, көкөрім, бейне қолдың саласы», «жастықтың оты жалындап тұрған» шәкірттерімізге - дер шағында болашақта өкінбей өмір сүруіне дұрыс бағыт беру – біздің міндетіміз болып табылады.

Ұстаз ретінде мені жиі толғандырған маңызды мәселе – Абай мұрасындағы білім мен ғылым туралы өзекті пікірлерді неге оқу мен тәрбиеде терең талдап пайдаланбасқа деген ой. Абай мұрасын оқыту 6 сыныпта, сонан соң 10 сыныпта ғана оқытылады. Ой түрткі! Неге Абайдың рухани құндылыққа толы шығармаларын барлық сыныптарда оқытпасқа? Неге «Абайдың тілі» деген пән кіріктірмеске? Неге біртұтас тәрбие көзімен ұштастырмасқа...?

Әр қос тармағы нақыл сөзге, өсиетке, афоризмге айналып кеткен ақынның «Ғылым таппай мақтанба», атты бір өлеңінде ғана қаншама ғылым мен білімге, тәрбиеге баулыр, тұлғаның қалыптасуына ықпал етер, өнеге болар рухани құндылық, ой тұжырым жатыр десеңізші. Бұл өлеңдерді мектеп қабырғасында шәкірттерімізге жаттатамыз-ау, бірақ бойына сіңіре аламыз ба?

Әдебиеттерге шолу

Ақын тыңдаушысының көңілін селт еткізіп, «Ғылым таппай мақтанба» деп, айтар ойының түп қазығын бірден аңдатады. «Адам болам десеңіз» деген тұжырымын жақсылық көрмек «бес асыл істі», жамандық көрмек «бес дұшпанды» қарама-қарсы қойып, жақсы харекеттердің, жаман әрекеттердің басын ашып береді. М.Әуезовтің «Ол адамгершілікті, моральдық философияны барлық жайдан жоғары қойды» [1, 256] деген ойы - ақынның

эстетикалық танымын терең танудан туған пікір. Хакім Абай адамгершілік асыл қасиеттерді жалаң дәріптеп қана қоймай, адамгершіліктің, адам болудың жүйесі мен жолын, бағыт-бағдар да ұсынды. Бүгінде абайтанушы ғалым Т.Жұртбай «Абай – бүкіл көшпелілер дүниетанымын, рухани болмысын, парасатын, көркем ойының мүмкіндігін танытқан, сол арқылы адамзат санасының дамуына үлес қосқан дара дана. Дүниежүзілік ауқымға сай қазақтың ұлттық санасын оятқан және оны қалыптастырған адам – Абай» [2, 408], – деп бағалайды. Абай даналығын тануды білімге, ғылымға негіздеудің қағидасын ұсынады....Дүние де өзі, мал да өзі, Ғылымға көңіл бөлсеңіз [3, 29].

Абай өз заманындағы жас ұрпаққа, «көкірегі сезімді», көңіл көзі қарақты, ойлы адамдарға үміт артып, оларды өзінің озат мақсат-мұраттарына тартуға ұмтылды. Жастардың өнімді еңбек етіп, ғылым мен білімге талпынуы, алға қойған мақсатқа жетуде табандылық көрсетуі, міне осындай асыл қасиет-терді уағыздау Абай шығармаларының негізгі идеялық-тақырыптық үзілмес желісіне айналды.

Абай осы үш қасиетті ерекше танып білуге тұратын таным екенін «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа» өлеңінде: «Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деп нақтылай түседі [4, 104]. Міне, осы үш қасиет ізгілікті мақсатта пайдаланылған жағдайда ғана тұлға болып қалыптасамыз.

Бүгінде, кейбір жастардың бойынан келеңсіз жайттарды, болашағына немқұрайдылықты байқағанда, «Әй, қап!» деп, қалатын кездеріміз де болып тұратыны ащы шындық.

Бүгінгі жастардың қайратын қайда жұмсарын білмей, әр бір іске ұрынып, опық жейтіні де содан. Мектеп қабырғасындағы оқушылардың бір-біріне әлімжеттік жасауы, ұрып соғуы – осының дәлелі. Оқыған білімді, ақылды жастардың да ақылын орынсыз, пайда үшін, мақтан үшін жұмсауы да жиі көрініс беруде.

Ғаламторды, сандық технологияларды игерген талантты жастардың ақылын алаяқтық жолмен пайда табу үшін жұмсап жүргені де аз емес.

Жүректе қайрат болмаса,

Ұйықтаған ойды кім түртпек.

Ақылға сәуле қонбаса,

Хайуанша жүріп күнелтпек –ізгілікті қасиеттерден ада адамның ісі.

Ақылына сәуле қонбаған, ақылы қайраттан аспаған, ақылы ары мен ұятты күзетуге жарамаған, ақылы кеселді болған, ақылды сақтайтын мінез деген сауыты болмаған жағдайда адам хайуанша жүріп күнелтпек [5, 130].

Бес асыл іс:	Үш-ақ нәрсе-адамның қаснеті.			17 қара сөз
талап – Талаптың мініп тұлпарын, тас қияға өрлеген ұлы Әбішті өзгеге өнеге тұтады.	ыстық қайрат	Талап пен еңбек — қайраттан	Қайрат пен ақыл жол табар, қашқанға да қуғанға... "Ыстық қайрат" адам бойындағы күш-қуат -энергия, егер оны орнымен тиімді, пайдалы іске жұмсама-сақ –қауіпті. Ақылды тек жақсылыққа жұмсау ізгілікке, әділетке бастар жол. Ақылдың кеселдері де болады.	Алдыңғы екеу сонғысыз, біте қалса қазаққа, Алдың **жалын артын мұз**, барар едің қай жаққа? Ыстық қайрат **-от жалын**, ақыл-суық, қайратыңды нәпсіге жеңдіру, қайратты адал көсіп қылардық онымен жұмсауды білмеу- ғылым таппағандықтың салдары. Әр ісіңді ақылға жеңдіру –адами қасиет. Ақыл ар мен ұяттың күзетшісі.
еңбек – еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей. Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас, қардың суы секілді тез суалар.				
Терең ой, терең ғылым іздемейді, **терең ойдың** телміріп соңынан ермейді «Тіршіліктің несі сән, теренге бет қоймаса»	ұқрлы ақыл	терең ой - ақылдан		
қанағат–«қанағаттшыл болмақты ойдан кеткіз» **Абай** адамгершілік, иман туралы толғаныстарында «**Қанағат** ұғымына ерекше мән береді.	жылы жүрек	қанағат пен рахым-жүректен туатын қасиеттер	**Әділет, шапқат кімде бар, сол жарасар туғанға.** Жүрек ісі – ізгілік, мейірім, махаббат	Әділет –шапқат –жүректің сипаты.
Рақым-араб тілінен келген сөз. Мейірімді, кешірімді, діни тұрғыда алланың 99 сипатты есімінің бірі.Ар-рохману,рахим –кешірімді алла				

Абайда ғылыми негізді адам бойындағы ең асыл мүше – жүректің қасиеттерін танытатын белгілі бір жүйе бар. Сол жүйені мынадай күйде көруге болады:

а) толық адам: ақыл, қайрат, жүрек;

ә) ақыл, жүрек;

б) жәуанмәртілік: ақыл, рақым, әділет;

в) жүрек: ізгілік, әділет, рақым, т.б.

«Жүректе қайрат болмаса» өлеңінде үш қасиеттің өзіндік ерекшеліктерін ашып бағады [6, 36].

Малда да бар жан мен тән,

Ақыл, сезім болмаса,

«...Адамгершілікті, моральдық философияны барлық жайдан жоғары қойған. Ұстаздық, үгітшілік жолына түскен соң, Абай өлеңді аз жазса да, «қара сөзбен» айтатын өсиетті көп жазады. «Ғақлия» деген өсиеттері сол 1890 жыл мен 1898 жылдардың арасында жазылған. 1891 жылдан соң өлеңмен айтпақ болған сөздерінің талайын қара сөз үгітіне айналдырып жіберген. Кей уақыттарда бірталай өлеңдердің сол қара сөзде айтқан пікірлерінен шығарып, өлең қылып кеткені де бар» [7, 58]. М.Әуезов ақынның «табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті, «ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстаған» «толық адамы» – Сократтың «өзін-өзі тани білген», ислам философиясындағы «камили инсани», дао іліміндегі «әбден жетілген адам» дейді.

Абай ғылымды екі тарапта адамның ғылымы, алланың ғылымы деп қарастырып, «адамның әр нәрсенің түбін білмекке ынтықтығы», « ...hәммәні білетұғын ғылымға ынтықтықпен» сабақтас, себебі ақын өсиетінің нәрі-білмекке құштарлықта. Ғылым бағу (1-қара сөз), ғылымға салыну (2-қара сөз), ғылым үшін қам жеу (5-қара сөз), ғылым тапқандардың жолы (7-қара сөз), ғылымды қажетсінбейтіндер (8-қара сөз), ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан руза, қылған хаж ешбір ғибадат орнына бармайтына туралы (10-қара сөз), якини иманы (шын иман) бар деуге ғылымы жоқ, таклиди иманы (біреуге еріп иман келтіру) бар деуге беріктігі жоқтар жайлы (13-қара сөз), ғылым үйренбекке талап қылушыларға (32-қара сөз) кеңес өсиет ретінде жетілдіріп уағыздап отырған. «...Ғылымсыз ахирет жоқ, дүние де жоқ. Ғылымсыз оқыған

намаз, тұтқан ораза, қылған хаж, ешбір ғибадат орнына бармайды.» (10 сөз) Абай діни сенімнің негіздерін ақылға (рациоға) бағындырады. Абай адамның ақылына ең жоғары мәртебе береді, ақылға зор сенім артады «...Әрбір ақылы бар кісіге - иман парыз, әрбір иманы бар кісіге ғибадат парыз екен. Және әрбір рас іс ақылдан қорықпаса керек...» (28 сөз). Тұлғаның қалыптасуына зор бөгет те, зиян да келтіретін қас жау – надандық, еріншектік, залымдық екенін талдай отырып түсіндереді.

«Жұмбақ жанды» жазған Т.Әлімқұлов: Абайдың алласы мұсылманның алласынан бөлек. Ол қасиетті сезімге сенім іспеттес. Абай адамзаттың бәрін бауыр тұтуға, сүюге шақырады. Абайдың үндеуі ұлы гуманистік үндеу екенін ұғынамыз. Абайдың сахарадан шырқау шығып кеткені де сондайлық биік пікірінен көрініп тұрады» [8, 72] – дейді.

Зерттеу әдістері

1. Тарихи-ғылыми әдіс. Бұл әдіс арқылы Абайдың өмір сүрген заманы, сол кезеңдегі білім беру жүйесі мен қазақ қоғамындағы ағартушылық идеялардың дамуы қарастырылды. Осы арқылы Абайдың ойларының тарихи негізі мен мәні ашылды.

2. Мәтінталдау (контент-талдау) әдісі. Абайдың шығармаларына, әсіресе қара сөздері мен өлеңдеріне талдау жасалды. «Ғылым таппай мақтанба», «Он жетінші сөз», сияқты шығармаларындағы білім мен ғылымға қатысты идеялары сараланып, олардың мағынасы мен тәрбиелік мәні анықталды.

3. Салыстырмалы әдіс. Абайдың ойлары заманауи педагогикалық және тұлғалық даму теорияларымен салыстырылып, олардың өзара ұқсастықтары мен айырмашылықтары көрсетілді. Бұл әдіс Абай ілімінің қазіргі білім беру мен тәрбие үдерісіндегі өзектілігін анықтауға мүмкіндік берді.

4. Жүйелеу және жіктеу әдісі. Абайдың ғылым мен білімге қатысты ойлары жүйеленіп, негізгі идеялар топтастырылды. Бұл тұлға қалыптастыруда маңызды саналатын құндылықтар мен бағдарларды нақтылауға септігін тигізді.

5. Педагогикалық талдау әдісі. Абайдың идеяларының тұлғаны тәрбиелеу, оның адамгершілік, рухани, интеллектуалдық қасиеттерін дамытудағы рөлін ашу мақсатында педагогикалық тұрғыдан талдау жасалды.

Нәтижелер

Абай білімді тек теориялық тұрғыдан емес, рухани дамудың негізі ретінде қарастырады. Оның пікірінше, білім – адамды жетілдіретін күш, қоғамды жаңғыртатын маңызды фактор.

Зерттеу барысында Абайдың білім мен ғылым туралы көзқарастарының бірнеше маңызды аспектілері айқындалды:

1. Ғылым мен білімнің өмірлік мәні. Абай білімнің өмірдегі мәні мен маңызын ерекше атап өткен. Ол адамның жан-жақты дамуын, ақыл-ойының жетілуін ғылым мен білім арқылы жүзеге асатынын түсіндірген. Абайдың «Толық адам» идеалы оның осы ойларының айқын көрінісі болып табылады.

2. Ұлттық мәдениет пен тәрбие мәселесі. Абай қазақ халқының ұлттық мәдениетін сақтауда, рухани жетілуде білімнің маңызына ерекше көңіл бөледі.

Ол ұлттық тәрбиенің негізі ретінде білімді және ғылымды қарастырып, сол арқылы жастардың тұлға ретінде қалыптасуын көздеген.

3. Абай мен басқа ойшылдардың ұстанымдары. Абайдың ғылым мен білімге деген көзқарасы көптеген әлемдік ойшылдардың пікірлерімен үндес келеді. Мысалы, Сократтың адамды білім арқылы жетілдіру туралы ілімдері мен Абайдың «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұштап» деп, адамның тұлғалық қасиеттерін ғылым мен білім арқылы дамыту туралы пікірі ұқсас.

4. Қазіргі заман және Абай. Абайдың білімге деген көзқарастары қазіргі заманғы білім беру жүйесімен салыстырғанда өзектілігін жоғалтпаған. Қазіргі білім жүйесі де оқушылардың тек академиялық білімін емес, сонымен қатар моральдық және рухани дамуын назарға алады. Абайдың «Туып-өсу, тәрбие алу, білім алу» туралы пікірлері қазіргі педагогикамен үйлеседі. Бұл заңдылықтар Абайдың педагогикалық мұрасының бүгінгі білім беру жүйесінда рухани құндылықтарды қалыптастыруда қалай әсер беретінін көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Абайдың ғылым мен білім туралы ойлары тұлға қалыптастыруға үлкен ықпал етеді. Оның адамгершілік, рухани және интеллектуалдық даму тұрғысынан қалыптастырған ұстанымдары бүгінгі жастар үшін өте маңызды. Білімнің тек теориялық қана емес, моральдық, этикалық тұрғыдан да мәні бар екенін түсіну, Абайдың мұрасы арқылы келешек ұрпаққа жаңа бағыт ұсынады.

Талқылау және нәтижелер

Зерттеу барысында Абай Құнанбайұлының ғылым мен білімге байланысты ойларының терең философиялық, рухани және тәрбиелік мәнге ие екені анықталды. Абайдың ойынша, ғылым мен білім-тек кәсіби жетістікке жетудің құралы ғана емес, сонымен қатар адамгершілік пен рухани кемелділікке бастар жол. Оның қара сөздерінде жиі кездесетін "толық адам" тұжырымы - білім мен тәрбиенің үндестігін қажет ететін кемел тұлғаның бейнесі.

Абайдың:

- «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде нағыз адам болудың шарты ретінде білім мен ғылымды меңгеру;
- «Он жетінші қара сөзінде» адам бойындағы қасиеттердің дамуына ақыл мен тәрбие арқылы қол жеткізу қажеттігі;
- «Жиырма сегізінші қара сөзінде» баланы тәрбиелеуде білім берудің рөлі көрсетілген.

Осы ойлар қазіргі заманғы тұлға қалыптастырудағы құндылықтармен үндес: білімнің формалды емес, рухани-адамгершілік негіздегі мәнін ескеру қажеттігі.

Өткен зерттеулермен салыстыру

Зерттеу авторы	Негізгі тұжырым	Қазіргі зерттеумен ұқсастығы
Қ.Жарықбаев, С.Қалиев (педагогика тарихшылары)	Абайдың педагогикалық идеялары ұлттық тәрбие мен адамгершілікке негізделген	Абайдың білім мен ғылымды адамгершілікпен байланыстырғаны дәлелденді

Зерттеу авторы	Негізгі тұжырым	Қазіргі зерттеумен ұқсастығы
М.Әуезов (әдеби зерттеулер)	Абай — ағартушы, ғылым мен ақыл-ойды жоғары бағалаған тұлға	Абайдың бұл рөлі бүгінгі білім берудегі тұлға тәрбиесіне өзекті
Г.Х. Орманов (психология және философия тұрғысынан)	Абайдың «толық адам» концепциясы — қазіргі тұлғалық даму теорияларымен сабақтас	Зерттеуде бұл тұжырымды қазіргі тәрбиелеу жүйесімен байланыстырдық

Анықталған заңдылықтар:

Зерттеу нәтижесінде бірнеше тұрақты заңдылықтар мен тұжырымдар айқындалды:

1. Білім мен ғылым – адамгершілік қасиеттердің дамуына ықпал ететін басты құрал. бұл Абай шығармаларында үнемі қайталанып отырады, білім тек сыртқы жетістікке емес, ішкі жетілуге бағытталуы тиіс.

2. Рухани құндылықтарды ескермей білім беру тұлғаның толық дамуын қамтамасыз ете алмайды: қазіргі педагогикада «рухани-адамгершілік тәрбие» бағыты дәл осы Абай ұстанымымен сәйкес келеді.

3. Абай ілімі – бүгінгі тұлға қалыптастыру идеясымен үндесетін жүйелі ойлар жиынтығы: бұл оның ойларының заманауи тәрбиелеу теорияларымен үйлесімділігін көрсетеді.

Абайдың ғылым мен білім туралы ойлары – тек өткеннің идеялары емес, қазіргі заманғы тұлға қалыптастыру үдерісінде де маңызды рөл атқара алатын өміршең концепциялар болып табылады.

Ұсыныстар:

1. Білім беру жүйесіне негізгі пән ретінде кіріктіру;

2. Әдістемелік нұсқаулық хатқа 5-11 сынып аралығында ақын шығармаларын меңгеру туралы өзгеріс енгізу;

3. Біртұтас тәрбие бағдарламасына қосу.

Қорытынды

Абай мұрасы қай кезеңде де, қандай қоғамда да болмасын өзінің өзектілігін жоғалтқан емес, бұл ақын мұрасының мәңгіліктігін де көрсетеді. Хакім Абайдың «Толық адам» тұжырымы адам болудың моральдық, этикалық, имандылық қағидалары, «адам болам десеңізден» басталған адамдық қасиет, сипат, ұстаным туралы ойлары, «ыстық қайратты, жылы жүректі, нұрлы ақылды» бірдей ұстаған, адамды, сүйген, алланың хикметін сезген, "инсан-и камил"- ақыл-ойы толысқан кемеліне келген адамды аңсаудан туған.

Ұлттық руханият пен мәдениеттің дамуында Абай мұрасының алатын орны ерекше, сондықтан оның ғылыми көзқарастарын қайта қарап, заманауи контексте зерттеу маңызды болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Әуезов М. 20-томдық таңдамалы шығармалар жинағы, 14 т. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 1985. - 93 б.
2. Жұртбай Т.Қ. Күйесің жүрек, .. сүйесің. – Алматы: «Санат», 2001.- 408 б.
3. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. - Алматы: «Ана тілі», 1995. - 272 б.
5. Дәдебаев Ж. Абайдың антропологизмі. Монография. -Алматы: «Атамұра», 2024.-320 бет
6. Мырзахметов М. Абайдың адамгерішілік мұраттары. – Алматы, 1993. - 316 б.
7. Әуезов М. Абай Құнанбаев. - Алматы: «Санат», 1995. - 75 б.
8. Әлімқұлов Т. Жұмбақ жан. Әдеби-сын зерттеу. – Алматы: «Жазушы», 1993. - 223 б.

АБАЙ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ БҮГІНГІ ӘЛЕМДЕГІ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ МЕН ҚОЛДАНЫЛУЫ

Алдабергенова Бахыт Мустафаевна
Бастауыш сынып мұғалімі
С.Сейфуллин атындағы №2 орта мектеп
Алматы облысы, Талғар қаласы

Аңдатпа. *Бұл ғылыми мақалада Абай Құнанбаевтың философиясының бүгінгі әлемдегі маңыздылығы мен қолданылуы талданады. Абайдың адамгершілік, білім, мәдениет және ұлттық сана мәселелеріне қатысты көзқарастары қазіргі қоғамның рухани және мәдени дамуына ықпал етеді. Мақалада Абайдың «толық адам» концепциясы, оның философиялық қағидалары және олардың жастар тәрбиесінде, ұлттық мәдениетті дамытуда, сондай-ақ қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді шешуде қалай қолданылатыны қарастырылады. Абай философиясының мұрасы – өткеннің құндылығы ғана емес, қазіргі уақыттағы білім және руханият мәселелерін шешуге арналған маңызды ресурс ретінде көрсетіледі.*

Түйін сөздер: *Абай философиясы, рухани жаңғыру, адамгершілік, тәрбиелік мән, қазіргі қоғам, білім мен ғылым, ұлттық сана, өркениет, мәдени мұра, дүниетаным.*

Кіріспе

Абай Құнанбаев – қазақ әдебиетінің және философиясының ұлы тұлғасы. Оның философиялық көзқарастары бүгінгі қоғамда да өзектілігін жоғалтқан жоқ. Абайдың шығармалары мен ой-тұжырымдары, әсіресе, адамгершілік, білім, мәдениет және ұлттық сана мәселелеріне қатысты маңызды орын алады.

Абай философиясының негізгі қағидалары. Абай философиясы адамның рухани дамуы мен білім алуға баса назар аударады. Оның пікірінше, адамдар өздерін және айналасындағы дүниені түсіну үшін білімге ұмтылуы керек. Абайдың «толық адам» концепциясы – рухани, интеллектуалдық және моральдық жағынан жетілген тұлғаны сипаттайды.

Бүгінгі әлемде Абай философиясының маңыздылығы Абайдың философиялық мұрасы бүгінгі таңда көптеген әлеуметтік және мәдени мәселелерді шешуде маңызды рөл атқарады. Оның идеялары жастарды тәрбиелеуде, ұлттық мәдениетті дамытуда және қоғамның рухани жаңғыруында қолданылады. Абайдың шығармаларында көтерілген адамгершілік, әділеттілік және білімге ұмтылу идеялары қазіргі заманғы адамға бағыт-бағдар береді.

Әдебиеттерге шолу

Абайдың «Толық адам» концепциясы А.Құнанбаеваның еңбегінде қарастырылған. Еңбек жалпы Абайдың философиялық ойларын тереңірек түсінуге және оның адамгершілік, білім және мәдениет мәселелеріне қатысты көзқарастарын талдауға арналған [1]. Шынымен де, Абайдың әр шығармасында философиялық терең ой жатыр. Оның өлеңдерінен де, қарасөздерінен де қандай болмасын мәселеге өзіндік көзқарасты анық аңғаруға болады. Абайдың философиясының қазіргі заманғы әлеуметтік және мәдени мәселелерді шешудегі маңыздылығы М.Сейітовтің "Абай философиясының бүгінгі қоғамдағы рөлі" деген мақаласында жақсы айтылған [2]. Г.Әділова Абайдың әдеби шығармаларының ұлттық құндылықтарды дамытудағы рөлі тұрғысынан қарастырса [3], С.Дүйсенбаев Абайдың тәрбиелік көзқарастарының жастарға ықпалын және олардың рухани дамуына әсерін зерттеген [4]. Сол сияқты Е.Тұрсыновтдың а Абайдың философиялық тұжырымдарының тереңдігін, оның замандастарына және бүгінгі ұрпаққа әсерін көрсеткен еңбегі бар [5].

Зерттеу әдістемесі

Біз де өз тарапымыздан Абай философиясының бүгінгі әлемдегі маңыздылығы мен қолданылуын қарастыруға тырыстық. Және осы ретте төмендегідей әдістер мен тәсілдерді қолдандық: а) Абай Құнанбаевтың философиялық шығармалары мен зерттеу еңбектерін жүйелі түрде талдау және Абайдың негізгі идеяларын, концепцияларын және философиялық көзқарастарын анықтау барысында әдебиеттік талдау жүргіздік; ә) Абай философиясын қазіргі заманғы әлеуметтік, мәдени және білім мәселелерімен салыстыру барысында салыстырмалы зерттеу әдісін қолдана отырып, Абай идеяларының бүгінгі қоғамдағы рөлін ашытық; б) Абай философиясының жастар мен педагогтарға әсерін бағалау үшін сауалнама жүргізу. Интервью және сауалнама әдісі арқылы Абайдың идеяларының қазіргі уақыттағы қолданылуын, жастардың пікірлерін жинақтадық; в) Контент-талдау әдісі арқылы Абайдың шығармаларын және оларға қатысты заманауи әдебиеттерді талдай келе, Абай философиясының қазіргі мәдени контексте қалай қабылданатынын зерттедік; г) Кейс-стади әдісін қолдана отырып, Абай философиясының нақты жағдайларда (мысалы, білім беру мекемелерінде, мәдени іс-шараларда) қалай қолданылатынын зерттедік. Бұл әдіс Абай идеяларын практикада жүзеге асырудың тиімділігін бағалауға мүмкіндік берді; ғ) Абай философиясының негізгі тұжырымдарын заманауи философиялық және психологиялық теориялармен байланыстыру, оның

маңыздылығын ғылыми тұрғыдан негіздеу барысында теориялық негіздеу әдісін пайдаландық.

Жоғарыда аталған әдістерді қолдана отырып, төмендегідей зерттеу нәтижелеріне қол жеткіздік.

Нәтижелер

Зерттеу негізінен Абай философиясының қазіргі қоғамдағы маңыздылығын және оның жастар тәрбиесінде, ұлттық мәдениетте, сондай-ақ жеке тұлғаның рухани дамуында қалай қолданылатынын көрсетуге бағытталды. Зерттеу барысында Абай Құнанбаевтың философиясының бүгінгі әлемдегі маңыздылығы мен қолданылуы жөнінде мынадай қорытындыларға келдік:

1. Абай философиясы өзектілігін күні бүгінге дейін жоймай келеді. Абайдың адамгершілік, білім, мәдениет және ұлттық сана мәселелеріне қатысты көзқарастары қазіргі қоғамда да өзекті болып отырғаны жасырын емес, оның идеялары жастарды тәрбиелеуде, ұлттық мәдениетті дамытуда және рухани жаңғыруда маңызды рөл атқарады.

2. Абайдың «толық адам» тұжырымдамасы рухани, интеллектуалдық және моральдық жағынан жетілген тұлғаны қалыптастыруды көздейді. Бұл концепция жастардың тәрбиесінде, білім беру жүйесінде кеңінен қолданылуы тиіс.

3. Абайдың философиясы заманауи әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған. Оның идеялары әділеттілік, адамгершілік және білімге ұмтылу арқылы қоғамды дамытуға ықпал етеді.

4. Зерттеу барысында қолданылған әдістер (әдебиеттік талдау, интервью, сауалнама, контент-талдау) Абай философиясының бүгінгі қоғамдағы әсерін және оның қолдану аяларын тереңірек түсінуге мүмкіндік берді.

5. Абай философиясын зерттеу және насихаттау – ұлттық мәдениетіміз бен рухани дамуымыз үшін аса қажет. Абайдың идеялары жастарға бағыт-бағдар беріп, олардың өмірлік құндылықтарын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Сондықтан да Абай мұрасы тереңнен насихатталуы қажет.

Талқылау

Абай Құнанбаевтың философиясының бүгінгі қоғамдағы маңыздылығын талқылау барысында бірнеше аспектілерді қарастыру қажет:

1. Абайдың шығармаларында көтерілген идеялар, әсіресе, адамгершілік, білім, және мәдениет туралы ойлары, қазіргі уақытта да өзекті. Олар қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік, моральдық құндылықтардың төмендеуі және білімге деген сұраныстың артуы сияқты мәселелерді шешуде маңызды рөл атқарады.

2. Абайдың философиясы жастар тәрбиесінде, олардың рухани және интеллектуалды дамуын қалыптастыруда ерекше рөл атқара алады. Оның «толық адам» концепциясы жастарға бағыт-бағдар беріп, ұлттық мәдениетімізді сақтау мен дамытуға ықпал етеді.

3. Абайдың идеяларын білім беру жүйесіне енгізу, оқушылар мен студенттердің білімге деген қызығушылығын арттырады. Абайдың

шығармалары мен ойлары қазіргі білім беру бағдарламаларына қосылып, жастардың шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін дамытуға көмектеседі.

4. Абай философиясы әлеуметтік әділеттілік, теңдік және адам құқықтары мәселелерін көтереді. Бұл аспектілер қазіргі қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған қозғалыстар мен бастамалардың негізі бола алады.

5. Абайдың идеялары тек қазақ қоғамында ғана емес, сонымен қатар көпмәдениетті ортада да қабылданады деп айта аламыз. Өйткені оның философиясында универсализм мен гуманизм элементтері бар, олар әр түрлі мәдениеттер мен халықтар арасында диалог орнатуға толықтай ықпал ете алады.

Абай философиясының бүгінгі қоғамдағы рөлі мен маңыздылығын талқылау, оның идеяларын насихаттау және практикалық қолдану жолдарын қарастыру – ұлттық мәдениетіміз бен рухани дамуы үшін маңызды. Абай мұрасына тереңірек үңілу, оны заманауи контексте қайта қарау және жастарға жеткізу – біздің міндетіміз.

Қорытынды

Абай философиясы – тек өткеннің құндылығы емес, сонымен қатар бүгінгі қоғам үшін де маңызды ресурс. Оның ойлары мен ілімдері қазіргі таңдағы білім, мәдениет және руханият мәселелерін шешуге ықпал етеді. Абайдың мұрасын зерттеу және насихаттау – біздің ұлттық мәдениетіміз бен рухани дамуымыз үшін аса қажет.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Құнанбаева А. "Толық адам" концепциясы. -Алматы: "Жазушы", 1991.
2. Сейітов М. "Абай философиясының бүгінгі қоғамдағы рөлі"// Абай ғылыми-зерттеу институты Хабаршысы. 2020.
3. Әділова Г. "Абайдың шығармалары мен ұлттық сана"//Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы журналы. 2019.
4. Дүйсенбаев С. - "Абай және жастар тәрбиесі"//Қазақ ұлттық университетінің ғылыми журналы. 2021.
5. Тұрсынов Е. "Абайдың философиялық мұрасы"//Шығыстану институты жинағы. 2022.

АБАЙДЫҢ БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМ ТУРАЛЫ ОЙЛАРЫНЫҢ ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ

Алипбаева Айнур Умирбековна,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
педагог-сарапшы, Қ.Кемеңгерұлы
атындағы №49 мектеп-гимназия

Аңдатпа. *Бұл ғылыми мақалада Абай Құнанбайұлының білім мен ғылым туралы ойларының тұлға қалыптастырудағы маңызы қарастырылады. Абайдың қара сөздері мен өлеңдеріндегі ойлар – жастарды білімге, еңбекке, адамгершілікке баулитын құнды тәрбие құралы. «Ғылым таппай мақтанба», «Білімдіден шыққан сөз» секілді нақылдар жас ұрпаққа бағыт-бағдар береді. Жоба барысында Абайдың идеялары қазіргі тәрбие жүйесімен байланыстырыла отырып талданды. Нәтижесінде, Абай мұрасының ұлттық рухты, патриоттық сезімді, танымдық қабілетті дамытудағы рөлі айқындалды.*

Түйін сөздер: *Абай мұрасы - рухани даму мен тұлға тәрбиесінің басты бағыты.*

Кіріспе

Қазақ халқының тарихында ерекше орын алатын тұлғалардың бірі – Абай Құнанбайұлы. Ол – ақын, ойшыл, ағартушы, философ, аудармашы, сазгер әрі ұлттың рухани ұстазы. Абайдың шығармашылығы – терең философиялық, педагогикалық және адамгершілік құндылықтарға толы қазына. Оның қара сөздері мен өлеңдерінде көтерілген мәселелер – бүгінгі күнге дейін маңызын жоймаған рухани мұра. Абайдың білім мен ғылым туралы айтқан терең ойлары мен өсиеттері адамзат баласының даму жолында ерекше орын алады. Абай «Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр», «Он тоғызыншы сөз» секілді шығармаларында білімге ұмтылу, ғылымды игеру арқылы надандықты жеңу – адам болмысының ең басты мақсаты екенін айтып өтеді. Ол жас ұрпақты тек оқу мен ғылым арқылы ғана толыққанды тұлға болып қалыптасатынына сенді. Оның ойынша, адам бойындағы қасиеттер – ақыл, еңбек, жүрек үшеуі біріксе ғана шынайы тәрбие мен ғылымның нәтижесі көрінеді. Бұл идеялар қазіргі таңда да өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Абай мұрасын тұлға тәрбиесінде қолдану – ұлттық болмысымызды сақтап қалудың, рухани жаңғырудың негізгі тетігі. XXI ғасыр жастары үшін Абай – тек әдебиет кейіпкері емес, нағыз үлгі боларлық тұлға. Оның білімге деген көзқарасы, өзін-өзі тәрбиелеу идеясы – бүгінгі заманауи тәрбие мен білім беру жүйесінде кеңінен қолданылуы тиіс. Осы ғылыми жұмыстың мақсаты – Абайдың білім мен ғылым жөніндегі ойларын талдай отырып, олардың қазіргі жастар тәрбиесінде, тұлға қалыптастыруда қандай рөл атқаратынын анықтау. Сонымен қатар, оның идеяларын қазіргі білім беру процесіне енгізудің тиімді жолдарын қарастыру, негізгі міндеттері - Абай шығармаларынан білім, ғылымға қатысты ойларды анықтау; тұлға қалыптастырудағы Абай идеяларының маңызын ашу және қазіргі білім беру жүйесіне Абай мұрасын енгізудің жолдары ұсыну.

Бүгінгі заманауи қоғамда тұлға тәрбиесі мен білім беру жүйесінде ұлттық құндылықтар мен рухани-адамгершілік мұраның алатын орны ерекше. Абай Құнанбайұлының білім мен ғылым туралы айтқан ойлары – жастардың дүниетанымын кеңейтіп, жауапкершілік, еңбекқорлық, ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыруда маңызды құрал. Оның идеяларын білім беру мазмұнына енгізу – ұлттық тәрбие мен тұлға дамуын үйлестірудің тиімді жолы болып табылады.

Әдебиеттерге шолу

Абайдың шығармалары мен ағартушылық идеялары жайлы көптеген зерттеушілер мен ғалымдар зерттеу жұмыстарын жүргізді. Абай

философиясының тереңдігін М.Әуезов, Қ.Жұмаділов, Ғ.Есім сынды әдебиетшілер зерттеу жүргізсе, С.Қирабаев, З.Ахметов ақынның әдеби мұрасын білім мен тәрбиенің бастауы ретінде қарастырған.

Кейінгі жылдары Абай мұрасының педагогикалық әлеуетін зерттеуге бағытталған еңбектер де көбейді. Олар Абайдың қара сөздеріндегі адамгершілік, еңбекқорлық, білімқұмарлық секілді қасиеттерді тұлғаның қалыптасуындағы іргелі ұстанымдар ретінде бағалайды. Сондай ақ, Абай ілімінің қазіргі заманғы ьілім беру жүйесіне ықпалы, ұлттық құндылықтарды дәріптеу арқылы жастарды тәрбиелеу мәселелері де ғылыми айналымға ене бастады.

Зерттеу әдістемесі

Абай шығармаларын тақырыпты ашу мақсатында қарастыру барысында теориялық талдау, салыстырмалы және аналитикалық талдау, жүйелеу, сараптау, салыстыру сияқты әдістер қолданылып, Абай Құнанбайұлының білім мен ғылым туралы ойларының тұлға қалыптастырудағы маңызы ашылды. Ақынның «Ғылым таппай мақтанба», «Білімдіден шыққан сөз» секілді нақыл өлеңдері және Абайдың басқа да идеялары қазіргі тәрбие жүйесімен байланыстырыла отырып талданды.

Талдаулар мен нәтижелер

Абай шығармаларындағы білім мен ғылым мәселесі – бүгінгі ұрпақ үшін де, болашақ қоғам үшін де аса маңызды тақырып. Абай білім мен ғылымды жеке адамның ғана емес, бүкіл ұлттың дамуының кепілі деп білді. Оның ойынша, адам болу – тек тән жағынан емес, жан мен ақыл жағынан жетілу, саналы болу, ғылым мен білім арқылы өзін-өзі тәрбиелеу. Ақын өзінің шығармаларында бұл идеяларды жүйелі түрде қозғап, оны жастардың санасына сіңіруге тырысты. Бұл тақырып Абайдың көптеген өлеңдерінде, қара сөздерінде, аудармаларында кеңінен көрініс табады.

Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі – білімге үндеу тастайтын, бүгінгі жастар үшін де бағдар болатын өлеңдердің бірі. Ақын бұл шығармасында: «Ғылым таппай мақтанба, Орын таппай баптанба...» – деп, жастарды бос мақтан мен мәнсіз істерден бойын аулақ ұстап, пайдалы іспен айналысуға шақырады [1, 4].

Абай ғылым-білімді – адамның адам болып қалыптасуының негізгі тірегі деп таниды. Ол «ақыл, жүрек, қайрат» секілді қасиеттерді ғылым арқылы үйлестіру қажеттігін алға тартады. Білімді болу – өзіңді тану, өмірді түсіну, болашағыңды қалыптастыру деп санайды.

Абай үшін білім мен ғылым – тек сыртқы көрсеткіш емес, ол – ішкі кемелділіктің, рухани тазалықтың өлшемі. Оның «Он тоғызыншы» қара сөзінде адамды адам ететін нәрселердің бірі – ғылым мен ақыл деп көрсетіледі. Ол ғылымға үйренген адам ешқашан зұлым, залым болмайды деп сенеді. Абай былай дейді: «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, мінез деген нәрселермен озады.» Бұл сөздер – білім мен ғылымды адамдықтың, кемелдіктің негізгі құралы деп таныған көзқарастың айқын көрінісі [2, 146].

Абай ғылым мен білімді жалқаулықпен қатар қоя алмайды. Ол: «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» – деп, еңбек пен білімді қатар

дамытуды ұсынады. Ақынның түсінігінде білім алу – қиындықты жеңумен, үздіксіз еңбектенумен тығыз байланысты. Білім мен ғылымды меңгеру үшін тек қана оқу жеткіліксіз, оған тұрақтылық, мақсаткерлік, еңбекқорлық қажет.

Абайдың қара сөздері – нағыз философиялық мұра. «Жиырма бесінші сөзінде» ақын ғылымға берілудің, терең білімнің қажеттілігін дәлелдеп, ғылым арқылы ғана адамның көзі ашылатынын, шындыққа жететінін айтады. Мысалы, отыз сегізінші сөзінде ғылым жайлы былай дейді: «Қашық бол әр түрлі өнерсіз істерден, жақын бол ғылымға, білімге» – деген тұжырым айтады. Бұл тұжырымнан Абайдың ұғымында ғылым – ар-ождан мен адамгершілікке апарар жол екенін байқаймыз [3, 109].

Абай ғылым мен білімді – ұлттық сана мен ой-өрісті дамытатын күш ретінде бағалады. Ол үшін адамның ғылымға бет бұруы – өз халқының тарихын, болмысын терең түсінуге жол ашатын көпір іспетті.

Абай жастардан үлкен үміт күтті. Ол өз дәуіріндегі қараңғылыққа, надандыққа қарсы тұрып, жаңа заман адамын тәрбиелеуге күш салды. «Сен де бір кірпіш дүниеге, Кетігін тап та, бар қалан!» – деген жолдары жастарға білім алып, қоғамға пайдасын тигізуге үндегені. Бұл – Абайдың тәрбиелік философиясы: адам өзін үнемі дамытуы керек, білім арқылы өз орнын табуы қажет. Тек сонда ғана толыққанды тұлға бола алады [4, 15].

Тұлға қалыптастыру – адамның бойындағы адами қасиеттерді, рухани құндылықтарды, мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған кешенді әрі үздіксіз үдеріс. Абайдың адам болу қағидалары, «толық адам» тұжырымы – бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтпаған рухани құндылықтардың негізі.

Абай Құнанбаев рухани тәрбиенің өзегі ретінде адамгершілікті, әділеттілікті, ар-ұятты, намысты, адалдық пен шыншылдықты дәріптеді. Ол өзінің «Қара сөздерінде» де, өлеңдерінде де адамның ішкі рухани әлемін тәрбиелеуге ерекше назар аударған. Мысалы, он жетінші қара сөзінде Абай: «Адам баласына адам баласының бәрі дос», – дей келе, кісіліктің ең жоғарғы сатысы – өзгені сүю, ізгілік пен мейірім көрсету екенін алға тартады. Бұл – тұлғаның қалыптасуындағы негізгі рухани тұғыр [5, 122].

Абайдың «толық адам» концепциясы – рухани-адамгершілік тәрбиенің тұтас жүйесі деуге болады. Ол бұл ұғымды үш негізгі қасиетке негіздейді: жүрек, ақыл және қайрат. Адам осы үш қасиетті тең ұстағанда ғана кемелдікке жетеді. Қазіргі заманда тұлға тәрбиелеуде Абайдың осы қағидаларын ұстану арқылы жастардың рухани болмысын байытып, адамгершілік құндылықтарын нығайтуға болады.

Сонымен қатар, Абай еңбектерінде білім мен ғылымға деген құрмет ерекше орын алады. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде ол жастарды жалқаулықтан, надандықтан арылуға шақыра отырып, білімді болуға, үнемі ізденуге үндейді. Бұл – тұлғаның интеллектуалдық дамуының негізі. Дегенмен Абай тек ақыл мен білімге ғана емес, олармен қатар жүретін адамгершілікке де ерекше мән береді. «Ары бар, ақылы бар, ұяты бар адам» – Абайдың идеал тұлғасы. Ол білім мен тәрбиені, рухани байлықты ұштастыра білген тұлғаны жоғары қояды [6, 220].

Бүгінде жас ұрпақты тәрбиелеуде Абай мұраларын қолдану – тек тарихи мұрамен танысу ғана емес, ол – адам бойына рухани тереңдік, ұлттық болмыс пен жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңірудің пәрменді жолы. Әсіресе мектеп қабырғасынан бастап Абай шығармаларын оқытып, терең ойлар мен тәлімдік идеяларды талқылау – оқушының рухани әлеуетін дамытудың тиімді жолы.

Қазіргі жастардың тәрбиесінде Абай идеяларын жүйелі түрде пайдалану үшін бірнеше бағыттарды қарастыруға болады:

1. Білім беру жүйесінде Абай мұрасын кеңінен қолдану. Білім беру бағдарламаларына Абайдың қара сөздерін, өлеңдерін, дүниетанымдық идеяларын кіріктіру – жастардың рухани дамуына негіз бола алады. Әсіресе, «Өзін-өзі тану», «Әдеп», «Қазақ әдебиеті», «Философия» пәндерінде Абайдың еңбектерін жүйелі оқыту қажет. Сонымен қатар, Абайдың тәрбиелік мәні бар ойларын заманауи әдістермен жеткізу – жастарды қызықтыра алады. Мысалы, Абай сөздерімен TikTok, Instagram сияқты платформаларда мотивациялық бейнежазбалар жасау, подкасттар арқылы түсіндіру.

2. Абайдың “толық адам” ілімін тәрбие бағдарламаларына енгізу. Абайдың “толық адам” тұжырымдамасы – қазіргі тұлға тәрбиесіне сәйкес келетін терең ұстаным. Бұл ілім бойынша тұлға бойында үш қасиет: жүрек (сезім, махаббат), ақыл (білім, парасат), қайрат (ерік, табандылық) болуы керек. Мектеп пен жоғары оқу орындарында осы үштік үйлесімділігін дамытуға арналған тренингтер, семинарлар мен эссе байқауларын ұйымдастыру пайдалы болар еді.

3. Отбасылық тәрбиеде Абай қағидаттарын ұстану. Абай – ұлт болашағы отбасынан басталатынын терең түсінген тұлға. Қазіргі ата-аналар балаларын тәрбиелеуде Абайдың адамгершілік пен еңбекке, білімге, тәртіпке негізделген қағидаларын басшылыққа алса, бала бойында ұлттық рух, жауапкершілік пен парасаттылық қалыптасады.

4. Рухани-адамгершілік тәрбие бағдарламалары. Жастар ұйымдары, мектептер мен ЖОО-лар Абай идеяларына негізделген рухани тәрбие жобаларын жүзеге асыра алады. Мысалы, «Абай әлемі» атты рухани кештер, пікірсайыстар, эссе және көркемсөз оқу байқаулары, «Абай жолымен» атты рухани турлар, челлендждер ұйымдастыру арқылы жастардың ұлттық сана-сезімін оятуға болады.

5. Ақпараттық технологиялар арқылы Абай мұрасын насихаттау. Жастардың көбі әлеуметтік желілер мен цифрлық платформаларды белсенді қолданатындықтан, Абай идеяларын осы кеңістікте тарату — тиімді тәсіл. Абай сөздерінен цитаталар, интерактивті тесттер, сторителлинг тәсіліндегі видеолар, анимациялық бейнероликтер жастардың назарын аударуы мүмкін.

Абай шығармаларын мектепте оқытқанда төмендегідей нәтижелерге қол жеткізуге болады:

- Оқушылардың тұлғалық қасиеттері – жауапкершілік, ізденімпаздық, руханилық дамиды.
- Абайдың идеялары тәрбиенің тиімді құралы ретінде қолданыс табады.
- Жастарда рухани тұрақтылық, имандылық, ұлттық сана қалыптасады.

- Білім мен ғылымға деген қызығушылық артады;
- Жастар еңбекқорлық, адамгершілік, жауапкершілік құндылықтарын бойына сіңіреді.
- Жаһандық құндылықтар мен ұлттық рух арасындағы тепе-теңдік орнайды.
- Жастар өз болашағын саналы, әлеуметтік жауапты, адамгершілікті тұлға ретінде қалыптастырады.

Қорытынды

Абай Құнанбайұлының идеялары – ұлт руханиятының алтын қазығы. Қазіргі жастар тәрбиесінде Абай мұрасын қолдану – олардың бойында рухани тереңдік пен ұлттық болмыс қалыптастырудың тиімді жолы. Жаһандану дәуірінде ұлттық кодты сақтап қалу үшін, жастарды Абай айтқан "толық адам" деңгейіне жетелеу – әрбір педагогтың, ата-ананың, қоғамның ортақ міндеті. Абайдың мұрасы – өткеннің ғана емес, бүгін мен болашақтың рухани шамшырағы. Сондықтан оны жастар тәрбиесінің негізгі діңгегіне айналдыру – уақыт талабы.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Құнанбаев А. Қара сөздер. - Алматы: «Жазушы», 1995.
2. Жұбанов А. Қазақ әдебиетінің тарихы. - Алматы: «Ғылым», 1985.
3. Қирабаев С. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. - Алматы: «Ана тілі», 2004.
4. Әуезов М. Әдебиет теориясы. - Алматы: «Ғылым», 1989.
5. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. - Алматы: «Қазақ университеті», 2018.
6. Абайтану: ғылыми-зерттеу еңбектері жинағы - Алматы: «ҚазМУ баспасы», 2017.
7. Әуезов М. Абай және қазақ әдебиеті. - Алматы: «Қазақстан», 2003.

ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ: АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДА КӨРІНІС ТАПҚАН ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Аманова Лаззат Шанбаевна,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Аңдатпа. *Ел егемендігін алғалы қазақ педагогикасында ұлттық білім беру мәселесі алға қойылды. Аталған іс бойынша әр қазақ ширек ғасыр уақыттан астам әр күн үздіксіз бала санасына ұлттық кодты сіңіртуге бекінген сантүрлі әдіспен жанкешті қызмет етіп келеді. «Ұлттық білім беру: Абай шығармаларында көрініс тапқан құндылықтар» атты мақалада ғылыми-тәжірибелік семинарға сәйкес қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлының ғибрат сөздерінен гендік тұрпатымызға лайықты құндылықтарды сипаттау жұмысы жүргізілді. Ойшылдың «толық адам» концепциясын абайтанушы ғалымдардың насихаты арқылы қазіргі таңда оқу тәжірибесінде қолданылу көкжиегіне салыстырмалы зерттеу жасалды.*

Түйін сөздер: *ұлттық білім беру, абайтану, әдебиет, философия, бала психологиясы, ұлттық құндылық, насихат*

Кіріспе

Қазақтың үлкен ғалымы Мекемтас Мырзахметұлы «Бүкіл оқу орындарындағы тәлім-тәрбие беретін оқулықтар Абайдың «Толық адам» ілімі негізінде қайта жазылуы тиісті. Бұл рухани қажеттілік» - дейді [1]. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы қаулысына сәйкес білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту мақсаты басты назарға қойылған. Соған орай, негізгі білім беру саласында оқушыларды ғылыми жұмыстарға машықтандыру үшін көптеген шаралар ұйымдастырылып, жемісті нәтижелер беріп келеді. Оқушылардың сыни көзқарастары дамып, ғылымға бетбұрып келе жатқандары байқалады. Адамзаттық құндылықтарды тереңінен ұғынып, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетудің адам болмысына маңызын, буллингті болдырмау, болған жағдайда оны сәтті еңсеру секілді психологиялық кірпияз мәселелерді Абайдың «Толық адам» концепциясы арқылы жас санаға сіңіріп түрлі эксперименттер жасауға болады. «Біріңді қазақ бірің дос, көрмесең істің бәрі бос» деген бір ауыз сөз талай даудың бетін қайтарса керек-ті.

«Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп...» әр қабырғада ілулі тұрған қуатты сөз бауырмалдыққа жетелейтіні рас. Абай шығармаларында көрініс тапқан құндылықтарды зерттеудегі бір мақсатымыз ғибрат ойлардың ара жігін ажыратып, философиялық мәні терең сөздерді әр қырынан талдап, оқушы санасына шақтап, мейлінше жеңіл жеткізу.

Хакімнің XIX ғасырда болыс атанып ел жағдайынан толық хабардар бола айтылған ой-түйіндері бүгінгі тұрмыс тіршілігімізде еш өзектілігін жоғалтқан жоқ. Керісінше жыл өте ауқымы кеңейіп, құндылығы артып келе жатқандай.

Жоғарыда айтқандай мемлекеттің қолдауымен ойшылдың философиясы халыққа мейлінше көп насихатталып келеді. Оған дәлел ретінде ақынның туған күніне орай әр бес жылдықта ауқымды шаралардың ұйымдастырылуы, мемлекеттік оқу бағдарламасына ақын хикметін насихаттау, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жалпыхалыққа ақын мұрасын паш ету, музей, театр сынды өнер ошақтарынан «Абай» тақырыбында түрлі өнер шедеврінің өмірге келуі де саяси дұрыс идеология.

Әдебиеттерге шолу

Әлқисса Абай десек қазақ филология ғылымының алып тауы Мұхтар Әуезовтен бастаймыз. Одан жоғары өрлесек мәңгі өлмес Алаш арысы Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсын, Міржақып Дулатұлы сөздері жаңғырық. Ғасырдан астам уақытта Міржақып мынандай уайым кешкен екен. «Тарихы, әдебиеті жоқ халықтың дүниеде өмір сүруі, ұлттығын сақтап, ілгері басуы қиын. Әдебиеті, тарихы жоқ халықтар басқаларға сіңісіп, жұтылып, жоқ болады. Қай жұрттың болса да жаны — әдебиет, жансыз тән жасамақ емес.

Қайдан өрбігенін, қайдан өскенін, ата-бабалары кім болғанын, не істегенін білмеген жұртқа, бұл талас-тартыс, тар заманда арнаулы орын жоқ. Сондықтан Абайдың аты жоғалуы, мұнан кейін де шығатын Абайлар сондай ескерусіз ұмытылу ықтималы қазақтың жоғалуымен, қазақ атты халықтың ұмытылуымен бірдей» [2]. Халықтың көзі, құлағы һәм тілі болған газет арқылы үндеп, тәні өлсе де өздері мәңгі өлмей қалған «толық адам» бейнесіндегі алып арыстарды ұрпағына мәңгі жарық көк аспанында темірқазық етті. «Болмасаң да ұқсап бақ бір ғалымды көрсеңіз, Ондай болмақ қайда деп айтпа ғылым сүйсеңіз» деп Абай айтқандай, Алаш арыстары секілді биікке өрлеуді тілейтін әр қазақ Абайды жанымен түсініп, жадына түйсе екен.

Күні кеше өмірден озған үлкен ғалымдар Қайым Мұхамеджанов, Мекемтас Мырзахметұлы Ұлы ақынның идеясын зерттеуге саналы ғұмырын арнады. Заман тынымсыз өзгерістен тұратыны хақ. Кеше әдебиет іздесек тек кітапхана ақтарып, газет-журналдан сілтеме алсақ, бүгінгі цифрлы қоғамда насихаттаушы ғалымдар экран бетінен табылып жатыр. Бұл өте қуантарлық жәйт. Халықтың басым бөлігі сонда жүргенде бас көтеріп білімдар адам (Абай айтқан «толық адам» сондай болса керек) сөз сөйлеп білім нәрімен сусындандырып жүргені ел игілігі үшін аса пайдалы. Мысалы айтсақ, Шалқар радиосының тамаша сұхбат бағдарламасы «Абай ғибраты» деп аталады екен. Абай күніне орай өткізілген бұл танымдық жоба мақаламыздың көркін ашты. Сонымен қатар әлеуметтік желіден жиі табылып жүрген абайтанушы Омар Жәлелдің тұшымды насихат ойлары да тілге тиек.

Зерттеу әдістемесі және зерттеу әдістері

Жұмыс барысында шектен тыс сипаттау, асыра сілтеп суреттеуге жол берілмеді. Тұлғалық таным мен шығармашылық биіктіктің ара жігін ажырату арқылы, оқушы бойына сыни ойлау қабілеттерін дамыту үшін ғалымдардың зерттеуі мен ұстаздың күнделікті тәжірибесі сараланып, жеке талданып бір қатар зерттеу жүргізілді. Контент-талдау әдісі арқылы Абайдың өлеңдері мен қара сөздерінде көрініс тапқан құндылықтар, тәрбие мәселелеріне қатысты ойлары талданды. Абайдың идеяларын басқа философиялық ағымдармен салыстыру және Абай шығармаларының қазіргі білім беру процесіндегі маңызын айқындау бойынша педагогикалық зерттеу әдістері қолданылды.

Талдаулар және нәтижелер

Әлемдік педагогика ғылымына үлес қосқан шетелдік ғалымдардың тұжырымдамалары аудармамен жеткендіктен идеясы кейде толық жетпей біздің жүрегімізге жылы тимеуі мүмкін. Сондықтан, ұлттық білім беру ісі алға тартылды. Өткен ғасырда «ұлт» сөзін қолдануға қорыққан қазақтың бүгінгі ұрпағы өзінің кемеңгерлерін еркін айта алғаны үшін де бақытты.

Толық адам мен кәміл адам: бірлігі мен өзгешелігі жайында абайтану ғылымында көпшілікке танымал ғалым, абайтанушы Асан Омаров былай дейді: «Кәміл адам (әл-инсан әл-камил) деп мұсылмандық Шығыстың фәлсафасында рухани болмысын жетілдірген кәмәлатты тұлғаны айтқан. Абай үйреншікті түрде «кәміл адам» демей, «толық адам» деген. Неге? Бұл, сөз жоқ, «мен өзімнің төл танымым бойынша өзіндік бейнені қалыптадым» деген ишараты. Сонымен, ескі мен жаңаның бірлігі неде, өзгешелігі қайсы?

Алдымен ортақ қасиеттеріне тоқталайық. «Әуелде бір суық мұз ақыл зерек» өлеңінде Абай былай дейді:

«Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,

Сонда толық боласың елден ерек!»

Үш қасиетті «Алла тағала әр адамның бойында тәхмин (кішкене) бар қылып жаратқан» дейді Абай. Біреу ақылын зорайтып оқымысты, біреу ынта-жігерін өсіріп қайратты, енді біреу жүрегі мейірімге толы, жомарт болуы мүмкін. Бірақ бұл «толық болу» емес. Абай: «Жеке-жеке біреуі жарытпайды» деп білдіреді. Толық адам болудың кілті үш қасиетті бірдей ұстауда! Өйткені, бірдей ұстау нәпсіні жеңу. Шәкәрім: «Мына жақта нәпсі жатыр, Қиянатты жастанып» демекші, кәне, ол «батырды» жеңіп көр. Өле-өлгенше өзіңмен күресуің керек. Бұл, әрине, сирек тақуа данышпанның ғана сыбағасы [3]. Ғалымның бұл ойымен келісеміз де. Расында, нәпсіні жеңу адамзат үшін ең үлкен іс. Біз бұл ойды оқушы бойына былай сіңіреміз. «Нәпсі» дегеніміз еркіңнен тыс, еріншектіктен алас санамен салқын қызмет ету бізді «толық адам» етеді. Және осындай ғибратты ойларды ұлт мүддесіне қолдану қажет. Ерінсең де кітап оқу, жалықсаң да есеп шығар. Себебі, діни пропаганда әлем бойынша қауіпті белең алуда. Оны да ескеруіміз шарт. Құдайға қылар құлшылық бөлек, Абайдың әр сөзі ғылым мен білімге негізделген.

«Ғылым таппай мақтанба,

Құмарланып шаттанба

Ойнап босқа күлуден

Бес нәрсеге асық бол

Бес нәрседен қашық бол» дейді. Мұндағы 5 нәрсеге асық болуға тоқталайық.

Талап, еңбек, терең ой,

Қанағат, рақым ойлап қой.

Алғашқы екі сөз «талап» және «еңбек». Яғни, білім жолында адам алдымен талаптанып һәм еңбек етуге міндетті. Одан кейін «терең ойға» шомады. Терең ойлы адам ғана «қанағат» етіп, ғылым мен білімнің «рақымын» сезе бастайды. Бұл расында біздің өмірден алып ДНҚ-ға сіңіріп, ұрпағымызға жеткізер бес асыл ісіміз.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, Абай шығармасындағы көрініс тапқан құндылықтың асылы «Толық адам» концепциясы. Сантүрлі амал қолданып, ғылыми эксперименттерге ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстап, ұлт болашағы үшін жанкешті еңбек етсек адаспаймыз. Креативті түрде санаға стрессіз сіңетін әдіспен жаппай насихат жасап, әлем эволюциясында белең алған жасанды интеллект арқылы миға пайдалы шабуыл жасау керек. Әдебиет, жаратылыстану, тарих сабақтарының оқыту методологиясына сәйкес көрнекі құрал жасау кезінде «толық адам» идеясын тонның ішкі бауындай әрі білдірмей, әрі аса қажетті элемент ретінде пайдалана білуіміх шарт. Интернет заманы дәуірлеген шақта әлеуметтік желі арқылы контенттік жоспар құрып көз алдымызға қойып қою қажет. Сонымен қатар гаждеттік интелектуалды

ойын қосымшасын жасап баланы қызықтыра білуіміз қажет. Оны іске асыруға мол қаражат қажет.

Бұдан түйер ой, заманың түлкі болса, тазы боп шалудың амалымен дәстүрлі білім беру әдісіне заманауи трендті кіріктіріп, қайткен күнде де жас буынды ғылымға баулу, өнер үйретіп, білім алуға құштарлық сезімін ояту.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Мырзахметов М. / «Қазақ әдебиеті» газеті. 7 тамыз 2017.
2. Дулатов М. «Абай» // «Қазақ» газеті. – № 67. 23 маусым 1914.
3. Омаров А. Абайдың «Толық адам» туралы ілімі / www.abai.kz – ақпараттық портал

АБАЙ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ: ОҚУШЫЛАРДЫҢ РУХАНИ ЖӘНЕ АҚЫЛ-ОЙ ДАМУЫНА ӘСЕРІ

Асланова Ардем Бекпашаевна,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
«Алматы облысы білім басқармасының Еңбекшіқазақ ауданы білім бөлімі» ММ
«Абай атындағы орта мектеп» КММ

Аңдатпа. *Бұл мақалада автор Абай философиясын қазіргі білім беру жүйесіндеге білім мен тәрбие ісімен байланыстыра қарастырады. Оның шығармаларының тәрбиелік мәнін көрсете келіп, ақын туындыларының оқушылардың рухани баюы мен ақыл-ойының дамуына қалай әсер ететінін сөз етеді. Оның қарасөздерін талдайды.*

Түйінді сөздер: *Абай философиясындағы білім мен тәрбие, оқушылардың рухани және ақыл-ой дамуына әсері, Абай шығармалары, білім беру жүйесі*

Кіріспе

«Абай философиясындағы білім мен тәрбие: оқушылардың рухани және ақыл-ой дамуына әсері» тақырыбы бойынша зерттеу жұмысын жүргізу барысында оның шығармаларының тәрбиелігі және құндылығы туралы толығырақ қарастырамыз. Мақсатымыз: Абай философиясындағы білім мен тәрбиенің оқушылардың рухани және ақыл-ой дамуына әсерін зерттеу. Бұл жұмыс арқылы Абайдың педагогикалық ойларын бүгінгі білім беру жүйесінде қолданудың мүмкіндіктерін анықтау. Осы мақсатқа жету үшін

- Абайдың білім мен тәрбие туралы көзқарастарын талдауды;
- Абайдың шығармаларында білім мен тәрбиенің адам дамуына, дүниетанымына және адамгершілік қасиеттеріне әсерін көрсетуді;
- Оқушылардың рухани және ақыл-ой дамуына Абайдың философиясындағы негізгі қағидаттардың ықпалын сараптауды;
- Абайдың педагогикалық тұжырымдарын қазіргі білім беру жүйесінде қолданудың жолдарын анықтауды;

- Абай шығармаларының жастарға беретін тәрбие мен білімге қатысты маңыздылығын зерттеуді жөн деп таптық. Өйткені қазіргі таңда Қазақстанның ұлттық білім беру жүйесінде рухани-адамгершілік тәрбие, сондай-ақ, оқушылардың ақыл-ой қабілеттерін дамыту маңызды мәселе болып табылады. Абай Құнанбайұлының философиясы мен педагогикалық көзқарастары осы мәселелерге шешім табуға үлкен мүмкіндік береді. Оның «Білім» мен «Тәрбие» ұғымдарына деген көзқарастары қазіргі заман талаптарына жауап бере алады, өйткені олар жастардың адамгершілігі мен ақыл-ойын жетілдіруге бағытталған.

Ұлы ақын шығармаларын терең де, жан-жақты таныту арқылы елжанды, халқымыздың әдебиетін, өнерін, салт-дәстүрін, мәдениетін, тілін ұлттық құндылық ретінде бағалайтын, эстетикалық талғамы жоғары, білім, білік, дағдылармен қаруланған, түйген ойларын іс жүзінде өз кәдесіне жарата білетін, ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, өркениетті қоғамда өмір сүруге лайықты, терең ойлайтын дара тұлға қалыптастырарымыз анық.

Әр халықтың ғасырлар бойы тірнектеп жинаған, қастерлеген, қасиетті ұғым ретінде қалыптасқан, рухани құндылықтар бар. Ол халықтың ұлт болып санасының жетілуіне көмектескен, болашақта да бой тұмар болатын рухани құндылықтар. Сондай құндылықтар Абай шығармаларында молынан көрініс табады.

Абай қазақтардың өткені мен бүгінін, болашағын, салт-дәстүрі мен рухани мәдениетін жетілдіру, жастарға адамгершілік тәрбие беру жолдарын тынымсыз ойлаумен өтті. Оны «Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма» деген ақын сөзінен аңғаруға болады.

Қазақ баласы Абай ұлылығын, даналығын сырлы жүрегін отбасында, қара шаңырағынан тыңдап өсуі тиіс. Сондықтан қазіргі заманда әр үйдің төрінде суреті мен сөзі тұрса, сол үйдегі ұрпақ тәрбиесіне өнеге болар еді. Өйткені Абай туған халқының ертеңін ойлап, қам жеген, өнер, білім, ғылымға шақырған, ұрпағының жақсы тәрбие алуын аңсаған. Абайдың өшпес жырлары мен ғажайып әндері, Абай ілімі, Абай ақылы, Абай кемелдігі өскелең ұрпақтың ақыл-ой дамуына, рухани баюына әсер етері сөзсіз. Абайдың «Біріңді қазақ бірің дос, көрмесең істің бәрі бос» деген ауызбіршілдікке шақыруы, Абайдың адамзаттық ойлары, Абайдың гуманизімі ұлы ойшыл қалған асыл мұралар. Біз оның қадіріне жетіп, мәңгілік әспеттей біліуіміз керек.

«Адамзат баласының алдында үш айғақты зор міндет тұр: бірі – бейбітшілікті, екіншісі – руханиятты, үшіншісі – табиғатты қорғау һәм сақтап қалу. Бұлардың қай-қайсысы да біздің тіршілігіміздің басты бағдары. Бірін-бірі толықтыратын ұғымдар. Осы үш бастауға Қазақстанның ғана емес, бүкіл әлемнің болашағы байлаулы. Бұл үш фактор адамзат баласының өмір сүруіне қажет. Мұның ішінде ең маңыздысы – руханият. Себебі, адам баласы рухани азықсыз өмір сүре алмайды. Абай халқымыздың мақтанышы ғана емес, біздің ұлттық ұранымыз, ұлттық идеологиямыз. Оның өлмес мұрасын алдымен өзіміз танып, сосын әлемге таныту – біздің ұмырлық парызымыз.

Әдебиеттерге шолу

Ақын адамның адамдығын бұзатын, күллі адам баласын қор қылатын жамандықтарды жинақтап, үш түрге бөледі: а) надандық; еріншектік; залымдық [1, 207]. «Надандық – білім-ғылымның жоқтығы... Білімсіздік хайуандық болады. Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады. Залымдық – адам баласының дұшпаны. Адам баласына дұшпан болса, адамнан бөлінеді, бір жыртқыш хайуан қисабына қосылады» Міне осы айтылған керекті мәселер барлық қоғамдық пәндер мен Абай байланысты оқытылса ескерілер еді.

Абай өз жүйесінде сипатталған кейбір қосалқы ұғымдардың өзін саралап көрсетеді. Мысалы, кісінің білімі мен ғылымын көбейтуінің екі құралының бірі білгенді ұмытпастық десе, осы құралдың қуатын зорайтудың мынадай шарттарын қоса көрсетеді: а) көкірегі байлаулы берік болмақ; ә) белгілі бір нәрсені естігенде немесе көргенде ғибратлану, көңілденіп, тұщынып, ынтамен ұғу; б) ұққанын іштей бірнеше қайтара ішінен ойланып, көңілге бекіту; в) ой кеселді нәрселерден қашық болу [1, 173-174]. Сипатталған осы әрекеттер білім алушының білу үдерісіндегі ішкі күйіне, психологиялық қалпына қойылатын талаптарды білдіреді. Ынта ұғымы талап ұғымымен тектес. Талап, ынта тіршілікте өзара шектес, мәндес айтыла береді. Абайдың білім концепциясында олай емес. Абайдың білім концепциясында білім алуға талап қылу, талаптану өз алдына бөлек ұғымды білдіреді. Ал белгілі бір нәрсені естігенде немесе көргенде ғибратлану, көңілденіп, тұщынып, ынтамен ұғу дегендегі ынта – белгілі бір процестің нәтижелі орындалуына қажетті амал. Ұғу білгенді ұмытпастықтың, есте сақтаудың алғышарты болғанда, ынта соның сипатын білдіреді. Ынтасыз ұғу, ынтасыз білім, ғылым, өнер үйрену жоқ [2, 203].

Әрбір Қазақстан азаматы өз елінің ұлы тұлғаларын қастерлеп, қадірлеп жүрсе біз әлемге таныламыз. Болашақ ұрпақ өз әдебиетінің көрнекті өкілдерін, ғұламаларын білуі тиіс. Абай отандық тарихымыз бен әдебиетімізде аса көрнекті орын алған. Елінің жүрегінде мәңгі есімі сақталады. Ол қазақтың ұлттық жазба әдебиетінің негізін қалады. Абай есімі дүниежүзі халықтары әдебиетінде Шекспир, Пушкин, Гетелермен қатар тұрады. Ақынның мол әдеби мұрасы тек бір халықтың ғана емес, бүкіл адамзаттың рухани қазынасы болып саналады.

Әдістеме және зерттеу әдістері

Философия – бұл адамның, әлемнің, өмірдің мәнін және болмысын түсінуге бағытталған терең ойлау мен ізденіс. Философия ғылым, мораль, дін, эстетика, саясат, логика сияқты көптеген салаларды қамтиды және ол адамның дүниеге көзқарасын, табиғат пен қоғамды түсінудің негіздерін зерттейді.

Философияның негізгі сұрақтары мен мәселелері мыналарды қамтиды десек Абай шығармаларының бәрінде осы мәселелер қамтылған:

- Барлық нәрсенің мәні мен негізі не? (онтология)
- Адамның өмірі мен болмысының мақсаты не? (экзистенциализм)
- Дұрыс өмір сүрудің жолы қандай? (этика)
- Біз қалай дұрыс ойлаймыз? (логика)

- Дүние мен адам арасындағы байланыс қандай? (метафизика)

Философия адамзаттың мыңдаған жылдар бойы көтерген сұрақтарына жауап іздейтін ғылым ретінде маңызды болып келеді. Ол терең ойлау мен сананың дамуына ықпал етіп, адамның дүниетанымын кеңейтеді. Сонымен қатар, философия көп жағдайда қоғамды және оның моральдық нормаларын түсінуге де жол ашады. Философияның негізгі мақсаты – өмірдің мәнін, адам мен әлем арасындағы қарым-қатынасты, табиғат заңдылықтарын, сондай-ақ, адамдардың жақсы өмір сүру жолдарын түсіну мен зерттеу болып табылады. Демек, Абай шығармаларының бәрінде де терең философиялық ойлар жатыр.

Халық даналығы: «Талапты ерге нұр жауар», – дейді. Осы даналық сөзді Абай толық қабылдайды және өз ойының өзегіне айналдырады. Халықта: «Ізденген жетер мұратқа», – деген де бар. Абайдың талаптану, талап қылу, іздену туралы ойларының желісінде халық даналығынан туған осы қағиданың да сарыны бар.Абай жастардың бойындағы кеселді кемістіктерді, арсыздық пен ұятсыздықты, дөпекі надандықты тәрбие және білім беру арқылы жаман әдеттерін жоюға жол көрсетті. Ақын ол үшін қазақ балаларын оқытатын мектептерді көптеп салуды жақтады. Атап айтқанда, ол былай деп айтты: «Балаларды жастайынан мектепке беру керек, олардың біразын мамандықтың бір түрін, біразын басқа мамандықтарды игеруге бағыттау керек. Мектептерді көбейту қажет, оларда тіпті қыздар да оқитын болсын». Ұлы ақын өз шығармаларында халықты ғылыммен белсене айналысуға үндеді. Әркімді өзінің өткен әр күніне міндетті түрде есеп беріп отыруға, келер ұрпақты парасаттылыққабпатриоттылыққа шақырды. Содан барып «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін жастарға арнады.

Абай философиясы білімге, ғылымға жетелеп қана қоймайды. Оның шығармалары оқушылардың рухани және ақыл-ой дамуына әсер етеді. Оның поэзиясы мен қара сөздерінде өмірдің мәні, адамгершілік, әділдік, білім мен тәрбие, ақыл мен адамгершілік, табиғат пен қоғамның байланысы, ұлттық рух сияқты көптеген маңызды мәселелер көтерілген. Абайдың философиясы қазақ халқының ұлттық дүниетанымын, оның рухани байлығын, мәдениетінің негізін терең түсінуге жол ашады.

<u>Адамгершілік пен мораль:</u> Абайдың шығармаларында адамгершілік үлкен маңызға ие. Оның «Жарым көңілдің, жарым білімі жоқ» деген сөздері адамды өз-өзімен және қоршаған ортамен үйлесімді өмір сүруге шақырады. Абай адамзаттың өзін-өзі танып, рухани жетілуі мен моральдық құндылықтарды сақтауды ұсынады.

<u>Білім мен ғылым:</u> Абай философиясында білім мен ғылымның орны ерекше. Ол білімнің адам өміріндегі маңызды рөлін айқындап, оқу мен ғылымды жоғары бағалайды. Абай өз өлеңдерінде: «Білімді адам саналы болар, санасыз болмас» деген идеяны ұсынады. Бұл ой арқылы ол білімнің адамның ішкі дүниесін байытып, оны қоғамға пайдалы, өнегелі тұлға етеді деп түсінген.

<u>Өмірдің мәні мен адам баласы:</u> Абай шығармаларында өмірдің мәнін іздеу, адам баласының өз болмысын түсіну идеялары жиі кездеседі. Ол «Өмір

бір белестен екінші белеске көтерілу» деген түсінікті ұсынады. Абай үшін адам өмірінің мәні – оның ішкі дүниесінің тазалығы мен рухани жетілуі.

Қоғам мен табиғат: Абайдың философиясында табиғат пен қоғам арасындағы үйлесім мәселесі де маңызды орын алады. Ол табиғаттың әсемдігін, оның адам өміріне әсерін жоғары бағалағанымен, адамның әлеуметтік ортасының да өз әсерін тигізетінін көрсетеді. Қоғамның моральдық деңгейі мен адами қасиеттері табиғатпен үйлесімді болуы керек деген пікірді ұстанады.

Ұлттық рух: Абайдың шығармаларында ұлттық болмыс пен рухтың мәні айқын көрінеді. Оның «Өзге елде сұлтан болған, өз еліңде ұлтан бол» деген сөзі өз ұлтының рухани дамуына, мәдениетіне, дәстүріне құрметпен қарауды насихаттайды. Ұлттың болашағы оның рухани тұрғыдан жетілуіне, біліміне, санасының ашықтығына байланысты деген ойды алға тартады. Абайдың философиясы қазақ қоғамының, жалпы адамзаттың рухани дамуы үшін маңызды ойларды қамтиды. Оның шығармалары адам баласының ішкі дүниесі мен қоғамдағы моральдық құндылықтар туралы терең ойлауға, білім мен адамгершілікке ұмтылуға шақырады.

Талқылау

Зерттеу жұмысының жаңалығы:

- Абай философиясындағы білім мен тәрбие ұғымдарының бүгінгі білім беру жүйесіне қалай ықпал ететінін жаңаша тұрғыда талқылау.
- Абайдың шығармашылығы мен педагогикалық көзқарастарын қазіргі мектеп оқушыларының рухани және интеллектуалды дамуына бағытталған нақты әдіс-тәсілдер ретінде енгізу.
- Абайдың философиясындағы білім мен тәрбиенің қоғамға деген әлеуметтік ықпалын зерттеу.

Тәрбиелігі:

- Абайдың шығармаларында оқушыларға жауапкершілік, адалдық, еңбекқорлық, адамгершілік сияқты құндылықтарды дәріптеу.
- Жастарға білім мен тәрбие арқылы жан-жақты дамуға, өз бойындағы жақсы қасиеттерді қалыптастыруға мүмкіндік беру.
- Абайдың тәрбие туралы тұжырымдары арқылы оқушыларды өз-өзін тануға, қоғамға пайдалы болуға тәрбиелеу.

Құндылығы:

- Абайдың педагогикалық идеялары тек қазақ қоғамына ғана емес, жалпы адамзаттық деңгейде маңызды, өйткені оның философиясы барлық адамзаттың рухани дамуына үлес қосады.
- Білім мен тәрбие ұғымдарының тұтастығын айқындау, оларды адамдардың өзара қарым-қатынасына және әлеуметтік жауапкершілігіне енгізу.
- Абайдың шығармашылығында көрсетілген адамның рухани жетілуі мен тәрбие әдістері, жастарды терең білім мен адамгершілікке баулудың маңыздылығын түсіндіреді.

Бұл тақырыптың өзектілігі мен маңыздылығы қазіргі білім беру жүйесіндегі адамгершілік және рухани тәрбиенің қажеттілігін ескере отырып,

Абай философиясындағы білім мен тәрбие мәселелерін кеңінен қарастыруды талап етеді. Абайдың қарасөздерінде философиялық ойлар, қоғамға, адамға қатысты терең тұжырымдар мен тәрбиелік маңызы зор идеялар бар. Осыған байланысты, Абайдың 16-шы қарасөзін кесте арқылы беруді жөн санадық. Бұл қарасөзде Абай адам мінезі, қоғамның даму бағыттары, адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасындағы мәселелерді қарастырады.

№	Қарасөздің негізгі идеясы	Талдау	Тәрбиелік маңызы	Абайдың негізгі ойы
1	Адамның ақылы мен рухани дамуының арасындағы байланыс	Абай адамның ой-санасының жетілуі мен рухани дамуының маңызды екендігін айтады. Ақыл мен рухтың үндестігі маңызды.	Адамның жан-жақты дамуы мен дүниетанымын кеңейтудің маңыздылығы. Әр адамның өз ақылын жетілдіруге және моральдық тұрғыда дамуға ұмтылуы керек.	Адамның ақылы мен руханилығын үйлестіре отырып, дұрыс өмір сүруге болады.
2	Адамның өзін-өзі тануының маңызы	Өзін-өзі тану арқылы адам өзінің кемшіліктерін түсінеді және оларды түзетуге мүмкіндік алады.	Өз-өзіңді тану, адамгершілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелейді. Өзін-өзі жетілдіру жолындағы ізденіс әрқашан маңызды.	Өзінің кемшіліктерін біліп, оларды түзету арқылы адам рухани жетіледі.
3	Қоғамдағы дұрыс тәртіп пен әділеттілік	Абай қоғамның әділетсіздігі мен тұрақсыздығы туралы ойлайды. Әділдік бәрінен маңызды болуы тиіс.	Әділдік пен теңдік қоғамның дамуына негіз болады. Әр адам әділдікке ұмтылуы тиіс.	Қоғамда әділеттілік пен тұрақтылықтың болуы қажет.
4	Әр адамның өмірдегі мақсаты мен мәні	Абай адамның өмірінің мәнін іздеуі керек екенін айтады. Адам өмірінің мақсаты – оның өзіндік жетілуі мен игілігі.	Адам өзінің өміріндегі мақсатын түсініп, оған сәйкес әрекет етуі керек. Мұндай мақсатқа жету үшін білім мен еңбек қажет.	Өмірдің мәнін түсіну және оған сәйкес әрекет ету маңызды.
5	Қоғамның интеллектуалды дамуы мен адамның мәдениет деңгейі	Абай қоғамның мәдениетіне, білімінің төмендігіне назар аударады. Білім мен ғылым қоғамның дамуына әсер етеді.	Қоғамның дамуы үшін әрбір азаматтың білім алуын және мәдениетті болуын ынталандыру қажет. Әлеуметтік жауапкершілік пен адалдықтың маңызы артады.	Қоғамның мәдениеті мен білім деңгейі оның жалпы дамуына әсер етеді.
6	Жақсы мен жаманның айырмашылығы	Абай адам мінезіндегі жақсы мен жаман қасиеттердің айырмашылығын көрсетеді. Адам тек жақсы қасиеттерді өзіне қабылдауы керек.	Жақсы қасиеттерге ұмтылу, жаман мінездерден бас тарту керек. Өзін-өзі тәрбиелеу – рухани өсудің негізі.	Адам өз бойында тек жақсы қасиеттерді дамытуды мақсат етуі тиіс.
7	Тілдің маңызы мен ұғымның тереңдігі	Абай тілдің маңыздылығын, сөздің күшін айтады. Тіл	Адамның тілдік мәдениетінің дамуы, сөздің құндылығы	Тіл – адамдар арасындағы қарым-қатынасты

№	Қарасөздің негізгі идеясы	Талдау	Тәрбиелік маңызы	Абайдың негізгі ойы
		арқылы адам өз ойын жеткізеді және қоғаммен байланыс орнатады.	тәрбиені қалыптастырады.	қалыптастырудың негізгі құралы.
8	Әр адам өз орнын білуі қажет	Абай әр адамның өз орны мен қызметін біліп, оған сай әрекет етуі керектігін айтады.	Адам өзіне берілген мүмкіндіктер мен міндеттерді дұрыс бағалап, соған сай әрекет етуі қажет.	Өмірде әр адам өз орнын, міндетін дұрыс түсініп, соған сай әрекет етуі тиіс.
9	Өзін-өзі жетілдірудің қажеттілігі	Абай адамның үнемі өзін жетілдіріп, жетілген қоғам мүшесі болуға ұмтылуы керек деп ұсынады.	Өзін-өзі дамыту – жетістікке жетудің кепілі. Жақсы мінез-құлық, білім мен еңбек әр адам үшін маңызды.	Адам үнемі өзін-өзі жетілдіруі қажет, бұл оның қоғамға пайдалы болуына ықпал етеді.
10	Адамның өзіне және қоғамға деген жауапкершілігі	Абай адамға қоғам алдындағы жауапкершілікті түсіндіреді. Әр адам қоғамға қызмет етуі керек.	Қоғамның жақсы дамуы үшін әр адамның өз жауапкершілігін сезінуі қажет. Әлеуметтік тәртіп пен бірлік әрқашан маңызды.	Әр адам өз ісімен қоғамға үлес қосуы керек.
11	Адамгершілік қасиеттердің маңызы	Абай адамгершілікті ең жоғары құндылық ретінде қарастырады. Адамның ақылынан бұрын адамгершілігі маңызды.	Адамгершілік қасиеттер – дұрыс тәрбие мен жақсы мінездің негізі. Әр адам жоғары адамгершілікке ұмтылуы тиіс.	Адамгершілік – жоғары адамдық қасиет, оны әркім қалыптастыруы тиіс.
12	Әлеуметтік теңсіздік және әділетсіздік мәселелері	Абай қоғамдағы әділетсіздік пен теңсіздікті сынайды. Ол әр адамның тең құқықты болуы керектігін айтады.	Әлеуметтік әділетсіздікке қарсы күрес және қоғамдағы теңдікті қамтамасыз ету. Әр адам тең құқықты болуы қажет.	Әлеуметтік теңсіздік пен әділетсіздікке қарсы күрес маңызды.
13	Өмірдің мәні мен адамның мақсаты	Абай өмірдің мәнін іздеу мен адам баласының мақсаттарын түсіну қажеттігін айтады.	Әр адамның өмірінің мәнін түсіну арқылы, оның өмірі маңызды әрі пайдалы болады.	Өмірдің мәнін дұрыс түсіну, адамға дұрыс бағыт береді.
14	Білім мен еңбек арасындағы байланыс	Білім мен еңбек бірін-бірі толықтырып отыруы керек. Адам тек біліммен ғана емес, еңбекпен де жетістікке жетеді.	Білім мен еңбек – адамның жетістіктерінің негізі. Тек білім немесе тек еңбек емес, екеуінің үйлесімі маңызды.	Білім мен еңбек үйлесімде болуы тиіс, олардың бірі екіншісін толықтырады.
15	Ұлттық дәстүр мен ұлттық бірлік	Абай ұлттық дәстүр мен бірліктің маңыздылығын айтады. Ұлттық мәдениетті сақтау мен дамыту қоғам үшін қажет.	Ұлттық бірлік пен дәстүрлерді сақтау маңызды. Бұл адамның қоғамға қатынасын, ұлттық рухты арттырады.	Ұлттық бірлік пен дәстүрлерді сақтау – қоғамның тұрақты дамуының негізі.

№	Қарасөздің негізгі идеясы	Талдау	Тәрбиелік маңызы	Абайдың негізгі ойы
16	Өмірдің қысқалығы және оны дұрыс пайдалану	Абай өмірдің қысқа екенін, сондықтан оны дұрыс әрі мақсатты түрде пайдалану қажеттігін айтады.	Уақытты тиімді пайдалану, дұрыс мақсаттар қою – өмірдің мәнін түсінудің жолы.	Өмір қысқа, сондықтан әр сәтті тиімді пайдалану керек.

Бұл кестеде Абайдың 16-шы қарасөзінің негізгі идеялары, талдаулары мен тәрбиелік мәні көрсетілген. Бұл қарасөздегі ойлар адамның өмірлік мақсаттары мен қоғамдағы орнын, сондай-ақ, білім мен тәрбие, адамгершілік пен әділеттілік сияқты маңызды мәселелерді қамтиды.

Қорытынды

Абай Құнанбайұлының қарасөздері тек қазақ әдебиетінің ғана емес, жалпы адамзаттық философия мен педагогика саласының бай мұрасы. Абайдың 16-шы қарасөзінде көтерілген мәселелер адамның рухани дамуы, қоғамның әділеттілігі, білім мен тәрбие, ұлттық бірлік сияқты тақырыптарды қамтиды. Оның қарасөздері бүгінгі күнде де өзекті болып қала береді, себебі олар адамның ішкі жан дүниесін, моральдық құндылықтарын, қоғамдағы өз орнын табуын терең түсінуге бағыттайды. Абайдың философиясындағы негізгі ойлар адамның өзін-өзі тануы, моральдық жетілуі, білім мен еңбекке деген құрметі және қоғамға пайдалы болу жолындағы ұмтылысы. Ол қоғамның әрбір мүшесін тек өзінің ғана емес, бүкіл қоғамның дамуына жауапты деп есептеген. Абайдың философиясы мен педагогикалық көзқарастары қазіргі заманғы білім беру жүйесінде маңызды орын алады. Бұл қарасөздер жастарды тәрбиелеудің, олардың рухани және ақыл-ой қабілеттерін дамыту жолында ұстанатын басты қағидаттар болып табылады. Қорытындылай келе, Абайдың қарасөздері қазақ халқына ғана емес, бүкіл әлемге рухани әрі әлеуметтік тұрғыдан маңызды тәрбие құралы болып табылады. Абайдың әрбір сөзі бізге ой салып, жан дүниемізді жетілдіруге, қоғамдағы әділеттілік пен адамгершілікті сақтау жолында әрекет етуге ынталандырады. Осы философиялық мұраның құндылығы қазіргі білім беру мен тәрбиелеу ісінде үлкен ықпал етеді.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Құнанбайұлы А. Абайдың қарасөздері мен өлеңдері. - Алматы: «Қазақ университеті», 2003.
2. Құнанбайұлы А. Абай шығармалары. - Алматы: Жазушы баспасы, 1995.
3. Әуезов М. Абай Құнанбайұлы. - Алматы: Ғылым баспасы, 1956.
4. Нұрмаханов Ж. Абай философиясы: адамгершілік және әлеуметтік мәселелер. - Алматы: Қайнар баспасы, 2011.
5. Сүйіншәлиев Х. Абай Құнанбайұлының поэзиясы мен философиясы. - Алматы: «Қазақ университеті», 1997.
6. Жақып Ә. Абайдың педагогикалық көзқарастары. - Алматы: «Рауан баспасы», 2007.

7. Мырзахметұлы М. Абай: философиялық ойлары. - Алматы: «Қазақ мемлекеттік баспасы», 2000.

8. Райымбеков Қ. Абайдың қарасөздерінің мәні мен маңызы. - Астана: «Фолиант», 2010.

9. Шәкенова А**.** Абайдың білім мен тәрбие философиясы. - Алматы: «Білім», 2014.

10. Тыныштықбеков Р. Абай шығармашылығы мен оның педагогикалық мұрасы. - Алматы: «Қаржы-қаражат баспасы», 2005.

АБАЙДЫҢ «ТОЛЫҚ АДАМ» КОНЦЕПЦИЯСЫНЫҢ ӨМІРШЕҢДІГІ

Ахметова Айгуль Кошеновна,
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі,
педагог-зерттеуші, Ақтау ЖББМ,
Ұлытау облысы Жаңаарқа ауданы

Аңдатпа. *Абайдың философиялық көзқарастарын, адамгершілік принциптерін және ұлттық руханияттағы орны мен маңызы жайында тоқтала отырып, «Толық адам» ұғымы мен ұлттық сана-сезімнің сабақтастығын ашып көрсете отырып, өміршеңдігін дәлелдеу*

Түйінді сөздер: *Абай ілімі, «толық адам», философиялық мәні, ұлттық сана-сезім*

Кіріспе

«Абайдың шығармашылық өмірі – қазақ әдебиеті тарихының кіндік тұтқасы. Сондықтан оның ақындық жолын зерттеу – бүкіл ұлттық әдебиеттің даму, есею кезеңдерін саралаумен ұштасады,- деп ғалым-академик Серік Қирабаев атап өткендей, - Абайтану есігі кімге де болса, ойы мен пікірі бар оқырманның бәріне ашық» [1, 36].

Ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлы – қазақ халқының рухани дүниесінде терең із қалдырған тұлға. Оның шығармашылығы мен философиялық ой-толғамдары – өміршеңдік маңызын жоймайтын мәңгілік құндылықтар. Абайдың «толық адам» туралы идеясы – жеке тұлғаның жан-жақты дамуын, рухани тазалығын, адамгершілік пен білімге ұмтылысын сипаттайтын концепция. Бұл идея бүгінгі қоғамда да өзінің өзектілік мәнін жойған жоқ. Мақалада осы ұғымның мәнін ашып, қазіргі заманмен сабақтастығын, өміршеңдігін талдап көрмекпіз.

Абайдың «толық адам» түсінігі – бұл тек материалдық немесе ақыл-ой жетістіктерімен өлшенетін ұғым емес, ол рухани, адамгершілік тұрғыдан жан-жақты жетілген жанды білдіретін құбылыс. Абай үшін толық адам болудың негізі – «ақыл, қайрат, жүрек» үшеуінің бірлігі және тұтастығында. Ақын "Он тоғызыншы қара сөзінде" жүректі – адамгершілік пен мейірімділіктің символы, ақылды - танымның негізі, ал қайратты – әрекет ету күшінің көзі

ретінде сипаттайды. Осы үш қасиетті үйлестіре алған адам ғана шынайы «толық адам» бола алатынын тұжырымдағанын байқаймыз.

Абайдың «толық адам» концепциясы қазіргі заман адамы үшін де аса маңызды. Қоғамда болып жатқан рухани тоқырау, адамгершілік дағдарысы жағдайында Абай ұсынған «толық адам» моделінің қажеттілігі арта түсуде. Адам тек кәсіби шебер ғана емес, сонымен қатар жоғары мәдениетті, ізгілікті, әділетті болуға тиіс.

Жастардың бойына біліммен бірге адамгершілік қасиеттерді сіңіру – Абай философиясының басты талабы. Бұл – тұлғаның ішкі әлемін байытып, қоғамда үйлесімді қарым-қатынастың қалыптасуына ықпал етеді.

Абайтанушы академик Мекемтас Мырзахметұлы өзінің «Абай мұрасының рухани көздері» атты мақаласында «Әл-Фараби «Ізгі қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат» деген еңбегінде адамның өзін танымақтығы жөнінде айтылатын ойларында: «өсімдік жаны», «хайуан жаны», «адам жаны» деп жүйелейді. Адам жанына (интеллектіге) оның ішкі және сыртқы сезім мүшелеріне (хауас) талдау бергенде де, жүрекке үнемі шешуші мән беріп, ерекше даралай көрсетіп отыратыны бар»,- дей отырып, Абай мен әл-Фараби арасындағы сабақтастықты салыстыра көрсетеді. «Абайда мол таратылып, жиі сөз болатын «толық адам», «жарым адам», «адам болу», «инсанияттың кәмелаттығы», «бенделіктің кәмелаттығы», «толық инсаниат», «адамшылық», «адамның адамдығы», «адам болу», т.б. толып жатқан осы іспеттес терминдік мәні бар сөздер тобы, ол жайлы пікірлердің шығар көзі, түп төркіні Әл-Фараби еңбектеріндегі ойлар желісіне қарай сілтейді» [2, 9]. Мәселен, әл-Фараби: «Жүрек – басты мүше, мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді. Бұл да басты мүше, бірақ мұның үстемдігі бірінші емес»,-деп, жүрекке шешуші мән бере қараса, осыған сәйкес ой Абайда да: «Сен үшеуіңнің басыңды қоспақ менің ісім депті. Бірақ сонда билеуші жүрек болса жарайды»,- деп таратылады» ,- дейді. Осы ретте екі ойшылдың пікірлері екі түрлі баяндалғанмен, ойлары сабақтасып жатқанын көреміз [2, 9].

«Абай танымында толық адам болу немесе шын адамгершілікті қалыптастыру процесінде рахым(шафқат) теңдесі жоқ сипат ретінде басты орында тұрады. Ақынның бұл көзқарасы «Әсемпаз болма әрнеге» деген өлеңінде нақтылы бейнеленген»,- дейді. Өлеңнен үзінді келтіре отырып, «Он төртінші», «Он жетінші сөздеріндегі» ой-тұжырымын (ақыл, қайрат, жүрек туралы) негіздеген.

Ақыл мен қайрат жол табар,
Қашқанға да, қуғанға.
Әділет, шафқат кімде бар,
Сол жарасар туғанға.
Алдыңғы екеу соңғысыз
Біте қалса қазаққа.
Алдың – жалын, артың – мұз

Барар едің қай жаққа? -дей келе, жас ұрпақ өз бойына жүректен шығатын мейірім мен шапағат, рақымшылық қасиеттерін бойына сіңірмейінше «толық

адам» болып қалыптасуы қиын екеніне айрықша маңыз беретінін байқаймыз [2, 10].

Белгілі ғалым Айгүл Ісімақова «Абай мұрасы – бүгінгі рухани қажеттілік» атты мақаласында: «Абайдың лирикалық кейіпкері болсын, «Ғақлияның айтушысы болсын: «Осы ғана дұрыс» деген біржақтылықтан аулақ. «Қарасөздер» керісінше, бір қазақ емес, бүкіл адамзат үшін, адам баласына тән адамдықтың, адамшылықтың келбетін анықтауға, оқырманды ойлануға, толғануға, ішкі дүниесі – жанына үңілуге шақырады. Елге өз пікіріңді мойындату үшін билік қана емес, ғұламалық білім мен ілім қажет екені түсінікті. Монтень мен Шопенгауэрдің бір дауысты баяндаушысынан Абайдың айтушысы әлдеқайда кішіпейіл, мейірімді және шындықты оқырманмен бірге іздеуші. Иә, Монтень, Шопенгауэр, Грасиан кітаптары мемлекет билеушілердің жұмыс үстелінде жатады. Ал Абай кітаптары бүгінгі замандасымыздың жанқалтасында жүреді. Себебі Абайдың айтушысы тыңдаушының (оқырман) ойына тікелей әсер етіп, оның ойын жұмыс істеуге, яғни жанына әсер ететін сөздер арқылы ойлануға шақырады»,- деп Абайдың басты ерекшелігін айрықша жіпке тізіп көрсетіп береді [2, 51].

Асқар Егеубаев «Тазалықтың тәңірі - таным» мақаласында өз ойын былай түйіндейді: «Абайды оқыған сайын есті ел етегін жиып, тәубасына түсіп, дүниеге ақиқат көзімен қарай бастайды... Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстаған данышпан сөзі оқыған сайын соныға бастайды, оқыған сайын ойға ой қосады. "Ақыл – азбайтын қазына, білім – тозбайтын тон",- деген осы шығар.» Бұдан шығатын қорытынды – Абай ілімі біз үшін темірқазық іспетті, басты нысана болу қажеттігін айқындап отыр [2, 89].

Жоғарыда айтылған ақпараттарға байланысты тоқталатын болсақ, мына кесте арқылы айқын тұжырымдап көрсетуге болады:

Шығарма	Қозғалған мәселе	Менің пікірім
М.Мырзахметов «Абай мұрасының рухани көздері»	Абай танымында «толық адам» болу немесе шын адамгершілікті қалыптастыру процесінде рахым (шафқат) теңдесі жоқ сипат ретінде басты орында тұрады.	Толық адамды қалыптастыру үшін жас ұрпақ бойында ақыл мен біліммен қатар мейірім мен рақымдылықты сіңіру – басты міндет. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының да басты құндылықтары осыған саяды.
М.Мырзахметов«Абай мұрасының рухани көздері»	Жүрек – басты билеуші	Абай шығармаларындағы мораль философиясы жүрекке негізделеді.
Айгүл Ісімақова «Абай мұрасы – бүгінгі рухани қажеттілік»	Абай қарасөздері бүкіл адамзат үшін, адам баласына тән адамдықтың, адамшылықтың келбетін анықтауға, ішкі дүниесі – жанына үңілуге шақырады.	Абай қарасөздері арқылы жас жеткіншектердің рухани келбетін жетілдіру қажеттігі айқын.
Асқар Егеубаев «Тазалықтың тәңірі - таным»	Абайдың өсиет сөздері – парасат ақиқаты	Мұндағы басты қағида барша адамзатқа қарата айтылған Абай сөздері қоғам мен елді түзеуге бағытталғандығында болып тұр.

Абай өз балаларының ішінде Әбдірахманнан үлкен үміт күткен еді. Ол туралы Мұздыбай Бейсенбаев «Абай және оның заманы» атты еңбегінде былай дейді: «Әбішті өз балам деп қана жоқтамайды, білімді, халқының

келешегіне пайдасын тигізетін жаңа заманның басшысы болатын еді, ғалым еді деп қайғырды.

Ғылым оқып білгенше,
Тыным-тыныштық таппаған.
Дүниені кезіп көргенше
Рақат іздеп жатпаған...
Бір ғылым еді іңкәрің,
Әр қиынға сермедің,- деп мұң-зар шекті, азаланды» [3, 89]. Бұл жерде әке үлгісімен кемелдікке жету үшін тыным таппаған Абай ұрпағын көріп – білеміз.

Қ.Мұхаметханұлы өзінің «Абайдың ақын шәкірттері» атты мақаласында: «Абайдың ұлылығы – өзінің өскен орта, туған елінен қол үзбей, қазақ халқының ғасырлар бойы жасаған рухани мәдениетін сын көзбен қарап меңгере отырып, орыс халқының мәдениетін өзіне өнегелі мектеп етуінде»,- деген болатын [4, 10]. Абай нәр алған үш қайнар: Шығыс әдебиеті, өзіне дейінгі қазақ әдебиеті және орыс әдебиеті арқылы қол жеткізген батыс әдебиетінің бетіндегі қаймағын қалқып алып, қазақ әдебиетінің жоғары дәрежеге жетуіне ықпал етті. Абай өз үлгі-өнегесі арқылы өз айналасына, артынан ерген ізбасарларына кемелдікке жетудің жолдарын көрсетіп кетті.

Бүгінде білім беру жүйесі тек ақпарат берумен шектелмей, тұлғаның жан-жақты дамуына ықпал етуі қажет. Абайдың «толық адам» концепциясы осы бағыттағы маңызды бағдар бола алады. Мысалы, қазіргі әлемде ақпарат тасқыны мен технология дамыған сайын адамның ішкі әлемі, рухани дамуы екінші қатарға ығысып бара жатқандай. Мұндай жағдайда Абай ілімі – адамды өзімен жұмыс істеуге, өзін тәрбиелеуге, рухани жетілуге шақыратын құнды бағыт. Сонымен қатар, ұлттық тәрбиеде, отбасылық құндылықтар жүйесінде де «толық адам» идеясы ерекше орын алады. Бұл – саналы ұрпақ тәрбиелеудің бірден-бір жолы.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, Абайдың «толық адам» концепциясы - тек өткен дәуірдің философиялық мұрасы ғана емес, бүгінгі және болашақ қоғам үшін де қажетті рухани бағдар. Бұл идея арқылы біз жеке тұлғаның жетілу жолын, қоғамдағы үйлесімді өмір сүру негіздерін тани аламыз. Мектептегі тәрбие, отбасындағы үлгі және бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалы – қазіргі

тұлға қалыптастыруда маңызды рөл атқаратыны белгілі. Абай ілімін осы жүйелерге енгізу арқылы рухани бай, интеллектуалды әрі жауапкершілігі зор ұрпақ тәрбиелеуге болады.

Қазіргі қоғамда Абай іліміне сай өмір сүретін тұлғалар – ғылым, білім, өнер, қайырымдылық салаларында қызмет етіп жүрген азаматтар арқылы көрініс табады. Олар - рухани байлық пен қоғамдық жауапкершілікті тең ұстай білген тұлғалар. Олардың қатарында қазіргі кезде әлемді мойындатып жүрген Димаш Құдайбергенді үлгі ретінде ұсынуға болады.Ол өз өнерімен қоса, қазақ тілін, қазақтың ұлттық құндылықтары мен өнерін насихаттаумен бірге, қайырымдылық акцияларын да жүргізуімен танымал тұлғаға айналды.

Абай ілімі – мәңгілік. Оны ұғына отырып, әрбір адам өзінің ішкі әлемін байытып, шынайы «толық адам» болуға ұмтылуы тиіс.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында айтылған пікірі: «Адал азамат дегеніміз – жақсы қасиеттерге ие болып, адал еңбек ететін және табысқа адал жолмен жететін адам. Яғни, адалдық пен әділдікті бәрінен биік қояды. Озық ойлы ұлт болу үшін бүкіл қоғам сана-сезімін өзгертіп, жаңа құндылықтарды орнықтыруы керек. Әрбір адам «Адал азамат» деген атқа лайық болса, елімізде әділ қоғам орнайды. «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» – бір-бірінен ажырамайтын ұғымдар. Осы үш тағанды озық әрі табысты елге айналудың басты кілті деуге болады. Балалар мен жастарды тәрбиелеп, олардың бойына осы озық құндылықтарды сіңіруге айрықша көңіл бөлінуі керек»,- деген сөзі Абайдың «толық адам» концепциясымен сабақтастықта өрбуге тиіс деп есептейміз [5].

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні ретінде айтар болсақ, Абайдың «толық адам» концепциясы – қазақ халқының рухани қазынасы ғана емес, бүкіл адамзатқа ортақ моральдық бағдар. Бұл ілім қазіргі заман талабына сай адам тәрбиелеуде, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды ұлықтауда маңызды орын алады. Сондықтан, Абай мұрасын жүйелі түрде зерттеп, білім мен тәрбие саласына енгізу – уақыт талабы.

Ұсыныс:

1. Осы уақытқа дейін Абай шығармалары әр сыныпта қазақ әдебиеті пәнінен үздіксіз өтілуші еді. Кейінгі жаңартылған бағдарлама бойынша тек екі сыныпта 6-сынып және 10-сыныпта ғана аз ғана шығармасы өтілетін болды. Абай шығармаларын барлық сыныпта қайта енгізу керек.

2. Сондай-ақ, Абай - көпке ортақ тұлға. Біз жылда оқушыларды Абай шығармашылығымен таныстыру мақсатында факультатив есебінде «Абайтану» курсын жүргізетінбіз. Үстіміздегі жылы осы курсты тек Абай мектептері ғана жүргізе алады деп, бізден оны алып тастады. Сонда Абаймен етене араласу үшін тек Абай мектептерінде ғана оқуымыз керек пе? Басқа мектептерде берілетін білім Абай мектептерінен төмен бе? Абайды бізден неге айырады, неге бөледі? Сондықтан Абайтану курсы барлық мектептерде тең дәрежеде жүруін талап етеміз.

3. Алдағы уақытта да осы Абайдың «толық адам» концепциясын жан-жақты қарастырып, қазіргі заманауи көркем әдебиет шығармаларымен салыстыра талдап зерттеуді мақсат етпекпіз.

Пайдаланған әдебиеттер

1. «Аңыз адам» журналы. №5, Қыркүйек, 2010 ж.
2. Әубәкір Ж.М., т.б. «Абайтану» Оқулық. 10-сыныпқа арналған. -Нұр-Сұлтан: «Әл-Наир баспасы», 2022. -167 б.
3. Мұздыбай Б. «Абай және оның заманы»//Әдеби-сын мақалалар мен жаңа деректер. - Алматы: «Жазушы», 1988. -136 б.
4. Мұхамедханұлы Қ. (құрастырған) Абайдың ақын шәкірттері. - Алматы: ГРЖИ «Дәуір», 1993. - 224 б.
5. Тоқаев Қ. «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс»//Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында сөйлеген сөзі. 15.03.2024

АБАЙ МҰРАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БІЛІМ БЕРУДЕГІ МАҢЫЗЫ

Ахметова Назгуль Муратовна,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,
Астана қаласы әкімдігінің «№99 ОМі» КММ

Аңдатпа. *Бұл мақалада Абай Құнанбайұлының шығармашылығындағы ұлттық тәрбие мен құндылықтар мәселесі қарастырылады. Абайдың педагогикалық және философиялық ойларының қазіргі білім беру жүйесіне қалай ықпал еткені, оның шығармалары арқылы ұлттық тәрбие мен адамгершілік құндылықтарының қалыптасуы бойынша зерттеу нәтижелері беріледі. Мақалада Абайдың философиясындағы адамгершілік, моральдық-этикалық, әрі қоғамдық тәрбиеге қатысты көзқарастары терең талданады. Біртұтас ұлттық тәрбие тұжырымдамасы мен оның қазіргі білім беру жүйесінде қалай жүзеге асатыны қарастырылады. Абай идеяларының ұлттық білім беру саласында қолданылу мүмкіндіктерін айқындап, тәрбие мен білім беру процесінде оның мәні мен маңызын ашады. Автор ғылыми-зерттеу жұмысы ретінде педагогикалық теория мен практиканың маңызды мәселелеріне жаңа көзқарастарды ұсынады.*

Түйін сөздері: *ұлттық тәрбие, біртұтас тәрбие, ұлттық құндылықтар, білім беру жүйесі, педагогика, қазақ философиясы.*

Кіріспе

Зерттеудің мақсаты – Абай Құнанбайұлының рухани мұрасындағы ұлттық құндылықтарды жүйелі түрде талдап, олардың қазіргі білім беру жүйесіндегі тәрбиелік және дүниетанымдық маңызын анықтау. Зерттеу жұмысы келесі міндеттерді қарастырады: Абай шығармаларындағы ұлттық құндылық ұғымының көріністерін айқындау; Абай мұрасын білім беру үдерісінде қолданудың тиімді әдіс-тәсілдерін ұсыну; қазіргі заманғы білім

беру жүйесінде ұлттық құндылықтарды насихаттауда Абай шығармаларын пайдалану мүмкіндіктерін көрсету.

Абай шығармаларында көрініс тапқан моральдық-этикалық қағидалар, адамгершілік ұстанымдар мен тәрбиелік идеялар бүгінгі жас ұрпақтың ұлттық дүниетанымын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Осы тұрғыдан алғанда, Абай мұрасын білім беру мазмұнына енгізу – ұлттық идеологияны нығайтудың, елжандылық пен рухани жаңғырудың тиімді тетігі болып табылады.

Әдебиеттерге шолу

Мақаланы жазуда бірқатар ғылыми және әдеби-көркем еңбектер қарастырылды. Атап айтсақ, Ш.Құдайбердіұлының "Абай философиясы" атты еңбегі арқылы Абайдың философиялық ойлары мен олардың білім беру жүйесіне ықпалы жан-жақты талданды. Қ.Жарықбаевтың "Ұлттық тәрбие жүйесіндегі Абай шығармашылығы" еңбегі Абайдың ұлттық тәрбие ұстанымдарын талдауда қолданылды. Ж.Аймауытовтың "Абай шығармашылығындағы тәрбие мәселелері" атты еңбегін қолдану арқылы Абайдың тәрбиелік идеялары сарапталды. Ә.Нысанбаевтың "Абайдың философиялық ойлары мен тәрбиелік құндылықтары" атты еңбегінде қарастырылған Абайдың философиясының тәрбиелік аспектілеріне де зерттеулер жасалды. М.Ғабитовтың "Абай шығармашылығындағы ұлттық тәрбие ұстанымдары" мақаласы жастардың әлеуметтік және рухани дамуына арналған ұлттық тәрбие принциптерін талдауда қолданылды. А.Құнанбаевтың "Шығармаларының бір томдық толық жинағы" Абайдың білім, ғылым туралы өлеңдерін талдауда маңызды дереккөз болды.

Зерттеу әдістемесі

Зерттеу барысында әдістемелік тұрғыдан бірнеше ғылыми-зерттеу әдістері қолданылды. Философиялық-педагогикалық талдау әдісі арқылы Абайдың философиялық тұжырымдары, әсіресе «Толық адам» ілімі мен адамгершілік құндылықтары қазіргі білім беру мен тәрбие үдерісіне ықпалы тұрғысынан қарастырылды. Контент талдау әдісі Абай шығармаларының мазмұны талданып, ондағы ұлттық тәрбиеге қатысты үзінділер, идеяларды іріктеуде қолданылды. Мәтіндерден алынған деректер арқылы ұлттық тәрбие мен рухани-адамгершілік ұстанымдардың жүйесі жасалды. Салыстырмалы талдау әдісімен Абайдың тәрбиеге қатысты көзқарастары қазіргі білім беру жүйесіндегі құндылықтармен салыстырылып, олардың сабақтастығы мен өзектілігі көрсетілді. Эмпирикалық талдау барысында Абай шығармаларын білім беру жүйесінде қолдану нәтижелерін байқау мақсатында мектеп бағдарламаларындағы тәжірибелік мысалдар мен білім алушылардың рухани дамуы жөнінде алынған деректер сарапталды.

Нәтижелер

Абай Құнанбайұлының шығармашылығы әлемдік философия мен әдебиеттің маңызды үлгілерінің бірі болып табылады. Бұл туралы көптеген ғалымдар мен зерттеушілер өз еңбектерінде сөз қозғаған. Мәселен, Құдайбердіұлы Ш. Абай философиясын зерттей отырып, оның тәрбие мәселелеріне ерекше мән бергенін атап өтеді: «Абайдың философиялық

көзқарастары, әсіресе, тәрбие мәселесінде терең ойлармен ерекшеленеді» [1]. Абай Құнанбайұлының философиялық көзқарастары тәрбие мәселесіне ерекше назар аударады, бұл оның шығармашылығында терең ойлармен көрініс табады. Абайдың «Тәрбиенің үш негізі» ілімі, яғни ақыл, жүрек және қайрат арасындағы үйлесімділік, қазіргі білім беру жүйесінде баланың жан- жақты дамуына негіз бола алады. Сондықтан Абай шығармашылығын оқу мен зерттеу қазіргі заманғы тәрбие мен білім беру жүйесінің тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Қ.Жарықбаев Абай шығармашылығын ұлттық тәрбие мен педагогика тұрғысынан қарастырған зерттеу жұмыстарында Абайдың гуманистік көзқарастарының бүгінгі білім беру жүйесіне үлкен ықпал еткенін көрсеткен.

Абайдың гуманистік көзқарастары қазіргі білім беру жүйесінде ұлттық тәрбие мен мәдениетті қалыптастыруда маңызды рөл атқарады [2]. Абайдың гуманистік көзқарастары қазіргі білім беру жүйесінде ұлттық тәрбие мен мәдениетті қалыптастыруда ерекше маңызға ие. Оның шығармаларында білім мен ғылым құндылығы мәселелері терең талданады:

«Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге» [3], - деп, Абай адамды кемелдікке жетелейтін бес асыл қасиетті атап көрсетеді.

Абай идеялары жастарды рухани және моральдық тұрғыдан тәрбиелеуге бағытталған, бұл қазіргі қоғамда да өзекті болып табылады. Абай шығармашылығының педагогикалық мәнін зерттеген еңбектерде оның әртүрлі ұлттық тәрбие тәсілдерін ұсынғаны көрсетіледі.

Ж.Аймауытов атап өткендей: «Абайдың бұл ілімі бүгінгі таңда білім беру жүйесіндегі баланы жан-жақты дамытуға негіз болатын маңызды тұжырымдамалардың бірі болып табылады» [4]. Оның педагогикалық көзқарастары тұлғаның рухани және интеллектуалдық дамуының маңыздылығын атап өтеді. Абай өз өлеңдерінде халық даналығын шебер пайдаланып, еңбекқорлықтың, білімнің құндылығын насихаттаған. «Талаптыға нұр жауар» атты нақыл сөздің негізінде ақын өз өлеңін былайша түрлендіреді: «Білімдіден шыққан сөз, Талаптыға болсын кез» [3], - деген жолдар Абай Құнанбайұлыны «Интернатта оқып жүр» атты өлеңінде кездеседі. Бұл өлеңінде Абай жастарды білім алуға шақырып, оқу мен тәрбиенің маңыздылығын түсіндіреді.

Абайдың идеялары жастарды тәрбиелеуде, олардың шығармашылық қабілеттерін ашуда және ұлттық құндылықтарды сақтауда өзекті болып табылады. Сондықтан Абай мұрасын оқу мен қолдану, қазіргі білім беру жүйесінің тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Ә.Нысанбаеватап өткендей: «Абайдың философиялық тұжырымдары қазіргі білім беру жүйесіне кіріктірілсе, оның әсері жас ұрпақтың адамгершілік көзқарастарын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады» [5]. Абайдың идеялары жастарды рухани және моральдық тұрғыдан тәрбиелеуге бағытталған, бұл олардың

тұлғалық дамуына, өмірден өз орындарын табуына ықпал етеді. Ақынның «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңінде де:

«Сен де бір кірпіш дүниеге, Кетігін тап та, бар қалан!» [3],- деп, әр адамның қоғамда өз орнын тауып, еңбегімен елге пайдасын тигізуі керектігін айтады. Сондықтан Абай мұрасын білім беру жүйесіне интеграциялау, жастардың санасын қалыптастыруда тиімді құрал болып табылады.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Абайдың шығармашылығында айқын көрінетін біртұтас тәрбие концепциясы қазіргі заманға өзекті болып қалуда. М.Ғабитов атап өткендей: «Абай шығармашылығындағы ұлттық тәрбие ұстанымдары жастардың әлеуметтік және рухани дамуын қамтамасыз етуге бағытталған» [6]. Абай шығармашылығындағы ұлттық тәрбие ұстанымдары жастардың әлеуметтік және рухани дамуын қамтамасыз етуге бағытталған. Оның еңбектерінде ұлттық құндылықтар, адамгершілік және білімнің маңызы терең талданады, бұл жастардың тұлғалық қалыптасуына ықпал етеді. Абайдың идеялары жастарды өз мәдениеті мен тарихын құрметтеуге, сондай-ақ қоғамда белсенді азамат болуға шақырады. Сондықтан Абайдың ұлттық тәрбие ұстанымдарын насихаттау, қазіргі жастардың рухани және әлеуметтік дамуына оң әсер етеді. Абайдың ойлары мен көзқарастары тек әдебиет саласында ғана емес, сондай-ақ білім беру жүйесінде де өзекті болып қалуда.

Қорытынды

Зерттеу барысында Абай Құнанбайұлының шығармаларының ұлттық тәрбие мен білім беру жүйесіне қосқан үлесі айқындалды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Абайдың шығармашылығында айқын көрінетін біртұтас тәрбие концепциясы қазіргі заманға өзекті болып қалуда. Бұл тұжырымдаманы жүзеге асыру арқылы білім беру мен тәрбие жүйесінде үйлесімділік пен толыққанды даму қамтамасыз етіледі.

Абайдың еңбектерінде көрсетілген біртұтас тәрбие ұстанымы – жеке тұлғаның санасын, рухын, тәрбиесін, білімін ұштастыруды мақсат етеді. Мұнда тәрбие мен білім арасындағы тығыз байланысты айқындап, адамның жан-жақты дамуына бағытталған тәсілдерді ұсынады. Абай шығармаларының ұрпақ тәрбиесіндегі мәні қашанда жоғарғы деңгейде болып, қоғамдағы әрбір тұлғаның рухани байлығының негізін қалаушы күшке айналды.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Құдайбердіұлы Ш. Абай философиясы. – Алматы: «Қазақ университеті», 2012. – 320 б.
2. Жарықбаев Қ. Ұлттық тәрбие жүйесіндегі Абай шығармашылығы. – Астана: «Фолиант», 2010. – 240 б.
3. Құнанбаев А. Шығармаларының бір томдық толық жинағы//А.Құнанбаев. – Алматы, 1981. – 695 б.
4. Аймауытов Ж. Абай шығармашылығындағы тәрбие мәселелері. – Алматы: «Жазушы», 2010. – 180 б.
5. Нысанбаев Ә. Абайдың философиялық ойлары мен тәрбиелік құндылықтары. – Алматы: «Ғылым», 2015. – 275 б.

6. Ғабитов М. Абай шығармашылығындағы ұлттық тәрбие ұстанымдары//Қазақ тілі мен әдебиеті. № 3, 2011. – 45-53 б.

АБАЙДЫҢ ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМ ТУРАЛЫ ОЙЛАРЫНЫҢ ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ОРНЫ

Байгунакова Гульнара Сулейменовна,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні оқытушысы,
Асықата кенті, №15 колледж МКҚК,
Түркістан облысы, Жетісай ауданы

Аңдатпа. *Бұл мақалада Абай Құнанбайұлының шығармашылығының тұлға қалыптастырудағы рөлі мен маңызы жайлы айтылады. Автор ақынның білім, ғылым, еңбек, адамгершілік, ұлттық сана және рухани жетілу мәселелері жөніндегі ойлары бүгінгі жастарды тәрбиелеу құралдарының бірі бірі болуы керектігін нақты мысалдар арқылы дәйектейді. Абай мұрасының күні бүгінге дейін өзектілігін жоғалтпай келуі, қазіргі заманмен үндесіп жатуының сыры неде деген сұраққа автор жауап беруге тырысады. Ақынның тәлімдік мәні зор ғибратты сөздеріне назар аударылады.*

Түйін сөздер: *Абай Құнанбаев, оқу-білім, ғылым, тәрбие, тұлға қалыптастыру*

Кіріспе

Абай Құнанбаев еңбектері, ойлары арқылы баланы тәрбиелеп, баланы білім нәрімен сусындату бүгінгі күні ауадай қажет. Өзінен кейінгі ұрпаққа өзіндік қолтаңбасымен ерекше болған Абай Құнанбаев мұрасы ешқашан да өзіндік маңыздылығын жоғалтқан емес. Абай өлеңдері мен қарасөздері қазақ поэзиясының, қазақтың қара сөзінің қасиеті мен құдіретін көрсететін адамға ой саларлық терең мағыналығымен маңызды. Қазақстандық білім беру ұйымдарында ақынның оқу-білім мен ғылымға арналған шығармалары, қарасөздері үздіксіз оқытылуы қажет. Өйткені, оның туындылары жас жеткіншекті өмірден өз орнын табуға жетелейді, дұрыс бағыт-бағдар алуына түрткі болады.

Абай Құнанбайұлы өз дәуірінде «мыңмен жалғыз алысқан» тұлға. Ол надандық пен жалқаулықты сынап, білім мен ғылымға шақырып, болашақ ұрпағының, елінің сауатты да еңбекқор болуын аңсаған жан. Оның бір ғана «Ғылым таппай мақтанба, орын таппай баптанба» деген сөздері адамға терең ой салары анық. Оның әр өлеңі, әр қара сөздері жас ұрпаққа бағыт-бағдар көрсетіп, ұлттық сана-сезімінің қалыптасуына ықпал етері анық. Қазіргі жастар үшін Абай мұрасы – рухани кемелдену мен тұлғалық дамудың негізі. Сол себептен де біз осы мақалада Абай Құнанбайұлының шығармашылығының тұлға қалыптастырудағы рөлі мен маңызын көрсетуді мақсат еттік. Және сол мақсатқа жету жолында өзімізге бірнеше міндеттер қойып, соны шешуді жөн көрдік.

Әдебиеттерге шолу

Жоғарыда көрсетілген мақсат-міндеттерді шешу үшін Абайды бұрын-соңды зерттеген М.Мырзахметов [1], Т.Жұртбай [2], З.Ахметов [3], М.Әуезов

[4] сынды ғалымдардың және қазіргі кезде Абай еңбектері арқылы қазақ әдебиеті мен басқа да пәндерді оқытуды қарастырып жүрген С.Дүйсенбаев [5], Г.Әділова [6], М.Сейітов [7], А.Құнанбаева [8] сияқты зерттеушілер мен әдістемеші педагогтердің еңбектерін қарастырдық.

Әдістеме және зерттеу әдістері

Абай шығармаларында жастарға арналған ғибрат сөздер тұнып тұр, тек соның тереңіне бойлату бүгінгі педагог алдындағы жауапты да маңызды істердің бірі. Сол себептен Абай Құнанбайұлы шығармашылығының тұлға қалыптастырудағы рөлі мен маңызын көрсету үшін оның еңбектерін тағы бір ой елегінен өткізіп, білім алушылардың жас ерекшелігіне қарай топтау маңызды. Осы ретте алдымен оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай білім беру үрдісінде қолданамын-ау деген туындыларын топтау үшін жинақтау, сараптау, статистикалық, яғни сандық және сапалық әдістер қолданылды. Білім алушылар мен олардың ата-аналарына сауалнама жүргізілді. Өңдеу әдісі арқылы соның нәтижесі шығарылды. Өзім сабақ беретін топтарда Абайдың шығармаларын оқытуда оқушылардың туындыны қабылдау, өзіне ой түйін жасау, мінез-құлығында сәл де болса өзгеріс болды ма екендігі бақыланды. Сол арқылы мониторинг жасалып, Абай шығармаларының білім алушылардың тұлға ретінде қалыптасуына әсері тұжырымдалды. Бұл мақаланы жазуға түрткі болған да осы сияқты игі істер екендігін айтпасқа болмайды.

Талдау және нәтижелер

Ең алдымен, Абайдың «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңінің тұлға қалыптастырудағы рөліне тоқталар болсақ, ақын: «Әсемпаз болма әрнеге» деп жас жеткіншекті көрсеқызарлықтан сақтандыруды мақсат еткенін көруге болады. «Өнерпаз болсаң, арқалан. Сен де бір кірпіш дүниеге кетігін тап та бар қалан», ойлап білген адамға бұл жолдарда қаншама мән, қаншама мағына жатыр. Әр адам өмірден өз орнын табуы маңызды. Сол себептен де атам қазақ адам баласы өмірде үш нәрседен қателік жібермеуі керек: «бірінші – дос таңдаудан; екінші –мамандық таңдаудан; үшінші – жар таңдаудан» деген. Демек, адамның қандай болуы жанында жүрген достарына байланысты екенін жас жеткіншекке дұрыстап түсіндіріп, Абайдың «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңі арқылы өмірден өз орнын табуына бағыт-бағдар беру маңызды. Екіншіден, ақынның «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі жастарды ғылымға ұмтылуға, ізденуге, жаман әдеттерден аулақ болуға шақырады. Ол адамды өзгелерден даралайтын ең басты қасиет – білім екенін баса көрсетеді. Бұл екі өлеңнің екеуі де тек жоғары сыныпта оқытылатын өлеңдер деп түсінбесек керек. Бұл туындылар бастауыш сыныпта болмаса да орта буындарда оқытылуы тиіс. Өйткені бұл шығармалар оқушыларды бос жүруден, бос әңгімеден аулақ боп, ерте кәсіптенуге (профилизация) жетелейді.

«Білгендердің сөзіне Махаббатпен ерсеңіз» деп, оқыған адамдарға жақын бол, «болмасаң да, ұқсап бақ» дейді. Яғни соларға ұқсауға тырысқан адам жаман болмайды дегенді меңзейді, жастарды үлкен мақсаттар қоюға үндейді. «Дүние де өзі, мал да өзі, ғылымға көңіл берсеңіз» деген сөздері арқылы ақын ғылымның адам өміріндегі практикалық маңызын көрсетеді. Ол

ғылымды – тек кәсіпке апарар құрал ретінде емес, рухани кемелденудің де жолы ретінде қарастырады. Абай үшін надандық – ең үлкен қасірет, ал ғылым – одан арылудың жалғыз жолы.

Ал енді «Бідімдіден шыққан сөз» өлеңінде білімді адам мен білімсіз адамды салыстыра көрсетеді. Өтірік көзбояушылықтың арты ұзаққа бармайтынын айтып, шәкірттерді ондай болудан сақтандыруды мақсат етеді.

Сөзді ұғар көкірегі болса көзді,
Қадірін жақсы сөздің білер жанға,
Таппай айтпа тағы да айтпа сөзді [9], – деп сөз қадірінің қасиеті туралы айтады және ол сөзді тек асыл сөзді бағалай білетін тұлғаға ғана айту керектігін ескертеді. Абайдың көзқарасында сөз қадірін түсінетін де білімдар, ғылымға бет алған тұлға. Ол білім мен ғылым – адамзат дамуының ең басты қозғаушы күші, надандықтан арылудың бірден бір жолы деп таниды.

Ақын: «Пайда ойлама, ар ойла,
Талап қыл, артық білуге .
Артық білім кітапта
Ерінбей оқып көруге» [10], -деп талпыныс пен еңбекті оқу-біліммен ұштастырады. Қазіргі кезде жастарымыздың санасы ақшамен уланған. Олардың ойларынша ақша бәрін де шеше алады. Оларға ақшасыз күн жоқтай көрінеді. Ал ол ақша оқып, білім алсаң, ізденсең, талаптансаң, өзінен өзі келетінін ойлай бермейді. Тіпті кейбір студенттер мейрамхана, кафелерде жұмыс істеймін деп жап-жақсы оқып жүрген оқу орнынан шығып қалып жатады. Кейіннен дипломсыз өмір бойы қара жұмыста жүретінін ойламайды. Ал егер де біз Абай шығармаларын мектепте бастауыш сыныптан бастап оқытсақ, бұлай болмас еді.

Ұсыныстар

Қазіргі жаһандану дәуірінде техника мен технология дамып, ақпарат алу, ақпарат алмасу оңайлағанымен, рухани құндылықтардың әлсіреген. Сол себептен де адамдар көптеген қиындықтармен бетпе-бет келеді. Абай мұрасы сондай қиындықтардың туындамауына ықпал етіп, адами құндылықтарды қалыптастыруға, тұлға тәрбиелеуге негіз болады. Адамгершілік және моральдық тазалық, әділеттілік пен адалдыққа, еңбекқорлық пен мейірімділік сияқты қасиеттерге жетелейді.

Осы тұрғыдан алғанда Абайдың ғылым мен білім туралы ойларының тұлға қалыптастырудағы орны ерекше. Ендеше мектептен бастап, арнайы білім беретін колледж және жоғары оқу орындарында Абай шығармаларымен білім алушыларды сусындату маңызды. Осы ретте біріншіден, қазақ тілі мен әдебиет сабақтарын Абай шығармаларын оқытудан бастауды; екіншіден, арнайы сыныптан тыс сабақтар өткізуді; үшіншіден, әр тоқсан сайын Абай мұрасын дәріптеуге арналған шаралар өткізуді ұсынар едік.

Қорытынды

Абайды тану, Абай шығармаларын оқу, ең алдымен, ұлттық сана мен мәдени мұраны сақтауға және тұлға қалыптастыру құралы болып табылады. Абай шығармалары (өлеңдері, қарасөздері) білімнің маңызын түсіну және өзін-өзі дамытуға; қоғамдағы әділеттілік пен адамгершілікті нығайтуға

септігін тигізері анық. Абай шығармалары жастарды саналы азамат, ізгі тұлға етіп қалыптастырудың бірден-бір жолы.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Мырзахметов М. Абайдың адамгерішілік мұраттары. – Алматы, 1993. - 316 б.
2. Жұртбай Т. «Абайдың астарлы сөздері»//Әдебиет порталы. 12.11.2015 https://adebiportal.kz/kz/news/view/tursyn-zurtbai-abaidyn-astarly-sozderi___13316
3. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. - Алматы: «Ана тілі», 1995. - 272 б.
4. Әуезов М. Абай Құнанбаев. - Алматы: «Санат», 1995. - 75 б.
5. Дүйсенбаев С. «Абай және жастар тәрбиесі»//Қазақ ұлттық университетінің ғылыми журналы. №11, 2021.
6. Әділова Г. «Абайдың шығармалары мен ұлттық сана»//Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы журналы. №4, 2019.
7. Сейітов М. «Абай философиясының бүгінгі қоғамдағы рөлі»// Абай ғылыми-зерттеу институты Хабаршысы. №5, 2020.
8. Құнанбаева А. «Толық ада» концепциясы. -Алматы: «Жазушы», 1991.
9. Өлеңдер мен аудармалар. Бірінші кітап. https://kitap.kz/book/olengder-men-audarmalar-birinshikitap
10. Құнанбаев А. Шығармаларының бір томдық толық жинағы/. – Алматы, 1981. – 695 б.

АБАЙДЫҢ «ЕСКЕНДІР» ПОЭМАСЫ – РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР КІЛТІ

Банашева Сауле Серікбайқызы,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
«М.Мақатаев атындағы №74
мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК

Аңдатпа. *Бұл мақалада Абай Құнанбайұлының «Ескендір» поэмасы арқылы берілген рухани құндылықтар мен адамгершілік қағидаттары талданады. Поэмадағы тарихи тұлға Ескендірдің бейнесі арқылы ақын дүниеқоңыздық, тәккапарлық, менмендік сияқты қасиеттердің зиянын ашып көрсетеді. Қазақ әдебиетінде құндылықтар – халықтың рухани дүниесін, дүниетанымын, салт-дәстүрін, ұлттық болмысын бейнелеуде ерекше маңызды рөл атқарады. Зерттеу барысында шығармадағы моральдық-философиялық ойлар, шығыстық және батыстық дүниетанымдар үндестігі қарастырылып, поэманың қазіргі рухани тәрбиелік маңызы сараланады.*

Түйін сөздер: *Абай, Ескендір, рухани құндылықтар мен материалдық құндылықтар, адамгершілік, поэма, тәрбие, философия.*

Кіріспе

Абай Құнанбайұлы – қазақ халқының рухани ұстазы, ағартушы, ойшыл ақыны. Оның шығармаларындағы терең философиялық ойлар, моральдық-этикалық қағидаттар ұлт руханиятына үлкен үлес қосты [1, 12]. Соның ішінде «Ескендір» поэмасы – ақынның адам болмысына терең үңілуінің бір көрінісі. Бұл мақалада Абайдың «Ескендір» поэмасы арқылы берілген рухани-адамгершілік құндылықтар жүйесі қарастырылады. «Ескендір» поэмасы зерттеушілердің пікірінше 1900-1902 жылдар аралығында жазылған [2, 87]. «Шығыста Ескендір, орыс пен Еуропа елдерінің атауынша Александр – бар дүние жүзі халықтарының аңыздарында, ертегі-дастандарында ерекше орын алған адам… »

Әдебиеттерге шолу

Абайтану саласында көптеген зерттеулер жүргізілген. М.Әуезов [2, 112], М.Мырзахметов [3, 58], З.Қабдолов [4], сынды ғалымдар Абай шығармаларын тереңнен талдады. Ескендір бейнесін Абай да сомдаған. Бірақ ол Ескендірді бұрынғы авторлардан өзгеше, басқа сипатта көрсеткен. Ежелден әділ патша, батыл жауынгер ретінде дәріптеліп келген Ескендірді Абай «мақтан сүйгіш, қызғаншақ адам», қатыгез де тойымсыз шапқыншы етіп суреттейді [1, 45].

«Ескендір» поэмасы туралы да бірқатар зерттеулер бар, онда тарихи тұлғаның көркемдік интерпретациясы, ақынның гуманистік идеялары кеңінен қарастырылады [4, 134]. Алайда бұл поэманың рухани құндылықтар кілті ретіндегі рөлі арнайы қарастырылуы сирек.

Зерттеу әдіснамасы

Зерттеу жұмысы сапалық әдістерге сүйенеді. Атап айтқанда, мәтіндік талдау, философиялық және әдеби-салыстырмалы талдау әдістері қолданылды. Поэманың мазмұны мен құрылымына терең үңіле отырып, кейіпкер бейнесі арқылы берілген рухани құндылық пен материалдық құндылықтардың мазмұны айқындалды.

Зерттеу нәтижелері

• Абай «Ескендір» поэмасы арқылы дүниеқоңыздық пен жауыздықтың зиянын көрсетті [1, 46].

• Поэмадағы қария бейнесі – даналықтың, парасаттың символы ретінде ұсынылған.

• Құрандық мотивтер мен шығыстық даналық элементтері шығарманың негізінде жатыр [3, 92].

• Абай Ескендір бейнесі арқылы өз заманының адамдарына өнеге болатын моральдық сабақ беруді мақсат тұтқан.

Құндылық – бұл бір нәрсенің маңыздылығы, мәні, пайдасы немесе пайдалығы. Қазақ әдебиетінде құндылықтар – халықтың рухани дүниесін, дүниетанымын, салт-дәстүрін, ұлттық болмысын бейнелеуде ерекше маңызды рөл атқарады [5, 41]. Олар әдеби шығармалардың мазмұнын байытып қана қоймай, ұрпақтан-ұрпаққа берілетін тәрбиелік құралға айналады. Қазақ әдебиетіндегі құндылықтар не үшін керек? 1. Ұлттық сана мен рухты қалыптастыру үшін. Әдебиет арқылы ұлттың болмысы, тарихы, ерлігі, тілі мен ділі дәріптеледі. Мысалы, батырлар жырындағы ерлік пен намыс – ұлттық рухтың көрінісі. 2. Адамгершілік пен тәрбие беру үшін. Абай

шығармаларында ғылым, білім, әділет, махаббат, еңбек, ар-ұят сияқты құндылықтар арқылы оқырманды ізгілікке тәрбиелеу көзделеді. 3. Өмірлік мағына мен бағыт-бағдар беру үшін. Әдеби шығарма адамды ойлануға, өзін және қоғамды түсінуге жетелейді. Құндылықтар арқылы кейіпкердің таңдауы, тағдыры, дамуы көрсетіледі. 4. Мәдениетті сақтап, ұрпаққа жеткізу үшін.

Қазақ әдебиеті – ұлттың рухани мұрасы. Ондағы құндылықтар – мәдениетіміздің негізі. Оларды сақтау – тарих пен болашақты жалғайтын көпір [6, 87]. Қысқаша айтқанда, құндылықтарсыз әдебиет тек оқиға баяндаушысы ғана болып қалады, ал терең мағына, тәрбие мен ұлттық болмыс – құндылықтар арқылы көрініс табады.

Поэманың мазмұны мен идеялық бағытына келсек, Абай «Ескендір» поэмасында тарихи тұлға Ескендірдің жаулап алушылық әрекеттерін суреттей отырып, оның мінез-құлқындағы басты кемшіліктерін ашады [1, 47]. Поэмада Ескендірдің шексіз билікке, байлыққа деген ашкөздігі оның түбіне жеткені баяндалады. Онда рухани және материалдық құндылықтар жайлы айтылып, адамға ой салатын тұстары жеткілікті.

1. Рухани құндылықтар:

• Адамгершілік – өзімшілдіктің, өркөкіректіктің қарсысында

• Дана ақыл – Аристотель бейнесі арқылы білім мен парасаттың маңызы [1, 48]

• Қанағат – тойымсыздық пен ашкөздіктің зиянына назар аудару

• Мейірім мен кешірімшілдік – бейбітшілік пен сабырлықтың маңызы

2. Материалдық құндылықтар:

2.1. Билік пен патшалық

– Ескендірдің шексіз ел жаулап алуы – билікке деген құштарлық пен атаққұмарлықтың көрінісі.

2.2. Қазына мен байлық

– Поэмада Ескендірдің материалдық игіліктерге ұмтылысы – байлық пен дүниеқоңыздықтың үлгісі ретінде сыналады.

2.3. Қару мен жаулап алу

– Жер, ел, қала жаулап алу – сыртқы, материалдық үстемдікті аңсайтын көзқарас.

Абайдың “Ескендір” поэмасында рухани және материалдық құндылықтар арасындағы тартыс көрініс тапқан. Ол:

• Әділеттілік – Поэмада Ескендір әділетсіз билеуші ретінде бейнеленеді. Оның шектен тыс биліккұмарлығы халыққа зиян келтіреді.

• Қанағатшылдық – Поэмадағы басты философиялық ой – қанағаттың құндылығы. Абай осы арқылы адамға тойымсыздықтың зиянын көрсетеді.

• Даналық пен білім – Аристотель образы арқылы Абай білімді адамның рөлін көрсетеді. Ол Ескендірге басу айтып, ақыл береді.

• Рухани ізденіс пен адамгершілік – Поэманың негізгі идеясы – рухани құндылықтардың материалдық дүниеден жоғары тұруы.

3. Абай интерпретациясының ерекшелігі неде деген сауал туындайды?

Абайдың «Ескендір» поэмасы парсы, түркі және батыс әдебиеттеріндегі аңыздарға негізделген. Алайда, Абай Ескендірді теріс сипатта бейнелеп, шығыс әдебиетінен ерекшелеп береді [2, 95].

Талқылау

Қазіргі тұтынушылық қоғамда Абайдың бұл поэмасы ерекше өзектілікке ие. Ақынның рухани байлықты жоғары қоюы бүгінгі жастарға қажетті бағыт-бағдар бере алады. Бұл шығарма – тек әдеби естелік емес, рухани тәрбие құралы [1, 49].

Қорытынды

Абайдың «Ескендір» поэмасы – тарихи тұлғаны сипаттаудан гөрі, рухани және адамгершілік сабақ беретін терең философиялық туынды [1, 50]. Бұл шығарма – ұрпақты тәрбиелеу жолында аса құнды рухани мұра. Қазақ әдебиеті пәнінде немесе сыныптан тыс сабақтарда Абайдың «Ескендір» поэмасын оқыта отырып, оқушылардың қызығушылығын ояту, поэманы философиялық тұрғыда терең түсінуге жол ашк мақсатында ЖИ платформалары арқылы 1. Викторина – Kahoot!, Quizizz; 2. Құндылық картасы – MindMeister, Lucidchart тапсырмаларын орындатуға болады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Құнанбаев А. Қара сөздер, поэмалар. – Алматы: «Жазушы», 2003.
2. Әуезов М. Абай Құнанбаев. Зерттеулер жинағы. – Алматы, 1995.
3. Мырзахметов М. Абай және Шығыс. – Алматы, 1994.
4. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: 2002.
5. Қайырбеков А. «Абай поэмаларының идеялық-көркемдік ерекшеліктері». – Астана, 2010.
6. Қоғамдық білім негіздері: Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық / Ә.Нысанбаев, Ғ.Есім, М.Изотов, К.Жүкешев, т.б. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 2006 жыл.

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ АЛТЫН АРҚАУЫ – ӨМІР ШЫНДЫҒЫ

Батырғалиева Гулшарбат Халеловна,
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі,
Астана қаласы №101 орта мектебі

Аңдатпа. *Бұл мақалада Абай Құнанбайұлы шығармашылығындағы өмір шындығының көркемдік әрі философиялық сипаттары қарастырылады. Ақынның поэзиясы мен қарасөздері – қазақ қоғамының әлеуметтік болмысы мен адамзаттық мәселелерін терең бейнелеген рухани мұра. Абайдың шығармаларындағы шындық іздеудің ерекшелігі, қоғамдық сын, моральдық ұстанымдар және адам табиғаты туралы ой-толғамдары ғылыми тұрғыда сараланады. Мақалада ақынның «толық адам» ілімі мен ұлттық руханияттағы орны да қамтылып, оның бүгінгі күнмен байланысы ашылады.*

Түйінді сөздер: *Абай, өмір шындығы, қарасөздер, поэзия, адамгершілік, еңбек, рухани құндылықтар, философиялық ой, толық адам, қазақ әдебиеті.*

Кіріспе

Абай Құнанбайұлы – қазақ әдебиеті мен философиясының темірқазығына айналған ұлы ойшыл, өмір шындығын терең әрі шынайы бейнелеген суреткер. Оның шығармаларындағы басты арқау – адам болмысы, қоғамдағы әділетсіздік, рухани ізденіс және адамгершілік мәселелері. Абайдың поэзиясы мен қарасөздері шынайы өмірді, халықтың тіршілігін, әлеуметтік қайшылықтарды бейнелей отырып, терең философиялық ой-толғамдарға толы.

Әдебиеттерге шолу

Абай шығармаларының алтын арқауы – өмір шындығы. Оны Абайды және оның шығармаларын зерттеген ғалымдардың бәрі де мойындайды. Абай шығармаларының әр ғалым әр түрлі мақсатта, әр түрлі бағытта зерттеген. Алайда олардың бәрі де Абай шығармаларының құндылығын айтады. Мәселен, ғалым Мекемтас Мырзахметұлы Абайдың адамгершілік ілімін тереңнен зерттесе, академик Рабиға Сыздық Абайдың сөз өрнегін сөз ете келе, сөздердің шығу тарихына тоқталады. Ал белгілі қаламгер, ғалым Рымғали Нұрғалиев Абай және ақындық дәстүр жайлы сөз етеді. Бұл зерттеушілердің әр қайсы Абайдан нәр алады, өз ойын тұжырымдау үшін Абай еңбектеріне сүйенеді, одан өзіне керекті деректерді алады.

Зерттеу материалдары және талқылау

Абай өз дәуірінің қоғамдық ахуалын терең сезіне білді. Ол патриархалды-феодалдық құрылымдағы әділетсіздіктерді, ел ішіндегі надандық пен алауыздықты, жеке адам мен қоғам арасындағы рухани үзілісті өткір сынады. Сонымен қатар, ақын шығармашылығы халықтың мұңын жоқтап, кемшілігін түзетуді мақсат еткен, сол арқылы ұлттық сананы оятуға бағытталған. Оның «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деген тебіреністі жолдары туған халқының мүшкіл халін бейнелеумен қатар, терең отаншылдық сезімнен туған [1, 12б.].

Абайдың шығармаларындағы өмір шындығы тек сыртқы әлеуметтік жағдайлармен шектелмейді. Ол адамның ішкі жан дүниесін, рухани күресін, ар-ождан, мораль мәселелерін де кеңінен қозғайды. Осы арқылы Абай шындықтың көркемдік шеңберін кеңейтіп, оны философиялық деңгейге көтере білді. Бұл – оның поэзиясы мен прозасының тәрбиелік, танымдық, әрі мәдениеттанулық маңызын арттырады.

Абайдың қарасөздері – қазақ әдебиетіндегі прозалық-философиялық жанрдың биік үлгісі ғана емес, сонымен қатар, ұлттық сананың оянуына серпін берген рухани және танымдық еңбек. Қарасөздер – ақынның ақыл-ойының, өмірлік тәжірибесінің, адамзат пен қоғам жөніндегі философиялық көзқарасының көрінісі. Онда Абай өз дәуірінің әлеуметтік қайшылықтарын, моральдық-этикалық күйзелістерін терең философиялық тұрғыдан зерделейді. Бұл туындылардың мазмұны өмір шындығына негізделген, ал формасы – халықтың дүниетанымына жақын, қарапайым әрі ұғынықты тілде жазылған.

Абай қоғамдағы әділетсіздікті, бай мен жарлы арасындағы алшақтықты, ел басқарушылардың жемқорлығы мен халықтың енжарлығын батыл сынға алды. Жетінші қарасөзінде: «Баланы оқытқан жақсы, бірақ оның ата-анасы ұғып алмай, не пайда?» – деп, тәрбиенің тек мектепте ғана емес, отбасында, ортада басталатынын алға тартады [1, 15б.]. Бұл – қазіргі тәрбие жүйесінде де өзекті болып отырған мәселе. Абай адам бойындағы өзгерісті алдымен сана мен мінезден іздейді, яғни шынайы өзгеріс – ішкі рухани кемелденуден басталуы тиіс.

Он жетінші қарасөзінде ақын «Ақыл, жүрек, қайрат» арасындағы сұхбат арқылы адамның ішкі әлеміндегі үйлесімділіктің маңызын бейнелейді. Бұл – өмір шындығын адам табиғатының ішкі қайшылықтары арқылы көрсету тәсілі. «Ақыл – ақылдылықпен, жүрек – мейіріммен, қайрат – табандылықпен ерекшеленеді, бірақ үшеуі бірікпесе, адам толық болмайды» деген тұжырым – рухани кемелдікке бастар жолдың философиялық моделі [1, 10-20бб.].

Абай қарасөздерінде сондай-ақ ел билеуші төрелер мен билердің әділеттен аттағанын, парақорлықтың қоғам дертіне айналғанын да сын тезіне алады. Отыз тоғызыншы қарасөзінде: «Кімде-кім әділетсіз билік қылса, ол да зұлым» деп, биліктің мәні мен миссиясын айқындайды. Бұл – бүгінгі қоғам үшін де маңызды тұжырым, себебі әділдік пен моральдық жауапкершілік мәселелері кез келген заманда күн тәртібінен түспейді [2, 12б.].

Отыз сегізінші қарасөзінде Абай адамның рухани болмысына үңіледі. Онда «жан» мен «тән» ұғымдарының арақатынасы, имандылық пен ар-ұят туралы терең пайым жасалады. Ол: «Адамның жаны – Алладан келген нұр» деп, адам табиғатының тылсым сырын ашуға тырысады. Бұл – өмір мен өлім, болмыс пен мән туралы мәңгілік философиялық сұрақтарға берілген ұлттық сипаттағы жауап [1, 40].

Осылайша, Абайдың қарасөздері – шынайы өмір көріністерін сын тұрғысынан саралап, халықтың бойындағы кемшіліктерді түзетуге, қоғамды ізгілендіруге бағытталған рухани-әлеуметтік бағдарлама іспетті. Оның әрбір қарасөзі – тек ақыл айтушы емес, ой салар, түзетер, тәрбиелер күшке ие.

Абай үшін шынайы өмір – адал еңбек пен терең адамгершілік құндылықтарға негізделген болуға тиіс. Ақын өзінің көптеген өлеңдерінде және қарасөздерінде адам өмірінің мәні – адал еңбек ету, өз парызына жауапкершілікпен қарау, әділдік пен адалдыққа негізделген өмір сүру екендігін атап көрсетеді. Оның: «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген жолдарында масылдықты, жалқаулықты сынға алып, еңбекқорлықты нағыз адам болмысының өлшемі ретінде қарастырады [2, 40].

Бұл – оның тәрбиелік, әлеуметтік және философиялық дүниетанымының маңызды тұғыры. Абай үшін еңбек – тек күнкөрістің амалы ғана емес, адамның адамдық қасиетін көрсететін маңызды құрал. Ақынның пайымдауынша, еңбексіз білім, еңбексіз өмір – рухани құлдырауға апарады. Осы идея Онынші қарасөзінде де кеңінен көрініс тапқан. Онда Абай: «...көңіл үшін, яғни адамшылық үшін, ғылым үшін, мінез үшін, я хұқық үшін еңбек қылса – соны адамшылықтың қарызы деп білу керек» деп, еңбектің рухани сипатын алға тартады [3, 66].

Адамгершілік – Абай шығармашылығындағы ең басты ұғымдардың бірі. Ол үшін адам баласы өзін-өзі тану арқылы, рухани өсу арқылы ғана шынайы кемелдікке жете алады. Бұл ойлар «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» өлеңінде анық көрінеді. Абай: «Адамның баласы – адам баласы, Досым жоқ деп – налыма, жалғыздық – шын» деп, адамзаттық бауырмалдықты насихаттайды, зұлымдық пен қатігездікке қарсы тұруға үндейді [4, 122].

Сонымен қатар, Абай өмір шындығын адамның ішкі жан дүниесінен, моральдық болмысынан, рухани тереңдігінен де іздейді. Ақынның: «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес» деген философиялық түйіні – адамның тәні мен жанының арақатынасы, өмір мен өлім, мәңгілік пен өткіншілік ұғымдары туралы терең пайым [5, 144]. Бұл жолдарда Абай адамды тек биологиялық тіршілік иесі емес, рухани мәнге ие, Жаратушыдан бастау алған жан иесі ретінде қарастырады.

Зерттеу әдістері және нәтижелер

Абай шығармаларының басты тақырыбы — ұлттың ерлігі, тарихы, тәуелсіздік үшін күресі мен ұлттық сананың қалыптасуы. Сабақта осы тақырыптарды негізге ала отырып, шығармаға талдау жүргізуге болады. Білім алушыларға автордың қарасөз жазудағы ойын негізге ала отырып, «PRES» әдісіне салып төмендегідей нақты талдау тапсырмасын ұсыну тиімді.



Шығарманы жан-жақты талдау жасап, бағалау және салыстыру мақсатында әр топ Абайдың қарасөздеріндегі моральдық және философиялық ұстанымдарды қазіргі қоғаммен салыстырып, пікірсайыс жүргізуге де болады. Мысалы: Тақырып: «Абайдың әділдік туралы ойлары қазіргі қоғамда жүзеге асып жатыр ма?»

Мақсаты: Абайдың көзқарастарын қазіргі қоғаммен байланыстырып, олардың маңыздылығын тереңірек түсіну.

Өлеңді қазіргі заманмен байланыстыру: Әр топ «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» өлеңін қазіргі өмірмен байланыстырып, талқылайды. Білім алушылар талдайтын тақырыптар.

- Өлеңнің бүгінгі қоғамдағы маңызы қандай?
- Қарттық, қайғы және ұйқы мәселелері бүгінгі адамның өмірінде қандай рөл атқарады?

Мақсаты: Абайдың өлеңіндегі ойларды қазіргі заманмен байланыстырып, оның қазіргі қоғамдағы маңызын анықтау.

Өлеңді рөлге бөліп оқу (драма тәсілімен).

Топ мүшелері өлеңнің әрбір жолын рөлге бөліп оқып, өлеңнің мазмұнын эмоция мен актерлік шеберлік арқылы жеткізуге тырысады. Олар:

- Өлеңдегі кейіпкерлердің сезімін қалай көрсетуге болады?
- Абайдың философиялық ойлары мен терең эмоцияларын сахнада қалай жеткізуге болады?

Мақсаты: Өлеңнің эмоциялық және философиялық мазмұнын тереңірек түсіну, рөлдік ойын арқылы өлеңді жандандыру.

Қарттық туралы эссе жазу

Әр топ «Қартайған кезде адам қандай мәселелермен бетпе-бет келеді?» деген сұраққа эссе жазып, оны топ алдында қорғайды. Олар:

- Қарттықтың адам өміріндегі орны мен маңызы қандай?
- Абайдың өлеңін осы мәселемен қалай байланыстыруға болады?

Мақсаты: Өлеңнің мазмұнын терең түсініп, қарттық мәселесіне қатысты өз пікірлерін жазу және қорғау.

Өлеңді суреттеу.

Топ мүшелері өлеңнен алған әсерлерін визуалды түрде көрсету үшін сурет салады. Олар:

- Өлеңнің тақырыбы мен мазмұнына сәйкес қандай сурет салуға болады?
- Өлеңдегі қайғы мен ұйқының символикасын бейнелеу үшін қандай түстер мен формаларды қолдануға болады?

Қорытынды

Білім алушы бұл тапсырмалар арқылы тек шығарманы түсініп қана қоймай, қоғамның тағдырын таразыға салып, ұлтына жанашырлық қасиеті артары анық.

Абайдың бұл пайымдары бүгінгі күнде де өз маңызын жоғалтқан жоқ. Қазіргі қоғамда да еңбек пен адамгершілік – дамудың басты тетігі, өмірдің мәнін айқындайтын негізгі құндылықтар қатарында болып табылады. Сондықтан Абайдың шығармаларындағы осы идеялар – тек көркем бейне немесе ақындық шеберлік үлгісі ғана емес, ұлттың рухани кемелденуіне бағыт беретін өмірлік бағдар.

Қорытындылай келе, Абай шығармашылығы – өмір шындығының көркем әрі философиялық шежіресі. Оның өлеңдері мен қарасөздерінде қоғамдағы қайшылықтар, адам болмысының күрделілігі, рухани ізденіс және шынайы өмір құбылыстары терең суреттеледі. Абай шындықты көркемдікпен өрнектей отырып, ұлттық сананы тәрбиелеуге, адамгершілікке, білімге, еңбекке үндеді. Демек, Абай мұрасы – мәңгілік өмір шындығының көрінісі.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Абай Құнанбайұлы. Қара сөздер мен өлеңдер жинағы. - Алматы: «Жазушы», 2009.-320 б.
2. Мырзахметұлы М. Абайдың адамгершілік ілімі. - Алматы: «Атамұра», 2010.-144 б.
3. Сыздық Р. Абайдың сөз өрнегі. - Алматы: «Санат», 1995.- 272 б.

4. Нұрғалиев Р. Абай және ақындық дәстүр. -Алматы: «Ғылым», 1994.- 256 б.

5. Абай Құнанбаев. Қара сөздер / Құраст. З. Ахметов. - Алматы: «Білім», 2011.- 208 б.

АБАЙДЫҢ ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМ ТУРАЛЫ ОЙЛАРЫНЫҢ ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ОРНЫ

Бейсембина Назерке Суйндиковна,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
Астана қаласы әкімдігінің«Ақжан Әл-Машани
атындағы №92 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК

Аңдатпа*. Мақалада Абай Құнанбайұлының ғылым мен білім туралы ойларының тұлға қалыптастырудағы маңызы жан-жақты талданады. Абайдың өлеңдері мен қарасөздеріндегі білімнің рөлі, оның рухани және интеллектуалдық дамуға ықпалы зерттеледі. Ақынның еңбектері арқылы жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуы, ізденімпаздық пен еңбекқорлыққа баулу мәселелері қарастырылады. Сонымен қатар, Абайдың идеяларын қазіргі білім беру жүйесінде қолданудың практикалық мүмкіндіктері сипатталады. Мақалада аналитикалық талдау жүргізіліп, зерттеу нәтижелеріне негізделген ұсыныстар беріледі.*

Түйін сөздер: *Абай Құнанбайұлы, ғылым, білім, тұлға қалыптастыру, рухани даму, оқу жүйесі, өзін-өзі дамыту.*

Кіріспе

Қазіргі заманғы жаһандану үрдісі, ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы, білім мен ғылымның рөлінің артуы – қоғамның интеллектуалдық деңгейін көтеру қажеттілігін айқындап отыр. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ халқының рухани жетекшісі саналатын Абай Құнанбайұлының ғылым мен білімге қатысты ойлары өзектілігін жоймай, керісінше, бүгінгі таңда бұрынғыдан да маңызды бола түсуде. Абай Құнанбайұлының шығармалары – терең философиялық мәнге ие, адамның тұлғалық қалыптасуына бағытталған рухани бағдар. Оның еңбектерінде білім мен ғылымға ұмтылу, өзін-өзі жетілдіру, адамгершілік қасиеттерді дамыту мәселелері кеңінен қамтылған. Абай «Он жетінші қара сөзінде» адамды жан-жақты жетілдіру үшін ғылым мен білімнің қажеттілігін атап өтіп, «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласың елден бөлек» [1] деген ойды алға тартады. Бұл пікір – қазіргі білім беру жүйесінде тұлға тәрбиелеудің негізгі қағидаттарымен үндеседі. Абай мұрасы бүгінгі таңда ұлттық құндылықтарды дәріптеудің, жастардың интеллектуалдық және рухани дамуын қамтамасыз етудің маңызды құралы ретінде қарастырылады. Оның «Бес нәрседен қашық бол, бес нәрсеге асық бол» деген өсиеті бүгінгі қоғамның да басты мәселелерін қозғайды. Яғни, жалқаулық, өсек, бекер мал шашу сияқты жағымсыз қасиеттерден арылу, ал, керісінше, білімге, еңбекке, адалдыққа, әділдікке ұмтылу – нағыз кемел адам қалыптастырудың негізгі

шарты болып табылады. Қазіргі білім беру жүйесінде Абай идеяларын насихаттау, оның ойларын тәрбие және оқу процесіне енгізу маңызды міндеттердің бірі.

Әдебиеттерге шолу

Абайдың «толық адам» концепциясы бүгінгі педагогика мен психология ғылымдарында тұлғаның жан-жақты дамуына бағытталған негізгі қағидалармен тығыз байланысты. Қазіргі кезде инновациялық білім беру жүйелері жеке тұлғаның когнитивтік, эмоционалдық және әлеуметтік аспектілерін қамти отырып дамуын көздейді [2]. Бұл бағытта Абайдың ойлары білім беру саласының түрлі деңгейлерінде (мектеп, жоғары оқу орындары, қосымша білім беру орталықтары) кеңінен қолданылып келеді. Оның шығармалары қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында ғана емес, тұлғаның рухани және адамгершілік тәрбиесіне қатысты пәндерде де үлкен рөл атқарады. Осы орайда елімізде бүгінгі жүргізіліп жатқан реформалар, «Біртұтас тәрбие», «Цифрлық Қазақстан», «Білімді ұрпақ», «Ұлттық рухани жаңғыру» сияқты бағдарламалардың Абай идеяларымен үндесіп жатқандығын айтпай кетпеске болмайды. Бұл реформалардың барлығы халықтың білімге, ғылымға деген ынтасын арттыруға, рухани даму деңгейін көтеруге бағытталған. Сондықтан осы жаңашыл реформалар мен бағдарламалады жүзеге асыруда Абай мұрасын терең зерттеу, оны қазіргі заманғы білім беру процесінде тиімді пайдалану – басты міндеттердің бірі болып саналады.

Абай Құнанбайұлының қазақ халқының ағартушысы, философы, ұлы ойшылы ретіндегі ғылым мен білім туралы көзқарастары қазақ қоғамының рухани және интеллектуалдық дамуына орасан зор үлес қосуда Ақынның бұл ойлары бүгінгі таңда да өзекті, себебі қазіргі жаһандану дәуірінде ғылым мен білім адамзат өркениетінің негізгі қозғаушы күші болып отыр. Абай ғылым мен білімді адамның рухани кемелденуінің басты құралы ретінде қарастырады. Ол надандықты, жалқаулықты, еріншектікті үлкен қасірет санап, халықты білімге, еңбекке, ізденіске шақырады. Жоғарыда айтқанымыздай, бұл қағида бүгінгі педагогикадағы тұлғалық-бағдарлы оқыту жүйесімен сәйкес келеді. Абайдың ғылым мен білімге қатысты негізгі көзқарастарын үш негізгі аспектіде қарастыруға болады:

1. Ғылымды игерудегі маңыздылығы. Абай білімсіздікті адамзаттың ең үлкен жауы деп есептеді. Оның пікірінше, надандық адамды кедейлікке, рухани төмендеуге және қоғамнан шеттетілуге алып келеді. Абай «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңінде өзінің жас кезінде білімге жеткілікті көңіл бөлмегеніне өкініш білдіріп, жастарды білімге ұмтылуға шақырады. Оның бұл ойлары бүгінгі күнгі білім беру жүйесінің негізгі мақсаттарымен ұштасады. Білім - адамның әлеуметтік мәртебесін, экономикалық жағдайын анықтайтын басты факторға айналған XXI ғасырда,жас ұрпақтың білімге деген қызығушылығын арттыру мақсатында Қазақстанда түрлі бағдарламалар жүзеге асырылуда,

2. Өз бетінше білім алу және үздіксіз даму. Абайдың шығармаларында өзін-өзі жетілдіру, үздіксіз білім алу, іздену мәселесі ерекше орын алады. Ол адамның дамуы үшін ең бастысы – тоқтаусыз оқу, ғылымды игеру және өз

бетімен талпыну екенін ескертеді. Ақын «Он сегізінші қара сөзінде» «...адам баласы білім арқылы ғана кемелденеді» деп тұжырым жасайды.Бүгінгі таңда үздіксіз білім алу (lifelong learning) концепциясы жаһандық деңгейде маңызды болып отыр. Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы, жасанды интеллекттің білім беру саласына енуі адамның өмір бойы жаңа білім игеруін қажет етеді. Абайдың «Өзіңе сен, өзіңді алып шығар, еңбегің мен ақылың екі жақтап» деген сөзі бүгінгі заманның басты ұранына айналғандай. Себебі, қазіргі бәсекеге қабілетті қоғамда адам өзін-өзі үздіксіз дамыту арқылы ғана жетістікке жете алады.

3. Ғылымды игерудегі еңбек пен төзімділік. Абай білім мен ғылымды меңгеру жолында еңбектің ерекше рөл атқаратынын атап өтеді. Ол адамның бойындағы жалқаулық, еріншектік, талапсыздық сияқты қасиеттерді сынай отырып, тек еңбек арқылы ғана жетістікке жетуге болатынын баса айтады. Ақын «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген қарапайым қағида арқылы адам табысының кілті еңбекте екенін дәлелдейді. Қазіргі таңда әлемдік деңгейде кәсіптік біліктілікті жетілдіру, инновация мен еңбекқорлыққа негізделген экономика құру басты мақсаттардың бірі болып отыр. Қазақстанда жастардың еңбекке деген қызығушылығын арттыру үшін кәсіптік білім беру жүйесі дамытылып, дуалды оқыту әдістері енгізілуде. Мұның барлығы Абайдың «Еңбек – адамның игілігі» деген қағидасымен толық үндеседі [3, 22].

Әдістемелік негіз

Абайдың идеялары қазіргі білім беру жүйесінде кеңінен қолданылуда. Оның идеялары тек әдебиет пәнінде ғана емес, жалпы оқыту процесінде жетекші қағида ретінде қарастырылады. Атап айтсақ, бірінішіден, бүгінгі таңда мектеп бағдарламасында Абайдың қара сөздері мен өлеңдері жан-жақты талқыланып, оқушыларға оның ғылым мен білім туралы ойлары түсіндіріліп, олардың жеке тұлға ретінде дамуына ықпал ету мақсатында ғылыми зерттеу жұмыстары ұйымдастырылуда. Екіншіден, Абайдың идеяларын практикалық тұрғыда меңгеру үшін мектептерде түрлі ғылыми жобалар ұйымдастырылып, «Абай және білім» тақырыбында эссе байқаулары, пікірсайыс клубтарында оның қара сөздері талқыланып, білімнің маңыздылығы туралы жобалар жастар арасында кеңінен насихатталуда. Үшіншіден, қазіргі уақытта Абай шығармаларын интерактивті форматта оқыту, аудиокітаптар шығару, цифрлық білім беру платформаларында арнайы курстар әзірлеу кеңінен қолданысқа енгізілуде. Бұл Абайдың идеяларын заманауи әдістер арқылы жаңаша ұғынуға мүмкіндік береді [4, 312].

Талқылау және нәтижелер

Абай Құнанбайұлының ғылым мен білім туралы ойларының қазіргі білім беру жүйесіндегі маңызды әдістемелік және тәрбиелік негізге айналып отырғанының бір дәлелі – «Толық адам» концепциясы, онда келтірілген ғылым мен білімді игерудегі еңбектің рөлі, өз бетінше ізденудің маңыздылығы бүгінгі білім беру парадигмаларымен толық сәйкес келеді. Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі ретінде Абайдың идеяларын оқу үдерісінде қалай тиімді қолдануға болатынын тәжірибемен байланыстырып, нақты практикалық

мысалдармен сипаттауға болады. Өзім қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі болғандықтан, осы пәндерде Абайдың шығармаларын оқытудың бірнеше тиімді әдістерін ұсынамын:

а) Оқушылардың сыни ойлауын дамыту мақсатында Абайдың қара сөздері мен өлеңдерін оқыту. Абайдың қара сөздері мен өлеңдері терең философиялық мәнге ие. Оқушыларды осы мәтіндерді талдауға, олардың мағынасын түсінуге, логикалық байланыстарды анықтауға үйрету – сыни ойлауды дамытуға ықпал етеді. Мысалы, 8-сыныпта «Он жетінші қара сөзді» оқып, талдау тапсырмасын беруге болады. Оқушылардан «Абайдың ақыл, қайрат, жүрек туралы ойлары қазіргі замандағы тұлға қалыптастыру үшін қаншалықты маңызды?» деген сұрақ төңірегінде пікірталас ұйымдастыру ұсынылады. Бұл тәсіл оқушылардың өзіндік пікірін қалыптастыруға, ғылыми көзқарасын дамытуға көмектеседі.

ә) Өз бетінше ізденуге баулу мақсатында Абай шығармаларын оқыту. Абай өз еңбектерінде адамның өзін-өзі дамытуға, үздіксіз білім алуға шақырады. Мұны оқу үдерісінде жобалық жұмыс, зерттеу әдісі арқылы жүзеге асыруға болады. Мысалы, 9-сынып оқушыларына «Абайдың ғылым мен білім туралы ойлары қазіргі қоғамда қаншалықты маңызды?» тақырыбында шағын зерттеу жүргізуді тапсыру. Оқушылар әртүрлі дереккөздерден ақпарат жинап, оны саралап, презентация немесе мақала түрінде ұсынуы тиіс.Бұл әдіс олардың өз бетінше жұмыс жасау дағдыларын қалыптастырады, ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін жетілдіреді.

б) Оқушылардың сөйлеу мәдениетін жетілдіру мақсатында дебат, пікірталас сабақтарын ұйымдастыру. Оқушылардың ойлау қабілетін дамытуда және олардың өз көзқарасын дәлелдеуге баулуда дебат сабақтары ерекше маңызға ие. Мысалы, «Абайдың ғылым мен білім туралы ойлары қазіргі заман талаптарына сай ма?» деген тақырыпта дебат өткізу. Бір топ Абайдың идеялары қазіргі қоғамда өзектілігін жоғалтқан деп дәлелдеуге тырысса, екінші топ керісінше, оның ойлары мәңгілік құндылық екенін қорғауы қажет. Бұл әдіс оқушылардың сыни ойлау дағдыларын дамытып қана қоймай, олардың сөйлеу мәдениетін жетілдіреді.

в) Ой тастау, ойлануға жетелеу мақсатында эссе жазғызу. Абайдың «Толық адам» концепциясы оқушылар бойында адамгершілік, ізгілік, білім мен ғылымға, ізденуге деген құлшыныс қалыптастырары анық. Абайдың білім мен ғылым туралы ойларын оқытуда оның «Толық адам» концепциясы ерекше назар аударуды қажет етеді. Бұл концепцияның негізгі қағидаттарын оқушыларға түсіндіру арқылы олардың тұлғалық дамуына ықпал етуге болады. Мысалы, 10-сынып оқушыларына «Толық адам қандай болуы керек?» тақырыбында эссе жазу тапсырмасын беру. Оқушылар өз шығармаларында білім, адамгершілік, еңбекқорлық, адалдық секілді ұғымдардың тұлға қалыптастырудағы маңызын ашып көрсетуі тиіс. Бұл әдіс оқушылардың өзіндік пайымдау қабілетін арттырады, олардың өмірлік ұстанымдарын анықтауға көмектеседі.

г) АКТ-ны пайдалана отырып, Абайды оқыту. Қазіргі ақпараттық технологиялар дәуірінде оқушылардың Абай мұрасын терең түсінуі үшін

сандық ресурстарды пайдалану тиімді. Мысалы, «Абайдың қара сөздері» атты онлайн викторина немесе мобильді қосымша жасау. Оқушыларға Абайдың шығармалары негізінде комикс, инфографика немесе видеоролик дайындауды ұсыну. Бұл әдістер олардың шығармашылық ойлау қабілетін дамытып, заманауи технологияларды игеруіне көмектеседі. Абайдың ғылым мен білім туралы ойларын оқу жүйесінде қолдану арқылы оқушылардың еңбекке деген сүйіспеншілікті дамытуға болады. Ол үшін «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» қағидасын өмірлік ұстанымға айналдыру, оқушыларды волонтерлік іс-шараларға, қоғамдық жұмыстарға белсенді тарту қажет.Абай өлеңдерін мәнерлеп оқу байқауларын ұйымдастыру арқылы оқушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге үйретуге болады. Абай Құнанбайұлының ғылым мен білім туралы ойлары бүгінгі оқу жүйесінде кеңінен қолданылуы тиіс. Оқушыларды білім алуға ынталандыру, олардың тұлғалық дамуын жетілдіру, сыни ойлау қабілетін қалыптастыру мақсатында Абай шығармаларын терең оқыту маңызды [5, 12]. Оқу үдерісінде Абайдың идеяларын пайдалану тек теориялық білім берумен шектелмей, оларды практикалық тұрғыда қолдану арқылы жүзеге асырылуы қажет. Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі ретінде Абай мұрасының құндылығын оқушыларға жеткізу – басты міндетіміз. Жаңа технологиялар мен оқыту әдістері арқылы оның идеяларын тереңірек түсінуге және жүзеге асыруға мүмкіндік бар. Сондықтан оның ғылым мен білімге қатысты ойлары қазіргі заманғы білім беру жүйесінің негізгі ұстанымдары ретінде қарастырылуы тиіс [6].

Ұсыныстар

Абайдың ғылым мен білім туралы ойларын оқу жүйесіне қолдану кезінде оқушыны ақын шығармаларына баулудағы әдістер және олардың тиімділігіне тоқтала кетсем**,** Абай шығармаларын оқыту барысында қолданылатын әдістер оқушылардың білімін ғана емес, олардың тұлғалық қалыптасуына да әсер етеді. Абайдың шығармалары оқушылардың қызығушылығын оятатын маңызды тақырыптарға негізделген. Сондықтан интерактивті әдістер мен шығармашылық тапсырмалар олардың танымдық белсенділігін арттырады. Абайдың білім мен ғылым туралы ойлары оқушыларды адамгершілікке, еңбекқорлыққа, адалдыққа тәрбиелейді. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында Абайдың шығармаларын дәстүрлі емес әдістермен оқыту оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады. Оқу тәжірибесінде Абайдың ғылым мен білім туралы ойларын тиімді оқыту үшін төмендегідей ұсыныстар жасауға болады:

1. Абай шығармаларын оқытуда дебат, пікірталас, сахналық қойылымдар секілді интерактивті әдістерді кеңінен қолдану.
2. Абайдың идеяларын қазіргі заманмен байланыстырып, жобалық және зерттеу жұмыстарын оқу үдерісіне енгізу.
3. Инфографика, видеороликтер, сторителлинг элементтерін сабақта қолдану.
4. Абай шығармаларын оқу үдерісінде ақпараттық технологиялармен интеграциялау.

5. Рухани-адамгершілік тәрбиені күшейту.

Қорытынды

Жоғарыда айтып өткеніміздей, Абай Құнанбайұлының ғылым мен білім туралы ойларын оқу үдерісінде тиімді қолдану – оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, олардың тұлғалық қалыптасуына ықпал ететін маңызды әдістемелік бағыттардың бірі. Оқушыларды Абай шығармаларына баулу үшін интерактивті, креативті және зерттеушілік әдістерді қолдану қажет. Бұл тәсілдер олардың танымдық белсенділігін арттырып, ғылыми ойлау қабілетін дамытады. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі ретінде Абайдың идеяларын қазіргі білім беру жүйесіне бейімдеу – біздің басты міндетіміз.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Абайдың «Толық адам» ілімі қазіргі заманғы тұлғалық-бағдарлы білім беру жүйесімен үндеседі. Оның «Ақыл, қайрат, жүрек» үйлесімділігін сақтау туралы ойы бүгінгі жас ұрпақтың жан-жақты дамуына қажетті негізгі қағидалардың бірі болып саналады.Мақаланың қорытынды бөлімінде Абай Құнанбайұлының ғылым мен білім туралы ойларының тәрбиелік мәнін былайша жіктеуге болады:

1. Еңбекқорлық пен білімге құштарлық – Абайдың ең басты насихаттарының бірі. Бұл қасиеттер оқушыларды үздіксіз білім алуға және өзін-өзі дамытуға ынталандырады.
2. Рухани және адамгершілік тәрбие – Абайдың шығармаларын оқыту оқушылардың әділдікке, адалдыққа, имандылыққа бейімделуіне ықпал етеді.
3. Жауапкершілік пен өздік білім алу дағдылары – Оқушыларға өз бетінше ізденуді үйрету арқылы олардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына жағдай жасайды.

Қорыта айтқанда, Абайдың ғылым мен білім туралы ойлары қазіргі білім беру жүйесінде терең талданып, практика жүзінде қолданылуы тиіс. Бұл тек білім сапасын арттырып қоймай, ұлттық тәрбие берудің тиімділігін де күшейтеді. Ұлы ақынның мұрасы болашақ ұрпақтың санасына сіңіп, олардың тұлға ретінде дамуына ықпал етсе, мен де өзге әріптестерім секілді білім беру саласындағы өз міндетімді лайықты атқарғаным деп есептеймін**.**

Пайдаланған әдебиеттер

1. Құнанбаев А. Қара сөздер. – Алматы: «Мектеп», 2019. – 320 б.
2. Нұрғали Р. «Абайдың әдеби мұрасы және оның маңызы»//Қазақ әдебиеті. – №2, 2010. – 55-68 б.
3. Сүлейменов Ж. «Абай шығармаларының педагогикалық аспектілері»//Вестник КазНПУ имени Абая, серия «Педагогические науки». – Т. 75.– №3, 2021. – С. 23-30.
4. Әуезов М. Абай Құнанбаев. – Алматы: «Ғылым», 1995. – 450 б.
5. Ғабдуллин М. «Абай және ұлттық тәрбие» // «Ұлағат» журналы. –№1, 2015. – 12-19 б.
6. Оразбаева Ф. «Абай және білім мәселесі» // Қазақстан мектебі. – №4, 2018. – 7-14 б.

АБАЙДЫҢ ТАБИҒАТ ЛИРИКАСЫ АРҚЫЛЫ ГЕОГРАФИЯ ПӘНІНЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУ

Бекбарова Макпал Нуридиновна
география пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші,
Б.Момышұлы атындағы жалпы
білім беретін мектебі

Аңдатпа. *Бұл мақалада Абай Құнанбаевтың табиғат лирикасын география пәнімен кіріктіре отырып оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру жолдары қарастырылады. Автор Абайдың табиғат тақырыбындағы өлеңдерін оқу арқылы оқушылардың экологиялық ойлауын, танымдық қабілеттерін, көркемдік талғамын және функционалдық сауаттылығын дамытудың тиімді әдістерін ұсынады. Мақалада пәнаралық байланысты жүзеге асыру үшін қолданылған заманауи әдіс-тәсілдер мен сабақ барысындағы нақты мысалдар келтіріліп, оқыту үдерісіндегі тиімділігі дәлелденеді. Аталған тәсіл оқушылардың ұлттық құндылықтарға деген көзқарасын қалыптастыруға, шығармашылықпен ойлауына және білімді өмірмен байланыстыра алуына жол ашады.*

Түйін сөздер*: табиғат лирикасы, экологиялық, ұлттық құндылықтар, тәлім-тәрбие, адамгершілік.*

Кіріспе

Бүгінгі таңда Қазақстандық білім беру жүйесінің алдында білім сапасының бәсекелестігін арттыру, шынайы өмірлік кезеңдерге бейімдеу мәселелері тұрса да, жас ұрпаққа тәрбие беру қоғамның ең өзекті мәселесі болып табылады. Қай заманда болмасын алдында тұратын ұлы мұраттың ең бастысы – білімді, өмірін жалғастыратын сауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ал саналы ұрпақ қоғамда өзінің білімі мен қатар адамгершілік қасиеттерімен, қайырымдылығымен, адалдығымен ардақталатыны бәрімізге аян. Саналы ұрпақ қалыптастырудағы жалпы бастау болар тәрбиенің көзі Абайдан табылады.

Әдебиеттерге шолу

Мақаланы жазуда Коменский Я.А., Жарықбаев Қ., Қалиев С., Қоянбаев Р.М., Лопаткин В.М. Қаратабанов Р.Ә. және т.б. ғалымдардың ғылыми еңбектер пайдаланылды. Жоғарыда аталған әдебиеттер табиғат тақырыбының жеке тұлға тірбиелеудегі маңызын түсінуге мүмкіндік беретін маңызды дереккөздер болып табылады.

Зерттеу әдіснамасы

Абай Құнанбаевтың шығармашылығын зерттеу барысында қолданылатын әдістердің әртүрлілігі мен тиімділігі оқушылардың әдебиет пен география пәндеріне деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді. Абайдың табиғатқа, оның мезгілдеріне, және адам мен табиғат арасындағы байланысты терең түсіну үшін келесі зерттеу әдістері қолданылды: салыстырмалы талдау, картографиялық әдіс, креативті жазу, Эстетикалық талдау, сауалнама жүргізу.

Нәтижелер

Абайдың шығармаларының өне бойы тұнып тұрған тәлім-тәрбие. Ол әрбір қазақ жасының ақыл мен сезімді ізгі жүрекке билете білген саналы адам болғанын армандады. Ақынның өшпес, мәңгілік өмірі – сырлы да сұлу поэзиясы, данышпандылық пен сапалық ой қазынасы – дастандары, қара сөздері, осындай ұлы арманнан туындаған. Сондықтан болар, Абай шығармашылығының алтын діңгегі адам тәрбиесі, содан туындайтын халық тәрбиесі екендігін көреміз.

Адамның ішкі жан дүниесін аша білген Абай енді адамның табиғатқа қатысы қандай дәрежеде, ғаламдағы орны қандай болмақ деген ойға келген секілді.Абайдың табиғатты суреттеуі, жылдың төрт мезгіліне түгел арнап өлең жазуы бөлек әңгіме. Көшпенді өмір салтын ұстанып, табиғат аясында табиғатпен кіндіктес ғұмыр кешкен халқымыз үшін бұның бәрі таныс дүниелер. Сондықтан да біздің халық жылдың әр мезгіліне ерекше қарап, олардың әрқайсысын өзінің ерекшелігіне қарай атап отырған, мысалы, жаз – шығады, күз – түседі, қыс – келеді, көктем – туады екен. Осының өзі, яғни табиғаттың әр мезгілін әртүрлі етістікпен атау біздің тіліміздің байлығын көрсетеді. Абай шығармаларын оқи отырып, қарапайым оқиға құбылыстары арқылы түйінді идея, зор тәрбиелік мән берілген ұлы ағартушы туындыларындағы ерекшелікті байқауға болады. «Жаз», «Күз», «Қыс», «Жазғытұры», «Желсіз түнде жарық ай», «Қараша, желтоқсанмен сол бір екі ай», «Қараңғы түнде тау қалғып», «Қан сонарда бүркітші шығады аңға» өлеңдерінде табиғатты терең мағыналы сипаттаулармен, адамды әсемдікке шабыттандыра, қарапайым нәрседен сұлулық көруге жетелейді және табиғат пен адам бойындағы асыл қасиеттермен бірге өзін әсем ұстауына эстетикалық тәрбиенің маңызы зор екендігін мына өлең жолдарынан көруге болады. Ақын қазақ даласының табиғатын көркем бейнелеумен қатар, сол табиғаттың географиялық ерекшеліктерін де терең танытады. Осы арқылы оқушыларға география пәніне деген қызығушылықты арттыруға мүмкіндік бар. Мысалы, «Қыс» өлеңінде боранды, аязы қатты қыстың көрінісі шебер суреттеледі. Мұндай суреттеулер Қазақстанның қатаң континенттік климатына сай келеді. Ақын қысты «ақ киімді, денелі, ақ сақалды» қарт бейнесінде көрсете отырып, қар мен боранның, суықтың адам мен табиғатқа әсерін нақты сипаттайды. «Қыс» өлеңін оқығанда, аязды қыстың суық лебі бетке тигендей болады. Табиғат тақырыбында жазылған бұл өлеңдері - ақынның асқан суретші екендігіне толық дәлелі. «Триггерлік суреттер» әдісі [1] арқылы тақырыпқа байланысты қыс мезгілінің суреті көрсетіледі. Мысалы, сабақ басында тақтаға боран, қар, ересек адамның, сұрақ белгісінің суреттері салынады. Не көріп тұрсыңдар? Мынау кімдер? Ол не туралы сұрап тұр деп ойлайсыңдар? Осы суретке байланысты қандай өлең жолдарын білесіңдер? деген сұрақтар қою арқылы тақырыпқа қызығушылықтарын оятып, шығарманың және мәтін мазмұнын меңгертудің алғашқы қадамы орындалады.

Сол сияқты «Күз» өлеңінде ақын сары түске боялған даланы, жаңбырлы күндерді, табиғаттың жайлап тынымға бет алғанын суреттейді. Осы өлеңнен күзгі ауа райының өзгерісін, ауыл тіршілігінің күзгі көріністерін байқауға болады. Абайдың бұл өлеңдерін география сабағында қолдану – пәнаралық

байланысты нығайтады. Мұғалімдер өлеңдегі табиғи құбылыстарды сипаттата отырып, сол құбылыстардың себебі мен салдарын географиялық тұрғыдан түсіндіре алады. Мысалы, өлеңнен үзінді келтіріп, картадан Қазақстанның қай аймақтарында осындай табиғат құбылыстары жиі кездесетінін анықтауға болады. Бұл оқушының ойлау қабілетін, елестетуін және пәнге деген қызығушылығын арттырады. Негізінде оқу үдерісінде пәнаралық байланыстың болғаны тиімді.

“Суретпен сөйлет” немесе “Өлеңмен бейне жасау” әдісі арқылы көркем елестету арқылы табиғи құбылыстарды сипаттау, визуалды ойлау. Абайдың бір табиғат өлеңін тыңдатып, сол бойынша оқушыларға сурет салдыру. Кейін осы суреттерді география ұғымдарымен байланыстыру. “Күн күркіреді”-атмосфералық фронттар, “Салқын самал”-жел бағыттары, ауа температурасы т.б Үй тапсырмасы ретінде жоба жұмысын жасау. “Менің өлкем -Абай суреттеген табиғатпен үндесе ме?” деген тақырыпта оқушының туған жерін сипаттау. Тағы да бір оқу мақсатына жеткізетін тиімді «Festisait» спираль әдісі арқылы «Күз» өлең жолдарын тауып, бүгінгі сабағымыздың тақырыбына байланыстырады. Топтық жұмыс ретінде «GREAT» әдісі арқылы өлең жолдарында кездескен «Тұман», «Жел», «Нөсер жаңбыр», «Шаңды дауыл» деген қолайсыз атмосфералық құбылысты сипаттап, талдайды.Қай мезгілдегі болатын қолайсыз құбылыс екенін не? неліктен? қалай? қаншалықты? деген сұрақтарға жоспар бойынша жауап іздеп ең соңында ой түйіндісін жазады.

Абайдың адамның табиғатқа қатысы мен ғаламдағы орнын анық суреттеген өлеңі көктемге байланысты өлең – «Жазғытұры» деп аталады.«Жазғытұры» өлеңінде көктем мезгіліндегі табиғаттың жаңару сәттері – өзеннің еріп, жердің жылынуы, құстардың келуі, шөптің шығуы секілді құбылыстар бейнеленеді. Мұндай бейнелеулер арқылы оқушы табиғаттағы маусымдық өзгерістер мен экологиялық байланыстарды түсіне бастайды.

5 «А» сыныбында өткен жаратылыстану пәніндегі 6 бөлімнің 1 тарауында өткен «Тірі ағзалардың сан алуандығы» [2] тақырыбының 5.6.2.1 – ағзаларды тірі табиғат дүниелеріне жіктеу оқу мақсатына жету үшін осы өлең жолдарымен бастадым. «Миға шабуыл» әдісі арқылы: 1. Қандай өлең жолдарының жалғасы? 2. Өлеңнің қандай жолдарынан табиғат көрінісі бейнеленген? 3. Көктем мезгіліндегі тірі ағзалардың әрекеті қандай? сұрақтаға жауап береді. «Ассоциация» әдісі арқылы «Тірі ағза » сөзіне жалпы мәлімет жинайды.

География пәнінде Абай табиғат лирикасы қолдану оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың тиімді жолдарының бірі деп білемін. Жоғарыда қазақ әдебиеті пәнінде берілген шығарманы негізге ала отырып, білім алушылардың география пәнін еркін әрі тиімді меңгеруіне жағдай жасаймыз. Бұл тәсіл оқушыларға ұлттық құндылықтарды тереңірек түсінуге көмектесіп, оларды еркін ойлайтын, білімі мен мәдениетін ұштастыратын тұлға ретінде қалыптастырады. Ұлы педагог Я.А. Коменский:

«Барлық өзара байланысты нәрселерді де өзара байланыста оқыту қажет», – деп атап өткен [3].

Білім беру жүйесінің қызметінде интеграцияны қолдану дүниенің тұтастай көрінісін қамтамасыз етіп, теориялық және практикалық мәселелерді шешу барысында адамның жүйелі ойлау қабілетін қалыптастыруға және дамытуға ықпал етеді» [4]. Әдебиет пен география сабақтарын интеграциялау – заманауи білім берудегі өзекті бағыттардың бірі. Бұл әдіс оқушылардың аналитикалық ойлауын дамытып, олардың ойлау құзыреттілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Абай Құнанбаевтың табиғат лирикасы – қазақ даласының көркем шежіресі ғана емес, сонымен қатар таным көзі. Бұл өлеңдер тек әдебиет сабағында ғана емес, география пәнінде де маңызды құрал бола алады. Табиғат туралы терең сезіммен жазылған бұл туындылар арқылы оқушылар табиғат құбылыстарын тек сурет ретінде елестетпей, оны ғылыми тұрғыдан да түсіне бастайды. Осындай пәнаралық әдістерді қолдану – оқушыны жан-жақты дамытудың, пәнге деген қызығушылығын оятудың тиімді жолы.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Симбаева Б. Белсенді оқу мен оқытуда қолданылатын әдістер: әдістемелік құрал. – Нұр-Сұлтан: «Тұран-Астана университеті» баспаханасы, 2019. – 133 б.
2. Верховцева Л.А., Костюченка О.А., Ушакова М.В. Жаратылыстану: 5-сынып. – Алматы: «Алматыкітап» баспасы, [жылы көрсетілмеген].
3. Коменский Я.А. Избранные педагогические сочинения. – М.: «Издательство», 1955. – 287 с.
4. Лопаткин В.М. Интеграционные процессы в региональной системе педагогического образования: монография. – Барнаул: «БГПУ», 2000. – 162 с.
5. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақтың тәлімдік ой-пікірлер антологиясы: 1-том. – Алматы: «Рауан», 1994.
6. Қоянбаев Р.М. Білім беру және оқыту теориясы. – Алматы: «ҚМПУ», 1990. – 120 б.
7. Қаратабанов Р.Ә., Байметова Ж.Р. География: 7-сынып. – Алматы: «Алматыкітап» баспасы, 2023.

«БІРТҰТАС ТӘРБИЕ» БАҒДАРЛАМАСЫ ЖӘНЕ «ТОЛЫҚ АДАМ» КОНЦЕПЦИЯСЫ: АБАЙ ІЛІМІ АРҚЫЛЫ ЖАС ҰРПАҚТЫҢ БОЙЫНДА ТҰЛҒАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Бекбергенов Асет Игликович,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы,
директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,
«Тәттімбет атындағы Қарағанды өнер колледжі» КМҚК

Аңдатпа. *«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы – Абайдың «Толық адам» концепциясына негізделген. Абай шығармаларында көрініс тапқан құндылықтар арқылы тәрбие беру өз өзектілігін жойған жоқ. Абай ілімі мен заманауи тәрбие беру арасындағы сабақтастық мақаланың маңыздылығын көрсетеді.*

Түйін сөздер: *Біртұтас тәрбие, тұлға, толық адам, қайрат, ақыл, жүрек*

Кіріспе

Жаһандану үдерісі қарқын алған қоғамда тұлға тәрбиелеу ісі – аса маңызды, аса қажетті үдеріс. Қазіргі таңда жас ұрпақтың тұлғалық тұрғыдан толыққанды қалыптасуы үшін кешенді жұмыстар қолға алынып, жүзеге асырылуда. Үстіміздегі жылы оқу-тәрбие үдерісіне енгізілген «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – осы кешенді жұмыстарға бағдар болар басты құжаттардың бірі. Аталған құжатта көрініс тапқан «Тәрбие құндылықтары», оларды іске асыру тетіктері дәстүрлі тәрбие беру үдерісімен сабақтас, жүйелес.

Ұрпақ тәрбиесін әрдайым басты назарда ұстанған халқымызда тәрбие берудің түрлі құралдары бұған дейін де болған. Терең тарихтан бастау алатын «тәрбие» ұғымы қоғамның ажырамас бөлшегі іспетті. Сенімі берік, рухы мықты ұрпақ тәрбиелеудегі басты ұстанымдар ұлылар еңбегімен ұштасып жатуы кездейсоқ құбылыс емес. Соның бірі – қазақ халқының ұлы ақыны, ағартушысы, философы, ғұлама ойшылы Абай Құнанбаев. Абайдың мәңгі жасайтын қағидасы– «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп...».

Әдебиеттерге шолу

Бұл мақаланы жазу барысында Абайды, Абай шығармаларын зерттеген бірнеше ғылыми, әдеби, әдістемелік еңбектерді қарастырдық. Атап айтсақ, Мұхтар Әуезовтің «Абай Құнанбаев» монографиясы, Зейнолла Қабдоловтың «Сөз өнері», Ғарифолла Есімнің «Абай және дін», «Хакім Абай» еңбектері. Бұл еңбектердің қайқайсында болмасын Абайдың ұлылығы ғана емес, оның адами қасиеттерге ие болу жолында шығармаларының ұрпақ тәрбиелеудегі, тұлға қалыптастырудағы рөлінің қаншалықты рөлі зор екендігі туралы айтылады. Сол себептен де атақты жазушы, ғалым М.Әуезов Абайды «ағартушы-реформатор», «ұлттың рухани көсемі» деп сипаттаған [1].

«Толық адам» концепциясын талдауға бағытталған Ғ.Есімнің еңбектерінде Абай дүниетанымы кеңінен ашылып, оның шығармалары қазақ халқының рухани жаңғыруымен байланыстырылады [2]. Зерттеуші Б.Кенжебаев Абайды жаңа қазақ әдебиетінің негізін қалаушы ретінде бағалап, оның ағартушылық миссиясын алдыңғы қатарға қояды [3]. Ал М.Қаратаев «Тарихи шындық пен аңыз» атты еңбегінде Абай туындыларында философиялық терең ой мен мән жатқанының айта келе, Абай шығармалары біртұтас рухани құбылыс екендігін айтады [4].

Әдістер мен талдаулар

Біз де өз тарапымыздан жинақтау, жүйелеу, талдау, сараптау әдістерін қолдана келе, Абай шығармаларының «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы мен

Абайдың «толық адам» ілімінің байланысын ашуға тырыстық. Себебі, шын мәнінде, Абай туындылары арқылы жас ұрпақтың бойында тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру оңай әрі маңызды болып табылады.

Абай «адам болу» қағидасының маңыздылығын арттыратын «толық адам» концепциясының негізінде адам тәрбиесіне қатысты «шын таза жан», «түзу адам» мәселесін күн тәртібіне қойды. Күрделі түсінік, қайшылыққа толы адам табиғатын түзеуге ұсынған бұл концепцияда терең таным жатыр. Оны түсініп, тану үшін Абайдың «адам болу» қағидасын ұғынуымыз қажет. Ондағы адамның ішкі әлемінің терең қырларын Абай қалай реттеуді насихат етті, адамға кері әсер ететін зиянды сапасыз қасиеттердің болмысын қалай ашып көрсетті, міне осыларды талдау тиімді. Әуелі адам мінезін қалыпты жағдайға келтірудің маңызы зор деп есептейді ойшыл. [5, 3].

Абайдың қай қара сөзін алып қарасаңыз да, қай өлеңін оқысаңыз да, түбі «толық адам» сипатына сай болуды дәріптейді. Абайдың «толық адам» ілімі «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінен бастау алады. Онда адам бойына қажетті «бес асыл қасиет» пен «бес дұшпан» нақтыланады. Әрбір жас өзінің дүниетанымының қалыптасуында Абай айтқан «жанның пайдалы тамағымен» сусындауға саналы түрде бет бұрғанда ғана толық адам жолына түсе алады. Абай сипаттаған «толық адам» кім? Абай «жүректі» жырлайды. Былайғы қазақтың жүрек туралы ұғымы «жүректі адам», «батыл адам» дегеннен аспайтынын айта келіп, оған тың мағына үстеп, рақым, шапағаттың қайнар көзі деп философиялық тұрғыдан мән береді. Ақыл, қайрат, жүректің бірлігінде жүректі бірінші орынға қояды:

Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,
Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек.

Он жетінші қарасөзінде жүректі сөйлетіп: «қан менен тарайды, жан менде мекен қылады... әділет, нысап, ұят, рақым, мейірбаншылық дейтұғын нәрселердің бәрі менен шығады» - деп сөйлетеді:

Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:
Ыстық қайрат, нұрлы ақыл,жылы жүрек, -
деп ой қорытады ақын [6, 27].

Мұндағы «ыстық», «нұрлы», «жылы» эпитеттеріне ақын терең мағына үстеген. Ақылдың өзін «нұрлы ақыл», «суық ақыл» деп бөлген ақын жоғарыдағы қарасөзінде айтқандай, әділет, нысап, ұят, рақым, мейірбаншылықтың ұясы жүрекке бірінші орынды беруі, соған ішкі қуатты, ақыл-ойды билетуі – адамзатты гуманизмге шақыруы және әрбір адамның бойында мейірбандықтың, адамдықтың үстем болуын қалауы еді.

«Толық адам» – Абайдың армандаған, аңсаған мұрат-мақсаттарының ең биік қол жетпес асқар шыңы. Толық адам ғана нұрлы ақылдың иесі бола алмақ. Абай адам баласына қажетті үш нәрсе ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек екенін тереңнен толғап, толық адамға тән қасиетті көрсетеді. Хакім іздеген толық адам осы қасиеттерден туындайтын талапты, еңбекқор, ізгілікті, мейірімді, қанағатшыл, рахымды, тұла бойы толған ар, ұят, пенделіктен қол үзген имандылық жолындағы абзал азамат. «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек», – дегенде, Абай толық адам хақында

ұстанған көзқарасына сай сипаттарды атайды. Осы үш ұғымнан туындайтын әділет, рахым, мейірім, ар-ұят, талап, еңбек, өнер сияқты қасиеттерге ерекше мән береді. Абайдың «Үш сүю» идеясы арқылы адамгершілігі биік, әділ, еңбексүйгіш, жаңашылдық және отанға қалтқысыз қызмет ете алатын саналы ұрпақ қалыптастыруға болады.

Абайдың «Толық адам» концепциясы

Концепция	Толық адам сапалары	Сапаны құрастырушы элементтер
ТОЛЫҚ АДАМ	ЖЫЛЫ ЖҮРЕК	Махаббат
		Рахым
		Әділет
		Ұят
		Қанағат
	НҰРЛЫ АҚЫЛ	Зеректік
		Білім
		Терең ой
	ЫСТЫҚ ҚАЙРАТ	Талап
		Еңбек
		Шыдамшылық

«Үш сүю» идеясы төмендегідей санамаланады:

1. Алланы сүю.
2. Адамзатты сүю.
3. Әділетті сүю [7, 22].

Осы аталған «үш сүю» – «толық адам» ілімінің темірқазығы.

Абайдың ойынша «Толық адамның» иманы берік, оған ешқандай бөгет жоқ. Ол рухани жаңғыру арқылы Түп Иеге қайтуға толық берілген. Иманы толық. Осыған байланысты «Адам» мен «Толық адамның» рухани дәрежесі ғана емес, мақсаттары мен өмірге көзқарастары да бөлек. «Адам» Абайдың екінші сүюіне «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» деген адамзатты сүю қағидасына ұмтылады. Данышпан оларды «Біріңді, қазақ, бірің дос көрмесең, істің бәрі – бос» деп бірлікке, өзара сүйіспеншілікке үйретеді. Ал «толық адам» үшінші сүюге Алланың Өзін сүюге ұмтылады. Оларға Абай «Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті» қағидасын береді. Бұл таза рухани деңгей. Адамдар қоғам өмірімен тығыз байланыста болса, ал екіншілер, керісінше, көпшіліктен бөлектенуді, өзімен-өзі жеке болуға ұмтылады. Ол өмірді өзінің мақсатына жету құралы ретінде ғана пайдаланады. Абай да жекеленуге ұмтылды, бірақ

қоршаған ортасы оған мүмкіндік бермеді. Оның «Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла» деген сөзі оның осы ішкі сырын білдіргендей болады.

Мысалы, «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңінде: «Кемді күн қызық дәурен тату өткіз, Жетпесе, біріңдікін бірің жеткіз! Күншілдіксіз тату бол шын көңілмен, Қиянатшыл болмақты естен кеткіз!» және «Жаман тату қазады өзіңе ор, Оған сенсең, бір күні боларсың қор. Ары бар, ұяты бар үлкенге сен, Өзі зордың болады иығы да зор», - дейді [7,17]. Осылайша толыққанды адам болудың алғышарттарын ашып көрсетіп береді. Көзді ашып-жұмғанша зыр етіп өте шығар өмірде, ешкімге күндестік қылмай, ала жібін аттамай, өсек емес, өсиет айтып, қоғамға пайдалы, ар-абыройлы болсақ, екі қолға бір күрек алып, кәсіп қылсақ, жоба тауып, замандастарымызға жол көрсетсек, құдайды танып, маңдайымыз адал ас ішіп терлесек қана бақытты ғұмыр кешетініміз жайлы ой тастайды.

Нәтижелер

Білім алушыларды Абай кеңістігі арқылы тәрбиелеу – менің тәжірибемде өз нәтижесін беріп келе жатқан пайдалы тәсілдердің бірегейі. Мәселен: Абай өлеңдерін талдай отырып, білім алушылар өздері-ақ «толық адам» макетін жасап шыға алады. «Толық адам» ілімінің бастауы «Ғылым таппай, мақтанба!» өлеңі екенін де өздері саралайды. Адам бойында болмауы керек «өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ» қасиеттерін талдай келе, күнделікті өмірден мысал келтіреді, бүгінгі қоғамдағы көріністермен салыстырады. Өз ойларын білдіріп саралайды. Менің тарапымнан қойылған: «Оған қарсы тұрар адам бойында қандай жақсы қасиеттер болу керек?» - дегенде, бірден талапты, еңбекқор, терең ойлы, қанағатшыл, рақымшыл адам болу керек екендіктерін жарыса айтады. «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа» өлеңін талдай отырып адам бойынша тепе-тең ұстайтын «ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» атты үш қасиетті өз бойларынан көруге ұмтылады, соны сезінуге тырысады.

Абайдың «Он жетінші қарасөзіндегі» аталған үш қасиеттің дауласа келе, ғылымға жүгінгенін мысалға келтіре отырып білім алушылар жақсы-жаман мінездерді өзі билеп, көкірек көзін біліммен ашқан адам ғана «толық адам» бола алатындығы жайында қорытынды шығара алды. Ал, «Отыз сегізінші қарасөзінде»: «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар, сонан қашпақ керек. Әуелі – надандық, екіншісі – еріншектік, үшіншісі – залымдық» [6, 41]. Бұл қарасөзінде адамның бойындағы рухани құндылықты төмендететін қасиеттерден алыс болу үшін ғылым-білім үйренуге талпыныс жасауға жол көрсетіп, насихат айтады. Бұдан шығатын рухани ілім – жастарды біліммен, ғылыммен сусындату. Бүгінгі қарыштап дамыған қоғамда бәсекеге қабілетті маман болу үшін жастарымыз ғылым мен білімнің тереңіне бойлап қана қоймай, оларды күнделікті дағдыға айналдыруы тиіс. Сонда ғана қоғамда кездесетін түрлі тосқауылдарға тойтарыс бере алатын «Толық адам» болып қалыптасады. Ғылым мен техника дамыған жаһандану заманында табысты адам болу үшін де Абай атаған ізгі қасиеттерді бойға сіңіруіміз қажет-ақ.

Қорытынды

Жоғарыдағы айтылғандарды қорытындылай келе, «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» негізгі тетігі де «толық адам» қалыптастыру. Заманауи

жаңашылдық пен техникалық прогресс пен ұлылар салып кеткен сара да дара жолмен үндессе ғана өз нәтижесін бермек. Сабақтастықтың түйіскен кеңістігі де, діттеген мақсаты да – «толық адам» тәрбиелеу [8, 4].

«Біз Абайдың «Толық адам» тұжырымын қайта зерделеуіміз керек. Бұл бағытта ғалымдарымыз тың зерттеулерді қолға алуы қажет. «Толық адам» концепциясы, шындап келгенде, өміріміздің кез келген саласының, мемлекетті басқару мен білім жүйесінің, бизнес пен отбасы институттарының негізгі тұғырына айналуы керек деп есептеймін» [9, 13], деп ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, Абайдың «Толық адам» тұжырымдамасын, әсіресе, жас ұрпақты тәрбиелеу мен білімді тұлға қалыптастыруда басты рөл атқаратын білім беру ұйымдары назарда ұстап, Абай шығармалары арқылы саналы да білім мен ғылымға ынтызар білім алушыларды тәрбиелеуіміз қажет.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Әуезов М. «Абай Құнанбаев» монография – Алматы, 1976.
2. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: «Санат», 2002.
3. Кенжебаев Б. Абай туралы пікірлер// Абай институты. 2 қараша 2012 https://abai.kaznu.kz/?p=1096
4. Қаратаев М. Тарихи шындық пен аңыз: [Қазақ даласының ойшылдары. IX–XII ғ.]. – Алматы: «Ғылым», 1995. – 159 б.
5. Сейітов М. "Абай философиясының бүгінгі қоғамдағы рөлі"// Абай ғылыми-зерттеу институты Хабаршысы. 2020.
6. Құнанбаев А. Қара сөз. – Алматы: Көшпенділер, 2011.- 99 -100 б.
7. Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. I.Т. Өлеңдер мен поэмалар. Алматы: Ғылым, 1977.- 303 б.
8. ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасы». Астана: 2023.- 51 б.
9. Тоқаев Қ. «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы. Астана: 09.01.2020 ж. https://massaget.kz/blogs/27763/

АБАЙДЫҢ БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМҒА ДЕГЕН КӨЗҚАРАСТАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ БІЛІМ ЖҮЙЕСІМЕН БАЙЛАНЫСЫ

Бекбосынова Гульнара Дарубаевна,
бастауыш сынып мұғалімі,
С.Сейфуллин атындағы №2 ЖББОМ,
Алматы облысы, Талғар қаласы

Аңдетпа. *Мақалада Абай Құнанбаевтың білім мен ғылымға деген көзқарастарының қазіргі білім жүйесімен байланысы зерттеледі. Абайдың білімнің маңыздылығы, тәжірибелік аспектілері және рухани даму мәселелеріне қатысты ойлары талданады. Абайдың білім мен ғылымға шақыруының заманауи білім беру әдістерімен,*

инновациялық тәсілдермен және тұлғалық дамуға бағытталған педагогикалық әдістермен үйлесімділігі көрсетіледі.

Абай көзқарастарының қазіргі білім жүйесінде өзектілігін және маңыздылығын дәлелдейді. Абай Құнанбаевтың мұрасы жастардың білім алуға деген ынтасын арттыруда, сонымен қатар, білім беру процесінің дамуына ықпал етуде маңызды рөл атқарады.

Түйін сөздер: *Абай Құнанбаев, білім, ғылым, білім беру жүйесі, қазіргі білім.*

Кіріспе

Абай Құнанбаев және білім егіз ұғым. Абайдың білім мен ғылымға қатысты көзқарастары қазіргі білім жүйесінің негізін құрауда маңызды рөл атқарады. Мақалада Абайдың білім мен ғылымға деген көзқарастарының заманауи білім жүйесімен байланысы талданады. Абайдың білім мен ғылымға көзқарастары шығармаларында ерекше назар аударылған. Ол білімнің маңызы мен қажеттілігін, адамның рухани және әлеуметтік дамуын қамтамасыз ететін фактор ретінде қарастырады. Сол себепті Абай Құнанбаевтың білім мен ғылымға деген көзқарастарының қазіргі білім жүйесімен байланысын анықтауды мақсат еттік.

Зерттеу нысаны ретінде Абай Құнанбаевтың шығармалары, соның ішінде өлеңдері мен қарасөздері алынды Зерттеуде Абайдың білім мен ғылымға қатысты көзқарастары терең талданады.

Абай білімді алудың, оны меңгерудің, және оны өмірде қолданудың маңыздылығын атап өтеді. Ол жастарды білім алуға, ғылыммен айналысуға шақырады. Өз өлеңінде:

Білімдіден шыққан сөз
Талаптыға болсын кез.
Нұрын, сырын көруге,
Көкірегінде болсын көз...[1, 17], - деп көкіректің көзі екенін

нақты айтады. Абай білімнің тек теориялық емес, практикалық аспектілеріне де көңіл бөлген. Оның пікірінше, білім мен ғылым тәжірибеде қолданылуы тиіс. Абай білімді рухани даму мен адамгершілікпен байланыстырады. Ол білімнің адамды жақсы азамат етіп тәрбиелеуге арналған құрал екенін түсінеді.

Қазіргі білім жүйесімен байланыстыратын болсақ, қазіргі білім жүйесінде Абайдың білім мен ғылымға деген көзқарастары инновациялық әдістермен, яғни оқушыларды белсенді ойлауға, шығармашылыққа, және зерттеуге ынталандыратын тәсілдермен тоғысады. Заманауи білім жүйесі тұлғалық дамуға, критикалық ойлауға, және коммуникативтік дағдыларға ерекше мән береді. Абайдың білім мен ғылымға деген көзқарастары осы бағытта толықтырылады.

Абайдың идеялары қазіргі педагогикалық әдістермен үйлеседі, мысалы, проблемалық оқыту, жобалық іс-әрекет, және тәжірибелік сабақтар. Абай Құнанбаевтың білім мен ғылымға деген көзқарастары қазіргі білім жүйесінің негіздерін құруда маңызды рөл атқарады. Оның идеялары білімнің маңыздылығы, тәжірибелік аспектілері, және рухани дамуды насихаттауы қазіргі заманғы білім беру процесінде өзекті болып табылады. Абайдың

мұрасы білім саласында жаңа тәсілдер мен әдістерді дамытуға ықпал етуде, жастардың білім алуға деген ынтасын арттыруда маңызды рөл атқарады.

Әдебиеттерге шолу

Абай шығармаларын жан-жақты талдап, қыр-сырын ашу үшін төмендегідей әдебиеттер қолданылды:

Абайдың өлеңдер мен қарасөздерін қарастыра отырып, Абайдың шығармашылық мұрасы, оның білім мен ғылымға қатысты көзқарастарының негізі екендігін көрсеттік [1]. Л.Нұрғалиев өзінің «Абай философиясы» атты еңбеігінде Абайдың философиялық көзқарастары, білім мен ғылымның мәні туралы терең талдаса [2], Қ.Жұмалиев «Абай және қазақ әдебиеті» еңбегінде Абайдың қазақ әдебиетіндегі рөлі мен оның білім беру мәселелеріне ықпалын жақсы көрсеткен [3]. М.Тынышбаев та «Абай және қазақ мәдениеті» атты еңбегінде Абайдың мәдениет пен білім мәселелеріндегі көзқарастарын зерттеген [4], ал Т.Сұлтанбеков Абайдың білім беру саласындағы көзқарастарын қазіргі білім жүйесімен байланыстыра зерттеген [5].

Зерттеу әдістері

- Әдеби талдау: Абайдың шығармаларын терең талдау арқылы оның білім мен ғылымға қатысты тақырыптарын, стильдерін, және көркемдік құралдарын зерттеу.
- Философиялық талдау: Абайдың білім мен ғылымға қатысты философиялық көзқарастарын анықтау, оның адам мен қоғам арасындағы байланыстарды қалай түсінетінін талдау.
- Әлеуметтік талдау әдісі: Абайдың білім мен ғылымға деген көзқарастарының қазіргі білім жүйесіне әсерін зерттеу үшін сауалнамалар мен интервьюлер жүргізу.
- Тарихи-салыстырмалы- әдіс: Абайдың өмірі мен шығармашылығының тарихи контекстін зерттеу, оның білім мен ғылымға деген көзқарастарының қалыптасу себептерін анықтау.

Зерттеу кезеңдері

- Деректер жинау. Абайдың шығармаларын, сондай-ақ, оған қатысты ғылыми әдебиеттерді жинау.
- Талдау жүргізу. Жиналған деректерді әдеби, философиялық, және социологиялық тұрғыдан талдау.
- Нәтижелерді өңдеу. Талдау нәтижелерін жүйелеп, қорытынды жасау.
- Есеп дайындау. Зерттеу нәтижелерін баяндап, ғылыми мақала немесе диссертация түрінде рәсімдеу.

Зерттеу нәтижелері

Зерттеу Абай Құнанбаевтың білім мен ғылымға деген көзқарастарының қазіргі білім жүйесіндегі орнын терең түсінуге, оның шығармаларының заманауи қоғамдағы маңызын анықтауға, сондай-ақ, қазақ әдебиетінің, мәдениетінің, және білім беру жүйесінің дамуына үлес қосуға бағытталған.

Зерттеу барысында Абай Құнанбаевтың білім мен ғылымға деген көзқарастарының қазіргі білім жүйесімен байланысы жөнінде бірнеше маңызды қорытындыларға қол жеткізілді:

1. Абай білімді алудың, меңгерудің, және оны өмірде қолданудың маңыздылығын атап өтті. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, қазіргі білім жүйесінде де білімнің рөлі аса маңызды, бұл жастардың тұлғалық дамуына ықпал етеді.

2. Абай білімнің тек теориялық қана емес, практикалық аспектілеріне де мән берді. Заманауи білім беру жүйесінде де білімнің практикада қолданылуына баса назар аударылып, оқушыларды өмірге бейімдеу мақсатында тәжірибелік сабақтар жүргізіледі.

3. Абай білімді рухани даму мен адамгершілікпен байланыстырады. Зерттеу нәтижелері қазіргі білім жүйесінде де білім мен адамгершілік құндылықтарды қатар дамыту қажеттілігін көрсетеді.

4. Абайдың білім мен ғылымға қатысты көзқарастары қазіргі заманғы инновациялық әдістермен, яғни, оқушыларды белсенді ойлауға, шығармашылыққа, және зерттеуге ынталандыратын тәсілдермен үндес келеді.

5. Абайдың идеялары қазіргі педагогикалық әдістермен үйлеседі. Мысалы, проблемалық оқыту, жобалық іс-әрекет, және топтық жұмыс сияқты әдістер Абайдың білім беру жүйесіндегі көзқарастарына сәйкес келеді.

6. Абайдың шығармалары жастарды білім алуға, ғылыммен айналысуға шақырады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Абайдың мұрасы қазіргі жастардың білімге деген ынтасын арттыруда маңызды рөл атқарады.

Абай Құнанбаевтың білім мен ғылымға деген көзқарастары қазіргі білім жүйесінің негіздерін құруда маңызды рөл атқарады. Оның идеялары білімнің маңыздылығы, тәжірибелік аспектілері, және рухани дамуға қатысты мәселелерді қарастыра отырып, жастардың білім алуын және білім беру процесінің дамуын қолдауда өзекті болып табылады.

Қорытынды

Абай Құнанбаевтың білім мен ғылымға деген көзқарастары қазіргі білім жүйесінің дамуына айтарлықтай ықпал етті. Зерттеу барысында анықталғандай, Абайдың шығармаларындағы білімнің маңызы, практикалық аспектілері, және рухани даму мәселелері қазіргі заманғы білім беру тәсілдерімен тығыз байланысты.

Абайдың білім мен ғылымға шақыруы жастардың білім алуға деген ынтасын арттыруда, сондай-ақ, олардың тұлғалық және рухани дамуына ықпал етуде маңызды рөл атқарады. Оның идеялары заманауи білім жүйесінің инновативті тәсілдерімен, педагогикалық әдістерімен және тұлғалық дамуға бағытталған принциптерімен үйлеседі.

Зерттеу нәтижелері Абайдың мұрасының қазіргі білім беруде өзектілігін дәлелдейді. Абай Құнанбаевтың идеялары білімнің тек теориялық емес, практикалық және рухани аспектілерін де қамтитын білім беру жүйесінің негізі ретінде маңызды болып табылады.

Осылайша, Абайдың білім мен ғылымға деген көзқарастары қазіргі білім жүйесінің қалыптасуына, жастардың білім алуға деген қызығушылығын арттыруға, және қазақ мәдениетінің рухани байлығын дамытуға ықпал етуді жалғастырып отыр. Абайдың мұрасы – қазақ халқының білім мен ғылымға деген көзқарасының әрі қарай дамуына негіз болатын құнды ресурс.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Құнанбаев А. Өлеңдер мен қарасөздер.- Алматы: «Жазушы», 1988.
2. Нұрғалиев Л. Абай философиясы.-Алматы: «Қазақ университеті», 2007.
3. Жұмалиев Қ. Абай және қазақ әдебиеті.-Алматы: «Ғылым», 2000.
4. Тынышбаев М. Абай және қазақ мәдениеті.- Алматы: «Мектеп», 2010.
5. Сұлтанбеков Т. Абайдың білім беру жүйесі.-Алматы: «Қазақ жазушылары», 2015.
6. Әуезов М. Абай жолы.-Алматы: «Жазушы», 1995.

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ОРНЫ

Боканова Айгул Ахметсапина,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, магистр
А.Байтұрсынұлы атындағы Bilot SCHOOL
мектеп-лицейі, Астана қаласы

Аңдатпа. *Бұл мақалада Абай Құнанбаев шығармаларындағы рухани-адамгершілік құндылықтардың ұлттық білім беру жүйесіндегі орны мен маңызы жан-жақты талданды. Ақынның «толық адам» тұжырымдамасы, қара сөздеріндегі және поэзиясындағы тәрбие мен білімге, әділет пен мейірімге үндейтін ойлары қазіргі жастардың рухани дамуына ықпал ететін маңызды құрал ретінде қарастырылды. Зерттеу нәтижесінде Абай мұрасының ұлттық тәрбие мен тұлға қалыптастыруда маңызы зор екені дәлелденді. Сонымен бірге ақынның білім мен тәрбиеге қатысты көзқарастары талданып, оның шығармаларындағы көріністері сарапталды. Абайдың педагогикалық ой-тұжырымдарына талдай отырып, олар ұлттық рухани құндылықтар, халықтық дәстүрлер мен даналық негізінде қарастырылды. Абай зайырлы білім мен адамгершілік тәрбиенің маңыздылығын айқындай отырып, ақыл-ойы дамыған, кемел тұлғаны қалыптастыруды көздегені дәлелденді.*

Түйін сөздер: *ағартушы, педагогикалық көзқарастар, тәрбие, білім, таным, адамгершілік, тұлға қасиеттері.*

Кіріспе

Зерттеудің мақсаты – Абай шығармаларында көрініс тапқан рухани-адамгершілік құндылықтардың мәнін ашу және олардың ұлттық білім беру жүйесінде тәрбие құралы ретінде қолданылу мүмкіндіктерін ғылыми негізде анықтау. Осы мақсатқа жету үшін мынадай міндеттерді жүзеге асыру көзделеді: Абайдың поэзиясы мен қара сөздеріндегі негізгі рухани-адамгершілік құндылықтарды жүйелеу; Абай ілімін білім беру мазмұнына тиімді енгізу жолдарын ұсыну.

Қазіргі жаһандану заманында жас ұрпақтың рухани жаңғыруы, ұлттық болмысын сақтау мен дамыту мәселесі алдыңғы қатарға шықты. Бұл үдерісте

ұлттық идеяны, дәстүрлі құндылықтарды насихаттайтын ұлы тұлғалардың шығармаларын білім беру жүйесіне енгізу – уақыт талабы. Абайдың рухани-адамгершілік мұрасы – қазақ халқының рухани коды, ұлттық тәрбие үлгісінің қайнар көзі. Осы орайда, Абай мұрасын бүгінгі білім беру процесінде тиімді пайдалану – ел болашағы үшін маңызды мәселе болып табылады. Мақаланың өзектілігі де дәл осы қажеттіліктен туындайды.

Әдебиеттерге шолу

Зерттеудің негізгі материалы ретінде «Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы», «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» қарастырылды. Бұл еңбектер тақырыпты жан-жақты ғылыми тұрғыда негіздеуге мүмкіндік берген аса маңызды дереккөздер болды. Сонымен бірге М.Әуезовтің «Абай Құнанбаев» атты мақалалар мен зерттеулер жинағы (1967) Абайдың рухани әлемі мен дүниетанымдық көзқарастарын рухани-адамгершілік құндылықтар тұрғысында талдап, ашып көрсету үшін қарастырылды. К.К. Кенжегалиевтің «Абай Құнанбаевтың “Қара сөздеріндегі” психология» (2013) атты еңбегі Абайдың философиялық және психологиялық ой-толғамдарын қазақ ағартушылық ойының контексінде зерделеуге арналды. К.Б.Фазилованың «Абай Құнанбаев шығармаларының көркемдік ерекшеліктері» (2016) атты мақаласы Абай поэзиясының көркемдік құрылымын, бейнелеу тәсілдерін талдай отырып, ақынның адамгершілік идеяларын жеткізудегі поэтикалық шеберлігін ашуға мүмкіндік берді. Қарастырылған әдебиеттер жиынтығы Абай шығармаларындағы рухани-адамгершілік құндылықтарды жүйелі түрде зерттеуге, олардың қазіргі ұлттық білім беру кеңістігіндегі маңызын дәлелдеуге мүмкіндік берді.

Зерттеу әдіснамасы

Мақалада Абай Құнанбаевтың шығармаларында көрініс тапқан ұлттық құндылықтарды кеңінен ашу мақсатында бірнеше зерттеу әдіс-тәсілдері қолданылды. Атап айтқанда, феноменологиялық, тарихи және филологиялық зерттеу бағыттарындағы герменевтикалық (мәтінді терең түсіндіру), концептуалды (негізгі идеялар мен ұғымдарды анықтау) әдістер кешенді зерттеу жасауға пайдаланылды. Бұл әдіснамалық ұстанымдар Абай шығармаларындағы білім, тәрбие, адамгершілік пен рухани құндылықтардың мәнін тереңірек ұғынуға мүмкіндік берді.

Нәтижелер

Абай шығармаларындағы рухани-адамгершілік құндылықтар ұлттық білім беру жүйесі үшін аса маңызды тәрбие негізі бола алады. Бұл құндылықтар білім алушылардың тұлғалық қалыптасуына, ұлттық сана-сезімінің, рухани дүниетанымының дамуына ықпал етеді. Абай шығармалары қазақ халқының дүниетанымын, ұлттық ділін, салт-санасын терең бейнелейді. Абайдың «толық адам» концепциясы – мейірім, әділет, ар-ұят, қайрат, ақыл, жүрек сияқты категориялар арқылы тұлғаның кемелдену жолын көрсетеді. Бұл идеяларды оқу арқылы оқушылар адамның ішкі рухани әлемін тануға, адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіруге, өзгеге жанашыр, әділетті, адал болуға тәрбиеленеді. Абай халқын білімге, ғылымға шақырып, білімсіздік пен надандық адамды толыққанды тұлға етпейтінін айтқан. «Адамның білімі –

оның адамшылығының өлшемі» – деп жазған Абай [1]. Ол ең асыл адамдық қасиеттер ретінде ұлтқа деген сүйіспеншілікті, адамға деген махаббатты, мейірімділік, шыншылдық, әділеттілік, еңбекқорлық пен білімге құштарлықты дәріптеді. Абай Құнанбаевтың шығармашылығы – ұлттық болмысты тереңнен тануға мүмкіндік беретін құнды мұра.

Абай мұрасы – ұлттық идеяның, ұлттық білім мен тәрбиенің мәңгілік өзегі. Қайым Мұхамедханов былай деп жазады: «Абай — тек ақын ғана емес, ол қазақ халқының рухани жаңғыруының бастауында тұрған ойшыл, философ. Оның шығармашылығы әрбір қазақтың рухани дүниесін байытуға, білім мен еңбекке деген көзқарасты қалыптастыруға бағытталған» [4]. Абай шығармашылығы шынымен де адамның рухани дамуы мен қоғамдағы орны туралы терең ойларды қамтиды. Қоғамдағы әділетсіздік пен надандықты көрген ойшыл, жастық кезеңінің бейқам, алаңсыз шағын сағынышпен еске алады. Ол сол жаста ғылым-білімге көңіл бөлмегеніне өкініш білдіреді. Мәселен, «Жастықтың оты, қайдасың…» деген өлеңде ақын ішкі күйзелісін, өкіну сезімін білдіре отырып, жастық кезеңді пайдалы іспен, біліммен ұштастыру қажеттігін меңзейді:

« Жастықтың оты , қайдасың?
Жүректі түртіп қозғамай?
Ғылымның біліп пайдасын,
Дүниенің көркін болжамай» [3]. Аталған жолдардан ғылым мен білімге ұмтылу – жастық шақтың басты мақсаты болуы керек деген ой түйеміз.

Мұхтар Мырзахметұлының пікірінше: «Абай қазақ халқының кемелденуі үшін терең білім мен еңбекке ұмтылу қажеттігін ұқтырады. Ол адамның рухани байлығы мен қоғамның дамуы арасындағы байланыстың маңыздылығын түсіндірді» [4]. Нағыз адал еңбек – біліммен, ізденіспен байланысты екендігін ақын өзінің өлеңдерінде нақтылайды. Соның бірі – «Түбінде баянды еңбек – егін салған» өлеңі:

«Түбінде баянды еңбек – егін салған,
Жасынан оқу оқып, білім алған,
Би болған, болыс болған өнер емес,
Еңбектің бұдан өзге бәрі жалған» [3]. Бұл өлеңде ақын мансапқорлық пен атақ қуушылықтың жалғандығын ашық айтып, нағыз құндылықты – адал еңбек пен терең білімге негізделген іс деп таниды.

Абай Құнанбайұлының қара сөздері – ұлттың моральдық болмысын айқындайтын тағылымды туындылар. **Жетінші қара сөзінде** Абай адамды тәрбиелеудегі ақыл мен білімнің маңызын атап көрсетіп, надандықтан арылуға үндейді. **Он тоғызыншы сөзінде** жақсы мен жаманды ажырата білудің – жүрекке қатысты іс екенін айтып, иман мен жан тазалығын бірінші орынға қояды.

К. Кенжегалиевтің пікірінше, Абай Құнанбаевтың «Қара сөздері» өзінің мәні жағынан Ж.Ж. Руссоның «Эмиль немесе тәрбие туралы», Дж. Локктың «Джентльмен тәрбиесі», Я.А. Коменскийдің «Ұлы дидактика», А.С. Макаренконың «Педагогикалық поэма» және К.Д. Ушинскийдің «Еңбек және оның психикалық, тәрбиелік мәні» сияқты классикалық педагогикалық

еңбектерімен тең тұрады [2]. Абай шығармашылығы терең адамгершілік мағынаға ие. Ол бұдан бір ғасырдан астам уақыт бұрын-ақ ағартушылық, еңбек, халықтың рухани бірлігі сынды жалпыадамзаттық идеалдар туралы ой толғаған. Ол адам баласын өзінің ар-намысын сақтауға, жамандықтан аулақ болуға шақырады. **«Он жетінші қара сөзінде»** ақын: «Қайрат, ақыл, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек» [3], – деп, адам баласы ақыл, жүрек, қайратты тең ұстағанда ғана толық адам болатынын айтады. Яғни, жан тазалығы мен ар-намысты сақтаған адам ғана рухани кемелдікке жете алады. Сондықтан ақын шығармаларының білім мен тәрбие берудегі маңызы, сонымен бірге жастарға адамгершілік құндылықтарды дәріптеуде айрықша құнды.

Қорытынды

Абай шығармаларының басты идеялық бағыттарының бірі — ұлттық құндылық. Абай шығармашылығындағы рухани-адамгершілік құндылықтар және олардың ұлттық білім беру жүйесіндегі маңызы өте зор. Оның шығармалары ұлттық білім беру жүйесінің дамуына, жастардың моральдық және интеллектуалдық өсуіне, қоғамның рухани тұрғыдан дамуына үлкен үлес қосатын маңызды фактор болып табылады. Ақынның ұлттық білім мен тәрбие жүйесін жетілдіруге бағытталған тұжырымдамалары бүгінгі күні де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Абайдың шығармаларын жастарды тек біліммен ғана емес, сонымен қатар олардың ұлттық құндылықтарды құрметтеуге, жан- дүниелерін рухани байытуға, тұлғалық қасиеттерін дамытуға бағытталған ұлттық тұжырымдама деп бағалаймыз.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Әуезов М.Ә. Абай Құнанбаев: мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: «Ғылым», 1967.

2. Кенжегалиев К.К. Абай Құнанбаевтың «Қара сөздеріндегі» психология – XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ ағартушысының көзқарасы // Фундаменталды зерттеулер журналы. – 2013. – №10 (3-бөлім). – Б. 659–664.

3. Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы : үш томдық. Т.1 / құраст. жауапт. ред. алқа. – Алматы: «Жазушы», 2020. – 604 б.

4. Абайтану. Таңдамалы еңбектер: ойлар мен толғаныстар. – XXII т. – Алматы: «Қазақ университеті», 2017. – 294 б.

АБАЙ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ӨЗГЕРІСТЕР: АҚЫННЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ҚОҒАМ МЕН АДАМ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Даулетова Алтын Жолдасбаевна,
бастауыш сынып мұғалімі
Қарғалы ауылы №1 орта мектеп КММ

Аңдатпа. *Бұл мақалада Абай Құнанбаевтың шығармашылығындағы қоғам мен адам мәселелері, сондай-ақ оның әлеуметтік өзгерістерге деген көзқарасы қарастырылады. Абай өз шығармаларында қоғамның рухани және әлеуметтік дамуын, адамдар арасындағы әділеттілік пен адамгершілік қағидаларын жоғары бағалап, әлеуметтік теңсіздікке, білімсіздікке қарсы шыққан. Ақынның ойынша, қоғамды жаңғырту үшін білім мен ғылымның маңызы зор, ал ұлттық мәдениет пен дәстүрлерді сақтай отырып, оларды жаңарту қажет. Мақалада Абайдың әлеуметтік реформалар мен қоғамдық әділеттілікті қамтамасыз етуге бағытталған көзқарастары талданып, оның шығармашылығының қазіргі қоғамдағы өзектілігі көрсетілген. Абайдың адам мен қоғамға деген көзқарастары бүгінгі күнде де маңызды болып отыр және жастарға рухани, моральдық дамудың қажеттілігін ұғындыруда зор рөл атқарады.*

Түйін сөздер*: Абай Құнанбаев, шығармашылық, қоғам, адам, әлеуметтік өзгерістер, әділеттілік, адамгершілік, білім мен ғылым, ұлттық мәдениет, әлеуметтік реформалар, рухани жаңғыру.*

Кіріспе

Абай Құнанбаев – қазақ халқының ұлы ойшылы, ақыны, философы, әрі реформаторы. Оның шығармалары тек әдебиет пен өнердің туындылары ғана емес, сонымен қатар қазақ қоғамының рухани әлемін, оның тарихи дамуын, адамгершілік және әлеуметтік құндылықтарын терең түсіну мен талдауды қажет етеді. Абайдың шығармашылығы адам мен қоғамның арасындағы күрделі қатынастарды, жеке тұлғаның қоғамдағы орны мен жауапкершілігін қарастырады. Сонымен қатар, ақын өз шығармаларында қазақ қоғамының әлеуметтік өзгерістерге деген қажеттілігін атап көрсеткен және сол кезеңдегі әлеуметтік жағдайлар мен қоғамның даму жолдары туралы ойларын білдірген.

Бұл мақалада Абай Құнанбаевтың шығармашылығында қоғам мен адам мәселелерінің қалай ашылғаны, сондай-ақ оның әлеуметтік өзгерістер мен қоғамдағы рухани дағдарысқа қатысты көзқарастары талданады. Абайдың әлеуметтік мәселелерге қатысты ойлары бүгінгі таңда да өзектілігін жоғалтпай, қазіргі қоғамның дамуына қажетті бағытты көрсетуі мүмкін.

Зерттеу мақсаты: Абай Құнанбаевтың шығармашылығындағы қоғам мен адам мәселелерін, сондай-ақ оның әлеуметтік өзгерістер мен реформаларға қатысты көзқарастарын зерттеу. Ақынның әлеуметтік әділеттілік, білім мен ғылым, ұлттық мәдениет және рухани дамуға қатысты ойларын талдау арқылы қазіргі қоғам үшін маңызды бағыттарды айқындау.

Міндеттері 1) Абай Құнанбаевтың шығармашылығында қоғам мен адам мәселесінің қалай ашылғанын анықтау. 2) Ақынның әлеуметтік өзгерістерге деген көзқарастарын және қоғамның рухани жаңғыруын қалай көтергенін талдау. 3) Абайдың әлеуметтік сындарын, оның қазақ қоғамының әлеуметтік мәселелеріне қатысты пікірлерін зерттеу.

Зерттеудің өзектілігі. Абай Құнанбаевтың шығармашылығы тек әдебиет пен философияның қазынасы ғана емес, сондай-ақ қазақ қоғамының әлеуметтік және рухани дамуының негізі болып табылады. Бүгінгі күні Қазақстан қоғамында әлеуметтік өзгерістер мен жаңғыру қажеттілігі айқын сезілуде. Абайдың әлеуметтік мәселелерге қатысты көзқарастары мен ойлары қоғамның мәдениетінің, адамгершіліктің, білімнің және әділеттіліктің маңыздылығын қайтадан қарастыруға шақырады.

Абайдың қоғам мен адамға деген көзқарасы: Абай Құнанбаевтың шығармашылығында қоғам мен адам мәселесі өзекті орын алады. Оның өлеңдері мен қара сөздерінде қоғамның моральдық, рухани, әлеуметтік жағдайына терең үңілу байқалады. Абай қоғамдағы әділетсіздік, теңсіздік, моральдық құлдырау мен рухани дағдарысқа қарсы болды. Сонымен қатар, ақынның шығармашылығы қазақ халқының ұлттық өзін-өзі тануы мен мәдениетінің жаңғыруын мақсат тұтты.

Абайдың адам мәселесіне қатысты көзқарасы ерекше. Ол адамның өзін-өзі тануы, өзінің ішкі әлемін түсінуі мен дамытуы қажет деп есептеді. Сонымен қатар, ақын адамның қоғам алдындағы жауапкершілігін де атап өтті. Абай әр адамның жеке тұлға ретінде дамуы мен қоғамдағы орнына мән берді. Оның шығармашылығында адамға деген құрмет, оның өмірдегі және қоғамдағы міндеті туралы терең ойлар кездеседі.

Әлеуметтік өзгерістер мен Абайдың шығармашылығындағы әлеуметтік сын. Абайдың шығармашылығында қазақ қоғамының әлеуметтік мәселелеріне қатысты өткір сындар орын алады. Ақын қазақ халқының дәстүрлі көзқарастарын, қоғамның артта қалушылығын, оқу мен ғылымға деген немқұрайды көзқарасты сынға алды. Оның ойынша, қоғамдағы теңсіздік, кедейлік пен білімсіздік адамды тұрмыстық және рухани тұрғыда төмендетеді. Абай ұлттық мәдениет пен дәстүрлерді сақтай отырып, оларды жаңғырту қажет екенін айтты.

Абайдың әлеуметтік сындары көбінесе қоғамдағы мәдени және рухани дағдарыспен байланысты болды. Ол әлеуметтік теңсіздіктерге қарсы күресіп, қоғамды жаңғыртуға шақырды. Ақын халықтың ұлттық санасын оятуға тырысып, оның рухани деңгейін көтеруге ұмтылды. Абай өзінің өлеңдері мен қара сөздерінде, әсіресе, білім мен ғылымның маңыздылығына ерекше көңіл бөлді. Ол жастарды білім алуға, қоғамның мәдениетінің жоғарғы деңгейіне көтерілуге шақырды.

Қоғамдық өмірдегі адам мен әлеуметтік әділеттілік. Абай Құнанбаевтың әлеуметтік өзгерістерге деген көзқарасы қоғамдық әділеттіліктің орнауын талап етті. Оның шығармашылығында адамның құқықтары мен еркіндігі, жеке тұлғаның қоғамдағы орны мен рөлі туралы маңызды ойлар бар. Абай білім мен ғылымды қоғамның дамуына бағыттайтын маңызды құралдар ретінде қарастырды. Ол қоғамды тек сыртқы өзгерістермен ғана емес, ішкі рухани құндылықтар мен адамгершілік негіздермен жаңартуды ұсынды. Абайдың ойынша, қоғамның дамуы үшін адамдардың өзара түсіністік пен құрметте өмір сүруі маңызды. Ол қоғамның адамгершілік негіздеріне күмән келтіріп, оның моральдық деңгейін арттыруды көздеді. Ақын өзінің шығармаларында әділетсіздік пен теңсіздікке қарсы шықты, адамдардың бір-біріне деген мейірімін, жанашырлығын арттыру қажеттігін айтты.

Абайдың әлеуметтік реформалары және қоғамның рухани жаңғыру. Абай Құнанбаевтың шығармашылығында әлеуметтік реформалардың қажеттілігі ашық айтылған. Ол өзінің өлеңдері мен қара сөздерінде қазақ қоғамының мәдени және әлеуметтік жаңғыруы жолында қандай шаралар қабылдау керектігін айқындады. Абай ұлттық мәдениетті жаңғыртуды, оқу

мен ғылымды жоғары бағалауды, адамгершілік қасиеттерді сақтауды ұсынды. Ол «қоғамдық дамудың басты құралы — білім мен ғылым» деген пікірді ұстанды. Абай жастарды білім алуға, рухани тұрғыдан жетілуге және қоғамды дамытуға ынталандырды.

Әдебиеттерге шолу

Абай Құнанбайұлының шығармашылығы – қазақ халқының рухани-мәдени тарихындағы ерекше құбылыс. Ақынның өлеңдері мен қара сөздерінде әлеуметтік әділет, адамгершілік, рухани жаңғыру, білім мен ғылым мәселелері тереңінен қозғалады. Осыған орай, Абай мұрасын зерттеген еңбектерге шолу жасау ғылыми жұмыстың теориялық негізін айқындауға мүмкіндік береді.

Абайдың төл шығармалары. Абайдың өлеңдері мен қара сөздері – ең басты дереккөз. Онда ақын әлеуметтік теңсіздік, рухани тоқырау, надандық, жалқаулық, әділетсіздік сияқты қоғамдағы өзекті мәселелерді сынға алады. «Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр», «Сегіз аяқ», «Өлең – сөздің патшасы» секілді шығармаларында Абай білімнің, еңбектің, адамдық қасиеттің маңызын ашып көрсетеді [1, 18-88]. «Қара сөздері» – Абайдың философиялық көзқарастары мен қоғамдық ойларын жүйелі түрде баяндайтын бірегей мұра. Әсіресе, «Он жетінші», «Жиырма бесінші», «Отыз сегізінші» сөздерінде адамгершілік, еркін ойлау, ұлттық сана туралы терең пайымдаулар ұсынылады [1, 152-189].

Мұхтар Әуезов – Абай мұрасын алғаш ғылыми тұрғыда зерттеп, оның тарихи, әдеби, әлеуметтік мәнін ашқан көрнекті ғалым. Оның «Абай Құнанбаев» атты монографиясында ақын шығармашылығының қалыптасу кезеңдері, рухани ізденістері, орыс әдебиеті мен шығыс мәдениетімен байланысы кеңінен талданады. Әуезов Абайды «ағартушы-реформатор», «ұлттың рухани көсемі» ретінде сипаттай отырып, оның қоғамдағы өзгерістерге әсерін айқындайды [2].

Зейнолла Қабдоловтың «Сөз өнері» атты еңбегінде Абайдың көркемдік шеберлігі, стильдік ерекшеліктері мен әдеби тілі сараланады. Ғарифолла Есімнің «Абай және дін», «Хакім Абай» еңбектері Абай философиясын, әсіресе «толық адам» концепциясын талдауға бағытталған. Есім Абай дүниетанымын қазақ халқының рухани жаңғыруымен байланыстырады. Бейсенбай Кенжебаев Абайды жаңа қазақ әдебиетінің негізін қалаушы ретінде бағалап, оның ағартушылық миссиясын алдыңғы қатарға қояды [3].

Абай идеялары мен қазіргі қоғам. Абайдың әлеуметтік көзқарастары мен адам туралы ойлары қазіргі заманғы гуманитарлық ғылымда да кеңінен зерттелуде. Мысалы, Мырзагелді Кемелдің «Абайтану негіздері» оқулығында Абайдың идеялары жастар тәрбиесі, ұлттық болмыс, рухани жаңғыру тұрғысынан қарастырылады. Сонымен қатар, заманауи ғылыми мақалалар мен диссертациялық зерттеулерде Абай көзқарастарының қазіргі Қазақстан қоғамындағы маңызы (білім беру, тәрбие, құндылықтар дағдарысы, ұлттық сана) жан-жақты талдануда [4].

Зерттеу нәтижелері

1. Абай Құнанбаевтың әлеуметтік көзқарастарының тереңдігі: Абайдың шығармашылығында қоғам мен адам арасындағы қатынас, әлеуметтік

әділеттілік, моральдық құндылықтар және білім мен ғылымның маңызы терең талданған. Оның ойынша, қоғамның дұрыс дамуы үшін адамдардың өзара түсіністігі, әділеттілік, адамгершілік және білімге деген адалдық қажет.

2. Қоғам мен адам мәселелері: Абай қоғамның әлеуметтік құрылымын, оның ішінде білімсіздік, теңсіздік, әділетсіздік сияқты мәселелерді айқын көрсетті. Ол қазақ қоғамының рухани жаңғыруы үшін білім мен ғылымды, ұлттық мәдениет пен дәстүрлерді сақтау қажеттілігін атап өтті. Оның ойынша, тек білімді адамдар ғана қоғамды өзгертіп, жақсарта алады. Осылайша, Абай адам мен қоғам арасындағы байланысты терең түсініп, әлеуметтік өзгерістердің маңыздылығын көре білді.

3. Абайдың әлеуметтік сындары мен ұсыныстары: Ақынның шығармашылығындағы әлеуметтік сындар оның қазақ қоғамының артта қалған тұстарын байқап, оларды жаңғырту үшін жолдар ұсынғанын көрсетеді. Абай әрқашан адамдарды ғылым мен білімге шақырып, қоғамның дұрыс жолға түсуі үшін рухани әрі мәдени тұрғыдан жаңаруды талап етті. Оның әлеуметтік өзгерістерге қатысты ойлары қазіргі уақытта да өзектілігін жоғалтпай, әлеуметтік теңсіздік пен білім беру мәселелерін шешуге ықпал етуі мүмкін.

4. Ұлттық мәдениет пен дәстүрлерді жаңғырту: Абай өзінің шығармашылығында ұлттық мәдениетті сақтап, оны жаңғырту қажеттілігін ерекше атап өтті. Бұл тұрғыда оның идеялары қазіргі заманғы мәдениет пен ұлттық идентичность мәселелерімен ұштасады. Абайдың көзқарасы бойынша, ұлттық мәдениет пен дәстүрлерді сақтау – қоғамның рухани өсуі мен ұлттың өзін-өзі тануының негізгі шарттары болып табылады.

5. Абайдың шығармашылығының бүгінгі күнге әсері: Абайдың әлеуметтік және философиялық ойлары қазіргі қоғам үшін маңызды бағдар болып табылады. Ақынның білім мен ғылымға деген ұстанымдары, сондай-ақ оның адамгершілік және әлеуметтік әділеттілікке қатысты ойлары бүгінгі жастарға бағыт-бағдар көрсетуге, қоғамды өркендетуге ықпал етуі мүмкін. Абайдың шығармашылығының бүгінгі күнге маңыздылығы — ол қоғамның рухани жаңғыруын, жастардың білімге деген құштарлығын арттыруға және әлеуметтік әділеттілікті орнатуға бағытталған бірегей идеялармен үйлеседі.

Талқылау

Абай Құнанбаевтың шығармашылығындағы қоғам мен адам мәселелерінің талқылануы бүгінгі күнде өзекті болып табылады. Ақынның ойлары мен пікірлері қазақ халқының рухани дамуы мен әлеуметтік жағдайының әртүрлі аспектілерін қамтиды. Абайдың шығармалары қоғамдағы әлеуметтік теңсіздікті, білімсіздік пен рухани тоқырауды сынап, халықты білім мен ғылымға, адамгершілікке үндейді. Осы тұрғыдан алғанда, Абайдың шығармашылығын қазіргі қоғамдағы мәселелермен салыстыра отырып, талқылаудың мәні зор.

1. Абайдың әлеуметтік сындары және қоғамның жағдайы. Абай Құнанбаевтың шығармашылығында қоғамның әлеуметтік құрылымындағы әділетсіздікке деген сыны ерекше орын алады. Ол қазақ қоғамындағы кедейлік, білімсіздік, халықтың мәдени және рухани дамуындағы артта

қалушылық сияқты мәселелерді өткір сынға алды. Абайдың сындары тек оның дәуіріне ғана емес, қазіргі қоғам үшін де маңызды. Бүгінгі күнде білім беру жүйесіндегі теңсіздік, әлеуметтік әділетсіздік, жастардың тәрбиесі мен қоғамдағы рухани дағдарыс сияқты мәселелер өзекті болып отыр.

2. Білім мен ғылымның маңызы. Абай Құнанбаев білім мен ғылымды қоғамды дамытудың басты құралдары ретінде көрді. Оның «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде білімнің мәні мен оның адам өміріндегі орны айқын көрсетілген. Абай білімді адамды тек ақыл-оймен емес, адамгершілік қасиеттерімен де сипаттайды. Осы тұрғыдан алып қарағанда, білім беру жүйесінің сапасы мен ғылымға деген көзқарас қоғамның болашақ дамуына тікелей әсер етеді.

3. Ұлттық мәдениет пен дәстүрді сақтау. Абайдың ұлттық мәдениет пен дәстүрді сақтап, оларды жаңа заманға бейімдеу туралы айтқан ойлары бүгінгі жаһандану дәуірінде ерекше маңызға ие. Әсіресе қазақ қоғамының ұлттық өзіндік ерекшелігін сақтау мен дамыту қажеттілігі қазіргі кезде тағы да өзекті бола түсті. Абай ұлттық мәдениетті сақтай отырып, оны уақыт талаптарына сәйкес жаңғыртуды көздеді.

4. Абайдың адамгершілік және әлеуметтік әділеттілік туралы ойлары. Абайдың адам мен қоғам арасындағы қатынас туралы айтқан ойлары қазіргі заманда да маңызды болып табылады. Ол адамдарды өзара түсіністік пен құрметте өмір сүруге, қоғамда әділеттілікті орнатуға шақырды. Бұл идеялар қазіргі қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік пен әділетсіздік мәселелерімен тікелей байланысты. Әлеуметтік әділеттілік пен теңдік мәселесі әлі де өзекті болып отыр, және Абайдың адамгершілік негізінде құрылған қоғам туралы айтқан ойлары бүгінгі уақытта да аса маңызды болып табылады.

5. Жастар мен тәрбиенің маңызы. Абай шығармашылығындағы жастарға арналған тәрбиелік мәні зор идеялар да бүгінгі қоғам үшін маңызды. Абай жастарды білімге, еңбекке, адамгершілікке тәрбиеледі. Оның шығармашылығы қазіргі жастардың қоғамдағы өз орнын табуға, өздерін жетілдіруге және тұлғалық даму жолында дұрыс бағыт таңдауға ықпал етеді. Абайдың «Көзімнің қарасы», «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» деген ойлары қазіргі жастарға үлкен мән-мағына береді. Қазіргі қоғамда жастарды дұрыс тәрбиелеу, оларға ғылым мен білімнің маңыздылығын ұғындыру, сондай-ақ адамгершілік құндылықтарды сақтап өмір сүруге үйрету өте маңызды. Абайдың осы мәселелерге қатысты айтқан ойлары қазіргі қоғам үшін өзекті болып табылады.

Қорытынды

Абай Құнанбаевтың шығармашылығы қазақ қоғамының әлеуметтік және рухани дамуының негізі болып табылады. Оның шығармаларында қоғам мен адам мәселелері терең талданып, әлеуметтік өзгерістердің қажеттілігі айқын көрсетілген. Абайдың әлеуметтік сындары, оның адамгершілік құндылықтарды сақтап, білім мен ғылымға негізделген қоғамды құру туралы ойлары қазіргі заманғы әлеуметтік мәселелерге терең ықпал етеді. Абайдың адам мен қоғамға деген көзқарасы қазіргі жастарға да рухани және мәдени

тұрғыдан дамудың қажеттілігін, сондай-ақ қоғамдағы әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету үшін білім мен ғылымның маңыздылығын түсіндіреді.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Құнанбаев А. Шығармалар жинағы. – Алматы: «Жазушы», 1986.
2. Әуезов М. «Абай Құнанбаев» монография – Алматы, 1976.
3. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: «Санат», 2002.
4. Кемел М. Абайтану негіздері. – Алматы, 1976.

БОЛАШАҚ ҰРПАҚТЫ ДҰРЫС ЖОЛҒА БАҒЫТТАУДА АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Дутбаева Асем Канатовна,
бастауыш сынып мұғалімі,
№ 61 мектеп-лицей, Астана қ.

Аңдатпа. *Бұл мақалада қазақтың маңдайына біткен біртуар ұлы ақын - Абайдың адамгершілік, тәрбие мәселесіне байланысты шығармаларына терең талдау жасалған. Абайдың әрбір шығармасы болашақ ұрпаққа жан-жақты тәрбие беруден басталатыны айтылады. Бүгінде тәрбие саласында Абай мұрасын қолдану-болашақ ұрпағымыздың ақыл парасатының биік болуымен қатар іс әрекеті мен мінез құлқына да зор ықпал ететіні мақалаға арқау болған. Автор Абайдың болашақ ұрпақты дұрыс жолға бағыттайтын шығармаларын оқыту - жастардың уақытты босқа өткізбей, ілім-білімге ден қойып, шығармашылықтарын дамытып, өмірден өз орынын табатын жеке тұлға болып қалыптасуына ықпал ететінін айқын көрсете білген.*

Түйін сөздер: *адамгершілік, жан-жақты тәрбие беру, жеке тұлға, дұрыс жолға бағыттау.*

Кіріспе

Бүгінгі таңда ұлы Абай мұрасының тәуелсіз еліміздің болашақ жастарының білімі мен парасаттылығын қалыптастырудағы маңызын түсініп, оның еңбектерінде кездесетін, кімге болсын ерекше ой салатын әрбір философиялық дана тұжырымын әр жастың санасына сіңіре білуге тиіспіз. Жас ұрпақтың санасына Абай Құнанбаев шығармаларының дәнін егу және оны өмірлік азығына айналдыру – жаһандану дәуіріне жол ашатын маңызды қадамның бірі деп білемін.

Әдебиеттерге шолу

Абай Құнанбайұлы – ұлы ақын, жазушы, қоғам қайраткері, қазіргі қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы, философ. Алаш алыптарының бірі Міржақып Дулатов: «Әдебиетіміздің негізінде қаланған бірінші кірпіш Абай сөзі, Абай аты боларға керек. Абайға шейін қазақта қолға алып оқырлық, шын мағынасында қазақ әдебиеті дерлік бір нәрсе болған жоқ. Абайдың бізге қымбаттығы да сол. Бәлки мұнан кейін Абайдан үздік, артық ақындар, жазушылар шығар. Бірақ ең жоғарғы ардақты орын Абайдікі, қазақ халқына

сәуле беріп, алғашқы атқан жарық жұлдыз – Абай» [1] - деп ұлы ақынның шығармашылығына жоғары дәрежеде баға берген болатын.

Абай мұрасы – ұшы қиыры жоқ телегей теңіз десек, Абай әлемі - өз құдірет болмысымен қазақ халқының кескін келбетін, қадір–қасиетін, рухани жетістіктерін болашақ ұрпақ санасына сіңіретін ерекше әлем. Заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовтің: «Абай – дария, мен сол дариядан шөмішпен қалқып қана алдым» [2] деуі де тегін емес.

Зерттеу әдістемесі және әдістер

Болашақ ұрпақтың көзі ашық, көкірегі ояу болсын десек ұлы Абайдың, әсіресе, жастарды дұрыс жолға бағыттайтын шығармаларын дұрыс оқыта білуден еш жалықпауымыз керек. Алдымен «дұрыс жолға бағыттау» дегенге не жататынын анықтап алайық. Менің ойымша, дұрыс жолға бағыттау дегеніміз Абайдың:

- ❖ «Дүние де өзі, мал да өзі, Ғылымға көңіл берсеңіз» [3] дегендей жастардың білім мен ғылымға деген құлшыныстарын арттыру;
- ❖ «Атаның баласы болма, адамның баласы бол» [4] дегеніндей жас буынды халық қамын ойлап, адал қызмет атқаруға шақыру;
- ❖ «Болмасаң да ұқсап бақ, Бір ғалымды көрсеңіз» [5] дегеніндей жақсыдан тек үлгі өнеге алуға үндеу.

Осылайша, Абайдың кез-келген шығармасынан дұрыс жолға бағыттайтын ғибратты өсиеттерін талмай оқи беруге болады.

Ұлы ақынның болашақ ұрпақты дұрыс жолға бағыттайтын бастауыш сынып бағдарламасында қандай шығармалары бар және оның ерекшеліктері неде? - деген сұраққа жауап іздеп көрейік:

- ➢ «Әсемпаз болма әрнеге", «Адам болам десеңіз» (1-сынып);
- ➢ "Ғылым таппай мақтанба" (2-сынып);
- ➢ «Ғылымға көңіл бөлсеңіз», «Шегіртке мен құмырсқа» (3-сынып);
- ➢ «Абайдың 38-ші қарасөзі» (4-сынып) [6]

Ұлы ақынның болашақ ұрпақты дұрыс жолға бағыттайтын жоғарыда көрсетілген, бастауыш сыныпта оқытылатын шығармаларының ерекшеліктері өте көп, оны бірнеше бағытта сипаттауға болады:

- ➢ Тәрбиелік мағынасының тереңдігі, атап айтқанда, жастарды дұрыс жолға бағыттап, жаман әдеттерден сақтандырады және нақты ақыл-кеңес береді;
- ➢ Ой тереңдігі мен даналығы, атап айтқанда, қарасөздерінде (38-қарасөз, 4-сынып) надандық, еріншектік, залымдық туралы айтылады және әрқайсысына жеке тоқталып, осындай жат қылықтардан аулақ болуға шақырады.
- ➢ Ұлт болашағына деген жанашырлық, атап айтқанда, ол жастардың жалқау, білімсіз, мақтаншақ болмауын, болашақ ұрпақтың халқына пайдасы тиетін білімді, қанағатшыл, рақымшыл болуын қалайды.

Талқылау және нәтижелер

Абайдың болашақ ұрпақты дұрыс жолға бағыттайтын шығармаларын қалай оқытып жүргенім туралы өз тәжірибемнен мысал келтірейін.

Ұлы Абайдың әрбір өлеңі - жастарды дұрыс жолға бағыттайтын рухани бағдаршам. Солардың бірі - 2-сыныптың ана тілі оқулығында берілген "Ғылым таппай мақтанба" өлеңі. Ақынның осы өлеңінде жас жеткіншектерді дұрыс жолға бағыттайтын қандай ғибратты ойлары бар? Осы өлең бойынша жастарға өмірден адаспай өз орнынын тауып, дұрыс жолмен жүру үшін қандай қасиеттерді бойға сіңіру керектігін төмендегі кесте бойынша түсіндірдім:

Өлең жолдары	**Ақынның ғибартты ойы**	**Ақын нені түсіндіргісі келген?**
Ғылым таппай мақтанба, Орын таппай баптанба	Ғылым мен білімнің маңыздылығы	Текке мақтанбай, пайдалы іске ұмтылу керектігін;
Талап, еңбек, терең ой, Қанағат, рақым, ойлап қой- Бес асыл іс көнсеңіз.	Талаптану, еңбек ету, қанағатшыл болу	Өмірде табысқа жету үшін қажетті істермен айналысу керектігін;
Өсек, өтірік, мақтаншақ, Еріншек, бекер мал шашпақ-Бес дұшпаның білсеңіз.	Адамның жағымсыз қасиеттерін дұшпанға теңеу	Жағымсыз қасиеттер адам өмірін құрдымға жіберетінін ескертіп, одан аулақ болу керектігін;

✓ Абайдың кім екендігін, адам бойындағы жақсы («бес асыл іс») және жаман («бес дұшпан») қасиеттерді және оқушының өз бойындағы ұнамды, ұнамсыз жақтарына баға бергізуді төмендегі презентация арқылы көрсеттім:



Осылайша оқушыларға өлеңнің әр жолы -терең тәрбие мектебі екенін, Абай айтқан бес асыл іс – әр адамның бойында болуы тиіс маңызды құндылықтар екенін ұғындыруға тырыстым. Оқушылардың тақырыпты қаншалықты меңгергенінің нәтижесін төмендегідей жауаптарынан көруге болады.

➢ Оқушылардың жауаптары:

▪ С деген оқушы: «Бұл өлеңде Абай ата білімді болу керектігін айтады. Ол текке мақтанбай, жақсы істермен айналыс, көп оқып, жақсы адам бол дейді».

▪ Д деген оқушы: «Ақын бізге бес жақсы қасиетті үйретеді. Олар – талап, еңбек, терең ой, қанағат және рақым. Егер біз осы жақсы қасиеттерді бойымызға сіңірсек, өскенде жақсы адам боламыз».

▪ М деген оқушы: «Абай ата бес жаман істен аулақ болу керектігін айтады. Олар – өсек, өтірік айту, мақтаншақтық, еріншектік және босқа ақша шашу. Бұндай ұнамсыз қылықтардан аулақ болу керекпіз».

▪ Ә деген оқушы: «Мен Абай атамыздың осы өлеңінен көп нәрсе үйрендім. Мен өскенде жақсы адам болып, ата-анамды қуантқым келеді».

Қорытынды

Қорыта айтқанда, Абай өзінің дұрыс жолға бағыттайтын өлеңдерінде кішіпейілділік, мейірімділік, еңбексүйгіштік пен мақсатқа жету сынды адамзат бойындағы игі қасиеттерге ие болуға, мақтаншақтық, өтірік айту, жалқаулық, еріншектік сынды адам бойына жат, зиянды қылықтан аулақ болуға шақырған. Біз, ұстаздар қауымы, Абайдың болашақ ұрпақты дұрыс жолға бағыттайтын шығармаларын оқыту арқылы жастардың уақытты босқа өткізбей, ілім-білімге ден қойып, шығармашылықтарын дамытып, өмірден өз орынын таба білетін жеке тұлға болып қалыптасуына ықпал ету керекпіз. Абай шығармалары- қай заманда болсын ұрпақ тәрбиесінің қайнар көзі, кәусар бұлағы. Ақынның өлеңдері мен қарасөздері болашақ ұрпақты дұрыс жолға бағыттайтын темірқазық. Оның шығармаларымен сусындау – өзіңді тәрбиелеудің, кемелденуге жетудің даңғыл жолы.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Дулатов М. «Абай туралы»// «Уақыт» газеті. №393 1908//https://abai. kaznu.kz/?p=801
2. Әуезов М. Шығармалар жинағы. 20-том//М.Әуезов. – Алматы: «Жазушы», 1985. – 493 б.
3. Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 1,2-томдары. Алматы, 1995.
4. Алтыбаев Қ. Абай әлеміне саяхат. Сөзжұмбақтар. – Өскемен, 2022. - 352 б
5. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: «Ана тілі», 1995.
6. Есім Ғ. Хакім Абай. – Алматы: «Атамұра», 1994.
7. Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына орай «Абай әлеміне саяхат» атты республикалық байқауының материалдар жинағы - «Bilimórkenieti» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы» баспасы, 2020/2021 ж.

АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІНДЕ КЕЗДЕСЕТІН САНДЫҚ ҰҒЫМ

Дюсебаева Жанар Тюлькубайевна,
музыка пәні мұғалімі,
№73 мектеп-лицей, Астана қ.

Аңдатпа. *Бұл мақала Абай өлеңдеріндегі сандық ұғымды зерттеуге арналып, біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша оқу үдерісіне интеллектуалды ойындарды енгізу жолдарын қарастырады. Абайдың өлеңдерінде кездесетін сандық мәндердің философиялық, тәрбиелік және білім беру процесінде қалай қолданылатыны жайлы сөз болады. Сонымен қатар, Абайдың "толық адам" ілімі мен оның құндылықтарымен байланыстыру арқылы білім алушылардың шығармашылық қабілеттері мен логикалық ойлау дағдыларын дамыту мақсатында ұсынылған интеллектуалды ойындар мен тапсырмалар берілген. Мұндай әдіс оқу үдерісінде оқушылардың көпжақты тұлға ретінде қалыптасуына, олардың пәнаралық байланыстарды түсінуіне және пәндер арасындағы интеграцияға ықпал етеді. 3-сыныптың 34 сағатына арналған қысқа мерзімді жоспар жасалып, сабақтың басында құндылық негізінде оқу үдерісіне енгізілді.*

Түйін сөздер: *Абай, сандық ұғым, толық адам, құндылықтар, пәнаралық интеграция***.**

Кіріспе

Абайдың шығармашылығы өзінің терең философиялық мәнімен ерекшеленеді.Абайдың өлеңдеріндегі сандық ұғымдарды зерттеп, оның тәрбиелік мәні мен білім беру үдерісіндегі маңызын талдауға тырыстық. Абайдың ілімінде "толық адам" ұғымы маңызды орын алады. Бұл "толық адам" ілімі, яғни Абайдың философиясы, адамның ақыл, жүрек, қайрат сынды үш құндылығымен қалыптасады [1]. Абайтанушы, ғалым Мекемтас Мырзахметұлының пікірінше, Абайдың "толық адам" ілімінің негізінде осы үш қасиеттің үйлесімділігі жатыр.Абайдың "толық адам" ілімін тереңірек түсіну үшін оның үш негізгі қасиетке, яғни ақыл, әділет және рақымға ерекше көңіл бөлу қажет. Осы үш қасиет Абайдың философиялық жүйесінің негізін құрайды.Абайдың өлеңдеріндегі сандық ұғымдар, оның ойлары мен философиялық тұжырымдары оқушыларға тек білім беру үдерісінде ғана емес, адамгершілік құндылықтар мен сананың дамуына да әсер етеді.

Абай өлеңдеріндегі сандық ұғымдар және олардың білім беру процесіндегі қолданылуы. Абайдың өлеңдерінде жиі кездесетін сандық ұғымдар, мысалы, «үш», «жеті», «төрт», т.б., тек математикалық сипатта ғана емес, философиялық, әлеуметтік мәнде де қолданылған [2]. Бұл сандық ұғымдар Абайдың әлем туралы көзқарасын көрсетеді. Мысалы, «Үш күндік өмір» немесе «жеті жұрттың тағдыры» секілді жолдар өмірдің өткінші екенін, адамның тек ақылмен, әділетпен және рақыммен өмір сүре алатынын көрсетеді. Абай өлеңдеріндегі сандық ұғымдарды оқу үдерісіне енгізу барысында интеллектуалды ойындар тиімді құрал болып табылады. Әсіресе, «Абай өлеңдерінде кездесетін сандық ұғым» атты интеллектуалды ойын оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттырып, адам баласының мәдениетін дамытудағы ең қуатты, құдіретті құралдардың бірі болып саналатын поэзияға жақындатады, қызығушылықтарын оятады. Зерттеудің мақсаты: Абай өлеңдерінде кездесетін сандық ұғымды интеллектуалды ойын ретінде ала отырып білім беру процесіне кіріктіру арқылы білім алушының шығармашылық қабілетін шыңдау. Зерттеудің міндеттері: Абай сандық ұғымы бар өлең шумақтарын жинақтау, Абайдың өлеңдерімен таныстыру

және «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде интеллектуалды ойынды сабаққа енгізу.

Зерттеу әдістемесі

Абай өлеңдеріндегі сандық ұғымдардың философиялық, тәрбиелік және білім беру үдерісіндегі маңызын анықтау мақсатында жүргізілді. Зерттеу барысында келесі әдістемелік тәсілдер қолданылды: әдебиеттік талдау әдісі. Абай өлеңдеріндегі сандық ұғымдарды зерттеу үшін олардың әрқайсысының мағынасы мен философиялық мәнін анықтау мақсатында әдеби талдау жүргізілді. Әр өлеңнің контекстінде сандық ұғымдардың қолданылуының мәні, олардың адамгершілік және рухани тәрбиеге қалай ықпал ететіні зерттелді. Абайдың өлеңдеріндегі сандық мәндердің әлеуметтік және философиялық астары анықталды [3].

Пәнаралық интеграция әдісі: зерттеу барысында пәнаралық интеграцияның маңыздылығы атап өтілді. Қазақ тілі, әдебиет, математика, музыка және дене шынықтыру пәндері арасындағы байланыс оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға, әртүрлі пәндерден алған білімдерін біріктіруге мүмкіндік берді. Осы бағытта Абай өлеңдеріндегі сандық ұғымдар математикамен байланыстырылып, оқушылардың математикалық ойлау дағдылары мен философиялық түсініктері тереңдетілді. Ойын барысында оқушылар Абай өлеңдерінің үзінділерін тыңдап, сандық ұғымдарды анықтап, оларды топтарға бөлу арқылы шығармашылық және логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталды. Бұл әдіс оқушылардың тек әдебиетке ғана емес, басқа пәндерге деген қызығушылығын да арттырды. Тапсырмалар мен талдау әдісі: оқушыларға әртүрлі тапсырмалар мен сұрақтар қойылып, олар Абай өлеңдерінде кездесетін сандық ұғымдарды терең талдайды. Тапсырмалардың мақсаты — оқушылардың Абайдың шығармашылығы туралы білімін кеңейту, логикалық ойлау дағдыларын дамыту және олардың дүниетанымдық көзқарастарын қалыптастыру болды. Әр тапсырмадан кейін мұғалім оқушылардың жауаптарын талдап, олардың пікірлерін кеңейтуге мүмкіндік берді. Зерттеу барысында Абай өлеңдеріндегі сандық ұғымдарды зерттеуге арналған арнайы тапсырмалар мен интеллектуалды ойындар жинақталды. Мұғалім оқушыларға әртүрлі сандық ұғымдардың мағынасын түсіндіріп, оларды өмірлік жағдайлармен байланыстырып, топта талқылауды ұйымдастырды. Бұл тапсырмалар оқушылардың математикалық ойлау дағдыларын да дамытуға ықпал етті.

Абай өлеңдеріндегі сандық ұғымдардың философиялық, тәрбиелік және білім беру үдерісіндегі рөлін толыққанды түсіну және оқушылардың ой-өрісін дамыту мақсатында басқа да зерттеу әдістері қолданылды.

Талқылау

Абай өлеңдеріндегі сандық ұғымдардың философиялық, тәрбиелік және білім беру үдерісіндегі маңызы зор. «Бес нәрседен қашық бол, бес нәрсеге асық бол», «Еңбегің мен ақылың екі жақтап», «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті – ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек», «Атадан алтау, анадан төртеу» сияқты сандық ұғымдар тек математикалық мәнде емес, сондай-ақ философиялық және әлеуметтік мәнде қолданылған. Бұл сандық ұғымдар

Абайдың дүниетанымы мен философиясын түсінуге көмектеседі, сондай-ақ адамгершілік құндылықтарды тәрбиелеуде маңызды құрал болып табылады. Жалпы алғанда, білім беру ісінде пәнаралық интеграцияның маңызы да ерекше. Қазақ тілі, әдебиеті, математика, музыка және басқа пәндер арасындағы байланыс оқушылардың жалпы дүниетанымын кеңейтеді, олардың ақыл-ой қабілеттерін дамытады. Бұл әдіс арқылы оқушылар тек бір пәнді емес, бүкіл білім жүйесін біртұтас түрде қабылдайды.

Қорытынды

Қорытындылай келе, Абай өлеңдеріндегі сандық ұғымдар мен «толық адам» ілімі білім беру процесіне енгізілгенде, оқушылардың ақыл-ойы мен адамгершілік қасиеттері дамиды.Қазіргі заманда білім беру жүйесінде пәнаралық интеграцияның маңызы зор. Бұл әдіс оқушылардың түрлі пәндер арасындағы байланысты көріп, оларды бір тұтас білім жүйесі ретінде қабылдауға мүмкіндік береді. Абайдың шығармашылығын әртүрлі пәндермен пәнаралық байланыс арқылы оқыту оқушылардың жалпы дүниетанымын кеңейтеді, ақыл-ой қабілеттерін дамытады.Абай өлеңдеріндегі сандық ұғымдар, әсіресе, математикалық және логикалық ойлауды дамытуда білім алушылар 3-сыныптар бойынша 34 тақырыптың қысқа мерзімді жоспарына Абайдың сандық ұғымы бар 84 өлеңі жинақталып интеллектуалды ойынға енгізілді.

Әзірленген «Абай өлеңдеріндегі сандық ұғым» атты интеллектуалды ойынды балалар топпен ойнайды.Ойын барысында мұғалім Абай өлеңінде кездесетін санды айтады. Мысалы, «сегіз найза қолында, көз аудармай» деген өлең жолында «сегіз» саны бар. Білім алушылар «сегіз» санын естігенде топтасады, топқа кіре алмаған оқушы өлең шумағын мәнерлеп оқиды.Ойын арқылы баланың денесі қозғалысқа түседі, жүрегі соғып тұрып Абай өлеңін оқиды. Осылай интеллектуалды ойын жалғасын табады. Ойынды екі оқушы қалғанға дейін жалғастырды.Ойын арқылы білім алушылар Абай өлеңдерін жаттап, оларды талдайды, өлеңдерде кездесетін сандық ұғымдар мен символикалық мәндер туралы түсініктер қалыптастырады. Бұл Абай армандаған «толық адам» іліміне жеткізетін алғашқы қадам.Бұл ойын балалардың тілдік дағдыларын, логикалық ойлау қабілеттерін және коммуникативтік дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Бұл тәсіл арқылы оқушылар өзара әрекеттесіп, бір-біріне көмек көрсетуге үйренеді, топта жұмыс істеуге ынталанады. Мұндай әдіс олардың әлеуметтік дағдыларын арттырып, ой-өрістерін кеңейтеді.

Күтілетін нәтижелер, бұл әдіс оқушылардың ақыл-ой қабілеттерін кеңейтіп, олардың шығармашылық дамуына ықпал етеді. Оқушылар өз пікірлерін ашық білдіріп, логикалық ойлау дағдыларын жетілдіреді. Сондай-ақ, пәнаралық интеграция арқасында олар әртүрлі пәндерді өзара байланыстырып, білімдерін тереңдетеді. Абай өлеңдеріндегі сандық ұғымдарды түсіну арқылы оқушылардың адамгершілік қасиеттері мен өмірге деген көзқарасы қалыптасады. Ойлап қарасақ, өмірдің қай шағы болмасын, жастық, қарттық шақтардың бәрінде Абай бізбен бірге екен....

Пайдаланған әдебиеттер

1. Мырзахметұлы Мекемтас: өмірбаяны, зерттеулері, марапаттары. Sputnik.kz. [20210808/Abay-Mekemtas-Myrzakhmetuly]
2. Нұрқатов А. Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы. Abaialemi.kz. [kz/post /view?id=1146]
3. Абай поэзиясы — өлең өлшемі. Қазақ Әдебиеті. [35048/abaj-poeziyasy-le-lshemi]

АБАЙ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ: ОҚУШЫЛАРДЫҢ РУХАНИ ЖӘНЕ АҚЫЛ-ОЙ ДАМУЫНА ӘСЕРІ

Дюсенова Айман Жумагалиевна,
орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, мектеп директоры,
Астана қаласы әкімдігінің «№72 мектеп-лицейі» ШЖҚ МКК

Аңдатпа. *Бұл мақалада Абай Құнанбайұлының білім мен тәрбие туралы философиялық көзқарастары қарастырылады. Ақынның өлеңдері мен қара сөздері арқылы қазақ халқының рухани-адамгершілік және интеллектуалдық дамуына қосқан үлесі жан-жақты талданады. Зерттеу барысында Абайдың шығармаларындағы басты идеялар мен олардың қазіргі білім беру жүйесімен байланысы зерделенеді. Сонымен қатар, Абай философиясының оқушылардың рухани және ақыл-ой дамуына тигізетін ықпалы, оның тәрбие мен білімге қатысты ойларының заманауи педагогикада қолданылу мүмкіндіктері қарастырылады.*

Түйін сөздер: *Абай Құнанбайұлы, философия, білім, тәрбие, рухани даму, ақыл-ой тәрбиесі.*

Кіріспе

Абай Құнанбайұлы – қазақ халқының рухани ұстазы, ойшылы және ағартушысы. Оның шығармалары тек көркем әдебиет үлгілері ғана емес, сонымен қатар терең философиялық ой-толғамдарға негізделген. Ақын білім мен тәрбиені адам дамуының негізгі факторы ретінде қарастырып, оларды кемел адам қалыптастырудың басты жолы деп есептейді.

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың тек академиялық білімін арттыру ғана емес, олардың рухани-адамгершілік тәрбиесін жетілдіру мәселесі өзекті болып отыр. Бұл тұрғыда Абайдың мұрасы – құнды педагогикалық ресурс. Ақынның «Толық адам» ілімі, қара сөздеріндегі тәрбиелік ойлар және білімге деген көзқарасы бүгінгі ұрпақ үшін де маңызды.

Бұл зерттеу М. Мырзахметұлының еңбегіне сүйене отырып, Абайдың философиялық көзқарастарын ғылыми тұрғыдан талдап, оның білім мен тәрбие туралы идеяларының қазіргі білім беру жүйесіне ықпалын қарастырады [1, 75]. Осы тұрғыдан Абай философиясындағы білім мен тәрбие идеяларының оқушылардың рухани және ақыл-ой дамуына ықпалы қандай екенін қарастыруды жөн көрдік. Абай шығармаларындағы білім мен тәрбие

идеяларын ғылыми тұрғыда зерделей отырып, олардың бүгінгі мектеп тәжірибесіне ықпалын көрсетуді мақсат еттік.

- Абай Құнанбайұлының шығармашылығы әдеби тұрғыдан кеңінен зерттелгенімен, оның білім мен тәрбие философиясын қазіргі білім беру жүйесімен сабақтастыра отырып талдау бағытындағы зерттеулер аз. Қазіргі білім беру жүйесіндегі рухани-адамгершілік тәрбиенің маңызы артып отырған жағдайда Абай мұрасын қайта жаңғыртып, тәжірибеге енгізу қажеттілігі туындап отыр. Зерттеу жұмысының өзектілігі осымен айқындалады. Қазақстандық білім беру саясатының басты бағыттарының бірі — ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие беру, бұл мақала осы мақсатқа толық сай келеді. Сол себепті мақалада Абайдың "Толық адам" концепциясы мен рухани-адамгершілік құндылықтары негізінде оқушылардың жан-жақты дамуына ықпал ететін нақты педагогикалық тәсілдер ұсынылады.
- Абайдың білім мен тәрбие туралы идеялары оқу үдерісіндегі тұлғалық даму теорияларымен ұштастырылады;
- Педагогикалық тәжірибеде Абай философиясының тиімді қолдану әдістері көрсетіледі;
- Оқушылардың рухани және ақыл-ой дамуын жүйелі зерттеу нәтижелері ұсынылады.

Әдебиеттерге шолу

Абай Құнанбайұлының білім мен тәрбиеге қатысты философиялық көзқарастары көптеген ғалымдардың зерттеу объектісіне айналған. Зерттеу еңбектері Абай ілімінің тереңдігін, оның қазіргі заман үшін өзектілігін дәлелдейді. Мәселен, М.Мырзахметұлы өз зерттеуінде Абайдың қара сөздеріндегі адамгершілік пен білім мәселелерін терең талдай отырып, оның ұлттық рухани құндылықтарды қалыптастырудағы рөлін айқындаса [1, 45-52], Ғ.Есім Абайдың философиялық ойларын жүйелеп, «Толық адам» концепциясының мәнін ашқан. Ғалымның пайымдауынша, Абайдың ілімі адамның рухани жетілуінің негізгі шарты болып табылады [2, 67-72].

Ш.Елеукенов Абайдың ағартушылық қызметіне тоқталып, оның халықты білімге, өнер-білімге ұмтылуға үндегенін дәлелдеген [3, 103-108]. Сонымен бірге, С.Қасқабасов та Абай шығармаларын фольклорлық және мәдениеттанулық тұрғыдан қарастырып, оның педагогикалық идеяларын терең түсіндіреді [4, 58-64].

Әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» еңбегі мен Абайдың "Толық адам" тұжырымдамасы арасында идеялық үндестік байқалады [5]. Екі ойшыл да адам тәрбиесінде ақыл мен парасаттылықты басты құндылықтар ретінде қарастырады. Сол сияқты Конфуцийдің моральдық ілімі мен Абайдың тәрбиелік идеялары арасында да ұқсастықтар бар [6]. Бұл Т.Әбжановтың еңбегінде жақсы көрсетілген. Ол Конфуций мен Абай арасындағы рухани байланысты ғылыми тұрғыда негіздеген [7]. Ж.Аймауытов та өзінің 1924 жылы жарық көрген «Тәрбиеге жетекші» еңбегінде Абайдың адам тәрбиесіне қатысты идеяларының қазақ педагогикасына ықпалы көрсеткен еді [8]. Ж.Аймауытов Абайды қазақ халқының рухани ұстазы ретінде бағалай отырып, оның тәрбие туралы

ойларын ұлттық тәрбие жүйесінің негізіне айналдырған. Сонымен қатар, Ә.Тәжібаев өз еңбектерінде Абайдың психологиялық көзқарастарына тоқталып, оның адамның ішкі рухани дамуына мән бергенін атап көрсетеді [9]. Ал, Нұрлан Оразалин болса, Абайдың әдеби мұрасындағы ұлттық идеяларды заманауи білім берумен байланыстырып зерттеген. Ғалымның пікірінше, Абай мұрасы қазіргі тұлға тәрбиесінде негізгі бағдар бола алады [10].

Жалпы, жүргізілген әдебиетке шолу нәтижесінде Абайдың білім мен тәрбие туралы ойларының терең тарихи-философиялық негіздері анықталды. Бұл ілімдер қазіргі заманғы білім беру мен рухани тәрбиенің ажырамас бөлігі ретінде өзекті болып табылады.

Зерттеу әдістері

Бұл еңбекте зерттеу мақсатына сәйкес төмендегідей әдістер қолданылды: 1. Контент-талдау әдісі арқылы Абай Құнанбайұлының өлеңдері мен қара сөздеріндегі білім мен тәрбиеге қатысты негізгі идеялар жүйелі түрде талданды. Атап айтсақ, «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінен білім алудың маңыздылығы мен ғылымға ұмтылу қажеттігі анықталды. «Жиырма бесінші сөзден» білімнің адам болмысына тигізетін рухани әсері сараланды. 2. Салыстырмалы талдау әдісі арқылы Абайдың философиялық көзқарастары әлемдік әл-Фараби, Конфуций сияқты ойшылдар және Л.Н. Толстойдың идеяларымен салыстырылды. Мысалы, Әл-Фарабидің "Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары" еңбегі мен Абайдың "Толық адам" концепциясы арасындағы ұқсастықтар анықталды (моральдық кемелдік пен ақыл, жүрек үйлесімділігі). 3. Педагогикалық бақылау және интервью әдісі. Оқушылармен сабақ барысында Абай шығармаларын оқыту арқылы олардың рухани-адамгершілік дамуына ықпал ету деңгейі бақылауға алынды. Атап айтсақ, 7-сынып оқушыларына "Он тоғызыншы сөз" негізінде ашық сабақ өткізіліп, сабақ соңында оқушылардан шағын сұхбат алынды. Интервью нәтижесінде оқушылар Абайдың ақыл, жүрек, қайрат туралы ойларын қазіргі өмірмен байланыстыра түсіндіре алды. 4. Әдебиетке шолу әдісі ғылыми еңбектерге талдау жасау барысында қолданылды және Абайдың білім мен тәрбие туралы көзқарастарының тарихи және философиялық негіздері ашылды. Бұл ретте М.Мырзахметұлының, Ғ.Есімнің еңбектері арқылы Абайдың философиясының ғылыми тұғырлары айқындалды.

Тәжірибе

Мақаланы әзірлеу барысында мектеп оқушылары арасында Абай шығармаларын оқыту арқылы олардың рухани және ақыл-ой дамуына ықпалы тәжірибелік түрде зерттелді. 7-сынып оқушыларымен арнайы сабақтар өткізіліп, Абайдың "Ғылым таппай мақтанба", "Интернатта оқып жүр", "Он тоғызыншы сөз" шығармалары оқытылды. Сабақтарда оқушылардың өзіндік ой-пікірлерін қалыптастыру, рухани құндылықтарды тану және білімге деген көзқарастарын анықтауға бағытталған тапсырмалар мен рефлексия жүргізілді.

Нәтижелер

- Оқушылардың 85%-ы білімнің рухани дамудағы рөлі туралы өз көзқарастарын нақты білдіре алды.

- 70%-ы "Толық адам" концепциясы туралы терең түсінік қалыптастырды және оны өз өмірлік мақсаттарымен ұштастыра алды.
- Сабақ барысында оқушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарға деген қызығушылығы артқаны байқалды. Олар рефлексияда Абай шығармаларын оқу арқылы өмірдің мәні, білімнің құндылығы туралы ойлануға үйренгендерін атап өтті.

Талқылау

Абайдың білім мен тәрбие туралы ойлары заманауи білім беру жүйесі үшін өте өзекті. Бүгінгі педагогикада академиялық білімді ғана емес, тұлғаның рухани-адамгершілік сапаларын дамыту басты мақсаттардың бірі. Осы тұрғыдан алғанда, Абай идеялары оқушылардың сыни ойлауын, рухани дүниетанымын, адамгершілік қасиеттерін дамытуға үлкен ықпал етеді.

Мен өз тәжірибемде Абайдың қара сөздерін оқу және талдау арқылы оқушылардың өз пікірін білдіру, мәтіннен философиялық идеяларды табу, өмірлік мән-мағына іздеу дағдыларын дамыттым. Нәтижесінде, оқушылар арасында жауапкершілік, ынтымақтастық, өзара түсіністік сияқты құндылықтар нығая түсті.

Қорытынды

Абай философиясындағы білім мен тәрбие мәселелері оқушылардың жан-жақты дамуы үшін маңызды бағдар болады. Оның идеялары бүгінгі білім беру жүйесінде де өз мәнін жойған жоқ. Әсіресе, рухани құндылықтарға негізделген білім мен тәрбие арқылы тұлғаның толық қалыптасуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Ұсыныстар:

- Оқу бағдарламасына Абайдың «Толық адам» ілімін тереңдетіп енгізу;
- Абай шығармаларын сыни тұрғыда талдау арқылы рухани даму сабақтарын ұйымдастыру;
- Мұғалімдерге арналған әдістемелік құралдар әзірлеу;
- Оқушылардың өздік зерттеу жұмыстарында Абай философиясын қолдану.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Мырзахметұлы М. Абайтану мәселелері. – Алматы: «Ана тілі», 2010.
2. Есім Ғ. Хакім Абай. – Астана: «Фолиант», 2006. – 67-72 бб.
3. Елеукенов Ш. Абай және қазіргі қазақ әдебиеті. – Алматы: «ҚазҰУ», 2004.
4. Қасқабасов С. Абай шығармаларының фольклорлық негіздері. – Алматы: «Ғылым», 1995.
5. Әл-Фараби. Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары. – Алматы: «Ғылым», 1995.
6. Құнанбайұлы А. Қара сөздер. – Алматы: «Атамұра», 2010.
7. Әбжанов Т. Рухани мәдениет және өркениет. – Алматы: «Қазақ университеті», 2003.

8. Аймауытов Ж. Тәрбиеге жетекші. – Орынбор, 1924.
9. Тәжібаев Ә. Психология және Абай. – Алматы: «Рауан», 1994.
10. Оразалин Н. Ұлттық идея және Абай мұрасы. – Алматы: «Жазушы», 2010.

БАСТАУЫШТА АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУДЫҢ ОҢТАЙЛЫ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Елесбаева Каракузайым Ерубаевна,
бастауыш сынып мұғалімі

Аңдатпа. *Абай Құнанбайұлы қазақ халқының ұлы ақыны. Ақын шығармашылығы бүгінгі ұрпаққа үлкен мұра. Бұл мұраларды жас ұрпаққа насихаттау үшін бастауыш сыныптарда Абай шығармаларын оқытудың оңтайлы әдіс-тәсілдерін қарастырудамыз. Сол әдіс-тәсілдер арқылы, балалардың Абай шығармашылығына деген қызығушылығын ояту, өлеңдер арқылы балаларға тәрбие беру жолы қарастырылып жатыр. Бұл мақалада бастауыш сыныпта Абай шығармаларын оқыту баланың жас ерекшелігіне сай жүргізілуі керек екені айтылады. Мұнда ең бастысы – Абайдың қара сөздері мен өлеңдерін балалардың түсінуіне жеңіл әрі қызықты етіп ұсыну. Бұл әдістер бастауыш сынып оқушыларының Абай шығармашылығына деген қызығушылығын арттырып, оны тереңірек түсінуіне көмектеседі.*

Түйін сөздер: *Абай, қызығушылық, әдіс-тәсіл, мұра, ойын, әдістеме, бастауыш сынып, жас ерекшелік.*

Кіріспе

Абай халқымыздың мақтанышы ғана емес, біздің ұлттық ұранымыз. Ол туралы айтылар сөз, жасалар істер әрқашанда өз арнасын табуы тиіс. Абай өлмес мұра қалдырды, оны алдымен өзіміз танып, сосын әлемге таныту – біздің ұмырлық парызымыз.

Абай шығармаларын жаңартылған білім беру мазмұнында бастауыш сынып оқушыларына меңгертудегі әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану. Сол сияқты оқушының белгілі бір мазмұнды меңгертудегі танымдық әрекетіне лайық іздемпаздылыққа жетелер, яғни зерттеуге арналған әдістер де бар. Сайып келгенде, осы әдістердің бәрін тұтас алғанда әдістеме ғылымы негізгі екі топқа бөліп келді. Оның біріншісі – оқу танымдық әрекеттің ұйымдастырылуы әдісі; екіншісі – оқу танымдық әрекеттің тиімділігін тексеруге және өзін-өзі тексеруге арналған әдістер. Тек әдістердің қолданылуында және мұғалімнің осы әдістердің қай қайсысын таңдауында басшылыққа алып, қатты ескеруінің өлшемі мыналар болу керек. Олар:

- қолданылатын әдістің оқу мақсатына сәйкестігі;
- оның оқуда көзделетін бағалау критерийлеріне сай келетіндігі;
- сабақ мақсатына жете алатындай болуы;
- оқушының оқу мүмкіндігіне сәйкестігі: (жас, психикалық жағынан) [1, 68-69].

Абай Құнанбаев шығармаларын оқыту мектепте әдебиетті оқыту принциптерімен тығыз байланысты. Абай шығармалары сөз өнерінің биік үлгісі ретінде әдебиетті оқытудың мақсат-мүддесіне толық жауап береді.

Мектепте оқытылған негізгі пәндер қатарында әдебиеттің пәндер ретіндегі оқытылу мақсаты оқушынының білім алуына, білік, дағдысын, танымын, түсінігін қалыптастыруға, тәрбиелеуге бағытталады. Әдебиет басқа оқу пәндері сияқты осы мақсат, міндеттерді арқалай отырып, басқа қырларымен де ерекшеленеді.

Зерттеу материалдары және әдістері

Бастауыш сыныпта Абай шығармаларын оқыту баланың жас ерекшелігіне сай жүргізілуі керек. Мұнда ең бастысы – Абайдың қара сөздері мен өлеңдерін балалардың түсінуіне жеңіл, әрі қызықты етіп ұсыну. Оқыту әдістерін таңдағанда келесі тәсілдер тиімді:

1. Шығармашылық әдіс

• Рөлдік ойындар – Абай өлеңдерін немесе қара сөздерін кейіпкерлер арқылы сахналау.

• Сурет салу – Балалар Абайдың табиғат лирикасына арналған өлеңдері бойынша суреттер салады.

• Өлең құрастыру – Берілген шумақтарды толықтыру немесе Абай стилінде шағын өлең жазу.

2. Интерактивті әдіс

• “Ойлан, жұптас, бөліс” – Оқушылар өлеңнің мағынасын алдымен өздері түсініп, жұпта талқылап, содан кейін сыныппен бөліседі.

• Қара сөздерді талдау – Қара сөздерден қысқа үзінділер оқылып, оқушылар өз ойларын айтады.

• Викториналар мен ойындар – Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы сұрақ-жауап ойындары ұйымдастырылады.

3. Тәжірибелік әдіс

• Табиғатпен байланыстыру – “Жаз”, “Қыс”, “Күз”, “Көктем” өлеңдерін табиғат аясында оқыту.

• Музыкалық тәсіл – Абайдың әндерін тыңдау, бірге орындау арқылы оның поэзиясын сезіну.

• Қолөнер – Балалар Абай шығармаларына қатысты қолөнер бұйымдарын жасайды (мысалы, кітап бетбелгісі, иллюстрациялар).

4. Жеке тұлғаға бағытталған әдіс

• Эссе жазу – “Мен Абайды қалай түсіндім?” деген тақырыпта қысқа эссе жазу.

• Сұрақ-жауап әдісі – Баланың түсіну деңгейін анықтау үшін ашық сұрақтар қою.

• “Өз ойынды айт” – Балалар Абай шығармаларынан қандай өмірлік сабақ алғанын бөліседі [2, 58-59].

Бұл әдістер бастауыш сынып оқушыларының Абай шығармашылығына деген қызығушылығын арттырып, оны тереңірек түсінуіне көмектеседі.

Талқылау және нәтижелер

Аталған бағытта жұмыс жүргізу үшін әр мұғалім оқытудың педагогикалық, психологиялық негіздерін жете білуі, теориялық біліммен қаруланған,тиімді әдіс-тәсілдерді орнымен қолдана алатын дәрежеде болғаны абзал. Ол үшін Абай шығармаларын оқытуда оқушы мен мұғалімнің іс-әрекеті мақсатты түрде қалыптасқан жүйеде ұйымдастырылуы керек. Осыған орай жасалған Абай шығармаларын меңгертуге арналған «Шиыршық» қағидаты негізінде меңгертуге болады [3, 128].

«Күз» өлеңінде Абай бұлттың түсін неліктен басқаша қолданбай (қара бұлт, ақ бұлт, шарбы бұлт, ақша бұлт т.б) «сұр бұлт» тіркесімен берген? Ерекшеліктерін тереңдей ұғуға әрі сол табиғат құбылысын дөп басып айтты.

Өлеңнің жолдары сол ұғымдардың бояуын қанықтырып, өлеңнің әлеуметтік мәнін түсініп қабылдауға жол ашады. Оқушы санасында Абай бейнелеген күздің тұтас суреті орнығады. Сабақты бекіту мақсатында «Галереяға саяхат» әдісі арқылы сурет салғызып, оны қорғатуға да болады.

Ал жыл мезгіліне қатысты оқушылар қандай түсті елестететінін сұрау да белгілі бір дәрежеде оқушы санасына әсер етеді. Абстрактылы ойлауынан нақты көзбен көру арқылы қабылдау, сипаттап айту мүмкіндігі арта түседі. «Қыс» өлеңін оқытқанда да осы әдіс-тәсілдің берері көп. Абай «Қыс» өлеңінде жылдың бұл мезгілін, табиғат көрінісін жаңаша үлгіде сипаттайды. Абайдың «Қыс» өлеңін оқытқанда әдебиет теориясынан затты, құбылысты жанды бейнеде, суретте «кейіптеу» ұғымын беру керек. Оқушының ассоциациялық қиялдағы қыс көрінісін «Постер» әдісі арқылы да жүзеге асыруға болады.

Абай өлеңіндегі «ақ киімді», «ақ сақалды», «ақ қырау», «ақ орда» тіркестеріндегі ақ эпитетінің қолданысында да қыс суретін анықтап көрсету мақсаты көзделген. Оқушының елестетуінде қыс келбетінің ақ түсі осы көріністерге сәйкеседі. Сондай-ақ келтірілген тәсіл өлендегі « үскірік», «аяз», «қар», «беті-қолы домбығып, үсік шалды», «борандап, бұрқ-сарқ етіп, «басқан жері сықырлап» деген сөздер мен тіркестердің қыс табиғатына тән көріністер екендігін оқушыға еркін сезіндіруге жағдай жасайды. Сондықтан осы ұғымдарды жеткізе, сезіндіре білу де мұғалімнен жаңа әдіс-тәсіл қолдануды талап етеді [4, 45].

Қорытынды

Ұлы Абайдың лирикалық шығармаларын бастауыш сынып оқушыларына үйрету барысында ең қажетті сыналған әдістемелерді пайдаланып, оларды әрбір сабақта жаңалап, жетілдіріп отыру, әрбір тақырыпты өтуге творчестволықпен қатынас жасау бүгінгі күннің ең зәру мәселесі болып табылады. Себебі, жастарымыздың дүние танымына, дүниеге көзқарасын қалыптасыруда, олардың заман дәрежесіндегі азамат болып өсуінде, биік интеллектуальдылыққа, «толық, кәміл инсан» болып жетілісуінде, олардың бойындағы эстетикалық талғамының ұштала түсуінде ұлы Абайдың шығармалары бірден бір рухани азық болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы, 1997.

2. Әділханов Т. «Абай өлеңдерінің білімділік, тәрбиеллік мәні»//«Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы. №3, 1994.

3. Ахметов З. «Абайтану және ғылыми зерттеу әдіс-тәсілдері»//Кітапта: Қазіргі абайтанудың өзекті мәселелері. -Алматы: «Ғылым», 2002.

4. Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы Т.1. - Алматы: «Ғылым»,1997.

АБАЙДЫҢ ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ РУХАНИ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МАҢЫЗЫ

Есенова Айгул Аманкелдиевна,
С.Сейфуллин атындағы №2 ЖББОМ,
Алматы облысы, Талғар қаласы

Аңдатпа. *«Абайдың қазіргі қоғамдағы рухани және мәдени маңызы» тақырыбындағы ғылыми мақалада Абай шығармашылығының қазіргі қоғамдағы рухани және мәдени маңызы қарастырылады. Абай мұрасының ұлттық сана, рухани тәрбие, адамгершілік құндылықтар және мәдени даму тұрғысынан өзектілігі талданады. Ақынның еңбектері қазақ халқының рухани дамуы мен мәдени қалыптасуына үлкен әсер еткенін және оның идеялары бүгінгі күнде де маңызды екенін көрсету – мақала мақсаты.*

Түйін сөздер: *Абай Құнанбайұлы, рухани тәрбие, мәдени мұра, ұлттық сана, адамгершілік құндылықтар.*

Кіріспе

Бүгінгі таңда Абайдың ойлары ұлттық мәдениеттің, қоғамдық сананың және рухани дамудың маңызды бөлігі болып қалыптасқан. Қазіргі жаһандану заманында ұлттық мәдениетті сақтау, рухани құндылықтарды нығайту өзекті мәселеге айналып отыр. Осы тұрғыда Абай шығармалары жастарға ғана емес, бүкіл қоғамға бағыт-бағдар бола алады. Абайдың шығармаларында адам мен қоғамның үйлесімді дамуы үшін қажет рухани қағидалар көрініс тапқан. Оның қара сөздері мен өлеңдері адамның ішкі жан дүниесін тәрбиелеуге, ар-ұят пен адалдықты сақтауға үндейді.

Адамгершілік және рухани тазалық – Абай адамзаттың ең басты құндылығы ретінде моральдық тазалықты, әділеттілікті, шынайылықты жоғары қояды. Оның «Адам бол!» деген идеясы бүгінгі таңда да өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Білім мен ғылымды насихаттау – Абай ғылым мен білімді рухани жетілудің негізгі жолы деп есептеді. Қазіргі білім қоғамында бұл қағида ерекше мәнге ие. Абай, сондай-ақ, ислам дінінің мәнін терең түсінген және оның адамгершілік қағидаларын насихаттаған. Оның діни көзқарастары қазіргі зайырлы қоғамда да маңызын сақтап отыр.

Абай – қазақ мәдениетін жаңа деңгейге көтерген тұлға. Оның шығармалары қазақ әдебиетіне жаңашылдық әкелді, сонымен қатар қазақ халқының мәдениетін әлемге танытты. Қазақ әдебиетіндегі орны – Абайдың поэзиясы қазақ әдебиетіндегі жаңа бағыттың негізін қалады. Оның өлеңдері

мен қара сөздері ұлттық әдебиеттің дамуына серпін берді. Ал Абай әндері қазақ музыка өнерінің баға жетпес мұрасы болып саналады. Оның «Көзімнің қарасы», «Желсіз түнде жарық ай». Бұл әндер әлі күнге дейін халық арасында кеңінен таралған. Бүгінде Абай мұрасын зерттеуге арналған ғылыми орталықтар жұмыс істейді, оның еңбектері әлемнің бірнеше тіліне аударылған. Абайдың идеялары қазіргі заманғы Қазақстан қоғамы үшін аса маңызды. Ұлттық бірегейлікті нығайту жолында ақынның еңбектері ұлттық сананы қалыптастыруға және қазақ халқының мәдени мұрасын сақтауға зор ықпал етеді. Абайдың қара сөздері жастардың адамгершілік, рухани құндылықтар мен жауапкершілікті түсінуіне көмектеседі. Қоғамдық сана мен моральдық құндылықтарды Абай шығармалары арқылы қалыптастырып, әділетті қоғам қалыптастырудың рөлі зор.

Әдебиеттерге шолу

Абайдың шығармалары қазақ әдебиеті мен мәдениетінің дамуына үлкен ықпал етті. Оның өлеңдері мен қара сөздері – ұлттық рухани қазына. Атап айтсақ, Абайдың «Шығармалар жинағына» ақынның барлық өлеңдері, поэмалары және қара сөздері енген. Абайдың 45 қара сөзінде адамгершілік, білім, еңбек, рухани тазалық туралы терең философиялық ойлар қозғалады. Ал Абайдың музыкалық мұрасы қазақ өнерінің маңызды бөлігі болып табылады.

Абай шығармалары – қазақтың ұлттық санасын қалыптастыруға әсер еткен әдеби, философиялық және рухани туындылар.

Сонымен қатар, Абай Құнанбайұлы шығармашылығы мен оның қазіргі қоғамдағы рухани және мәдени маңызы көптеген зерттеулердің өзегіне айналған. Абайдың әдеби, философиялық және мәдени мұрасын талдаған еңбектер жеткілікті. Абайдың әдеби мұрасын зерттеген еңбектер қазіргі қоғамның рухани және мәдени маңызын аша түседі. Содан да болса керек, Абайтану ғылымы ХХ ғасырдың басында қалыптасып, бүгінде үлкен зерттеу бағытына айналып отыр.

Мұхтар Әуезов – «Абай жолы» роман-эпопеясы. Осы жиынға қараған бетімен, екі жолдасынан озып кеп бұрын түскен Абайдың атын біреу алып кете берді. Бала көп ішінен, ең алдымен өзінің шешесін көріп, соған қарай жүре беріп еді, шешесі анадай жерде тұрып: – Әй, шырағым балам, әуелі аржағыңда әкең тұр. Сәлем бер! – деді. Абай жалт қарап барып жаңа көрді. Анадай жерде, қонақ үйдің сыртында, қасында екі-үш үлкен кісі бар – әкесі Құнанбай тұр екен» [1, 13]. Міне, осы тұстан біз қазақ халқының бойында кездесетін руханилық көріністі, дәстүр мен тәрбие көзін анық аңғарамыз.

Қайым Мұхамедханов «Абай және қазақ әдебиеті» еңбегінде Абай поэзиясының текстологиясын құрау арқылы Абайдың қазақ әдебиетінен алар орнын тамаша көрсете білген [2, 2]. Ал Зәки Ахметов Абайдың ақындық әлемін аша отырып: «Абай поэзиясы – өз заманындағы қоғамдық өмірдің ең көкейкесті, ең күрделі және маңызды мәселелерін қозғап, халықтың рухани құндылығымен байланыстыра алған туынды» [3, 3], - деп өте орынды айтқан.

Бұл зерттеулердің қай-қайсысы да Абай шығармаларының түпнұсқасын зерттеген, ақынның ақындық мектебі, оның шәкірттері туралы тың мәліметтер береді. Абайдың поэтикалық ерекшеліктерін талдайды. Ақынның қазақ

әдебиетіне енгізген жаңашылдықтарын зерттейді. Абай шығармаларының көркемдік және философиялық мәнін ашуға көмектеседі.

Зерттеу әдістемесі

Абай Құнанбайұлының шығармашылығының қазіргі қоғамдағы рухани және мәдени маңызын анықтау үшін кешенді әдістер қолданылды.

1. Теориялық-аналитикалық әдіс

• Абайдың шығармаларын (өлеңдері, қара сөздері) талдау арқылы оның идеяларының негізгі мәнін анықтау.

• Абайдың философиялық көзқарастарын қазіргі заманмен салыстыру.

• Ақын мұрасын зерттеген ғалымдардың еңбектерін қарастыру (М.Әуезов, Қ.Мұхамедханов, З.Ахметов, Ғ.Есім және т.б.).

2. Тарихи-салыстырмалы әдіс

• Абайдың шығармаларын оның өмір сүрген кезеңінің тарихи-әлеуметтік жағдайымен байланыстыра қарастыру.

• Ақынның көтерген мәселелерін қазіргі заманмен салыстыру (мысалы, білім, еңбек, адамгершілік, ұлттық сана мәселелері).

Нәтижелер

Зерттеу нәтижесінде Абай Құнанбайұлының шығармашылығы қазіргі қоғам үшін рухани және мәдени тұрғыдан маңызды екені анықталды. Ақынның шығармалары арқылы берілген негізгі ғибраттар мыналар:

- Абайдың қара сөздері мен өлеңдерінде әділеттілік, ар-ұят, адалдық, білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік сияқты құндылықтар насихатталған.
- Қазіргі қоғамда да бұл қасиеттер жастарды тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады.
- Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі бүгінгі білім экономикасына негізделген қоғам үшін ерекше өзекті.
- Зерттеу барысында Абай идеяларының қазіргі білім беру жүйесінде кеңінен қолданылуы қажет екені анықталды.
- Ақын ұсынған ақыл, қайрат, жүрек үйлесімі қазіргі психологиялық және педагогикалық зерттеулермен үндеседі.
- Абайдың шығармалары қазақ халқының рухани бірлігін нығайтып, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге ықпал етеді.
- Ақынның әндері мен поэзиясы қазақ мәдениетінің ажырамас бөлігі болып табылады.
- Абайдың көтерген мәселелері (әлеуметтік әділеттілік, ұлттық сана, еңбек пен білімнің маңызы) қазіргі Қазақстан үшін де өзекті болып отыр.
- Ақын мұрасының заманауи жастар тәрбиесіндегі орны ерекше.

Талқылау

Абай шығармашылығының қазіргі қоғамдағы рөлін талқылау барысында бірнеше негізгі аспектілерді қарастырдым.

1. Абай идеяларының уақыттан тыс маңызы

Абайдың ойлары тек өзінің заманында ғана емес, қазіргі дәуірде де маңызды. Ол ұсынған білім мен еңбекті бірінші орынға қою идеясы XXI ғасырдың негізгі даму бағытымен үйлеседі.

2. Білім мен ғылымға ұмтылу

Абайдың ғылымға, ізденіске деген шақыруы бүгінде өзекті бола түсуде. Оның «Ақыл мен білімді парлап ұста, өнерлі елдерден үлгі ал» деген ойы қазіргі замандағы инновациялық дамудың маңыздылығын көрсетеді.

3. Қазақ мәдениетін жаңғыртудағы рөлі

Абайдың поэзиясы мен музыкалық мұрасы ұлттық мәдениеттің дамуына ерекше әсер етті. Оның шығармалары қазақ халқының мәдени кодын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

4. Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік мәселелермен байланысы

Абай өз заманындағы әлеуметтік әділетсіздік, надандық, жалқаулық сияқты мәселелерді сынға алды. Бұл мәселелердің кейбірі бүгінгі қоғамда да көрініс тауып отыр.

Абай Құнанбайұлының мұрасы – қазіргі заманның рухани, мәдени және әлеуметтік мәселелеріне жауап беретін баға жетпес қазына. Оның шығармалары жастардың тәрбиесінде, ұлттық сананы қалыптастыруда және мәдени бірегейлікті нығайтуда маңызды рөл атқарады.

Зерттеу барысында анықталған негізгі тұжырымдар:

- Абайдың еңбектері қазіргі қоғамның дамуына ықпал ете алады.
- Ақынның «Толық адам» ілімі заманауи тұлғалық дамумен үндеседі.
- Абайдың идеяларын жастарға кеңінен насихаттау қажет.

Қорытынды

Абай Құнанбайұлының мұрасы – қазақ халқының рухани және мәдени дамуының негізі. Оның шығармалары қазіргі заманның өзекті мәселелеріне жауап беріп қана қоймай, қоғамның моральдық-этикалық дамуына бағыт-бағдар береді. Абайдың философиясы, әдеби мұрасы және идеялары ұлттың болашағын айқындайтын маңызды факторлардың бірі болып қала бермек.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Әуезов М. Абай жолы. Роман-эпопея.1-том. -Алматы: «Жазушы», 2003. - 432 б.

2. Мұхамедханов Қ. Абай және қазақ әдебиеті. - Алматы: «Санат», 1996. - 304 б.

3. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. -Алматы: «Ана тілі», 1995. - 208 б.

АБАЙ МҰРАСЫ ЖӘНЕ БҮГІНГІ ЖАСТАР: «ТОЛЫҚ АДАМ» ІЛІМІНІҢ ӨМІРШЕҢДІГІ

Есмурзина Макпал Кайратовна,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
«№19 орта мектеп» КММ

Аңдатпа. *Бұл мақалада ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлының рухани мұрасының бүгінгі жастар тәрбиесіндегі маңызы жан-жақты талданады. Ақынның «толық адам» ілімі, қара сөздері мен өлеңдері арқылы жастардың рухани және ұлттық болмысын қалыптастыру жолдары қарастырылады. Сондай-ақ Абай шығармаларын цифрлық технологиялар арқылы насихаттау, оның заманауи жастарға ықпалы мен ғылыми зерттеулерге негізделген тәрбиелік әлеуеті сараланады. Халық мақал-мәтелдері мен Абай даналығының үндестігі ашылып, ұлттық тәрбиенің құндылықтары сипатталады. Мақала жастарды рухани жаңғыруға, білімге, еңбекқорлыққа баулуда Абай мұрасының орны ерекше екенін дәлелдейді.*

Түйін сөздер: *Абай мұрасы, жастар тәрбиесі, толық адам, ұлттық болмыс, рухани жаңғыру, қара сөздер, мақал-мәтел, цифрлық насихат*

Кіріспе

Абай Құнанбайұлы – қазақ халқының ғана емес, бүкіл адамзаттың рухани мұрасын байытқан ұлы ойшыл, кемеңгер тұлға. Оның шығармашылығы – ғасырлар бойы мәнін жоғалтпай келе жатқан даналықтың қайнар көзі. Бүгінгі жаһандану дәуірінде жастардың бойына ұлттық рух, адамгершілік қасиет, еңбекқорлық пен білімге құштарлық сияқты асыл құндылықтарды сіңіру – өзекті мәселелердің бірі. Әлемдік мәдениеттер тоғысында өз болмысын жоғалтпай, ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, дамуға ұмтылған ел үшін жастардың рухани тәрбиесі аса маңызды. Осы тұрғыдан алғанда, Абай мұрасының тәрбиелік, танымдық және рухани маңызы ерекше. Сондықтан да Абай Құнанбайұлының шығармалары арқылы жастардың рухани-адамгершілік және ұлттық болмысын қалыптастыру жолдарын ғылыми тұрғыдан зерделеуді мақса еттік. Ол үшін Абайдың «толық адам» ілімінің мәнін ашу, қара сөздері мен өлеңдеріндегі тәрбиелік идеяларды саралау, ұлттық болмыспен сабақтастығын көрсету және заманауи жастар тәрбиесіне ықпалын сипаттау міндеттерін қойдық.

Қазіргі жастардың дүниетанымын, көзқарасын қалыптастыруда Абай мұрасын пайдалану қажеттілігімен тығыз байланысты. Ақын идеялары – ұлттық рухани жаңғырудың, парасатты қоғам қалыптастырудың негізі болып табылады. Жұмыстың өзектілігі осымен айқындалады.

Әдістемелік негіз және әдебиеттерге шолу

Абай Құнанбайұлының мұрасы қазақ халқының рухани болмысын айқындайтын маңызды құндылықтардың бірі болып табылады. Оның шығармашылығының түпкі мәні – адамның адамшылығын, оның рухани кемелденуін, жан дүниесінің тазалығын сипаттау. Абайдың философиясы мен ойлары заманынан озық болып, бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтпай келеді. Абайдың «толық адам» концепциясы – жастардың рухани және моральдық дамуына ықпал ететін маңызды философиялық ілім. Абайдың шығармашылығы арқылы жастардың бойында рухани жаңғыру, ұлттық болмыс, білімге деген құштарлық қалыптасады.

Абайдың «толық адам» ілімі оның шығармашылығындағы негізгі тұжырымдардың бірі болып табылады. Бұл ілім адамның үш негізгі қасиеті – жүрек, ақыл және қайраттың үйлесімділігін негізге алады. Ақынның айтуынша, адамның толық болуы үшін осы үш қасиеттің дұрыс үйлесуі қажет.

Абайдың пайымдауынша, жүрек – адамның ішкі дүниесі, сезімдер мен адамгершілік қасиеттердің ордасы болса, ақыл – ойлау мен білімнің, дүниетанымның кілті, ал қайрат – адамның өмірге деген белсенді қарым-қатынасын, оның күреске деген қабілетін білдіреді. Осы үш қасиеттің тепе-теңдігі «толық адамды» қалыптастырады.

Абайдың осы концепциясы қазіргі психология мен педагогика ғылымдарымен ұштасады. Заманауи психологтар мен педагогтер адам болмысының толықтығын, яғни оның эмоционалдық интеллектісін, әлеуметтік жауапкершілігін және этикалық қалыптарын дамытуға аса мән береді. Мұндай көзқарастар Абайдың ойларының дәл бүгінгі күні де маңызды екендігін көрсетеді. Ғарифолла Есім: «Абайдың «толық адам» ілімі – қазақ философиясының өзегі» [1, 5] деп, бұл концепцияның қоғамдағы адамгершілік және моральдық негіздерді нығайтуға, жастардың дұрыс қалыптасуына әсер ететінін атап өткен.

Абайдың шығармашылығының тағы бір ерекшелігі – ол ұлттық тәрбие мен ұлттық болмыс мәселесіне ерекше назар аударған. Ұлы ақын өз өлеңдерінде қазақ халқының салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары мен мәдениеті туралы терең ойлар айтып, сонымен қатар заман өзгерістеріне қарай ұлттық болмыстың сақталуы қажеттілігін айқындаған. Абайдың өз халқына деген алаңдаушылығы оның «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» [6,17б] деген сөздерінен көрініс табады. Ол қазақтың тағдыры мен болашағына қатысты терең ойларды шығармаларында айтты. Бұл ойлар бүгінгі күні де өзекті болып табылады, өйткені жаһандану дәуірінде жастардың өз мәдениетіне деген құрметін қалыптастыру – аса маңызды міндет.

Абайдың ұлттық болмыс туралы ойлары қазіргі қазақ қоғамында да жаңғырушы мәнге ие. Тұрсын Жұртбай: «Абай – ұлттық кодтың шынайы иесі. Ол қазақты қазақ етіп тұрған рухани тіректерді дәл тапқан» [2, 32-33] деп, Абайдың ұлттық болмысқа қатысты айтқан ойларының ұрпақ тәрбиесіндегі рөлін ерекше атап өткен. Бұл пікір жастарға өз мәдениетін сақтау және ұлттық құндылықтарды ұстану қажеттігін түсіндіреді. Ұлттық тәрбиенің негізі Абайдың қара сөздерінде айқын көрінеді. Мысалы, Абайдың «Бес нәрседен қашық бол, бес нәрсеге асық бол» [3, 66-67] деген сөзі жаман мен жақсыны айырып, жастарға өмірде дұрыс бағыт-бағдар береді.

Абайдың білім мен ғылымға деген көзқарасы да ерекше. Оның шығармашылығында білімнің және ғылымның маңыздылығы жиі айтылады. Абайдың «Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез» [4, 47] деген өлеңі жастарды білімге шақырып, ғылымның күшіне сенуге үндейді. Абай үшін білім мен ғылым адамды дамытудағы басты құрал болды. Оның 17-қара сөзінде айтылған «Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады» [5, 20-21] деген тұжырымы бүгінгі педагогика саласында өзекті болып табылады. Абайдың ойынша, білім алу арқылы адам өзінің рухани дүниесін байытады, оны тұлғалық деңгейде дамытады.

Талдау және нәтиже

Абайдың ілімі бүгінгі жастарға арналған маңызды бағдар болып табылады. Қазіргі жастардың тәрбиесінде ұлттық құндылықтар мен моральдық қасиеттердің сақталуы, ғылыми білімнің тереңдігі мен адамгершілік тәрбие маңызды орын алады. Бұл тұжырымдар Абайдың шығармашылығында анық көрініс табады. Сол себептен қазақ тілі мен әдебиеті және басқа да пәндерді өткенде, мектептегі сыныптан тыс жұмыстар мен тәрбие сағаттарында Абай шығармаларына кем дегенде аптасына бір рет тоқталып өткен жөн. Себебі, Абайдың толық адам ілімі қазіргі заманның жастар тәрбиесіне маңызды әсер етіп, оларды адамгершілік құндылықтармен, біліммен, еңбекқорлықпен тәрбиелеуге ықпал етеді.

Қазіргі заманғы психология мен педагогика салаларында да Абайдың идеялары кеңінен қолданылады. Абайдың толық адам туралы ілімін психологиядағы тұлғаның әлеуметтік жауапкершілігі, эмоционалдық интеллектісі, этикалық дамуы сияқты ұғымдармен байланыстырсақ, оның идеялары заманауи ғылымның талаптарына толық жауап береді. Әлеуметтану мен антропология салаларында да Абайдың адамның ішкі дүниесі мен сыртқы мінез-құлқының үйлесімділігін зерттеуге деген көзқарастары бүгінгі күні маңызды болып табылады.

Ұсыныстар

Абай мұрасының бүгінгі жастарға әсерін арттыру мақсатында цифрлық технологиялар мен жаңа медиа құралдарын пайдалану аса маңызды. Қазіргі қоғамдағы цифрлық технологиялардың дамуымен Абай шығармаларының кеңінен таралуы, оның өлеңдері мен қара сөздерінің жастар арасында насихатталуы жаңа мүмкіндіктерге жол ашуда. Абайдың шығармашылығын сандық форматта тарату арқылы жастар оған оңай қол жеткізе алады, ал мектептер мен университеттерде арнайы дәрістер мен курстар арқылы Абайдың мұрасы оқытылады. Бұл заманауи технологиялардың Абайдың мұрасын кеңінен таратудың тиімді жолы екендігі сөзсіз.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, Абай Құнанбайұлының шығармашылығы қазіргі жастар үшін аса маңызды рухани мұра болып табылады. Оның «толық адам» ілімі, білімге, ғылымға, еңбекке және адамгершілікке деген көзқарастары бүгінгі жастардың қалыптасуына негіз бола алады. Абайдың шығармашылығын оқу арқылы жастар өз болмысын түсініп, өз өмірлеріне дұрыс бағыт бере алады. Осылайша, Абайдың мұрасы болашақ ұрпақ үшін маңызды рухани темірқазық болып қала бермек.

Абай Құнанбайұлының шығармашылығы, оның философиясы мен педагогикалық көзқарастары қазақ халқының рухани, мәдени болмысын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Ұлы ақынның «толық адам» ілімі, оның адамгершілік, моральдық, интеллектуалдық және рухани дүниесін дамытуға бағытталған ойлары бүгінгі күні өзекті болып отыр. Абай шығармашылығы тек қазақ халқы үшін ғана емес, бүкіл адамзат үшін құнды рухани қазына болып табылады. «Абайдың ойынша, адамның ақылдылығы, тәрбиелігі, саналығы дүниені зерттеумен оның ішкі сырын білумен тығыз

байланысты. Қоршаған ортаны тану, ақиқатты білу, ғылымды меңгеру оның пікірінше адамға тән қасиет» [6, 227].

Абайдың «толық адам» ілімі, негізінен, адамның үш негізгі қасиетін – жүрек, ақыл және қайратты үйлестіру арқылы адамгершілік кемелденуге ұмтылуды білдіреді. Бұл ілімнің мәні – адамды жан-жақты, терең білімді, жоғары моральды, жауапты және еңбекқор болуға тәрбиелеу. Абайдың ұстанымы бойынша, тек осы қасиеттердің үйлесімділігі адамды шынайы толық адам етеді. Ғылыми тұрғыдан алғанда, бұл ұғым қазіргі психология мен педагогика ғылымымен тығыз байланыста және бүгінгі таңда жастарды тұлға ретінде дамытуда маңызды бағыт болып табылады.

Абайдың шығармашылығының тағы бір маңызды аспектісі – оның ұлттық болмысқа, халықтың мәдениеті мен дәстүріне деген қамқорлығы. Абай қазақ халқының болашағы үшін ұлттық рухтың сақталуын, оның ішкі жан дүниесінің тазалығын, ізгілікті сақтау қажеттігін үнемі айтып өтті. Бұл тұрғыдан алғанда, Абайдың шығармашылығын ұлттық тәрбиенің қайнар көзі ретінде қарастыруға болады. Абайдың ұлттық болмысты сақтау, қазақтың рухани құндылықтарын дамыту туралы ойлары бүгінгі күні де өзектілігін жоғалтпайды. Абайдың «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» [7, 11-12] деген сөздері бүгінгі жастар үшін үлкен жауапкершілікті білдіреді. Ол өз халқының болашағын ойлап, рухани тұрғыдан жаңғыруды алға тартқан.

Абайдың қара сөздері мен өлеңдері тек жеке тұлғаның қалыптасуына ғана емес, бүкіл қоғамның тәрбие алуына үлкен ықпал етеді. Оның шығармаларында адамдық құндылықтар, имандылық, білімге деген құштарлық, еңбекқорлық, ізгілік және қоғамға деген жауапкершілік сияқты негізгі тақырыптар басым. Мысалы, Абайдың «Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез» [8, 7] деген сөздері жастарды білімге, ғылымға ұмтылуға шақырады. Сонымен қатар Абайдың еңбекке деген көзқарасы да ерекше. Ол «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» [9, 15] деп еңбекқорлықты, табандылықты аса жоғары бағалаған.

Қазіргі заманның жастарында ғылымға, білімге ұмтылу, еңбекқорлық және адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру мәселелері аса маңызды болып табылады. Абайдың идеялары бүгінгі күнде осы мәселелерді шешуге бағытталған құрал ретінде қарастырылады. Әсіресе, жастардың рухани дамуына, өз-өзіне деген жауапкершілігін арттыруға, сондай-ақ өз мәдениетіне, дәстүрлеріне деген құрметін қалыптастыруға арналған Абайдың ойлары бүгінгі қоғам үшін қажетті бағдар болып отыр.

Абай шығармашылығының маңыздылығы бүгінгі заман талабына сай түрлі білім беру салаларында, ғылыми зерттеулерде және қоғамда кеңінен қолданылуда. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жүргізген зерттеулеріне сүйенсек, Абайдың шығармалары жастардың рухани және интеллектуалдық дамуына зор ықпал етеді. Оның шығармалары қазіргі мектептер мен университеттерде арнайы дәрістер мен курстар арқылы оқытылады. Бұл Абайдың мұрасын жаңғыртып, қазіргі жастарға жеткізудің тиімді жолы болып табылады.

Абай мұрасын насихаттаудың тағы бір маңызды бағыты – цифрлық технологиялар мен жаңа медиа құралдарын пайдалану болып табылады. Қазіргі уақытта интернет, мобильді қосымшалар, онлайн платформалар арқылы Абайдың шығармаларын кеңінен тарату мүмкіндігі бар. Мектептер мен жоғары оқу орындарында Абайдың шығармалары бойынша арнайы курстар, бейнемазмұндар мен электрондық кітаптар дайындалып, жастар арасында кеңінен таралуда. Бұл заманауи әдіс арқылы Абайдың мұрасын әрбір жас адамға жеткізу мақсатында үлкен жұмыстар атқарылуда.

Қорытындылай келе, Абай Құнанбайұлының шығармашылығы тек қазақ халқының рухани байлығы ғана емес, бүкіл әлемнің мәдени мұрасы болып табылады. Оның «толық адам» ілімі, ұлттық болмысқа деген қамқорлығы, білім мен ғылымға деген көзқарасы, еңбекке деген құрметі бүгінгі жастар үшін маңызды бағдар болып табылады. Абайдың ойлары, қара сөздері мен өлеңдері, қазақ халқының мәдениеті мен тәрбиесінің негізі ретінде жас ұрпақты дұрыс бағытта тәрбиелеуге ықпал етеді. Осы тұрғыда, Абайдың шығармашылығының тәрбиелік мәнін түсіну және оны болашақ ұрпаққа жеткізу – біздің басты міндетіміз болып табылады. Абай мұрасының негізінде тәрбиеленген ұрпақ – ұлттық құндылықтарға адал, адамгершілік қасиеттері жоғары, білімі терең, еңбекқор азаматтар болады. Абайдың даналығы мәңгілік құндылық болып қалатынын ұмытпауымыз керек.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Есім Ғ. Абай ілімі. – Алматы: «Руханият», 2012. - 5 б.
2. Жұртбай Т. Ұлт болмысы және Абай. – Алматы: «Білім», 2019. - 32-33 б.
3. Абай Құнанбайұлы. Қара сөздер. – Алматы: «Жазушы», 2017. - 66-67 б.
4. Мырзахметов М. Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары. – Алматы: «Ғылым», 1982. - 47 б.
5. Құнанбайұлы А. Өкініште көп өмір кеткен өтіп...:// Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер. – Алматы: «Раритет», 2008. - 11-12, - 20-21 бб.
6. Қазақ мақал-мәтелдері жинағы. – Алматы: «Ана тілі», 2015. - 7-15 б.

АБАЙ ШЫҒЫРМАЛАРЫНДАҒЫ «ТОЛЫҚ АДАМ» БЕЙНЕСІ

Жанасыл Күмісгүл,
студент, Әлкей Марғұлан атындағы
Павлодар педагогикалық университеті

Аңдатпа. *Бұл мақалада қазақтың ұлы ойшылы, ақыны Абай Құнанбайұлының шығармашылығындағы «Толық адам» ілімінің мазмұны мен маңызы жан-жақты талданады. Автор Абайдың өлеңдері мен қара сөздеріндегі адамгершілік, имандылық, білімге ұмтылу, жүрек тазалығы секілді қасиеттерді сипаттап, олардың «Толық адам» концепциясымен тығыз байланысын ашады. Мақалада Абайдың талап, еңбек, терең ой,*

қанағат, рақым секілді бес асыл қасиетті дәріптеген тұстары мен иман мәселесіне қатысты терең ойлары кеңінен қарастырылған. Сонымен қатар, бұл философиялық ілімнің қазіргі жастардың рухани дамуы үшін маңызы зор екендігі айтылып, оны білім беру үдерісінде қолдану қажеттілігі ұсынылады.

Түйін сөздер: *Абайдың өлеңдері, қара сөздер, адамгершілік, имандылық, жүрек тазалығы*

Кіріспе

Абай қазақ әдебиетіндегі ұлы тұлға, маңдай алды ақын екені, таңдаулы туындылары дүние жүзі поэзиясының озық үлгілерімен деңгейлес тұрғаны – білген адамға айқын шындық. Сан ғасырлық бай поэзиясы, ел қамын жоқтаған жүздеген ерен жүйрік жырау, жыршы, ақындары бар қазақ әдебиетінде Абай орнының ерекше болуы тегін емес [1, 296].

Абай қазақ халқының рухани көсемі. Ол халқының қамын жеп, келешегін ойлап өткен ұлы тұлға.Абайдың шығармашылығы «Толық адам» философиясына негізделген. «Толық адам» адамгершілік пен имандылықты бетке ұстап ғылым мен білімге ұмтылған адам.

Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге.
Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз.
Тілеуің, өмірің алдында,
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ –
Бес дұшпаның, білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой –
Бес асыл іс, көнсеңіз [2, http://anatili.kazgazeta.kz].

Әдебиеттерге шолу

Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде «Толық адам» ілімінің негіздері насихатталады. «Толық адам» ілімі Абайдың замандасдарына сыншыл көзбен қарап, адам бойындағы ой кеселдерді әшкерелеуден бастау алып, «Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім» деген оймен ұласып, адамның мінез-құлқын жақсылыққа бағыттап өзгертуді, адамның жан-жүрегі мен ой-санасын бірдей кемелдендіруді мақсат еткен ұлы философиялық ілім.

Абай қазақ халқының ұлы ойшылы мен асқан данагөйі.Оның «толық адам» ілімі халықтың жанын ағартушы ілім болып табылады. Абай әр адамды «толық адам» болу жолына түсіп, ақиқатқа жақын жүруге үндейді.

«Толық адам» қандай болуы керек? Қайтіп «толық адам» боламыз? деген сан сұрақтың кілті – Хакім Абайдың қара сөздері.

Абай қара сөздерінде «толық адам» болудың бірден-бір жолы тәлім-тәрбиенің дұрысы деп біледі. «Ел болам десең, бесігіңді түзе» деген сөз құрғақ сөз емес.Оның мағынасы өте тереңде жатыр. Жас сәби-ақ қағаз. Жасынан жаны пәк баланың санасы мен жүрегін шимайламай, мағыналы көркемдікке баулы керек.

Өзінің жетінші қара сөзінде Абай: « Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды. Һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі – білсем екен демеклік. Не көрсе соған талпынып, жалтыр – жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай - керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласада тұра жүгіріп, «ол немене?» «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?», « бұл неге үйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген», - деп ой түйеді [3, 368].

Баланың жас жағындағы осы екі мінезі оның бар өмірінің бағыт-бағдарына бастау болады. Адам өмірі – таразы. Бір жағында жан құмары, екінші жағында тән құмары. Бұл екі құмарлыққа бірдей әмірін жүргізіп, таразы басын теңестіру кез-келген адамның қолынан келмейді. Ата-ананың міндеті баласын қандай да болмасын асылыққа, астамшылыққа бойын салмай, таразы басын теңестіре отырып тәрбиелеу.

Зерттеу әдістемесі

Абай шығармаларындағы «толық адам» бейнесін ашуда талдау, салыстыру, жүйелеу әдістері қолданылды. Оны төмендегі талдау жұмыстарынан көруге болады. «Толық адам» болу жолы оңай емес. Ол жолға бар қаруынды сайлап түскен абзал. Ақыл , жүрекпен ұштасқан талапсыз «толық адам» болу мүмкін емес. «Адам баласының ең жаманы – талапсыз.Талап қылушылар да неше түрлі болады. Һәм талаптың өзі де түрлі-түрлі. Һәм сол талаптардың қайсысының соңына түссе де, бірінен бірі өнерлі, тұрлаулырақ келеді» [4, 5]. Талап та ақыл да күш те екі жақты нәрсе. Талаптың да ақылдың да күштің де неше түрлісі болады. Адамның әр қасиеті сан қырлы. Ол қырлардың қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс екенін жүрек ажыратпақ. Себебі жүрек алдамайды.

Сондықтан Абайдың он жетінші қара сөзінде орын алған қайрат, ақыл, жүрек үшеуінің өнерлерін айтысқан айтысында, Абай жүректі қолдайды. Қайрат, ақыл, жүрек үшеуінің бар қасиетін таразыға салып, жақсылығы мен жамандығын саралайды. Қайраттың орынсыз, болымсыз нәрсеге үйір қылмай, бойды таза сақтайтұғын, күнәкәрліктен, көрсеқызар жеңілдіктен, нәфсі шайтанның азғыруынан құтқаратұғын, адасқан жолға бара жатқан бойды қайта жиғызып алатұғын пайдасымен қатар қаттылығына орай кейде жамандықты берік ұстап кететін залалын әшкерелейді. Ақылдың не дүниеге, не ахиретке не пайдалы болса, не залалды болса білетұғын, ғылымның сөзін ұғатұғын пайдасын ескере отырып, амал мен айланың көзі де ақыл болатұғынын, ақылдың жақсы мен жаманның қызметінде бірдей жүретіндігін

де елеусіз қалдырмайды. Сөйтіп, бұл үшеуінің басын қоспақ ғылым екенін, бірақ сонда да билеуші, әмірші ақылдың көп қырына көнбейтін, жақсылыққа құмар, қайратты еркіне жібермейтін жүрек болу керектігін айтады.

«Осы үшеуің басыңды қос, бәрін де жүрекке билет, - деп ұқтырып айтушының аты ғылым екен. Осы үшеуің бір кісіде менің айтқанымдай табылсаңдар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам - сол. Үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта, құдай тағала қалпыңа әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны – осы, - депті» [5, 448].

«Толық адам» болудың мәні жүрек тазадығында, ал жүрек тазалығы жаныңды жаратқан құдайдан. Жүректі таза сақтап қалудың бірден-бір амалы құдайға сыйыну.

Абай: «Иман деген – Алла тәбарака уатағаланың шәриксіз, ғайыпсыз бірлігіне, барлығына уа һәр неге бізге пайғамбарымыз саллала Аллаһу һалайһи уа саллам арқылы жіберген жарлығына, білдіргеніне мойынсұнып, иманмақ», - деп адамдарды имандылыққа шақырады. Бірақ « толық адам» болу үшін құр иманмақтықтың жеткіліксіз екендігін де айтады. «Әуелі дін исламның жолындағы пенделер иманның хақиқаты не сөз екенін білсін. Иман дегеніміз бір ғана инанмақтық емес, сен Алла тағаланың бірлігіне, уә құранның оның сөзі екендігіне, уә пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа салаллаһу ғалайһи уәссәлләм оның тарапынан елші екендігіне инандың. Жә, не бітті? Сен Алла тағалаға Алла тағала үшін иман келтіремісің я өзің үшін иман келтіремісің? Сен иман келтірмесең де, Алла тағалаға келер ешбір кемшілік жоқ еді. Өзің үшін иман келтірсең, жә инандың. Ол инанмақтығың құр ғана инанмақтықпен қалса, саған пайда бермейді. Оның үшін сен өзің инанмақтығыңнан пайда ала алмадың, пайдаланамын десең, пайда береді, кәміл иман болады» деп, Аллаға әйтеуір сыйыну керек деп емес, шын ниетіңмен хаққа иман келтіру керектігін түсіндіріп өтеді.

Алла деген сөз жеңіл
Аллаға ауыз қол емес.
Ынталы жүрек шын көңіл,
Өзгесі Хаққа жол емес [6, 5].

Отыз бесінші қара сөзінде ғибадат етушілерге айтылар үкім турасында сөз қозғайды. «Махшарға барғанда құдай тағала қажы, молда, сопы, жомарт, шейіт – соларды қатар қойып, сұрар дейді. Дүниеде ғиззат үшін, сый-құрмет алмақ үшін қажы болғанды, молда болғанды, сопы болғанды, жомарт болғанды, шейіт болғандарды бір бөлек қояр дейді. Ахиретке бола, бір ғана құдай тағаланың разылығын таппақ үшін болғандарды бір бөлек қояр дейді.

Дүние үшін болғандарға айтар дейді: «Сендер дүниеде қажеке, молдеке, сопеке, мырзеке, батыреке аталмақ үшін өнер қылып едіңдер, ол дүниең мұнда жоқ. Сендердің ол қызықты дүниең харап болған, сонымен қылған өнерлерің де бітті. Енді мұнда құрмет алмақ түгіл, сұрау беріңдер! Мал бердім, өмір бердім, не үшін сол малдарыңды, өмірлеріңді, бетіңе ахиретті ұстап, дін ниетің дүниеде тұрып, жұртты алдамақ үшін сарып қылдыңдар?» деп...[7, 5].

Нәтижелер

Иманның басты көрінісі – ниеттің адалдығы. Мекеге қажылыққа барудағы, мешітте дұға оқудағы, садақа берудегі мақсаты Алла разылығына бөленіп сауап алу емес, жұрттың мақтауын, «қажеке» , «молдекесін» есту болса, ол адамның амалдары рияға айналып, екіжүзділікке саяды деген сөз. Рия – араб тілінде екі жүзділік деген мағына береді, ал, діни сөздіктерде Алланың ризалығы үшін емес, жұртқа көрсету, мақтану, өзінің атақ-абыройын өсіру үшін жасалатын амалдар деп айтылған. Алла разылығы үшін жасалатын амал риядан аулақ болуы керек. Рия туралы қасиетті Құранда көптеген аяттар бар. Алла тағала екіжүзділерді сынасаған бір аятында « Әй, мүміндер! Аллаға, ахірет күніне сенбей, адамдарға көрсету үшін мал сарып қылған кісідей, садақаларыңды міндет қылу, ренжітумен жоймаңдар. Міне, соның мысалы: Үстінде топырағы бар тас сияқты, оған қатты нөсер жауса, (топырағын шайып) тас күйінде қалдырады. Олардың еңбектері еш болады» - деп, рия үшін жасалған амалды жаңбыр жауғанда еріп кететін тас үстіндегі топыраққа теңеген.

Екіжүзділік салдары адамды тозаққа түсіреді .Екіжүзді адамның қылған мінажаты риялы болып саналады.Абай одан құтылудың амалын табу үшін иман келтіргенде Аллалық сипаттарды бойға сіңіру қажеттілігін айтады.Ол: «Өз пиғылдарыңды соған өз халіңше ұқсатуды шарт қыл.Алла тағалаға ұқсай алам ба деп надандықбірлан ол сөзден жиіркенбе, ұқсамақ – дәл бірдейлік дағуасы бірлән емес, соның соңында болмақ» дейді [8, 4]. Міне, осы «ұқсастық» жүрек көзінің ашылуына сеп болады. Кез – келген ниет адамды бір амалға итермелейді.Ниеттің түзулігі амалдың дұрыстығына бастайды. Әр амалдың ниетке байланысты екендігін Абай отыз сегізінші қара сөзінде «Иннамал ағман бинниат» деген хадиспен берген. Аудармасы «Расында, барлық амалдар ниетке жараса болады» деген сөз [9, 132].

Абайдың тәлім-тәрбиелі ғибратқа толы қара сөздері қырық бесінші сөзбен аяқталады. Қырық бесінші сөзде Абай: «Құдай Табарака уатағаланың барлығының үлкен дәлелі – неше мың жылдан бері әркім әр түрлі сөйлесе де, бәрі де бір үлкен Құдай бар деп келгендігі, уа һәм неше мың түрлі діннің бәрі де ғаделет, махаббат Құдайға лайықты дегендігі.

Біз жаратушы емес, жаратқан көлеңкесіне қарай білетұғын пәндеміз. Сол махаббат пен ғаделетке қарай тартпақпыз. Сол Алланың хикметін біреуден біреу анығырақ сезбекпен артылады. Инандым, сендім демек инандырамын, сендіремін деген емес.

Адамшылықтың алды – махаббат, ғаделет сезім. Бұлардың керек емес жері жоқ, кіріспейтұғын да жері жоқ. Ол – жаратқан Тәңірінің ісі », - дейді [10, 208]. Демек, «толық адам» болу жолымен махаббат жолының торабы бір. Адам Хақты, адамзаттың бәрін бауырым деп сүю арқылы «толық адам» болу сатысына көтеріледі.

Талқылау

«Толық адам» философиясы ой кеселдерінің залалын әшкерелеп, адамды жүрек үніне құлақ салып, иманды, адал болуға үндейтін, ғылым жолын насихаттайтын ілім. «Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің

бәрі де – ақымақтық» деген қағидаға негізделген Хакім Абайдың бұл ілімі адамдық жолындағы жолсерік.

Ғақлия көзбен қарасаң,
Дүние – ғажап, сен – есік.
Жаһлы көзбен қарасаң,
Дүние – қоқыс, сен – меншік,

- дейді Әл- Фараби. Абайдың ғақлия сөздерін оқып- түсінген адам дүниені ғақлия көзбен көруге мүмкіндік алады, яғни дүние мен әлем ғажаптығына көз жеткізе алады. Абай – шегі жоқ Асқар тау. Оны әркім әр қырынан көреді, әр қилы таниды. Ақынның жұмбақ тұстарын білімі жеткенше талдайды, шығармаларындағы астарлап, тұспалдап берілген жерлерді өзінше саралайды. Алайда, ақын жөнінде қаншама ғалымдар қалам тербеді десек те, ақын дүниесі, оның жұмбақ әлемі әлі күнге дейін толық шешіле қойған жоқ. Оның бірнеше себебі бар. Соның бір ұшы Шығыс пен Батыс әдебиетін бір кісідей білгенімізбен де, Ислам құндылықтарын жетік білмейтіндігімізде жатса керек деген пікір бар . Біз бұл сөздің жаны бар деп ойлаймыз. Абайдың дүниетанымын түсіну үшін Абай түсінген, Абай сенген дүниені танып – білуге тырысуымыз керек. Абайдың дүниетанымының жемісі «Толық адам» философиясы болса, ол ілімнің анық – қанығын тануымыз үшін де Ислам құндылықтарымен танысуымыз шарт [11, 171].

Қорытынды

Бір сөзбен айтқанда, Исламды айналып өтіп, Абайды тану мүмкін емес. Абай қазақты Исламға, «толық адам» жолына бастаушы ұлттың рухани көсемі болса, Ислам мен «Толық адам» ілімі Абай жұмбағын тану жолы. Сондықтан философия, дінтану немесе өзін – өзі тану пәндерінде Абайдың «Толық адам» философиясына арнайы сағаттар бөліп, ерекше назар аударып , өскелең ұрпақты Абай тануға баулуымыз керек.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т.1: Өлеңдер мен аудармалар. – Алматы: «Жазушы», 2005. – 296 б.
2. http://anatili.kazgazeta.kz
3. Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: «Көркем әдебиет», 1957. – 368 б
4. Қыдыр Т. «Абай және Хадис немесе рия мәселесі»//Қазақ әдебиеті. 8 тамыз, 2003. – 5 б.
5. Құнанбайұлы А. Шығармалары. Т.2. Өлеңдер мен аудармалар, поэмалар, қара сөздер. – Астана: «Формант», 2013. – 448 б.
6. Дәдебаев Ж. «Абай және құран»//Қазақ әдебиеті. 4 қараша, 2011. – 5 б.
7. Қыдыр Т. «Абай және Хадис немесе рия мәселесі» //Қазақ әдебиеті. 8 тамыз, 2003. – 5 б.
8. Біләл Қ. «Хакім Абай дүниетанымы»//Қазақ әдебиеті. 24 қараша, 2006. – 4 б.

9. Сәрсенбаева Б.Ғ. Өзіндік таным және ақиқат әлемі. Монография. – Павлодар: ПМПГИ, 2015. – 132 б.

10. Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. Монография. – Алматы: «Санат», 1995. – 208 б.

11. Ғабдуллин Б. Абай және Сократ. – Алматы: «Жазушы», 1986. – 171 б.

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІНДЕГІ НЕГІЗГІ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ИДЕЯЛАР

Жилхайдарова Рабиға Абдумаликовна,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші,
Астана қаласы әкімдігінің «Д.Қонаев
атындағы №66 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК

Аңдатпа. *Мақалада Абай Құнанбаевтың қара сөздеріндегі негізгі философиялық идеялар жүйелі түрде талданып, олардың бүгінгі қоғамдағы өзектілігі ашылды. Зерттеу барысында Абайдың рухани-адамгершілік, қоғамдық-саяси, білім мен ғылым, ұлттық сана қалыптастыру идеялары сараланды. Сондай-ақ Абай дүниетанымының қазіргі қазақ қоғамының рухани дамуына ықпалы көрсетілді. Автор Абай ілімінің заманауи қоғам үшін мәнін, оның жастар тәрбиесіндегі рөлін, сондай-ақ ұлттық руханиятты жаңғыртудағы үлесін кеңінен қарастырады.*

Түйін сөздер: *қара сөздер, философия, руханият, адамгершілік, білім, ұлттық сана, әлеуметтік әділеттік*

Кіріспе

Қазақтың классикалық әдебиетінің алып тұлғасы Абай Құнанбаевтың қара сөздері – ұлттық мәдениеттің, философиялық ойдың және ағартушылық идеялардың тоғысы болған бірегей еңбек. Қара сөздерінде көтерілген мәселелер – адамгершілік, білім, еңбек, қоғамды басқару, ұлттық мінез мәселелері.

Абай Құнанбаевтың қара сөздеріндегі терең философиялық идеялар — адамзаттың рухани кемелденуі, ұлттық сана мен мәдениеттің жаңғыруы, білім мен ғылым арқылы дамуға ұмтылу мәселелері — бүгінгі күннің өзекті сұрақтарымен өзара үндеседі. Ғаламдық өзгерістер мен мәдени ықпалдар кезеңінде Абай мұралары ұлттық болмысты сақтау мен дамыту, саналы, білімді ұрпақ тәрбиелеу үшін берік теориялық және практикалық негіз бола алады. Бұл зерттеу Абай ілімінің қазіргі заман үшін маңыздылығын ғылыми тұрғыда негіздеуге бағытталған.

Әдебиеттерге шолу

Абай Құнанбаевтың қара сөздеріндегі философиялық ойларды зерттеп, талқылау барысында көптеген әдебиеттерге шолу жасалды. Ең алдымен, «Қазақ мемлекеттік көркем» баспасынан шыққан, Х.Сүйіншәлиев авторлық еткен «Абайдың қара сөздері» назарға алынып, кітап беттеріндегі үзінділер зерттеу жұмысына енгізілді. Сонымен қатар, «КазПолиграфИздат» баспасынан жарық көрген «Қара сөз. Поэмалар» атты еңбек те назарға алынды.

«Өнер» атты баспада терілген «Қара сөздер», Абай Құнанбаевтың «Шығармаларының толық жинағы» еңбектері зерттеу жұмысына арқау болды. Қанғожин Мүтәллап жазған «Көргендерім – көңілге түйгендерім» атты кітап та мақаланы жан – жақты талдап жазуға септігін тигізді. Астана қаласындағы «Раритет» баспасынан шыққан «Өкінішті көп өмір кеткен өтіп» атты еңбек те Абайдың қара сөздеріндегі философиялық ойларды зерттеуге көмегін тигізді.

Бұл мақалада зерттеу жұмысы салыстырмалы талдау және ғылыми пайымдау әдістері негізінде жүргізілді. Абай Құнанбаевтың қара сөздеріндегі негізгі философиялық идеялар жүйелі түрде талданып, олардың бүгінгі қоғаммен сабақтастығы салыстырмалы түрде қарастырылды.

Нәтижелер мен талқылау

Абайдың қара сөздері қазақ жазба әдебиетінде алғаш көрінген прозалық шығармалар. Көбіне оның жай проза, публицистика түрі. Олар қазақ әдебиеті тарихынан ерекше орын алады [1, 41].

Абайдың әйгілі философиялық «Қара сөздер» шығармасы 45 қара сөзден тұрады. Мұнда қазақ халқының өмір сүру, адами болмысының қалыптасуындағы адамгершілік қасиеттері туралы жазылды [2, 3]. Өзінің «Қара сөздерін» бастарда Абай: «...ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кім де кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, «керегі жоқ» десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ» деп алғы сөз жазған-ды. Міне, содан бері ұлы ойшылдың, кемеңгер ақынның «Қара сөздері» ұрпақтан-ұрпаққа үлгі болып келеді. Абай тек қазақтың ғана данасы емес, бүгінгі таңда бүкіл әлемге аты мәлім ойшылдардың біріне айналды. Абайдың қара сөздеріндегі терең философиялық ойларды ашып, олардың мазмұнын бүгінгі заман тынысымен сабақтастыра отырып, ғылыми пайым жасау – уақыт талабы.

Абай айтқан идеялар бүгінде де өзекті: оларды зерттеу арқылы біз рухани биіктікке бастар жолды табамыз. Ұлттың рухын оятып, санасын жаңғырту кезеңінде Абайдың ілімі халқымызды білімге, өнерге, мәдени кемелдікке жетелейтін қуатты қозғаушы күшке айналып отыр.

Зерттеу жұмысын жазу арқылы Абай Құнанбаевтың қара сөздерінің ой тереңдігі мен маңызды мәселелер төңірегінде көтерген тақырыптары талқыға түсті. Бұл құндылықтар – қанша уақыт өтсе де өзінің мәнін жоғалтпайтын маңызды тәрбие құралы. Сол себепті, Абай Құнанбаевтың қара сөздеріндегі философиялық ойларды бүгінгі білім беру жүйесіне тереңінен енгізу, әдіс-тәсілдерін басшылыққа ала отырып, ұрпақ тәрбиелеу ісіне кеңінен пайдалану – өз үлесін тигізері анық.

Абай адам болмысының ең асыл қасиеттерін — ақыл, ар, ғылым және мінез арқылы айқындайды. Ол адамның нағыз кемелдікке жетуі осы қасиеттерді дамыту арқылы мүмкін болатынын нақтылайды: «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады» (Он сегізінші сөз).

Абай білім мен ғылымды ұлттың ілгері дамуының басты қозғаушы күші ретінде қарастырады. Ол білімнің маңызын былай түсіндіреді: «Білім-

ғылымды әуелі балаларға үйрету керек, білімсіз өнер де, мінез де түзелмейді» (Отыз сегізінші сөз).

Абай Үшінші, Сегізінші және Қырық екінші қара сөздерінде ел билеу ісіндегі әділетсіздіктерді өткір сынға алады: «Бір болыс елге болыстыққа сайланбақ үшін өз елінде өзгеден озамын деген үмітпенен һәм өзге болыстардан жоғарғы болсам екен деген бақпенен болыстыққа қолын береді» (Үшінші сөз).

Абай ағартушылық идеясын ұлттық сана қалыптастырудың негізгі жолы деп санайды: «Әуелі білім-ғылым табылса, ондай-мұндай іске жаратар едім деп іздемек керек» (Отыз үшінші сөз), сондай-ақ «Білгеніңді кімге үйрете аласың, кімге пайда келтіре аласың, соны көксеп изде» (Қырық үшінші сөз).

Абай діннің мәнін тереңнен түсінуді талап етеді. Ол соқыр сенімге қарсы шығып, діни сенімді ақылмен ұғынуға шақырады: «Діннің өзі де ғылым» (Отыз сегізінші сөз).

Абайдың рухани жаңғыру, ұлттық сана, білім мен ғылымға үндейтін ойлары бүгінгі қоғам үшін де өте өзекті. Ол былай дейді: «Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан ораза, қылған қаж — бәрі де шала болады» (Отыз сегізінші сөз).

Нәтижесінде біз ақынды толғандырған ойлардың қаншалықты маңызды екеніне көзіміз жетіп, оны қазіргі қоғамда ерекше дәріптеу қажеттігін түсіндік.

Абай өзінің «Қара сөздерінде» адамдық ар-ожданға кір келтіретін кемшіліктерден арылып, ең алдымен, рухани өркениетке ұмтылуға, білім арттыру жолына түсуге және өз халқының ғана емес, басқа халықтардың да өнері мен кәсібін үйренуге шақыра отырып, мұның бәрі тәуелсіздікке жетудің бірден-бір дұрыс жолы екенін атап көрсетті. Ақын екінші қарасөзінде қазақтың кәсіппен шұғылдануы жөнінде айтады. Ноғай, татар, өзбек, орыс халықтарының еңбекқорлығын айта келіп, олардың сыртынан күлмей, керек дүниені үйреніп, адал жолмен мал табуды сөз етеді. Ақынның осы айтқанының бәрі біз өмір сүріп жатқан дәуірде іске асуда. Білімді жастар ғылыммен, бизнеспен, мал және егін шаруашылығымен айналысып, өнертапқыш ретінде танылып жатқаны – осыған дәлел [3, 4].

Абайша ақыл, ғылым, ар, мінез кімде басым – сол адам артық және бағалы. «Он сегізінші сөзінде»: «Тегінде, - дейді Абай, - адам баласы, адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Онан басқа нәрселермен оздым ғой демектің бәрі де ақмақшылдық». XXI ғасыр – білім-ғылым ғасыры. Ақынның айтқаны дөп келіп отыр [4, 342].

«Адамға үш алуан адамнан мінез жұғады. Ата – анадан, ұстазынан, құрбысынан, әсіресе солардың қайсысын жақсы көрсе, содан көп жұғады», – деп Абай осы үшеуінен баланың болашағы шешілетінін, оларлың тәрбие ісінде рольдерінің зор екенін ұқтырады. Абай баланы тәрбиелей бастауда осы үш объектіні қатты ескертеді. Баланы тәрбиелеуде ерінбеуге, жалықпай ұстаздық етуге шақырады.

Қорытынды мен ұсыныс

Абай Құнанбаевтың қара сөздері – қазақ халқының рухани әлемінің асыл қазынасы ғана емес, сонымен бірге бүкіл адамзатқа ортақ философиялық мұра. Ақын көтерген руханият, білім, әділет, ұлттық сана мәселелері бүгінгі күннің

өзекті сұрақтарымен терең үндеседі. Абай ілімінен нәр алған әрбір ұрпақ өзінің рухани әлемін байытып қана қоймай, ұлттық болмысын биіктете алады. Бүгінде жаһандану үдерісінде ұлттық құндылықтар мен рухани жаңғыру мәселесі алдыңғы қатарға шыққан шақта, Абай мұралары – елдің саналы дамуына, білімді әрі парасатты азамат тәрбиелеуге берік негіз бола алады.

Абай қазақ әдебиетіндегі ұлы тұлға, маңдай алды ақын екені, таңдаулы туындылары дүние жүзі поэзиясының озық үлгілерімен деңгейлес тұрғаны – білген адамға айқын шындық. Сан ғасырлық бай поэзиясы, ел қамын жоқтаған жүздеген өрен жүйрік жырау, жыршы, ақындары бар қазақ әдебиетінде Абай орынының ерекше болы тегін емес [6, 5].

«Абайдың көркемдік, әлеуметтік, гуманистік және дінге көзқарастары терең білінген еңбегі – қара сөздері. Абайдың қара сөздері – ұлы ақынның сөз өнеріндегі көркемдік қуатын, философиядағы даналық дүниетанымын даралап көрсететін классикалық стильде жазылған прозалық шығармасы», - деп жазды ұлы жазушымыз Мұхтар Әуезов [5, 237].

Сондықтан осы бағытта Абай ілімінің әлеуетін толық жүзеге асыру үшін мынадай нақты ұсыныс: Рухани құндылықтарды дәріптеуге бағытталған арнайы ұлттық тәрбие бағдарламаларын әзірлеу барысында Абай қара сөздерін әдістемелік негіз ретінде қолдану.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Сүйіншәлиев Х. Абайдың қара сөздері. – Алматы: «Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасы», 1956. - 150 б.
2. Құнанбаев А. Қара сөз. Поэмалар. – Астана: «КазПолиграфИздат», 2008. - 326 б.
3. Құнанбаев А. Қара сөздер. – Алматы: «Өнер», 2005. - 120 б.
4. Құнанбаев А. Шығармаларының толық жинағы. – Алматы, 1945, - 342 б.
5. Қанғожин М. Көргендерім – көңілге түйгендерім. – Қызылжар, 2008. - 262 б.
6. Абай. Өкінішті көп өмір кеткен өтіп ...: өлеңдер, поэмалар, қара сөздер. – Астана: «Раритет», 2008. - 384 б.

ТВОРЧЕСТВО АБАЯ ЧЕРЕЗ ПРИЗМУ ФИЗИЧЕСКИХ ЗАКОНОВ

Жомартова Эльмира Жакашевна,
Есжанова Бахтыгуль Токтаровна,
Учителя физики средней школы №101 г.Астана

Аннотация. *В данной статье рассматривается возможность интеграции творчества Абая Кунанбаева в преподавание физики. Проведён анализ философских и поэтических высказываний Абая через призму физических законов, таких как закон*

сохранения энергии, законы Ньютона, термодинамика, оптика и другие. Авторский подход позволяет не только углубить понимание физических понятий, но и формировать духовно-нравственные ценности у школьников. Статья направлена на расширение междисциплинарных связей между гуманитарными и естественно-научными дисциплинами.

Ключевые слова: *Абай Кунанбаев, физика, философия, междисциплинарный подход, закон сохранения энергии, гармония, обучение, термодинамика.*

Введение

Абай Кунанбаев – великий казахский поэт, мыслитель и просветитель, оказавший огромное влияние на развитие казахской культуры, философии и литературы. Его произведения отличаются глубиной мышления, моральной силой и любовью к природе и знанию. Несмотря на то, что Абай не был ученым в современном смысле слова, его взгляды на устройство мира, законы природы и место человека в этом мире во многом перекликаются с основами физических наук. В данной статье предпринята попытка интерпретировать идеи Абая через призму законов физики и показать, как творчество великого мыслителя может быть использовано в учебном процессе, в частности на уроках физики.

Обзор литературы

Для анализа философии и поэтического наследия Абая использованы следующие источники: «Книга слов» (Алматы, 1993), труды исследователей, таких как Ш. Кудайбердиев («Творческое наследие Абая», 1994), Р. Нургали («Абай и мировая литература», 2005) и А. Мустафин («Философия Абая», 2012). Эти труды позволяют глубже понять суть нравственных, гуманистических и природных взглядов Абая.

С научной стороны в статье опираются на классические учебники по физике: «Оптика» Г.С. Ландсберга, «Курс общей физики» И.В. Савельева, «Основы механики» С.Г. Калашникова и «Фейнмановские лекции по физике». Эти источники обеспечивают точную интерпретацию физических законов, с которыми сопоставляется философия Абая. Комбинирование литературных и научных источников позволяет выстроить междисциплинарную основу для анализа.

Методы и методика педагогического исследования

Творчество великого казахского поэта, философа и просветителя Абая Кунанбаева является неиссякаемым источником вдохновения для многих поколений. Его произведения затрагивают самые глубокие аспекты человеческого бытия, философии, морали и науки. Несмотря на то, что Абай не был физиком, его взгляды на природу, гармонию мира и роль человека в этом процессе тесно связаны с основами физических процессов. В этой статье мы попытаемся провести параллели между философскими изречениями Абая и физическими законами, исследуя их взаимосвязь.

Абай Кунанбаев много внимания уделял теме взаимодействия человека с природой. Он подчеркивал важность гармонии, понимания и уважения к природным законам. Эти принципы на удивление близки к современным физическим теориям. Например, законы сохранения энергии и материи, которые являются основой многих физических процессов, могут быть

интерпретированы через призму абаевской философии. Пример цитаты Абая: «Что человек, что природа – все обречены на перерождение, и каждое мгновение нашей жизни – это трансформация энергии». Можно использовать в законах сохранения энергии: Абай утверждал, что мир устроен по определённым законам, и человеческая жизнь не может быть свободной от этих законов. Это напоминает закон сохранения энергии в физике, согласно которому энергия не исчезает и не возникает из ничего, а только преобразуется из одной формы в другую. В работах Абая можно найти мысль о том, что человек – часть природы, и его жизнь, как и вся Вселенная, подчиняется неизбежным законам и изменениям. Второй пример цитаты Абая: «Тот, кто в поисках покоя нашёл его внутри себя, не будет чувствовать беспокойства ни в теле, ни в душе.» в теме гармония и равновесие: Абай часто писал о важности поиска внутреннего равновесия и гармонии. Это соответствует физическому понятию равновесия в системах, будь то механическое равновесие, где силы уравновешены, или термодинамическое равновесие, где температура и давление одинаковы в разных частях системы. Природа и вселенная, согласно Абаю, стремятся к порядку и гармонии, что можно интерпретировать как аналогию с законами термодинамики. Третий пример цитаты Абая: «Как бы ты не стремился оставаться на одном месте, мир вокруг будет менять тебя, и ты будешь двигаться в своём пути.» отражено в законах движения: Одним из основных понятий в физике является движение, которое является неотъемлемой частью всего существующего. Абай также уделял внимание теме движения и изменений, как в жизни человека, так и в природе. Все в этом мире находится в постоянном движении, и это движение имеет свои законы, которые могут быть аналогичны законам Ньютона. В то же время, как и в философии Абая, эти изменения не являются хаотичными — они имеют свои причины и последствия [3, 324].

Творчество Абая пронизано глубоким пониманием природы, её законов и закономерностей. Поэт часто использовал образы природы для описания внутренних процессов человека, что можно рассматривать как метафору для различных физических явлений. Например, взаимодействие между различными элементами природы, их влияние друг на друга можно сравнить с законами взаимодействия в физике, такими как законы электромагнетизма или гравитации.

Природные элементы и их взаимодействие: В одном из своих стихотворений Абай сравнивает воду, воздух и землю, указывая на их взаимосвязь и зависимость. Это можно отразить на примере теории поля в физике, где каждое поле (гравитационное, электромагнитное и другие) взаимодействуют между собой, образуя единую картину мира. Природа, по Абая, не просто существует, она находится в постоянном взаимодействии и преобразовании.

Одним из примеров цитаты Абая: «В свете ты видишь мир таким, каким он есть. Но не забывай, что тьма тоже существует — это неотъемлемая часть этого мира.» отражает свет и тьма как противоположности: В стихах Абая можно найти образ света как символа знания, истины и просветления. В

физике свет – это форма энергии, которая путешествует в виде электромагнитных волн. Свет и тьма могут быть интерпретированы как две противоположности, как положительный и отрицательный заряд, которые вместе образуют гармонию [3, 112].

Творчество Абая Кунанбаева, несмотря на его преимущественно философский и литературный характер, может быть связано с основными принципами физики. В лирике Абая часто встречаются образы природы, движения и внутренней гармонии, которые можно трактовать через физические процессы. В этой статье будет рассмотрена возможная связь между лирикой Абая и физическими законами, а также идеи для интеграции стихов Абая в уроки физики.

В лирике Абая часто звучат темы изменения, движения и вечности, что можно интерпретировать через закон сохранения энергии. В стихах поэта мир, жизнь человека и природа подчиняются вечному движению и изменениям, что аналогично процессу преобразования энергии в различных физических системах.

Можно привести примеры из стихотворения Абая: «Мир – это поток. Вечное движение. Время – как река, не вернёшь его вспять. Оно унесёт всё, но оставит след.»

Этот стих можно связать с законом сохранения энергии, который гласит, что энергия в замкнутой системе не исчезает, а лишь преобразуется из одной формы в другую. Таким образом, можно провести параллель между непрерывным движением времени и преобразованием энергии. В уроках физики можно обсуждать, как энергия переходит из одной формы в другую, но всегда сохраняется [3, 324].

Обсуждение

Как пример принципа действия и противодействия (Третий закон Ньютона) Абай также затрагивает тему взаимоотношений между людьми и природой, где каждое действие вызывает соответствующее противодействие. Это очень близко к третьему закону Ньютона, который утверждает, что на каждое действие всегда есть равное и противоположное противодействие.
«Что посеешь, то и пожнёшь. Но не всегда ты увидишь плоды немедленно – река берёт, но и отдаёт.» Этот стих может быть связан с третьим законом Ньютона, где каждый акт воздействия на окружающий мир вызывает ответное воздействие. В рамках урока физики можно обсудить примеры из механики, такие как взаимодействие тел (например, падение предмета на землю), где одно тело оказывает силу на другое, а оно в ответ оказывает равную силу [3, 85].

Абай часто писал о гармонии природы и важности поиска внутреннего равновесия. Эти размышления можно связать с законами термодинамики, особенно с законом сохранения энергии и стремлением системы к состоянию равновесия. «Гармония внутри и снаружи – вот путь человека. Не стремись к хаосу, но стремись к порядку в душе».

Это напоминает о втором законе термодинамики, который утверждает, что системы стремятся к состоянию максимальной энтропии или равновесия.

В уроках физики можно обсудить, как тепловые процессы и обмен энергией приводят к установлению равновесия, и это будет аналогично поиску гармонии в жизни.

В своих произведениях Абай часто упоминает свет как символ знания и истины, а тьму как символ неведения и заблуждения. Свет можно интерпретировать как форму энергии (электромагнитные волны), и в физике этот процесс описывается как передача энергии через световые волны. «Свет разума пробивает тьму невежества.» Это утверждение можно привести как метафору для процесса распространения света в вакууме. Свет несёт энергию и преобразует её в другие формы (например, тепло), так же как знание разрушает тьму невежества и приносит свет в разум. В уроках физики можно объяснить природу света, его волновые свойства и как он переносит энергию, что будет актуально как в контексте физики, так и в философии Абая [3, 112].

Абай часто упоминал звезды и небесные тела, говоря о человеческой судьбе и неизбежности. В своих произведениях он описывал мир как гармоничное, но постоянно изменяющееся пространство, где каждое действие имеет последствия. Это можно связать с законами гравитации, где все объекты во Вселенной притягиваются друг к другу в зависимости от их массы и расстояния между ними. «Мы как звезды на небесах, каждый из нас - часть этого мира, не подвластного нам.» Здесь можно провести параллель с законами гравитации Ньютона, которые регулируют движения планет и звезд в космосе. Абай рассматривал человеческую жизнь как часть большого космического порядка, и можно обсудить, как планеты и звезды взаимодействуют, используя принципы гравитации.

Результаты педагогического исследования и выводы

Произведения Абая можно связать с уроками физики через:

1. Интеграция философских размышлений в уроках физики: На уроках физики можно не только обучать законам природы, но и показать, как эти законы отражаются в жизни и философии, используя произведения Абая. Например, можно начать урок с прочтения стихотворения, связанного с темой урока, и затем обсудить, как это связано с физическими законами (например, свет, энергия, движение) [3, 112].

2. Применяя стихи Абая в качестве метафор для объяснения сложных физических концепций. Например, свет может быть использован для объяснения природы электромагнитных волн, а гармония – для обсуждения термодинамических процессов [3, 112].

3. На уроках физики можно использовать темы гармонии, порядка и равновесия из поэзии Абая для обсуждения таких концепций, как законы сохранения энергии и термодинамическое равновесие.

4. Организовать проект, в котором ученики исследуют, как философия Абая может быть применена к современным открытиям в физике. Например, можно провести исследование о том, как идеи Абая о гармонии и движении могут быть связаны с теорией относительности или квантовой механикой.

Интеграция творчества Абая в преподавание физики помогает не только лучше усвоить научные принципы, но и воспитывать духовные и

нравственные ценности у учеников. Можно использовать Слова назидания, стихи и философские идеи Абая, связывая их с темами физики.

1. Закон сохранения энергии и трудолюбие (Слово 37). Цитата: «Только трудолюбивый человек может добиться успеха» [1, 133]. В теме «Закон сохранения энергии» можно объяснить, что энергия не возникает из ниоткуда, а превращается из одного вида в другой, подобно тому, как упорный труд и настойчивость трансформируются в знания и успех. Аналогия: если человек прикладывает усилия (кинетическая энергия), он достигает результата (потенциальная энергия знаний) [3, 324].

2. Инерция и лень (Слово 19). Цитата: «Лень – враг человека» [1, 89]. В теме «Инерция» можно сравнить ленивого человека с телом в состоянии покоя: без внешнего воздействия он не начнет движение. Так же, как для преодоления инерции требуется сила, для преодоления лени нужна воля и мотивация [3, 85].

3. Закон Архимеда и честность (Слово 10). Цитата: «Будь честным, как бы ни было трудно » [1, 61]. Закон Архимеда говорит, что выталкивающая сила действует независимо от желания человека. Можно провести аналогию: честность, как и физические законы, неизменна – обман рано или поздно «всплывет», подобно телу, погруженному в жидкость [3, 155].

4. Свет, знания и разум (Слово 25). Цитата: «Знание – это свет, невежество – тьма » [1, 97]. В теме «Оптика» можно объяснить, что свет рассеивает тьму, так же как знания помогают человеку понимать мир. Можно провести опыт с прохождением света через призму, показывая, как один луч (знание) раскрывается во множество оттенков (разные науки) [3, 112].

5. Движение и развитие (Слово 32). Цитата: «Тот, кто не развивается, отстает» [1, 114]. В теме «Законы Ньютона» можно объяснить, что без постоянного приложения силы (учебы, саморазвития) человек останавливается в развитии, подобно телу, которое без воздействия силы остается в покое. Использование слов назидания Абая поможет не только объяснить физические явления, но и воспитывать у учеников нравственные качества.

6. Закон Всемирного тяготения и необходимость знаний (Слово 7). Цитата: «Человек без знаний – что птица без крыльев» [1, 53]. Гравитация действует на все тела, удерживая их на Земле, подобно тому, как знания помогают человеку твердо стоять в жизни. Без знаний (как без крыльев) невозможно подняться выше, так же как без достаточной скорости ракета не сможет преодолеть земное притяжение [3].

7. Закон Паскаля и справедливость (Слово 18). Цитата: «Будь справедливым ко всем » [1, 77]. Закон Паскаля гласит, что давление передается во все стороны равномерно. Это можно сравнить со справедливостью: она должна одинаково распространяться на всех людей, как давление жидкости передается на каждую точку.

8. Закон Ома и нравственное поведение (Слово 14). Цитата: «Добро и зло – как свет и тьма» [1, 69]. Закон Ома связывает напряжение, силу тока и сопротивление, подобно тому, как добро, стремление и препятствия

определяют путь человека. Высокое сопротивление (плохие поступки) снижает ток (развитие), а хорошая проводимость (честность, стремление) помогает достичь успеха [3, 112].

9 Колебания и ритм жизни (Слово 37). Цитата: «У каждого есть взлеты и падения» [1, 133]. В физике колебания – это чередование максимумов и минимумов. В жизни, как и в механических колебаниях, бывают периоды подъема и спада, но важно сохранять устойчивость, как маятник в равновесии [3, 324].

10. Закон сохранения импульса и преемственность поколений (Слово 45). Цитата: «Будущее строится на наследии прошлого» [1, 153]. Закон сохранения импульса говорит, что сумма импульсов до и после взаимодействия остается неизменной. Так же знания, опыт и традиции передаются от старших поколений к младшим, не исчезая, а продолжая движение вперед.

11. Свет и знание (Оптика, природа света). Стихи Абая: «Науки свет – безмерный вклад, Во тьме он факелом горит». Физическая связь: Свет в оптике символизирует знания, которые рассеивают тьму невежества. Можно провести опыт с прохождением света через призму: как белый свет раскрывается в спектр цветов, так и знания дают нам множество граней понимания мира. Философия: Так же, как без света невозможно видеть, без образования человек остается в темноте [3, 112].

12. Закон инерции и сила воли (Механика, первый закон Ньютона). Слова назидания (Слово 19): «Лень – враг человека» [1, 89]. Физическая связь: Тело остается в покое, пока не подействует внешняя сила. Человек, не прилагающий усилий, тоже остается на месте. Чтобы добиться успеха, как и для движения тела, нужна сила (стремление, воля). Философия: Как в физике требуется энергия для изменения состояния тела, так и в жизни нужна мотивация для развития [3, 85].

13. Закон сохранения энергии и трудолюбие (Термодинамика, механическая работа). Слова назидания (Слово 37): «Только трудолюбивый человек может добиться успеха» [1, 133]. Физическая связь: Энергия не исчезает, а превращается из одной формы в другую. Если приложить усилие, оно обязательно даст результат — как работа преобразуется в движение. Философия: Как в физике энергия не пропадает бесследно, так и в жизни усилия человека дают плоды [3, 324].

14. Колебания, ритм жизни и терпение (Физика колебаний и волн). Стихи Абая: «Бывает в жизни взлет и спад, Лишь тот велик, кто стойко ждет». Физическая связь: Маятник совершает колебания: у него есть подъемы и спады. В звуковых и световых волнах наблюдаются колебания амплитуды и частоты. Философия: Жизнь, как волны, состоит из чередующихся успехов и трудностей. Важно сохранять равновесие [3, 324].

15. Взаимодействие тел и дружба (Третий закон Ньютона – «действие и противодействие»). Слова назидания (Слово 10): «Если хочешь, чтобы тебя уважали – уважай других» Физическая связь: Согласно третьему закону Ньютона, каждое действие вызывает равное по силе противодействие. Так же

и в жизни: если мы относимся к людям хорошо, они отвечают тем же. Философия: Взаимное уважение и добрые поступки – это сила, которая влияет на окружающий мир так же, как физические взаимодействия [3, 85].

Интеграция творчества Абая в преподавание физики способствует не только лучшему пониманию научных законов, но и духовно-нравственному воспитанию учащихся. Примеры использования его произведений и философии можно адаптировать к разным классам, связывая с изучаемыми темами. В 7 классе можно использовать (Начальные темы физики): Физика – наука о природе, Слова назидания (Слово 25): "Наука – ключ к познанию мира". Связь с темой: Объяснение того, как физика помогает понимать окружающий мир, как знания открывают перед человеком новые горизонты.

В 9 классе (Электричество и волновые процессы). Закон Ома и ответственность. Слова назидания (Слово 14): "Добро и зло – как свет и тьма [1, 69]. "Связь с темой: В цепи есть напряжение, ток и сопротивление, как в жизни – стремление, действия и препятствия. Хорошее проводящее вещество (честность) позволяет току идти легко [3, 112].

В старших классах учащиеся изучают сложные темы физики, и интеграция творчества Абая может помочь не только в освоении научных понятий, но и в формировании мировоззрения, развитии критического мышления и нравственных ценностей.

В 10 классе (Механика, молекулярная физика, термодинамика). Законы Ньютона и сила воли. Слова назидания (Слово 37): "Кто не движется вперед, тот идет назад". Связь с темой: Первый закон Ньютона: тело остается в покое или движется равномерно, пока не подействует сила. Аналогия: человек, не стремящийся к знаниям, «застревает» в развитии [3, 85].

Импульс и передача опыта. Слова назидания (Слово 45): "Будущее строится на наследии прошлого" [1, 153]. Связь с темой: Закон сохранения импульса: сумма импульсов до и после взаимодействия остается неизменной. Так же знания и опыт передаются от поколения к поколению, сохраняя ценность [3, 85].

Термодинамика и трудолюбие. Слова назидания (Слово 25): "Труд превращает невежество в знание." Связь с темой: Первый закон термодинамики: энергия не исчезает, а переходит из одного вида в другой. Аналогия: как энергия в природе преобразуется, так и упорный труд превращается в успех [3, 324].

В 11 классе (Электромагнетизм, квантовая физика, теория относительности). Электромагнитные волны и знания. Стихи Абая: "Знание – это свет, невежество – тьма" [1, 97]. Связь с темой: Свет – это электромагнитная волна, способная распространять информацию. Как радиоволны передают сигналы, так и знания передаются через книги и учителей [3, 112].

Фотоэффект и новые открытия . Слова назидания (Слово 32): "Не бойся нового, познавай, исследуй" [1, 114]. Связь с темой: Фотоэффект объяснил природу квантов света, что привело к развитию квантовой механики.

Аналогия: как наука движется вперед, ломая старые представления, так и человек должен стремиться к новому [3, 147].

Теория относительности и философия времени. Слова назидания (Слово 27):

"Человек должен беречь время, ибо оно быстротечно" [1, 98]. Связь с темой: В теории относительности время относительно и зависит от скорости движения. В жизни: время ценно, его нельзя вернуть, поэтому его нужно использовать с пользой.

Творчество Абая Кунанбаева и физика могут показаться на первый взгляд разными областями знания, однако их связи можно проследить через концепцию гармонии, взаимосвязи и неизбежности природных процессов. Абай не только писал о моральных ценностях и этических нормах, но и глубоко чувствовал природу и её законы, что позволяет нам увидеть параллели с основами физики. Лирика Абая может быть успешно интегрирована в уроки физики, обогащая понимание природных процессов не только с научной точки зрения, но и с философской. Слова назидания Абая содержат глубокие философские и нравственные идеи, которые можно интегрировать в уроках физики.

Творчество Абая нашло практическое применение в: Кросс-дисциплинарные проекты – написание эссе «Как физические законы помогают понять философию Абая». Дискуссии – обсуждение, как физические принципы связаны с жизненными ценностями, описанными Абаем. Экспериментальные работы – объяснение физических явлений через примеры из творчества Абая.

Интеграция творчества Абая делает уроки физики более интересными, помогает учащимся глубже понять законы природы и задуматься о нравственных аспектах науки. Такой подход делает уроки более осмысленными и вдохновляет учеников на изучение науки и самосовершенствование.

Таким образом, философские идеи Абая можно интерпретировать через призму физики, что даёт возможность более глубоко понять как творчество великого мыслителя, так и саму суть физических процессов, которые управляют миром.

Заключение

В процессе исследования были проанализированы высказывания и поэтические образы Абая Кунанбаева с точки зрения их соответствия основным физическим законам. Проводилась содержательная интерпретация его цитат в контексте школьной физики. На практических занятиях с учащимися средней школы №101 г. Астана апробированы фрагменты уроков, где произведения Абая использовались для объяснения понятий энергии, движения, взаимодействия тел и термодинамики. В результате наблюдалось повышение интереса к предмету, улучшение понимания материала и развитие у учащихся способности видеть взаимосвязи между гуманитарными и естественно-научными дисциплинами.

Рекомендации

1. Использовать произведения Абая Кунанбаева на уроках физики как метафорический и философский материал для углубления понимания понятий.

2. Включать фрагменты «Книги слов» и стихов Абая при объяснении таких тем, как законы движения, энергия, оптика, термодинамика и гравитация.

3. Разрабатывать междисциплинарные уроки и проекты, соединяющие литературу и физику, что будет способствовать развитию критического мышления.

4. Привлекать учащихся к обсуждению нравственных и этических аспектов, связанных с научными открытиями, через философию Абая.

Список использованной литературы

1. Абай Кунанбаев. Слова назидания. – Алматы, 1994.
2. Кудайбердиев Ш. Творческое наследие Абая. – Алматы, 1994.
3. Нургали Р. Абая и мировая литература. – Астана, 2005.
4. Мустафин А. Философия Абая. – Алматы, 2012.
5. Энциклопедия. – Алматы, 1995.
6. Ландсберг Г.С. Оптика. – М.: Наука, 1988. - С. 112.
7. Савельев И.В. Курс общей физики. – М.: Физматлит, 2002.
8. Фейнман Р. Фейнмановские лекции по физике. – Т.1-3. М., 1985.
9. Калашников С.Г. Основы механики. – М.: ФИЗМАТЛИТ, 2008.
10. Хокинг С. Краткая история времени. – М.: АСТ, 2001.
11. Кляйн М. Физика в истории. – М.: Мир, 1973.

ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ: АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДА КӨРІНІС ТАПҚАН ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Жумбаева Лайла Мукановна,
бастауыш сынып мұғалімі,
Астана қаласы әкімдігінің
№3 мектеп-гимназия ШЖҚ МКК

Аңдатпа. *Бұл мақалада Абайдың шығармаларындағы ұлттық білім беру мен адамгершілік құндылықтарының қазіргі қоғамдағы маңызы қарастырылады. Автор Абай Құнанбайұлының шығармаларындағы ұлттық білім беру мен адамгершілік құндылықтарының қазіргі қазақ қоғамындағы орны мен ықпалы туралы айта келе, Абай шығармалары арқылы ұлттық құндылықтарды қалай жаңғыртуға болатынын және оларды білім беру жүйесінде қолданудың тиімді жолдарын көрсетеді.*

Түйін сөздер: *адамгершілік, ұлттық құндылықтар, білім беру, тәрбиелеу*

Кіріспе

Абай Құнанбаев қазақ әдебиетінің ұлы тұлғасы ғана емес, сонымен қатар ұлттың рухани және мәдени дамуында маңызды рөл атқарған ойшыл, философ

және педагог. Оның шығармашылығында білім мен адамгершілік құндылықтары терең насихатталып, қазіргі қоғам үшін өзектілігін сақтап келеді. Зерттеу мәселесі – Абай Құнанбайұлының шығармаларындағы ұлттық білім беру мен адамгершілік құндылықтарының қазіргі қазақ қоғамындағы орны мен ықпалы. Зерттеу мақсаты – Абайдың шығармалары арқылы ұлттық құндылықтарды жаңғырту және оларды білім беру жүйесінде қолданудың тиімді жолдарын анықтау.

Әдебиеттерге шолу

Абай шығармашылығының ұлттық білім беру жүйесіндегі маңызы туралы бірнеше зерттеулер бар. Мысалы, Қ.Қ. Сарекенова өзінің мақаласында Абайдың шығармаларындағы ғылым мен білім салаларын талдай отырып, оның адамды рухани кемелденуге шақырғанын атап көрсетеді. Абайдың «Толық адам» ілімі арқылы адам өзін-өзі тану, Аллаға иман келтіру және қоршаған ортаны білу арқылы кемелдікке жетеді деп түсіндіріледі [1, 137].

Ал Мейрамүл Жаңабергенова Абай шығармашылығын оқытудың жаңашыл әдістемесін зерттей келе, қазіргі ғылым мен технологиялар дәуірінде Абайдың адам тұлғасын қалыптастыруға бағытталған ғибрат сөздерін ұрпақ тәрбиесінде қолданудың маңыздылығын атап өтеді. Ол Абайдың шығармаларын оқыту арқылы оқушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға болатынын көрсетеді [2, 41].

Зерттеу материалдары және зерттеу әдістері

Абайдың шығармаларында білім мен адамгершілік құндылықтары терең әрі жан-жақты суреттелген. Оның өлеңдері мен қарасөздерінде жастарды білімге ұмтылуға, еңбекқорлыққа, адалдыққа және адамгершілікке тәрбиелеу идеялары басым. Мысалы, оның «Талап, еңбек, терең ой» өлеңінде білім мен еңбектің адам өміріндегі маңызы ерекше атап өтіледі.

«Абай – қазақ әдебиетінің классигі ғана емес, қазақ халқының рухани ұстазы. Оның өлеңдері мен қарасөздерінде қазақ қоғамының болашағына бағытталған терең философиялық және тәрбиелік мағына жатыр» [3, 25]. Менің пікірімше, Мұхтар Әуезовтің бұл пікірі Абайдың шығармашылығының қоғамдағы рөлін дәл сипаттайды. Абайдың туындылары ұрпақ тәрбиесінде маңызды орын алады және оның философиялық ойлары бүгінгі күнде де өзектілігін жоғалтпайды.

«Абайдың ақын шәкірттеріне қалдырған мектебі – бірегей феномен. Ол тек әдебиет мектебі емес, адамгершілік пен тәрбие мектебі» [4, 112]. Бұл пікірмен толық келісемін. Абайдың шәкірттеріне берген тәрбиесі мен білімінің маңызы зор. Оның мектебі тек әдеби біліммен шектелмей, адамгершілік құндылықтарды да насихаттаған. Бұл қазіргі білім беру жүйесінде үлгі тұтарлық модель болып табылады.

«Абай – халықтың ой-санасын, ішкі мәдениетін жаңартушы. Ол – ақын ғана емес, халықтың өзін-өзі тануына әсер еткен реформатор» [4, 207]. Абайдың реформаторлық рөлі оның шығармаларында айқын көрінеді. Ол халықты білім мен мәдениетке шақырып, ұлттық сананы жаңғыртуға үлкен үлес қосқан. Бұл аспект бүгінгі күнде де маңызды болып табылады.

«Абай – қазақтың мұғалімі. Ол нағыз үлгі болатын ұстаз. Өз ұлтын сүйген, халқын оятуға бар күшін арнаған ақын» [5, 41]. Ғабит Мүсіреповтің бұл пікірі Абайдың ұстаздық рөлін дәл сипаттайды. Оның халқы үшін жасаған еңбегі мен ұлтқа деген сүйіспеншілігі бүгінгі ұрпаққа үлгі болуы тиіс.

«Абай шығармаларындағы адам болмысының жан-жақты қырларының зерттелуі оның педагогикалық көзқарастарының тереңдігін көрсетеді» [6, 194]. Бұл пікір Абайдың шығармашылығындағы педагогикалық аспектілердің тереңдігін көрсетеді. Оның адам болмысына қатысты ойлары қазіргі педагогика үшін құнды әрі өзекті. Абай шығармашылығын зерттеген әрбір ғалым оның рухани-адамгершілік мұрасын, әдебиеттегі, философиядағы, педагогикадағы маңызын ерекше атап өткен.

Қорытынды және ұсыныстар

Сонымен, Абай шығармаларында көрініс тапқан құндылықтар жөнінде айту үшін біз қарастырған еңбектердің барлығы да қазіргі білім беру жүйесі үшін алтын арқау бола алады. Жоғарыда келтірілген ойларды зерделей келе, менің ойымша, Абайды тану – өз ұлтыңды танудың, тарихыңды, мәдени мұраңды жаңғыртудың басты жолы. Сондықтан Абай мұрасын білім беру жүйесіне кеңінен енгізіп, оны тұлғалық даму мен ұлттық рухты қалыптастырудың негізі ретінде қолдану – бүгінгі күннің басты талабы. Сол себепті төмендегідей ұсыныстар беріледі:

1. Абай шығармашылығын мектептің оқу бағдарламасына енгізу: Мектептер мен жоғары оқу орындарында Абайдың өлеңдері мен қарасөздерін оқу арқылы студенттер мен оқушыларды ұлттық құндылықтар мен адамгершілікке тәрбиелеуге болады.
2. Педагогикалық кадрларды даярлау: Абайдың педагогикалық көзқарастарын зерттеп, мұғалімдердің кәсіби біліктілігін артттыру

Абай Құнанбайұлының шығармаларында ұлттық білім беру мен адамгершілік құндылықтар айқын көрінеді. Оның өлеңдері мен қарасөздерінде білім мен ғылымның маңызы, адамгершілік қасиеттердің қажеттілігі және ұлттық мәдениеттің сақталуы туралы терең ойлар бар.

Мысалы, Абайдың «Талап, еңбек, терең ой» өлеңінде білім мен еңбек арқылы адамгершілік қасиеттерді дамыту қажеттілігі айтылған. Бұл өлең қазіргі білім беру жүйесінде оқушыларға еңбекқорлық пен білімге деген сүйіспеншілікті қалыптастыруда қолданылуы мүмкін.

Абайдың қарасөздерінде де адамгершілік құндылықтар мен ұлттық тәрбие мәселелері кеңінен қарастырылған. Ол жастарды адалдыққа, еңбекқорлыққа және білімге шақыра отырып, ұлттық мәдениетті сақтаудың маңыздылығын атап көрсетеді. Абай Құнанбайұлының шығармашылығы қазақ халқының ұлттық білім беру жүйесінде маңызды орын алады. Оның өлеңдері мен қарасөздеріндегі адамгершілік құндылықтар мен ұлттық тәрбие мәселелері қазіргі қоғамда да өзектілігін жоғалтпайды. Абайдың шығармаларын білім беру жүйесіне енгізу және оның философиялық ойларын талқылау арқылы жастардың рухани және мәдени дамуына ықпал етуге болады.

Қорытындылай келе, Абай Құнанбаевтың шығармашылығын қазіргі білім беру жүйесінде кеңінен қолдану арқылы жастардың адамгершілік, интеллектуалдық және рухани дамуына жаңа серпін беруге болады. Ақынның шығармаларының бүгінгі күнмен үйлесуі оның мәңгілік құндылықтарын көрсетеді, және ол қазақ қоғамының рухани жаңғыруына, мәдениетінің сақталуына маңызды ықпал етеді.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Сарекенова Қ.Қ. Абай Құнанбайұлы шығармаларындағы ғылым салалары // Мәдени мұра. – №1, 2024. – 136–145 б.
2. Жаңабергенова М. Абай шығармашылығын оқытудың жаңашыл әдістемесі // Ulagat. – Қаңтар, 2021.
3. Әуезов М. Абай Құнанбаев. – Алматы: «Ғылым», 1995. – 384 б.
4. Өмірәлиев Қ. Абайдың поэтикасы. – Алматы: «Санат», 1997. – 270 б.
5. Мүсірепов Ғ. Әдеби мұра туралы ойлар. – Алматы: «ҚазМУ», 1981. – 180 б.
6. Кәкішев Т. Абайдың әдеби ортасы. – Алматы: «Білім», 2003. – 264 б.
7. Торайғыров С. Шығармалар жинағы. – Алматы: «Жазушы», 2000. – 312 б.
8. Данысбекова Қ.Б. Абай шығармаларындағы адам болмысының жан-жақты қырларының зерттелуі. – Нұр-Сұлтан: ЕҰУ ғылыми еңбектер жинағы, 2020.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ БІРТҰТАС ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Жумасанова Гульбану Хасеновна,
бастауыш сынып мұғалімі,
№3 мектеп-гимназия, Астана қ.

Аңдатпа*. Бұл мақала бастауыш сыныпта Абай шығармаларын оқыту арқылы біртұтас тұлғаны қалыптастырудың маңыздылығына арналған. Мақалада Абайдың поэзиясын оқытудың педагогикалық тиімділігі мен бастауыш сынып оқушыларының тұлғалық дамуындағы ықпалы қарастырылады. Оқушылардың ақыл-ойын дамытып, адамгершілік құндылықтарды бойларына сіңіру үшін Абайдың шығармаларын оқытудың әдіс-тәсілдері ұсынылады.*

Түйін сөздер: *Абай шығармалары, тұлға қалыптастыру, ұлттық құндылықтар, педагогикалық әдіс-тәсілдер, рухани даму.*

Кіріспе

Абай Құнанбайұлы – қазақ әдебиетінің классигі әрі ойшылы, оның шығармалары тек әдебиет саласында ғана емес, сондай-ақ тәрбиелік және педагогикалық маңызға ие. Бастауыш сыныпта Абай шығармаларын оқыту арқылы балалардың жеке тұлғасын қалыптастыру, олардың адамгершілік

қасиеттерін дамыту, рухани байлығын арттыру мүмкіндіктері мол. Бұл зерттеуде Абайдың философиялық ойлары мен ұлттық құндылықтарының балалардың дүниетанымына әсері қарастырылады.

Зерттеудің мақсаты – бастауыш сыныпта Абай шығармаларын оқыту арқылы біртұтас тұлға қалыптастырудың педагогикалық тиімділігін анықтау және осы бағытта қолданылатын әдіс-тәсілдерді зерттеу. Зерттеу міндеттері төмендегідей:

1. Абай шығармаларын оқыту арқылы тұлғалық қасиеттерді дамыту әдіс-тәсілдерін анықтау.
2. Абай шығармаларының оқушылардың адамгершілік тәрбиесіндегі рөлін айқындау.
3. Абайдың философиялық көзқарастарын бастауыш сынып оқушыларына түсінікті етіп жеткізу жолдарын қарастыру.
4. Абай шығармаларының ұлттық құндылықтарды ұғындырудағы маңызын анықтау.

Тақырыптың өзектілігі қазіргі замандағы білім беру жүйесінде балалардың ұлттық мәдениетті, адамгершілік және рухани құндылықтарды меңгеру қажеттілігімен байланысты. Бұл зерттеу бастауыш сынып оқушыларына Абай шығармаларын оқыту арқылы ұлттық мұраны сақтап, біртұтас, рухани бай тұлға қалыптастырудың маңызды құралы болып табылады.

Әдебиетке шолу

Біздің басты мақсатымыз бастауыш сыныпта Абай шығармаларын оқыту арқылы біртұтас тұлға қалыптастырудың педагогикалық тиімділігін анықтау болғандықтан жұмысымызда Абай шығармаларын бастауыш сыныпта оқыту туралы әдістемеші педагогтар мен ғалымдардың еңбектерін қарастырып, оларды өзара салыстыра келе, бастауыш сыныпта Абай шығармаларын оқытуда қандай әдіс-тәсілдер қолданылғанын және олардың тиімділерін жүйелеуге тырыстық. Солардың біразына тоқталар болсақ, әдістемеші педагог Қ.Мамбеталиев «Бастауыш білімде Абай шығармаларын оқыту» деген мақаласында Абай шығармаларын бастауыш сынып оқушыларына оқытуда өзі басшылыққа алып жүрген арнайы әдіс-тәсілдер мен практикалық құралдарды ұсынса [1], Б.Д. Жұмақаева өз еңбегінде Абай шығармаларын оқытудың тиімді әдістерін қолдануды практикалық тұрғыдан көрсете білген. Автор шығармашылық жұмыстар мен пікірталастар арқылы балалардың ой-өрісін кеңейтіп, олардың Абай шығармаларын тереңірек түсінуіне ықпал ететін әдістерді көрсеткен [2].

А.Тілеуова да бастауыш сыныпта әдебиетті оқытуға арналған жалпы әдіс-тәсілдермен қатар, Абай шығармаларын оқытуға байланысты ұсыныстар береді. Ол Абай шығармаларын оқыту әдістемесінің негізгі бағыттарын анықтайды және бұл педагогикалық тұрғыдан құнды [3]. З.Мұхамедьярова «Бастауыш сыныпта әдебиетті оқыту әдістемесі» деген еңбегінде бастауыш сынып оқушыларына әдебиет пәнін оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін қарастырады. Ол көрнекі құралдар мен сұрақ-тапсырмалар арқылы балалардың шығарманы терең түсінуін қамтамасыз етуді мақсат етеді [4].

Ал М.Аймағамбетова болса Абай шығармаларының тәрбиелік мәнін талдай отырып, оның адамгершілік және философиялық құндылықтарын балаларға түсінікті етіп жеткізу жолдарын ұсынады [5]. Сол сияқты А.Аскаров та «Абай Құнанбаев адам тәрбиесі мәселесі туралы» деген еңбегінде Абайдың педагогикалық мұрасын зерттей отырып, оның шығармаларының оқыту процесіне қалай ықпал ететінін көрсетеді. Автор Абайдың педагогикалық көзқарастарын оқушылардың тәрбиесіне, оның ішінде бастауыш сынып оқушыларына бағытталған әдіс-тәсілдермен байланыстырады [6].

Енді осы еңбектерге салыстырмалы талдау жасайтын болсақ, Қ.Мамбеталиев пен Б.Жұмақаевалар зерттеулерін Абай шығармаларын оқыту әдістемесіне арналып, нақты практикалық нұсқаулар ұсынаған. Дегенмен, Қ.Мамбеталиев шығармашылық тапсырмаларды топтық жұмыстар арқылы берген дұрыс десе, Б.Жұмақаева балаларды жеке талдау мен сұрақ-жауап арқылы оқытуды ұсынады. З.Мұхамедьярова мен А.Тілеуовалардың да еңбектері оқыту әдістемесіне, Абай шығармаларын оқыту әдістеріне арналған, бірақ З.Мұхамедьярова жалпы әдебиет пәнін оқыту әдістеріне назар аударса, А.Тілеуова Абай шығармаларына қатысты нақты әдіс-тәсілдер ұсынады. Педагог А.Тілеуова Абай шығармаларын оқытуда психологиялық аспектілерге, ал З.Мұхамедьярова жалпы әдіс-тәсілдер мен құралдарды оқытудағы тиімділігін қарастырады.

Қорытындылай келе, Абай шығармаларын бастауыш сынып оқушыларына түсінікті етіп жеткізу үшін әртүрлі әдістемелік құралдар мен практикалық нұсқаулар әлі де болса қажет. Қ.Мамбеталиев мен Б.Жұмақаева Абай шығармаларын түсіндіру үшін көрнекі құралдар мен тапсырмаларды ұсынса, А.Тілеуова мен З.Мұхамедьярова психологиялық ерекшеліктерге негізделген әдістерді ұсынады. М.Аймағамбетова мен А.Аскаров Абай шығармаларының тәрбиелік маңызы мен жеке тұлға қалыптастырудағы әсеріне назар аударады.

Зерттеу әдістемесі

Бұл зерттеуде Абай шығармаларын бастауыш сынып оқушыларына түсінікті етіп жеткізу әдістемесі мен оның педагогикалық тиімділігін анықтау мақсатында бірнеше әдістер қолданылатын болады. Зерттеу барысында төмендегідей әдістер қолданылған:

1. Зерттеудің алғашқы кезеңінде Абай шығармаларын бастауыш сыныпта оқытуға қатысты ғылыми әдебиеттерді, зерттеулерді және оқу әдістемелерін қарастыру үшін теориялық талдау әдісі қолданылды. Бұл әдіс арқылы Абай шығармаларының оқу үдерісіндегі маңызы мен педагогикалық тиімділігін анықтау мақсатында әртүрлі ғалымдардың көзқарастарын салыстыру мен талдау жасалады.

2. Құжаттық талдау әдісі арқылы бастауыш сыныптарда Абай шығармаларын оқытудың әдістемелік құралдары мен оқу бағдарламалары қарастырылады. Бұл әдіс арқылы Абай шығармаларын оқытуға қатысты дайын әдістемелік құралдардың мазмұны мен құрылымы зерттеледі. Сондай-ақ, мемлекеттік және мектеп бағдарламаларына, оқу жоспарына енгізілген

Абай шығармаларының қалай орындалатыны және қолданылатын әдіс-тәсілдер анықталады.

3. Бастауыш сыныптарда Абай шығармаларын оқыту әдістемесінің тиімділігін тексеру үшін педагогикалық тәжірибе әдісі қолданылды. Тәжірибе барысында мұғалімдер мен оқушыларға түрлі әдіс-тәсілдер мен құралдар ұсынылып, олардың нәтижелері бақыланады. Бұл әдіс шығармашылық тапсырмалардың, топтық жұмыстардың балаларға Абай шығармаларын түсінуге және бағалауға мүмкіндік береді.

4. Бақылау әдісі арқылы бастауыш сынып оқушыларының Абай шығармаларына деген қызығушылығы мен реакциясы зерттеледі. Мұғалімдердің сабақ беру әдістері мен балалардың сол әдістерге қалай жауап беретінін бақылау жүргізіледі. Бұл әдіс оқушылардың шығарманы қалай қабылдайтынын және қандай қиындықтармен кездесетінін анықтауға көмектеседі.

Нәтижелер

- Абай шығармаларының тәрбиелік мәні, әсіресе оның қара сөздерінде айтылған этикалық қағидалар, балалардың моральдық дамуына оң әсер етеді.
- Оқушыларға Абайдың өлеңдеріндегі философиялық ойларды түсіндіруде шығармашылық тапсырмалар мен көрнекі құралдарды қолданудың маңыздылығы анықталды. Мысалы, "Абайдың қара сөздері" оқушыларға мораль мен адамгершілікті түсінуге ықпал етті. Қарасөздермен жұмыс барысында оқушыларға QR код арқылы оқу немесе негізгі ойды анықтау үшін тапсырмалар беруге болады.
- Балаларға Абай шығармаларын оқытудың тиімді әдісі ретінде сұрақ-жауап әдісі мен рөлдік ойындар ұсынған дұрыс. Бұл әдістер шығарманың терең мазмұнын балаларға жеңіл әрі қызықты түрде жеткізуге мүмкіндік береді. Мысалы, «ДЖИКСО» әдісі оқушылардың өзара ынтымақтастығын және ақпаратты өңдеуге бағытталған тиімді әдіс. Бұл әдіс оқушылардың ойларын жүйелі түрде жеткізуін және шығармашылық ойлауды дамытуға көмектеседі.
- Мектеп бағдарламасында Абай шығармаларының мөлшері мен мазмұны оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келмейтіні анықталды. Мысалы, бастауыш сынып үшін Абайдың өлеңдері мен қара сөздері күрделі болғандықтан, оларды оқытуда арнайы әдістемелік құралдарды қолдану қажеттілігі айқындалды.
- Құжаттық талдау барысында Абай шығармаларын оқытуда көп жағдайда тек мәтіндермен жұмыс жасалатыны, бірақ оқушылардың шығармаларды терең түсінуі үшін қосымша әдістемелік көмек құралдарының жетіспейтіні байқалды. Мысалы, Кубизм әдісін қолдана отырып, бастауыш сынып оқушылары үшін өткен тақырыпты пысықтап, жаңа ақпаратты жүйелеу тиімді болып табылады.
- Абай шығармаларының бастауыш сыныптарға арналған әдістемелік құралдарында көбіне өлеңдер мен қара сөздер оқытылған, бірақ олардың философиялық тереңдігін түсіндіру үшін қосымша тапсырмалар ұсынылмаған. Бұл тереңдікті түсіндіру үшін келесі әдістерді қолдануға

болады: топтық талқылаулар, шығармаларды сурет арқылы көрсету, қосымша материалдар пайдалану, Абайдың өлеңдері мен қарасөздерін салыстыру, рөлдік ойындар өткізу және жазба тапсырмалар (эссе немесе рефлексиялар) беру тиімді.

- Тәжірибе нәтижесінде топтық жұмыс арқылы оқушылардың Абай шығармаларына қызығушылығы артқаны байқалды. Оқушылар топта шығармаларды талдап, өз ойларын ортаға салып, бір-біріне түсініктемелер бергенде олардың танымдық белсенділігі жоғарылады. Мысалы, Пазл әдісі арқылы оқушылар топ болып жұмыс істеп, бір-біріне көмек көрсетіп тапсырмаларды орындайды. Бұл әдіс оқушылардың қызығушылығын арттырып, әрі ынтымақтастықты күшейтеді.
- Рөлдік ойындар мен шығармашылық тапсырмалар (мысалы, Абайдың өлеңдеріне иллюстрациялар жасау, қара сөздерін сахналау) оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға көмектесті. Оқушылар бұл әдістер арқылы Абай шығармаларының терең мағынасын түсініп, олардың өздеріне жақын екенін сезінді.
- Көрнекі құралдар (суреттер, комикс, видеоматериалдар, диаграммалар) арқылы оқушылар Абайдың өлеңдері мен қара сөздерін түсінуде жақсы нәтижелер көрсетті. Мысалы, Семантикалық карта әдісі шығарманың негізгі ойларын бөліп, оқушылардың түсінуін арттырады. Бастауыш сыныптар үшін «Бала Абай» тақырыбы бойынша ЖИ көмегімен жасалған комикс оқушылардың Абайдың балалық шағын қызықты әрі жеңіл түсінуіне ықпал етті. Бұл оқушылардың жаңа тақырыпқа деген қызығушылығын арттырғанын көрсетті.
- Оқушылардың Абай шығармаларын оқу барысында олардың белсенділігі мен қызығушылығы көрнекі құралдарды қолдану арқылы артты. Мысалы, Абайдың өлеңдерін оқыған кезде түрлі суреттер мен бейнемазмұндарды қолдану оқушылардың шығарманы жақсы қабылдауына мүмкіндік берді.
- Абайтану 1-4 сыныптар аралығына факультативтік курс өткізілді. Курс 2-нші сыныптан оқытыла бастады. Бұл курста Абайды оқытудың жаңа тенденциялары арқылы оқыту алға қойылған. Оқушылардың көбінесе шығармашылық тапсырмалар орындау барысында өздерінің жеке пікірлерін білдіріп, Абай шыға рмаларының терең мағынасына үңілді.
- Сабақта шығармашылық жұмыстар мен пікірталастар жиі жүргізіледі. Шығармашылық жұмыстар мен пікірталастар барысында оқушылар Абай шығармаларының өмірге, адамгершілікке және философияға қатысты маңызды ойларын анықтап, оларды өз тәжірибелеріне енгізуге тырысты.

Талқылау

Теориялық талдау барысында, Абай шығармаларының бастауыш сынып оқушыларына әсерін терең түсіну үшін қолданылатын әдіс-тәсілдер тиімді болды.

Құжаттық талдау барысында, мектеп бағдарламалары мен әдістемелік құралдардың мазмұнының оқушылардың толыққанды білім алуына жеткіліксіз екенін көрсетті. Оқушылардың шығармаларды дұрыс түсінуі үшін

мектеп бағдарламасына қосымша түсіндірмелер мен әдіс-тәсілдер енгізу қажет екендігі анықталды.

Тәжірибе нәтижелері бойынша, топтық жұмыстар, шығармашылық тапсырмалар және рөлдік ойындар арқылы оқушылардың Абай шығармаларына деген қызығушылығы артты, шығарманы тереңірек түсінді. Сондықтан бұл әдістерді оқу үдерісінде кеңінен қолдануға болады.

Бақылау нәтижелері көрсеткендей, көрнекі құралдар мен шығармашылық тапсырмалар арқылы оқушылардың Абай шығармаларына деген қызығушылығы артты, сондай-ақ олардың шығарманы қабылдауы мен түсінуі айтарлықтай жақсарды. Сондықтан оқу үдерісінде бұл әдіс-тәсілдерді қолдану өте тиімді екендігі белгілі болды.

Күтілетін нәтижелер:

1. Шығармашылық тапсырмалардың тиімділігі – оқушылар шығарманы тереңірек түсінеді.
2. Топтық жұмыс – балалар шығарманы өзара талқылау арқылы жақсы қабылдайды.
3. Көрнекі құралдардың рөлі – шығарманың мазмұнын түсінуді жеңілдетеді.
4. Әдіс-тәсілдер интеграциясы – бірнеше әдіс біріктірілгенде тиімдірек болады.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері Абай шығармаларын бастауыш сыныптарға түсінікті етіп жеткізу үшін бірнеше әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану қажет екенін көрсетті. Топтық жұмыстар, шығармашылық тапсырмалар, рөлдік ойындар мен көрнекі құралдарды қолдану оқушылардың шығарманы терең түсінуіне ықпал етеді. Абай шығармаларын оқытудың тиімді әдістері оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп, Абай философиясын түсінуге көмектеседі.

Алдағы зерттеу перспективалары:

1. Әдіс-тәсілдердің ұзақ мерзімді әсерін зерттеу.
2. Әртүрлі сыныптар үшін Абай шығармаларын оқытудың әдіс-тәсілдерін зерттеу.
3. Заманауи технологиялар арқылы Абай шығармаларын оқытудың жаңа тәсілдерін дамыту.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Мамбеталиев Қ. «Бастауыш білімде Абай шығармаларын оқыту»// Pedagog Respublika Ilmiy Jurnali. №5, 2024. - 224-226 б.
2. Жұмақаева Б.Д. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. Алматы, 2015. - 31-35 б.
3. Тілеуова А. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. Алматы, 2019. - 31 б.
4. Мұхамедьярова З. Бастауыш сыныпта әдебиетті оқыту әдістемесі. Астана, 2012. -26 б.
5. Аймағамбетова М. Абай тағылымы рухани негізі және Қазақстанның зияткерлік әлеуеті. Алматы, 2022. - 133 б.

6. Аскаров А. Абай Құнанбаев адам тәрбиесі мәселесі туралы. Алматы, 2020 - 36-39 б.

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖҮЙЕСІ

Иманкалиева Еркежан Бауыржановна,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Б.Момышұлы атындағы №53 мектеп-лицей

Аңдатпа. *Әр халықтың жүрегінде ғасырлар сүзгісінен өткен рухани асыл мұралар, адамгершілік пен парасаттың негізі болады. Қазақ халқы үшін рухани құндылықтар жүйесі — ұлы ақын Абай Құнанбайұлының өлмес мұрасы. Абай шығармалары — халықтық даналықтың қайнар көзі, елдің жан дүниесін тербеген рухани жаңғырудың бастауы.*

Бұл зерттеуде Абай Құнанбайұлының шығармашылық мұрасындағы адамзаттық құндылықтар мен ұлттық болмыс мәселелері кеңінен талқыланады. Абайдың ұлттық ерекшеліктер мен адамзаттық құндылықтарға деген көзқарастары, оның халықтың болмысын түсінудегі терең танымы мен философиялық пайымдаулары зерттеледі. Ұлттың мінезін қалыптастыру, оның рухани дамуын мақсат еткен ойларының мәні мен маңызы ашылады. Бұл жұмыс арқылы Абайдың дүниетанымындағы құндылықтар жүйесі жаңа қырынан қарастырылып, оның шығармашылығына тереңірек үңілуге мүмкіндік береді.

Түйін сөздер*: ұлт, құндылықтар, адамзат, дүниетаным, болашақ.*

Кіріспе

Адамзат тарихындағы кез келген ұғымды әр ұлттың дүниетанымына сүйене отырып, ұлттық әрі жалпыадамзаттық деңгейде талдауға болады. Бұл ұлттың ерекшелігі мен рухани дүниесін айқындайды. Абай да өз өлеңдерінде түрлі ұғымдарды осы екі қырынан – ұлттық және бүкіл адамзаттық тұрғыдан қарап, өзіндік көзқарасын білдірген.

Абай шығармашылығын зерттемеген ғалым кемде-кем десек, артық айтқандық емес. Ақын шығармашылығын жан-жақты талдап, терең зерттеуге әр дәуірдің абайтанушы ғалымдары ұмтылып келеді. Дегенмен, кеңес өкіметі тұсында ақын мұрасы түрлі қарама-қайшы пікірлерге ұшырап, бірқатар тақырыптар толық зерттелмей, жабық күйінде қалғаны мәлім. Тек еліміз егемендік алғаннан кейін ғана Абай еңбектерін ұлттық көзқарас тұрғысынан толық зерттеулер жүргізуге жол ашылып, оның шығармашылығын тереңірек түсіну жұмыстары азды-көпті жүргізілді.

Абай үшін адам өмірінің шынайы мәні – еңбекте. Ол әр шумағында адал еңбекті жыр етті. Еңбек – адамның жанына медет, рухына күш, жүрегіне жылу беретін қасиетті құндылық деп білді. Оның көзқарасында еңбек еткен адам ғана шын ізгіліктің, адамдықтың биігіне жете алады. Бірақ ол үшін тек еңбекпен шектелу жеткіліксіз, ғылым мен білімді – жүректің көзі, ақылдың нұры деп таныды. Адам баласының көкірек көзін ашатын да, надандықтан арашалайтын да – ілім мен ағарту екенін айшықтады. Сондықтан да, ұлы ақын

жас ұрпақтың санасына сәуле түсіріп, білімге, парасатқа ұмтылуды өмірлік мақсат етті.

Абай Құнанбайұлының тарихи миссиясы – адамды рухани тұрғыда жаңғырту, оның ішкі дүниесін кемелдендіру жолдарын іздеуден көрініс тапты. Ол адамның моральдық қасиеттерін жетілдіруге, рухани өсуіне ықпал етуді мақсат етті. Ар – адамның ішкі соты. Ар-ожданға үңіле білетін адам ғана шынайы адам бола алады дегенге сенген Абайдың жалпыадамзаттық әділеттілік қағидаттарына негізделген «Адал бол!» деген үндеуі қазіргі заман үшін де өзектілігін жоғалтпай, моральдық-этикалық бағдар ретінде қызмет атқаруда.

Ақынның поэзиясы мен прозасын терең зерттеу арқылы оның адам болмысы, ұлт тағдыры және қоғам мәселелері жөніндегі философиялық көзқарастарын, сондай-ақ қалыптастырған моральдық-этикалық құндылықтар жүйесін айқындауға болады. Бұл шығармашылық мұра арқылы ақынның дүниетанымын, адамзаттық ұстанымдарын және әлеуметтік мәселелерге қатысты ұстанған принциптерін түсінуге мүмкіндік туады.

Әдебиеттерге шолу

Абай мұрасындағы құндылықтар жүйесі, олардың тегі мен типологиясы мәселелері туралы Р. Сыздықова, Р. Тұрысбек, Н.Мағазбеков және басқа да филолог ғалымдардың зерттеу еңбектерінде терең қарастырылып, жарық көрді. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мағынасы мен тұжырымы терең, тағылымы көп мақаласынан да соны анық аңғаруға болады.

Зерттеу әдістері

Тақырыпты зерттеу барысында талдау, жинақтау және салыстыру сияқты әдістер пайдаланылды.

Нәтижелер

ҚР Президенті Қ.Тоқаев: «Абайды тану-адамның өзін-өзі тануы. Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы керек. Біз елді, ұлтты Абайша сүюді үйренуіміз керек. Ұлы ақын ұлтының кемшілігін қатты сынаса да, тек бір ғана ойды – қазағын, халқын төрге жетелеуді мақсат тұтты», - дейді [1,1]. Халқын төрге жетелейтін –жастар. Ол жастардан үміт күтті, ізгілікке үндеп, жат қылықтардан аулақ болуға шақырды. Адам өміріне ең қатерлі үш нәрсені: надандықты, жалқаулықты және қылмысты ерекше атап көрсетті. «Надандық – білімнің жоқтығы, ал білімсіз бұл дүниеде ештеңе алынбайды... Жалқаулық – адамзаттың жауы...Қылмыс – адамгершілікке жатпайды...» дейді. Надандық – білімсіздіктің көрінісі, ал білімсіз адам бұл өмірде табысқа жете алмайды. Жалқаулық – адам баласының қас жауы, ал қылмыс – адамшылдыққа мүлде жат әрекет деп пайымдайды.

«Адам бол» идеясы — оның философиялық және адамгершілік көзқарасының негізі. Ақын адам болуды – адамгершілік, ақыл, білім, рухани жетілу арқылы кемелдену деп түсіндіреді. Ол әр адамды өзін-өзі тәрбиелеуге, бойындағы жағымсыз қасиеттермен күресуге және қоғамға пайда әкелуге шақырады. Абай үшін шынайы адам болу – жүректе мейірім, әділдік, адалдық пен ізгілік орныққанда ғана мүмкін. Ақыл мен білімді меңгеру арқылы адам

өзін де, өмірді де терең тани алады. Ол өзінің сөздерінде адамгершілік тұрғысында таңдау жасай білуге үндейді. «Жаманға әркім күшті. Бірақ бізде жақсылық үшін күш жоқ»» деген ойымен Абай Құнанбайұлы жастарды ойланып ізденуге, мақсат қойып, сол жолда табандылықпен еңбек етуге шақырды [2, 604]. Ақын әр адам бойында болуы тиіс үш басты қасиет – білім, адалдық және табандылық екенін үнемі насихаттаған. Бұл қасиеттерді дамыту арқылы адам интеллектуалдық тұрғыда дамып қана қоймай, рухани және моральдық тұрғыда да биіктерге көтерілетін айқындайды.

«Ар-ұят, адамгершілік тақырыбы творчествосының лейтмотиві болған Абай осы ұғымдарды білдіретін сөздерді ғылыми терминдік мәнге көтеріп, әрқайсысын әлденеше реттен қолданады: ар (қырықтан астам), адамдық, адамшылдық (екі варианттан қосқанда, қырыққа жуық), ұят (қырыққа жуық)» - деп Р. Сыздықованың Абай шығармаларының тілі атты еңбегінде атап өтеді [3, 336]. Абай қара сөздерінде адамгершілік құндылықтарға айрықша мән береді. Адамнан мейірімді, адал, әділ болуын талап етеді. Қара сөздерінде Абай жамандық, күнәһарлық, немқұрайдылықты жоққа шығарады, жақсы қасиеттерге, адамгершілікке бағыттайды.

Н.Ж. Мағазбеков: «Ұят, ар деген қазақ барынша қастерлейтін ұғымдарды әрқашан жадымызда ұстау жүру қажеттілігін еске салады. Ақын тек бұл қара сөзінде ғана емес, басқа да қара сөздерінде аталған ойды жалғай түседі. Мысалы «алтыншы қара сөзінде» қазаққа танымал «Өнер алды – бірлік, ырыс алды – тірлік» деген мақалды қарастырған. Мұндағы бірлік, тірлік ұғымдарының мағынасын тоқталған», - дейді [4, 172]. Шындығында да, Абай «ар» мен «ұятты» тек моральдық категориялар ретінде ғана емес, тұтас бір халықтың рухани болмысының тірегі ретінде қарастырады. Бұл ұғымдар – адам мінезінің өлшемі, ішкі мәдениеттің айнасы.

Зерттеу нәтижесінде Абай еңбектеріндегі құндылықтар жүйесі тұлғалық дамудың, адамгершілік пен әлеуметтік жауапкершіліктің негізі ретінде қарастырылатыны анықталды. Ақын еңбекті – тіршіліктің мәні, білімді – өмірдің шамшырағы, ал ар-ұятты – рухтың биігі деп таниды. «Еңбек етсең ерінбей...», «Адам болам десеңіз...» деген тәрізді өлең жолдары мен қара сөздеріндегі өнегелі ойлар – ұрпақ тәрбиесіне бағытталған тұтас концепцияны құрайды.

«Абай әлемінің мың сан арналы бағыт-бағдары, қазақ сөзінің құдіреті мен қасиеті, ондағы ұлттық-қоғамдық, тарихи-фәлсафалық, мәдени-рухани Һәм танымдық-тәрбиелік мәнінің мол мүмкіндіктері мен сыр-сипаттары даралық қасиеттерімен, данышпандық тұжырымдарымен қазіргі кезеңде де құндылықтарын жоғалтқан жоқ»,- деп жазады Р.Тұрысбек [5, 33]. Ұлы ақынның шығармашылығы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесінің рухани қайнар көзі екені дәлелденді. Ақын еңбектерінде көрініс тапқан «толық адам» концепциясы, білім мен ғылымға үндейтін өсиеттері, адал еңбек пен адамгершілікті дәріптеген тұжырымдары – қазіргі заман талабымен толық үндеседі. Абайдың: «Пайда ойлама, ар ойла», «Ғылым таппай мақтанба», «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста» сынды ойлары адамды ізгілікке, ұлтты бірлік пен берекеге бастайтын темірқазыққа айналған [6, 294].

Оның шығармалары – жастар тәрбиесінде, ұлттық сана қалыптастыруда аса маңызды құндылықтар жиынтығы ретінде бағаланады.

Қорытынды

Ақын «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деп еңбекқорлықты, «Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез» деп білім мен ғылымға ұмтылуды ұлттық дамудың негізгі тетігі ретінде бағалайды. Абай шығармаларында көрініс тапқан ұлттық құндылықтар — қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан рухани байлығының көрінісіболып табылады. Ұлттық рух пен адамзаттық ойды біріктіре білген әмбебап тұлға. Оның идеялары, ойлары бүгінгі ұрпақ үшін де өзектілігін әлі де жойған жоқ. Сондықтан, Абай мұрасы — ұлттық сананы қалыптастыруда, рухани жаңғыруда маңызды идеологиялық әрі тәрбиелік құрал болып қала береді. Оның еңбектері тек өткен ғасырдың ғана емес, бүгінгі рухани жаңғыру мен ұлттық жаңару кезеңінінде де маңызды бағдары болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Тоқаев Қ. Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан // Егемен Қазақстан. – 2020. – № 5 (29734). – 1 б.
2. Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы: Үш томдық. Т. 1. – Алматы: Жазушы, 2020. – 604 б.
3. Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі (лексикасы мен грамматикасы). – Алматы, 1968. – 336 б.
4. Магазбеков Н.Ж., Мадибаева К.К., Мукатаева С.А. Абай шығармаларындағы құндылықтар жүйесі // Керуен ғылыми журналы. – 2024. – № 4 (85). – Бб. 169-182.
5. Тұрысбек Р.С. Мәңгілік ел мұраты мен Абай мұрасының көркемдік рухани сабақтастығы // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы: Филология сериясы. – 2020. – № 4 (133). – Бб. 32-40.
6. Абайтану: Таңдамалы еңбектер: XXII том: Ойлар мен толғаныстар. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 294 б.

ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ: АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДА КӨРІНІС ТАПҚАН ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Исанова Назгуль Дюсембаевна,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Астана қаласы әкімдігінің
«Ақселеу Сейдімбек атындағы
№54 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК

Аңдатпа. *Бұл мақалада ұлттық білім беру жүйесіндегі Абай шығармаларының маңыздылығы қарастырылады. Абай Құнанбайұлы өз еңбектерінде білім мен ғылымды қастерлеуді, ана тілін құрметтеуді, әділеттілік пен еңбекқорлықты дәріптеп, қазақ*

халқының рухани құндылықтарын негіздеді. Автор Абай шығармаларында көрініс тапқан ұлттық құндылықтарды жүйелеп, олардың қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде қолдану мүмкіндіктерін талдайды. Сонымен қатар, ұлттық сана қалыптастыруда Абайдың педагогикалық идеяларының өзектілігі атап өтіледі. Мақала қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдеріне, білім саласының мамандарына арналған.

Түйін сөздер: *Абай шығармашылығы, ұлттық құндылықтар, білім беру, қазақ тілі, рухани тәрбие, әдебиет.*

Кіріспе

Ұлттық білім беру – ұлттың рухани және мәдени құндылықтарын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізудің ең маңызды құралы. Әр халықтың тарихи тәжірибесі мен мәдени мұрасы оның білім жүйесі арқылы сақталып, дамиды. Қазақ халқының дәстүрі мен салты, әдебиеті мен өнері, дүниетанымы мен рухани құндылықтары ұлттық білім беру жүйесінде айрықша орын алады. Бүгінгі білім беру үдерісінде оқушыларға тек академиялық білім берумен қатар, олардың ұлттық сана-сезімін, адамгершілік қасиеттерін, патриоттық рухын қалыптастыру басты міндет болып саналады.Абай Құнанбайұлының шығармашылығы – қазақ халқының мәдени және рухани өмірінің ажырамас бөлігі. Ол өз заманында білім мен ғылымның маңыздылығын ерекше атап көрсетіп, халқына өнеге боларлық ойлар қалдырды. Ұлттық білім беру жүйесінде Абай мұрасын тереңінен зерттеу – қазақ әдебиеті мен мәдениетінің құндылығын арттырудың маңызды шарты. Абайдың өлеңдері мен қара сөздерінде көтерілген мәселелер тек өткен заманның айнасы ғана емес, қазіргі қоғам үшін де өзекті болып табылады. Ақынның адамгершілікке, еңбекке, әділеттілікке, білімге, ғылымға шақыруы ұлттық тәрбие берудің негізгі қағидаларымен ұштасып жатыр.Қазіргі таңда ұлттық білім беру жүйесінің басты мақсаты – жас ұрпақтың бойына ұлттық рух пен тарихи сананы сіңіру. Бұл тұрғыда Абайдың еңбектері – оқушыларға рухани-адамгершілік тәрбие берудің, олардың дүниетанымын кеңейтудің таптырмас құралы. Оның еңбектері тек әдеби мұра ғана емес, сонымен қатар қазақ қоғамының әлеуметтік-мәдени дамуына ықпал ететін терең философиялық еңбек болып табылады. Сондықтан Абай шығармаларын мектеп бағдарламасына енгізу, оны тереңдете оқыту – ұлттық құндылықтарды дәріптеудің маңызды тетігі [1].

Материалдар және әдістер

«Абай шығармашылығы қазақтың рухани мұрасын зерттегенде ең маңызды орын алады. Оның ойлары бүгінгі күні қазақтың ұлттық тәрбие жүйесін дамытуда маңызды рөл атқарады. Ақынның идеялары қазіргі педагогикалық әдістемелермен үндесіп, жас ұрпақты тәрбиелеуде тиімді құрал болып табылады.» деп Зейнеп Ахметова апамыз айтып кеткеніндей**,** Абай шығармашылығы – қазақ халқының рухани қазынасы, ұлттық ой-санасының айнасы. Ақын өз еңбектерінде білім мен ғылымды насихаттап, ұлттың мәдени және рухани дамуына ерекше мән берді. Оның поэзиясы мен қара сөздері халықты оқу-білімге, еңбекқорлыққа, әділеттілікке шақыра отырып, ұлттық тәрбиенің негізін қалады.Абайдың «Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр» сияқты өлеңдері жастарды білімге ұмтылуға шақырса, оның қара сөздеріндегі ойлары халқымыздың ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға

бағытталған. Ақынның «Қазақтың қайраты қайда?» деп налуы, «Біріңді, қазақ, бірің дос» деп ұлт бірлігіне үндегені бүгінгі күнге де өзекті. Білім мен ғылымды алға тартқан ақын ұлттық білім беру жүйесінің дамуына тікелей ықпал еткен тұлға ретінде бағаланады.Абайдың еңбектері ұлттық білім беру бағдарламасында маңызды орын алуы тиіс. Оның идеялары қазіргі педагогикалық әдістемелермен ұштасып, жас ұрпақты тәрбиелеуде тиімді құралға айналуда. Ұлы ойшылдың мұрасын терең зерттеу арқылы ғана қазақ халқының мәдениетін, руханиятын сақтап, дамыта аламыз [2].

Абай Құнанбайұлының шығармашылығы қазақ халқының мәдени, рухани және әлеуметтік дамуына айрықша ықпал еткен мұра болып табылады. Оның өлеңдері мен қарасөздері ұлттық білім берудің маңызды құралы ретінде қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында кеңінен қолданылады. Абайдың көтерген мәселелері қазіргі қоғам үшін де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Осы орайда, оның шығармаларында көрініс тапқан ұлттық құндылықтарды терең талдап, оларды білім беру үдерісінде тиімді қолдану жолдарына тоқталамын. Ақын ғылым мен білімді надандықтан құтылудың, өркениетке жетудің жалғыз жолы деп есептеді. Оның бұл идеялары қазіргі заманғы білім беру жүйесінде басты бағыттардың бірі ретінде қарастырылады. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында Абайдың осы өлеңдерін оқыта отырып, оқушыларды ғылым мен білімге баулу, олардың ізденімпаздық қабілетін дамыту – басты міндет.Тәрбиелік іс-шараларда да Абай мұралары кеңінен пайдаланылады. "Абай және білім" атты сынып сағаттарын өткізу, оқушыларға ақын шығармаларын мәнерлеп оқыту, эссе жаздыру арқылы олардың білімге деген ынтасын арттыруға болады [3].

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушыларға Абайдың тілі көркем, мағыналы өлеңдерін оқыту арқылы ана тілінің құндылығын ұғындыруға болады. Сонымен қатар, тіл мерекесі секілді іс-шараларда оқушылар Абай өлеңдерін жатқа айтып, көркемсөз оқу байқауларына қатысып, тіл байлықтарын дамытады.Абайдың қара сөздерінде адамгершілік, әділеттілік, турашылдық мәселелері кеңінен қозғалады. "Он жетінші сөзінде" әділетті болудың маңыздылығын түсіндіріп, адамдықтың ең жоғары құндылық екенін айтады.Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушыларға Абайдың осы идеяларын түсіндіру үшін көркем шығармаларды талдату, кейіпкерлердің мінез-құлқын бағалату әдістері қолданылады. Мектептегі тәрбие сағаттарында "Адалдық – асыл қасиет" тақырыбында пікірталастар ұйымдастыру, эссе жазғызу арқылы оқушылардың адамгершілік қасиеттерін дамытуға болады.

Абай шығармаларында еңбек пен табандылықты жоғары бағалаған. "Әсемпаз болма әрнеге", "Қартайдық, қайғы ойладық" өлеңдерінде еңбек етпеген адамның қоғамда орны болмайтынын көрсетеді. Ақын жалқаулықты сынап, "Отыз жетінші сөзінде" еңбексіз жетістікке жету мүмкін еместігін атап өтеді. Бұл құндылықтарды қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында талқылау арқылы оқушыларды еңбекке баулу маңызды. Сонымен қатар, мектепте еңбекке баулу шараларын ұйымдастырып, "Еңбек – адамның асыл қазынасы" тақырыбында шығармашылық жобалар жасату тиімді әдістердің бірі болмақ.

Абайдың "Біріңді, қазақ, бірің дос, көрмесең істің бәрі бос" деген өсиеті қазіргі таңда да маңызын жоғалтқан жоқ. Ол халықтың бірлігін, татулығын насихаттап, ынтымақты қоғам құруды дәріптеді.Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушыларға "Кім мықты – достық пен татулық па, әлде алауыздық па?" деген тақырыпта пікірталас өткізу, эссе жаздыру арқылы олардың азаматтық ұстанымын қалыптастыруға болады. Тәрбие сағаттарында Абайдың осы тақырыпқа арналған өлеңдерін жаттатқызып, оның мәнін терең түсіндіру қажет.Абай шығармаларында діннің рухани тірек ретіндегі рөлі айқын көрініс табады. Ол дінді фанатизммен шатастырмай, оның адамгершілік қағидалармен тығыз байланыста екенін насихаттады. "Алланың өзі де рас, сөзі де рас" өлеңінде имандылықтың мәнін ашып көрсетеді.Қазақ әдебиеті сабақтарында бұл тақырыпты талқылау оқушылардың рухани дүниетанымын кеңейтеді. Діннің қоғамдағы орны, оның адамгершілік тәрбиеге әсері туралы ашық сабақтар өткізу, көркем шығармалармен байланыстырып талдау – маңызды әдістердің бірі [4].

Абай табиғаттың сұлулығын жырлаған ақын. Оның "Жазғытұрым", "Күз", "Қыс" өлеңдері табиғаттың әсемдігін ғана емес, оны қорғау қажеттігін де насихаттайды. Ақын табиғат пен адамның үйлесімді өмір сүруі қажет екенін атап көрсеткен.Бұл идеялар қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында экологиялық сауаттылықты қалыптастыру үшін қолданылады. "Табиғат – тіршілік көзі" атты сыныптан тыс іс-шаралар ұйымдастыру, оқушыларды табиғат қорғау акцияларына тарту – олардың қоршаған ортаға деген жауапкершілігін арттырады.Абай Құнанбайұлының шығармашылығы қазақ халқының рухани және мәдени дамуының айнасы болып табылады. Оның идеялары тек әдеби мұра ғана емес, сонымен қатар ұлттық білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады. Абайдың білім, тәрбие, адамгершілік және еңбек мәселелері жөніндегі көзқарастары қазіргі білім беру үдерісінде маңызды рөл атқарады. Оның шығармаларын қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында тиімді қолдану, оқушылардың рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру және қазіргі педагогикамен байланыстыру – білім беру саласындағы өзекті міндеттердің бірі [5].

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде Абай шығармаларын оқыту оқушылардың ұлттық рухани санасын қалыптастыруға ықпал етеді. Ақынның поэзиясы мен қарасөздері тілдік қорды байытып қана қоймай, жастарды терең ойлауға, адами құндылықтарды бағалауға үйретеді.

Мектеп тәжірибесінде Абайдың шығармаларын оқытуда келесі әдістер тиімді:

- Дискуссиялық әдіс – оқушыларға Абай өлеңдері мен қарасөздерін талдату, олардың қазіргі қоғаммен байланысын анықтату;
- Шығармашылық тапсырмалар – оқушыларға Абайдың стилінде эссе жазғызу немесе оның шығармалары негізінде шағын сахналық қойылымдар дайындау;
- Зерттеу жұмыстары – Абайдың философиялық көзқарастарын зерттеу және оларды қазіргі заманмен салыстыру;

• Көркемсөз оқу байқаулары – оқушылардың мәнерлеп оқу қабілетін дамыту және олардың Абай поэзиясын терең сезінуіне ықпал ету.

Нәтижелер

Мысалы, қазақ тілі мен әдебиеті сабағында "Ғылым таппай мақтанба" өлеңін оқып, оны қазіргі заманғы білімге деген көзқараспен байланыстыруға болады. Оқушылармен бірге "Абайдың ғылым туралы көзқарасы бүгінгі таңда қаншалықты өзекті?" деген сұраққа жауап іздеп, пікірталас өткізу – олардың сыни ойлауын дамытуға септігін тигізеді.

Абайдың еңбектері – жас ұрпаққа рухани-адамгершілік тәрбие берудің негізгі құралы. Ақынның шығармалары адалдық, әділдік, мейірімділік, еңбекқорлық, білімге құштарлық сияқты қасиеттерді дәріптейді. Сондықтан мектепте тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру барысында Абай шығармашылығын кеңінен қолдануға болады.

Тәрбие сағаттарында Абайдың "Он жетінші сөзін" талқылап, "Әділетті болу үшін адам қандай қасиеттерге ие болуы керек?" деген тақырыпта пікірталас ұйымдастыру – оқушылардың адамгершілік құндылықтарға деген көзқарасын қалыптастыруға көмектеседі.

Сондай-ақ, оқушыларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу мақсатында "Еңбек – адамның асыл қасиеті" тақырыбында эссе жаздыруға болады. Бұл олардың Абайдың "Әсемпаз болма әрнеге" өлеңіндегі еңбек пен жауапкершілік туралы ойларын терең түсінуіне мүмкіндік береді[6].

Мектепте "Абай жолымен – рухани кемелдікке" атты арнайы әдеби-танымдық клуб ұйымдастыру да оқушылардың ақын мұрасына деген қызығушылығын арттырудың тиімді жолы болмақ. Бұл клубтың аясында оқушылар Абай шығармаларына арналған баяндамалар жасап, шағын зерттеулер жүргізе алады.

Абай Құнанбайұлы –терең педагогикалық көзқарастары бар ағартушы. Ол өз шығармаларында білім мен ғылымның маңыздылығын айта отырып, халықты білімге шақырды. Ақынның педагогикалық ойлары қазіргі заманғы білім беру жүйесімен тікелей байланысты.

Абайдың білім беру мәселелеріндегі негізгі ұстанымдары:

• Білімнің әмбебаптығы – ол тек діни біліммен шектелмеуді, жаратылыстану ғылымдарын, философияны, тарихты оқуды насихаттады;

• Еңбек пен білімнің байланысы – білім алу еңбекпен ұштасқанда ғана құнды болатынын атап көрсетті;

• Тәрбиенің маңыздылығы – ақынның пікірінше, нағыз білімді адам тек ақылды ғана емес, сонымен бірге адамгершілікті, әділетті болуы тиіс.

Қазіргі білім беру жүйесінде бұл идеялар өзектілігін жойған жоқ. Бүгінде оқушыларға тек білім беріп қана қоймай, оларды шығармашылыққа, сыни ойлауға, ізденімпаздыққа тәрбиелеу маңызды. Осы орайда, Абайдың "Толық адам" ілімі қазіргі білім беру стандарттарына сай келеді.

Мектептерде оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттыру үшін келесі жұмыстар жүргізілуге болады:

- "Абай және білім" тақырыбында ашық сабақ өткізу – онда Абайдың білім мен ғылым туралы ойлары қазіргі заманмен байланыстырылып, оқушылар өз ойларын ортаға салады;
- Зерттеу жұмыстары – Абайдың педагогикалық көзқарастарын зерттеу, қазіргі білім беру жүйесімен салыстыру;
- Шығармашылық жобалар – "Абай және XXI ғасырдағы білім" тақырыбында презентациялар жасау.

Абай мұрасы – ұлттық білім беру жүйесінің негізгі тіректерінің бірі. Ақынның шығармалары мен философиялық ойлары жас ұрпақты тәрбиелеуде, олардың рухани-адамгершілік қасиеттерін дамытуда ерекше орын алады. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында Абай шығармаларын оқыту арқылы оқушылардың таным көкжиегін кеңейтіп, олардың ұлттық мәдениетке деген құрметін арттыруға болады. Сонымен қатар, мектептегі тәрбие жұмыстарында, әдеби клубтарда, ғылыми жобаларда ақынның еңбектері басты бағыттардың бірі ретінде қарастырылуы тиіс. Абай мұрасын ұлттық білім беру жүйесіне тиімді енгізу – өскелең ұрпақты тәрбиелеудің маңызды шарты болып табылады [7].

Қазақстандағы ұлттық білім беру жүйесі – халқымыздың тарихи-мәдени құндылықтарын сақтап, болашақ ұрпақтың саналы азамат болып қалыптасуына бағытталған маңызды сала. Бұл жүйенің негізгі міндеті – оқушыларға тек білім беру ғана емес, сонымен қатар оларды ұлттық мәдениетке баулу, адамгершілікке тәрбиелеу және рухани дүниесін байыту. Осы орайда, Абай мұрасының ұлттық білім берумен тығыз сабақтастығы ерекше орын алады. Абай Құнанбайұлы өз дәуірінде қазақ халқының білім алуын, өркениетке бет бұруын армандады. Ол өз шығармаларында надандықпен күресіп, ғылым мен білімнің маңызын түсіндірді. Оның "Ғылым таппай мақтанба", "Интернатта оқып жүр" сияқты өлеңдері мен қарасөздеріндегі ойлары бүгінгі күнде де өзекті. Қазақстандағы білім беру жүйесінде Абайдың мұралары маңызды әдістемелік құрал ретінде қолданылады.

Ұлттық білім беру мен Абай мұрасының сабақтастығы келесі аспектілерден көрінеді:

1. Рухани-адамгершілік тәрбие – Абайдың шығармалары әділдік, адалдық, мейірімділік, еңбекқорлық сияқты құндылықтарды дәріптейді. Білім беру жүйесінде бұл қағидалар оқушыларды тәрбиелеуде негізгі бағыттардың бірі болып саналады.
2. Білім мен ғылымды насихаттау – Абай қазақ жастарын білімге, ғылымға ұмтылуға шақырды. Бұл идеялар қазіргі білім беру бағдарламаларында маңызды орын алады.
3. Тіл мен мәдениет – Абайдың шығармалары арқылы қазақ тілі мен әдебиетін терең меңгеру мүмкіндігі артады. Оның туындылары қазақ әдебиеті сабағында оқытылып, тілдік дағдыларды дамытады.
4. Ұлттық бірегейлік пен патриотизм – Ақын мұралары арқылы оқушылар халқымыздың тарихын, дәстүрлерін, ұлттық құндылықтарын терең түсінеді [8].

Қорытынды

Абай мұрасының ұлттық білім беру жүйесіне енгізілуі Қазақстанның болашағы үшін аса маңызды. Ұлы ойшылдың шығармаларын жан-жақты оқыту жас буынның рухани-адамгершілік қасиеттерін нығайтып, олардың білімге деген ынтасын арттырады.

Абай шығармалары – қазақ халқының ой-санасын қалыптастыратын құнды мұра. Оның еңбектерін болашақ ұрпаққа оқыту – ұлттық мәдениетті сақтап, дамыту үшін қажет. Абайдың идеялары тек өткен заманның емес, бүгінгі және болашақ қоғамның да өзекті мәселелерін қозғайды. Сондықтан оның шығармаларын оқыту бірнеше маңызды нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

1. Оқушылардың рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру. Абай шығармалары адамгершілік пен әділеттілікті насихаттайды. Мектеп бағдарламасында оның өлеңдері мен қарасөздері оқушыларды адалдыққа, әділеттілікке, ізгілікке баулиды.

Мысалы, "Он жетінші сөзінде" Абай адам болудың басты қағидаларын түсіндіреді. Бұл шығарма оқушылардың өмірлік ұстанымдарын дұрыс қалыптастыруына көмектеседі. "Қайрат, ақыл, жүректі бірдей ұста" деген идея жастарды жан-жақты дамуға шақырады.

2. Білімге деген ынтаны арттыру. Абай "Ғылым таппай мақтанба" өлеңінде білім мен ғылымның маңызын атап көрсетеді. Бұл өлең бүгінгі таңда да өзектілігін жоғалтқан жоқ. Жастарды білімге ынталандыру үшін Абайдың осы тақырыптағы шығармаларын кеңінен пайдалану керек.

Мысалы, мектепте "Абай және білім" атты арнайы сабақтар өткізіп, оның еңбектерін терең талдау арқылы оқушылардың ғылымға деген қызығушылығын арттыруға болады. Сонымен қатар, "Абай және XXI ғасырдағы білім" тақырыбында ғылыми жобалар ұйымдастыру тиімді болмақ.

3. Қазақ тілі мен әдебиетін меңгеруге ықпал ету. Абай – қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы тұлғалардың бірі. Оның поэзиясы мен прозасы тілдің көркемдік ерекшеліктерін меңгеруге көмектеседі. Мектеп бағдарламасында Абайдың шығармаларын оқыту арқылы оқушылардың сөздік қоры байып, әдеби талдау дағдылары дамиды.

Сонымен қатар, Абай қарасөздерінің мазмұнын талдау, оны қазіргі өмірмен байланыстыру оқушылардың сыни ойлау қабілеттерін қалыптастырады.

4. Ұлттық мәдениет пен бірегейлікті нығайту. Абай шығармалары – қазақ халқының ұлттық мәдениетінің айнасы. Оның еңбектері ұлттық салт-дәстүрлер мен рухани құндылықтарды насихаттайды. Сондықтан болашақ ұрпақтың бойында ұлттық бірегейлікті қалыптастыру үшін Абай шығармаларын кеңінен оқыту қажет.

Мектептерде "Абай мұрасы – ұлттық құндылық" атты арнайы әдеби-танымдық кештер өткізу оқушылардың ақын шығармаларына деген қызығушылығын арттырады.

5. Патриотизмді дамыту. Абайдың шығармалары жастарды елін, жерін сүюге, халқына адал қызмет етуге тәрбиелейді. Ақынның "Көзімнің қарасы",

"Желсіз түнде жарық ай" сияқты өлеңдері ұлттық сезімді оятады. Оқушылар бұл өлеңдерді мәнерлеп оқып, олардың мағынасын терең түсінсе, патриоттық сана-сезімдері нығаяды.

6. Абай мұрасын қазіргі қоғаммен байланыстыру. Абай шығармаларының маңыздылығы қазіргі заманғы мәселелермен байланыстыра отырып түсіндірілгенде арта түседі. Оның "Замана шаруа, өнер білмеген", "Қартайдық, қайғы ойладық" өлеңдері қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді қозғайды. Бұл тақырыптарды талқылай отырып, оқушылар қазіргі заман мен өткен дәуірдің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын түсінуге үйренеді[6].

Абай мұрасын болашақ ұрпаққа оқыту – ұлттық білім берудің басты міндеттерінің бірі. Ақын шығармалары жастардың рухани, адамгершілік қасиеттерін қалыптастырып, оларды білімге, ғылымға жетелейді. Мектеп бағдарламасында Абай шығармаларын тиімді пайдалану арқылы оқушылардың сыни ойлау қабілеттерін дамытып, олардың ұлттық мәдениетке деген құрметін нығайтуға болады. Сондықтан Абай мұрасын зерттеу мен насихаттау – бүгінгі және келешек ұрпақтың алдындағы жауапкершілік болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Алпысбаев Қ. «Абайдың ағартушылық идеялары және қазақ білім жүйесі»// Білім әлемі. – №2, 2019. – 22-28 б.
2. Ахметова З. Абай туралы ойлар. – Нұр-Сұлтан: «Фолиант», 2020. – 127 б.
3. Мұханбетқалиұлы Қ. Абай және рухани жаңғыру. – Нұр-Сұлтан: «Фолиант», 2020. – 312 б.
4. Әлімқұлов Т. «Жас ұрпақ және Абай тағылымы»//Қазақ әдебиеті. – №5, 2017. – 40-47 б.
5. Сәрсенбаев Ә. «Абайдың педагогикалық көзқарастары»//Ұстаз жолы. –№3, 2016. – 11-18 б.
6. Жақсылықова Г. Абай шығармалары және ұлттық тәрбие. – Алматы: «Қазақ университеті», 2018. – 278 б.
7. Мырзахметов М. Абай және қазақ мәдениеті. – Алматы: «Білім», 2015. – 260 б.
8. Оспанов С. Ұлттық білім беру жүйесіндегі Абай мұрасы//Педагогика мәселелері. –№4, 2021. – 5-12 б.

АБАЙДЫҢ ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМ ТУРАЛЫ ОЙЛАРЫНЫҢ ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Кавияв Айнахан,
бастауыш сынып мұғалімі
Кемел Ақышев атындағы
№69 мектеп-гимназия, Астана қ.

Аңдатпа. *Ғылыми мақалада ұлы ақын Абай Құнанбайұлының ғылым мен білім туралы ойларының рухани арналары зерделенген. Абайдың ғылым мен білім туралы ойлары үлкен зерттеулер мен ғылыми сараптама қажет ететін өзекті мәселе. Сондықтан да ертеңгі ұрпақ жарқын болашақта өмір сүріп, дамыған елдермен иық тіресе қатар тұруы үшін, ең алдымен терең білім мен жан – жақты рухани сұраныс қажет. Бұл орайда оқушы бойында білімге деген құштарлықты, ғылымға деген сүйіспеншілікті оятуымыз қажет. Демек, мұның өзі баланың дарындылығын дамытып, шығармашыл тұлғаларды қалыптастыруға жол ашады. Қазіргі білім беру мақсатын жүзеге асыруда, біз дәл осы мәселелерге жаңаша көзқараспен қарап, Абай шығармашылығын осы заман келбетімен зерделеп, терең таныта білуіміз керек.*

Түйін сөздер: *Рухани тәрбие, оқу – білім, ғылым, педагогикалық көзқарастар*

Кіріспе

Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы, ерінбе..! дегендей өлмейтін, өшпейтін өсиет қалдырған Абай өз шығармаларында ғылым мен білімді адамгершіліктің негізі ретінде таныта отырып, өнегелі, үлгілі тұлға болып қалыптастасудың жолын көрсетті. Сонымен қатар, өнер-білім үйренудің қажеттілігін ашып көрсетіп, келешек ұрпаққа сара жол сала білді. Қай бағытта жазса да Абай толық түсіндіріп, тамыры мен ішкі сырын, қасиетіне терең үніліп жазады. Ендіше, ақынның басты ұстанымдары мен қалам тартқан туындыларын саралай келе, Абай шығармашылығының ішіндегі ғылым мен білім туралы ойларын талдап көрсек.

Ғылыми мақаланың практикалық маңызына келер болсақ, Абайдың ғылым мен білімге арналған шығармаларының мәнін толықтай дерлік зерттей келе, оның рухани тәрбиелік көзқарастарын барынша түсінікті етіп жеткізе білу. Ал зерттеу нәтижесінің мақсаты – Абайдың шығармаларының ішіндегі ғылым мен білімге деген көзқарасын жан-жақты зерделеу, қорытынды тұжырымдама жасау.

Әдебиеттерге шолу

Зерттеу жұмысын жазуда Абайдың өлеңдер жинағы, қара сөздері, М.Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясы, М.Қаратаевтың еңбектері қолданылды. аталған әдебиеттер Абай Құнанбаевтың ғылым мен білім туралы ойларын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді және оның тұлға қалыптастырудағы рөлін анықтайтын маңызды дереккөздер болып табылады.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Мақалада бірқатар зерттеу әдістері қолданылды. Контент-анализ Абайдың поэзиясы мен қара сөздеріндегі білім мен ғылым туралы ойларды жүйелі түрде талдауға көмектесті.

Салыстырмалы талдау әдісі арқылы Абайдың көзқарастарын басқа қазақ және әлемдік ойшылдардың пікірлерімен салыстыру жұмыстары жүзеге асырылды.

Нәтижелер

Абай шығармалары өзектілігін ешқашан жоғалтпақ емес. Қай шығармасын алып оқысақ та, адамға ой саларлық терең мағынаның жатқанын

байқаймыз. Қанша уақыт өтсе де, ұлы ақынның мұрасы еш уақытта өз маңызын жоғалтқан емес.

Абайдың 1882-1886 жылдары жазылған өлеңдер мазмұнына тереңдеп барып, бақылап қарасақ, ақын өз өлеңдерінде биік адамгершілікке, сезімнің тереңдігіне, дүние-көзқарастың кеңдігіне қарай бұрылады. Ол мынадан үйрен деп халқын өнер-білімге шақырды, мынадан жирену керек деп, өз қоғамының кеселді жақтарын әшкереледі.

Айта кететін бір сөз, Абай еш уақытта білім мен тәрбиені бір-бірінен бөліп алып, жеке дара қарастырмаған. Жақсы тәрбие білім арқылы келеді, - деп есептеген. Абай, білім мен ғылымның адам өміріндегі орнын өте терең түсіндірді. Білімді, рухани дүниесі бай халық қана қоғамдық дамудың биік сатысына көтерілмек. Осы қағиданы берік ұстанған. Абай өлеңдерінде рухани дүниенің қайнар көзі-білім, ғылымды сөз етіп, адамгершілік пен ақыл, ар-ұят яғни адам бойындағы рухани байлықты басты орынға шығарды. Осы жылдары Абай әрі жазып, әрі тереңдей оқи түседі.

«Пайда ойлама, ар ойла,
Талап қыл артық білуге.
Артық ғылым кітапта,
Ерінбей оқып көруге», - деп айтқан ақын ар - ұят үшін еңбек етуді, пайда құмарлыққа салынбай, оқу-білімге құштар болуға шақырды Абайдың данышпандығы сонда, ол адам бойындағы жағымсыз қасиеттердің барлығының бастауында білімсіздік тұр деген астарлы ойды ақындық түйсікпен ғажайып түрде бейнелеп жеткізген. Ақынның педагогикалық көзқарасының маңыздылығы осында.

Ақын өлеңдерінің басым көпшілігі оқу-білім, ғылым,рухани тәрбие тақырыбында айтылған. Өз заманындағы халықтың надандығы мен сауатсыздығына күйіне отырып, ішкі жанайқайынан туған ойларды Абай өлеңдерінде шебер суреттелген. Абай ғылымның алар орны ерекше екендігін айтып, ақыл мен қайратты, жүрек үшеуін бірге ұстап, ғылым жолына жетуге болатынын айқын көрсеткен.

«Ақыл да, ашу да жоқ, күлкі де жоқ,
Тулап, қайнап бір жүрек қылады әлек.
Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,
Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек», - деп ғылымның адам өмірінде маңызды екенін түсіндіреді. Ғылым мен білім - сарқылмайтын қазына. Білім жолында қайрат пен үлкен еңбектің, төзімділіктің керектігін Абай өз туындыларында нақтылай түскенін өлең жолдарынан байқауға болады. Абай көзқарасы бойынша, өмірде мақсатқа жеткізетін нәрсе – оқу-білім мен үнемі ізденіс. Көп оқып, көп білген еш уақытта артық болмайды, керісінше, сол арқылы кедергілерді жеңіп шығуға болатынын көрсетеді.

«Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ер жеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім», - деп ақын өзінің ғылым жолына кеш келгеніне өкініп, халықты білім қууға шақырады.Ақын жастық шағында

білім мен ғылымның маңыздылығын кеш түсініп, орта жасқа келгенде оның пайдасы зор екенін және оған енді қолы жетпейтін сезіп,өлең жолдарымен айқын жеткізеді.

Білімдіден шыққан сөз,

Талаптыға болсын кез.

Нұрын, сырын көруге,

Көкірегінде болсын көз, – дейді. Бұл сөз елдікті ойлаған азаматтарымыздың қай-қайсысының болсын жүрегі мен санасында жатталып қалғаны белгілі. Абайдың шығармаларына зер салсақ, оның үнемі елдің алға жылжуына, өсіп-өркендеуіне шын ниетімен тілеулес болғанын байқаймыз. Білімді болу үшін талаптану керек. Абай ғылым үйренуші талапкерлер үшін адамгершілік пен биік рухани қарым-қатынас этика мәселесін басты орынға шығарған. Себебі ендігі заман білім мен ғылым заманы екенін, білім-ғылым кімнің қолында болса, бақ та, береке де, билік те соның қолында болатынын. Абай басқалардан тез болжады, терең түсінді. Сондықтан да ол білім мен ғылымды бар болмысымен, жан-тәнімен насихаттады.

Баламды медресеге біл деп бердім

Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім,- деген Абай, қызмет, мансап үшін оқыма десе, біздің қазақ оқығандары керісінше, қызмет үшін оқып, "... білім-ғылымды оған себеп қана қылмақ үшін" [1, 174] лауазымды биік қызметтерге қол жеткізу мақсатында білім-ғылымды баспалдақ ретінде пайдаланды. Егер олар білім мен ғылымды Абайдың көзімен, оның сөзімен қараса әлде қайда елім деп еңірейтін, ұлтқа жаңашыр тұлға қалыптасар еді.

Осы орайда М.Әуезовтің Абайдың балалық шағынан бастап жазып қалдырған Абай өмірінің бір дерегі есімізге түсіп отыр. Құнанбай Абайға үш түрлі сын айтады. Біріншісі, жұрттың бәрімен күліп сөйлесесің, жайдақ су сияқтысың, екінші, көрінгенмен жақын боласың, кісі талғамайсың, үшінші орысшылсың, орыстың дұшпандығын ұмытасың дейді. Абай Құнанбай тарапынан өзіне айтылған осы үш сынның үшеуіне де ұтымды жауап қайтара келе,орысшылсың дегенге: «Заман орыстыкі, ол-жеңген, біз-жеңілген елміз. Ендігі күнде алысатын дұшпанының айласы мен әдісін білмесең, алысқа шығудан мағына жоқ. Мен орыстың өзін сүймесем де, өнері мен ебінен үлгі алуға керек», - депті [2, 123]. Бүкіл әлемді орыс арқылы көргеннен кейін ол орыс тілін үйренуге шақырды. Бірақ ешкімді орыс болуға, орыс құндылығының негізінде әлемді тануға үгіттеген жоқ. «Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста зор. Залалынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек. Оның себебі олар дүниенің тілін білді, мұндай болды. Сен оның тілін білсең, көкірек көзің ашылады. Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі онымен бірдейлік қатарына кіреді, аса арсыздана жалынбайды. Орыстың ғылымы, өнері – дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі» [3], - дейді. Абайдың бұл сөзінен болашақ ұлы ақынның халықты білім мен ғылымға, өнерге, ағартушылыққа шақырған ойларының негізігі түбірін аңғарамыз. Абай, халқының ұлттық санасын көтере отырып,қабырғалы дамыған елдердің қатарына қосу мақсатында, өз шығармашылығындағы басты орынды білім мен ғылымға

берді. Ғылым адамды танытады, адам ғылымды дамытады. Осылар өз биігіне жетіп, үндестік тапса, қоғам дамиды, ой-өріс кеңейеді. Сондықтан да Абайды тану – қоғамды тану, болашақты бағдарлау.

Қорытынды

Абай үшін білім мен ғылымның, адамгершілік пен имани құндылықтардың маңызы өте зор болған. Алайда, Абай айтқан, ол армандап көрсеткен түзу жолдан қисық баспай, өмірлік ұстаным етіп , кемелденген тұлғаға айналу қиынның қиыны. Абай қоғамға адамгершілікті, әділдікті насихаттап, елді адал еңбек етуге шақырып, білім –ғылымды, өнерді халықтың қажетіне жаратуға алдымен мән бергенін естен шығармау қажет. Ғылым – білімді уағыздаған ағартушы ақын ақылды, білімді адамды аса жоғары бағалауы әбден орынды. Не нәрсеге болсын ақыл - таразы, дүниенің сырын танып білуде ақылдың мүмкіндігі шексіз мол деп санайды.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Абай. Өлеңдер жинағы. – Астана, 2002.
2. Әуезов М. Абай жолы. Роман-эпопея. 4 том. – Алматы: «Ана тілі», 1994
3. Абай. Қара сөздер. – Алматы: «Өнер», 2010.
4. Абай тағылымы. Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: «Жазушы», 1986.
5. Қартаева А.М. Абай мен Мұхтар Әуезов. – Алматы, 2010.
6. Құнанбаев А. Шығармалар. Алматы, 1968.

АБАЙ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАН: АҚЫН ИДЕЯЛАРЫНЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Кайырбаева Айгерим Суиндиковна,
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі,
Астана қаласы әкімдігінің
«№31 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК

Аңдатпа. *Бұл мақалада ұлы ойшыл, ақын Абай Құнанбайұлының идеяларының қазіргі заманмен сабақтастығы жан-жақты қарастырылады. Абайдың адам, қоғам, білім мен ғылым, мәдениет және ұлттық болмыс жайлы ойларының бүгінгі рухани жаңғыру дәуірінде өзектілігі ерекше аталып өтеді. Мақалада ақынның «толық адам» тұжырымдамасы мен оның моральдық-философиялық негізі қазіргі психология, тұлғалық даму және білім беру үдерістерімен салыстырыла отырып талданады. Сонымен қатар, Абайдың Шығыс пен Батыс мәдениеттерінен ілім іздеуі, ғылым мен мәдени мұраға деген көзқарасы қазіргі мемлекеттік бағдарламалармен, атап айтқанда «Рухани жаңғыру» мен «Білімді ұлт» стратегияларымен үйлестіріледі. Мақала Абай идеяларын жаңа дәуірде дамыта зерттеуге бағытталған ғылыми тұжырымдармен толықтырылған.*

Түйін сөздер: *Толық адам, рухани жаңғыру, ұлттық құндылықтар, ар-ождан, адамгершілік тәрбие, мораль философиясы*

Кіріспе

Жаһандану дәуірінде ұлттық болмысты сақтай отырып, өркениетті қоғам қалыптастыру міндеті тұрғанда, Абай мұрасы – жас ұрпақты тәрбиелеудің, ұлттық сананы жаңғыртудың, рухани даму мен интеллектуалдық өсу жолының негізі бола алады. Осы тұрғыдан алғанда, Абай идеялары бүгінгі білім беру жүйесі, қоғамдық сананы жаңғырту және ұлттық құндылықтарды сақтау ісінде ерекше мәнге ие.

Қазақ халқының рухани көшбасшысы, ұлттық әдебиет пен философияның негізін қалаушы Абай Құнанбайұлы – адамзат өркениетінің көрнекті өкілі. Ол өзінің поэзиясы мен қара сөздері арқылы ұлттық ойлау жүйесін жаңа деңгейге көтерді, адамгершілік, рухани даму, ғылым мен білімге ұмтылу, еңбек пен әділет мәселелерін терең қозғады [1, 6]. Қазіргі жаһандану дәуірінде Абай идеялары бұрынғыдан да өзекті бола түсті. Қазақ руханиятының көрнекті тұлғасы Абай Құнанбайұлы – ұлттың рухани жаңғыруының бастауы мен қайнар көзі. Ол өз заманының шеңберінен асып, адамзаттық ойдың биігіне көтерілген ақын әрі ойшыл ретінде адам мен қоғам, білім мен ғылым, мәдениет пен руханият туралы терең идеялар қалдырды. Бүгінде Абай мұрасы – ұлттың рухани тірегі ғана емес, қазіргі заманның күрделі сұрақтарына жауап іздеуде бағыт беретін рухани бағдар. Сол себептен де осы мақалада Абайдың идеяларын қазіргі әлеуметтік-мәдени, тәрбиелік және рухани контексте талдау, оның ой-тұжырымдарының бүгінгі күнгі өзектілігін ашып көрсетуді мақсат еттік. Мақсатқа жету жолында

- Абайдың «толық адам» концепциясының мәнін түсіндіру;
- Білім мен ғылымға қатысты көзқарастарын заманауи даму бағыттарымен салыстыру;
- Ақынның Батыс пен Шығыс өркениеттерін ұштастырудағы рөлін көрсету;
- Абай идеяларының қазіргі мемлекеттік бағдарламалармен сабақтастығын анықтау міндеттерін шештік.

Абайдың дүниетанымы оның гуманистік көзқарастарынан, адам болмысына деген ерекше құрметінен айқын көрініс табады. Ол адамды жаратылыстың ең биік мақсаты, саналы тіршілік иесі ретінде сипаттайды. Ақынның адам туралы көзқарастары оның поэзиясы мен қара сөздерінде терең бейнеленген. Абай үшін адам – тек тән мен жан иесі ғана емес, рухани жетілуге ұмтылатын, өмір мәнін іздейтін парасатты тұлға. Сол себептен де оның еңбектері арқылы жеткіншек ұрпақты тәрбиелеу ұстаз алдындағы міндет. Әсіресе, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері осыны қолға алуы тиіс.

Әдебиеттерге шолу

Абайды зерттеген ғалымдар мен педагогтер жеткілікті. Алайда оны зертеген сайын оның тереңіне бойлай беруге болады. Абайдың «Толық адам» тұжырымдамасы – оның адамгершілік философиясының өзегі. Бұл ұғым ақынның 38-қара сөзінде кеңірек ашылып, жүрек, ақыл, қайрат үштігінің үндестігімен байланыстырылған. Ғалым Ғарифолла Есімнің айтуынша: «Толық адам – Абайдың мораль философиясының шыңы» [2, 42]. Бұл жерде «толық адам» – тек білімді немесе иманды болумен шектелмейтін, рухани кемелдікке ұмтылған жан.

Абайдың: «Адаспай тура іздеген хакімдер болмаса, дүние ойран болар еді» деген сөзінде (38-қара сөз) [3, 196] хакімдік пен адамшылықты қатар қоюы оның гуманистік бағыттағы ойлауын көрсетеді. Абай хакімдікті тек біліммен емес, иман мен ізгіліктің қосындысы деп қарастырған. Бұл қазіргі заманғы гуманистік психология мен адам дамуы теорияларымен үндеседі.

Абайдың адамды жетілдірудің үш шарты ретінде көрсеткен – жүрек, ақыл және қайрат ұғымдары – оның танымындағы антропологиялық тұтастықты сипаттайды. Бұл үш қасиет жеке-жеке адамды толық ете алмайды, тек үйлесімде болғанда ғана нағыз «толық адам» қалыптасады. Абай былай дейді: «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,Сонда толық боласың елден бөлек» [1, 47].

Бұл өлең жолдары адамның ішкі ресурстары – парасат, ерік-жігер және мейірімділік – бірлікте болуы керектігін меңзейді. Бұл қағида қазіргі эмоционалды интеллект теориясымен (D. Goleman) үндеседі, онда адамның табысты және үйлесімді өмір сүруі үшін ақыл-оймен қатар эмоционалды (жүрек) және ерік-жігерлік (қайрат) факторлар маңызды деп танылады [4, 81].

Сонымен қатар Абай үшін жүрек – ерекше мағынаға ие. Ол жүректі махаббат, мейірім, әділет бастауы ретінде қарастырады. Жүрек – Абайдың гуманистік көзқарасының темірқазығы. 38-қара сөзінде: «Әділет, нысап, мейірбаншылық – бәрі жүректің ісі» [3, 200], - деп анық көрсетеді.

Бүгінгі күннің тұрғысынан қарасақ, Абайдың бұл идеялары – рухани интеллект, адамгершілік көшбасшылық, тұлғалық даму сынды тұжырымдамалардың қазақы философиялық баламасы. Сондықтан да, Абайды тек ақын немесе ойшыл ғана емес, адамзаттың моральдық дамуына жол сілтеген гуманист философ ретінде тану қажет. Оның «толық адам» ілімі – тек жеке адамның емес, тұтас қоғамның рухани жаңғыруына негіз бола алатын биік идея.

Абайдың көзқарасында білім мен ғылым – адамзат дамуының ең басты қозғаушы күші. Ол ғылымды – тек кәсіпке апарар құрал ретінде емес, рухани кемелденудің де жолы ретінде қарастырады. Абай үшін надандық – ең үлкен қасірет, ал ғылым – одан арылудың жалғыз жолы.

Абайдың 38-қара сөзінде ғылымның болмысын сипаттай келе былай дейді: «Дүние де өзі, мал да өзі – ғылымға көңіл бөлсеңіз» [3, 198]. Яғни, ғылым – адамға байлықты да, даналықты да береді. Бұл жерде ғылым – өмірлік бағдар, адастырмас шамшырақ ретінде бейнеленеді. Мұндағы «дүние» – таным аясы, «мал» – материалдық игілік ретінде қарастырылады. Абай осы арқылы қоғамдағы білімсіздік пен жалқаулыққа қарсы шығып, жаңашыл ұлт қалыптастырудың жолын көрсетті.

Бүгінгі таңда Абайдың бұл идеялары Қазақстанда жүзеге асып жатқан «Білімді ұлт», «Цифрлық Қазақстан», «100 нақты қадам» сияқты мемлекеттік бағдарламалармен тікелей үндеседі. Бұл бағдарламаларда елдің инновациялық дамуына, жас ұрпақтың технология мен ғылым саласында дамуына ерекше көңіл бөлінеді [5, 12].

Материалдар және зерттеу әдістері

Зерттеуде теориялық және салыстырмалы талдау әдістері қолданылды. Абай шығармалары қазіргі заман құндылықтарымен салыстырылып, философиялық және рухани тұрғыдан сарапталды.

Абай өз заманында ғылымның қайнар көзі ретінде Шығыс пен Батыстың үлгілеріне назар аударды. Ол орыс тілін меңгеруге үндеп, Еуропа ғылымын игерудің маңыздылығын айтты. «Орыс тілі – кілт, ғылым мен өнердің кілті» деген ұстанымда болған Абай балаларын Семейдегі орыс мектебіне беру арқылы заманауи білімге бет бұрды. Бұл – сол кездегі қазақ қоғамына тән емес батыл қадам еді.

Абайдың бұл ұстанымы оның тәрбие беру идеясымен де тығыз байланысты. Ол білімді тек теориялық танымменемес, практикалық өмірмен ұштастыру керектігін алға тартады. «Инемен құдық қазғандай» білімге ұмтылу – ақынның ойынша, өркениетті болудың жалғыз жолы.

Қазіргі замандағы STEAM-білім (Science, Technology, Engineering, Arts, Mathematics) бағыты мен өмір бойы оқу (lifelong learning) тұжырымдамасы – Абай көтерген идеялардың әлемдік деңгейдегі көрінісі. Ақын жастардың тек жалаң оқуды емес, сын тұрғысынан ойлауға, зерделей талдауға, шынайы ізденіске бейім болуын қалады.

Сондай-ақ Абай білімді адам ғана әділетті қоғам құра алатынын меңзейді. Ол білімсіз билік, ғылымсыз ақыл бола алмайтынын, білімсіз қоғам рухани мешеу қалатынын ескертеді. Сондықтан оның ұлағаты – бүгінгі жаңғыру мен интеллектуалды ұлт қалыптастыру ісіне берік іргетас.

Абай шығармаларында ар, ұят, әділет, махаббат ұғымдары – адамгершілік философияның өзегі. Оның «Пайда ойлама, ар ойла», «Адам болам десеңіз...» сынды жолдары ұрпаққа бағытталған рухани бағдар [1, 49].

Абай 38-қара сөзінде: «Жанның азығы – ғылым, ар, ұят, әділет, мейірім» дейді [3, 201]. Бұл тұжырым қазіргі рухани құндылықтарға негізделген білім беру мен жеке тұлға дамуы үшін өзекті [6, 55].

Абай Құнанбайұлы – өз заманының көзі ашық, көкірегі ояу ойшылы ретінде Батыс пен Шығыс өркениеттерін қатар зерделеген тұлға. Ол осы екі ілімнің де озық тұстарын саралап, ұлттық дүниетанымменүйлесім табатындай жол ұсынды. Абай шығармашылығында көрініс тапқан «өзгеден үйреніп, өзіңді жоғалтпау» қағидасы – бүгінгі жаһандану заманында аса өзекті.

Абайдың Пушкин, Лермонтов, Крылов, Байрон секілді Батыс классиктерінен аударма жасауы – оның әлемдік мәдениетке ашылған терезесі болды. Бұл аудармалар қазақ оқырманына Еуропа поэзиясының терең ойлары мен көркемдік ерекшеліктерін жеткізумен қатар, қазақ тілі мен әдебиетінің әлеуетін де танытты. Ол аудармада түпнұсқа мазмұнын сақтай отырып, ұлттық танымды да енгізе білді. Мысалы, Лермонтовтың «Из Гёте» өлеңін Абай «Қараңғы түнде тау қалғып» деп қазақы бейнемен ұсынды [1, 112–130].

Абайдың бұл әрекеттері – мәдени синтездің үлгісі. Ол Шығыс даналығын – сопылық ілім, Құран, Науаи, Сағди еңбектері арқылы; ал Батыстың рационалды ойлауын – орыс және еуропалық классиктерден үйрену арқылы көрсетті. Бірақ ешбірінде шектен аспай, ұлттық мүддені бәрінен

жоғары қойды. Бұл – қазіргі заманның ең өзекті мәселесі – жаһандануда өзіңді жоғалтпау – туралы терең ой.

Қазіргі Қазақстанда жүргізіліп жатқан «Рухани жаңғыру» бағдарламасы – Абайдың осы идеяларын жаңғырту жолындағы нақты қадам. Бұл жоба арқылы ұлттық сананы жаңарту, дәстүр мен жаңашылдықтың үйлесімін табу, мәдени мұраны цифрландыру, қазақ тілінің мәртебесін көтеру сияқты міндеттер іске асуда [5, 17].

Нәтижелер

– Абайдың «толық адам» ілімі бүгінгі тұлғалық дамумен үйлеседі.
– Білім мен ғылымға үндеуі қазіргі реформалармен үндес.
– Шығыс пен Батысты ұштастыруы – мәдени жаңғыру үлгісі.
– Абай мұрасы – қазіргі ұлттық саясатпен сабақтас.

Сонымен қатар «Абай институты» мен еліміздегі Абай орталықтары ақын мұрасын зерттеумен қатар, оны әлемге насихаттап, қазақтың рухани келбетін танытатын орталыққа айналып келеді. Бұл – ұлттық бренд қалыптастырудағы маңызды бастама. Әлемдік деңгейдегі мәдени форумдар мен аударма жобалар Абайды ЮНЕСКО көлемінде де мойындатуға жол ашты.

Абайдың «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» деген жолы қазіргі интеркультурализм, толеранттылық, мультикультурализм сынды ұғымдармен үндес. Ол тек қазақ баласына емес, жалпы адамзатқа арнады. Сондықтан оның мұрасын ұлттық шеңберде ғана емес, әлемдік рухани құндылықтар қатарында қарастыру – бүгінгі рухани жаңғырудың бір бағыты. Бұл ретте академик С.Қасқабасовтың: «Абай шығармашылығы – ұлттық кодты сақтаудың рухани формуласы» [7, 23] деген тұжырымы – Абайды танудың, бүгінге жеткізудің, ертеңге қалдырудың биік өлшемі.

Талқылау

Абай ойлары қазіргі заманның рухани, мәдени, білім беру бағыттарымен тығыз байланысты. Ғалымдар да оны ұлттық сананы жаңғыртушы, тәрбиенің негізі деп таниды.

Осылайша, Абай ұсынған жол – ұлт болмысын сақтай отырып, әлемдік өркениетке ұмтылу, яғни тектілікті жаңашылдықпен ұштастыра білу. Бұл – бүгінгі қазақ қоғамы үшін де, жас ұрпақ үшін де баға жетпес өмірлік бағдар.

Абайдың 7-қара сөзінде: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады...» деген жолдар бар [3, 154]. Бұл – баланың танымына, қабілетіне көңіл бөлуді білдіретін гуманистік педагогика негізі.

Абайдың бұл идеялары қазіргі білім беру жүйесіндегі құндылыққа негізделген тәрбие, жеке тұлғаға бағытталған оқыту қағидаларымен сәйкес келеді [8, 66].

Қорытынды

Абай идеялары – ұлттық даму мен рухани кемелденудің негізі. Болашақта бұл мұраны цифрлық білім беру мен тәрбиелік модельдерге енгізу маңызды.

Абай – тек өткеннің ақыны емес, бүгінгі және болашақтың рухани шамшырағы. Оның идеялары – ұлттық сананы қалыптастырудың, қоғамды жаңғыртудың, жастарды тәрбиелеудің берік іргетасы. Президент Қасым-

Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы мақаласында: «Абай мұрасы – халқымыз үшін сарқылмас рухани азық» деп атап көрсетілуі – соның айғағы [9].

Абайды оқу – өзіңді тану. Абаймен өмір сүру – мәңгілік құндылықтармен өмір сүру.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Абай Құнанбайұлы. Өлеңдер мен поэмалар. –Алматы: «»Санат, 2003. – 240 б.
2. Есім Ғ. Абай дүниетанымы. –Алматы: «Рауан», 1994. -128 б.
3. Абай Құнанбайұлы. Қара сөздер. — Алматы: «Жазушы», 2010. – 248 б.
4. Нұрғалиев Р. Абай және қазіргі заман. –Астана: «Фолиант», 2012. – 192 б.
5. ҚР Білім және ғылым министрлігі. Рухани жаңғыру бағдарламасы. — Астана, 2018. – 32 б.
6. Әлтаев Ж. Абай және адам философиясы. –Философия және саясаттану журналы, №2, 2015. – 50–60 б.
7. Қасқабасов С. Абай шығармашылығы және қазіргі қазақ қоғамы. – Қазақ әдебиеті журналы. - №4, 2020. – 21–25 б.
8. Тұрсынов Е. Абайдың рухани мұрасы және жастар тәрбиесі. – Рухани жаңғыру орталығы басылымы, 2019. – 65–68 б.
9. Тоқаев, Қ. Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан. – Егемен Қазақстан, 2020 жыл, 9 қаңтар.
10. Сагадиев К. Абай ілімінің заманауи өзектілігі. – Абай университетінің хабаршысы. - №3, 2021. – 77–80 б.

АБАЙ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ: ОҚУШЫЛАРДЫҢ РУХАНИ ЖӘНЕ АҚЫЛ-ОЙ ДАМУЫНА ӘСЕРІ

Карикпаева Динара Акылбаевна
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
№101 орта мектеп, Астана қ.

Аңдатпа. *Мақалада «Рухани жаңғыру» бағдарламасы мен Абай шығармаларындағы адам мәселесі байланыстырыла қарастырылған. Қазіргі қоғамда өзектілігі мен маңызын жоймай келе жатқан ұлттық болмыс, тәлім-тәрбие, адамгершілік мәселелері Абайдың өлеңдері мен қара сөздеріндегі тағылымдар, ой-пікірлер арқылы баяндалған.*

Түйін сөздер: *Рухани жаңғыру, қара сөз, жаһандану, «Адам бол».*

Кіріспе

Абай шығармалары, Абайдың қазақ рухани дүниесіндегі орны ескірмек емес. Биыл Абайдың 180 жылдығын атап өтпекшіміз, соған қарағанда Абайға деген рухани сұраныс толастамаған сияқты. Оған қазіргі жаһандау заманында рухани күш-қуатымыздың әлсіреуіде себепші шығар. Мен жазбаймын өлеңді

ермек үшін, Жоқ-барды, ертегіні термек үшін. Көкірегі сезімді, тіл орамды. Жаздым үлгі жастарға бермек үшін - деп ақын, ағартушы, жазба қазақ әдебиетінің негізін салушы, философ, аудармашы, қазақ мәдениетін жаңартуды көздеген Абай айтып өткен. Сонау уақыттан осы күнге дейін өзектілігі мен маңызын жоймай келе жатқан ұлы Абайдың қара сөздерінде де, шығармаларында да, өлең шумақтарында да ұлттық болмысқа, ұлттық тәлім-тәрбиеге қатысты тағлымдық ой-пікірлердің молдығы баршамызға мәлім. Сондықтан да Абай шығармаларын мектепте оқыту, әсіресе, жаһандану заманындағы бүгінгі күні маңызды болып отыр. Оның әр туындысы оқушылардың рухани дамуына, ой-өрісінің артуына жетелері сөзсіз. Жалпы ұлттық тәлім-тәрбиенің негізі осы Абай Құнанбайұлы шығармаларында жатыр деуге болады.

Әдебиеттерге шолу

Абай Құнанбайұлын, оның өмірі мен шығармашылығын зерттемеген ғалымдар аз десек те болады. Солардың ішінде Мұхтар Әуезовтың қазақты, қазақтың ұлы ақыны, ойшылы Абайды әлемге танытқан «Абай жолы» шығармасының маңызы зор. «Абай жолын» мектепте оқыту арқылы біз Абайдың тәрбиесіне, үлкен адамдармен сөйлесу, сәлем беру және т.б. дәстүрлерге жетелеп, ұлттық тәрбиенің негізін қалауға мүмкіндік аламыз.

Зерттеу әдістемесі және зерттеу әдістері

Абай философиясындағы білім мен тәрбие мәселесін сөз етіп, оның шығармаларының оқушылардың рухани және ақыл-ой дамуына әсерін қарастыру барысында біз жинақтау, жүйелеу, талдау, сараптау, салыстыру сияқты әдіс-тәсілдерді қолдандық. Және зерттеуге негізінен Абай шығармалары алынып, ондағы философиялық ойлар, соның ішінде білім мен тәрбиеге қатысты ойлары қарастырылды.

Талдау және нәтижелер

Кейінгі кезде біз Абайдың философиясын ғана мойындап қоймай, оның ілімінің дәстүрлі философиямен, әлемдік философиямен үндесіп жатқанын да ауыз толтырып айта бастадық. Және бұл шығарып салма сөз емес, құрғақ декларация емес, барып тұрған шындық.

«Философия» деген сөздің мағынасы – даналық, даналыққа құмарлық дегенді білдіреді [1]. «Абай туындыларында даналық бар ма?» деген сұрақ қойсақ, есті адамдарға тым ерсілеу болып көрінері анық. Сонда да. Абай Сократты пір тұтады, оны тілге тиек етеді, Сократша ойлап, Сократша әңгімелескісі келеді. Сократша сұхбат құрып, оған 27 қарасөзін арнайды. Не үшін Абай Сократқа ден қойды? Әрине даналығы үшін, білім-ғылымды жоғары бағалағаны үшін, халқына аянбай қызмет еткені үшін, надандықпен күрескені үшін, шәкірттеріне озық тәрбие бергені үшін Абай Сократты жақсы көреді, одан үлгі алады. Абай Сократты хакім, яғни дана деп қадірлейді [2, 336].

Абай өзінің өмірлік миссиясын да Сократша түсінеді: халқына аянбай қызмет ету, бетке ұстар құндылықтарын атап көрсету, кемшілігін ашық, батыра айтып, халқын түзету. Сол үшін де Абай өз шығармаларында Сократша

сынды, мысқылды, кекесінді көбірек пайдаланады. Сыншылдық та философияға тән қасиет.

Сократ үшін, Абай үшін философия – ең алдымен даналық.

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім,
Ер жеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.

Талай адамның басынан өткен, талай адамдарды өкіндірген нәрсе. Қазіргі жастарға да қатысы бар ұлағатты сөз.

Біреуді көркі бар деп жақсы көрме,
Лапылдақ көрсеқызар нәпсіге ерме!
Әйел жақсы болмайды көркіменен,
Мінезіне көз жетпей, көңіл берме!

Қанша айтса да жастарға жетпей жатқан, бірақ ешқашанда ескірмейтін шындық – осы.

Абайдың бәріңізге, бәрімізге белгілі, белгілі болғанымен санамызға сіңбей, басшылыққа алынбай, жаттанды сөз болып қалған «Ғылым таппай мақтанба» деген өлеңінің алғашқы жолдарын келтірейін:

Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге.
Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз.
Тілеуің, өмірің алдында,
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ -
Бес дұшпаның білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым ойлап қой –
Бес асыл іс көрсеңіз.

Бұл өлеңнің әрбір жолы – тұнып тұрған даналық. Абайдың өлеңдерін, қара сөзін талдап, тарқата білсек, осындай даналыққа тап боламыз [3, 384].

«Орын» деген философияда жай сөз емес. Оның терең мәні бар және салмағы ауыр: әр нәрсенің дүниедегі орны, адамның дүниедегі орны, олардың біріне-бірі лайық болуы – қай кезде де күрделі мәселе. Абайдың осы орын деген ұғымға мән беруі – даналық. Абай атап көрсеткен «бес дұшпан»: өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ – бүгін де біздерге, қазақтарға әл берер емес. Олармен күресу ойымызға да кірмейді.

Абайдың адамға қойған талаптары бүгін де өзекті болып табылады. Адам бүгін де адам болу үшін Абай ұсынған бес асыл істі игеруі керек. Абай философиясының өзегі болып табылатын «Адам бол!» деген идеясы бар. Адам әзір күйде туа салмайды, адам болып қалыптасады. Адам болу – екі жақты

процесс: бір жағынан, бұл қоғамға, отбасына, ата-анаға, солар арқылы қалыптасқан жағдайға байланысты; екінші жағынан, адамның өзіне - оның талабына, ынтасына, жігеріне байланысты. Адамды күштеп, зорлап адам қыла алмайсың. Адамды сырттан күштеп, инабатты, мәдениетті қыла алмайсың. Адамды зорлап оқытып, маман қыла алмайсың. Оқу да, ғылым да, өнер де – бәрі де талаппен, ынтамен, жігермен келеді. «Кісіде бар болса талап, отырмас ол бойын балап. Жүрер, әрқайдан ізденер, алар өз сүйгенін қалап», дейді хакім Абай [4, 127].

Абайды біз өз уақытын басып озған данышпан деп айта аламыз. Адам болудың, өсіп жетілудің тағы бір шарты – қанағат. Ежелгі грек, үнді, қытай ойшылдары құмарлықты, нәпсіні жеңуге, сөйтіп адамның өзін өзі билеуіне көп мән береді. Адамның ең қиын жауы – оның өзі, дейді үнді даналығы. Қанағат қылу Абай үшін де адамның асыл қасиеті болып табылады. Қанағатшылдық қазіргі нарық заманында да керек-ақ. Қанағат, рақым, ынсап, ұят болса, елімізде жемқорлық осылай жайылып кетер ме еді? Бүгін де Абайша айтуға болады: «Бар ма екен жай жүрген жан қанағатпен, құдайдың өз бергенін жеп көрем деп?»

Абайдың поэмасындағы Ескендір патшаға қаратып: «Мықтымын деп мақтанба, ақыл білсең, мықты болсаң, өзіңнің нәпсіңді жең» деуі де – өмір көрген дананың түсінігі.

Абайда толық адам туралы жан-жақты ойластырылған ілім бар. Адам қалай толық, жетілген тұлға болады? Абайдың жауабы қысқа, қысқа болса да нұсқа: «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласың елден бөлек», дейді. Тағы бір жерде: «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүрек», деп өз ойын нақтылай түседі. Адамның басқа қасиеттері осыдан шығады. «Адамзатқа не керек? Сүймек, сезбек, күйінбек, харекет қылмақ, жүгірмек. Ақылмен ойлап сөйлемек» – деп, Абай ақыл, қайрат, жүректің қалай іске асатынын көрсетеді [5, 13-15].

Абайдың даналығын, тереңдігін адам өміріндегі жүректің ерекше рөлін ашып көрсетуінен аңғаруға болады. Бұл арада біз тағы да Абаймен бірге әлемдік философия деңгейіне шыға аламыз. Абайда даналық деген атына сай келетін нағыз философия бар екендігіне тағы да куә боламыз.

Бір ғажабы – Абай ақылды, қайратты жүрекке бағындырып қояды. Бұлар «өзімбілемдікке», «әлімжеттікке» салынып, көп нәрсені бүлдіруі мүмкін. Адам өмірінде бәрі жүректің әмірімен, қалауымен болады дейді. Құдайды қалайтын – жүрек. Адамды адамға қосатын – жүрек. Махаббат та, достық та – жүректің қалауы. «Әділет, нысап, ұят, рақым, мейірбаншылық» – бәрі де жүректен шығады (он жетінші сөз). «Достық, қастық, бар қызық – жүрек ісі. Ар-ұяттың бір ақыл күзетшісі» – деген де Абай.

Абай ақылдың жайын терең түсінеді. Ақылды адам сөзге ден қояды, сөзді ұғады. Ақылсыз адам, керісінше, «сөзге ынтасыз» болып келеді. «Қарны тоқ, қаса надан ұқпас сөзді, Сөзді ұғар, көкірегі болса көзді...» – дейді. «Әттең дүние-ай, сөз таныр кісі болса» деп, Абай замандастарын ашық әңгімеге шақырады. Бірақ оны тыңдап, түсінер адам табылмайды. Ал қазір ше? Абайды

оқып, түсінер адам табыла ма? Табылар деп үміт артудан басқа амал жоқ сияқты.

Қорытынды

Қорыта келгенде Абай ілімі ұшан-теңіз. Бір мақала түгіл, тұтас энциклопедияда (сондай энциклопедия бар екенін білесіздер) Абай ілімін тұтас қамтып шығу мүмкін емес. Біздің жұмысымыз, Мұхтар Әуезов айтқандай, «мұхиттың бір тамшысындай» ой бөлісу.

Менің ойымша, философияның қызметін ғылыми таныммен шектеп қоюға болмайды. Әртүрлі жағдайларға байланысты кейбір философтар, айталық, Аристотель, Кант, т.б. философияны ғылым деп танып, ғылымға қатысты мәселелермен тиянақты айналысты. Соның өзінде И.Кант философияны адамға бұрып, философияның алдына даналықты, түсінікті қажет ететін: Мен не біле аламын? Мен не істеуім керек? Мен неге үміт арта аламын? Мен кіммін? – деген сияқты мәселелер қойды, соларды шешуге арналған іргелі шығармаларын жазды. Канттың түсінігінде, философияның негізгі міндеті – адамға адам болып өмір сүруді үйрету. Канттың пікірінше, философияның ғылым жолымен жүріп, дүниені танудағы мақсаты – дүниені өзгерту емес, адамның дүниедегі орнын анықтау. Абайдың сөзі кім-кімнің де жанына батады. Абай – әкесіне де, ағасына да, қазаққа да айтарын тура айтқан, батырып айтқан ойшыл. Абайды рахаттану үшін оқи алмайсың.

Абайдың сөзі ден қойған адамды қинайды, өкіндіреді, ашындырады. Абайды оқығанда қайда кетерге жер таба алмайсың. Қазақ елі барда Абай есімі асқақтай береді. Сондықтан Абайды жаңа Қазақстанның бренді ретінде әлем жұртшылығына кеңінен таныстыру қажет. Бұл – бүгінгі ұрпақтың қастерлі борышы.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар-Рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы//www.akorda.kz
2. Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. - Алматы. 1 т. 1995. - 336 б.
3. Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. - Алматы. 2 т. 1995. - 384 б.
4. Өміралиев Қ. Абай афоризімі. – Алматы: Кітап, 1993. - 127 б..
5. Әуезов М. А.Құнанбаев: мақалалар мен зерттеулер. - Алматы, 1967. - 13-15 б.

АБАЙДЫҢ ОҚУ, ҒЫЛЫМ ТУРАЛЫ АЙТҚАН ОЙЛАРЫНЫҢ ТҰЛҒА ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ МАҢЫЗЫ

Кезембаева Зауреш Жамбылтайқызы,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші,
Астана қаласы әкімдігінің «Райымбек батыр атындағы

№50 «Қазғарыш» мектеп-лицейі» ШЖҚ МКК

Аңдатпа. *Бұл мақалада ұлы ақын Абай Құнанбайұлының оқу, ғылым туралы айтқан ойларының тұлға тәрбиелеудегі маңызы қарастырылады. Абай айтқан ойлардың құндылығы ғалым еңбектерінен дәлел келтіре отырып, тереңдете көрсетілген. Абайдың шығармашылығындағы білім мен ғылымның маңыздылығы туралы философиялық тұжырымдары талданады. Абайдың тәрбиелік көзқарастарының бүгінгі күнде де өзектілігі, қазіргі педагогикалық үдерістерде маңызды рөл атқаратыны айтылған. Мектеп қабырғасындағы білім алушыларға Абай ақынның оқу, ғылым туралы айтқан ойларын оқыта отырып, адами қасиеті жоғары тұлға тәрбиелеуге бағыттаудың жолдары көрсетілген.*

Түйін сөздер: *ғылым, білім, тәрбие, тұлға, философия.*

Кіріспе

Абай Құнанбайұлы – қазақ халқының ұлы ойшылы және ағартушысы, қазақ әдебиетінің, мәдениетінің және білімінің іргетасын қалаушы дара тұлға. Сонау XIX ғасырда өмір сүрген Абайдың шығармашылығы қанша ғасыр өтсе де, өз құндылығын жоймайды. Әсіресе, қазіргі таңдағы жастарды, мектеп жасындағы балаларды Абай ілімімен тәрбиелеу өте маңызды. Президентіміз Қасымжомарт Кемелұлы «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында: «Сананы жаңғырту арқылы XXI ғасырда еліміздің тың серпінмен дамуына жол ашамыз. Осы орайда Абай мұрасының тигізер пайдасы зор деп есептеймін. Ұлы ақынның шығармалары бүгін де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Абайдың ой-тұжырымдары баршамызға қашанда рухани азық бола алады. Оның шығармаларында ғылым мен білімнің адам болмысының қалыптасуы мен қоғамдағы орны туралы терең ойлар бар. Абайдың педагогикалық және философиялық көзқарастары тұлғаның рухани дамуы мен тәрбиесінің маңызды аспектілерін ашады...» деген [1, 4].

Бүгінгі таңда қоғамға білімді, ойлы, рухани бай тұлғалар қажет. Осы тұрғыда Абайдың оқу, ғылым туралы ойлары – жастарды пайдалы білім алуға, сол білімі арқылы қоғам дамуына өзінді үлесін қосатын, адами құндылықтарға баулуға бағыттайтын маңызды рухани бағдар іспеттес. Сондықтан бұл тақырып бүгінгі таңдағы тұлғаны тәрбиелеуде өзекті болып табылады. Абайдың оқу, ғылым туралы айтқан ойлары бүгінгі таңда заманына сай тұлға болмысын жасауда өте маңызды орын алады. Белгілі Абайтанушы М.Мырзахметұлы бүгінгі қоғамдағы адамдардың мінезі өзгеріп, қазақилығымыздан алыстап бара жатқанымызды әйелдер мен ер азаматтардың кейбір мінезімен сынай келіп:«...Әйелдер еркінсіп, ажырасу көбейді. Ал жігіттердің бойындағы жалқаулық, нәпсіқұмарлық дендеп кеткен. Бұл тығырықтан шығаратын жалғыз жол – Абай. Абай ілімін мектептен бастап жоғары оқу орындарының бәрінде оқыту керек. Сонда ғана қоғам өз орнына келеді. Абайға бір кірген адам жаман жолға бара алмайды...» [2, 6]. Міне, Президентіміз Қ.Тоқаевтың да, белгілі Абайтанушы ғалымның пікірі де жоғарыда айтқан ойды толығымен растап отыр. Демек, бүгінгі қоғамда өмір сүріп жатқан жастарды Абайдың артына қалдырған асыл мұраларымен сусындатсақ, олар өмір бойына жететін рухани азық алады. Жат мінез, жаман

қылықтан аулақ болар еді. Қазір ғаламторға қолжетімді, баланың бойына құндылықты ерте бастан ұялатпаса, өскен соң кеш болып қалуы әбден мүмкін.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу мәселесі бойынша Абайтанушы ғалымдардың зерттеу еңбектері мен мақалаларына шолу жасау, талдау, ақынның «Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек», «Білімдіден шыққан сөз», «Ғылым таппай мақтанба», «Пайда ойлама, ар ойла» өлеңдері, «Он жетінші» қара сөзін зерттеу, зерделеу, Абайтану бойынша ақпараттар іздеу, жинақтау, талдау, салыстыру, жүйелеу, қорытындылау әдістері қолданыс тапты.

Нәтижелер мен талқылау

Мектеп бағдарламасында Абайдың оқу мен ғылымға қатысты өлеңдері мен қара сөздерін жүйелі оқытып, күнделікті сабақтың бес минутын Абайға бөліп, балаға ішкі рухани дүниесін байытатын азық беріп отырса, оның жүрегі таза, мінезі жақсы, сабырлы да төзімді, қысқасы, Абай айтқан асылдар бала бойына сіңе береді.

Абай айтады:

«Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек.
Жеке-жеке біреуі жарытпайды,
Жол да жоқ жарыместі «жақсы» демек
Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,

Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек», [3, 120]. Енді осы сөздің астарына мән берейік. Абайдың айтып отырған ақыл, қайрат, жүрек – адам болмысының негізгі үш тірегі. Ақыл – дұрыс ойлау, ақиқатты тану. Қайрат – ерік, жігерің, батылдық, іске көшудің күші. Жүрек – мейірім мен махаббат, адамгершілік пен имандылықтың белгісі. Ақын осы үшеуін тең ұстау керек дей келе, ғылымды осы үш қасиеттің арасындағы тепе-теңдікті, үйлесімділікті түсінуге, басқаруға мүмкінді беретін құрал ретінде көрсетіп отыр деуге болады. Яғни, бүгінгі заманауи тілмен айтқанда, ғылым адамның рухани- интеллектуалдық жетілу жолы деп айтуға болады. Қорыта айтқанда, Абай осы шумақта адам бойындағы үш қасиеттің (ақыл, жүрек, қайрат) үйлесімді дамуын «толық адам» болу жолы ретінде көрсеткен. Ал ғылым – сол қасиеттердің мәнін ұғып, дұрыс пайдалану үшін қажет. Абайдың осы сөздерін, мен танымал ғалымның сұқбатындағы айтқан ойымен растағым келеді. 2020 жылы 12 маусымда белгілі Абайтанушы Мекемтас Мырзахметұлы «Қазақ әдебиеті» газетінде ақын Батырхан Сәрсенханға берген сұқбатында: «...Өте бай болып кететін адам едім. Абай мені кедей қылды. Неге? Абайдың толық адамын зерделеген соң, қолым ештеңеге бармады. Көп ұзамай, Өзбекстандағы ректорлық қызметімді тастап, Алматыға келдім. Абайды тереңірек танып, ізденуге кірістім.... Абайдың толық адамын зерделеп, сол бойынша жұмыс істесе, адам кері кетпейді. Ондағы үш-ақ нәрсе: қанағат, жүрек, ақыл, ақыл деген жай ақыл емес, Алланың бойында сегіз түрлі зәтия сипаттары болады, соның ішінде құдірет пен ғылым сипаттары бар. Абай осы құдірет пен ғылымды ақыл деп алады. Онан соң жүрек пен қанағатты алды. Осы үшеуі қосылғанда толық адам болады», - дейді [4, 56]. Автордың айтып отырған

«Абайдың толық адам ілімі» бүгінгі таңдағы мектеп оқушыларын тәрбиелеуде өте маңызды рөл атқарады. Абайды бір сабақта ғана оқытып, ары қарай жауып тастауға болмайды. Әр сабақты ақынның бір өлеңімен бастап, бір шумақтың астарын жан-жақты қарастырып, оқу мен ғылымның адам өміріндегі маңызын балаға сіңдіріп отырсақ, біз Абай айтқан іші дүниесі бай адам тәрбиелейміз.

Абайдың оқу, ғылым туралы ойларын зерттеушілердің еңбектерін іздеп отырып, Үмбетай Мүбарак деген зерттеуші-ғалымның мына бір мақаласында айтқан ойлары бүгінгі жастарды билікке ұмтылу үшін білім алмай, адам болу үшін білім алу керектігін Абай ойларымен керемет жеткізігенін білдім. Автор өз мақаласында былай дейді: «Данышпан Абай жастарды оқуға шақырғанда осындай шоқтықты мәселелерді әрдайым жұлдыздай жарқыратып, жоғары ұстайды. Қай жолды таңдап, қай соқпақпен жүру қажеттігін, қай елмен жақын араласып, қай елдің оқуын үлгі тұтсақ ұтатындығымызды, тәп-тәуір табысқа кенелетіндігімізді нұсқаған, тіпті, талап еткен. Қателікке ұрынып қалудан, оғаш-оспадар қылықтардан сақтандырған. Айталық, ол «Интернатта оқып жүр» атты өлеңінде ол өз уағындағы бірсыпыра жастардың орыс тілін білуге ұмтылысының «Прощение» жазуға жарау мен «Я тілмаш, я адвокат» болсам деген өлермендіктен аспай жатқандығына ашынады. Ондай жастар азын-шоғын, үзіп-жұлқып алған татымсыз оқуын бұлдап, еліне кісімсінсе, бәлсінсе, «Көп қазаққа епсінсе, кімге тиер панасы» деп налиды ақын. Демек, қарапайым шаруа баққан халықтың үмітін ақтамаған, ұлттың кәдесіне жарамаған шала оқудан (тіптен, биік болса да), зәрредей пайда жоқ! Өйтіп, «Қу менен сұм боларды ойлаған, қаны бұзық», залым ойлы адамдар біршама оқыған-тоқығанын, жеттім-білдім дегендерін өзін дүниеге әкелген, қатарға қосқан туған халқына қарсы жұмсайды, қарақан қара басын ғана күйттейді» [5, 3]. Бұл жерден Абай сол заманда алған білімді пайдалы іске жұмсау керектігін айтқанын көреміз. Ғалым осыны өз ойымен жақсы жеткізген. Бұны Абайдың өз сөзінен келтіретін болсақ, данышпан Абай:

Білімдіден шыққан сөз,
Талаптыға болсын кез.
Нұрын, сырын көруге,
Көкірегінде болсын көз, [6, 200] - дейді. Білімдінің талаптыға кез болуы шарт. Абайша ой толғағанда, білімдінің міндетті түрде нұры, сыры болады. Нұры жарық шашады. Сыры тереңге бойлатады. Оны тек көкірегінде көзі бар, санасы сәулелі жан ғана аңғарады, түсінеді. Ал жоғарыдағы жас ғалымның айтқанындай, бас пайдасы үшін, мансап үшін білім алудан аулақ болу керек дегенді бүгінгі ұрпаққа да осы арқылы үйретуге болады.

Қорытынды

Бүгінгі таңда бала тәрбиесіне мән беруге ата-аналардың уақыттары тапшы болып жатқаны – шындық. Бұл – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Баланың бос уақыты көп болғандықтан, ғаламторға кіріп, соған тәуелді болып жатқандар қаншама?! Осы мәселені де Абай туындылары арқылы бала санасына құйып, оны пайдалы іліммен шұғылдануға тартуға әбден болады. Осы ойымды белгілі ғалым, Абайтанушы Мекемтас Мырзахметұлының айтқан ойы толық құптай түседі. «Абай ғылым туралы ұғымды теориялық

тұрғыдан негіздеп қана қоймайды, оның өмірде орын тепкен қазіргі ұғым деңгейіндегі желілерін де анықтап, нақтылап өтетіні де бар. Бұл таным Абай заманындағы қазақ қауымы үшін аса қажетті тың ұғым, соны таным болатын-ды... Ақыл мен ғылым адамға ықыластана ізденіп еңбектенумен, оқып үйренумен келетін кәсіби құбылыс деген ой қорытындысын береді. Адамды тазартудың құдіреті Абай ілімінде...», - дейді М.Мекемтасұлы [7, 232].

Осы мақаланы жазуда Абайдың оқу, ғылым туралы айтқан ойларын зерделеп, Абай әлемін зерттеген ғалымдардың еңбектерін оқи отырып, Абай мұрасы – біздің асыл қазынамыз екендігін тереңірек түсіндім. Бүгінгі күні алдымызда отырған шәкірттерді Абай мұрасы арқылы тәрбиелесек, біздің ұрпақтарымыз жүрегі таза, айналасына мейіріммен қарайтын, «пайда ойламай, ар ойлайтын» нағыз саналы азамат болары сөзсіз. «Дүние де өзі, мал да өзі, Ғылымға көңіл бөлсеңіз» деген Абай сөзі дүние мен байлықтың да, рухани кемелдіктің де қайнар көзі ғылым деп танытып отыр. Егер адам ғылымға шын көңіл бөлсе, оған мал да, мансап та, мәртебе де келеді. Өйткені ғылымға көңіл бөлген адам терең ойлы, еңбекқор, парасатты болады. Ал адал еңбекпен табыс табу – бұл әділетті, таза, берекелі жол. Сондықтан, ғылымды сүйсек, бәрі де өздігінен келетінін, биікке білім арқылы самғауды ұрпақ санасына сіңіре білейік!

Пайдаланған әдебиеттер

1. Тоқаев Қ. «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан»//«Егемен Қазақстан» газеті.10 тамыз, 2020 жыл.
2. Мырзахметұлы М. «Толық адам ілімі жайлы толғаныс»//«Түркістан» газеті. 23 қаңтар, 2019 жыл.
3. Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. I том. Өлеңдер мен поэмалар. - Алматы: «Ғылым», 1977.
4. Батырхан Сарсенхан, Мырзахметұлы М. «Абайдың «Толық адам» ілімін зерделеген адам кері кетпейді» сұқбат//«Қазақ әдебиеті» газеті. 5 тамыз, 2020.
5. Үмбетаев М. «Абай өлеңдеріндегі оқу-ғылым тақырыбы»// Abaialemi. kz сайты, 2020.
6. Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. I том. Өлеңдер мен поэмалар. - Алматы: «Ғылым», 1977.
7. Мырзахметұлы М. «Абай:Толық адам ілімі». Абайтану. Таңдамалы еңбектер. – Алматы: «Қазақ университеті», 2020.

АБАЙДЫҢ ӨЛЕҢДЕРІ МЕН ҚАРАСӨЗДЕРІНІҢ ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНЕ ТИГІЗГЕН ЫҚПАЛЫ

Керимбаева Жанат Адилхановна,
бастауыш сынып мұғалімі,
Сәкен Сейфуллин атындағы №2 ЖББОМ,

Алматы облысы Талғар қаласы

Аңдатпа. *Ғылыми мақалада Абай Құнанбаевтың өлеңдері мен қарасөздерінің қазақ мәдениетіне тигізген ықпалы зерттеледі. Абайдың шығармаларының әдеби, философиялық, және әлеуметтік аспектілері қарастырылады. Зерттеу барысында Абайдың поэзиясының тереңдігі, оның адамгершілік, білім, және моральдық құндылықтарға қатысты көзқарастары, сондай-ақ, қазақ қоғамындағы әлеуметтік мәселелер мен ұлттық бірлікті нығайтудағы рөлі анықталады.*

Мақалада Абайдың шығармаларының заманауи контексте маңыздылығы, сондай-ақ, оларды зерттеу үшін қолданылатын әдістемелік тәсілдер көрсетіледі. Зерттеу нәтижелері Абай Құнанбаевтың қазақ мәдениеті мен әдебиетінің дамуына қосқан үлесін, оның шығармаларының қазіргі қоғамдағы өзектілігін дәлелдейді. Абайдың мұрасы қазақ халқының рухани байлығын, ұлттық санасын, және мәдениетін нығайтуға бағытталған.

Түйін сөздер: *Абай Құнанбаев, поэзия, қарасөздер, қазақ мәдениеті, әдебиет, философия, адамгершілік, білім, моральдық құндылықтар, ұлттық бірлік*

Кіріспе

Абай Құнанбаев – қазақ халқының рухани көшбасшысы, ұлы ойшыл және ақын. Оның шығармалары тек поэтикалық тұрғыда ғана емес, терең философиялық, тәрбиелік мәнге ие. Абайдың өлеңдері мен қарасөздері қазақ халқының мәдениетін жаңғыртып, жаңа деңгейге көтерді. Оның туындылары әлі де өз өзектілігін жоймай келеді. Ұлы ойшылдың қаламынан туған шығармаларын оқыту бүгінгі жаһандану, техника мен технология дамып, адами қарым-қатынастар әлсіреп бара жатқан бүгінгі таңда аса маңызды. Сол себепті біз өз мақаламызда ақынның шығармаларының қазақ мәдениетіне қосқан үлесі қарастырдық.

Абай шығармалары қазақ халқының ұлттық санасын оятты. Ол ел бірлігінің маңызын түсініп, ру мен жүзге бөлінуді сынады. Ұлы ақынның идеялары ұлтты біріктіруге бағытталды. "Біріңді қазақ, бірің дос, көрмесең істің бәрі бос" деген жолдар халықты бауырмалдыққа үндейді. Абайдың шығармалары музыка, көркем өнер және театр саласына да ықпал етті. Оның өлеңдеріне ән жазылып, қазіргі заманға дейін айтылып келеді. Ендеше, қаламгердің ұлттық бірлік пен мәдениеттегі рөлін аша отырып, білім беруде қолданысқа енгізу қажет.

Әдебиеттерге шолу

Абай шығармашылығына деген замандастарының және кейінгі ұрпақ өкілдерінің пікірі ерекше. Мәселен, кезінде Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласында: «Абай – қазақтың туысқан жұртының бәрін бір тудың астына біріктіретін ойшыл. Ол – халықтың шын мәніндегі рухани көсемі» [1] - деп, ақынның тарихи маңызын жоғары бағалаған болатын. Содан бері қаншама уақыт өтсе де, Абайды зерттеушілер қатары толастаған емес. Мәселен, З.Ахметов [2], Ж.Дәдебаев [3], Т.Әлімқұлов [4], т.б.

Абай Құнанбаевтың өлеңдері мен қарасөздері қазақ мәдениетінің негізін құрайтын құндылықтарға айналды. Оның әдеби мұрасы халықтың рухани өміріне серпіліс беріп, адамгершілік, білім, моральдық ұстанымдар тұрғысынан бағыт-бағдар бола алды. Абай шығармалары — қазақ мәдениетінің мәңгілік шамшырағы.

Зерттеу әдістемесі

Абай өлеңдері мен қарасөздерінің қазақ мәдениетіне тигізер әсерін зерттеу, тұжырымдау барысында әдеби талдау, философиялық талдау, тарихи-салыстырмалы және т.б. әдістер қолданылды.

Абайдың шығармаларын терең талдау арқылы оның поэзиясының тақырыптары, стильдері, және көркемдік құралдары зерттелді. Абайдың қарасөздеріндегі философиялық көзқарастар мен моральдық құндылықтар, сондай-ақ, қоғам мен адам арасындағы қатынастар талданды. Абайдың өмірі мен шығармашылығының тарихи контексті зерттелді, бұл оның шығармаларының пайда болу себептерін түсінуге мүмкіндік берді.

Зерттеу кезеңдері

1. Деректер жинау: Абайдың шығармаларын, сондай-ақ, оған қатысты ғылыми әдебиеттерді жинау.
2. Талдау жүргізу: Жиналған деректерді әдеби, философиялық, және социологиялық тұрғыдан талдау.
3. Нәтижелерді өңдеу: Талдау нәтижелерін жүйелеп, қорытынды жасау.
4. Мақала дайындау: Зерттеу нәтижелерін жинақтап, ғылыми мақала рәсімдеу.

Зерттеу әдістемесі және талдау

Абай поэзиясының әдеби ықпалы Абайдың өлеңдері қазақ әдебиетіне көркемдік жаңа бағыт әкелді. Ол халық тілін сақтай отырып, әдеби тілді дамытты. Мысалы, "Қалың елім, қазағым, қайран жұртым" өлеңінде ақын халықтың мұңын, рухани күйін, отарлық езгінің зардабын былай деп жеткізеді:

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.
Жақсы менен жаманды айырмадың,
Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың [5].

Бұл шумақта Абай қоғамның адамгершілік құлдырауын сынап, халықты оянуға, санасын сергек ұстауға үндейді. Абай бұл өлеңінде рушылдық, жемқорлық пен байлардың қанаушылық әрекеттерін ашық сынайды. «Қалың елім, қазағым...» деген батыл үндеудің өзі, Абай үшін рулық, тайпалық бөліністің жат ұғым екенін, исі қазақтың қамын жейтіні көрсетеді.

Сондай-ақ «Лай суға май бітпес қой өткенге» өлеңінде ол қоғамдағы рухани тоқырау мен әділетсіздікті былай деп сипаттайды:

Лай суға май бітпес қой өткенге,
Кешегі өткен күнмен болар меже?
Заманың тартып жатыр кері тартпай,
Адаспай тура іздесең, кім жеткенге [5].

1895 ж. жазған бұл өлеңі әрқайсысы 4 тармақты 7 шумақтан тұрады, жалпы көлемі — 28 жол. Үлкен үміт күткен баласы Әбдірахманның өліміне байланысты шығарылған. Қараңғылық шырмауына шатылған елдің надандығына ыза болған ақын жан наласына сырын қапысыз қабылдар, айтса түсінер, ақылдасса ой бөлісер сүйікті ұлынан айрылу қайғысы қосылып, «берген бе тәңірім саған өзге туыс» деп мұңданады. Ақын көңіл жайлауынан

ел көшкендей болып құлазиды. Мағынасыз «бос қуыстай» дүниеден уақап таппай, дінге иек артады [1].

Ақын бұл өлеңде өткенімен өмір сүріп, алдағыны болжай алмай отырған қоғамға сын көзбен қарайды. Тарихтан сабақ алып, келешекті дұрыс бағдарлау қажет екенін ескертеді.

Абайдың әйгілі «Сегізаяқ» өлеңі мазмұны мен түр жағынан ерекше. Бұл өлеңде ақын адамның жан күйзелісі мен көңіл-күйін күрделі ырғақпен жеткізеді:

Жартасқа бардым
Күнде айғай салдым,
Одан да шықты жаңғырық.
...
Баяғы жартас бір жартас,
Қаңқ етер түкті байқамас [5]

Бұл өлеңде Абай замандастарының бойындағы надандық, рухани әлсіздік, ар-ұяттан айрылу секілді дерттерді ашық сынайды. Ол халықтың тек сыртқы бейнесіне емес, ішкі жан дүниесіне, рухани күйіне назар аударады.

Абай поэзиясының философиялық тереңдігі Абай шығармаларында терең философиялық ойлар бар. Ол адам болмысы, жан мен тән, ақыл мен жүрек сияқты ұғымдарды талдай отырып, қазақ қоғамының рухани деңгейін көтеруге тырысты. «Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек» деген өлеңінде ақыл мен жүректің өзара байланысын сипаттайды. Абай үшін адам — өзін-өзі жетілдіру жолындағы тіршілік иесі. Ол моральдық биікке жету үшін ғылым мен еңбекке сүйенуді ұсынды.

Қарасөздердің тәрбиелік және әлеуметтік маңызы Абайдың қарасөздері — қазақтың тұңғыш философиялық прозасы. 45 қарасөзінің әрқайсысы — жеке бір дүние. Мәселен, он тоғызыншы қарасөзінде Абай: «Адам баласының ең жаманы – талапсыздық, жігерсіздік, еріншектік» - деп, жалқаулық пен надандықты сынайды. Ал 32-қарасөзінде Абай адам мінезінің сан түрлі ерекшеліктерін философиялық тұрғыдан саралап, былай дейді: «Мінез үш түрлі болады: ақыл мінезі, қайрат мінезі, жүрек мінезі. Осы үшеуінің бірлігі болғанда ғана толық мінезді адам шығады» [6]. Бұл қарасөз арқылы Абай адамның кемелдікке жетуі үшін рухани, зияткерлік және ерік-жігерлік қабілеттер үйлесуі керектігін көрсетеді. Оның бұл ойлары қазіргі психологиямен де үндеседі.

Зерттеу нәтижелері

Зерттеу Абай Құнанбаевтың қазақ мәдениетіндегі рөлін терең түсінуге, оның шығармаларының қазіргі қоғамдағы маңызын анықтауға, сондай-ақ, қазақ әдебиетінің дамуына үлес қосуға бағытталған. Зерттеу нәтижелері Абай Құнанбаевтың шығармаларының қазақ мәдениетіне тигізген ықпалын жан-жақты көрсетті. Негізгі қорытындылар төмендегідей:

Ақын поэзиясында ой, мазмұн тереңдігі өзге ақындарға қарағанда басым. Абайдың өлеңдері қазақ тілінің көркемдігі мен мәдениетін байытты. Оның шығармаларындағы философиялық және әлеуметтік тақырыптар ұлттық сана-сезімді қалыптастыруда маңызды рөл атқарды.

Абайдың әр сөзінен оның философиялық көзқарасын анық көруге болады. Абайдың қарасөздерінде адамгершілік, білім, және моральдық құндылықтар мәселелері терең қарастырылған. Оның көзқарастары қазіргі қоғамның рухани дамуына ықпал етіп, жастарға бағыт беретін маңызды мұра болып табылады.

Ол әлеуметтік мәселелерді тереңнен қозғап, ойын ашық айтады. Абай шығармаларында қазақ қоғамындағы әлеуметтік мәселелер, ұлттық бірлік, және мәдениет мәселелері кеңінен көтерілген. Бұл шығармалардың заманауи контексте мәні әлі күнге дейін сақталады.

Абайдың шығармашылығы әлемдік әдебиетпен салыстырғанда, оның ерекше стилі мен философиялық тереңдігімен ерекшеленеді. Бүгінгі таңда Абайдың мұрасы халықаралық деңгейде мойындалып, зерттелуде.

Ұсыныстар

Келешекте мектеп оқушыларына ғылыми зерттеулер жүргіздірту маңызды. Зерттеу нәтижелері Абай шығармаларын одан әрі зерттеу үшін негіз болып табылады. Бұл қазақ әдебиетінің, мәдениетінің, және философиясының дамуына жаңа бағыттар ұсынуға мүмкіндік береді.

Абай Құнанбаевтың шығармалары қазақ мәдениеті мен әдебиетінің дамуында айрықша орын алады. Оның поэзиясы мен қарасөздері халқымыздың рухани байлығын, ұлттық бірлігін, және мәдениетін нығайтуға бағытталған, әрі қазіргі қоғамда өзекті болып қала береді.

Қорытынды

Абайдың шығармалары қазақ мәдениетінде мәңгілік із қалдырды. Оның поэзиясы мен қарасөздері қазіргі қазақ қоғамының мәдени, рухани дамуына әсер етіп, келер ұрпаққа насихатталып келеді. Абайдың мұрасы – қазақ халқының мәдениетінің, тарихының маңызды бөлігі болып табылады. Абай Құнанбаевтың шығармалары қазақ мәдениетінің, әдебиетінің және философиясының дамуына терең ықпал етті. Зерттеу барысында оның поэзиясы мен қарасөздері арқылы қазақ халқының рухани байлығы мен ұлттық сана-сезімінің қалыптасуын, сондай-ақ, әлеуметтік мәселелердің көтерілгенін анықтадық.

Абайдың шығармалары жан-жақты талданып, оның адамгершілік, білім, және моральдық құндылықтар туралы көзқарастарының қазіргі қоғамда маңыздылығы көрсетілді. Оның поэзиясы мен философиялық ойлары жастарға, сондай-ақ, жалпы қоғамға бағыт беретін құнды мұра болып табылады.

Зерттеу нәтижелері Абайдың шығармаларын одан әрі зерттеу үшін негіз болып табылады. Абай Құнанбаевтың мұрасы қазақ мәдениетінің, әдебиетінің және ұлттық бірлігінің маңызды бөлшегі ретінде мәңгілікке сақталады. Оның шығармаларының өзектілігі мен мәні бүгінгі күнде де өзекті болып қала бермек, бұл қазақ халқының рухани жаңғыруына және мәдениетінің дамуына ықпал етеді.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Байтұрсынұлы, А. Қазақтың бас ақыны // «Қазақ» газеті. 1913 ж.
2. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. - Алматы: «Ана тілі», 1995. - 272 б.
3. Дәдебаев Ж. Абайдың антропологизмі. Монография. -Алматы: «Атамұра», 2024. - 320 бет
4. Әлімқұлов Т. Жұмбақ жан. Әдеби-сын зерттеу. – Алматы: «Жазушы», 1993. - 223 б.
5. Құнанбаев А. Өлеңдер мен қарасөздер. – Алматы: «Жазушы», 1988.
6. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», «Атамұра» баспасы.

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ҒЫЛЫМИ ДҮНИЕТАНЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Кошкарова Гулназия Джакудаевна,
қазақ тілі мен қазақ әдебиеті мұғалімі
Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы білім бөлімінің Абай атындағы №17 ЖББОМ

Аңдатпа. *Білім мен ғылым – адамзат дамуының басты тірегі. Бүгінгі қоғамда ғылымға сүйенген көзқарас пен саналы дүниетаным қалыптастыру – жас ұрпақ тәрбиесіндегі басты мақсаттардың бірі. Сондықтан да автор бұл мақалада Абайдың шығармалары терең философиялық мәнге ие болғандықтан, оларды талдай отырып, оқушыларды сыни ойлауға үйрету қажеттігі жайында айтылған. Абай шығармалары арқылы оқушыларды түрлі әлеуметтік, философиялық мәселелерді тереңнен түсінуге шақыруға болатынын өз тәжірибесіне сүйене отырып дәлелдейді.*

Түйін сөздер: *ғылыми дүниетаным, оқу, білім, тәрбие, тұлға қалыптастыру*

Кіріспе

Білім мен ғылым – адамзат дамуының басты тірегі. Бүгінгі қоғамда ғылымға сүйенген көзқарас пен саналы дүниетаным қалыптастыру – жас ұрпақ тәрбиесіндегі басты мақсаттардың бірі. Ғылыми дүниетаным – адамның қоршаған орта туралы нақты, дәлелді және сындарлы пікірін білдіретін көзқарастар жүйесі. Мұндай дүниетанымды бала кезден қалыптастыруда әдебиеттің, соның ішінде ұлы тұлғалардың шығармаларының орны ерекше. Қазақ халқының дана ойшылы, кемеңгер ақыны Абай Құнанбайұлы – халқымыздың рухани мәдениетінде ғылым мен білімге үндеген, ұлт санасын оятқан ірі тұлға. Оның шығармашылығы адамзатқа ортақ философиялық, ғылыми, этикалық тұжырымдармен бай. Абайдың терең мазмұнды өлеңдері мен қара сөздерін оқыту арқылы мектеп оқушыларының ғылыми көзқарасын, ақыл-ойын, логикалық және сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамытуға мол мүмкіндік бар. Қазіргі білім беру жүйесі жас ұрпақты ғылыми дүниетаным негізінде тәрбиелеу мәселесіне үлкен мән береді. Ғылыми дүниетаным адамның табиғат пен қоғамды түсіну және өз-өзін тану, дамыту процесі болып табылады. Бұл дүниетанымда ғылыми ойлау, сыни тұрғыдан ойлау және

өздігінен зерттеу қабілеті ерекше орын алады. Қазіргі білім беру жүйесінде, әсіресе мектептерде, оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыру маңызды мақсаттардың бірі. Бұл міндетті орындау үшін оқу үдерісінде ұлы ақын және ойшыл Абай Құнанбайұлының шығармаларының рөлі ерекше. Абай шығармаларының философиялық, ғылыми және тәрбиелік мазмұны оқу үдерісінде оқушылардың дүниетанымын қалыптастыруда маңызды құндылықтарды қамтиды

Абай шығармаларын оқыту арқылы жас ұрпақты білімге, ғылымға, еңбекқорлыққа, әділеттілікке, адамгершілікке тәрбиелеу мүмкіндігі туындайды. Осыған орай, мақалада Абай шығармаларының ғылыми дүниетаным қалыптастырудағы маңызы мен осы шығармаларды оқытудың әдістемесі қарастырылады [1].

Әдебиеттерге шолу

Ғылыми дүниетанымның қалыптасуы қоғамның және жеке адамның дамуының маңызды аспектісі болып табылады. Ғылыми дүниетаным дегеніміз – адамның қоршаған әлемді, оның заңдылықтарын түсіну арқылы қалыптасатын көзқарастар жүйесі. Ол адамның табиғатқа, қоғамға, адамзатқа, сонымен қатар өзінің рухани және интелектуалдық дамуына деген түсінігін қалыптастырады. Ғылыми дүниетаным тек білімнің шеңберінде ғана қалыптасып қоймай, ойлау мен ізденудің жаңа деңгейіне шығуына ықпал етеді [2].

Қазіргі кезеңде ғылыми дүниетанымның қалыптасуы жеке тұлғаның әлеуметтенуінің маңызды бөлігіне айналды. Ол жас ұрпақтың өз орнын табуға, қоғамда бейімделуіне, заманауи мәселелерді шешуде өзіндік пікір қалыптастыруына бағыттайды. Сонымен қатар, ғылыми дүниетанымның қалыптасуы тек нақты ғылымдармен ғана шектелмей, гуманитарлық білімдер мен философияны да қамтиды. Осы тұрғыдан алғанда, Абай Құнанбайұлының шығармаларының маңызы арта түседі. Абайдың философиялық ойлары мен педагогикалық көзқарастары жастарды терең ойлай білуге, өзара байланыс пен заңдылықтарды түсінуге үйретеді [3].

Абай шығармаларын оқыту арқылы жастардың ғылыми дүниетанымын қалыптастырудың маңызы аса зор. Оның шығармаларында философиялық және әлеуметтік ойлардың тереңдігі, әр адамды ізденуге, білімге, еңбекке және адамгершілікке шақыруы ғылыми дүниетанымның негіздері болып табылады [4].

Материалдар және зерттеу әдістері

Абай Құнанбайұлының шығармашылығында адам мен қоғамның, табиғат пен адамның арасындағы байланыстар, ғылым мен білімнің маңыздылығы туралы терең ойлар айтылады. Оның шығармалары ұлттық мәдениеттің құндылықтарын жоғары бағалап, адамгершілікті, әділеттілікті және білімді басты тұғыр ретінде көрсетеді. Абайдың шығармаларында ғалымдар мен философтардың идеяларымен үндес келетін тұжырымдар кездеседі.

Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде ғылымның адам өміріндегі орны туралы айтылған ойлары ғылыми дүниетанымға деген

құрметтің қалыптасуына үлкен ықпал етеді. Абай ғылымды тек мақтану үшін емес, оны адамзаттың жақсылығына пайдалану үшін үйрену керектігін айтады. Бұл өлең арқылы оқушыларға ғылым мен білімнің адам өміріндегі маңыздылығын жеткізуге болады [5].

Абайдың қара сөздері де ғылыми ойдың негіздері болып табылады. Ол қара сөздерінде қоғамның әлеуметтік мәселелерін, адамгершілік принциптерін, ғылым мен білімнің маңыздылығын талқылайды. Оның ойынша, адам баласының ең басты міндеті — білімді болу, өз өмірін мағыналы етіп өткізу. Осы қара сөздер арқылы оқушыларға тұлғалық даму мен ғылымға деген құрметтің негіздерін үйретуге болады [6].

Абай шығармаларының тағы бір маңызды тұсы — ол өз заманының әлеуметтік мәселелеріне терең үңіліп, оларды шешу жолдарын іздеген философ. Оның ойларында әділетсіздікке қарсы күрес, қоғамның білім мен ғылымды бағалауы туралы терең идеялар бар. Бұл мәселелер қазіргі заман оқушыларын тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады [7].

Абай шығармаларын оқыту үдерісінде ғылыми дүниетаным қалыптастыру әдістемесі өте маңызды. Бұл мақсатқа жету үшін әртүрлі педагогикалық тәсілдер мен әдіс-тәсілдерді қолдану қажет. Абай шығармаларын оқыту әдістемесінде сыни тұрғыдан ойлау мен шығармашылыққа негізделген тәсілдер маңызды орын алады.

Абайдың шығармалары терең философиялық мәнге ие болғандықтан, оларды талдай отырып, оқушыларды сыни ойлауға үйрету қажет. Абай шығармалары арқылы оқушыларды түрлі әлеуметтік, философиялық мәселелерді тереңнен түсінуге шақыруға болады. Мысалы, «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін талдай отырып, оқушыларды ғылымның мәні мен мақсатын түсінуге бағыттаймыз. Сондай-ақ, Абайдың «Қара сөздері» арқылы адамгершілік пен әділеттілік мәселелерін талқылап, оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыра аламыз [8].

Абай шығармаларын оқытуда әртүрлі әдістерді қолдану тиімді болады. Мысалы, пікірталастар ұйымдастырып, оқушыларға Абай шығармаларының әртүрлі аспектілерін талқылауға мүмкіндік беруге болады. Оқушыларға Абайдың өлеңдерін мәнерлеп оқу, өлеңдердегі философиялық ойларды зерттеу, шығармашылық жұмыстар арқылы Абайдың дүниетанымын терең түсінуге көмектесуге болады [9].

Талқылау және нәтижелер

Абай шығармаларын оқытуда топтық жұмыс пен зерттеу жобаларын жүргізген орынды. Оқушыларды топтарға бөліп, Абай шығармалары бойынша әртүрлі жобалар жасауға үйрету керек. Әр топ белгілі бір тақырыпқа, мәселе бойынша зерттеу жасап, нәтижелерін ортаға салады. Бұл әдіс оқушылардың ғылыми дүниетанымын дамытуға, оларды шығармашылыққа бағыттауға септігін тигізеді [10].

Абай Құнанбайұлының шығармалары тек жеке тұлғаның емес, қоғамның да дамуына әсер етті. Оның шығармаларының терең мағынасы мен қоғамдық мәселелерге арналған ойлары қазіргі уақытқа дейін өзекті болып қалуда. Абайдың шығармашылығында адамның ішкі дүниесі, қоғамдағы

әділетсіздік, білім мен ғылымның маңыздылығы, ұлттық құндылықтардың мәні қарастырылады. Бұл мәселелер қазіргі білім беру жүйесінде маңызды орын алады.

Абай шығармалары арқылы оқушыларға қоғамдағы әділетсіздік пен теңсіздікке қарсы күресуге деген көзқарас қалыптастыруға болады. Оның шығармаларында адамгершілік пен білімділікке баса назар аударылады, бұл оқушылардың әлемге деген көзқарасын қалыптастырып, оларды белсенді азамат болуға тәрбиелейді [11].

Қорытынды

Абай Құнанбайұлының шығармаларының ғылыми дүниетаным қалыптастырудағы рөлі ерекше. Оның шығармашылығы — тек әдебиет пен поэзияға ғана емес, сондай-ақ философия мен педагогикаға да терең әсер еткен құнды мұра. Абайдың өлеңдері мен қара сөздері оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастырып, оларды өмірдегі күрделі мәселелерді шешуге, білім мен ғылымды бағалауға үйретеді. Абай шығармаларының әлеуметтік мәні, адамгершілік құндылықтары мен ғылыми тұжырымдары қазіргі білім беру жүйесінде маңызды рөл атқарады. Оқушыларды ғылымға, білімге, еңбекке баулитын мұндай шығармаларды оқыту арқылы қоғамның дамуына ықпал ете аламыз [12].

Пайдаланған әдебиеттер

1. Құнанбайұлы А. Абай шығармалары. - Алматы: «Жазушы» баспасы, 1995.
2. Нұршайықов Т. Абай және қазақ философиясы. - Алматы: «Қазақстан», 2004.
3. Жүсіпов Ж. Ғылыми дүниетаным қалыптастырудың әдіснамасы. - Алматы: «Ғылым», 2008.
4. Қожамқұлов А. Қазіргі педагогика және Абайдың тәрбиелік мұрасы. - Алматы: «Мектеп баспасы», 2010.
5. Жұбанов А. Абай: Өмірі мен шығармашылығы. - Алматы: «Ғылым», 1997.
6. Нұршайықов Т. Абай және қазақ философиясы. - Алматы: «Қазақстан», 2004.
7. Қайырбеков Ж. Абайдың педагогикалық көзқарастары. - Алматы: «Рауан», 2015.
8. Тұрғынбеков Т. Абай: Өмірі мен мұрасы. - Алматы: «Қазақ университеті», 2006.
9. Қожамқұлов А. Қазіргі педагогика және Абайдың тәрбиелік мұрасы. - Алматы: «Мектеп баспасы», 2010.
10. Құдайбергенов Т. Абайдың қоғамдық философиясы. -Алматы: «Қазақ университеті», 2012.
11. Мұхтаров Ә. Абайдың дүниетанымы мен философиясы. -Алматы: «Атамұра», 2017.
12. Жұбанов А. Абай және ұлттық идея. - Алматы: «Қазақстан», 2004.

АБАЙДЫҢ ҒЫЛЫМ ТУРАЛЫ КӨЗҚАРАСТАРЫ МЕН ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ: САБАҚТАСТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Кошкарова Гулшадия Джакудаевна
қазақ тілі мен қазақ әдебиеті мұғалімі
«І.Жансүгіров атындағы №58 мектеп -гимназия» ШЖҚ КММ, Астана қ

Аңдатпа. *Мақалада Абай Құнанбайұлының ғылым, білім туралы ойлары мен қазіргі заманғы білім беру жүйесі арасындағы сабақтастық мәселелері қарастырылады. Ұлы ойшылдың "ғылым таппай мақтанба" атты қағидасының бүгінгі білім беру саласындағы өзектілігі талданады. Абайдың «толық адам» концепциясының қазіргі құзыреттілік тәсілмен үндестігі анықталып, ақынның ғылым мен білімге қатысты тұжырымдарының заманауи білім беру парадигмасындағы көрінісі көрсетіледі.*

Түйінді сөздер: *Абай Құнанбайұлы, ғылым, білім, толық адам, құзыреттілік, сабақтастық, заманауи білім беру жүйесі*

Кіріспе

Ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлының ғылым мен білім туралы ой-толғамдары қазақ халқының рухани мұрасының аса құнды бөлігі болып табылады. XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген ақын өз заманының қоғамдық-әлеуметтік мәселелерін терең түсініп, білім мен ғылымның адам және қоғам өміріндегі маңызын айқын көрсеткен. Абайдың ғылым мен білімге қатысты ойлары қазіргі заманауи білім беру жүйесінің негізгі қағидаларымен үндесіп жатқаны таңқаларлық емес.

Бүгінгі білім беру саласында болып жатқан жаһандық өзгерістер аясында Абай мұрасының өзектілігі арта түсуде. Ақынның «ғылымды үйренгенде, ақиқат мақсатпен білмек үшін үйрену керек» деген ұстанымы қазіргі білім беруде қолданылатын құзыреттілік тәсілмен тікелей байланысты. Бұл мақалада Абайдың ғылым туралы көзқарастары мен қазіргі заманғы білім беру жүйесі арасындағы сабақтастық мәселелері қарастырылады.

Әдебиеттерге шолу

Мақаланы жазуда бірқатар ғылыми және әдеби-көркем еңбектер қарастырылды. Атап айтсақ, Қ.Жарықбаевтың «Ұлттық тәрбие жүйесіндегі Абай шығармашылығы» [1] еңбегіне сүйене отырып, Абайдың білім және тәрбие туралы көзқарастарының қазіргі заманғы білім беру жүйесімен сабақтастығын ашуға тырыстық. Ш.Құдайбердіұлының «Абай философиясы» [2] атты еңбегін арқылы Абайдың білім беру туралы философиялық ойларын қарастырып, олардың оқушылардың білім жөніндегі көзқарасына әсерін қарастырдық. Сол сияқты Ә.Нысанбаевтың «Абайдың философиялық ойлары мен тәрбиелік құндылықтары» [3] атты еңбегін де негізгі алып, Абайдың ғылым туралы көзқарастары мен қазіргі заманғы білім беру жүйесі арасындағы сабақтастық мәселелері қарастырдық.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Абай Құнанбайұлы өз шығармаларында білім мен ғылымды барлық құндылықтардың биігіне қояды. Ақынның «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі мен қара сөздерінде ғылым мен білімнің адам өміріндегі алатын орны туралы терең философиялық ойлар айтылған. Ақын өзінің 38-қара сөзінде: «Ғылым - Алланың бір сипаты, ол хақиқат, оған ғашықтық өзі де хақлық, һәм адамдық дүр» деп ғылымның құндылығын Алланың сипатымен теңестіреді [4].

Абай ғылымды адам бойындағы рухани-адамгершілік қасиеттерді дамытудың негізгі құралы ретінде қарастырады. Ол 32-қара сөзінде ғылымды үйренудің бірнеше қағидаларын ұсынады. Біріншіден, ғылымды шын ықыласпен, ақиқат мақсатпен үйрену керек. Екіншіден, ғылымды қандай да бір пайда немесе мақтан үшін емес, тек білімнің өзі үшін үйрену қажет. Үшіншіден, ғылымды үйрену барысында адам өз бойында берік мінез қалыптастыруы керек.

Ақынның бұл ұстанымдары қазіргі заманғы білім беру жүйесінің негізгі қағидаларымен тікелей сабақтасады. Бүгінгі күні білім беру саласында кеңінен қолданылатын құзыреттілік тәсілі тек білім мен дағдыларды ғана емес, сонымен қатар оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытуды да көздейді. Ұлттық білім беру жүйесінде «Мәңгілік ел» құндылықтары аясында патриоттық, рухани-адамгершілік тәрбие мәселелеріне ерекше көңіл бөлінуде.

Абай ғылымның адам өміріндегі маңызын ашу барысында «толық адам» концепциясын ұсынады. Ақынның пайымдауынша, толық адам болу үшін үш негізгі қасиет – ақыл, қайрат және жүрек бірлікте болуы қажет. «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласың елден бөлек» деген өлең жолдары осы ойды растайды. Абай үшін ғылым осы үш қасиеттің арасындағы үйлесімділікті қамтамасыз ететін негізгі құрал болып табылады [5].

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде де тұтас тұлғаны қалыптастыру мәселесі өзекті болып отыр. Функционалдық сауаттылық, сыни ойлау, креативтілік, коммуникативтілік, командада жұмыс істей білу сияқты дағдылар заманауи білім беру стандарттарының негізгі құзыреттіліктері ретінде анықталған. Бұл құзыреттіліктер Абайдың «толық адам» концепциясымен тікелей үндеседі.

Абай ғылымды үйренудің практикалық жағын да ерекше атап өтеді. Ол ғылымды тек теориялық білім ретінде ғана емес, сонымен қатар практикалық пайдасы бар құрал ретінде де қарастырады. «Дүние де өзі, мал да өзі, ғылымға көңіл берсеңіз» деген сөздері арқылы ақын ғылымның адам өміріндегі практикалық маңызын көрсетеді [6].

Талқылау және нәтижелер

Қазіргі білім беру жүйесінде де білімнің практикалық бағытталуы маңызды орын алады. Білім берудің нәтижесі ретінде оқушылардың алған білімдерін практикада қолдана білу қабілеті қарастырылады. PISA, TIMSS сияқты халықаралық зерттеулерде де оқушылардың функционалдық сауаттылығына, яғни алған білімдерін өмірлік мәселелерді шешуде қолдана білу қабілетіне көп көңіл бөлінеді.

Абай ғылымды үйренуде адамның ішкі мотивациясының маңыздылығын атап өтеді. 32-қара сөзінде ол: «Ғылымды үйренгенде, ақиқат

мақсатпен білмек үшін үйрену керек. Баянсыз, дүниенің бір қызыққа арналған біліммен адамның адамдығы артылмайды» деп жазады. Бұл ойлар қазіргі білім беру психологиясындағы ішкі мотивацияның маңыздылығы туралы түсініктермен толық сәйкес келеді [7].

Заманауи педагогикада оқушылардың ішкі мотивациясын дамыту мәселесіне ерекше көңіл бөлінеді. Зерттеулер көрсеткендей, ішкі мотивациясы жоғары оқушылар білім алуда жақсы нәтижелерге жетеді және өмір бойы білім алуға дайын болады. Абайдың «Бес нәрседен қашық бол, бес нәрсеге асық бол» деген ұстанымы оқушылардың дұрыс мотивациясын қалыптастыруға бағытталған.

Абай білім алуды үздіксіз процесс ретінде қарастырады. «Дүние – үлкен көл, заман – соққан жел, алдыңғы толқын – ағалар, артқы толқын – інілер, кезекпенен өлінер, баяғыдай көрінер» деген сөздері арқылы ақын білімнің ұрпақтан ұрпаққа берілу процесін көрсетеді. Бұл ой қазіргі «өмір бойы білім алу» (lifelong learning) тұжырымдамасымен тікелей байланысты [8].

Қазіргі заманда технологиялар мен ақпараттың қарқынды дамуы жағдайында білім алу процесі мектеп немесе университет қабырғасымен шектелмейді. Адам өмір бойы білімін жетілдіріп, жаңа дағдыларды игеруі керек. Абайдың «Ғылым бір құс, оның қонбайтын ешбір жері жоқ, олай болса, сен оны ұшырма» деген сөздері осы заманауи түсінікпен тікелей үндеседі.

Абай ғылымның адамгершілік жағына да ерекше көңіл бөледі. Ол үшін нағыз білімді адам – тек көп білетін адам емес, сонымен қатар адамгершілігі жоғары адам. «Адамның адамдығы ақыл, ғылым, жақсы мінез, жақсы қылықпен» деген сөздері арқылы ақын білім мен адамгершіліктің бірлігін көрсетеді.

Қазіргі білім беру жүйесінде де тек академиялық білім беру ғана емес, сонымен қатар тұлғалық-бағдарлы білім беру мәселесіне көп көңіл бөлінеді. Білім берудің мақсаты ретінде адамның жан-жақты дамуы, оның ішінде рухани-адамгершілік дамуы қарастырылады. Бұл мәселе «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында да көтерілген.

Қорытынды

Абай Құнанбайұлының ғылым мен білім туралы ой-толғамдары өз заманының шеңберінен шығып, бүгінгі күннің өзекті мәселелерімен үндесіп жатыр. Ақынның ғылымға деген көзқарасы қазіргі заманғы білім беру жүйесінің негізгі қағидаларымен тікелей сабақтасады. Абайдың «толық адам» концепциясы, ғылымды үйренудегі ішкі мотивацияның маңыздылығы, білім мен адамгершіліктің бірлігі туралы ойлары бүгінгі білім беру саласында да өз маңызын жоғалтпаған.

Қазіргі білім беру жүйесінде кеңінен қолданылатын құзыреттілік тәсілі, функционалдық сауаттылық, өмір бойы білім алу тұжырымдамалары Абайдың ғылым туралы көзқарастарымен үндесіп жатыр. Ұлы ойшылдың мұрасын зерттеу және оны заманауи білім беру жүйесінде қолдану Қазақстанның білім беру саласын дамытудың маңызды бағыты болуы тиіс.

Абай Құнанбайұлының ғылым мен білім туралы ой-толғамдары бүгінгі күні де өз өзектілігін жоғалтпаған. Ұлы ақынның «ғылым таппай мақтанба»

қағидасы жаһандану дәуірінде де өз маңызын сақтап отыр. Қазақстандық білім беру жүйесі Абайдың ғылым туралы ой-толғамдарына сүйене отырып, ұлттық құндылықтар мен жаһандық трендтерді үйлестіре алатын жаңа модельді қалыптастыруға ұмтылуы керек.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Нысанбаев Ә. Абайдың философиялық ойлары мен тәрбиелік құндылықтары. – Алматы: «Ғылым», 2015. – 275 б.
2. Құдайбердіұлы Ш. Абай философиясы. – Алматы: «Қазақ университеті», 2012. – 320 б.
3. Жарықбаев Қ. Ұлттық тәрбие жүйесіндегі Абай шығармашылығы. – Астана: «Фолиант», 2010. – 240 б.
3. Құнанбаев А. Шығармаларының бір томдық толық жинағы//А.Құнанбаев. – Алматы, 1981. – 695 б.
4. Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: «Ғылым», 1977. – 454 б.
5. Жұмағұлов Б. «Абайдың ғылыми ойлары» // Егемен Қазақстан. – 12 ақпан, 2020.
6. Махан Н. «XXI ғасыр көзімен: Абайдың білім және ғылым туралы ойлары» // Abai.kz. – 30 мамыр, 2019.
7. Абайдың ғылым мен еңбекке көзқарасы // Қазақша Уикипедия, 2014.
8. Әуезов М. Абайды білмек парыз ойлы жасқа. – Алматы: «Санат», 1997. – 416 б.

АБАЙДЫҢ ӨЛЕҢДЕРІ МЕН ҚАРАСӨЗДЕРІ АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ САНА МЕН ТҰЛҒА ТӘРБИЕСІ

Куанышбекова Куралай Сайлауовна,
информатика пәнінің мұғалімі,
Ы.Сүлейменов атындағы №37 орта мектеп,
Жамбыл облысы Тараз қаласы

Аңдатпа. Абайдың өлеңдері мен қарасөздері – халқымыздың тәрбиелік негізі, оны қазіргі заманғы педагогика мен психология тұрғысынан терең зерттеу мен жаңаша әдістер арқылы оқушыларға жеткізу – еліміздің болашағын тәрбиелеудің ең тиімді жолы. Сол себепті бұл мақалада Абай Құнанбайұлының шығармаларын мектепте қалай оқыту керектігі жайында ой қозғалады. Автор Абай туындыларын оқу процесінде қолдану және сол арқылы оқушылардың ұлттық құндылықтарға деген құрметін қалай арттыруға, тұлғалық және рухани дамуына қалай ықпал етуге болатынын айтады.

Түйінді сөздер: ұлттық тәрбие мен адамгершілік құндылықтар**,** ұлттық сана, отансүйгіштік, ұлтжандылыққа баулу, өлеңдері, қарасөздері

Кіріспе

Ұлттық тәрбиенің негізі – сөз өнері мен көркем ой. Осы тұрғыдан алғанда, Абай Құнанбайұлының өлеңдері мен қарасөздері – тәрбие мен танымның, парасат пен пайымның қайнар көзі. Оның шығармаларында адамгершілік, ар-ождан, білім, еңбек, әділдік, махаббат пен ізгілік сынды рухани-мәдени құндылықтар кеңінен көрініс тапқан. Абайдың шығармашылық мұрасы ұлттық сана мен рухани құндылықтарды бойға сіңіруде таптырмас құрал болып табылады.

Қазіргі білім беру жүйесінде Абай мұрасын инновациялық әдістер арқылы тиімді пайдалану – оқушылардың ұлттық санасын қалыптастырып, толыққанды тұлға ретінде дамуына ықпал етеді. Бұл – тек әдеби білім беру ғана емес, ұлттық болмысты сіңіру, тарихи жадты ояту, ұрпақ бойына елжандылық пен ұлтжандылық қасиеттерін дарыту жолы. Білім беру процесі барысында Абайдың шығармалары арқылы жас ұрпақтың ой-өрісін кеңейтіп, олардың ұлттық мәдениет пен дәстүрлерге деген құрметін қалыптастыру – педагогикалық үдерістің маңызды міндеттерінің бірі.

Абайдың поэзиясы мен қарасөздеріндегі терең философиялық мазмұн – жастарды тек оқуға ғана емес, өзін-өзі тануға, өмірлік ұстанымын қалыптастыруға, елінің болашағы үшін жауапкершілікпен ойлануға жетелейді. Ол жастарды тек білім мен ғылымды меңгеруге емес, адамгершілік пен рухани байлыққа ұмтылуға да шақырады. Бұл шығармалары арқылы Абай біздің қоғамымыздың өзекті мәселелеріне, адами құндылықтардың маңыздылығына назар аудартады.

Сондықтан да ұстаздар қауымы үшін Абай мұрасын білім беру процесіне шығармашылықпен ендіру – заман талабы мен ұлттық парыз. Бұл үдеріс ұрпаққа тек ғылыми білім беру ғана емес, сол білімді рухани байлықпен ұштастырып, олардың тұлғалық және әлеуметтік дамуына ықпал етеді. Абай шығармаларының әрбір жолы жастардың рухани кемелденуіне, өз ұлтына, халқына деген сүйіспеншілігін арттыруға, ұлттық мақтанышын оятуға бағытталған.

Қазіргі таңда Абай мұрасын оқу мен үйренудің, оның философиясын практикада қолданудың маңызы артқан сайын, бұл бағыттағы ұстаздардың рөлі де зор. Абайдың өлеңдері мен қарасөздері – халқымыздың тәрбиелік негізі, оны қазіргі заманғы педагогика мен психология тұрғысынан терең зерттеу мен жаңаша әдістер арқылы оқушыларға жеткізу – еліміздің болашағын тәрбиелеудің ең тиімді жолы. Сол себепті Абай Құнанбайұлының шығармаларын оқу процесінде қолдану арқылы оқушылардың ұлттық құндылықтарға деген құрметін арттыру, тұлғалық және рухани дамуына ықпал етуді мақсат еттік. Осы жолда:

- Абай шығармаларындағы ұлттық тәрбие мен адамгершілік құндылықтарды анықтау;
- Өлеңдері мен қарасөздерін талдау арқылы оқушылардың рухани-адамгершілік қасиеттерін дамыту;
- Инновациялық оқыту әдістері арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыру;

Ұлттық сана, отансүйгіштік пен ұлтжандылыққа баулу міндеттерін қойдық.

Зерттеу материалдары

Абай Құнанбайұлының шығармашылығы – адамзаттық руханият пен ұлттық құндылықтардың тоғысқан тұсы. Оның әрбір өлеңі мен қарасөзі – тәрбие құралы ғана емес, ой-сананы оятатын, адамды ізгілікке жетелейтін рухани бағдар. Абайдың еңбектерінде жас ұрпаққа үлгі боларлық көптеген моральдық-этикалық, әлеуметтік және танымдық тұжырымдар көрініс тапқан. Ең алдымен ақын туындыларының ұлттық санаға және жас жеткіншектің тұлға ретінде қалыптасуына ықпалы, содан соң адамгершілік пен мораль мәселесі жақсы көрініс тапқан. Төменде соларды ашып көрсетуге тырыстық:

1. Ұлттық санаға ықпалы:

Абай халқына үнемі жанашырлықпен қарап, елдің болашағына алаңдап, ұлт ретінде ұйысудың, рухани оянудың қажеттігін ескертті.

- «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» – бұл өлең жолы арқылы ақын отансүйгіштік сезімін оятуға, ұлттық сана мен бірегейлікті қорғауға үндейді.
- «Біріңді қазақ бірің дос, көрмесең істің бәрі бос» – ынтымақ пен бірліктің, бауырмалдық пен өзара түсіністіктің қоғам үшін маңызын көрсетеді. Бұл идея қазіргі заманда да өзектілігін жоғалтқан жоқ.

2. Тұлғалық қалыптасуға әсері**:**

Абайдың шығармаларында әрбір адам өзін-өзі дамытып, ішкі әлеуетін толық жүзеге асыруға талпынуы қажет деген идея басым.

- «Ғылым таппай мақтанба» – бұл өлең жастарды текке мақтанбай, білім мен ғылымға бет бұруға, еңбек пен ізденіске ден қоюға шақырады. Бұл тұлғалық даму мен үздіксіз өзін-өзі жетілдірудің негізі.
- «Он тоғызыншы қарасөз» – адам бойындағы мінез бен қасиеттерді саралап, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін тану ұғымдарын терең талдайды. Бұл жас ұрпаққа өзіндік көзқарас қалыптастыру мен ішкі мәдениетті дамытуда бағыт береді.

3. Адамгершілік пен мораль:

Абайдың шығармаларында жалпыадамзаттық құндылықтар, адамгершілік қағидалар басты орында тұр.

- «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» – бұл жолдар арқылы ақын ұлттан жоғары тұратын ізгілік пен адамсүйгіштік идеяларын алға тартады. Бұл ұғымдар қазіргі толеранттылық пен гуманизм принциптеріне сай келеді.
- «Жүректе қайрат болмаса, ұйықтаған ойды кім түртпек?» – адамның ішкі рухын, жігерін, табандылығын оятуға бағытталған жолдар. Бұл – өмірлік белсенділік пен мақсатқа жету жолындағы ынтаның маңызын білдіреді.

Зерттеу әдістері

Абайдың өлеңдері мен қарасөздерін білім беру процесінде тиімді қолдану үшін қазіргі заманға сай технологияларды, белсенді оқыту әдістерін және шығармашылық тапсырмаларды ұтымды үйлестіру маңызды. Бұл тәсілдер оқушыны тек тыңдаушы емес, ойлаушы, пікір білдіруші, талдаушы, шығармашылықпен ізденуші тұлға ретінде қалыптастырады.

1. Интерактивті эссе

Тақырыбы: «Мен кіммін?»

Абай өлеңдерінен алынған үзінділерге сүйене отырып, оқушылар өзін-өзі тану, өмірлік ұстаным, ар-ождан, мақсат туралы ойларын эссе түрінде жазып шығарады. Бұл тапсырма рефлексия мен өзіндік пікір қалыптастыруды дамытады.

2. Padlet арқылы пікір алмасу

Оқушылар Абайдың қарасөздерінен үзінділерді таңдап, олар бойынша жеке көзқарастарын Padlet платформасында бөліседі. Бұл – онлайн бірлескен талқылауға, өзара пікірмен алмасуға мүмкіндік береді.

3. Визуалды жобалар (Canva)

Оқушылар Абайдың өлеңдеріндегі негізгі идеяны бейнелейтін постерлер немесе инфографика жасайды. Мысалы, «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін визуализациялау арқылы білім мен ғылымның құндылығын бейнелейді. Бұл әдіс креативті ойлауды дамытады.

4. Кейс тапсырмалар

Мысалы: «Абайдың жетінші қарасөзіндегі кеңестің бүгінгі өмірмен байланысы қандай?»

Оқушылар нақты өмірлік жағдайларды Абайдың моральдық-этикалық тұжырымдарымен байланыстыра отырып, өз шешімдерін ұсынады. Бұл – сыни ойлау мен практикалық шешім қабылдау дағдыларын дамытудың тиімді құралы.

5. Сахналық қойылым

Абайдың поэзиясы мен қарасөздері негізінде мини-драмалар, көріністер немесе театрландырылған қойылымдар әзірленеді. Бұл оқушылардың эмоционалды қабылдауын, көркем сөйлеу қабілетін және командалық жұмысын дамытады.

6. Kahoot-викторина

Абайдың өмірі, шығармашылығы, философиялық ойлары бойынша интерактивті сұрақтар мен тапсырмалардан құралған онлайн-викторина. Бұл оқушылардың білімін бекітуге, жарыс рухын арттыруға және қызығушылықты оятуға көмектеседі.

7. Дебат

Тақырыбы: «Абай айтқан тәрбие қағидаттары – бүгінгі жастарға қажет пе?»

Оқушылар екі топқа бөлініп, Абай идеяларының қазіргі қоғамдағы рөлі туралы қарама-қайшы пікірлер ұсынады. Бұл әдіс шешендік өнерді, дәлелмен сөйлеуді және аналитикалық ойлауды жетілдіреді.

Күтілетін нәтижелер

Абайдың өлеңдері мен қарасөздерін инновациялық әдістермен меңгеру нәтижесінде оқушылар бойында тек білім ғана емес, рухани дүниетаным, ұлттық болмыс, адамгершілік құндылықтар тереңдей түседі. Бұл бағыт олардың тұлғалық қалыптасуына, елжандылық пен парасаттылыққа тәрбиелеуге зор ықпал етеді.

1. Ұлттық құндылықтарға деген оң көзқарас қалыптасады

– Оқушылар Абай шығармаларындағы елге, жерге, тілге, бірлікке, адалдыққа деген сүйіспеншілік пен құрметті саналы түрде қабылдайды; – Өз ұлтының рухани байлығын тану арқылы ұлттық сана-сезім нығаяды.

2. Тұлғалық дамуға бағытталған әрекет байқалады

– Оқушылар өз-өзіне талап қою, өзін-өзі жетілдіру, жауапкершілік, ерік-жігер сияқты қасиеттерге ден қоя бастайды;
– Абайдың «толық адам» идеясын үлгі тұтып, өзіндік даму жоспарын құра алады.

3. Абай шығармаларына қызығушылық артады

– Өлеңдер мен қарасөздерді жаңаша тәсілмен меңгеру нәтижесінде оқушылар поэзия мен прозалық мәтіндерге қызығады; – Абай әлемін зерттеуге, қосымша деректер іздеуге, шығармашылық жұмыстарға тартылу байқалады.

4. Оқушы ойлауы тереңдеп, рухани таным көкжиегі кеңейеді

– Сыни және шығармашылық тұрғыдан ойлау, логикалық тұжырым жасау қабілеті дамиды;
– Абай философиясының тереңіне бойлау арқылы өмірлік мән-мағына туралы түсінігі кеңейеді.

5. Цифрлық сауаттылық пен шығармашылық қабілет артады

– Padlet, Canva, Kahoot сияқты платформалармен жұмыс жасау арқылы ақпаратты сандық өңдеу, визуализациялау және ұсыну дағдылары жетіледі; – Визуалды жоба, эссе, сахналық қойылым сияқты тапсырмаларда креативтілік пен өзіндік көзқарас қалыптасады.

6. Топпен жұмыс және коммуникациялық дағдылар дамиды

– Дебат, пікірталас, сахналық қойылым, ортақ жоба сияқты тапсырмалар арқылы ынтымақтастыққа бейімделу, өз ойын нақты әрі дәлелді жеткізу, тыңдау мәдениеті қалыптасады.

Қорытынды

Абайдың өлеңдері мен қарасөздері – қазақ халқының рухани әлемінің шынайы айнасы, ұлттық тәрбиенің алтын арқауы. Олар ұрпақтың санасын қалыптастырып, адамгершілік құндылықтарды бойына сіңіруге зор әсер етеді. Абай шығармаларының терең мағынасы мен мәнін қазіргі білім беру жүйесінде инновациялық әдістемелер арқылы оқушыларға жеткізу – олардың рухани дүниетанымын кеңейтуге, ұлттық сана-сезімін нығайтуға ықпал етеді.

Жаңа педагогикалық технологиялар мен әдістерді қолдана отырып, Абай мұрасын оқушы жүрегіне жеткізу – тек білім беру міндеті ғана емес, сонымен қатар еліміздің рухани жаңғыруына үлес қосу болып табылады. Бұл жұмыстардың нәтижесінде жеке тұлғаның қалыптасуы, оның моральдық және әлеуметтік құндылықтарға деген көзқарасы өзгеріп, ойлау қабілеті мен азаматтық жауапкершілігі артады.

Абайдың рухани байлығын меңгерген ұрпақтың болашақта елін сүюі, өз тарихын қадірлеуі, ұлттық дәстүрлерді ұстануы айқын көрініс табатын болады. Бұл процесс жастардың бойында ізгілік, әділет, адамгершілік, еңбекқорлық сынды құндылықтарды қалыптастыруға көмектеседі. Сондықтан

Абай философиясын жаңа ұрпаққа жеткізу – рухани кемел ұрпақ қалыптастыру жолындағы маңызды қадам болып табылады.

Қорытындылай келе, Абайдың өлеңдері мен қарасөздері тек әдебиет пен философияның ғана емес, жалпы ұлттық болмыстың негізін құрайды. Оны білім беру жүйесінде терең зерттеп, жаңашыл әдістемелер арқылы балаларға ұсыну – елдің болашағын тәрбиелеу және дамыту тұрғысынан маңызды әрі стратегиялық қадам болып табылады. Бұл бағытта біз ұрпақ тәрбиесі мен білім сапасын жақсартуға ғана емес, еліміздің рухани әлеуетін арттыруға да үлес қосамыз.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Сейітов М. «Абай философиясының бүгінгі қоғамдағы рөлі»//Абай ғылыми-зерттеу институты Хабаршысы. 2020.
2. Дүйсенбаев С. «Абай және жастар тәрбиесі»//Қазақ ұлттық университетінің ғылыми журналы. 2021.
3. Әділова Г. «Абайдың шығармалары мен ұлттық сана»//Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы журналы. 2019.

АБАЙ ҚАРАСӨЗДЕРІНДЕГІ ТӘРБИЕ МЕН БІЛІМ БЕРУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МОДЕЛЬДЕРІ

Қуанышева Әйгерім Мұратқызы,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
Астана қаласы №101 жайлы мектеп

Аңдатпа. *Мақалада Абай қарасөздеріндегі тәрбие мен білім берудің педагогикалық моделін қазіргі білім беру жүйесіне енгізу стратегиялары қарастырылды. Көркем сөз өнерінің құдіретін көрсететін қарасөздерінің басты мақсаты – білім, ғылым, адам тәрбиесі. Білім беру мен тәрбие үрдісіндегі жүйелілік, ақыл-ойды дамыту, ұлттық мәдениетті ұстану. Абайдың педагогикалық көзқарасын жаңа тұрғыда қарастырып, негізгі өзегін жете түсіну үшін бүгінгі күннің талабына сай мәнін ашпақпыз. Дала данышпанының құнды мұрасынан рухани сусындау жеке тұлға үшін ғана емес, ұлт келешегі үшін де азық болмақ. Сондықтан, ойшылдың қарасөздерінің өміршеңдігін дәлелдей отырып, заманына сәйкес келетін және қазіргі педагогикамен үндес тұстары талданды.*

Түйін сөздер: *Абай қарасөздері, педагогикалық модельдер, тәрбие, білім беру, әдіс-тәсілдер.*

Кіріспе

«Қара сөз» термині Абай шығармаларында тікелей қолданылмаған. Бұл атауды алғаш ғылыми айналымға енгізген – М.Әуезов. Ол 1918 жылы «Абай» журналының №2 санында «Абайдың өнері һәм қызметі» атты мақаласында «Абайдың басылмаған қара сөздері көп» деп жазып, алғаш рет осы атауды қолданған. Мақала «Екеу» деген бүркеншік атпен, Абайдың баласы Тұрағұлмен бірлесіп жазылған. Кейін 1925 жылы «Таң» журналының №4 санында Әуезов

«Абайдың қара сөздерінен» деген айдармен 21-сөзді жариялаған. Абайдың қарасөздері алғаш толық көлемде 1933 жылғы шығармалар жинағында жарық көрді.

Абай қарасөздерін қазіргі кезде қазақ қоғамының рухани жаңғыруы мен жастарды тәрбиелеуде «Абай атамыз айтқандай»,- деп өлең-сөзінен мысал теріп, бүгінгінің кез-келген құбылысын Абай сөзімен өріп жататынымыз рас.

Қарасөздердегі педагогикалық ілімнің оптимистік сипаты бүгінгі қоғам дамуы мен уақыт талабына сай өзектілігін сақтап келеді. Президент Қ.Тоқаевтың «Абай – ұлы реформатор» мақаласында: «Абай ілімі бүгінгі бірқатар бағыттарға орайлас келеді. Ең алдымен, білім игеру. Біз бүкіл әлемді ақыл-ой мен парасатты пайым арқылы ғана мойындата аламыз. Заманауи талаптарға сай білім алу интеллектуалды ұлт қалыптастыруға жол ашады. Екінші, тәрбие мәселесі. Сондықтан, өскелең ұрпаққа дұрыс бағыт берген жөн. Ақынның «Пайда ойлама, ар ойла, талап қыл артық білуге» деген өсиетін әрдайым санаға сіңіру қажет», - деп қазақ жастарын білімге шақырады [1, 8].

Абай қарасөздерінің құдіреттілігі – оның өміршеңдігінде. «...Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда ТОЛЫҚ боласың елден бөлек», - деген өлең жолдары он жетінші қарасөзінің мазмұны қазақ қоғамына, осы сіз бен бізге бағытталған [2, 113]. Ұсынылып отырған мақалада Абайдың қарасөздеріндегі тәрбие мен білім беру мәселелері талданып, оларды қазіргі білім беру жүйесінде қалай қолдануға болатындығы қарастырылады.

Ғылыми мақаланың негізгі мақсаты – Абай қарасөздеріндегі педагогикалық тұжырымдарды талдап, оларды бүгінгі білім беру жүйесіне енгізудің жолдарын көрсету.

Осы мақсатқа жету үшін бірнеше міндеттер қойылды:

- қарасөздер арқылы тәрбие мен білім беру принциптерін анықтау;
- ақынның педагогикалық көзқарастарын қазіргі білім беру жүйесімен салыстыру;
- Абайдың педагогикалық ойларының қоғамдағы өзектілігін көрсету.

Бүгінгі қоғамда Абайды оқығанымен түсінбей, түсінгендер жүрегіне ұялата алмай жүргені де шындық. Абай өзінің қарасөздерінде адам баласының өмірдегі мақсаты, болмысы, жаман мен жақсы, дұрыс пен бұрыс, адамгершілік пен ар-ұят мәселелерін терең қамтыған. Адамның өмірінде кездесетін түрлі қиындықтар мен соқтықпалы-соқпақсыз жолдардан адаспай өту үшін, ақыл мен парасат, білім мен тәрбие аса маңызды екенін нақтылы түрде көрсеткен. Бұл идеялар жаңа технологиялар мен заманауи білім беру әдістері енгізілсе де, Абай қарасөздеріндегі терең ойлар өз заманынан әлдеқайда алыс болғанымен, олардың мәні бүгінгі қоғамда да өзектілігін жоғалтпайды.

Әдебиеттерге шолу

Зерттеу жұмысының негізгі дереккөзі 1933 жылы «Абай» жинағында жарық көрген А.Құнанбайұлының қарасөздері. Мақаланы жазу барысында алға қойған мақсаттар мен міндеттерді орындау үшін тақырыптық, көркемдік, философиялық ерекшеліктері туралы салмақты ой-пікір білдіріп, зерттеу жүргізген әдебеттанушы ғалымдардың еңбектері және өлеңдеріне қарағанда қарасөздері аз зерттелгеніне қарамастан бұл тақырыпты жан-жақты зерттеген

М.Әуезов, Х. Сүйіншәлиев, Т.Әлімқұлов, Ж.Шойынбет т.б. ғалымдар мен зерттеушілердің еңбектері мен мақалалары қолданылды.

Материалдар мен әдістер

Мақалаға материал ретінде А.Құнанбайұлының 2020 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан үш томдығы, қарасөздері туралы зерттеу еңбектер пайдаланылды. Абай қарасөздеріндегі білім беру мен тәрбие мәселелерін талдауда салыстырмалы, дедуктивті әдіс, мазмұндық талдау әдістерінің принциптері назарға алынып, зерттеу аспектісіне сәйкес педагогикалық әдістер қолданылды.

Талқылау

Бүкіл саналы ғұмырының басым бөлігін Абайға арнаған заңғар жазушы М.Әуезов те өзінің өмірінде Абайдың бай мұрасын «Абай – дария. Мен сол дариядан тек шөмішпен ғана сүзіп алдым» деген [3, 441]. Ал мен, тіпті, қасықпен қалқып алып, ұлы дана мұрасын шәкірттеріме бере алып жүрмін бе? Мен үшін, ұстаз ретінде, бұл сұрақ өте маңызды: мол мұрасын шәкірттеріме толық әрі дұрыс жеткізу үшін мен қандай деңгейде еңбектеніп жүрмін? Әрбір күніміз өзгеріске толы өзгермелі уақытта заман көшінен қалып қоймай, уақыт талабына сай жас ұрпақты білімді, жан-жақты дамыған, рухани бай, өз ойын нақты, терең мағыналы әрі көркем жеткізе білетін, ойлы азамат етіп тәрбиелеу әр ұстаздың алдындағы жауапты міндет. Өзгермелі білім кеңістігінде ұстаз Абай мұрасын жаңаша әдістемелік тәсілдермен игеріп, оны шығармашылықпен қолдана отырып, сапалы білім мен саналы тәрбие беруге бағытталуы тиіс. Абайдың қарасөздері – оқушыларды адамгершілік, еңбекқорлық, білімқұмарлыққа баулитын мазмұндық әрі тәрбиелік құндылығы зор құрал.

Жалпыдан жекеге қарай логикалық тұжырым жасау тәсілі Абай қарасөздеріндегі тәрбие мен білім беру үрдістерін талдауда тиімді, өйткені нақты ойлар арқылы жалпы педагогикалық қағидалар қалыптасады. Мәселен, «Төртінші сөзінде» адам баласының өмірін құр мақтан, уақытты босқа өткізу арқылы, ештеңеге жете алмай өтетіндігі туралы ойлары уақыттың құндылығын түсіндіріп, тек жалаң тіршілік үшін өмір сүрген адамның мәнсіз қылықтармен ғана айналысатынын, «жылап туып, кейіп өлетін» адамның өмірінің мәнін түсіне алмай, өмірдің әрбір сәті маңызды екенін ескерте отырып, адамды өмірге мағыналы мақсаттар қоюға, өз уақытын бағалауға шақырады. Абайдың айтуынша, өмірдің мәнін түсінбеген адам өз күшін тек қулық жасау, тілену немесе көз қуу сияқты ұсақ әрекеттерге жұмсайды, ал бұл оның өмірінің сапасын төмендетеді. Тек дұрыс бағытта еңбек еткен адам ғана, өзінің мақсатына жетіп, қоғамға пайдалы болады. «Әуелі құдайға сыйынып, екінші өз қайратыңа сүйеніп, еңбегіңді сау, еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды» деп, еңбекқорлық пен өз күшіне сенуді насихаттайды [4, 129]. Осындай ойлары бүгінгі күнде педагогика мен психологияның басты тұжырымдарына айналып отыр.

«Ақынның: «Ғылым таппай мақтанба», «Дүние де өзі, мал да өзі...» – сияқты өлең сөздері мен қара сөздерінде, жастарға айтқан ғибратында білім, ғылымды адам өміріндегі маңызы зор, мәні терең рухани құндылық ретінде бағалаған дүниетанымның негізі бар. Ата-анаға арнап айтқан сөзінде де Абай

өмірлік мәні зор кеңес береді: «Құдайдан қорық, пендеден ұял, балаң бала болсын десең – оқыт» [5, 4]. Ал отыз сегізінші қарасөзінде білім мен ғылымның мақсаты қоғам игілігіне қызмет етуі дедуктивті әдіс негізінде қазіргі педагогикада маңызды қағида – білімнің әлеуметтік бағыттылығы, адамзатқа пайдалы болуы қажеттігі туындайды. Бұл арада ғылым, білімге қатысты ойларын бүгінгінің өлшеміне салу маңызды. Нәтижесінде тәрбиелеу мен білім беруді біртұтас, үздіксіз үрдіс ретінде қарастыруға болады.

Нәтижелер

Абайдың қарасөздеріндегі осындай құнды педагогикалық ойлар мен көзқарастарды талқылай отырып, білім беру жүйесімен үйлесімділігін көрсете аламыз. Қарасөздер туралы салмақты пікір білдірген Т.Әлімқұловтың: «Задында Абайдың қарасөзі мен поэзиясының ымы-жымы бір. Екеуі де «Халық»! деп ынтығады, оған қызмет етеді... Өлеңдегі жұмбақ адам – қарасөзде сұмдық салмақты», – деген [6, 154].

Абай қарасөздеріндегі ең негізгі тірек ойдың бірі білім мен тәрбие екенін «Абай тілінің сөздігіндегі» сөздердің қолдану жиілігінен де көре аламыз. Абай қарасөздерін тұңғыш рет жүйелі түрде зерттеген абайтанушы Х.Сүйіншәлиев «Абай қарасөздерінің стильдік ерекшелігі – лаконизм (белгілі ойды қысқа, анық, нақты жеткізу), нақыл сөзділік (афористичность)...», - деп зерттеу еңбегінде нақты тұжырым жасайды [7, 29].

Ақынның «Ғылым таппай мақтанба», «Дүние де өзі, мал да өзі...» сынды өлеңдері мен қарасөздері жастарды білім мен ғылымға жетелейтін рухани бағдар береді. Тәрбие ісінде ата-ананың рөлін де айқындай отырып: «Құдайдан қорық, пендеден ұял, балаң бала болсын десең – оқыт»,- деп, қазіргі педагогикалық үрдіспен тұлғаның зияткерлік тұрғыдан дамуына бағытталған.Абай сыны бүгінгі тұлғалық-бағдарлы білім беру моделіне сәйкес келеді және баланың құндылықтық бағдарын қалыптастырумен үйлеседі [8, 138].

Қорытынды

Абайдың қарасөздері – еркін ойлау мен философиялық пайымдаудың үлгісі. Автор тыңдаушымен сұхбаттасу не өзімен ішкі диалог жүргізу арқылы адамгершілік, білім, тәрбие, еңбек сынды ұстанымдарды алға тартады. Қарасөздеріндегі тәрбие мен білім беру идеялары –педагогикалық модельдермен үндес, білім беру жүйесінің іргетасын құрайды. Абай жастарды шынайы білімге, тәлім-тәрбиеге үндей отырып, алынған білімнің қоғам игілігіне жұмсалуын басты қағида етеді. Бұл идеялар қазіргі жастарды әлемдік деңгейде қалыптасқан тұлға ретінде тәрбиелеуге негіз бола алады.

«...Сыны мен сыры мол «Қарасөздер» жанрының көптүрлілігімен, әралуан сипатымен ғана емес, заманалар озған сайын қатпар қыртысы мол «жұмбақтығымен» де оқырманын ойландырары анық» [9, 129]. Егер ұлт жастары осы мұрамен сусындап, Абай көрсеткен рухани-адамгершілік жолмен жүрсе, олардан саналы, білімді, жауапкершілігі жоғары азаматтар қалыптасатыны сөзсіз.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Тоқаев Қ. «Абай – ұлы реформатор»//Егемен Қазақстан.10.08.2020. №132.

2. Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық жинағы. Т.2. Өлеңдер мен аудармалар, поэмалар, қарасөздер. – Алматы: «Жазушы», 2005. – 336 б.

3. Әуезов М.О. Әр жылдар ойлары: Мысли разных лет: қазақша және орысша жазылған зерттеу мақалалар/ жалпы ред.басқ. Ы.Дүйсенбаев. – Алматы: «Қазмемкөркемәдеббас», 1959. – 556 б.

4. Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық. 2-том. – Алматы: «Жазушы», 2020. – 528 б.

5. Дәдебаев Ж. Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктері: мақалалар жинағы. Екінші кітап / Жалпы ред. Ж.Дәдебаев. – Алматы: «Абай институты», 2022. – 244 б.

6. Әлімқұлов Т. Жұмбақ жан. – Алматы, 1993. – 365 б.

7. Абайтану. Таңдамалы еңбектер. III том. Ойлар мен толғаныстар / (Сүйіншәлиев Х. Абайдың қарасөздері мен нақылдары). – Алматы, «Қазақ университеті», 2015. – 272 б.)

8. Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық. 1-том. – Алматы: «Жазушы», 2020. – 640 б.

9. Абдикулова Р.М. Абайдың «қара сөздерінің» жанры: білу, түсіну, бағалау парадигмалары//ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. №2 (186) 2022.

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҚАНАҒАТ ИДЕЯСЫ: БҮГІНГІ ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНДЕГІ МӘНІ

Кусаинова Асемгуль Кенжебековна,
қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі,
Астана қаласы әкімдігінің
№97 мектеп-гимназиясы ШЖҚ МКК

Аңдатпа. *Мақалада Абай шығармаларындағы толық адам концепциясын құрайтын – қанағат идеясы туралы айтылады. Автор Абай жырлаған қанағат ұғымын А.Игунеки мен Ж.Баласағұн пікірлерімен салыстыра талдап, оның қазіргі ұрпақ тәрбиесіндегі маңызына тоқталады.*

Түйін сөздер*: Абай шығармашылығы, толық адам, қанағат идеясы, сопылық әдебиет, ұрпақ тәрбиесі*

Кіріспе

Абай түсінігіндегі толық адамның тағы бір қасиеті – қанағат. Қанағат ұғымы қазақ әдебиетінің бастау көзі болып табылатын ежелгі дәуір әдебиеті шығармаларында да кездеседі.

Әдебиеттерге шолу

«Қанағат – суфизм философиясындағы елеулі ұғым» дейді белгілі ғалым Н.Келімбетов [1]. Сондықтан да Абайға дейінгі қазақ әдебиетінің суфизм бағытындағы біршама ойшылдары қанағат идеясына қалам тартқан. Мәселен,

қанағат идеясы Абайға дейінгі әдебиет өкілдері – Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанында [1], Ахмет Игүнекидің «Ақиқат сыйы» [2] шығармасында да кездеседі. Яғни, Абай туындыларындағы қанағат мәселесінің бастауы осы шығармаларда жатыр десек, қателеспейміз.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Жалпы бұл шығармалар сол дәуірдегі кез келген әдеби туынды сияқты ақыл-өсиет, үлгі-өнегеге құрылған. Ахмет Игүнеки өзінің шығармасында:

Жомарт ер білім жолын жете білер,
Мал беріп, атақ алып өте білер.
Жинайды бақыл байлық талмай, шіркін,

Қалып-ақ жаман атқа дүркін-дүркін, - дей келіп, жомарттық пен сараңдық жайында шешіле баяндайды. Жұмсармасты жұмсартып, иілместі иілдірген жомарттыққа «бер дегенде қолы тастай қарысып, көзінің сұғы тоймай тіміскіленген» сараңдықты қарсы қойып шендестіре суреттеген.

Ахмет Игүнеки сараңдық пен жомарттықтың күресінен тұратын «өзгермелі, ауыспалы дүниені» керуен түсетін сараймен салыстырады. «Керуен сарайға түскен көш одан әрі сапар шегу үшін түседі», - дейді де:

Бұл дүние – бір керуен сарай-ды,
Кететіндер түсіп, содан тарайды:
Алғы тізбек көшіп ұзап кеткенде,

Келіп түскен соңғы соған қарайды, - деп қорытады. Яғни, дүниенің ең басты белгісі – алдамшы, уақытша. Тұрақты, өзгермейтін Құдай ғана. Дүние – тіршілік, мүлік, зат. Ойшыл пайғамбардың дүниені «егістік» дегенін келтіріп, оған барлық адам жанын салып игілік егуді талап етеді.

Ақынның айтқан ойларының астары Құран Кәрім аяттарында жатыр: «Сондай-ақ тиісті орынға мал жұмсаңдар, сендер үшін хайырлы болсын. Кім нәпсінің сараңдығынан сақсынса, міне, олар құтылушылар».

Талқылау

Жүсіп Баласағұн өзінің аталған шығармасында қанағат идеясын уәзірдің туысы, дәуріш Өдгүрміш бейнесі арқылы береді. Жүсіп Баласағұн дастанындағы қанағат жайындағы ойлары Ахмет Игүнекидің ойларымен сабақтасып жатыр. Себебі, Жүсіп Баласағұн да адамға басты керегі – қанағаттылық, қанағатсыздықпен жиған дүние адамға жолдас болмайтынын былай бейнелейді:

Көрмейсің бе, адам жалаңаш туады, жалаңаш көміледі.
Дүние жинау не үшін керек? қайта тастап кеткен соң.
Ей, өлетін пенде, сен несіне алданасың,
Өзің екі күндік қонақ бола отырып,
Тірілердің өлуге жаратылғанын білесің,
Өз уақытын бағып, әне өлім күтіп тұр.

Ақын бар адамның өзекті жанға өлім барын білген есті болуын қалайды. Сонда есті адам қандай қарекет етпек. Ғұламаның насихаты – білімді болу. Білімді адам «дәулетті» «байлықтан» ажырата алады. Ақылды адам дәулетті қажет етеді. Ақылсыз, ынсапсыз адам байлықтың құлы болмақ, сонда «дәулет» деген не? Дәулетті болу тек бай болу емес, ол білімділікті, есептілікті қажет

етеді. Бай адам өзінің жиған-тергенін дәулетке айналдыру үшін ол иманды болуы керек. Яғни, дәулет дегеніміз де байлық, ал байлық үнемі дәулет бола бермейді. Дастанда Өдгүрміш мынадай өсиет айтады:

Алтынды жинай білдің, жұмсай білдің.

Бұл алтын – бір жауың. Неге бермедің?

Демек, алтынды жинай білгенде, оны жұмсай білсең, сараңдыққа салынбасаң, ол – дәулет. Ал егер бар алтынды байлық деп жұмсай білмесең, ол өзіңе жасаған қастандық. Осылайша, аталған екі шығармада да өмірге құштар ізгілікті көздеген камили инсаниді (толық адамды) мадақтау басым.

Абай шығармаларының да басты идеясы камили инсани екендігі ақиқат. Ал біз жоғарыда атап кеткендей, әрбір толық адамның бойында болуға міндетті қасиеттердің бірі – қанағат екендігін еске түсірсек, бұл үш ғұлама ақынның идеялық үндестігінің себебін түсінуге болады.

Нәтижелер

Абай қанағат идеясына көптеген шығармаларын арнаған [3]. Қанағат мәселесі Абайдың өлеңдерінде де, қара сөздерінде де, «Ескендір» поэмасында да кездеседі.

Абай өзінің жастарды оқу-білімге үндейтін «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде:

Талап, еңбек, терең ой.

Қанағат, рақым, ойлап қой,

Бес асыл іс көнсеңіз, - деп қанағатты адамның бес асыл қасиеттерінің біріне жатқызады. Одан әрі «Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей», «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа» деген сияқты біршама өлеңдерінде қанағатсыздықты қатты сынайды. Аталған өлеңдерінің біріншісінде Абай түсінігіндегі мал ұғымы «байлық, қазына, меншік» деген ұғымды білдіреді. «Адамзаттың көркі – мал» деген Абай үшін «тәуекелсіз, талапсыз мал табылмайды», шын ақылды адам малды өз еңбегімен, білімімен табады. Ақын мал табуды тек еңбек деп қана қарастырмай, оны адамгершілікке, адамның еркіндігіне бастайтын жол, мүмкіндік ретінде қарастырады:

Қулық, сұмдық, ұрлықпенен мал жиылмас,

Сұм нәпсің үйір болса, тез тыйылмас.

Зиян шекпей қалмайсың ондай істен,

Мал кетер, мазаң кетер, ар бұйырмас.

Ақын дүние табудың өзін ақыл нәтижесі деп білген. Сондықтан ақыл тапқан адам мал да табады. Ал егер ол дәулетті өз құлқының қамы үшін ғана пайдаланбай, қорғансыздарға көмек ретінде, орнымен жұмсар болса, бұл – адалдық, адамдық жолы. Егер бұдан керісінше болса, онда адам баласы пендешілік пен тән құмарлығының құлы болғандығы дейді Абай жетінші қара сөзінде [3]. Бала күнінде жан құмарлығына көп көңіл бөлетін адам есейе келе, ер жетіп, ақыл тоқтататын жасқа келгенде неліктен керісінше адамдық жолынан шығып, тән құмарлығына тәуелді боламыз. Осындай сұрақ мазалаған Абай мұндай адамдарды хайуанға теңейді.

Қанағат идеясы Абайдың «Ескендір» поэмасында да айтылады. Поэманың басты идеясы қақпа күзетшісінің аузымен айтылады:

Мықтымын деп мақтанба ақыл білсең,
Мықты болсаң, өзіңнің нәпсіңді жең!
Іші тар көре алмастың біреуі сен,

Ондай кісі бұл жерге келмейді тең! – деген күзетші Ескендірге сый ретінде қу сүйекті тастайды. Таразының бір басына сүйекті, екінші басына бар байлығын салса да, баса алмаған Ескендірге көмекке ұстазы, ақылшысы Аристотель келіп, көз сүйекке бір уыс топырақ шашқанда барып, сүйек жоғары көтеріледі. Мұның мәнісін Аристотель хакім былай түсіндіреді:

Бұл адам көз сүйегі, - деді ханға, -
Тоя ма адам көзі мың мен санға?
Жеміт көз жер жүзіне тоймаса да,
Өлсе тояр көзіне құм құйылғанда.

Кәпір көздің дүниеде араны үлкен.
Алған сайын дүниеге тоя ма екен?
Қанша тірі жүрсе де өлген күні,
Өзге көзбен бірдей-ақ болады екен.

Абай осы дүниеге қызығушылықты, дүниеқұмарлықты «жеміт көз» деп атап, ол тек өлгенде «құм көзіне құйылғанда» ғана тоятынын түсіндіреді. Адамды бұл жолдан сақтайтын қанағат қана.

Міне, Абай шығармасындағы қанағат идеясының бір түйіні осында жатса керек. Мұндағы күзетші жұмбағын ақылды, білімді Аристотель хакімнің шешуінде де бір терең ой бар. Себебі, адамзаттың көркі – мал деген Абай үшін де, ғұлама ғалым Жүсіп Баласағұн, Ахмет Игүнеки үшін де қанағатсыздықты жеңетін басты жол – білімділік, ақылдылық. Осыдан Абай шығармаларындағы қанағат идеясының бүгінгі ұрпақ тәрбиесіндегі мәні шығады.

Қорытынды

Қанағат идеясын жырлаған ақын оның басты көрсеткіші – ақыл мен білімде екенін айта келіп, оқырманын білім іздеуге, ақыл жинауға шақырады. Бұл қазіргі білім беру жүйесіндегі білімділік құндылығымен байланысады. Демек, Абай шығармаларын, ондағы қанағат идеясы туралы туындыларын оқи отырып, оқушыларды білімділікке, ақылдылыққа тәрбиелеуге, қанағатшылдыққа үйретуге, ашкөздікке салынбай, байлығын басқалармен бөлісіп, дәулетті, «толық адам» болуға ұмтылуды үйретуге болады. Қазақтың бас ақыны, ғұлама ғалым Абай шығармаларының ешқашан құнын жоймас, мәңгілік туынды болуының сыры осында жатса керек.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Баласағұн Ж. Құтты білік (Көне түркі тілінен аударған және алғы сөзі мен түсініктерін жазған А.Егеубаев). - Алматы: «Жазушы», 1986. – 616 б.

2. Иүгінеки А. Ақиқат сыйы// Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы. Он томдық. Т.10. - Астана: «Фолиант», 2006.

3. Құнанбаев А. Шығармаларының бір томдық толық жинағы. - Алматы, 1981. – 695 б.

АБАЙ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ: ТӘРБИЕ МЕН ҚОҒАМДЫ ЖАҢАРТУ ИДЕЯСЫ

Кутумбетова Б.А.

Аңдатпа. *"Абай философиясының негіздері: Тәрбие мен қоғамды жаңарту идеясы» ғылыми мақалада Абай Құнанбаевтың философиясындағы тәрбие мен қоғамды жаңарту идеясы қарастырылған. Абайдың шығармашылығында адамгершілік, білім, еңбек, әділеттілік мәселелері терең талданып, қоғамды жаңартудың негізі ретінде адамның рухани жетілуі мен ақыл-ойдың дамуына ерекше көңіл бөлінген. Мақалада Абайдың адамды тәрбиелеудегі маңызы, білім мен ғылымға деген көзқарасы, сондай-ақ қазақ қоғамындағы әлеуметтік теңсіздік пен әділетсіздікке қарсы күресі қарастырылады. Абайдың қоғамдық жаңару идеясы жеке адамның ішкі рухани дамуынан бастау алып, қоғамның біртұтас жетілуіне ұласатынын көрсетеді. Мақала Абайдың философиялық ойларын қазіргі қоғам үшін өзектілігі мен маңыздығы тұрғысынан талдайды.*

Түйін сөздер: *тәрбие, қоғамды жаңарту, рухани жетілуі, ақыл-ойдың дамуы*

Кіріспе

Абай Құнанбаев – қазақтың ұлы ақыны, философ, ойшылы, әрі ұлттың рухани көшбасшысы. Оның шығармашылығы мен философиясы тек поэзиямен ғана шектелмей, терең қоғамдық, адамгершілік, моральдық мәселелерді қамтиды. Абайдың ойлары мен тұжырымдары қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі мен мәдениетінің жаңа бағытта дамуына зор ықпал етті. Тәрбие мен жаңартуда Абай философиясының мәні зор. Сол себептен де Абай Құнанбаевтың философиясындағы тәрбие мен қоғамды жаңарту идеяларын талдап, оның қазіргі қоғам үшін маңыздылығын көрсетуді және Абайдың педагогикалық және әлеуметтік көзқарастарын зерттеу арқылы оның ұлтты рухани жаңғыртудағы рөлін айқындауды мақсат еттік. Мақсатқа жету барысында

- Абай Құнанбаевтың философиясында тәрбие мен білімнің орны мен маңызын айқындауды;
- Қоғамды жаңарту жолындағы Абайдың әлеуметтік әділеттілік идеяларын қарастыруды;
- Абайдың адамгершілік, моральдық және рухани даму мәселелеріне қатысты көзқарастарын ашып көрсетуді;
- Абай философиясының қазіргі кездегі өзектілігін және оның қоғамды дамытудағы мүмкіндіктерін зерттеуді дұрыс деп таптық.

Абай Құнанбаевтың философиясы тек әдебиет пен поэзия саласында ғана емес, сонымен қатар қоғамның рухани, моральдық және әлеуметтік дамуына да үлкен ықпал еткен. Оның тәрбие мен қоғамды жаңарту идеялары қазіргі заманғы әлеуметтік мәселелермен тікелей байланысты болып келеді. Білім мен тәрбие мәселелері, әлеуметтік теңдік пен әділеттілік туралы пікірлері бүгінгі күнде де өзекті. Ендеше, Абай философиясын зерттеу қоғамның рухани және әлеуметтік жаңғыруына үлес қосуға мүмкіндік береді.

1. Абай философиясы: адам және қоғам

Абай Құнанбаевтың философиясында адам – басты субъект. Ол адамды өзінің құндылықтары мен рухани әлемінің негізі ретінде қарайды. Абай үшін адам баласының өмірдегі мақсаты – өз рухын жетілдіру, ақылын, білімін арттыру, жақсы мен жаманның ара-жігін ажырата білу. Абайдың әлемі терең философиялық мәнге ие: оның шығармаларында адамның ішкі әлемі мен қоғамдағы орны, адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасы, әлеуметтік теңсіздік пен әділетсіздікке қарсы күрес сияқты мәселелер терең талданады.

Абай адамзаттың моральдық жетілуі үшін қоғамды өзгерту қажеттігін атап көрсетеді. Ол қазақ қоғамындағы әлеуметтік әділетсіздікке, надандыққа және жалпы адамгершілік құндылықтардың жетіспеушілігіне сын айтады. Абайдың пікірінше, қоғамды жаңарту мен жетілдіру үшін ең алдымен адамдардың рухани дүниесі мен ой-санасын дамыту керек. Сондықтан ол өз шығармаларында рухани кемелдікке ұмтылуды, білім мен ғылымның мәнін түсінуді басты мақсат етеді.

2. Тәрбие мәселесі

Абай Құнанбаевтың тәрбиелік ойларының негізінде адамның рухани және моральдық дамуына бағытталған білімнің ерекше орны бар. Ол қазақ қоғамында білімнің тапшылығын және надандықты қатты сынайды. Абайдың көзқарасы бойынша, тәрбие адам санасының қалыптасуына, оның адамгершілік негіздерін меңгеруіне, сондай-ақ қоғамда әділ және дұрыс өмір сүруіне негіз болу керек.

Абай өз поэзиясында балаларды дұрыс тәрбиелеуге, білімге, адалдыққа, еңбекқорлыққа шақырады. Ол адамның бойында адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу арқылы қоғамда жақсылықты орнатуды мақсат етеді. Абай тәрбие процесін тек мектепте ғана емес, отбасында да жүзеге асыру керек деген ойды ұсынады. Оның «Білімдіден шыққан сөз» деген өлеңінде ұрпақ тәрбиесіндегі маңызды аспектілерді атап көрсеткен.

3. Қоғамды жаңарту идеясы

Абай философиясының тағы бір маңызды аспектісі – қоғамды жаңарту идеясы. Ол қазақ қоғамындағы әлеуметтік теңсіздікке, әділетсіздікке, кедейлікке қарсы шығып, қоғамды қайта қалыптастырудың қажеттігін айтады. Абайдың ойынша, мұндай өзгерістер тек адамдардың рухани және интеллектуалдық тұрғыда жаңаруы арқылы ғана жүзеге аса алады.

Абай қазақ қоғамындағы өзекті мәселелердің бірі – шен-шекпенділер мен байлар арасындағы әділетсіз қарым-қатынас екендігін көрсетеді. Ол «бай мен кедей» арасындағы алшақтықтың әлеуметтік әділетсіздікке алып келетінін ескертеді. Абайдың ойынша, қоғамның әр мүшесі өз міндетін, парызын дұрыс түсініп, адал еңбек етуі керек. Қоғамдағы әділеттілік пен теңдікті орнату үшін халықтың мәдениетіне, біліміне, адамгершілік құндылықтарына баса назар аудару қажет.

Абайдың қоғамдық жаңарту идеясы халықтың сауатты, әділ, білімді болуын талап етеді. Ол қоғамды жаңарту үшін алдымен жеке адамдардың өзгеруі керек екендігін айтады. Бұл жаңару – адамның өз ішкі дүниесін танып, өз кемшіліктерін түзетуінен басталуы тиіс.

Әдебиеттерге шолу

Абай Құнанбаевтың философиясы мен педагогикалық көзқарастары туралы зерттеулер көптен бері жүргізіліп келеді. Оның шығармаларының терең философиялық мәні мен әлеуметтік маңызы XX ғасырдың басынан бастап ғалымдар мен зерттеушілердің назарын өзіне аударды. Абайдың адам, қоғам және тәрбие мәселелері бойынша айтқан пікірлері қазақ халқының тарихи және мәдени дамуына әсер еткен маңызды құндылықтарды қамтиды. Абай Құнанбаевтың философиясы мен адамгершілік туралы пікірлері бойынша алғашқы зерттеулерді XX ғасырдың 20-30 жылдары Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев сияқты қазақ зиялылары жүргізді. Абайды "ұлттың ұстазы" ретінде тану жөніндегі алғашқы көзқарастар сол уақыттан бастау алады. Бұл мәселелерге қатысты әдебиетте кеңінен талқыланған зерттеулердің бірі – Нұрғалиевтің (1994) «Абайдың философиясы» атты еңбегі [1]. Абайдың «толық адам» тұжырымдамасы мен моральдық білім беру мәселелері оның шығармашылығында ерекше орын алады.

Абайдың тәрбиеге деген көзқарасы көптеген зерттеушілердің еңбектерінде жан-жақты талданған. Ол тек теориялық емес, практикалық тұрғыдан да тәрбие мәселесіне терең үңілген тұлға. Әсіресе, Ахмет Байтұрсынов [2], Мұхтар Әуезов [3] және Қайым Мұхамедхановтың [4] еңбектерінде Абайдың педагогикалық көзқарастары кеңінен қарастырылған. Абай өз шығармаларында білімнің маңыздылығын, оқу мен ғылымға деген терең құрметін білдіреді.

Абайдың қоғамды жаңарту туралы идеялары кейінгі жылдары кең зерттеле бастады. Оның әлеуметтік теңсіздікке, әділетсіздікке қарсы күресі және қоғамдағы білім мен адамгершіліктің жетіспеушілігі туралы ойлары қазіргі кезеңдегі әлеуметтік мәселелермен тікелей байланыста қарастырылады. Жұматай Тілешовтың (2008) «Абайдың әлеуметтік көзқарастары» атты зерттеуінде [5] Абайдың қазақ қоғамындағы әлеуметтік мәселелерге деген терең сыншылдығы көрсетілген.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Бұл мақалада Абай Құнанбаевтың философиясы мен оның тәрбие және қоғамды жаңарту мәселелеріндегі көзқарастарын зерттеу үшін келесі әдістемелік тәсілдер қолданылды: *Теориялық талдау***.** Абайдың шығармашылығын және философиялық көзқарастарын түсіну үшін оның поэзиясы мен қара сөздері, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетіне, тарихына қатысты дереккөздер кеңінен қарастырылды. Бұл талдауда Абайдың тәрбие, білім және адамгершілікке қатысты ойларының негізгі тұжырымдары жүйеленіп, салыстырмалы талдау жасалды. *Тарихи-салыстырмалы әдіс*: Абай философиясының қазақ қоғамындағы орнын және оның әлеуметтік жаңару идеяларын тереңірек түсіну үшін тарихы мен мәдениетіндегі контексте салыстырмалы талдау әдісі қолданылды. Бұл әдіс арқылы Абайдың ұлтты жаңартудағы рөлін, оның көзқарастарының қазіргі кезеңдегі өзектілігін көрсету мақсат етілді. *Контент талдау***:** Абайдың шығармаларын және оның философиясына қатысты әдебиеттің негізгі мазмұнын талдау арқылы оның тәрбие мен білім мәселелеріне қатысты көзқарастарын анықтау үшін контент

талдау әдісі қолданылды. Бұл әдіс арқылы шығармашылық жұмыстарындағы негізгі философиялық тұжырымдарды бөліп көрсетіп, олардың тәрбиелік мәнін ашу көзделді. *Құжаттар мен деректерді зерттеу*: Абай Құнанбаевтың мұрасына қатысты бұрынғы зерттеулер, архивтік құжаттар, сондай-ақ оның шығармаларын зерттеген ғалымдардың пікірлері мен еңбектері талданды. Бұл жұмыс барысында Абайдың философиялық мұрасының қазіргі заманғы қоғам үшін маңыздылығы туралы пікірлер мен ғылыми тұжырымдар жинақталды.

Талдаулар мен нәтижелер

Зерттеу барысында Абай Құнанбаевтың философиясы, тәрбие мен қоғамды жаңарту идеялары тереңірек түсіндіріліп, оның қазақ қоғамы мен қазіргі заман үшін маңызды рөлі анықталды. Абайдың шығармашылығында адамгершілік, білім, тәрбие және әлеуметтік әділеттілік мәселелері кеңінен қамтылған, ол қоғамды жаңарту үшін білім мен рухани дамуды басты құрал ретінде ұсынады. Оның философиясы ұлтты жаңартуға, адамгершілікті арттыруға және әлеуметтік теңдікті орнатуға бағытталған. Бұл зерттеу Абайдың қоғамдық, педагогикалық және философиялық мұрасын қазіргі қоғамдағы әлеуметтік және рухани мәселелерді шешу үшін маңызды деп таниды.

Талқылау сұрағы: Абай Құнанбаевтың философиясында тәрбие мен білімнің қоғамды жаңартудағы рөлі қандай? Абайдың «толық адам» тұжырымдамасы бүгінгі қоғамда қандай мағынаға ие болуы мүмкін? Абайдың қоғамдық жаңару идеялары қазіргі заманғы әлеуметтік мәселелермен қалай байланысты? Оның әділетсіздік пен теңсіздікке қарсы күресі қазіргі қоғамда қалай көрініс табуы мүмкін? Абайдың адамгершілік пен моральдық көзқарастарының тәрбиелеудегі маңызы қандай? Қазіргі білім беру жүйесінде Абайдың педагогикалық көзқарастарының қолданылуы мүмкін бе?

Қорытынды

Абай Құнанбаевтың философиясы қоғамды жаңарту мен тәрбие мәселесіне терең мән береді. Ол адам мен қоғам арасындағы үйлесімділік пен әділеттілік принциптерін ұсына отырып, халықты рухани және интеллектуалдық тұрғыда дамытуға шақырады. Абайдың тәрбие мен қоғамды жаңарту идеясы қазақ қоғамының рухани дамуына үлкен әсер етті және бүгінгі күнде де өзектілігін жоғалтпайды.

Абайдың ұлтты жаңартудағы ең басты құралы – білім мен тәрбие. Ол тек материалдық игіліктерді ғана емес, рухани байлықты да маңызды деп санайды. Осылайша, Абай философиясының негіздері бүгінгі ұрпақ үшін тәрбие мен білімнің маңыздылығын тағы бір рет ескертеді.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Нұрғалиев Ә. Абайдың философиясы. - Алматы: «Қазақ университеті», 1994.

2. Байтұрсынов А. Абайдың педагогикалық көзқарастары. - Алматы: Жазушы, 1992.

3. Әуезов, М. Абай жолы. - Алматы: «Жазушы», 1958.

4. Мұхамедханов Қ. Абайдың шығармашылығындағы адамгершілік мәселелері. - Алматы: «Мектеп», 1977.

5. Тілешов Ж. Абайдың әлеуметтік көзқарастары. - Алматы: «Ғылым», 2008.

6. Аймауытов Ж. Абайдың шығармалары мен философиясы. -Алматы: «Қазақ мемлекеттік баспа», 2000.

АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ ӨЗГЕРТУГЕ ӘСЕРІ: АҚЫННЫҢ ОЙЛАРЫ МЕН ҚАЗІРГІ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ

Калдыбаева Лескуль Алтынбековна,
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі,
Қадыр Мырза Әли атындағы
Бином мектеп-лицейі, Астана қ.

Аңдатпа. *Бұл ғылыми мақалада Абай Құнанбаевтың шығармашылығының қоғамдық сананы өзгертуге және қазіргі тәлім-тәрбие жүйесіне әсері зерттеледі. Абайдың әлеуметтік әділеттілік, білім беру, адамгершілік, моральдық құндылықтар және ұлттық тәрбие мәселелеріне қатысты терең ойлары талданады. Ақынның философиялық тұжырымдары мен педагогикалық көзқарастары қазіргі қоғамдағы жастарды тәрбиелеу мен білім беру жүйесінің дамуына маңызды ықпал ететіндігі анықталады. Мақалада Абай шығармашылығындағы адамның рухани және әлеуметтік дамуындағы негізгі мәселелер, оның білім мен тәрбиеге қатысты көзқарастары, сондай-ақ қоғамдық сананы өзгертуге бағытталған ойлары қарастырылады. Зерттеу нәтижесінде, Абайдың шығармалары қазіргі әлеуметтік мәселелер мен педагогикалық тәжірибеде өзектілігін сақтап отырғандығы айқындалды. Сонымен қатар, Абайдың тәрбиелік мұрасы қазіргі замандағы білім беру мен жастарды тәрбиелеу жүйесінде тиімді құрал ретінде қолдануға болатындығы көрсетілді.*

Түйін сөздер: *тәлім-тәрбие, әлеуметтік мәселелер, тәрбиелеу мен білім беру, терең ой, адамгершілік, моральдық құндылықтар*

Кіріспе

Абай Құнанбаев — қазақ әдебиетінің ұлы тұлғасы ғана емес, өзінің философиялық ойларымен, тәлім-тәрбие мен қоғамдық сананы қалыптастырудағы ерекше рөлімен танымал тұлға. Оның шығармашылығы, әсіресе, әлеуметтік әділеттілік, білім беру, адамгершілік және қоғамның рухани жаңғыруы туралы ойлары, қазіргі уақытта да өзектілігін жоғалтпай, жастарды тәрбиелеу мен қоғамды дамытуда маңызды құрал ретінде өзектілігін жоймай келеді. Абай дүниетанымы мен ойлары тәлім-тәрбие мәселелерін талқылау барысында ерекше орын алады, себебі оның шығармалары қоғамды жақсы жаққа өзгертуге бағытталған терең мәнді идеяларды қамтиды. Сол себептен де Абай ойларының қазіргі заманғы тәлім-тәрбие жүйесіне, оның шығармашылығының қоғамдық сананы өзгертуге қалай әсер ететінін зерттеу маңызды. Сондықтан да біз бұл мақалада Абай шығармашылығының қоғамдық сананы өзгертуге және қазіргі тәлім-тәрбие жүйесіне әсерін зерттей

отыра, ақынның адамгершілік, білім беру, әділеттілік және әлеуметтік теңдік мәселелерін қазіргі қоғамның тәлім-тәрбие тұрғысынан талдау арқылы оның философиялық және педагогикалық мұрасының бүгінгі күндегі өзектілігін көрсетуді; оның туындыларының бүгінгі тәрбие мен білім беру мәселелерін шешуге, жастарды тәрбиелеуде маңызды рөл атқаратынын айқындауды мақсат етіп, төмендегідей міндеттерді щешуді дұрыс деп таптық:

1. Абай Құнанбаевтың шығармашылығындағы адамгершілік, білім беру және әлеуметтік әділеттілік мәселелерін зерттеу.
2. Абайдың қоғамдық сананы өзгертуге және әлеуметтік теңдікке қатысты көзқарастарын қазіргі қоғамдық мәселелермен байланыстырып талдау.
3. Ақынның шығармаларының қазіргі тәлім-тәрбие жүйесіне тигізетін әсерін анықтау.
4. Абайдың шығармашылығындағы білім мен тәрбиенің маңыздылығын қазіргі заманғы білім беру жүйесінің дамуы тұрғысынан талқылау.
5. Қазіргі қоғамда Абайдың тәрбие мен білім беру идеологиясының орны мен рөлін көрсету.

Әдебиеттерге шолу

Абай шығармашылығының қоғамдық сананы өзгертуге әсерін, ақынның ойлары мен қазіргі тәлім-тәрбиемен байланысын көрсету үшін бірнеше ғылыми-әдістемелік еңбектерге шолу жасадық. Атап айтсақ, Мекемтас Мырзахметұлының «Абайтану ғылымын түркі әлемін біріктіру мақсатында жолға қойдым» [1], М.Сейітовтің «Абай философиясының бүгінгі қоғамдағы рөлі» [2] атты ғылыми мақалалары, Жаңғара Дәдебаевтың «Абайдың антропологизмі» [3] атты монографиялық еңбегі және т.б.

Зерттеу әдістері

Абай Құнанбаевтың шығармашылығының қоғамдық сананы өзгертуге және қазіргі тәлім-тәрбие жүйесіне әсерін зерттеу үшін бірнеше ғылыми әдістер қолданылды. Әдістердің әрқайсысы ақынның философиялық және педагогикалық көзқарастарын тереңірек түсінуге және қазіргі қоғаммен байланысын анықтауға бағытталған.

1. Теориялық талдау әдісі. Абай Құнанбаевтың шығармашылығындағы негізгі әлеуметтік, философиялық және педагогикалық ойларды зерттеу үшін теориялық талдау әдісі қолданылды. Бұл әдіс ақынның өлеңдері мен қара сөздерін талдап, оның адам мен қоғамға, әділеттілік пен білімге қатысты ойларын сараптауға мүмкіндік береді. Абайдың шығармаларындағы тәрбиелік және философиялық негіздерді анықтау, оның әлеуметтік көзқарастарын қазіргі білім беру мен тәрбие жүйесімен салыстыру үшін пайдаланылады.
2. Мазмұнды талдау әдісі. Абайдың шығармаларын мазмұнды түрде талдау әдісі арқылы оның адамгершілік, білім беру және әлеуметтік әділеттілік мәселелеріне қатысты көзқарастарын анықтау жүргізілді. Бұл әдіс ақынның ойларының тереңдігін, олардың қоғамдық сананы өзгертуге бағытталғанын және қазіргі кездегі әлеуметтік мәселелермен үйлесімділігін көрсетуге бағытталған.

3. Салыстырмалы әдіс. Абай Құнанбаевтың шығармашылығын қазіргі тәлім-тәрбие жүйесімен салыстыру әдісі қолданылды. Абайдың адамгершілік, білім, әділеттілік және әлеуметтік мәселелер бойынша ұсынған ойларының бүгінгі қоғамдағы білім беру мен тәрбие жүйесіне қалай әсер етіп жатқаны салыстырылды [4]. Бұл әдіс арқылы ақынның мұрасын қазіргі заманмен үйлестірудің маңыздылығын көрсетуге мүмкіндік берді.

4. Философиялық және педагогикалық талдау әдісі. Абайдың шығармашылығының философиялық және педагогикалық аспектілерін талдау үшін осы әдіс қолданылды. Бұл әдіс арқылы ақынның адамның рухани дамуы, тәрбие мен білім беру мәселелері туралы философиялық көзқарастарын түсіну және оларды бүгінгі педагогикалық тәжірибемен салыстыру жүзеге асырылды.

5. Контекстуалды талдау әдісі. Абайдың шығармаларының контекстін зерттеу әдісі қолданылды. Бұл әдіс арқылы ақынның әлеуметтік-саяси жағдайларға, қоғамдық өзгерістерге, сондай-ақ қазақ халқының рухани және мәдени өміріне қатысты көзқарастарын түсінуге мүмкіндік береді. Контекстуалды талдау Абайдың шығармашылығындағы ойлардың тарихи мәнін, оның заманауи тәлім-тәрбие жүйесіне әсерін көрсетуге мүмкіндік береді.

6. Жүйелі талдау әдісі. Абайдың философиялық көзқарастарын және оның шығармашылығындағы тәрбиелік идеяларды жүйелі талдау әдісі қолданылды. Бұл әдіс ақынның барлық шығармаларын жинақтап, олардың өзара байланысын, ортақ тақырыптарын, әлеуметтік мәселелерге деген көзқарасын зерттеуге мүмкіндік береді.

7. Интерпретация әдісі. Абайдың шығармашылығын интерпретациялау әдісі де қолданылды. Бұл әдіс арқылы ақынның шығармаларындағы метафоралар, символдар мен философиялық тұжырымдарды түсіндіру және бүгінгі қоғамға олардың мәнін ашу жүзеге асырылды [4].

Зерттеу материалдары

Абай Құнанбаевтың шығармашылығының қоғамдық сананы өзгертуге әсері, оның әлеуметтік әділеттілік, білім мен тәрбиенің маңыздылығына байланысты пікірлері қазіргі қоғамда ерекше өзектілікке ие. Бүгінгі таңдағы әлемде білім беру мен тәрбие мәселелері қоғамның маңызды құндылықтары болып табылады. Әсіресе, жастардың рухани және моральдық дамуы, адамгершілік құндылықтар мен әлеуметтік жауапкершілік мәселелері, Абайдың шығармашылығымен тығыз байланысты. Сондықтан ақынның ойлары қазіргі қоғамда жастарды тәрбиелеуде үлкен маңызға ие.

Абайдың қоғамдағы әділеттілік пен теңдікке қатысты ойлары, білім мен тәрбие мәселелеріндегі терең көзқарастары бүгінгі күннің әлеуметтік мәселелерімен тікелей байланысып отыр. Қазіргі кезде білім беру жүйесі тек ақыл-ойды дамытуға ғана емес, адамның рухани және моральдық дамуына да көңіл бөлу қажеттігін көрсетеді. Бұл тұрғыда Абайдың идеялары өте маңызды және өзекті болып табылады. Сонымен қатар, оның ұлттық мәдениет пен дәстүрлерді сақтауға бағытталған идеялары қазіргі уақытта да маңызды мәнге

ие, себебі әлемдік жаһандану жағдайында ұлттық құндылықтарды сақтап қалу аса маңызды.

Жалпы алғанда, Абай Құнанбаевтың шығармашылығының қазіргі тәлім-тәрбие жүйесіне және қоғамның рухани жаңғыруына ықпалы оның әлеуметтік философиясының тереңдігін, уақытқа тәуелсіздігін және өзектілігін көрсетеді. Осылайша, зерттеу бүгінгі қоғам үшін өзекті әрі маңызды болып табылады.

1. Абайдың шығармашылығындағы қоғамдық сана. Абай Құнанбаев өзінің шығармаларында адам мен қоғам арасындағы байланыс, әділеттілік, білім мен адамгершілік мәселелеріне ерекше назар аударған. Оның шығармалары тек әдебиет саласында ғана емес, философия мен әлеуметтік теорияда да маңызды рөл атқарады. Абайдың қоғамдық сананы өзгертуге арналған идеялары оның өлеңдері мен қара сөздерінде айқын көрініс тапқан. Ақынның ойлары қоғамдағы әділетсіздік, білімнің маңызы және адамгершілік құндылықтардың тереңдігіне бағытталған.

А) Әлеуметтік теңдік және әділеттілік. Абай қазақ қоғамының әлеуметтік теңсіздігін, әділетсіздігін және мәдени тұрғыдан артта қалғандығын жиі сынға алған. Ол әлеуметтік теңдік, әділеттілік және адам құқығының сақталуын ұсынды. Қазіргі қоғамда бұл мәселелер өзектілігін жоғалтпайды, себебі әлеуметтік әділеттілік, теңдік және құқықтар мәселесі әлі де талқыланатын тақырыптар қатарында. Абайдың әділеттілік пен теңдікке деген көзқарастары бүгінгі таңда тек қазақ қоғамында ғана емес, әлемнің басқа да елдерінде маңызды әлеуметтік проблемаларды шешуге негіз бола алады.

Ә) Білім мен тәрбиенің мәні. Абайдың шығармашылығының тағы бір басты бағыты – білім мен тәрбие мәселелері. Ол өзінің өлеңдерінде адамды біліммен ғана шектемей, сонымен қатар адамның рухани және моральдық дамуына көңіл бөлуді ұсынды. Ақын білімнің тек ақыл-ойды дамыту емес, сонымен қатар адамды ізгілікке, моральдық құндылықтарға баулуы керектігін айтқан. Бұл идея қазіргі тәлім-тәрбие жүйесіне өте үйлесімді келеді, себебі қазіргі білім беру тек теориялық біліммен шектеліп қалмай, жастарды ізгілікке тәрбиелеуді де назарға алуы тиіс.

2. Қазіргі тәлім-тәрбие жүйесі және Абай шығармашылығы. Қазіргі заманда білім беру жүйесі түрлі әлеуметтік, мәдени және технологиялық өзгерістерге тап болғанымен, Абайдың тәлім-тәрбиелік көзқарастарының өзектілігі сақталып отыр. Ақынның ұлы тұжырымдары қазіргі білім беру жүйесінің негізгі құндылықтары ретінде қарастырылып келеді. Осыған байланысты Абайдың шығармашылығындағы негізгі қағидаттарды қазіргі тәлім-тәрбие жүйесіне енгізу мүмкіндіктерін талдау маңызды.

А) Адамгершілік және рухани тәрбие. Абайдың шығармашылығының негізінде адамгершілік пен рухани тәрбиенің маңызы жатыр. Ол жеке тұлғаның моральдық құндылықтармен жетілуін, қоғам алдындағы жауапкершілігін көрсеткен. Қазіргі білім беру жүйесінде адамның тек қана ақыл-ойы емес, сонымен қатар оның адамгершілік қасиеттері де маңызды болып табылады. Мектептер мен оқу орындарында тек қана пәндерді оқыту емес, сонымен қатар шәкірттердің рухани дамуын, адамгершілік құндылықтарды меңгеруін қамтамасыз ету қажет.

Ә) Ұлттық мәдениетті сақтау және дамыту. Абайдың шығармашылығында ұлттық мәдениетті сақтау, қазақ халқының тарихы мен дәстүрлерін құрметтеу мәселелері де ерекше орын алады. Ақынның «қазақ елінің мәдениеті мен дәстүрін, тілін құрметтеу» туралы ойлары қазіргі заманғы білім беру жүйесінде ұлттық тәрбие мен мәдениеттің маңыздылығын көрсетеді. Бүгінгі таңда көптілді білім беру және ұлттың мәдениетін құрметтеу мәселесі үлкен маңызға ие болып отыр. Абайдың ұлттық мәдениет пен дәстүрлерді сақтауға бағытталған көзқарастары осы саладағы тәрбиелік жұмысқа әсерін тигізеді.

Нәтижелер мен талқылау

Әлбетте, біз Абай ғана тәлім-тәрбие туралы ой түйген деуден аулақпыз. Ұлттық мүддені көздеген қаламгерлер мен ойшылдар жеткілікті. Солардың кейбіреулеріне тоқталып, олардың ойлары мен қазіргі тәрбие мен тәлім, білім мәнінін ашатын цитаталарға тоқталуды жөн санадық: Махмұд Қашқари: "Адамның ең басты байлығы — білім, ал білімнің ең негізгі көзі – тәрбие" [5, 25]. Бұл цитата қазіргі білім беру мен тәрбие жүйесінің өзара байланысын айқындайды, сонымен қатар білімнің адамның жан-жақты дамуына әсері туралы ой қозғайды**.** "Адам болар бала елінде не көрсе, соны алады" [6, 43] деген Абай Құнанбайұлының сөзі де тәрбие мен қоршаған орта арасындағы байланысты көрсетеді. Баланың тұлға болып қалыптасуында оның өскен ортасы мен алған тәрбиесінің маңызы зор. Сол сияқты Жүсіп Баласағұн да "Тәрбие үздіксіз, тұрақты үрдіс. Ол ұрпақтан-ұрпаққа жалғасады" [7] деген болатын. Бұл ой қазіргі тәрбие теориясы мен практикасында жалғастық, үздіксіз даму, білім беру мен тәрбиенің әрқашан өзекті болуын білдіреді**.**

Абайдың шығармашылығында қоғамның рухани жаңғыруы мен жеке тұлғаның дамуындағы басты мәселе ретінде білім мен тәрбиенің маңыздылығы қарастырылады. Ақынның адамгершілік, моральдық құндылықтар, әділеттілік, әлеуметтік теңдік, білім берудегі теңдік туралы ойлары қазіргі кезеңде де өзектілігін сақтап отыр. Бұл оның шығармашылығының қоғамдық сананы өзгертуге тигізген үлкен әсерін көрсетеді. Қазіргі білім беру жүйесінің дамуы, ұлттық мәдениетті сақтау және жастарды тәрбиелеу жолындағы күш-жігер Абайдың идеяларымен үндеседі. Сондықтан Абай шығармашылығын қазіргі тәлім-тәрбие жүйесіне енгізу жастардың рухани және моральдық дамуына әсер ететін маңызды фактор болады [1].

Қорытынды

Абай Құнанбаевтың шығармашылығы тек әдебиет пен философия саласында ғана емес, сонымен қатар қазіргі тәлім-тәрбие жүйесін жетілдіруде де маңызды рөл атқарады. Ақынның әлеуметтік әділеттілік, білім, адамгершілік және ұлттық тәрбие мәселелері бойынша айтқан ойлары бүгінгі қоғамдағы жастарды тәрбиелеудің басты бағыттары болып табылады. Абайдың шығармалары қоғамның рухани жаңғыруына, әлеуметтік теңдікке және әділетті қоғам құруға бағытталған құнды идеялармен толықтырылған. Оны қазіргі тәлім-тәрбие жүйесіне енгізу, жастардың моральдық, рухани және әлеуметтік дамуын қамтамасыз етуге зор ықпал етеді.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Мырзахметұлы М. Абайтану ғылымын түркі әлемін біріктіру мақсатында жолға қойдым//М.Мырзахметұлы//Адырна.kz: қоғамдық-танымдық портал. 26 тамыз 2020. (https://adyrna.kz/post/44673
2. Сейітов М. "Абай философиясының бүгінгі қоғамдағы рөлі"// Абай ғылыми-зерттеу институты Хабаршысы. 2020.
3. Дәдебаев Ж. Абайдың антропологизмі. Монография. -Алматы: «Атамұра», 2024.-320 бет
4. Құнанбаев А. Шығармаларының бір томдық толық жинағы//А.Құнанбаев. – Алматы, 1981. – 695 б.
5. Махмут Қашқаридің “Диуани луғат-ат-түрік сөздігіндегі” өлендер, мақал-мәтелдер //Ертедегі қазақ әдебиеті хрестоматиясы. Құрастырушылар: Б. Кенжебаев, Х. Сүінішәлиев, М. Жолдасбеков. Астана. – “Күлтегін”. – 2012. – 240б. – 58-69 б.
6. Құнанбаева А. "Толық адам" концепциясы. -Алматы: "Жазушы", 1991.
7. Дайрабекова А. Ж.Баласағұнидің «Құтты білік» шығармасы// https://massaget.kz/blogs/jbalasagunidyin-kuttyi-blk-shyigarmasyi-28614/ 27 қараша, 2021.

«ТОЛЫҚ АДАМ» ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ: АБАЙ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

Мамырова Динара Кәменқызы,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
«№19 орта мектеп» КММ, Астана қ.

Аңдатпа. *Мақалада Абай Құнанбайұлының «толық адам» ілімі мен ұлттық тәрбие идеяларының өзара сабақтастығы қарастырылады. Ақынның рухани мұрасы – жас ұрпақты адамгершілікке, білімге, еңбекке, өнерге баулитын тұтас тәрбиелік жүйе ретінде қарастырылады. Абайдың өлеңдері мен қарасөздеріндегі ізгілік, әділет, мейірім, достық секілді құндылықтар ұлттық тәрбиенің мәнін аша түседі. Мақалада қазіргі қоғам үшін ақын көзқарастарының өзектілігі көрсетіліп, ұлт болашағы – рухани бай, парасатты тұлға тәрбиелеумен тығыз байланысты екені дәлелденеді. Адамзатты дұрыс адам болуға, адамгершілік ізгі жолға шақырған «Ғылым таппай мақтанба» өлеңіне талдау жасайды. Абай ұсынған этикалық әдеп нормаларын атайды. Адам болудың жолын көрсеткен бағдарламалық өлеңнің мағынасы терең екенін, «адам болам десеңіз» деп шарт қоятынын түсіндіреді. Ақынның «Бес нәрседен қашық болуды» «бес нәрсеге асық болудағы» шарттарын атап, осы жолда талаптанған жастардың ғылымға ұмтылу қажеттігін айтады.*

Түйін сөздер: *Ақын, ойшыл, «толық адам», ұлттық, өлең, қарасөз, тәрбие, мораль*

Кіріспе

Ұлт болашағы – рухани бай, білімді, адамгершілігі жоғары тұлғалардың қалыптасуымен тығыз байланысты. Осы тұрғыда Абай Құнанбайұлының

мұрасы – ұлттық тәрбиенің сарқылмас қазынасы. Абай өз туындыларында адамның кемел тұлға болып қалыптасуы үшін қандай қасиеттер қажет екенін айқындап, гуманистік көзқарасы негізінде жас ұрпақтың бойына адамгершілік құндылықтарды сіңіруге айрықша мән берді, сондықтан Абай шығармаларында өмір бойы зерделеп, іздеп, танытуға тырысқан басты идеясы – толық адам ұғымы болды. Абай туған халқын жан дүниесінің ең тереңінен туындаған асыл сезімдерімен аялап, сүйе білді, жақсылығына қуанып, мұңына егіле білді. Философиялық тереңдікке құрылған кемеңгер ойлары арқылы халқына ақиқат пен әділдікті, тура жол нұсқап, ізгілікке үндеді. Адамгершілік ізгі мұраттар мен жалпы адамзаттық құндылықтарды әрбір қазақтың бойына сіңіруге талпынды. М.Әуезовтің айтуынша, «Абай ... адамгершілікті моральдық философияда барлық жайдан жоғары қояды [1, 256]. Бұл ой Абай шығармаларындағы гуманистік бағыттың негізін айқындайды. Абайдың шығармашылығында ұлттық құндылыққа, ұлттық тәрбиеге қатысты ой өзегі де баршылық. Ойшылдың мұрасын зерттеп – зерделеуге сүбелі үлес қосқан көрнекті ғалым М.Мырзахметұлының айтуынша, ұлт бойындағы мейірбандық, жомарттық сияқты ізгі қасиеттерді әспеттейтін хәкімнің «толық адам» ілімі өскелең ұрпақты теріс мінез – құлықтан арылтуға сеп болмақ, өйткені қазақ халқының ой – санасының, дүниетанымының шыңы Абай шығармаларында жатыр[1, 344]. Гуманистік таным тұрғысынан алғанда, Абай да өзі өмір сүрген 19 ғасырдағы қазақ қоғамында жастардың адамгершілік ұстанымдары мен қасиеттері қандай болады деген ойға ерекше мән берген.

Әдебиеттерге шолу

Абайдың «толық адам» туралы ілімін зерттеген ғалымдар М.Мырзахметұлы, (Мырзахметұлы М. Абайтану: 1-кітап / М. Мырзахметұлы. - өңд., толықт. 2-ші бас. – Астана: Interactiv Kazakhstan, 2014. - 432 бет, Мырзахметұлы М. Абайтану: 2-кітап / М. Мырзахметұлы. - өңд., толықт. 2-ші бас. – Астана: Interactiv Kazakhstan, 2014. - 524 бет.) еңбектерін негізге ала отырып, ақынның «толық адам» жайлы тұжырымы өлеңдері мен қарасөздері арқылы талданып дәйектелді.

Зерттеу әдістері

Абай шығармаларындағы «толық адам» тұжырымын зерттеу барысында сипаттау, талдау әдістерінің принциптері басшылыққа алынып қолданды.

Материалдар мен талқылаулар

Абайдың пайымдауынша, толық адам болудың басты шарты – ғылым мен білімге ұмтылу. Ол білім мен ғылымды байлық пен мансап құралы ретінде емес, адамзатты надандық пен қараңғылықтан құтқаратын ең маңызды рухани күш ретінде қарастырады. Абайдың ғылым жайындағы танымының басым жағы мұсылмандық шығыстың рухани қазына көздерімен терең тамырласқан. Бұл құбылыс Абай шығармаларында, әсіресе, 1885 жыл мен 1902 жыл аралығында жазылған өлеңдері мен қарасөздерінде айқан белгі беріп жатады. Абпайдың ғылым жайындағы ізденісі бір жақты емес, жан-жақты, яғни батыс пен шығыс әлемін тұтас қамтитын өте күрделі ізденіс болуы себепті де ақын:

Ғылымды іздеп,

Дүниені көздеп,

Екі жаққа үңілдім,

– деген ой толғанысының астарында көп сыр тұнып жатқандай [1, 56]. Абай бірінші қара сөзінде «Ғылым бағу? Жоқ, ғылым бағарға да ғылым сөзін сөйлесер адам жоқ. Мұндасып шер тарқатысар кісі болмаған соң, ғылым өзі – бір тез қартайтатұғын күйік» – деп өз танымынан хабар бергендей сыншылдық ой тастайды. Оқырмандарына «Артық ғылым кітапта, Ерінбей оқып көруге» деп өсиет айта отырып, өзінің ғылым жайындағы терең танымы ақындық өнерге саналы түрде бет берген жылдарында-ақ қалыптасып қалғанын аңғартады [2, 58].

Ұлы ақын ғылым мен білімді өркениетке апаратын даңғыл жол деп біліп, қазақтың дамылсыз оқып-үйренгенін бар жан-тәнімен қалады. Бұл ойды ақын «Ғылым таппай мақтанба, Орын таппай баптанба...» – деп, білімді игермейінше, биіктердің бағына қоймайтынын баса айтып, шынайы «толық адам» болудың жолын меңзейді. Он сегізінші қарасөзінде адам баласы адам баласынан түбінде ақыл, білім, мінез, ар деген асыл қасиеттерімен озатынын айтты. XXI ғасыр – білім-ғылым ғасыры. Ақынның айтқаны дөп келіп отыр.

Адамгершіліктің негізгі көрсеткіші – еңбек деген тұжырым Абай ілімінің өзегіне айналған. «Адал еңбекпен мал іздемек, ол – арлы адамның ісі». Нағыз, толық адам болудың кезекті бір шарты – еңбек, қызмет деп біледі. Еңбектен қашу – адамның өзін де, қоғамды да тоқырауға әкелетін қауіпті дерт, сондықтан да Абай толық адам болудың шарты ретінде адал еңбекті бірінші орынға қояды. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңіндегі Абайдың айтқан бес асыл ісінің бірі – еңбек.

«Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым ойлап қой,
Бес асыл іс, көнсеңіз» [3, 92-93].

Барлық игіліктің негізі еңбек деп санаған ойшыл ақынның көзқарастары бүгінгі күні де қоғам үшін мағыналы құндылық. Ақын шығармаларында адал еңбектің ғана қоғамды алға бастыратынына баса назар аударады. Ұлы ақынның өлеңдері мен қара сөздерінде «елді ел, адамды адам ететін еңбек» деген тұжырым басты орында тұр. Бұл ұстаным қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымымен де үйлеседі. «Еңбек түбі – береке» деп ұрпақты ерінбей еңбек етуге, адал жолмен күн көруге баулыған.

Ұлтының болашағын ойлаған ұлы Абайдың да үндеуі ел ертеңі – жастарға бағытталған. Өлеңдерінде «Талапты ерге нұр жауар», «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей», «Әуелі өнер ізделік қолдан келсе, ең болмаса еңбекпен мал табалық» деп кәсіп іздеп, өнер тауып, адал еңбекпен алға ұмтылуды насихаттайды. Бүгінгі ұлттық тәрбиенің басты міндеті – осындай рухани және еңбекке адал адам қалыптастыру. Бұл мәңгілік қағида.

Абай – өнерді, сөз өнерін дәріптеуші. «Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады». Ақынның өнер, сөз өнері туралы эстетикалық көзқарасы, талабы жоғары. Толық адам – өнерлі адам. Өнер, соның ішінде ән, сөз өнері – адам тіршілігінің рухани байлығы, тірліктің маңызды бір бөлігі екені жырланады. Ақынның поэзияны, музыканы

жырлауда жаңаша ой қозғайды. Өнердің қоғамдағы, адам тәрбиесіндегі маңызын көрсетеді.

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы... [3, 104-105].

Қазақта сөзді саралау деген түсінік бар. Ол деген – сөзді сөз еместен ажырата білу деген мәселе. Тіл мен жақтан сылдырап шыққандардың бәрі сөз емес. Табиғаттағы барлық нәрселер сияқты сөз де дертті болады, оның дертін Абай: «Бөтен сөзбен былғанса сөз сарасы», – деп ашып айтқан. Сөз былғанса сөз болудан қалады. Ал енді осы нағыз сөзді қауызынан аршып алу үшін оны саралау қажет. Сараланған сөз – нағыз сөз, ол – өлең. Сонда өлең әншейін сөз емес, ол – сөздің сарасы, сондықтан Абай қиыннан қиыстырған қазақтың баласын «ер дана» деп атаған. Бұл шумақта Абай өнердің биік талғаммен, жүрек жылуымен айтылуы керектігін баса айтады. Толық адам – жүрегі мен ақылы үндескен, сөз өнерін бағалай білетін тұлға.

Ақын достықты, махаббатты жырлайды. «Адамшылықтың алды – махаббат, ғаділет, сезім». Толық, нағыз адам – «доссыз аузы тұшымайтын» әрі «махаббатсыз дүние бос» деп есептейтін биік рухты адам. «Махаббат пен ғадауат» ақын поэзиясының асыл гүліндей. Ақын махаббаты адам тірлігінің хайуанынан айырмашылығының, адамдық тұлғасының бас сарапшысы ретінде жырлайды. Ғашықтық пен құмарлық екі нәрсе екенін ажыратып береді. Абай махаббат, шынайы, адал достықты адалдықтың қайнар көзі ретінде көрсетеді. Ақын поэзиясы – сұлу да мөлдір, пәк сезім, адамдық биік рухтың үні. «Біріңді қазақ бірің дос, көрмесең, істің бірі бос» халықты береке-бірлікке шақырады. Екі адамның достығы емес, халықтың достығын, қазақтың достығы емес, бүкіл халықтың достығын жырлап, адамзаттың бәрін сүюге, достық бірлікке үндейді. Абайдың түсінігінше, ең қызық өмір – татулық, достық. Күн сайын жаулықтың отына май тамызып тұтатушы қоғамның жуан ортасында отырса да, Абай өле-өлгенше достықты жырлаумен болды.

Жүрегі жұмсақ білген құл,
Шын дос таппай тыншымас.
Пайда, мақтан - бәрі тұл
Доссыз ауыз тұшымас, – деді [3, 114-115].

Хакім Абай «Отыз төртінші сөзінде»: «Адам баласына адам баласының бәрі – дос. Не үшін десең, дүниеде жүргенде туысың, өсуің, тоюың, ашығуың, қайғың, қазаң, дене бітімің, шыққан жерің, бармақ жерің – бәрі бірдей, ахиретке қарай өлуің, көрге кіруің, шіруің, махшарда сұралуың – бәрі бірдей, екі дүниенің қайғысына, пәлесіне қаупің, екі дүние нің жақсылығына рахатың – бәрі бірдей екен. Бес күндік өмірің бар ма, жоқ па? Біріңе бірің қонақ екенсің, біреудің білгендігіне білместігін таластырып, біреудің бағына, малына күндестік қылып, я көрсеқызарлық қылып, көз алартыспақ лайық па?» – деп, адам баласын ойлануға, мына «бес күндік» жалғанда сыйластыққа шақырады.

Қорытынды

Абай мұрасы – адамды рухани тұрғыдан байытып, санасына сәуле түсіретін асыл қазына. Ақынның адам, өмір, қоғам, заман мәселелерін арқау еткен шығармалары тек имандылықты, адамгершілікті насихаттайды. Ақын өлеңдері мен қарасөздерінде адам атаулының бойына рухани тәрбие, ізгілік дәнін егуге тырысты. «Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ» сияқты жамандық атаулыдан жирентіп, оның орнына «талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым» атты асыл қасиеттерді жас буынның бойына сіңіруді көздеді

Пайдаланған әдебиеттер

1. Мырзахметұлы М. Абайтану: 2-кітап / М. Мырзахметұлы. - өңд., толықт. 2-ші бас. – Астана: «Interactiv Kazakhstan», 2014. - 524 б.

2. Мырзахметұлы М. Абайтану: 1-кітап//М.Мырзахметұлы. - өңд., толықт. 2-ші бас. – Астана: «Interactiv Kazakhstan», 2014. - 432 б.

3. Құнанбаев А. Шығармаларының бір томдық толық жинағы. – Алматы: «Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы», 1961. – 693 б.

АБАЙДЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ: ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ МЕН ГУМАНИЗМ

Мураталиева Гулназ Алибековна,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
Жамбыл облысы, Байзақ ауданы,
Ақшолақ орта мектебі

Аңдатпа. *Бұл ғылыми мақалада Абай Құнанбайұлының әдеби мұрасы және оның қазақ әдебиетіндегі рухани жаңғыру мен гуманизмнің дамуына қосқан үлесі талданады. Абайдың шығармашылық жолы мен оның қазақ қоғамындағы әлеуметтік мәселелерге жасаған философиялық пайымдары қарастырылады. Мақалада Абайдың гуманистік көзқарастары мен ұлттық мәдениетке деген құрметі, білім мен ғылымға деген ұмтылысы маңызды аспектілер ретінде айтылады. Абай шығармашылығындағы рухани жаңғыру идеяларының қазіргі заманға әсері, әсіресе жастардың тәрбиесіне қосар үлесі қарастырылады.*

Түйін сөздер: *әдеби мұра, рухани жаңғыру, гуманизм, тәрбие, ұлттық құндылықтар*

Кіріспе

Абайдың әдеби мұрасы қазақ халқының рухани және мәдени дамуына үлкен ықпалын тигізеді және оның гуманистік ойлары бүгінгі қоғам үшін өзекті. Абай Құнанбайұлының шығармашылығында көтерілген рухани жаңғыру мен гуманизм идеялары қазіргі уақытта да маңызын жоғалтпаған. Заманауи қоғамның рухани, мәдени және әлеуметтік дамуында ұлттық құндылықтарды сақтау мен жаңғырту, адами қасиеттерді дамыту маңызды орын алады. Абайдың шығармалары осы мәселелерді шешуге бағытталған ойлар мен тұжырымдар ұсынатын құнды мұра болып табылады. Сондықтан,

Абайдың әдеби мұрасына терең үңілу және оның гуманистік көзқарастарын бүгінгі қоғамның талабына сай қолдану өте маңызды.

Біз де Абай Құнанбайұлының әдеби мұрасын зерттеп, оның қазақ әдебиетінде рухани жаңғыру мен гуманизм идеяларының дамуына қосқан үлесін анықтауды, Абай шығармашылығының қазіргі заман қоғамына әсерін талдай отырып, ұлттық мәдениеттің сақталуы мен жаңғыруына бағытталған Абайдың идеяларының маңыздылығын көрсетуді жөн деп таптық. Сол үшін

1. Абайдың шығармашылығындағы гуманизм мен рухани жаңғыру идеяларын жан-жақты талдау.
2. Абайдың философиялық ойлары мен адамгершілік, білімге деген ұмтылыстарының қазақ әдебиетіне қосқан үлесін анықтау.
3. Абай шығармашылығындағы қоғамдағы әділетсіздікке қарсы пікірлер мен халықты тәрбиелеудегі маңызын зерттеу.
4. Абайдың шығармашылығын қазіргі қазақ қоғамы мен жастарға қатысты тұрғыдан қарастырып, оның идеяларының өзектілігін көрсету.
5. Абайдың гуманистік көзқарастарын бүгінгі күннің талабына сай жүзеге асыру жолдарын қарастыру міндеттерін шешуді міндет еттік.

Абай өз дәуірінің мәдени және әлеуметтік мәселелеріне терең үңіле отырып, қазақ әдебиетіне жаңа тыныс, жаңа бағыт әкелді. Оның шығармаларында рухани жаңғыру мен гуманизм идеялары өзекті болып, қазақ халқының интеллектуалды әрі рухани дамуында маңызды рөл атқарды. Осы тұрғыда Абайдың әдеби мұрасы қазіргі заманға дейін өз маңызын жоймай, терең талдауды қажет етеді.

Әдебиеттерге шолу

Абай және оның шығармаларын зерттеген ғалымдар мен педагогтер көп. Осы мақаланы жазу үшін біз солардың біразын қарастырдық. Алайда зерттеу жұмысымыздың тақырыбына орай солардың ішінде Ж. Тілеубердіұлының «Абай және гуманизм» [1] және ғалым Серік Қирабаевтың «Абай шығармашылығында ұлттық сана мен гуманизм» [2] атты еңбектерін негізгі алдық.

Зерттеу әдістемесі мен әдістері

Қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғасы, ұлы ақын Абай Құнанбайұлының шығармашылығы қазақ халқының рухани мәдениетінің айқын белгісі болып табылады. Абай Құнанбайұлының шығармашылығы мен оның рухани жаңғыру мен гуманизм идеяларын зерттеу барысында қолданылған әдістемелер әртүрлі көзқарастарды қамтитын бірнеше зерттеу әдістерін біріктіреді. Бұл әдістердің әрқайсысы Абайдың әдеби мұрасының терең мәнін ашуға және оның қазіргі қоғамға ықпалы мен өзектілігін түсінуге бағытталған.

1. Абай шығармашылығын зерттеу барысында әдебиеттану мен философияның теориялық негіздерін қолдана отырып, ақынның өлеңдері мен қара сөздеріндегі гуманизм мен рухани жаңғыру идеяларын талдау жүзеге асырылды. Бұл әдіс Абайдың әдеби мұрасының негізгі философиялық бағытын түсінуге мүмкіндік береді, сондай-ақ оның шығармаларындағы терең ойларды ашуға көмектеседі.

2. Абайдың шығармашылығы тек жеке тұлғаның шығармашылығы емес, сонымен бірге қазақ қоғамының әлеуметтік және мәдени жағдайы, ұлттық болмысы мен тарихи кезеңіне байланысты қалыптасты. Сондықтан, Абайдың поэзиясы мен философиялық ойларының мәнін толық түсіну үшін оның шығармашылығын сол дәуірдің тарихи контекстінде талдау қажет болды. Бұл әдіс Абайдың шығармаларында көтерілген мәселелердің сол кезеңдегі әлеуметтік жағдаймен байланысын анықтауға мүмкіндік береді.

3. Абайдың шығармашылығындағы гуманизм мен рухани жаңғыру идеяларын басқа философиялық бағыттармен салыстыру әдісі қолданылды. Бұл әдіс арқылы Абайдың көзқарастарының өзіндік ерекшеліктері мен оның қазақ мәдениетіндегі орны анықталды. Сонымен қатар, Абайдың адамгершілік, білімге деген көзқарастарын әлемдік әдебиеттегі басқа гуманистік бағыттармен салыстыру арқылы оның идеяларының кең ауқымдағы маңыздылығы айқындалды.

4. Абайдың шығармаларының мәтінін тереңірек зерттеу үшін текстологиялық әдіс қолданылды. Бұл әдіс Абай шығармаларының түпнұсқаларын және олардың әртүрлі басылымдарын салыстырып, ақынның ойлары мен сөздеріндегі мән-мағынаны түсінуге мүмкіндік береді. Текстологиялық талдау арқылы Абайдың шығармашылық стилін, тілдік құралдарын және ой-толғамдарының тереңдігін анықтауға мүмкіндік туады.

5. Абайдың өмірі мен шығармашылығын зерттеу барысында оның замандастарының жазған құжаттары, хаттары мен пікірлері қолданылды. Бұл әдіс Абайдың қоғамдағы орны мен әдеби мұрасының қалыптасу процесін түсінуге көмектеседі. Сонымен қатар, Абайдың философиялық көзқарастары мен адамгершілік ілімдерін оның өміріндегі нақты жағдайлармен байланыстыра отырып зерттеу мүмкіндігін береді.

6. Абайдың шығармаларының қазіргі қоғамдағы өзектілігін талдау үшін қолданбалы зерттеу әдісі қолданылды. Бұл әдіс арқылы Абайдың идеяларын қазіргі заманғы мәселелерге, әсіресе жастардың тәрбиесі мен ұлттық мәдениетті жаңғыртуға байланысты қолдану жолдары қарастырылды. Сонымен қатар, Абайдың гуманистік ойларының қоғамдағы әлеуметтік әділеттілік, білім мен ғылымға деген құрметті арттыруға қалай ықпал ететіндігі зерттелді.

Талқылау

Абайдың өмірі мен шығармашылығы қазақ әдебиетінің алтын қорына енген асыл қазына болып табылады. Ақынның шығармашылығының негізінде философиялық терең ойлар мен адамгершілік, ақыл-ой, білімге деген құштарлық жатыр. Оның поэзиясында ұлттық дәстүрлер мен жаңа заманның идеялары арасындағы үйлесімділік байқалады. Абайдың шығармаларында адамдық қасиеттер, ақыл мен парасат, білім мен ғылымға деген сүйіспеншілік кеңінен суреттеледі.

Абайдың өлеңдері мен қара сөздерінде қоғамның әділетсіздігі, адамгершілікке жат қылықтар, надандық пен күншілдікке қарсы батыл пікірлер айтылады. Ол өз кезеңінің әлеуметтік және мәдени мәселелеріне терең талдау жасап, адам болмысы мен оның қоғамдағы рөлін жан-жақты

зерттеді. Осылайша, Абайдың шығармашылығы қазақ әдебиетіндегі рухани жаңғыру мен гуманизмнің негізін қалаған шығармашылық болып табылады.

Рухани жаңғыру мен гуманизм идеялары Абайдың шығармашылығының ең басты ерекшеліктерінің бірі – оның гуманистік идеяларды насихаттауы. Ақын өзінің өлеңдерінде адамзаттың абзал қасиеттеріне, бостандық пен теңдікке, әділеттілік пен моральға терең көңіл бөледі. Ол өзінің шығармаларында адамдық қасиеттерді, парасаттылық пен қайырымдылықты жоғары бағалайды, сонымен қатар ұлттық рухты нығайтуға да зор мән береді.

Абайдың гуманистік көзқарастарының негізінде адамның өз бойындағы жаман қасиеттерден арылып, жақсы, адал, парасатты азамат болып қалыптасуы қажеттігі жатыр. Ақынның қара сөздерінде адам мен қоғам арасындағы байланыс, адамның жеке тұлға ретінде даму жолдары, қоғамдағы әділетсіздікке қарсы күрес туралы ойлар кеңінен орын алады.

Рухани жаңғыру концепциясы Абайдың шығармашылығында ерекше маңызды орын алады. Ол ұлттық дәстүрлер мен мәдениетті сақтап қана қоймай, сонымен қатар, қазақ халқының білім мен ғылымға деген құрметін арттыруды мақсат етеді. Абайдың шығармаларында келешек ұрпаққа бағыт-бағдар беретін терең ақыл мен философиялық тұжырымдар көп кездеседі. Абай адамгершілікке, білімге, еңбекке, әділеттілікке және ұлтты біріктіру идеясын дәріптей отырып, қазақ халқын рухани жаңғыруға үндеді.

Абайдың шығармалары қазіргі қоғамда да өз маңызын жоймай, қазақ қоғамының рухани дамуында маңызды рөл атқарады. Оның гуманистік ойлары мен адамгершілікке негізделген пікірлері бүгінгі таңда да өзекті болып отыр. Абайдың рухани мұрасы білім мен ғылымға ұмтылу, адами құндылықтарды дәріптеу, әділеттілік пен теңдікті қолдау, ұлттық болмысты сақтап, оны жаңғырту тұрғысынан аса маңызды.

Қазіргі қоғамда Абайдың рухани мұрасын қайта жаңғырту, оның идеяларын бүгінгі күнге сай түсініп, жүзеге асыру ұлттық мәдениеттің дамуына зор ықпал етеді. Абайдың шығармашылығы рухани жаңғыру процесінде ұлттық кодты сақтап, жаңаша ойлауға, жаңа өмірге деген көзқарасты өзгертуге ықпал етеді.

Нәтижелер

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Абай Құнанбайұлы шығармашылығының зерттелуі қазақ әдебиетінің рухани жаңғыру мен гуманизм бағытындағы дамуына айтарлықтай ықпал етті. Абайдың гуманистік ойлары мен философиялық тұжырымдары бүгінгі күнде қоғамның адамгершілік құндылықтарын дамыту, ұлттық сананы жаңғырту және мәдениетті сақтау тұрғысынан аса өзекті болып табылады.

Талдау барысында, Абайдың шығармаларындағы білім мен ғылымға, адалдық пен әділеттілікке, адамзаттың абзал қасиеттерін насихаттауға бағытталған идеяларының қазіргі заманғы қоғамға қажеттілігі айқындалды. Оның көзқарастары тек әдебиеттің ғана емес, сондай-ақ қоғамның рухани дамуы мен жастарды тәрбиелеуде де маңызды рөл атқарады.

Абай шығармашылығының рухани мұрасы ұлттық мәдениетті сақтап, оны қазіргі уақытқа сай жаңғыртуға негіз бола алады. Оның гуманистік идеялары мен философиялық тұжырымдары қоғамдағы әлеуметтік және адамгершілік мәселелерді шешуге үлес қосады. Абайдың идеяларын қазіргі заман талабына сай пайдалану арқылы қазақ халқының рухани жаңғыруына ықпал етуге болады.

Абай Құнанбайұлының шығармашылығын талқылау барысында оның ұлттық мәдениет пен қоғамның рухани дамуына қосқан үлесі ерекше орын алады. Абайдың гуманизм мен рухани жаңғыру идеялары өз дәуірінде жаңа, ерекше көзқарастарды қалыптастырды, ал бүгінгі күні бұл идеялар заманауи қоғам үшін де маңызды болып отыр.

Абайдың шығармашылығының өзектілігі бүгінгі таңда бірнеше маңызды мәселелерді шешуге ықпал ете алады. Оның өлеңдері мен қара сөздеріндегі адамгершілік құндылықтар, білім мен ғылымға деген құрмет, әділеттілік пен теңдікке шақыру қазіргі жастардың тәрбиесінде де басты фактор болар еді. Абайдың философиясы, әсіресе оның қоғамдағы теріс құбылыстарға қарсы айтқан батыл сындары, қоғамның моральдық және этикалық жағдайын жақсартуға бағытталған.

Алайда, бүгінгі күні Абайдың идеялары кейде жеткіліксіз түсіндірілуде немесе олардың мәні толық ашылмай қалып жатады. Кейбір жағдайларда оның шығармалары тек әдеби мұра ретінде қарастырылып, философиялық, әлеуметтік, әрі педагогикалық тұстарын елеусіз қалдыруы мүмкін. Мысалы, Абайдың шығармашылығындағы білім мен ғылымды дәріптеуі, оны қоғамдық өмірдің негізі ретінде ұсынуы бүгінгі күннің өзекті мәселелерін шешуге үлес қосарлық идеялар болып табылады. Бірақ, қоғамның кейбір бөлігі бұл идеяларды әлі де жеткілікті түрде түсінбей, оларды жүзеге асыруда белсенділік танытпай отыр.

Ұсыныстар

Абайдың гуманистік көзқарастары мен ұлттық сана туралы ойлары заманауи рухани жаңғыру мен ұлттық бірегейлікті нығайту үшін үлкен маңызға ие. Сондықтан да, 1) Абайлың гуманистік көзқарастары мен ұлттық сана туралы ойлары тек әдебиеттің аясында ғана емес, жалпы қоғамның барлық салаларында жүзеге асырылуы қажет. Мысалы, қоғамдағы әділетсіздікке қарсы күрес, адам құқықтарының қорғалуы, білім беру жүйесінің сапасын арттыру мәселелері бүгінгі таңда Абайдың айтқан ақыл-кеңестерімен тығыз байланысты. 2) Абайдың шығармашылығы тек қазақ халқы үшін ғана емес, бүкіл адамзат үшін құнды мұра болып табылады. Оның гуманистік көзқарастары мен адамдық қасиеттерді насихаттауы әлемдік мәдениет пен әдебиетке үлкен үлес қосқанын ескерген жөн. 3) Абайдың шығармашылығын кең ауқымда талқылау және оны қазіргі заман талабына сәйкес қайта қарау өте маңызды.

Қорытынды

Қорытындылай келе, Абай Құнанбайұлының әдеби мұрасы – қазақ халқының рухани және мәдени дамуында аса маңызды орын алады. Оның шығармашылығында көтерілген рухани жаңғыру мен гуманизм идеялары

бүгінгі күні де өз маңызын жоғалтпаған, керісінше, қоғам үшін өзекті болып қала береді. Абайдың өмірі мен шығармашылығы – ұлттың рухани өрлеуінің айнасы, әрі келешек ұрпақтың тәрбие көзін ашатын ұлы мұра болып табылады. Рухани мұрасы мен гуманистік көзқарастары қазіргі қоғам үшін өзектілігін жойған жоқ. Бұл идеялар ұлттық мәдениетті сақтау мен жаңғыртуда, жастарды тәрбиелеуде және қоғамның рухани дамуына ықпал етуде маңызды рөл атқарады. Абай шығармашылығын бүгінгі күннің мәселелеріне сай терең түсініп, жүзеге асыру ұлттық дамудың маңызды қадамы болар еді.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Тілеубердіұлы, Ж. Абай және гуманизм. - Алматы, 2011.
2. Қирабаев, С. Абай шығармашылығында ұлттық сана мен гуманизм. - Астана, 2010.
3. Құнанбайұлы А. Шығармалары. - Алматы, 2004.
4. Қазақ әдебиеті тарихы. - Алматы, 2005.

АБАЙДЫҢ ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМ ТУРАЛЫ ОЙЛАРЫНЫҢ ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ОРНЫ

(«Ғылым таппай мақтанба» өлеңі бойынша)

Мұхан Айгүл Сейлханқызы,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші
Астана қаласы әкімдігінің «Д.Қонаев атындағы
№66 мектеп - лицейі» ШЖҚ МКК

Аңдатпа. *Бұл мақалада Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасы арқылы тұлға қалыптастырудың маңыздылығы, ақынның «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі арқылы ғылым мен білімнің мән-мағынасы, адамгершілік құндылықтар туралы ойлары талданады. Абай айтқан бес асыл қасиет: талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым тұлға дамуына ықпал ететін маңызды факторлар ретінде қарастырылады. Ғылым, білімнің және рухани құндылықтардың тұлға қалыптастырудағы рөлі түсіндіріледі. Мақала қазіргі қоғамда тұлға қалыптастыруда ұлы Абайдың ғылым мен білім туралы ойларының құндылығын атап көрсетеді.*

Түйін сөздер: *Абай Құнанбайұлы, тұлға қалыптастыру, ғылым, білім, бес асыл қасиет, рухани құндылықтар.*

Кіріспе

Тұлға қалыптастыру дегеніміз – адамды мәдениетке үйрету, білім беру, яғни әлемдік өркениетке бейімдей отырып жетілдіру. Тұлға болып қалыптасу – жеке адамның мақсатының орындалуы, ерік-жігерінің іске асуы және оны іске асыруының нәтижесі деп қарастыруға болады. Жеке адамның қалыптасуы өмірге келген сәтінен басталып, жеткіншек және жасөспірім шақта жедел жүріп, ересек шақта өзінің біршама аяқталу кезеңіне жетеді, сондықтан адам өзін өмір бойы дамытып, қоғамдағы өзгерістерді қабылдап, үнемі ізденіп отырғанда ғана тұлға ретінде қалыптасады.

Адам өзі өмір сүрген қоғамда өзіне тиесілі құрметті орнын табуы керек, яғни белгілі бір дәрежеде әлеуметтік мәртебесі болуы қажет. Ол әрине оңайлықпен келмесі анық. Ол үшін адам баласы бойына адамдық қасиеттер мен құндылықтарды сіңіріп өсуі тиіс. Адамның ішкі әлемі жаңарып, жаңа өзгерістерді қабылдамай, кемелдену жолына түсе алмайды. Өркениетке ұмтылу арқылы сенің ақыл-ойың жаңғырып, өмір салтың өзгереді. Алайда өркениетке, кемелденуге бастар жол рухани құндылықтарда екендігін әлі де ұғына бермейміз.

Ұлтымыздың ұлы ұстазы Абай Құнанбайұлы өз заманында жазу-сызуы кенжелеу дамыған халқының сауатты, мәдениеті дамыған елдермен терезесі тең болғанын армандады. Ақын өз шығармаларында ғылым мен білімді игеру алға ұмтылудың маңызды шешімі деп санады. Содан болар ұлы ақынның біршама өлеңдері мен қара сөздері жас ұрпаққа ғылым мен білімнің маңызды екенін ұғындыруға арналды.

Әдебиеттерге шолу

Абай Құнанбаевтың ғылым мен білім туралы ойларын зерделеу барысында көптеген әдебиеттерге шолу жасалды. Абай Құнанбаевтың толық шығармалар жинағы зерттеу жұмысына арқау болды. Сондай-ақ, Абайдың толық тұлғалық қалыптасуын көркемдеп жеткізген М.Әуезовтің «Абай жолы» романы басшылыққа алынды [1, 365]. Қ.Мұхамедхановтың көп томдық шығармалар жинағы мақаланы талдап жазуға септігін тигізді [2, 170]. Сонымен қатар, Н. Маханның «XXI ғасыр көзімен: Абайдың білім және ғылым туралы ойлары» атты зерттеу мақаласы да көмегін тигізді [3]. Бұл еңбектер данышпан Абайдың білім мен ғылымға деген көзқарасын тереңірек түсінуге көмектесті.

Нәтижелер

Зерттеу жұмысын жазу арқылы Абай Құнанбаевтың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінің көтерген мәселесі төңірегінде ой таразыланды. Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі – адамзаттың рухани дамуына ықпал ететін құнды еңбек. Ол әрбір адамды өзін-өзі жетілдіруге, ғылым мен білім жолында аянбай еңбек етуге шақырар шамшырақ іспетті. Білім беру саласында Абай шығармаларын тереңірек оқыта отырып мықты тұлға қалыптастыруға болады. Қазіргі таңда тұлға тәрбиелеуде Абай айтқан бес қасиетті дамытуға ерекше мән берілу керек. Абайдың бұл өлеңі бүкіл адамзатқа арналған құндылық. Сондықтан, оны қазіргі заман жастары үшін өмірлік ұстанымға айналдыру маңызды. Нәтижесінде біз ақынды толғандырған ойлардың қаншалықты маңызды екеніне көзіміз жетіп, оны қазіргі қоғамда ерекше дәріптеу қажеттігін түсінеміз. Әрбір қазақ баласы Абайды білу керек. Әрбір қазақ баласы Абайдың ғылым мен білім туралы ойларынан нәр алып тәрбиеленуі керек.

Талқылау

Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» атты өлеңі – жастарды ғылым мен білімге шақырған шоқтығы биік шығармаларының бірі. Осы тұста Абайдың бұл туындысы жастарға жол көрсетер, бағыт-бағдар берер бағдаршам секілді. Дана Абайдың білім, ғылым туралы ойлары қазіргі кезде де өзекті. Ақын бұл өлеңінде адам баласы жасынан бес асыл қасиет: талап, еңбек, терең ой,

қанағат, рақымды жандарына серік етіп өскенін қалады. Расында да, бұл бес асыл – мақсатқа жетудің бірден-бір жолы. Бұл қасиеттер бүгінгі күнде де өз маңызын жойған жоқ. Адам баласы талаптана жүріп алдына қойған мақсатына жетеді. Адал еңбек етіп биіктерді бағындырады, ал терең ойы арқылы кез келген мәселені шеше алады. Қанағат ете жүріп ашкөздік пен тойымсыздықтан сақтанады. Рақым ете отырып мейірімге толы, жағымды орта орнатады. Адам талапшыл, еңбекқор, терең ойлы, қанағатшыл, рақымшыл болса ғана, өмірде өз орнын таба алары сөзсіз. Қазіргі таңда адам баласы білім мен ғылымға сүйене отырып дамиды, ал тұлға қалыптастыруда аталған бес қасиеттің алар орны ерекше. Абайдың бұл өлеңі адамның жан-жақты дамуына бағытталғандай. Ол тұлғаның адами ізгі қасиеттерін дамытып, білімге деген құштарлығын оятады.

Адамгершілікке жатпайтын жат қылықтардың бірі – өсек, өтірік айту. Абай заманында өсек айту, біреудің үстінен жала жабу секілді жағымсыз қылықтар ел арасында жиі кездесетін, оны біз М.Әуезовтың «Абай жолы» романын оқу барысында көз жеткіземіз. Абай өсек, өтірікке жақын адамдарды өткір сынады. Данышпан Абайдың өз халқын аямай сынауы – өз елін шынайы сүйген ұлы тұлғаның ұлт санасын тұманнан арылту үшін қолданған әдісі деп қарастырған жөн болар. Абай өмір сүрген кезеңде әсіресе қолында билігі бар адамдардың бойында мақтаншақтық секілді нашар қасиеттер жиі кездесетін. Ал еріншектік – адам бойына біткен ең жағымсыз қасиеттің бірі. Абайдың түсіндіруінше: еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Бекер мал шашу – қолында барын бей-берекет шашатын, сырт көзге жомарт адамша көрінетіндерге қатысты айтылса керек. Ақын осы шығармасы арқылы бес жағымсыз мінезден – өсек, өтірік, мақтаншақтық, еріншектік пен мал шашпақтықтан аулақ болуды ескертеді. Бұл қасиеттер адамның тұлға болып қалыптасуына тікелей әсер ететін факторлар, сондай-ақ бұл бес асыл адамның мінез-құлқын қалыптастыратын негізгі алғы шарт ретінде көрінеді. Абай жастардың тұлға болып қалыптасуы үшін жаман қылықтардан аулақ болуын қалады. Сөйтіп, бес асыл іс пен бес дұшпанның ара жігін ажырата отырып, ұрпағына тағылымы мол өсиет қалдырды.

Қазіргі қоғамда білімсіз адам ескексіз қайық секілді. Сол себепті ғылым мен техника дамыған заманда бәсекеге қабілетті болмай, өмір сүру қиынға соқпақ. Ақын айтқан бес асыл қасиет жастар бойында міндетті түрде болуы керек.

Ұлы Абай ғылымды бірінші орынға қояды. Ол надан адам мақтанға бой алдырып, бос өмір кешетінін дәл айтқан. Ақын:

Ғылым таппай мақтанба,

Орын таппай баптанба, – дей келе, адам алдымен ғылымды меңгеру керектігін айтып, жөнсіз мақтанға салынудың пайдасыз екенін алға тартады [4, 4].

Ұлы Абай ғибрат боларлық бар асыл ойын келер ұрпағына арнады емес пе? Ендеше, ақынның көрегенділігі де сонда оның педагогикалық-психологиялық пікірлері қазіргі заманның талап-тілектерімен жан-жақты астасып жатыр. Абай айтқан бес асылды бойына сіңіре алған адам қандай істе

болмасын жетістікке жетіп, өмірде өз орнын табады. Бүгінде бәсекеге қабілетті болу үшін адам үнемі дамып, өзін жетілдіріп отыруы қажет. Сондықтан «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі – тұлға қалыптастыруда маңызды бағыт-бағдар беретін рухани құндылық. Абайдың өмір сүрген дәуірін қазіргі кезеңмен салыстыруға келмес, десек те ақынның философиялық ой-толғамдарына терең бойлай отырып, өлеңнің мәнін түсінуге болады. Ақынның мұрат-мақсаты – адамға ой салу, жастарды білім мен ғылымға үндеу. Ұлы Абайдың шығармашылық мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы. Абайдың сөзі – қазақтың бойтұмары, ол сонысымен құнды.

Қорытынды

Білімді, рухани дүниесі бай, ой-санасы кемелденген халық қана қоғамдық дамудың биік сатысына көтеріле алады [3]. Ұлттық санамызды көтеру арқылы адам баласы тұлға болып қалыптасады. Ұлттық санасы көтерілген халық қана өзіне-өзі сын көзбен қарайды.

Ұлтымыздың ұлы ұстазы ең алдымен жастардың алдында тұрған басты міндет – ғылым, білім үйрену жолы екенін ашып айтты. Ойымызды қара сөздің хас шебері Абай атамыздың сөздерімен түйіндейтін болсақ, ақын өзінің оныншы қара сөзінде: «Сол малды сарып қылып ғылым табу керек, өзіңе таба алмасаң, балаң тапсын. Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан ораза, қылған қаж, ешбір ғибадат орнына бармайды», – дей келе ғылымды аса жоғары бағалады [5, 98-99]. Ал он сегізінші қара сөзінде «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Одан басқа нәрселермен оздым демектің бәрі де ақымақтық» деген қорытынды жасады [5, 105]. Бұл Абайдың ғылым, білім туралы айтқан педагогикалық ой толғамдары келер ұрпаққа қалдырған аманаты еді.

Ұлы ақын мұрасын жан-жақты зерттеп, зерделеу арқылы халқымыздың әдебиетін, өнерін, салт-дәстүрін, мәдениетін, тілін ұлттық құндылық ретінде бағалайтын, талғамы жоғары, бәсекеге қабілетті дара тұлға қалыптастыра аламыз. Ұлы данагөй Абай Құнанбаевтың ғылым, білім туралы терең толғаныстары қай дәуірде де өз құнын жоймақ емес. Қалың елі қазағы барда, Абай айтқан асыл ойлар әрбір жеткіншектің жүрегіне жол табары сөзсіз.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Әуезов М. «Абай жолы», –Алматы: «Жазушы», 2002. –365 б.

2. Мұхамедханов Қ. Көп томдық шығармалар жинағы. 6-том. – Алматы: «Ел шежіре», 2008. – 320 б.

3. Махан Н. XXI ғасыр көзімен: Абайдың білім және ғылым туралы ойлары, Abai.kz ақпараттық порталы 30 Мамыр 2019 жыл. https://abai.kz/post/91823 (кіру күні: 10.04.2025.)

4. Абай. «Сен де бір кірпіш дүниеге», - Алматы: «Атамұра», 2014.

5. Құнанбайұлы А. Абай шығармаларының екі томдық толық жинағы : өлеңдер мен аудармалар / Қ. Абай . Т.2. – Алматы : «Жазушы», 2005. – 336 б.

АБАЙДЫҢ БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМ ТУРАЛЫ ОЙЛАРЫ – ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗІ

Омарова Камшат Сапарбековна,
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі,
Талап ауылының №14 ЖББМ
Ұлытау облысы

Аңдатпа. *Бұл мақалада «қазақтың бас ақыны» атанған Абайдың қазақ жазба әдебиетіндегі алар үлесі, ақын шығармаларының тұлға қалыптастырудағы рөлі, ойшылдың білім мен ғылым туралы ойларының тәрбиелік мәні туралы айтылады.*

Мақалада ақын жайлы жазылған зерттеу еңбектерді, абайтанушы ғалымдардың ғылыми еңбектері басшылыққа алына отырып, ақын шығармашылығының адам тәрбиесіндегі, толық адам болып қалыптасудағы рөлін күнделікті өмір тәжірибелері зерделенеді.

Түйін сөздер: *Абай, өлең, қарасөз, білім, ғылым, тәрбие, абайтану*

Кіріспе

XXI ғасыр – білім мен ғылым ғасыры. Қоғамның дамып, елдің өркендеуі, тұлғаның кемелденуі білім мен ғылымға тәуелді. Қазақ халқының рухани дамуында осы мұрат-мақсаттарды жіті түсініп, тереңнен таныған – Абай Құнанбайұлы. Әсіресе, ақын тұлға қалыптастыруда білім мен ғылымның адам өмірінде алар орнын көрсете отырып, білім мен ғылымды үйлесімді ұштастыру мәселесіне ерекше тоқталған.

Қазақ халқының рухани дамуына өзіндік үлес қосқан Абай Құнанбайұлы өз дәуірінде халықтың сана-сезімін оятуға, ел ішіндегі надандық пен қараңғылықты, еріншектік пен жалқаулықты жоюға өзінің өлеңдері мен қарасөздерін арнай отырып, халықты еңбекке, адамгершілік пен имандылыққа шақыру жолында бар күшін жұмсады. Ақынның өлеңдері мен қарасөздері – қазақ ағартушылығының теңдесі жоқ алтын қазынасы. Ол білім мен ғылымды адамның рухани кемелденуінің алғы шарты ретінде қарастырып, жеке адам мен қоғамның алға басуында білім мен ғылымның ерекше маңызы барлығын атап көрсеткен. Оның білім мен ғылымға деген көзқарасы жеке адамның ғана емес, бүкіл қоғамның дамуына бағытталған терең философиялық тұжырымдармен астасып жатады. Бұл мақалада Абайдың білім мен ғылымға қатысты ой-пікірлері сараланып, олардың қазіргі замандағы тұлға тәрбиесіндегі орны мен маңыздылығы қарастырылып, ақын шығармаларынан, соның ішінде білім мен ғылым бағытындағы шығармаларынан тұлғаның қандай тағылым алуға тиіс екендігі жөнінде ой түйіндері беріледі.

Әдебиеттерге шолу

Президент Қ.Ж.Тоқаев «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында: «Абайды қалай дәріптесек те жарасады. Оның ғибратты ғұмыры мен шынайы шығармашылығы – қазақ халқына ғана емес, жаһан жұртына да үлгі-өнеге. Абайдың адам мен қоғам, білім мен ғылым, дін мен дәстүр, табиғат

пен қоршаған орта, мемлекет пен билік, тіл мен қарым-қатынас туралы айтқан ой-тұжырымдары ғасырлар өтсе де маңызын жоғалтпайды. Өйткені ақынның мұрасы – бүкіл адамзат баласының рухани азығы» - деуі «... келелі ой, өнегелі ұсыныс, көреген білімі арқылы Абайды және оның ұрпаққа мұра болып қалған тәрбиесінің зор құндылықтары мен Абай рухын тану, оның даналық сөздерін бойға сіңіру арқылы елдің ел болатындығын...» басты назарға алады [1].

Абай шығармашылығына қатысты көптеген еңбектер жарық көрген. Зерттеуші ғалымдар ақынның философиялық, тәрбиелік, діни және әлеуметтік көзқарастарын түрлі аспектіде зерттеген.

Абай шығармашылығы жайлы XX ғасырдың басында алашордашылар Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов т.б. алғашқы мақалаларынан бастау алады. Ә.Бөкейхановтың: «Өленderінен көрініп тұрғандай Абай асқан поэтикалық қуаттың иесі, қазақ халқының мақтанышы болды... Оның жылдың төрт мезгіліне арналған жырлары оны Еуропаның атақты ақындарының қатарына қосар еді...» - деуі ақынға берілген тұңғыш әділ баға [2]. А.Байтұрсынов 1913 жылы «Қазақ» газетінде басылған мақаласында: «Одан асқан бұрын-соңды заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ» - деп қазақ даласынан шыққан Абайдың даралығын көрсетеді [3].

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері Абай мұрасына деген қызығушылық ерекше артты. Отандық және ТМД елдерінде абайтану мәселелері әртүрлі контексте қарастырылуда. Абайтану мектебінің қалыптасуы мен дамуына ерекше үлес қосқан М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, Қ.Мұқамедханов, З.Ахметов, М.Мырзахметұлы, Ғ.Есім, Т.Жұртбай т.б. ғалымдардың сүбелі еңбектері абайтану ғылымына жол ашты.

Абайды қазақтың ойшылы, ақыны ретінде батыс мәдениеті кеңістігіне таныту Әуезовтен бастау алса, бүгінгі таңда көптеген зерттеушілер өздерінің түрлі ғылыми зерттеу еңбектері арқылы өз үлестерін қосуда. Міне, бұл ғылыми зерттеулер мен Абай шығармашылығы тың пікірлер қазақ даму мәдени үдерісінде Абай мұрасын зерттеудің өзектілігін дәлелдейді. М.Әуезовтің "Абай жолы" эпопеясы мен ғылыми еңбектері Абай тұлғасын терең танытуға үлкен үлес қосты. Оның 1940 жылдары жазған «Абай Құнанбаев» атты монографиясы ақынның философиялық, ағартушылық, гуманистік қырларын айқындай түседі және бұл ғылыми еңбек қазақ әдебиеттануындағы Абай жайлы алғашқы ғылыми еңбек болып саналады. «Абай – қазақ әдебиетінің жаңа дәуірін ашқан, халықтық поэзияны биік мәдениет үлгілерінің қатарына жеткізген ұлы классик. Оның барлық шығармалары халықты өнер-білімге, мәдениетке шақырды» [4]. М.Әуезов өзінің Абай туралы ғылыми еңбектерінде Абайды тек ақын ретінде ғана емес, қазақ халқының санасын оятқан ағартушы, ойшыл, қоғам қайраткері ретінде таныстырады. М.Әуезов өзінің «Абайтану дәрістерінде» Абай Құнанбаевтың «Интернатта оқып жүр», «Ғылым таппай мақтанба» өленderін талдай отырып, «Абай қазақ даласына, қазақ қоғамына білім мен ғылымның сәулесін шашқан күн болды. Ол өз өленderінде ғылымды бірінші орынға қойды. Ғылымсыз адам да, қоғам да ілгері баспайтынын білді» - деген пікірі тұлға қалыптастырудағы білім мен ғылымның рөлін айқындайды [5].

Ғалымдар М.Мырзахметұлы, З.Ахметов, С.Қирабаев еңбектерінде Абайдың білімге шақыруы мен ғылымды насихаттауы жан-жақты талданған.

Президент Қ.Ж.Тоқаев Абай шығармаларындағы ғылым мен білім тақырыбына талдау жасай отырып, «XXI ғасырдағы ғылымның мақсаты биікке ұмтылу, алысқа құлаш сермеу керек екенін көріп отырмыз. Ол үшін, ең алдымен, білім беру саласын заманға сай дамытуымыз керек... «Педагог мәртебесі туралы» заңның қабылдануы – осы бағыттағы игі бастамалардың бірі» – деп көрсетуі арқылы ақын тұжырымдарының қазір де өзектілігін жоймағандығын, ілгерілеудің негізі – білім мен ғылымда екенін айқындай түседі [1].

Зерттеу әдістері

Абайдың білім мен ғылым туралы ойлары – тұлға қалыптастырудың негізі екенін дәлелдеу үшін зерттеу жұмысын жүргізу барысында сипаттамалы, талдау, жүйелеу, жинақтау, статистикалық зерттеу әдістері қолданылды.

Материалдар және талқылау

Абайдың ғылым мен білім туралы көзқарастары ең алдымен оның 7, 10, 17, 19, 25, 38-қара сөздерінде және «Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр», «Сен де бір кірпіш дүниеге» секілді өлеңдерінде кеңінен көрініс тапқан.

Абайдың көзқарасы бойынша адамды өмірде мақсатқа жеткізетін нәрсе – оқу, білім алу, үнемі ізденіс. Абай өзінің белгілі он жетінші қарасөзінде адам бойындағы жақсы қасиеттер болып табылатын ақыл, қайрат, жүрек үшеуін айтыстырып, осы үшеуі адам бойынан табылар болса, ол адамның қасиетті болатынын баса айтады. Абай айтқан қасиетке ие адам, білім алу, ғылым жолында үнемі ізденіс үстінде болмақ және мұндай қасиеттегі адамдар кедергілердің кілтін табуға тиіс. Өмір сүру кілті де осы аталған білім мен ғылымда жатса керек.

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ер жеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім – деп білімге өзі кеш келсе де, халықты сол білімді мезгілінде алуға, «Білімге сенер заманда, қапы қалып жүрмеуге» шақырады [6,22].

Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба
Ойнап босқа күлуге – дей отырып, ақын адам баласының өзін жітілдіру жолындағы бес асыл іс, яғни көпшіл болуға, бес қас дұшпан іс, яғни өзімшілдік болмауға шақырады. Екі мінезді бір-біріне қарсы қояды, өзімшілдік – қатыгездік, көпшіл – бауырмалдық.

Ғалым болмай немене,
Балалықты қисаңыз,
Болмасаң да ұқсап бақ

Бір ғалымды көрсеңіз – деп «ғалым деген кім?», «ғылым деген немене?» мәселесін көтереді. Адамзатты асыраушы, болашаққа жеткізер де – ғылым екенін өз ойлары арқылы тұжырымдайды [6, 41].

Десек те, Абай өзінің ізденімпаздығы мен еңбегі арқылы екінің бірі игере алмайтын, «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасын» шығыс, батыс, еуропа елдері классиктерінен кем игерген жоқ.

Білімдіден шыққан сөз,
Талаптыға болсын кез.
Нұрын, сырын көруге,
Көкірегінде болсын көз – деуінің астары тереңде жатыр [6, 60]. Абай «білімдіден шыққан сөздің» қадіріне, қасиетіне тоқтала отырып, ол аталған сөзді тек саналы, талапты адам ғана түсіне алатындығын айтып, ойсыз, сөз қадірін түсінбейтіндерді барынша шенеп жазған.

Ақыл да, ашу да жоқ, күлкі де жоқ,
Тулап, қайнап бір жүрек қылады әлек.
Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,
Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек – дей отырып, Абай білім жолында адам бойында қайрат, еңбек, төзім сынды құнды қасиеттердің болуын кеңінен түсіндіреді. Сонымен қатар Абай ақын:

Пайда ойлама, ар ойла,
Талап қыл артық білуге.
Артық ғылым кітапта,
Ерінбей оқып көруге – деп ол мақсат, талпыныс, еңбекті біліммен, білімнің ұшығы кітапта жатқандығын өз ойларымен паш етеді.

Ұлы ақын, ойшыл Абай өзінің 32-қарасөзінде: «Білім-ғылым үйренбекке талап қылушыларға әуелі білмек керек... Әуелі білім-ғылым табылса да, ондай-мұндай істерге жаратар едім деп, дүниенің бір қызықты нәрсесіне керек болар еді деп іздемекке керек... Адамның көңілі шын мейірленсе, білім- ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тез қолға түседі...» - дейді. Осы ой түйіндерінен Абай білім мен ғылымға деген көзқарасын, рухани құндылықтарды алға қойғандығын, білім мен ғылымды үйренуге ұмтылған адам ең алдымен білім мен ғылымды не үшін үйреніп жатқанын түсініп алуы керек екендігін, мақсатсыз білім – ол бос еңбек екенін, ал «Әуелі білім-ғылым табылса да, ондай-мұндай істерге жаратар едім деп, дүниенің бір қызықты нәрсесіне керек болар еді деп іздемекке керек» – дегенде, білім мен ғылымға бір материалдық пайдасы үшін емес, өзінің рухани, адами дамуы үшін ұмытылуы қажеттігін басты назарға алады. «Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тез қолға түседі...» – дей отырып, егер адам шын ниетімен, өзіндік қызығушылығымен білім мен ғылымға ұмтылса, онда білім мен ғылым оған өзі тартылады, оны іздеп табатындығын, адам жүрек тазалығы, рухани мейірімі арқылы білімге оңай жол жеткізе алатындығын санамызға сыналап жеткізеді. Жалпы, адамның рухани жетілуі мен кемелденуінің, тұлға қалыптасуының бір негізі – білім мен ғылымда жатқандығын, адамның жан азығы – білім, ал ғылым – адамдық жолдың бір бөлігі екендігін Абай Құнанбайұлы өзінің философиялық ойлары арқылы

жеткізген. Абайдың бұл ойлары – бүгінгі таңда да өз мазмұнын жоймаған, адамды ойлануға, биік мақсаттарға қол жеткізуге, рухани даму жолына шақыратын ізгі ойлар.

Қорытынды

Қорыта келгенде, Абай мұрасы – тұлға қалыптастыруда, жастарды білім мен ғылымға баулуда өлшеусіз рөл атқаратын рухани қазына. Ақынның өлеңдері мен қарасөздеріндегі білім мен ғылымды терең меңгеруге шақырған үндеулері бүгінгі таңда өз өзектілігін жоғалтқан жоқ және әрбір тұлғаның рухани және интеллектуалдық дамуына жол сілтейді. Президент Қ.Ж.Тоқаев атап өткендей, Абайдың даналық сөздерінің басты миссиясы – ойлану, өзгеге ой салу, мақсатты ұстанымына айналдырып, бойға сіңіру – елдік пен бірлік кепілі болмақ. Сондықтан, бүгінгі ұрпақ Абай шығармаларынан, әсіресе, білім мен ғылымға қатысты ойларынан үлгі алып, рухани азықтанары хақ. Абайдың білім мен ғылым туралы ойларын жеткізу, жеке тұлға бойында білім мен ғылымға құштарлық, қызығушылық туғызу – бүгінгі қоғамымызға лайықты, саналы, рухани, білімді ұрпақ, тұлға дайындау абыройлы іс.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Тоқаев Қ.К. «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан»// www.24.kz. 9 қаңтар, 2020 жыл.
2. Бөкейхан Ә. Абай (Ибрагим) Құнанбаев (Мүнәхиб-Некролог)//«Семипалатинский листок» газеті. 25-27 қараша, 1905.
3. Байтұрсынұлы А. «Қазақтың бас ақыны»//«Қазақ» газеті. №40, 1913.
4. Әуезов М. Абай Құнанбаев: мақалалар мен зерттеулер – Алматы: «Ғылым», 1967. - 389 б.
5. Әуезов М. Абайтану дәрістері. – Алматы: «Рауан» баспасы, 1994.
6. Абай (Ибраһим Құнанбаев). Екі томдық шығармалар жинағы. I том. – Алматы: «Жазушы», 1986.

АБАЙ ІЛІМІ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ҰРПАҚ

Омарова Сабира Баранбаевна,
бастауыш сынып мұғалімі,
С.Сейфуллин атындағы
№80 мектеп-гимназия, Астана қ.

Аңдатпа. *Мақалада қазіргі білім беру жүйесіндегі құндылықтарға бағытталған тәсілдің маңыздылығы қарастырылады. Абай ілімі арқылы заманауи ұрпақ тәрбиесінің мақсаты мен міндеттеріне шолу жасалып, оқушылардың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастырудағы рөлі айқындалады. Сонымен қатар, Абай өлеңдері арқылы сабақтар барысында құндылықтарды іске асыру жолдары, нақты мысалдар мен әдістер арқылы көрсетіледі.*

Түйін сөздер: *құндылықтар, «Цифрлы заман», жаһандану, патриотизм, жасампаздық, педагогикалық оқулар, құзыреттілік.*

Кіріспе

Қазіргі таңда білім беру жүйесіндегі басты міндеттердің бірі – жас ұрпақтың бойында ұлттық құндылықтарды сіңіру арқылы оларды Отанға деген сүйіспеншілікке, елжандылыққа, бірлікке, әділдікке, мейірімділікке, еңбекқорлыққа және жасампаздыққа баулу. Бұл міндеттерді жүзеге асыруда Абай атамыздың ілімін ерекше айтуға болады. Абайдың өлеңі болсын не қара сөзін алсақ та оқушылардың бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға, оларды әлеуметтік бейімделуге және бәсекеге қабілетті болуға дайындауға бағытталған. Сабақ барысында Абайдың ілімін қолдана отырып, оқушылардың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың тиімді құралы болып табылады.

XXI ғасыр – технология мен ақпарат заманы. Қазіргі жастар – цифрлы әлемде еркін жүзетін, жаңа идеяларға ашық, жаһандану кеңістігінде қалыптасып келе жатқан буын. Бірақ бұл мүмкіндіктермен қатар жүр.

Міне, дәл осындай кезеңде Абайдың ілімі – жас ұрпақтың адаспайтын темірқазығы бола алады.

Абай Құнанбайұлы – қазақ халқының рухани биігі, терең ойдың, шексіз парасаттың иесі. Ол артына мол мұра ғана емес, ұрпақ тәрбиесіне бағыт – бағдар болар даналық ілімін қалдырды. Соның бірі – «толық адам» ілімі, яғни адам бойындағы ақыл, жүрек, қайрат үштігінің үйлесімділігі арқылы жетілетін тұлға моделі. Толық адам болу үшін қандай болу керек? Бұл сұрақтың жауабын сонау 19 ғасырдың 40-50-жылдарында Мұхтар Әуезов «Абай жолы» романында [1, 46] көрсете білді.

Заманауи ұрпақ пен Абай ойы арасында ғасырлар жатса да, Абай ілімі өзінің өзектілігін жоғалтқан емес. Қайта бүгінгі буынға қажет құндылықтар Абай мұрасының ішінде нақты айқындалып тұр.

Абай 17-қара сөзінде [2, 103] адам бойында үш негіз – ақыл, жүрек, қайрат үнемі үйлесім табуы тиіс дейді. Бұл үш қасиет біріге отырып, адамды «толық адам» дәрежесіне жеткізеді. Қазіргі таңда да бұл ұғым өз маңызын жойған жоқ. Керісінше, жас ұрпақтың интеллектуалды дамуы (ақыл), рухани тәрбие (жүрек) және әрекетшіл, жауапты болмысы (қайрат) – кез келген табысты тұлғаның негізі.

Бүгінгі қоғамда білімді, бәсекеге қабілетті жас болу жеткіліксіз. Ең бастысы – адам болу, адал болу, әділ болу. Абай: «Адам баласына адам баласының бәрі дос» деп, бірлік пен мейірім идеясын көтереді. Бұл – қазіргі технологиялық, ақпараттық заманда адами қарым-қатынастың суып бара жатқан шағында аса маңызды ой.

Абай жастарды жалқаулықтан, надандықтан, арзан атақ пен мақтаннан сақтандырады. Ол еңбек етуді, терең білімді, адамгершілікті бірінші орынға қойды. Осы ұстанымдар қазіргі жастар үшін де маңызды. Жалған танымалдылық пен бір сәттік даңқ емес, нақты қабілет пен терең мазмұн ғана ұрпақты биікке жетелейді.

Қара сөздерінде Абай адам табиғатын терең талдай отырып, әркім өзін-өзі тәрбиелеуге, жетілдіруге шақырады. Жас ұрпақ осы ойларды жете ұғынып,

өзіне бағыт-бағдар етсе – рухани тұрғыда бай, ұлттық болмысын сақтаған, заманауи азамат ретінде қалыптаспақ.

Зерттеу әдістемесі

Әдебиеттік оқу сабақтарында бұл құндылықтарды қалыптастыру үшін өлеңдер жинағынан, қара сөздерді өткенде оқушы бойында біршама құндылықтар қалыптасады. Және де жоғарыда айтылғандай XXI ғасыр технология мен ақпарат заманы сол үшін тақырыпты ашу белгілі бір заманауи трендтермен байланысты.

- Эмоциялық интеллект «жылы жүрек» көрінісі
- Инклюзивті білім беру (ерекше білім алуды қажет ететін балаларға қолдау көрсету – жанашырлық пен адамгершіліктің көрінісі)
- Әр бала – маңызды қағидасы (мейірімділік пен қамқорлық көрінісі)

Нәтижелер

Күнделікті сабақта Абай ілімін меңгертіп, Абай идеясын әдіс-тәсілдерге тұрақты қолданғанда оқушылардың

1. Көшбасшылық дағдылары қалыптасады
2. Қоғамды басқару дағдылары дамиды
3. Функционалды сауаттылықтары артады
4. Стратегиялы және сыни ойлау үрдісін меңгереді
5. STEM бағыттарындағы жобаларды табысты орындайды

Қорытынды

Қазақ жастары, қазіргі ұрпақ бірігіп, тізе қосып іс қылса – халықтық мақсат сонда орындалады. Ұлтыны, жұртына қызмет қылу – білімнен емес, мінезден. Өз күшіне сенбеген адам да, халық та ешқашан өмір бәйгесін ала алмайды. Қазіргі таңда өскелең ұрпақ озғандарға жету керек, жеткендерімізден озу керек. Дүниенің төріне тырмысқандар,төрден орын алып жатыр. Тырмыспағандар есікте қалып жатыр. Есікте қалмай, төрде болайық. Және де оқушылар Абай идеясын, Алаш ұстанымын және әлемдік үздік ізденістерді, жетістіктерді игеріп, елге қызмет етеді. Заманауи «білім жарысына» түсіп, озық ойлы тұлға болып қалыптасады. Бес асыл іске жақындап, бес дұшпаннан алыстаса, «Толық адам» болары сөзсіз.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Әуезов М. «Абай жолы» роман-эпопея. –Алматы, «Жазушы», 1990. –46 б.

2. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Өлеңдер мен аудармалар, поэмалар, қарасөздер. –Алматы «Жазушы», 2005. –103 б.

3. Тоқаев Қ.К. «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» мақаласы//www.24.kz. 9 қаңтар, 2020 жыл.

АБАЙ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ: ОҚУШЫЛАРДЫҢ РУХАНИ ЖӘНЕ АҚЫЛ-ОЙ ДАМУЫНА ӘСЕРІ

Омарова Шнар Буркатовна,
қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі
Абай атындағы орта мектеп, Қостанай қ.

Аңдатпа. *Бұл мақалада Абай философиясының білім мен тәрбие жүйесіне әсері қарастырылады. Абайдың педагогикалық көзқарастары мен ойлары, оның оқушылардың рухани және ақыл-ой дамуына ықпалы талданады. Зерттеу барысында Абайдың тәрбиелеу мен оқыту принциптері қазіргі заман білім беру жүйесіне қалай сәйкес келетіні анықталады. Мақалада нақты өмірлік мысалдар арқылы Абайдың тәрбие мен білім беру тәсілдерінің оқушыларға қалай әсер ететіні талданады, әсіресе қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында.*

Түйін сөздер*: Абай философиясы, білім, тәрбие, рухани даму, ақыл-ой даму, педагогика*

Кіріспе

Абай Құнанбаевтың философиясы – қазақ халқының рухани және мәдени мұрасының басты бөлігі. Оның ойлары білім мен тәрбиенің адам өміріндегі орнын терең түсініп, оқушылардың рухани және ақыл-ой дамуына үлкен әсер еткен [1]. Абай өз шығармаларында адамды кемелдендіру, оған дұрыс білім беру және тәрбие арқылы адамгершілік қасиеттерін дамыту жайында көптеген маңызды ойлар айтты [1]. Бұл мақалада Абай философиясының білім мен тәрбие мәселелеріне көзқарасы және оның қазіргі білім беру жүйесіне ықпалы қарастырылады [3], [4]. Әсіресе, қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында Абайдың философиясының қолданылуы зерттеледі.

Мақсаты: Абай философиясындағы білім мен тәрбиенің оқушылардың рухани және ақыл-ой дамуына әсерін зерттеу. Бұл жұмыс арқылы Абайдың педагогикалық ойларын бүгінгі білім беру жүйесінде қолданудың мүмкіндіктерін анықтау.

Міндеттері:

- Абайдың білім мен тәрбие туралы көзқарастарын талдау.
- Абайдың шығармаларында білім мен тәрбиенің адам дамуына, дүниетанымына және адамгершілік қасиеттеріне әсерін көрсету.
- Оқушылардың рухани және ақыл-ой дамуына Абайдың философиясындағы негізгі қағидаттардың ықпалын сараптау.
- Абайдың педагогикалық тұжырымдарын қазіргі білім беру жүйесінде қолданудың жолдарын анықтау.
- Абай шығармаларының жастарға беретін тәрбие мен білімге қатысты маңыздылығын зерттеу.

Өзектілігі. Қазақстанның ұлттық білім беру жүйесінде рухани-адамгершілік тәрбиені, сондай-ақ, оқушылардың ақыл-ой қабілеттерін дамыту қазіргі таңда маңызды мәселе болып табылады. Абай Құнанбайұлының философиясы мен педагогикалық көзқарастары осы мәселелерге шешім табуға үлкен мүмкіндік береді [5]. Оның «Білім» мен «Тәрбие» ұғымдарына деген көзқарастары қазіргі заман талаптарына жауап бере алады, [3], [8] өйткені олар жастардың адамгершілігі мен ақыл-ойын жетілдіруге бағытталған.

Әдебиеттерге шолу

Абай Құнанбаевтың педагогикалық көзқарастары, оның философиялық мұрасы жайлы көптеген зерттеулер жазылған. Атап айтқанда, Н.К. Бенашвили, Ж.Т. Жұмабаев [2], С.Ә. Қадыржанов [3] және басқа ғалымдар Абайдың педагогикалық идеяларын зерттеген. Абайдың өз кезеңінде білім беру мен тәрбиеге деген көзқарасы қазіргі заманның сұраныстарына сәйкес келеді. Ол адамның рухани дамуымен қатар, оның ақыл-ойын жетілдіруде маңызды рөл атқарған. Абайдың шығармалары мен философиясы мектептердің тәрбие және оқу процесінде пайдалануға болатын құнды мұра болып табылады [4], [5].

Зерттеу материалдары мен әдістері

Бұл зерттеуде Абайдың философиялық және педагогикалық шығармалары негізінде талдау жүргізілді. Абай шығармашылығын зерттеу үшін қолданылатын негізгі әдіснамалық бағыттар мен тәсілдерді қарастырайық: тарихи-әдеби әдіс**,** филологиялық әдіс**,** психологиялық әдіс [6] болып қарастырылады. Зерттеу барысында Абайдың оқу мен тәрбиеге қатысты ойлары қарастырылып, оның оқушылардың ақыл-ой және рухани дамуына әсері талданды. Зерттеу әдісі ретінде әдебиетке шолу, салыстырмалы талдау және концептуалды талқылау әдістері қолданылды [6].

Нәтижелер

Абайдың философиясындағы білім мен тәрбие туралы ойлары адамның рухани дамуы мен ақыл-ойын жетілдіруге бағытталған. Ол оқу мен тәрбие арқылы адамды адамгершілікке, білімге және ізгілікке тәрбиелеуді мақсат еткен. Абайдың «Адам болам десең, білімді бол» деген сөзі [1] бүгінгі білім беру жүйесінің негізгі қағидасы ретінде қабылданады. Абайдың ілімі қазіргі кезде жастардың рухани байлығын арттыру мен олардың ақыл-ойын дамытуда маңызды рөл атқарады [6].

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында Абайдың философиясы мен педагогикалық идеяларын қолдану оқушылардың ақыл-ой және рухани дамуына зор әсер етеді. Мысалы, біз өз сабақтарымызда Абайдың «Қартайғанымда білім алдым, жас кезімде қателіктер жасағаным» деген ойы арқылы [1] оқушыларға өмір бойы білім алудың маңыздылығын түсіндіремін. Абайдың өлеңдері мен қара сөздері арқылы оқушыларға қазақ халқының мәдениеті мен руханияты туралы білім беріледі.

Оқушыларға Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін оқыту кезінде[1] біз олармен ғылым мен білімнің өмірде қалай маңызды екендігі туралы әңгімелесеміз. Мысалы, бір оқушы, әдетте сабаққа қинала қатысатын, осы өлеңді талқылап, өзін-өзі тәрбиелеуге деген жаңа көзқарас қалыптастырды. Ол өзінің білім алу процесіне деген қызығушылығын арттырып, ғылым мен білімді өміріндегі басты мақсаттарының бірі ретінде қабылдады.

Бұған қоса, Абайдың «Адам болам десең, біліміңді ұшта» деген өсиетін [1] қазақ әдебиетінің басқа шығармаларымен бірге оқыту кезінде, біз оқушылардың бойында білімге деген талпыныс пен білімнің маңыздылығын түсінуге ықпал етеміз. Мысалы, бір оқушымыз өзінің жазған шығармасында

Абайдың сөздерін келтіріп, өз өміріндегі өзгерістерді және білімге деген көзқарасын қалай өзгерткенін түсіндірген болатын. Осылайша, Абайдың философиясы мен педагогикалық көзқарастары оқушылардың жан-жақты дамуына ықпал етеді.

Талқылау

Абайдың философиясында білім мен тәрбие жүйесіне деген көзқарас жан-жақты дамыған [4]. Оның пікірінше, тек оқу жеткіліксіз, тәрбиенің де маңызды рөлі бар. Абай тек қана ғылым мен білімнің қажеттілігін емес, сонымен қатар адамгершілік қасиеттерді дамытуға ерекше назар аударған [7]. Бұл оның көзқарасының қазіргі педагогикалық практикада қолданылуына мүмкіндік береді [8]. Абай философиясының негізінде балаларды тәрбиелеудің өзекті мәселелері қарастырылып, оның қазіргі білім беру жүйесінде қолданылу мүмкіндіктері зерттелді.

Қорытынды

Абайдың философиясы қазіргі білім беру жүйесінде жастарды адамгершілікке тәрбиелеу, ақыл-ойын дамыту үшін маңызды құрал болып табылады [5]. Оның идеялары білім беру мен тәрбие жүйесіне деген көзқарасты кеңейтіп, жас ұрпақтың рухани және моральдық деңгейін көтеруге мүмкіндік береді. Абайдың шығармалары мен ойлары білім беру жүйесінде қолданылатын педагогикалық әдістердің негізі ретінде танылуы тиіс [8]. Қазақ тілі мен әдебиетінің сабақтарында Абай философиясын қолдану оқушылардың ақыл-ойын дамытуға және олардың рухани байлығын арттыруға үлкен ықпал етеді.

Абай Құнанбайұлының қара сөздері – тек қазақ әдебиетінің ғана емес, жалпы адамзаттық философия мен педагогика саласының бай мұрасы [1], [6]. Абайдың қарасөздерінде көтерілген мәселелер адамның рухани дамуы, қоғамның әділеттілігі, білім мен тәрбие, ұлттық бірлік сияқты тақырыптарды қамтиды. Оның қарасөздері бүгінгі күнде де өзекті болып қала береді, себебі, олар адамның ішкі жан дүниесін, моральдық құндылықтарын, қоғамдағы өз орнын табуын терең түсінуге бағыттайды [7]. Абайдың философиясындағы негізгі ойлары – адамның өзін-өзі тануы, моральдық жетілуі, білім мен еңбекке деген құрметі және қоғамға пайдалы болу жолындағы ұмтылысы [1], [4]. Абайдың философиясы мен педагогикалық көзқарастары қазіргі заманғы білім беру жүйесінде маңызды орын алады. Қара сөздер жастарды тәрбиелеудің, олардың рухани және ақыл-ой қабілеттерін дамыту жолында ұстанатын басты қағидаттар [8] болып табылады.

Абайдың қарасөздері қазақ халқына ғана емес, бүкіл әлемге рухани әрі әлеуметтік тұрғыдан маңызды тәрбие құралы болып табылады. Абайдың әрбір сөзі бізге ой салып, жан дүниемізді жетілдіруге, қоғамдағы әділеттілік пен адамгершілікті сақтау жолында әрекет етуге ынталандырады. Осы философиялық мұраның құндылығы қазіргі білім беру мен тәрбиелеу ісінде үлкен ықпал етеді.

.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Құнанбаев А. Шығармалары. – Алматы: «Жазушы», 1986.
2. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: «Мектеп», 1995.
3. Қадыржанов С. Абайдың педагогикалық көзқарастары. – Алматы: «ҚазМУ», 2002.
4. Нұрмаханов Ж. Абай философиясы: адамгершілік және әлеуметтік мәселелер. –Алматы: «Қайнар баспасы», 2011.
5. Жақып Ә. Абайдың педагогикалық көзқарастары. – Алматы: «Рауан баспасы», 2007.
6. Мырзахметұлы, М. Абай: философиялық ойлары. – Алматы: «Қазақ мемлекеттік баспасы», 2000.
7. Райымбеков, Қ. Абайдың қарасөздерінің мәні мен маңызы. –Астана: «Фолиант», 2010.
8. Шәкенова А. Абайдың білім мен тәрбие философиясы. – Алматы: «Білім», 2014.

АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІ МЕН ҚАРА СӨЗДЕРІНДЕГІ ЭМОЦИЯЛАР: КОГНИТИВТІК ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

Раева Асемгуль Жеткергеновна,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
Қадыр Мырза Әлі атындағы
BINOM SCHOOL мектеп-лицейі

Аңдатпа. *Бұл мақалада Абай Құнанбайұлының өлеңдері мен қара сөздеріндегі эмоциялар когнитивтік және психологиялық тұрғыдан қарастырылады. Эмоция – тек көркемдік құрал емес, ақынның ішкі дүниесі мен қоғамға деген көзқарасын бейнелейтін танымдық код. Зерттеу барысында поэтикалық және прозалық мәтіндердегі эмоциялық реңктер, олардың когнитивтік құрылымы мен психологиялық негізі талданады. Сондай-ақ мақалада мектеп оқушыларына арналған сабақ үлгілері мен тапсырмалары ұсынылып, Абай шығармаларын эмоциялық-когнитивтік тұрғыда меңгертудің тиімді жолдары ұсынылады.*

Түйін сөздер: *Абай, эмоция, когнитивтік модель, психология, өлең, қара сөз, мектепте оқыту.*

Кіріспе

Қазақ әдебиетінің алтын діңгегі саналатын Абай Құнанбайұлы шығармалары – адам жанының терең иірімдерін танытатын рухани мұра. Оның поэзиясы мен қара сөздері тек эстетикалық емес, психологиялық-когнитивтік кеңістікті де қамтиды. Бүгінде эмоция когнитивтік ғылымдардың, психолингвистиканың, әдебиеттанудың назарында тұрған күрделі ұғымдардың бірі. Осы тұрғыдан алғанда, Абай шығармаларындағы эмоцияларды тану – тұлғалық, рухани және әлеуметтік дүниетанымды дамытудың маңызды тетігі. Бұл зерттеу — Абай мәтіндеріндегі эмоциялық өрісті танымдық жүйе ретінде түсіндіруді мақсат етеді. Осыған орай, мақаланың мақсаты - Абай Құнанбайұлының өлеңдері мен қара сөздеріндегі

эмоцияларды когнитивтік және психологиялық тұрғыдан талдау арқылы көркем мәтіндегі эмоциялық реңктердің адам санасындағы танымдық үдерістермен байланысын ашу және оны мектеп оқушыларына меңгертудің тиімді жолдарын ұсыну. Осы мақсатқа сәйкес келесі *міндеттерді* шешу көзделді: Абайдың өлеңдері мен қара сөздеріндегі эмоциялардың танымдық және әлеуметтік астарын ашу; эмоцияларды когнитивтік модель негізінде жіктеу және мысалдармен дәлелдеу; Абай шығармаларын эмоциялық тұрғыдан оқытудың әдістемелік жолдарын ұсыну; мектеп оқушыларына арналған нақты тапсырмалар мен сабақ үлгілерін дайындау.

Әдебиеттерге шолу

Мақаланы жазуда ғылыми және әдеби еңбектер пайдаланылды. Ж.А. Манкееваның «Тіл мәдениеті және ұлттық менталитет», Р.Сыздықтың «Сөз құдыреті», Абай Құнанбайұлының «Қара сөздер» жинағы, Абай Құнанбайұлының өлеңдер жинағы және т.б. еңбектері маңызды дереккөздер болды. Тақырыпты ашуға қатысты басқа да еңбектер қарастырылды. Мәселен, Абайдың лирикалық туындыларында адам сезімі көрініс тауып жатады. Ал, Эмоция – адамның ішкі жан дүниесінің көрінісі ғана емес, танымдық процестің маңызды элементі. Бұл ұғым когнитивтік лингвистика, психология және әдебиеттану ғылымдарында кеңінен зерттеліп келеді.

Зертеуші Людвика Вежбицкая (1996): “Эмоциялар – тіл мен мәдениет арқылы кодталған универсалды категория. Олар ұлттық дүниетанымды тануда негізгі рөл атқарады” деп жазады [1]. Ол эмоцияны тілдік концепт ретінде зерттеп, әр тілде эмоция атауларының мәдени-ұлттық ерекшелігі болатынын дәлелдеген. Сонымен қатар Джордж Лакофф пен Марк Джонсон (2004) өз зерттеулерінде:“Адам эмоцияны тек сезінбейді, оны ұғым ретінде метафора арқылы таниды”[2]. Олар эмоцияны концептуалды метафоралар арқылы тану – когнитивтік модельдің негізін құрайтынын айтады. Мысалы, “ашу – ыстық бу”, “қайғы – қара бұлт” деген метафоралар адамның ішкі күйін бейнелеуге көмектеседі. Ричард Лазарус (1991): “Эмоция — когнитивтік бағалау процесінен туындайтын психологиялық реакция” деген. Ол эмоцияны сыртқы жағдайға адамның ішкі бағалауы ретінде түсіндіреді. Мысалы, адам бір оқиғаны қауіп немесе әділетсіздік деп бағаласа, ашу эмоциясы туындайды [3]. Дэвид Майерс (2003): “Эмоция – мотивация мен мінез-құлықтың қозғаушы күші” екенін айта отырып, оның әлеуметтік бейімделуге әсер ететінін көрсетеді.

Отандық зерттеулер бойынша ғалым Г. Смағұлова (2010) эмоция атауларының ұлттық-мәдени коннотациясын қарастырып, тіл арқылы эмоцияны тану мен жеткізу ұлттық дүниетанымға тәуелді екенін көрсетеді [4]. Ғалым Ж. Манкеева (2008): “Эмоция – ұлттық менталитеттің тілімен тікелей байланысты, ол көркем мәтінде вербалды, метафоралық, синтаксистік деңгейлерде көрініс табады” дейді [5]. Р. Сыздық Абайдың тіл өрнегі мен ойлау жүйесінде ішкі сезім мен логикалық тұжырымның үндестігін көрсете отырып, оның философиялық поэзиясында эмоция мен таным тығыз байланыста екенін атап өтеді [6]. Демек, Абай шығармаларындағы эмоцияны зерттеу когнитивтік ғылымдармен тығыз байланысты.

Зерттеу әдістері

Зерттеу жұмысы когнитивтік лингвистика, психолингвистика және әдеби талдау әдістеріне сүйенеді. Қолданылған әдістер: мәтін талдауы (өлеңдер мен қара сөздер); эмоция типологиясын анықтау (мұң, ашу, махаббат, үміт т.б.); когнитивтік модель құру (эмоция – себеп – метафоралық бейне); мектеп сабақтарында бақылау әдісі (интеграцияланған тапсырмалар қолдану).

Зерттеу материалдары мен нәтижелер

Абай поэзиясы мен прозасы — эмоцияны концептуализациялаудың шебер үлгісі. Ақын эмоцияны тек сезім емес, таным объектісі ретінде суреттейді. Қара сөздеріндегі «жан қайғысы», «ақыл күйзелісі» сияқты ұғымдар когнитивтік-рефлексивтік эмоция түріне жатады. Абай шығармаларында эмоциялар метафоралар арқылы бейнеленеді: «Көңіл – құс», «Ой – теңіз», «Жүрек – айна». Бұл поэтикалық құрылымдар эмоцияның таным арқылы сөзге айналуының дәлелі. Оқушының эмоциялық интеллектін дамыту үшін осы бейнелерді талдау тиімді.

Мектеп оқушыларына арналған нақты тапсырма үлгілері

1. «Эмоция картасы». Мақсаты: Өлеңдегі эмоцияны анықтау және талдау.

Тапсырма: Абай өлеңін оқып, онда қандай эмоция басым екенін табу; эмоцияны түрлі түспен немесе символмен белгілеу; эмоция себептерін анықтау және өз сезімімен салыстыру.

2. «Қара сөздердегі жан күйі» тапсырмасы. Мақсаты: Абай прозасындағы эмоцияларды логикалық кесте түрінде көрсету Тапсырма: қарасөзден үзінді таңдап, негізгі эмоцияны анықтау;

Сол эмоцияның психологиялық себебі мен авторлық көзқарасын түсіндіру.

3. «Абайдың ішкі үні» рөлдік тапсырма. Мақсаты: Оқушы өзін Абай рөлінде елестетіп, ішкі эмоциялық күйді сипаттау Тапсырма: «Егер мен Абай болсам...» деген тақырыпта ішкі монолог жазу (3–5 сөйлем).

4. Интеграцияланған сабақ тақырыбы: Абайдың «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңіндегі тыныштық эмоциясы. Мақсаты: Эмпатияны, эстетикалық сезімді дамыту. Тапсырма: Өлең мазмұны бойынша эмоциялық диаграмма құру; табиғат пен ішкі күй байланысын талдау.

Қорытынды

Абай шығармаларындағы эмоциялар — оның ішкі дүниесінің, философиялық көзқарасының, ұлттық болмысты сезінуінің көрінісі. Бұл эмоциялар жай сезім емес, танымдық, моралдық және психологиялық құрылым ретінде көрінеді. Мектептегі әдебиет сабақтарында Абай эмоцияларын когнитивтік модель арқылы түсіндіру оқушыны терең сезінуге, ойлануға және өзіндік пікір айтуға баулиды. Сондықтан Абай поэзиясы мен қара сөздерін эмоция тұрғысынан талдау — тұлғалық дамуға бастар жол.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Вежбицкая А. Язык. Культура. Познание. - М.: «Русские словари»,
1996.
Лакофф Дж., Джонсон М. Метафоры, которыми мы живем. — М.:
Эксмо, 2004.
2. Lazarus R. Emotion and Adaptation. - New York: «Oxford University Press», 1991.
3. Майерс Д. Социальная психология. - СПб.: «Питер», 2003.
4. Смағұлова Г.Н. Тілдегі мәдени коннотациялар. - Алматы: «Ғылым»,
2010
5. Манкеева Ж.А. Тіл мәдениеті және ұлттық менталитет. — Алматы:
«Қазақ университеті», 2008
6. Сыздық Р. Сөз құдіреті. - Алматы: «Санат», 1997.
7. Құнанбайұлы А. Қара сөздер. - Алматы: «Жазушы», 2006.
8. Құнанбайұлы А. Өленděр жинағы. - Алматы: «Ана тілі», 1995.

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЭЛЕКТРОНДЫ ПЛАТФОРМАЛАР, ОЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

Резуанова Г.К., *ф.ғ.к., доцент,*
Әкімжан Ж., *қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 4-курс студенті,*
Астана халықаралық университеті

Аңдатпа. *Бұл мақалада білім берудің электронды платформалары, соның ішінде қазақ тілін оқытуға байланысты электронды платформаларға сараптама жасалып, авторлар өз электрондық платормасын ұсынады. Ол платорманың артықшылығын дәлелдеуге тырысады. Және инновациялық технологиялардың қазақ тілін оқытудағы рөлі жайында сөз қозғайды.*

Түйінді сөздер: *электронды платформа, білім беру ресурстары, технология, әдіс-тәсілдер*

Кіріспе

Технология және жаңашылдық. Берілген екі термин де қазіргі таңда кеңінен қолданыс тауып кледі. Бұл терминдер білім беру жүйесінде де кеңінен таралуда. Негізінен алғанда, жаңашылдық «инновация» сөзінің баламасы. Ал «инновация» – латынның «novus» жаңалық және «in» енгізу деген сөзінен алынған термин, оның қазақша аудармасы «жаңару, жаңалық, өзгеру, жағалықтың ішінде болу» деген мағынаны білдіреді [1]. «Технология» гректің «teche» - өнер, шеберлік және «logos» - ғылым деген сөзінен шыққан, яғни «шеберлік туралы ғылым» деген мағынаны білдіретін термин [1]. Қазіргі кезде екеуін біріктіріп «инновациялық технологиялар» деп қолдануды жиі

ұшыратамыз. Себебі білім беру саласында оқыту, білім беру әдістерін үнемі дамып, жетілдіріп, уақыт талабына сай жаңартып отыру әбден қажет. Яғни инновациялық технология қажеттіліктен туындаған тіркес.

Қазіргі замандағы оқыту-тәрбиелеу жұмыстарын жүргізу кезінде, білім беру процесінде жаңартылған, яғни инновациялық технологияларды пайдалану әртүрлі деңгейдегі нәтижелер алуға көмектесуде деп сенімді түрде айта аламыз. Себебі, заманауи техника мен технологиялар, әдіс-тәсілдер білім алушылардың білімге деген құштарлығын арттырып, ойлау қабілеттерін, сыни ой-пікір білдіруге, тілдік дағдыларын жетілдіруге септігін тигізіп отыр. Инновациялық технологиялар оқытушылар үшін де және оқушылар үшін де маңызды.

«Оқушылардың білімін, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру үшін оқытуды ең бірінші оқушылардың неге қызығатынын анықтап алып, содан соң бастау керек» [2], -деп белгілі педагог Ш.А. Амонашвили айтқандай, сабақты жүргізбес бұрын сабақ жоспарын құруда педагог тек жалпы сыныптың жас ерекшелігін ескеріп қана қоймай, әр оқушының жеке ерекшелігін, ойлау, материалды қабылдау қабілетін саралап, қай жерде қандай әдісті немесе тәсілді қолдану қажеттігін жобалап алғаны жөн. Қазіргі заман талабына сай оқушыларға білім беру үшін, ең алдымен, білім алушылардың ойлау, көру, есту қабілеттеріне әсер ететін инновациялық технологияларды таңдауы және қолдануы маңызды. Оқытушы сабақ барысында бір немесе бірнеше технологияны қолдануға толық мүмкіншілігі бар. Ол сабақтың күрделілігі мен маңыздылығына тікелей байланысты.

Зерттеулер мен зерттеу әдістері

Еліміздің білім беру жүйесі қазіргі таңда жаңа технологиялармен толықтырылып, үлкен жетістіктерге жету жолында. Оқыту жүйесіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу арқылы білім беру процесінің деңгейі көтеріліп, болашаққа икемді, заман талабына сай өскелең ұрпақ тәрбиеленуде.

Қазіргі таңдағы ең ауқымды және басты назарды алып тұрған ең үлкен қоғамдық-әлеуметтік мәселелердің бірі – ана тілімізде қоғам жастарының ойын ашық жеткізе алмауы. Осы мәселені шешу жолында жалпы орта білім беру мектептерінде, жоғарғы оқу орындарында бірнеше іс-шара жүргізіліп, алдағы уақытқа көптеген жұмыстар жүргізілуі тиіс. Сондай маңызды шаралардың бірі мектеп қабырғалары және білім беру мекемелері қолдана алатын жаңа технологияларға сүйенген құрылғылар мен көмекші білім беру ресурстарын ойлап табу. Себебі «оқу үдерісінде білім алушылардың білім, білік, дағды әрекеттерін, сондай-ақ, еліміздің ертеңі – жас ұрпаққа білім мен тәрбие беріп қана қоймай, олардың өзінің туған тарихы мен тілін құрмет ететін, атамекенін ардақтайтын, әдет-ғұрпын сүйетін азамат болып қалыптасуын мақсат ететін тапсырмалар қажет» [3]. Сол себептен де ондай ойлап табылған және жаңадан әзірленген құрылғы, құрал, мобильдік құрылғылардағы қосымшалардың көмегімен көзбен көру және есту арқылы балалардың жадында сақталатын материалдарды ұсыну қажет. Сол арқылы жас жеткіншектердің оқу-білімге деген қызығушылығын оята аламыз.

Әсіресе, жастардың, білім алушылардың ана тілімізге деген қызығушылығын оянтып, ана тіліміздің сапасы мен мәртебесін арттыра аламыз.

Дамыған заманның жаңа технологиялары дегеніміз белгілі бір нақтыланып қойылған мақсаттың жүзеге асу формасы. Яғни, белгіленген педагогикалық іс-әрекеттің қолданыста жүзеге асатын нақты жобасы. Ол дегеніміз, педагогикалық нақтыланған жүйе – педагогикалық әрекеттің технология негізі. Ал, педагогикалық әрекеттің технологиясы белгіленген нәтижеге жетудің нақты әрі тиімді жолдарын нұсқайды.

Жалпы, технология идеясы жаңа ұғым емес. Оқыту үдерісін технологияландыру туралы пікірді осыдан 400 жыл бұрын Я.А. Коменский айтқан. Оның айтуынша нені үйретсе де, нені оқытса да оқу үдерісі табыссыз болмауы керек [4]. Білім берудің жаңа құралдары арқылы алынған нәтижені білім беру саласына енгізу және сол нәтижеге көмектесетін әдістер іздестіру, тапқан әдістердің қолдану ерекшеліктерін табу өте маңызды.

«Білім берудегі технология» термині ең алғаш рет АҚШ-та XXI ғасырдың 30-шы жылдары пайда болды. Бұл терминнің пайда болу себебі жаңарған техникалық құралдарды пайдаланып білім беру әдісі еді. Осы әдіс арқылы білім беру жолында техниканы пайдалану үдерісі артты. Техника мен технология дамыған жаһандану заманында оқу үдерісін ақпараттық-коммуникативтік технологиясыз елестету мүмкін емес. Себебі гипербелсенді ұрпақ белең алып отырған бүгінгі таңда оқушыларды тек оқулық, дәптер, қалам, тақтамен жұмыс істету мүмкін емес. Тіпті бір сабақта бір ғана технология немесе бір ғана әдіспен сабақ өткізіп, білім алушы назарын оқу процесіне аударып, білім беру қиын. Сол себепті мұғалім бір сабақта техниканың көмегімен түрлі ойын элементтерін, түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануына тура келеді. Оқушылар да соған бейімделіп алған сыңайлы. Әрине, бүгінгі таңда оның қаншалықты дұрыс-бұрыстығы жайлы ғалымдар мен педагогтер арасында түрлі пікірлер туындап, қызу пікірталастар да жүріп жатқаны белгілі. Техника мен технология дамыған бүгінгі күні білім алушылардың еске сақтау қабілеттері нашарлап бара жатқандығы да жасырын емес. Ол ақпараттар ағынының молдығынан да болуы ықтимал.

Еске сақтау қабілетін арттыру бойынша әр пәннің ұстазы белгілі бір жұмыс түрлерін жүргізуі керек-ақ. Мәселен, қазақ тілін оқытуда әр тақырыпқа қатысты игертілетін жаңа сөздермен жұмысты жақсарту талап етіледі. Зерттеушілердің пікірінше, жаңа сөздер әр жиырма минуттан соң, одан кейін бір сағаттан және сегіз сағаттан кейін қайталанып отыруы тиіс. Мұндағы біріншісі сабақтың басында меңгертілген жаңа сөз 20 минут өткен соң жаттығу ішінде берілуі немесе сабақтың аяғында сұралуы қажет. Ал екіншісі, яғни бір сағаттан кейін деп тұрғаны оқушының өздігінен қайталауы, 8 сағат өткен соң үй жұмысын орындау барысында қолдануы керек. Сол сияқты жаңа сөздер 24 сағаттан соң қайталануы қажет екен. Бұл дегеніміз ертеңінде өтілетін сабақта қайра қолдану арқылы оқушы жадында сол сөзді бекіту. Ал ұзақ мерзімге есте сақтап қалу үшін 20 минуттан кейін; 1 күннен соң; 2-3 аптадан кейін және 2-3 айдан соң қайталап отыру қажет.

Цифрлық қоғам жағдайында оқушылар жаңа форматтағы оқыту

тәсілдерін қажет етуде. Себебі тұлғаға бағдарланған оқыту негізінде кейбір оқушылардың аудиал, ал енді кей оқушылардың визуал екендігі, яғни кейбір оқушылар материалдарды тыңдап түсінсе, енді біреулері көру арқылы жақсы қабылдайтыны анықталып отыр. Сол себептен де қазіргі білім беру үрдісінде аудио материалдармен қатар бейнематериалдардың, презентациялардың да қолданылуы қажет екендігі дәлелденген факті. Дегенмен де мұғалімдердің көпшілігі визуалды, интерактивті, ойын элементтері бар әдістердің, әрине, анағұрлым тиімді екендігін айтуда. Сол себептен де сабақ беру барысында цифрлық ресурстарды, соның ішінде пәнді оқытуға көмекші болатын электронды платформаларды қолданған жөн. Инновациялық оқыту тәсілдер, жасанды интеллект, электронды платформалар қазақ тілін меңгертудің басты құралына айналуда. Бұл тәсілдер оқыту үрдісін жандандырып, тіл үйренуді жеңіл әрі қызықты етеді. Интерактивті әдістердің арқасында оқушылардың арасында ынтымақтастық орнап, білімді тиімді игеру ықтималдығы жоғарылауда. Қазіргі таңдағы білім беру ұжымдарында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды әрі қарай жетілдіру, дамыту және оны қолданысқа енгізу процесі қарынды жүруде. Әртүрлі білім беру технологияларын жетілдіруде сонымен қатар тәуелсіз білім беру құралдарын және сервистерді, ақпараттандыратын орталарды дамыту үшін әр ұстаз өз үлесін қосып, белгілі бір шағын нәтижелер көрсетуде.

Материалдар мен әдебиеттерге шолу

Қазіргі кезде қазақстандық білім беруде қазақ тілін үйренуге арналған әр түрлі курстар, электронды платформалар, мобильді қосымшалар бар. Ондай электрондық платформалар қатарына BilimLand, «Дарын.online», Abai.institute, Soyle.kz, Tilqural.kz, Kazneb.kz және тағы басқа платформаларды жатқызуға болады. Осылардың ішінде BilimLand тек қазақ тілін оқытуға емес, жалпы орта білім беру бағдардамасындағы барлық пәндерден деңгей бойынша тапсырмалар бере отырып, оқушылардың жетістіктерін бақылайды. Ал «Дарын.online» платформасы емтихандарға дайындалу үшін жасанды интеллектіні пайдаланады. Жоғарыда көрсетілген электронды платформалардың бәрі де тіл үйренуге қызмет етеді, алайда әрқайсының кемшін тұстары да жоқ емес. Мәселен, Abai.institute электронды платформасы да қазақ тілін үйрену, қазақ мәдениеті, дәстүрі мен тарихын білуге арналған. Ол оффлайн сыныптар, жаңалықтар, кітапхана, форум, қазақша үйрену, елтаным, медиа сынды 7 бөліктен тұрады. Қазақша үйрену грамматикалық және тематикалық курстар, сұқбаттар, фразалар деп аталатын 4 бөліктен тұрады. Портал тек қазақ тілін емес, ағылшын, неміс, француз, орыс, түрік, парсы тілдерінде де қолжетімді. Soyle.kz порталы 6 бөлімнен тұрады, 6 деңгейге бөлінген, әр деңгей 10 сабақтан тұрып, қазақ тілін ән арқылы жеңіл үйретуге арналған. Алайда, онда берілген бейнефильмдер кімге арналғаны және фильм бойынша берілетін тапсырмаларында не үшін ол сөйлемдер ұсынылатыны түсініксіз. Сол сияқты мәтіндер жинағында Том Соэр, Астрид Линдгрен сияқты шетел жазушыларының шығармаларынан алынған, ұлттық код сақталмаған. Қазақ тілінде 25 дауыссыз дыбыс болғанмен, электронды платформаның «Грамматикалық курстар» бөлімінде

дауыссыз дыбыстардың 18 түрі ғана көрсетілген. Міне, осы сияқты электронды платформалардың өз кемшілігі бар. Немесе біршама жақсы деген BilimLand платформасы алғаш ашылған кезде мұғалімдер мен білім алушылар үшін қаншама тәп-тәуір дүниелермен танылып еді (және бұл бірден-бір аяғына дейін ойластырылған, әр пәнді оқытуға арналған білім материалдары қызғылықты ресурс), өкінішке орай, соңғы кезде оған мұғалімдер де, оқушылар да дұрыс кіре қоймайтын болды. Бұл ол платформаның қызықсыз болып қалғанынан емес, оның төлемақылы болып кетуінен туындап отырған мәселе. Оқу-ағарту министрлігі осы ресурстың тегін болуын қолға алса, білім беру ісімен айналысушы мамандар да, пән мұғалімдері де, білім алушылар да біраз нәтижеге қол жеткізер еді. Ондай мүмкіндіктер болмағандықтан, мектеп, арнаулы оқу орны мұғалімдері Google, Classroom сияқты платформаларды қолдануда. Бұлардың да бәрі бірдей көңілден шыға бермейтінін де айтуымыз керек. Мәселен, мобильді аудармашы (Googl, яндекс переводчик) қазақ тілінде берілген мәтінді немесе керісінше, басқа тілде берілген мәтінді қазақ тіліне әркезде дәл, дұрыс аудара бермейді. Кейде ондай аудармаларда тіпті ой жүйелігі сақталмауы былай тұрсын, сөйлемдер қате құрылымданып, түсініксіз болып шығатын кездері де болады.

Педагогтер қауымы Kahoot, Quizlet, Wordwall, LearningApps, ThingLink, т.б. сервистер арқылы тақырыпқа байланысты ойындар мен тапсырмалар әзірлеп сабақтарын түрлендіруге тырысуда. Алайда педагогтер қауымы жиі қолданатын Wordwaal, Learining Apps сияқты қосымшалардың бәрі де ағылшын немесе орыс тілді. Дегенмен де мұғалімдер сол қосымшаларды пайдаланып, соның негізінде сабақта қолдануға болатын қазақша ойын элементтерін әзірлеп уақыттарын кетіріп жатады. Бұл қазақстандық білім берудің электронды платформаларының тапшылығын көрсетеді.

Соңғы кезде «Ustudy.kz.» деген атаумен керемет стартап пайда болды, ол оқу үшін жаңа нәрселерді ойлап табу мақсатында жасанды интеллектіні қолданады. Олардың «ReaktED» платформасы мұғалімдерге жасанды интеллект арқылы онлайн курстар әзірлеуге және жүргізуге көмектеседі.

Қорытынды және ұсыныстар

Заман талабына сай ақпараттық технологиялардың цифрлануына байланысты жасанды иннтелектімен ұштасатын түрлі жүйелер күнделікті өмір мен адами еңбектің түрлі салаларында қолдану аясы күннен-күнге қарқынды түрде кеңейіп келеді. Сол дамыған техологиялардың ішінде адам мен компьютер арасындағы интерактивті байланысты қамтамасыз ететін чат-боттар ерекше назарға ие болуда. Олар жылдам жауап беру мен автоматтандырылған ақпараттарға негізделе құралғандықтан, білім беру саласында ерекше сұранысқа ие болуы мүмкін. Ұстаздар мен білім алушылардың сұранысын ескере отырып, қазақ тілді контенттерді көбейту қажеттігі әлі де болса бар екенін айтуымыз қажет.

Психологиялық-педагогикалық талаптарды ескере келе және әдістемелік идеяларды ой елегінен өткізе отырып, қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқыту кезінде қолданатын әдіс-тәсілдер бүгінгі заман талабына сай білім беру ісіне енгізілуі қажет. Оқушының бойына ұлттық құндылықты дарытатын

негізгі пән ретінде қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінде әр сабақ заман талабына сай өз деңгейінде, дұрыс бағытта пайдалы әрі ұлттық рухты қалыптастыратын ақпарат берілуі тиіс.

Пайдаланған әдебиеттер

1 Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында жаңа технологиялардың элементтерін қолдану // Infolesson.kz. – URL: https://infolesson.kz/… (қол жеткізу күні: 12.05.2025).

2 Гуманно-личностная технология Ш.А. Амонашвили // Infolesson.kz. – URL: https://infolesson.kz/… (қол жеткізу күні: 12.05.2025).

3 Қазақ тілін оқытуда қолданылатын инновациялық технологиялар // Tilalemi.kz. – URL: https://tilalemi.kz/… (қол жеткізу күні: 12.05.2025).

4 Коменский, Я.А. Великая дидактика / Я.А. Коменский. – СПб., 1875. – 264 с.

АБАЙДЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАСТАРҒА, ҚОҒАМҒА ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНЕ ЫҚПАЛЫ

Сагидолданова Нурлан Сериковна,
бастауыш сынып мұғалімі,
Тұздыбастау ауылы №13 ЖОББМ,
Алматы облысы Талғар ауданы

Аңдатпа. *Бұл мақалада қазақтың ұлы ақыны әрі ойшылы Абай Құнанбайұлының шығармаларында көрініс табатын рухани-адамгершілік, тәрбиелік және қоғамдық құндылықтар мәселелері жалпы сипатта қарастырылады. Автор Абай мұрасының қазіргі қоғамдағы жалпы рөліне назар аудара отырып, оның идеяларының жастардың дүниетанымына ықпалы мен тәрбиелік әлеуетін сипаттауға ұмтылады. Атап айтқанда, білім, еңбек, ар-ождан, адамгершілік, әділет сынды ұғымдардың қазіргі жас ұрпақтың құндылықтық бағдарларымен үндестігі мен өзектілігі атап өтіледі. Сондай-ақ мақалада Абайдың педагогикалық көзқарастары мен адам тәрбиесі туралы ойларының бүгінгі білім беру мазмұнымен қаншалықты үйлесетіні туралы жалпы шолу беріледі. Абай шығармалары ұлттық идея мен қоғамдық сананың қалыптасуындағы рөлі жағынан қарастырылып, оның мұрасының қазіргі заман талабына сай мәдени-рухани мәні ашылады. Бұл мақалада нақты ғылыми тұжырымдардан гөрі идеялық бағдарлар мен ойтолғамдар алдыңғы қатарға шығады. Автор оқырманды Абай шығармашылығына бүгінгі көзқараспен қарап, оның идеяларынан қазіргі қоғамға қажет мағына іздеуге шақырады.*

Түйін сөздер: *Абай Құнанбайұлы, жастар, тәрбие, білім, руханият, қоғам, ұлттық идея, толық адам, мораль, педагогика.*

Кіріспе

Абай Құнанбайұлы – қазақ халқының рухани көсемі, ұлы ойшыл, ақын әрі ағартушы. Оның шығармашылығы – адамзаттық құндылықтар

мен ұлттық мұраның үйлесімді тоғысы. Абайдың философиялық көзқарастары, өмірлік ұстанымдары мен тәрбиелік идеялары ғасырлар бойы ұлттың рухани дамуына

бағыт-бағдар беріп келеді. Ақынның қара сөздері мен өлеңдері – тек әдеби мұра ғана емес, сонымен қатар ұлттық сананың оянуына, ізгілік пен парасаттылықтың қалыптасуына ықпал ететін рухани құндылықтар жиынтығы.

Қазіргі жаһандану дәуірінде Абай еңбектерін жастар тәрбиесіне, қоғамдық сананы жаңғыртуға және білім беру жүйесіне жүйелі түрде енгізудің маңызы арта түсуде. Оның шығармаларында көтерілген мәселелер – адамның ішкі жан дүниесін жетілдіру, білімге ұмтылу, еңбек ету, ар-ожданды сақтау – бүгінгі заман талабына сай өзекті бола түсуде. Осы тұрғыдан алғанда, Абай мұрасы тек тарихи жәдігер емес, ол – бүгін мен болашаққа бағдар беретін рухани темірқазық.

Бұл мақалада Абай шығармаларының қазіргі жастарға, қоғамға және білім беру жүйесіне тигізетін ықпалы жан-жақты қарастырылады. Сондай-ақ, оның идеялары мен адамгершілік ұстанымдарының қазіргі заманмен үндестігі, жастардың дүниетанымына әсері және білім мазмұнына ықпалдасу мүмкіндіктері сараланады. Зерттеу нәтижелері Абай мұрасын жас ұрпаққа тиімді жеткізудің жолдарын ұсынуға бағытталған.

Әдебиеттерге шолу

Абай Құнанбайұлының шығармашылығы – қазақ халқының рухани мұрасының алтын қазынасы ретінде сан ғасырдан бері ғылыми зерттеу объектісі болып келеді. Абайды тану, оның философиялық, поэтикалық, педагогикалық және әлеуметтік идеяларын ұғыну – тек әдебиеттанушылар мен филологтардың ғана емес, жалпы қоғамтанушылар мен педагог-зерттеушілердің де басты назарында.

Абай мұрасын алғаш жүйелі түрде ғылыми тұрғыдан зерттеп, көпшілікке кеңінен танытқан тұлға – Мұхтар Әуезов болды. Оның «Абай жолы» романы тек көркем шығарма ғана емес, сонымен қатар тарихи-философиялық пайымдауларға толы, Абай әлемін терең ашатын энциклопедиялық туынды саналады. Сонымен бірге Әуезовтің Абай туралы ғылыми мақалалары мен зерттеулері де оның көзқарастарын түсінуге негіз болады [1, 34]. Әуезов Абайды жаңа дәуірдің, жаңа адамзаттық ойдың жаршысы ретінде сипаттайды.

Абай шығармашылығын әдеби-теориялық және эстетикалық тұрғыдан зерттеген ірі ғалымдардың бірі – Зейнолла Ахметов. Оның «Абайдың ақындық әлемі» атты еңбегі ақынның өлең құрылымы, бейнелеу құралдары, мазмұн мен пішіннің үйлесімділігі сынды аспектілерге терең талдау жасайды. З.Ахметов Абайдың әрбір сөзінің салмағына, көркемдік қуатына назар аударады және оны қазақ поэзиясының жаңа сапалық деңгейге көтерілуімен байланыстырады [2, 48].

Абайдың тілі мен стиліне терең үңілген ғалым – Рәбиға Сыздық. Оның «Абайдың сөз өрнегі» атты зерттеуінде ақын тілінің ұлттық сипатқа негізделген ерекше өрнегі мен шешендік дәстүрмен байланысы дәлелді түрде ашылады. Ғалым Абай тілінің жаңа мағыналар мен ұғымдарды қалыптастыруда рөлі зор екенін айта отырып, қазіргі қазақ әдеби тілінің дамуындағы орнына тоқталады [3, 51].

Абай философиясын зерттеуде Мекемтас Мырзахметұлының еңбектері ерекше орын алады. Оның «Абай философиясы» атты еңбегінде ақынның рухани-этикалық ұстанымдары, исламдық ой-сана мен жаратылыстану ғылымына деген қызығушылығы, «толық адам» концепциясы кеңінен талданады. Автор Абай ойының негізінде адамгершілік, әділеттілік, еңбекқорлық секілді құндылықтардың жатқанын дәлелдейді және оны қазіргі қоғаммен сабақтастырады [4, 63].

Білім беру жүйесінде Абай шығармаларын қолдану мәселесіне қатысты соңғы жылдары арнайы әдістемелік құралдар жарық көрді. ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылы ұсынған «Абай шығармалары бойынша білім беру бағдарламасы» жалпы орта білім беруде Абай мұрасын тиімді оқыту жолдарын көрсетеді. Онда оқушылардың рухани дамуына әсер ету, сыни ойлауын қалыптастыру және ұлттық сана-сезімін арттыру үшін Абайдың идеяларын қалай қолдануға болатыны нақты ұсыныстармен берілген [5, 11].

Сондай-ақ, «Абай» энциклопедиясы – ақын туралы барлық саланы қамтитын негізгі ғылыми көмекші құралдардың бірі. Онда Абайдың өмірбаяны, шығармашылығы, тарихи-мәдени контекст, шығармаларына қатысты терминдер мен ұғымдар жүйеленген [6, 22]. Бұл энциклопедия тек студенттер мен зерттеушілер үшін ғана емес, жалпы көпшілік оқырманға арналған құнды еңбек.

Жоғарыда аталған әдебиеттер Абайдың әдеби, тілдік, философиялық және педагогикалық мұрасын кең ауқымда саралауға мүмкіндік береді. Дегенмен, оның қазіргі жастардың санасына тигізер нақты ықпалы, қоғамдағы рөлі мен білім беру жүйесіне интеграциялану мүмкіндіктері – зерттеуді қажет ететін өзекті бағыттардың бірі болып қала бермек. Осы мақалада аталған мәселе контекстінде Абай шығармаларын талдауға және оны қазіргі заман жастарына жақындатуға ұмтылыс жасалды.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Абай Құнанбайұлының шығармаларының қазіргі жастарға, қоғамға және білім беру жүйесіне ықпалын талдауға бағытталған бұл зерттеу сапалық әдістерге негізделіп құрылды. Жұмыстың теориялық сипатына сәйкес, эмпирикалық деректер жинау орнына мәтіндік және интерпретациялық талдау тәсілдері қолданылды. Бұл әдістер зерттелетін тақырыпты жан-жақты, терең әрі контекстуалды түрде ашуға мүмкіндік береді.

Зерттеудің алғашқы кезеңінде Абайдың негізгі шығармалары – «Қара сөздер» мен поэзиялық туындылары мазмұндық тұрғыда жүйеленіп, олардың негізгі идеялық өзегі анықталды. Атап айтқанда, «Толық адам» концепциясы, еңбек пен ғылым туралы ойлары, діни-этикалық көзқарастары, ар-ождан, әділет, ұлттық сана және тәрбие мәселелері нақты тақырыптық блоктар ретінде бөлініп алынды. Әр блок шеңберінде Абайдың ойларының ішкі құрылымы, логикасы мен мазмұны сарапталып, заманауи қоғам талаптарымен сәйкестігі талданды. Контент-талдау барысында оның шығармаларындағы қайталанатын ұғымдар, идеялар мен ұстанымдар сандық жиілік пен мазмұндық тұрғыдан қатар бағаланды.

Екінші кезеңде Абай мұрасын зерттеген белгілі ғалымдардың еңбектеріне теориялық шолу жасалды. Бұл бағытта Мұхтар Әуезовтің Абай тұлғасын ашудағы рөліне, Зейнолла Ахметовтің поэтикалық талдау тәсіліне, Рәбиға Сыздықованың тілдік-стильдік зерттеулеріне, Мекемтас Мырзахметұлының философиялық интерпретациясына ерекше назар аударылды. Осы авторлардың ғылыми тұжырымдары негізінде Абай шығармаларының түрлі салалардағы (әдебиет, тіл, философия, педагогика) маңызы мен ықпалы салыстырмалы түрде қарастырылды. Бұл шолу зерттеудің теориялық базасын қалыптастыруға және Абайдың идеяларын ғылыми тұрғыда негіздеуге мүмкіндік берді.

Зерттеу әдістемесінің үшінші кезеңі – интерпретациялық және салыстырмалы-тарихи талдау. Мұнда Абай шығармаларындағы негізгі идеялар мен ұстанымдар қазіргі жастардың дүниетанымымен, қоғамдағы әлеуметтік-мәдени құбылыстармен, білім беру жүйесінің құндылықтарымен салыстыра отырып түсіндірілді. Яғни, Абайдың «толық адам» идеалы қазіргі тұлғалық даму моделімен байланыстырылды, еңбек пен білімге қатысты ойлары – қазіргі жастардың кәсіби қалыптасуымен, ал моральдық-этикалық ұстанымдары – әлеуметтік жауапкершілік пен азаматтық сана мәселелерімен салыстырылды.

Бұған қоса, қазіргі жастардың құндылықтық бағдарларына қатысты әлеуметтік зерттеулердің нәтижелері, білім беру жүйесіндегі жаңартылған мазмұн, тәрбие бағдарламалары мен оқулықтар мазмұны да Абай идеяларымен салыстырыла қаралды. Осы тәсіл арқылы ақын мұрасының заманауи білім мен тәрбие процестеріне қандай деңгейде ықпалдаса алатыны теориялық негізде тұжырымдалды.

Нәтижелер

Зерттеу нәтижелері Абай Құнанбайұлының шығармашылығының қазіргі жастарға, қоғамға және білім беру жүйесіне терең әрі көпқырлы ықпалын айқын көрсетті. Мәтіндік, теориялық және интерпретациялық талдау арқылы алынған тұжырымдар бірнеше негізгі бағыттар бойынша топтастырылды.

Абайдың «толық адам» туралы ілімі, адамның өзін-өзі жетілдіру, ғылым мен білімге ұмтылу, әділет пен адалдықты өмірлік ұстаным ету секілді идеялары қазіргі жастар үшін өзектілігін жоймаған. Контент-талдау нәтижесінде Абай шығармаларында жиі кездесетін «ар», «намыс», «ғылым», «еңбек», «ақыл» секілді ұғымдар – адам болмысының тірек ұстанымдары ретінде белгіленді. Бұл ұғымдар жастардың дүниетанымына әсер ететін рухани бағдарлар қатарында маңызды орын алатыны анықталды. Осылайша, Абай мұрасы жастардың моральдық бейнесін қалыптастыруда әлеуетті рухани-мәдени құрал бола алатыны дәлелденді.

Абай шығармаларындағы әділет, бірлік, жауапкершілік, ар-ождан ұғымдары қазіргі қоғамда жиі көтеріле бермейтін, алайда аса қажетті моральдық тіректер ретінде қарастырылды. Абайдың адам мен қоғам, билік пен халық, бай мен кедей арасындағы қарым-қатынасқа қатысты ойлары бүгінгі әлеуметтік әділеттілікке, теңдікке және ұлт бірлігіне бағытталған.

Оның сыни реализмге негізделген туындылары қазіргі қоғамдағы әлеуметтік қатынастардың түпкі себептерін ашуға мүмкіндік берді. Зерттеу барысында Абай көтерген проблемалардың бүгінгі күнмен астасып жатқандығы байқалды, бұл оның шығармашылығының тарихи ғана емес, қазіргі әлеуметтік-мәдени кеңістікте де өзекті екенін көрсетті.

Абайдың педагогикалық көзқарастары, әсіресе білім, ғылым және тәрбие жайлы ойлары – қазіргі білім беру жүйесінің негізгі құндылықтарымен үндес. Абай «он тоғызыншы», «отыз жетінші», «қырық үшінші» қара сөздерінде адам тәрбиесінің, білім алудың, ұстаз бен шәкірт арасындағы рухани байланыстың маңызын ашып көрсеткен. Бұл идеялар бүгінгі мектеп пен ЖОО бағдарламаларында, жаңартылған мазмұндағы қазақ әдебиеті және тәрбие сабақтарында кеңінен қолдануға жарамды. Зерттеу барысында Абай шығармаларының оқу-тәрбие процесінде қолданылуы білім беру мазмұнының тереңдігін арттырып, ұлттық рухани құндылықтарды сіңіру жолында маңызды құрал болатыны теориялық тұрғыдан негізделді.

Зерттеу барысында Абай мұрасының тарихи сипатпен қатар қазіргілік мәнге ие екендігі дәлелденді. Ақынның көтерген тақырыптары – адам болмысы, әлеуметтік әділет, ұлттық сана, білім мен ғылым – XXI ғасырда да маңызын жоймаған. Бұл оның идеяларының уақыт сынынан өткен өміршеңдігі мен әмбебаптығын дәлелдейді. Абай шығармаларын заманауи әдістемелермен оқыту (мысалы, эссе жазу, пікірталас, жобалық жұмыс арқылы) жастардың сыни ойлау қабілетін, өзіндік көзқарасын қалыптастыруда тиімді әдіс ретінде қолдануға болатынын көрсетті.

Талқылау

Абай шығармашылығы – рухани бағдар, тәрбиелік құрал және ұлттық құндылықтардың қайнар көзі ретінде маңызды орын алады. Зерттеу барысында оның идеяларының бүгінгі жастардың тұлғалық қалыптасуына, қоғамдық сананың жаңғыруына және білім беру мазмұнына әсер ете алатын әлеуеті нақты айқындалды. Ақынның «толық адам» концепциясы өзін-өзі дамыту, білім мен еңбекке адалдық, ар-ождан мен әділетке негізделген өмірлік ұстаным ретінде қазіргі заман үшін де өзектілігін жоғалтпаған. Бұл идея жастарға рухани бағдар беріп, ішкі мәдениетті, жауапкершілік сезімін және әлеуметтік ұстанымын қалыптастыруда маңызды рөл атқара алады.

Қоғамда орын алып отырған моральдық-этикалық дағдарыс жағдайында Абайдың адамгершілік философиясы – әділет, ынсап, ұят, сабыр сияқты категориялар арқылы әлеуметтік тұрақтылық пен рухани тазаруға жол сілтейді. Абай көтерген мәселелер – қоғамдағы теңсіздік, жалған ұстанымдар, надандық пен жалқаулық – бүгінде де маңыздылығын жойған жоқ. Ақын шығармаларындағы сын мен үміт, ескертпе мен үндеу – қоғамның терең қабаттарына бағытталған мәңгілік үн. Сондай-ақ Абайдың педагогикалық көзқарастары білім беру жүйесінде де кеңінен қолдануға лайық. Оның ойлары қазіргі заманғы оқытудың мақсаттарымен үйлеседі: жеке тұлғаның дамуы, рухани-адамгершілік тәрбие, сыни ойлау қабілетін жетілдіру. Абай мұрасын тек әдеби шығармалар ретінде емес, адам тәрбиесінің құралы ретінде

қабылдау – білім беру мазмұнын тереңдетіп, оқушыны ұлттық рухта қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, Абай идеялары – өткен мен бүгінді жалғайтын, ұлттың рухани өзегін сақтауға мүмкіндік беретін өміршең ілім. Оның мұрасын қазіргі қоғамның сұранысына сай жаңа тәсілдермен насихаттап, тәрбие мен білім беру процесіне енгізу – рухани жаңғырудың нақты жолдарының бірі.

Қорытынды

Абай Құнанбайұлының шығармашылығы – қазақ халқының рухани дамуы мен ұлттық санасының қалыптасуына өлшеусіз үлес қосқан тарихи, философиялық және тәрбиелік маңызы зор мұра. Бұл зерттеуде Абайдың «Қара сөздері» мен поэзиялық шығармаларына мәтіндік, теориялық және интерпретациялық талдау жасала отырып, оның идеяларының қазіргі жастарға, қоғамға және білім беру жүйесіне ықпалы жан-жақты қарастырылды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Абайдың көтерген мәселелері – білім мен ғылымға ұмтылу, адал еңбек ету, ар-ожданды сақтау, әділеттілік пен ұят, толық адам болуға талпыну – қазіргі қоғам үшін де аса өзекті. Ақынның бұл идеялары бүгінгі жастардың рухани-адамгершілік дамуы, құндылықтық бағдар қалыптастыруы және тұлғалық жетілуі үшін маңызды рухани тірек бола алады.

Сонымен қатар, Абай шығармашылығы білім беру жүйесінде де үлкен рөл атқара алады. Оның еңбектері арқылы оқушыларға ұлттық болмысты, моральдық ұстанымды, ой тереңдігін, адамгершілік пен парасаттылықты үйрету мүмкіндігі бар. Қазіргі жаңартылған білім мазмұны аясында Абай мұрасын заманауи әдістермен тиімді оқыту – жас ұрпақты ұлттық тәрбие негізінде тәрбиелеудің пәрменді жолы болып саналады.

Абайдың идеялары – тек өткен дәуірдің мұрасы емес, олар – қазіргі және келер ұрпақтың да өмірлік бағыт-бағдарын айқындайтын, мәні жоғалмайтын мәңгілік рухани құндылықтар. Сондықтан да Абай шығармашылығын жастар ортасына кеңінен насихаттап, оны білім беру мен тәрбиенің барлық деңгейінде жүйелі түрде енгізу – ұлттық сана мен руханиятты жаңғыртудың маңызды шарты болмақ.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Әуезов М. Абай Құнанбаев. – Алматы: «Ғылым», 1967. – 340 б.
2. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: «Ана тілі», 1995. – 240 б.
3. Сыздық Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы: «Санат», 1997. – 272 б.
4. Мырзахметұлы М. Абай философиясы. – Алматы: «Білім», 2002. – 304 б.
5. ҚР Білім және ғылым министрлігі. Абай шығармалары бойынша білім беру бағдарламасы. – Нұр-Сұлтан, 2020. – 48 б.
6. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1995. – 720 б.

АБАЙ ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Садыкова Гүлмира Жумабаевна,
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, педагог-сарапшы,
Астана қаласы № 31 мектеп-гимназиясы

Аңдатпа. *Бұл зерттеу жұмысымда Абай Құнанбайұлының шығармашылық мұрасындағы ұлттық құндылықтарды қарастырамын. Ақынның философиялық ойлары мен ұлттық құндылықтарды дәріптеу бағытындағы көзқарастары бүгінгі таңда қоғамымыз үшін аса маңызды Абайдың адамгершілік, білім, ғылым, ұлттық тіл мен мәдениетке деген көзқарастары бүгінгі жас ұрпаққа тәрбие беру мен рухани даму тұрғысынан үлкен мәнге ие.Мақаламда Абай шығармашылығының педагогиалық қазақ тілі, ұлттық тәрбие, жастар тәрбиесі және философиялық маңыздылығы, ұлттық құндылықтардың тәрбиелік рөлін талдап,оны қазіргі білім беру жүйесіне енгізу туралы ұсыныстар жасаймын.*

Түйін сөздер: *Абай Құнанбайұлы, ұлттық құндылықтар,білім, адамгершілік, қазақ тілі, ұлттық тәрбие, жастар тәрбиесі*

Кіріспе

Абай Құнанбайұлы – қазақ әдебиетінің аса көрнекті тұлғасы, ұлттың рухани кемелденуіне зор үлес қосқан ақын әрі ойшыл. Оның шығармашылығы қазақ халқының ұлттық құндылықтарын сақтап, келешек ұрпаққа жеткізудің маңызды жолы болып табылады. Ақынның шығармаларындағы ұлттық құндылықтар – өз халқының болашағын ойлап, ұрпақ тәрбиесі мен білім, еңбек, әділдік сияқты мәңгілік мәселелерге тоқталады [1]. Абай Құнанбайұлы шығармаларының барлығында дерлік ұлттық құндықтар жатыр, ақынның ой-тұжырымдары мен философиясы бүгінгі күнгі білім беру мен жас жеткіншектерді тәрбиелеудің көзі болары анық. Сол себептен де біз Абай Құнанбайұлының шығармашылығын терең зерттей отырып, оның ұлттық құндылықтарға қатысты философиялық көзқарастарын, қоғамдық және моральдық құндылықтарды халықтың рухани, мәдени дамуындағы орны мен маңызын ашып, бүгінгі өмірге әсерін көрсетуді мақсат еттік.

1. Абай шығармаларындағы ұлттық құндылықтардың басты бағыттарын анықтау.
2. Ұлттық құндылықтарды сақтауда Абайдың шығармашылығының педагогикалық рөлін айқындау.
3. Абайдың ұлттық мәдениет пен тілге деген көзқарастарын сараптап, қазіргі қоғамдағы олардың өзектілігін көрсету міндеттерін қойдық.

Ақынның шығармашылығын зерттеу бүгінгі таңда аса маңызды болып отыр, себебі оның философиялық ойлары мен ұлттық құндылықтарды дәріптеу бағытындағы көзқарастары қоғамның рухани дамуында үлкен рөл атқарады.

Әдебиеттерге шолу

Абайдың толық шығармалар жинағында ақынның философиялық ойлары мен ұлттық құндылықтарды сақтап қалуға қатысты жазған өлеңдері

мен қара сөздері келтірілген. Абайдың ұлттық мәдениет пен рухани байлыққа қатысты маңызды ойлары, адамның адамгершілігі, білім мен еңбек туралы айтылған терең философиялық тұжырым жатыр. Осы және басқа да мәселелер жайлы біршама ғалымдар мен зерттеушілердің құнды еңбектері жарық көрді. Соның бірі Н.Ысмағұловтың «Абай мен ұлттық тәрбие» атты еңбегі. Автор бұл еңбекте Абайдың тәрбие, ұрпақ тәрбиесі және ұлттық құндылықтарға қатысты шығармаларын талдап, ол жөнінде өзіндік пікірлерін білдірген [2].

Зерттеу материалдары мен әдістері

Ең алдымен құндылық дегенміз не? Осы сөзге анықтама берейін. Құндылық – бұл адамзаттың өміріндегі маңызды әрі мәнді нәрселердің жиынтығы. Ол адамдардың өміріндегі ең басты мақсаттар, моральдық нормалар, ұстанымдар мен идеалдар болып табылады. Құндылықтар адамның өмір сүру, әрекет ету және қоғаммен өзара әрекеттесу тәсілдерін анықтайды. Құндылықтар әртүрлі мәдениеттерде, ұлттарда, қоғамдарда түрліше болуы мүмкін, бірақ олар адамның адамгершілігі мен руханиятына терең әсер етеді. Зерттеу бойынша құндылықтар бірнеше түрлі категорияларға бөлінеді.

Қазақтың ұлттық құндылықтары ұлы ақынның көптеген шығармаларымен тығыз байланысты. Абайдың өлеңдері мен қара сөздерінде қазақ халқының ұлттық құндылықтары, дәстүрлері, моральдық принциптері мен адами құндылықтары терең орын алады. Ақынның шығармаларынан осы құндылықтарды көруге болатын бірнеше маңызды туындыны зерттедім, соларды атап өтейін: Құндылық – бұл адамзаттың өміріндегі маңызды әрі мәнді нәрселердің жиынтығы. Ол моральдық нормалар, идеалдар және қоғаммен әрекеттесу үлгілерін қалыптастырады [3].

Абай шығармаларындағы ұлттық құндылықтарға тоқталатын болсақ, оның «Қара сөздерінде» ұлттық құндылықтар мен қоғамның моралдық мәселелері кеңінен талқыланады. Ақын бұл шығармаларында адамгершілік, әділеттілік, білім, еңбек, жақсы мен жаманның ара жігін ажырату, жастарға дұрыс бағыт беру туралы ойларын айқын көрсетеді. Оның «Қара сөздерінде» ұлттық тәрбиенің маңыздылығы ерекше айтылып, қазақ халқының әл-ауқаты мен рухани байлығының негізі ретінде білімді, әділдікті, еңбекқорлықты алға тартады [4].

Абайдың «Өлең сөздің патшасы» өлеңінде қазақ тілінің құндылығы мен оның мәні туралы ойлар айтылады. Бұл өлеңде Абайдың ұлттың мәдениетіне деген сүйіспеншілігі, тілді сақтап, оны дамыту қажеттілігі туралы көзқарасы айқын көрінеді [1, 78].

Зерттеуші З.Сейтқұлова ақынның «Интернатта оқып жүр» шығармасын талдай келе, «Абайдың «Интернатта оқып жүр» өлеңінде білімнің құндылығы мен ақыл-ойдың дамуына қатысты терең ой жатқанын айтады. Абай бұл өлеңде жастардың білім алуы мен тәрбиесі арқылы өз халқына қызмет етудің маңыздылығын түсіндіреді. Ал «Адам болам десеңіз» өлеңінде қазақ халқын адамгершілік пен моральдық құндылықтарды ұстануға шақырады. Адам болудың жолы — еңбек, білім, ізгілік, қайырымдылық және әділдіктен өтеді деп көрсетеді. Бұл өлеңде қазақтың ұлттық құндылықтарына, ұрпақ тәрбиесіне арналған терең ойлар бар» дейді [5, 33]. Ә. Мұхамедиев ақынның «Тілек»

өлеңінде адам баласының арман-тілектері, оның өмірдегі мақсаттары мен құндылықтары туралы айтылғанын тілге тиек ете отырып, Абай жастарды мақсатқа ұмтылуға, жақсы қасиеттерді игеруге, өз елінің нағыз азаматтары болуға шақыратынын айтады [6, 54].

Талқылау

Абай Құнанбайұлының шығармашылығының маңыздылығын көптеген ғалымдар, ойшылдар, педагогтар атап өткен. Абайдың ұлттық құндылықтарды дәріптеу мен адамгершілікке бағытталған ойлары қазіргі педагогика мен философияда маңызды орын алады.

Соның бірі Абай шығармашылығын зерттеуші ғалым, Мұхтар Әуезов «Абай – қазақ халқының ұлы ойшылы, оның шығармашылығы халықтың рухани дамуына зор ықпал еткен» деп атап өтеді. Әуезов Абайдың ұлттық құндылықтар мен адамгершілік мәселелеріне ерекше назар аударып, оның философиясының тереңдігін былай сипаттайды: «Абайдың ойлары – ақыл мен жүректің үндестігі, олар тек жеке адамның ғана емес, тұтас ұлттың ойлау жүйесін қалыптастыратын негіз болып табылады» [7]. Белгілі ғалым, жазушы Рахманқұл Бердібай өз еңбектерінде Абайдың ұлттық құндылықтарды қалыптастырудағы рөлін талдай келе, оның шығармаларындағы негізгі бағыттың бірі – ұлттық психологияның тәрбиелік маңызы деп көрсетеді. «Абай шығармашылығында қазақ халқының ұлттық болмысы мен дүниетанымының негіздері көрсетілген. Оның шығармаларында адамдық қасиеттерді дәріптеу – бұл тек қазақ ұлты үшін ғана емес, жалпы адамзаттық құндылықтар үшін маңызды», - деп тұжырымдайды ғалым [8].

Зерттеу нәтижелері мен ұсыныстар

1. Абай шығармашылығының рухани құндылықтарды сақтаудағы рөлі ерекше. Ол қазіргі уақытта да рухани құндылықтардың сақталуына үлкен ықпал етеді. Абайды оқу арқылы жастарға тек білім емес, сонымен бірге адам болудың жоғары деңгейі де қалыптасады.

2. Бүгінгі заманда ұлттың тілін, мәдениетін сақтау және дамыту мәселесі ерекше маңызға ие. Оны мектептер мен университеттерде насихаттау үшін Абайдың шығармаларын негізге алып, оларды қазіргі заманауи әдістермен оқытсақ, жастардың рухани дамуына септігін тигізеді.

3. Абайдың шығармашылығының ғаламдық мәнін түсіну, оны әлемдік мәдениет пен философиямен байланыстыру маңызды. Бұл бағытта Абайдың шығармаларын шетелде насихаттау, оның философиялық мұрасын халықаралық деңгейде таныту қажет.

Қорытынды

Абайдың ұлттық құндылықтарға қатысты ой-тұжырымдары – ұлт руханиятының діңгегі. Оның шығармаларын қазіргі білім беру жүйесіне енгізу – болашаққа салынған рухани көпір.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Құнанбайұлы А. Шығармалар жинағы. – Алматы: «Рауан», 1995. – 147-б. 78-б

2. Ысмағұлов Н. Абай мен ұлттық тәрбие. – Алматы, 1993.
3. Нысанбаев Н. Қазақтың ұлттық құндылықтары. – Алматы: «Қазақ университеті», 2010. – 11-б
4. Құнанбайұлы А. Қара сөздер. – Алматы: «Жазушы», 2003. – 115-б.
5. Сейітқұлова З. Абай шығармаларындағы ұлттық құндылықтар. – Алматы: «Қазақ педагогикалық кітапханасы», 2017. – 33-б..
6. Мұхамедиев Ә. Абай философиясы және оның педагогикалық мәні. – Алматы: «Мектеп», 2005. – 54-б
7. https://kk.wikipedia.org/wiki/Абай_және_Әуезов
8. https://urker.kazgazeta.kz/news/5277

ХИМИЯ САБАҒЫНДА АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІ МЕН ҚАРА СӨЗДЕРІНІҢ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ХИМИЯЛЫҚ ЗАТТАР ҚАСИЕТТЕРІН СИПАТТАУ ДАҒДЫСЫН ДАМЫТУҒА ӘСЕРІ

Садыкова Джибек Джумабаевна,
химия пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші,
Б.Майлин атындағы №52 мектеп-гимназия, Астана қаласы

Андатпа. *Мақалада Абай шығармаларын қолдана отырып, химия пәнін оқытудың жаңашыл әдістемесі баяндалады. Қазіргі ғылым мен техниканың дамыған заманда жас ұрпақтың бойына Абайдың тәрбиелік мәні бар ой тұжырымдарын түрлі әдіс- тәсілдермен дарыту керектігі баяндалады. Оқушыларды химия пәніне қызықтыруда Абайдың философиялық ой тұжырымдарын қолдану жақсы нәтиже беретіндігіне көз жеткізу.*

Түйін сөздер
Абай Құнанбайұлы, ойшыл, қара сөздер, ұлт болмысы, оқу- білім, адамгершілік, ізгілік, табиғат, химиялық құбылыстар, заңдылықтар.

Кіріспе

Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы, ерінбе! Адамдықты көздесең, Жаттап тоқы көңілге!- деп Сұлтанмахмұт айтқандай, Абай- туған халқының, болашақ ұрпақтың өнегелі тәрбиешісі, оқу, өнер-білімге шақырушы, ұлт қамқоршысы.

Қазіргі кезде ғылым мен білімнің дамыған шағында оқушылардың химиялық құбылыстарды зерттеп, оны қарапайым тілмен түсіндіріп беруі кез келген уақытта жүзеге аса бермейді. Химиялық құбылыстарды әдебиетпен байланыстыра отырып, заттар қасиетін терең түсіндіру мақсатында Абай шығармаларын химия сабағында қолданудың жолдарын іздей бастадым. «Абай Құнанбаевтың өлеңдері мен қара сөздері» деген кітаптан химиялық құбылыстар мен қосылыстарға негізделген өлең шумақтары мен қара сөздерін іздеп, тауып, оларың химия пәнін оқыту үдерісіндегі тәрбиелік мәнін анықтадым. Ақын оқыту теориясының қыр сырын ашуға, осы үрдісті ұтымды ұйымдастырып, тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін маңызды пікірлер жазып қалдырғаны белгілі. Ақын шығармаларындағы дидактикалық ойларды айқындау және ұғымдарға берілген өлең, қара сөз түріндегі түсініктерді

салыстырғым келді. Бірақ олар оқулықта жеке дара көрсетілмегендіктен, оны Абай шығармаларына сүйене отырып, толық ашып көрсету үшін дидактикалық ойларға байланысты зерттеулер мен жекелеген мақалаларға талдаулар жасадым. Абай шығармаларында білім беру, біліктілікті қалыптастыру, оқыту мазмұны мен әдіс- тәсілдерін үйрету жаттықтыруды, тәжірибені қажет етеді.

Әдебиеттерге шолу

Химия сабағында Абай өлеңдері мен қара сөздерінің оқушылардың химиялық заттар қасиеттерін сипаттау дағдысын дамытуға әсерін көрсету үшін Абай және оның шығармаларын зерттеп, талдау жасаған әдіскерлердің, ғалымдар мен зерттеушілердің еңбектеріне шолу жасадық. Бұл ретте, ғалым Мекемтас Мырзахметұлының біршама еңбектерін қарастырдық [1]. Ғалымның кейбір идеяларын мақаланы жазу барысында негізге алдық. Сол сияқты әдістемеші зерттеуші А.Бейсенбаеваның «Пәнаралық байланыс негізінде оқу процесін ұйымдастыру» атты мақаласы да зерделенді [2]. Бірақ та ғылыми мақаланы жазуға түрткі болған, өзімнің сабақ беру барысында қолданған әдістерім мен тәжірибем екенін де айтқым келеді.

Зерттеу әдістемесі

Абай шығармаларын, өлеңдері мен қара сөздерін химиялық заттар қасиетін сипаттауда қолдану, қалыптастырушы бағалау тапсырмаларында жүзеге асыру баланың химиялық құбылыс пен қоғамдағы іс-әрекеттердің бір бірімен философиялық жағынан сәйкестігін аңғаруға жетелейді. Химиялық тәжірибелер жасау арқылы балалардың химиялық заттар қасиеттерін сипаттауға, қорытынды жасауына мүмкіндік туады. Абай балаға күш көрсетіп, ұрып – соғу арқылы оқытуға қарсы болған. Оқытудың бұл түрі, біріншіден, баланың ілім-білім игеруге деген талабын, қызығушылығын жойып, екіншіден, жалған сөйлеуге, қорыққанынан сыйлауға мәжбүр болатынын айтады. Бұл мақсатқа өзімнің тәжірибемді мысалға келтіргім келеді. Химияны оқытуда Абайдың қара сөздері, поэмалары мұғалім үшін рухани қазына екендігін айтқым келеді.

Белсенді әдіс тәсілдерді қолдану арқылы білімге еліктіре отырып жүргізілген сабақтар оқушының білімді меңгеруін жеңілдетеді. Оқушының қызығушылығын ояту арқылы өзінің ізденуіне түрткі болады.

Талқылау

Абай шығармаларының небір идеяларды жүзеге асыруға мүмкіндігі зор. Табиғаттағы химиялық құбылыстар Абай шығармаларында кең, терең көрініс тапқан. Мысалы: «Қыс» өлеңінде табиғатты жан- жақты әсем келбетте сипаттайды. «Жазғытұры» өлеңінде жапырақтардың жасыл түске енуі, өсімдік бойындағы жүретін химиялық процестерді көрсетеді. Табиғат пен химиялық құбылыстарды бір бірімен тығыз байланыстыра отырып, жыл мезгілдеріндегі заттардың агрегаттық күйін, судың қасиетін сипаттайды [3]. Оның адам өміріне, тұрмыс тіршілігіне әсерін әдеби тілмен сипаттайды.

Мысалы: «Қыс» өлеңінде:

Ақ киімді, денелі, денелі, ақ сақалды.

Соқыр, мылқау танымас тірі жанды.

Үсті – басы ақ қырау, түсі суық.

Басқан жері сықырлап келіп қалды.... – деген өлең жолдарында: Судың қатты күйін «Ақ қырау» деп атап, оның суық күйін, температураның төмендегенін жан- жағына ызғар шашып тұруын көрсетеді.Оқушы суық ызғарды сезініп, елестете отырып, химиялық және физикалық құбылыстарды салыстырады.

Абайдың тек қара сөздері мен өлеңдерінде ғана емес дастан жырларында тәрбиелік мәлелелер айқын көрінеді. Химия ғылымы мен философиялық ой тұжырымдарды аңғаруға болады.

Мысалы: «Ескендір» поэмасындағы негізгі идея- ізгілік пен бейбітшілікті, ғылым мен білімді, яғни, рухани биіктікті дәріптеу, зұлымдық пен қатыгездікті, мансапқорлықты әшкерелеу.

...Ханға айтты: «Қасиет бар бұл сүйекте,
Көзіңе көрсетейін, хабардар бол».
Сол күнде Аристотель жеке дара,
Ақыл сөзін тыңдамай бар ма шара:
Таразыны әкел де сүйекті сал,
Бір жағына алтын сап, өлшеп қара!
Ана басы сылқ етіп жерге түсіп,
Сүйек басы жоғары шыға қалды...

Филипп патшасы қайтыс болған соң орнына Ескендір таққа отырады, қалың қол жинап, көрші елдерді жаулайды. Бір елсіз шөлге тап болып, өлдім талдым дегенде, бір «Алтын» қақпаға кезігеді. Ескендір өзін мықтымын деп тұрса да, қақпаның ар жағында оған берілген сый «Бастың қу сүйегі» екенін көргенде ашуға булығады. Данышпан, хакім Аристотельдің жауабы*:* «Жеміт көз жер жүзіне тоймаса да, Өлсе тояр көзіне құм құйылғанда». Бұл поэмадағы оқиғаның химия ғылымымен сәйкестігін айта кетейін, Алтын – бағалы, қымбат металл болғанмен, химиялық қасиеті жағынан металдар қатарында белсенділігі өте төмен, басқа жай және күрделі заттармен әрекеттесе бермейді. Бас сүйегі таразының бір басында қанша алтын, дүние салса да бір уыс топырақ құрлы күші болмағандығын айта кету керек.

Поэмадағы оқиға желісін талдай отырып, сұрақтар арқылы оқушыға үлкен ой саламын, «Қу сүйекке бағалы тастар- алтын күміс қанша салса , да тоймайды». Бұл жердегі айтылатын ой: дүниенің парқы алтын күміспен емес, адамгершілік пен ізгілік, дүниенің де салмағы – әрекетте емес, мәнінде. Абай дастанында әділдік, данышпандық, жауыздық сөз болады. Бірақ мұндағы әділ де, данышпан да философ та Ескендір емес, Аристотель. Абай Аристотель есімін құрметпен айтады, «Ақылы мол», «жеке- дара», «хакім адам» деп бағалайды [4]. Ал Ескендір тойымсыз, қанішер қатыгер, өзімшіл, тоқтау көрмей өскен жан болып суреттеледі. Абайдың айтпағы мұнда: «Білімді мыңды жығады, білекті бірді жығады» деген халық даналығының сипаты болған.

Ескендір өзінің әлсіздігін Алланың қақпасын аша алмағанда ғана білді. Ескендірдің көзі тек байлықты ған көрді, Аристотель ақыл айтқаннан кейін ғана адамның көзі бір уыс топыраққа ғана тоятынын, байлыққа, ешбір алтынға

тоймайтынын білді. Ескендірдің рухани ашкөздігін айта отырып, байлық қуғанша білім қуған артық деп айтпақшы. Абайдың ойы: Қазына – алтын емес, ақыл мен адамдық. Таразының жеңілі – дүние, ауыры – парасат.

Абайдың «жиырма тоғызыншы» қара сөзінде ата анаға мейірімді болуды дәріптейді, дүниеге, алтынға да бергісіз ата-ананы құрметтемеу нағыз антұрғандық, арсыздық екенін айтып, тәрбиелік мәні зор ой айтады. «Ата-анадан мал тәтті, алтынды үйден жан тәтті» дейді. Елдегі материалдық құндылықтарды бірінші орынға қойғанына налиды.

«Он тоғызыншы» қара сөзіне тоқталар болсақ, «Адам ата анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы мен жаманды таниды, сондықтан білгені көргені көп болған адам білімді болады....» - дейді. Осы қара сөзде философияның қарапайымнан күрделіге қарай даму заңдылығына негізделген процестерді қарастыруға болады. Химиялық заттар жай және күрделі заттар болып екіге жіктеледі. Жай заттар металдар мен бейметалдарға жіктеледі. Металдар мен бейметалдардың генетикалық қатарында олар басқа заттармен әрекеттесе келе химиялық қасиеттері күрделеніп, көптеген қосылыстар түзеді. Металдар тек бейметалдармен және қышқылдармен ғана әрекеттесетін болса, оның генетикалық қатарындағы сілтілер бес түрлі қасиет көрсетіп, күрделене түседі.

Абай армандаған «Толық адам – бойына барлық жақсы қасиеттерді жинақтаған саналы адам, өнерлі, еңбекқор, адал, әділ, жылы жүректі, ыстық қайратты, ғылым жолында ізденімпаз болуы керек» [4]. Ал махаббатпен сүю, адамды сүю, Алланы сүю- Абай шығармаларының биік мұраты. Ақынның осындай қасиеттерін кейінгі ұрпаққа жеткізе білу – ұстаздардың парызы.

Химия сабағында 7 сыныпта Қазақстанның пайдалы қазбалары деген тақырыбын оқытқанда Абайдың: «Егер мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды. Алдау қоспай адал еңбегін сауған қолөнері- қазақтың әулиесі сол»- деген сөзін келтіремін. Абай қолөнері қызметінің жемісі сол адамның өзінің әлеуметтік жағдайын жақсартып қана қоймайды, көпшілікке пайдасы тиеді. Өнер, ұлт өрісін ұзартады, кеңейтеді. Ал оның ең озық үлгілері ұлтымызды әлемдік аренаға танытады, жаһандық деңгейге көтереді. Абайдың осы қара сөзі арқылы біз қазіргі таңда жастар бойында кездесетін жаман қасиеттерді, мінездерді өзгермейді деген адамға мінезін өзгертіп көркем мінезді, мәдениетті тұлға қатарына қосылуына, талаптануына және де толықтай өзгеруіне бірден-бір түрткі болады деген сенімдемін.

Нәтижелер

Абай шығармаларын химиялық заттар қасиетін сипаттауда қолдану, оқушылардың ой тұжырымдап, ақ пен қараны ажырата алуына мүмкіндік

туғызады. Мысалы: «Он жетінші» қара сөзіндегі ақыл мен қайрат әрқайсысы өзін мақтайды. Бірақ білім ол екеуіне де «жүректі тыңдаңдар»- дейді [5]. Бұл қара сөздегі оқиғалар, химия ғылымындағы қышқылдар мен сілтілердің қасиеттерін салыстырумен сәйкес келіп тұр. Қышқылдар да сілтілер де күйдіргіш заттар, екеуі де күшті, бірақ орынсыз жерге қолданатын болсақ, өкінішке тап боласың дегені.

- Қайрат, сенің қаруың көп, күшің мол, сенің де еркіңе жібермейді. Орынсыз жерге қолыңды босатпайды, орынды іске күшіңді аятпайды.

Ақыл, қайрат және жүрек туралы диалогты химиялық заттар: қышқыл мен сілтінің қасиеттерін сипаттап, салыстыруда қолданамын. Абай бұл жерде Ақылдың да қайраттың да өзінше күшті жақтарын айта келе, екеуі де жүректі тыңдау керектігін, сонда ғана жетістікке жететіндігін баяндайды [6]. Ал, мен қышқыл да, сілті де өздеріне тән күштілік қасиет көрсететінін, екеуі де заттарды күйдіретінін айта отырып, екеуі де химиялық процесс кезінде белгілі бір химиялық заңдылыққа бағынатынын айтамын. Қышқылдар мен сілтілер әрекеттескен кезде бейтараптану реакциясы жүреді, нәтижесінде пайда болған бейтарап ортада, адам жайлылық сезінеді. Адам асқазанында қышқыл көбейіп кетсе, белгілі бір жайсыздық туындайды. Оны Рени препаратымен қалыпқа келтіруге болады, яғни бейтарапталады. Сол сияқты, егістікте топырақта қышқыл жаңбырдың әсерінен топырақтың қышқылдануы өсімдіктің қалыпты өсіп жетілуіне, жеміс беруіне кедергі келтіреді.

- Ей, ақыл! Сенің айтқандарыңның бәрі рас. Сенсіз ешнәрсе табылмайтұғыны да рас. Жаратқан тәңіріні де сен танытасың, жаралған екі дүниенің жайын да сен білесің. Бірақ сонымен тұрмайсың, амал да айла да бәрі сенен шығады. Жақсының да , жаманның да екеуінің де сүйгені сен. Екеуінің іздегенін тауып беріп жүрсің. Бірақ сонда билеуші, әмірші жүрек болса жарайды. Ақыл, сенің қырың көп, жүрек сенің ол қырыңа жүрмейді.

Мұндағы айтпағы, қандай да бір химиялық процестер белгілі бір заңдылықтарға бағынады. Қышқылдардың қасиеттері көп, бірақ ол сілтімен әрекеттескенде бейтараптану реакциясы жүреді.

«Он жетінші» қара сөзіндегі ақыл мен қайрат әрқайсысы өзін мақтайды. Бірақ білім ол екеуіне де «жүректі тыңдаңдар»- дейді [7]. Бұл қара сөздегі оқиғалар, химия ғылымындағы қышқылдар мен сілтілердің қасиеттерін салыстырумен сәйкес келіп тұр. Қышқылдар да сілтілер де күйдіргіш заттар, екеуі де күшті, бірақ орынсыз жерге қолданатын болсақ, өкінішке тап боласың дегені. Мұнда салыстырмалы түрде, ақыл – қышқыл, қайрат- сілті, ал жүрек- химиялық заттардың әрекеттесу заңдылығы деп алсақ болады. Өткізіп жатқан әр сабағымнан оқушыларым ғылымға қол жеткізетіндей нәтиже алуын көздеймін.

Қорытынды

Қорыта келгенде, Абай – туған халқының, болашақ ұрпақтың тәрбиешісі, асқар тау, ағар бұлағы, қасиетті ана тілінің шешендік өнер иесі. Абай- теңдесі жоқ ақын, аса дарынды композитор, асқақ ойшыл, философ, жаңашыл реформатор. Отандық, дүниежүзілік мәдениет тарихынан ерекше

орын алған ұлы тұлға. Абайдың өлеңдері мен қара сөздері ғылым саласының қай түрін оқытуда болмасын, берер жемісі мол, тәрбиелік мәні ерекше.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Мырзахметұлы М. Абай лұғаты. - Алматы: Өнер - 21 ғасыр, 2014. – 133 б.Абай. Сен де бір кірпіш дүниеге. Өлеңдер мен қара сөздер. -Алматы: «Атамұра», 2020. - 67 б.
2. Бейсенбаева А. Пәнаралық байланыс негізінде оқу процесін ұйымдастыру. – Алматы, 1995.
3. Әдеби-көпшілік басылым, «Жетінші сөз» сериясы. Абай Құнанбайұлы. Өлеңдер поэмалар аудармалар қара сөздер. - Алматы «Мектеп», 2007. – 112 б.
4. Мырзахметұлы М. Әуезов және Абай. - Алматы: Қазақстан, 1997. - 272 б.
5. Мырзахметұлы М. Абай жүрген ізбенен. - Алматы: «Жазушы», 1985.
6. Абай Құнанбаевтың қара сөздерінің тәрбиелік мәні//Kznews.kz Қазақстан жаңалықтары

ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ: АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДА КӨРІНІС ТАПҚАН ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Саматова Гульжанат Шагалиевна,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары,
«Мұқағали Мақатаев атындағы №74 мектеп -гимназия» ШЖҚ МКК, Астана қаласы

Аңдатпа. *Бұл мақалада ұлы ақын, ойшыл Абай Құнанбайұлының шығармаларында көрініс тапқан ұлттық құндылықтар жүйесі талданады. Абайдың өлеңдері мен қара сөздері арқылы қазақ халқының рухани дүниетанымы, адамгершілік ұстанымдары, еңбек пен білімге деген көзқарасы кеңінен сипатталады. Адам бойындағы «ақыл, жүрек, қайрат» ұғымдары арқылы толық адам концепциясы зерделеніп, оның қазіргі ұлттық білім беру жүйесінде алатын орны сараланады. Мақалада Абай ілімінің өзектілігі мен ұлттық тәрбиедегі орны ғылыми тұрғыдан негізделіп, қазіргі заманмен сабақтастырыла ұсынылады.*

Түйін сөздер*: ұлттық құндылықтар, білім, еңбек, ар-ұждан, толық адам, тәрбие, руханият.*

Кіріспе

Абай Құнанбайұлының рухани мұрасы мен дүниетанымы – қазақ әдебиетінің ғана емес, бүкіл ұлттық ой-сана кеңістігінің биік шыңы. Абай Құнанбайұлы шығармаларындағы ғылым мен руханиятты сабақтастыру идеясы қазіргі ұлттық білім беру жүйесінің негізгі тұғырларының бірі. Осы және басқа да мәселлер осы мақала шеңберінде қарастырылады. Абайдың

«Ақыл, жүрек, қайрат» ұғымдарын үйлестіру арқылы «толық адам» моделін ұсынуы – тұлғаның жан-жақты дамуы мен адамгершілік тәрбиесінің озық үлгісі. Бұл идеяны білім жүйесіне интеграциялау – бүгінгі білім беру мазмұнын жаңғыртуда жаңалық болып табылады.

«Абай мұрасындағы ғылым мен білімге деген көзқарас қазіргі ұлттық білім беру үдерісіне қалай ықпал етеді?» деген сауалға жауап беру үшін Абай Құнанбайұлы шығармалары негізінде ұлттық құндылықтарды, адамгершілік ұстанымдарын қарастыра келе, ғылым-білімге ұмтылысты дәріптеу арқылы оқушының рухани-адамгершілік дамуын қамтамасыз ету жолдарын анықтауды жөн көрдік.

Әдебиеттерге шолу

Абай мұрасын ғылыми тұрғыда зерттеу XX ғасырдың басында басталып, қазіргі тәуелсіз Қазақстан кезеңінде жаңа серпінмен жалғасып келеді. Абай шығармашылығын алғашқылардың бірі болып терең талдаған Мұхтар Әуезов оның ақындық, философиялық, азаматтық болмысын жан- жақты сипаттап, Абайды жаңа әдебиеттің көшбасшысы ретінде танытты [1]. Ғалым Зәки Ахметов ақын поэзиясындағы көркемдік жүйе мен тіл өрнегін зерделей отырып, Абайдың сөз өнеріндегі даралығын, ой тереңдігін дәлелдеп берді [2]. Бұл еңбектер Абайдың шығармаларын тек әдеби ескерткіш ретінде емес, ұлттық сана мен мәдениеттің темірқазығы ретінде қарастыруға мүмкіндік берді.

Абай тілін арнайы зерттеген Рәбиға Сыздықова оның лексикасы мен стилистикасына, көркемдік тәсілдеріне терең талдау жасап, ақынның қазақ әдеби тілін дамытудағы үлесін дәлелдеді. Ғалым Абай шығармаларындағы сөздердің мағыналық қабаттарын ашу арқылы оның рухани дүниетанымын тіл арқылы жеткізудің тәсілдерін саралады [3]. Бұл зерттеу еңбектері қазіргі білім беру жүйесінде Абайды оқытудың әдістемелік негізін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Әсіресе «ақыл, жүрек, қайрат» категорияларын үйлестіре отырып «толық адам» моделін жасаған Абай ілімі тәрбие мен рухани дамуда қолданыс табуда.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде Абай мұрасын жаңаша пайымдау бағытында бірқатар ғалымдардың еңбектері кеңінен танымал болды. Ғарифолла Есім өзінің «Абай: философия және өркениет» атты еңбегінде Абайды қазақ философиясының негізін салушы ретінде қарастырып, оның дүниетанымындағы адам мен қоғам, таным мен ар ілімін жаңаша сипаттады [4]. Ғалым Абайдың қара сөздерінде көтерілген мораль, этика және ішкі рухани тәрбие мәселелерін бүгінгі ұлттық білім мен тәлім-тәрбие саласына енгізудің ғылыми-теориялық негізін ұсынды. Сонымен қатар, Сейіт Қасқабасов Абай поэзиясындағы фольклорлық дәстүр мен қазақы дүниетаным үндестігін ашып көрсетті.

Абай мұрасын кешенді зерделеген ғалымдардың бірі – Мекемтас Мырзахметұлы. Ол Абай дүниетанымындағы «үш сүю» концепциясын (адамды сүю, әділетті сүю, хақты сүю) терең талдап, оның гуманистік негізін айқындады. М.Мырзахметұлы Абай шығармаларын салыстырмалы түрде

шығыс пен батыс ойшылдарының философиясымен байланыстыра зерттей отырып, оның идеяларының әмбебаптық сипатта екенін дәлелдеді [5]. Бұл зерттеулердің нәтижесі Абай мұрасын қазіргі ұлттық сананы жаңғырту мен тұлғалық дамудың негізгі көзі ретінде қабылдауға мүмкіндік береді. Осылайша, Абайтану ғылымының қалыптасуы мен дамуына үлес қосқан ғалымдардың еңбектері ұлттық білім беру жүйесінде хакім мұрасының өзектілігін айқындауға негіз болады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Абай шығармаларында көрініс тапқан құндылықтар қазақ халқының рухани және мәдени дүниетанымын айқындап, ұлттық тәрбиенің негізін қалаушы маңызды философиялық бағыттарды ұсынады. Абайдың өлеңдері мен қарасөздерінде жеке адамның, қоғамның және жалпы ұлттың рухани дамуы мен жетілуі үшін қажетті құндылықтар терең талданып, нақтыланады. Олардың ішінде ең маңыздысы – адамгершілік, білім, еңбек, әділеттілік, достық, ұлттық бірлік, және т.б. құндылықтар.

Абайдың озық ойы, үздік пікірі оның шығармаларына терең мән берсе, сол мазмұнға құндылық жарасымды форма бола кетеді [6, 216].

Әуелде бір суық мұз ақыл зерек,
Жылытқан тұла бойды ыстық жүрек.
Тоқтаулылық, талапты шыдамдылық,
Бұл қайраттан шығады білсең керек [6, 86].

Келесі жолдарда осы идеяны, яғни «ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласың елден бөлек» деп және «біреуінің күні жоқ біреуінсіз, ғылым сол үшеуінің жөнін білмек» деп әрі қарай ұластырады.

Ой желісі арқылы пайда болған адамның тұла бойынан табылуы тиіс қасиеттерді ақыл, тоқтаулық, шыдамдылық, қайрат, ашу, күлкі, әлек, ғылым, жүрек деген дерексіз (абстракт) ұғымдармен береді [3, 80]. Бұның бәрі адамның материалдық емес, рухани дүниесіне қатысты мәселелер. Абай адамның рухани құндылықтарын материалдық құндылықтардан жоғары қояды:

Пайда ойлама, ар ойла,
Талап қыл артық білуге, [6, 144] – деуі Абайдың ар ойла-ар ілімінің негізін қалаушы және оған қарсы ұғым- дүниелік істерді пайдаға теңеуі ар мен пайда ұғымының мәнін ашып тұр. Абай өзінің толық тұлғалы өлеңімен бұрын қазақ поэзиясының ауқымына сыймаған мәселелерді, өмір көріністерін шығармасына арқау етіп жырлады. Әлеуметтік, тұрмыс-экономикалық мәселелерді сипаттау, адам характерін, образын жасау, сезімдерді суреттеу, міндіні қаза мінейтін сатира жасау өнерінде де Абайдың өлең алғышарты ар мен ұжданға негізделген [6, 65].

Өнерпаз қолбасшы секілді, ой-пікір әуеніне қарай қуатты сөздерді біркелкі шоғырлап, биік идеяның төңірегіне топтап, сапқа қойып отырады. Тұсындағы жұртшылықтың бойында бар кінәраттарды жеке жеке бір сапқа тізіп, оның құнсыз қулыққа құмарту екенін, құр сумаңдау мен мен қулыққа салыну екенін халықты жирендіреді [6, 66].

ЫІнсап, ұят, ар, намыс, сабыр, талап,

Бұларды керек қылмас ешкім қалап.
Терең ой, терең ғылым іздемейді,
Өтірік пен өсекті жүндей сабап... [7, 183].

Еңбекке жат, қызыл өңештің қамы үшін сылдыр сөзді сапырып, жылмыңдап жүрген жексұрынның жиреніште образын қатты сынайды [6, 162]. Ынсап, ұят, ар, намыс, сабыр, талап –адамның асыл қасиеттері. Олар бірден лақ етіп өлеңге ене қалған сөз емес, адамның қасиеті қандай деп арнап салалап, әр сөздің іші мен өңін түгел сынап, салмақтау, сұрыптау нәтижесінде келіп отыр. Бір-бірінің мазмұн салмағын үдетіп өсіре түсіп тұрған сөздер «талап» деген сөзбен аяқталуы да тегін емес. Қазақ өмірінің бұрынғысымен, тұсындағысынан замандас көңіл тояр тұлға ұшыратпаған Абайдың өр сенімі алда, оған жету, асу, өткелдерден өту үшін талмайтын жігер – талап – бірінші кепіл.

Тәуекелсіз, талапсыз мал табылмас,
Еңбек қылмас еріншек адам болмас [7, 36].

Ақынның қорытуында еңбексіз адамгершілік жоқ, онсыз тұрмыс игілігі де жоқ. Абайдың ойынша, жаман еңбек жоқ, еңбек істеу ар емес, не істесең де, қалай істесең де, әйтеуір еңбек істе.

Жалға жүр, жат жерге кет, мал тауып кел,- дейді ақын.

«Туған елім» деп қалтырайтын бықсыма «патриоттық» Абайға жат. Ол еңбек игілігі, дүние табылатын жерге тайынбай бар деп басып айтады.

Еңбек-өмір ұйытқысы, еңбек адамды жоқтықтың да, асқандықтың да темір тырнағынан қағыс ұстайтын ең сенімді тәрбиеші, педагог деп қарау – Абайдың ең қорлы, ең құнарлы философиялық пікірі [6, 132].

Ақын өлеңдерінде жаратылыс заңы, салт заңы, гуманизм, тарих, теңсіздіктен туған өрескелдіктер қат-қабат. Ой көзі шалымды, алыстан алып кеңнен толғайтын Абай ойын бүкпейді, өлер жерің осы деп ашып айтады. Өмір сыпайы қызша қылмиып отырмайды, өз заңын киіп-жойып іске асырады, таны да сыйла оның заңын, әйтпесе арың ысырап, өзің әлексің! Жақсы ажар, алдамшы тәтті тіл де араша емес.

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек.
Жеке-жеке біреуі жарытпайды,
Жол да жоқ, жарыместі жақсы демек [7, 86].

Саналы өмір қағидаттарын, дұрыс өмір конструкциясын Абайдан артық ешкім айтпаған. «Көп айтса көнді, Жұрт айтса болды, әдеті надан адамның» [6, 80] – деуі, надандықтың адам өміріне тигізер кері әсерін анық айтқан және одан шығар жолын да көрсеткен, «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстағанда ғана елден ерек, толық боласың деп адам бойындағы ең асыл қаситтерді «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деп түйіндейді. Және бұл үшеуінің жөнін ғылым білмек дейді.

Нәтижелер

Қазіргі оқыту жүйесінде тыңдай алудың, тыңдап қана қоймай, ой қорыта алу басты міндет. Абай көңілсіз құлақ –ден қоймай тыңдау-ойға олақ-дұрыс ойға жетелей алмайтынын айтады. Сонымен қатар, «Жігерлен, сілкін,

Қайраттан, беркін» [7, 80] – деп насихат береді. «Сырын түзер біреу жоқ, сыртын түзеп» қай заманда да өзекті мәселені: сыртқы қулықтан, ішкі, ар-ұждан, ақыл, сана, ұят, ойға үңілу мәселелерін жоғары қоюды қай шығармасының да арқауы етеді. «Түзу кел, қисық, қыңыр, қырын келмей, Сыртын танып іс бітпес сырын білмей» [7, 80] – деп Абай әркез әр нәрсенің сырын, астарын, мәнін жете түсіну керектігін ескертеді. Қазіргі сыни ойлау, анализ жасап, қорыта алу деңгейлері хакім Абайдың мұраларынан бастау алса керек.

Абай Құнанбайұлының қара сөздері – қазақтың рухани дүниетанымы мен ұлттық құндылықтарының айнасы. Онда Абай ұлтты тәрбиелеу, адамгершілік, имандылық, білім мен ғылымға ұмтылу, еңбекқорлық, адалдық сияқты мәңгілік құндылықтарды көтереді.

1. Білім мен ғылымға ұмтылу туралы жетінші қара сөзінде Абай: «Жас баланың ақылы жас күнінде қаншалық болса, өскенде одан төмен бола ма, жоғары бола ма? Жоқ, жоғары болады» [7, 213] – деп, білімге ұмтылу адам өмірінің мәні екенін көрсетеді

2. Адамгершілік пен имандылық туралы отыз сегізінші қара сөзінде :

«Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады» [7, 251] – дейді. Бұл жерде «ар» мен «мінез» – адамгершіліктің өлшемі. Мысалы 10-сөзінде: «Адам баласы – бір-біріне дос, бауыр, қарыз» [6, 216] – деп, туыстық пен достықты дәріптейді.

3. Қанағат пен шүкіршілік туралы жиырма тоғызыншы қарасөзінде: «Қанағат – байлықтың кілті» [7, 240] – деп, тоқмейіл болуға, ашкөздіктен сақтануға үндейді. 12-сөзінде «Шүкіршілік пен қанағат қылсаң, кімде жоқ!» [7, 219] – деп, барға риза болу – рухани байлық екенін айтады. Т.Кәкішев: «Абайдың қара сөздерінде қанағат – адам жанын тазартып, рухани биікке жеткізетін жол ретінде көрінеді» – дейді.

Абайдың қара сөздеріндегі ұлттық құндылықтар – қазақ қоғамының рухани, мәдени болмысын танытатын терең дүниелер. Бұл құндылықтар – бүгінгі күнге де өзектілігін жоймаған, тәрбие мен елдік сананың қайнары болып отыр. Абай айтқан әрбір сөз – ұлттың рухани кемелдену жолындағы бағдаршам іспетті.

Абай шығармаларының арқауы адам жанының толығуы тек рухани жолмен ғана жүзеге асады деп түюге болады. Рухани жетілген адамның бүкіл болмысы кемелді келеді. Жан тәнді тек рух арқылы билейді. Ендеше, хакім Абай «малым-жанымның садағасы, жаным –арымның садағасы» деп, адам болмысының тірегі-жан Ар мен Ұжданның өлшемімен ғана құнды екенін меңзейді.

Қорытынды

Абайды оқыту, ұрпақтың бойына сіңіру әр күнгі әр сабақта үздіксіз жүргізілетін әрекет. Ендеше, біз өз зерттеуімізді қорытындылай келіп төмендегідей ұсыныстар білдіреміз:

Білім мен ғылымның сапасын арттыру: гуманитарлық пәндерді тереңдетіп оқыту ұсынылады.

✓ Еңбек тәрбиесін күшейту: қоғамның еңбекке деген құрметін арттырып, жұмыссыздықты азайтуға ықпал етеді.

✓ Ұлттық бірлік пен мәдениетке деген құрметті арттыру: Ұлттық мәдениет пен дәстүрлерді сақтау, жастарды патриотизмге тәрбиелеу мақсатында ұлттық мерекелер мен мәдени шараларды кеңінен ұйымдастыру қажет.

Абай Құнанбайұлының шығармашылығы қазақ халқының рухани және мәдени құндылықтарының терең негіздерін айқындайтын көрнекті мұра болып табылады. Оның философиялық көзқарастары мен құндылықтар жүйесі, әсіресе адамгершілік, әділет, білім, еңбек, ұят, ар, қайрат, ынсап секілді ұғымдар, ұлттық болмысымыздың өзекті құрамдас бөліктері болып табылады. Абайдың «толық адам» концепциясы, яғни ақыл, жүрек, қайраттың үйлесімділігі арқылы жетілген адам болмысы, қазіргі заман талабына сай білім беру жүйесінің өзекті принциптерін айқындайды.

Бұл құндылықтар қазіргі кезеңде де өзектілігін жоғалтпай, ұлттық білім беру жүйесінде жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру процесінің маңызды құрамдас бөлігіне айналуы тиіс. Абайдың мұрасы, оның «ақыл, жүрек, қайрат» ұғымдарын терең талдауы, тұлғаның рухани және әлеуметтік дамуын үйлестіру қажеттілігін атап өтуі, қоғамның да, жеке адамның да дамуындағы басты факторларды айқындайды.

Осылайша, Абай Құнанбайұлының философиялық ой-толғамдары мен құндылықтар жүйесі бүгінгі күнге дейін өз маңыздылығын сақтап, ұлттық білім беру мен тәрбиеде тұғырлы рөл атқарады. Абай мұрасының қазіргі қоғам мен білім беру жүйесіне ықпалы тереңдеп, оны жан-жақты зерделеу арқылы ұлттық сананы жаңғырту мен жеке тұлғаны рухани тұрғыдан тәрбиелеу мүмкіндіктері артады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Әуезов М. Абай Құнанбаев. - Алматы: «Санат», 1995. - 75 б.
2. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. - Алматы: «Ана тілі», 1995. - 272 б.
3. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. 5 том. – Алматы, 2014. – 365 б.
4. Есім Ғ. Кемеңгер Мұхтар. – Астана: «Хас-Сақ» баспасы, 2017. – 320 б.
5. Мырзахметұлы М. Абайтану ғылымын түркі әлемін біріктіру мақсатында жолға қойдым//М.Мырзахметұлы//Адырна.kz: қоғамдық-танымдық портал. 26 тамыз 2020. (https://adyrna.kz/post/44673
6. Академия наук казахской ССР Институт языка и литературы. – Абайдың өмірі мен творчествосы. – Алма-Ата, 1954. – 390 б.
7. Абай. Сен де бір кірпіш дүниеге. – Алматы: «Атамұра», 2020. – 256 б.

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫ – САНАЛЫ ҰРПАҚ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ЕСКІРМЕЙТІН БАҒДАРШАМЫ

Сарсенова Гулипа Жанибековна,
ағылшын тілі пәні мұғалімі,
«№93 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК
Астана қаласы, Қазақстан

Аңдатпа. *Абай шығармалары - ұрпақ тәрбиесіндегі бүкіл адамзаттың рухани мұрасы. Оның философиялық көзқарастары, әлеуметтік, адамгершілік, әділеттілік пен ар-ұят тұжырымдары ұлттық сана мен рухани құндылықтарды насихаттайды. Бұл мақалада Абайдың жастарды білім мен ғылымды меңгертуге үндейтін шығармалары қарастырылады. Оның өскелең ұрпақты ізденуге, өнер мен білімді меңгеруге шақырып, үнемі адамгершіліктің биік моральдік және ұлттық құндылықтарын дәріптейтін шығармалары мен қара сөздері талданады.*

Түйін сөздер: *Абай, шығармалар, тәрбие, ұрпақ, адамгершілік, мораль, құндылық*

Кіріспе

Абай Құнанбайұлының шығармаларының қазақ әдебиетінде алатын орны ерекше. Оның шығармалары тек әдебиет саласында ғана емес, сондай-ақ ұлттың рухани дамуына, адамгершілік құндылықтардың қалыптасуына зор әсер етті. Абай өз шығармаларында адамзаттың моральдік және рухани болмысына терең үңіліп, ұрпақ тәрбиесі мәселесін қозғады. Бұл оның шығармашылық мұрасын күні бүгінге дейін де өзекті етеді. Әсіресе, Абайдың тәрбиелік мәні жоғары өлеңдері мен қара сөздері өскелең ұрпақ үшін адастырмайтын және ашық теңізде жолаушылаған теңізшіге жарқырап, жол көрсетіп тұрған шамшырақ іспетті. Абай шығармаларының мәні мен құндылығы жойылмақ емес, қайта оның қажеттілігі күннен-күнге артатыны анық. Абайдың жастарды білім мен ғылымды меңгеруге, ар-ождан мен жақсы мінез, парасаттылық, адами болмысқа ұмтылуға үндейтін шығармалары бүгінгі күнде де өзектілігін жойған жоқ. Абай ұлттық бағына туған ерекше тұлға және ол ұлт мақтанышы болып қала бермек. Оның шығармалары-саналы ұрпақ тәрбиелеудің баға жетпес бағдаршамы.

Әдебиеттерге шолу

Абай шығармаларының тұлға қалаптастырудағы орны туралы көптеген зерттеулер мен мақалалар жазылған. Абайдың өмірі мен шығармашылық мұрасын зерттеу шын мәнінде Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы мақалаларынан бастау алған. Ахмет Байтұрсынұлы 1913 жылы «Қазақ» газетінде басылған «Абай- қазақтың бас ақыны» атты мақаласында «Одан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ»-деп Абайды жоғары бағалады.Абайдың алғашқы жинаған Кәкітай Ысқақұлы мен Тұрағыл баспаға дайындады. Сонымен қатар, Мұхтар Әуезов те 1933 жылы Абай шығармаларын баспаға дайындады. Б.Биғалиевтың «Абай өмірі- мұрағат деректерінде» морографиясы, М.Мырзахметұлының «Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары» монографиясы, Қ.Салғариннің «Тереңге тартқан тамырлар» зерттеуі, С.Оразалиевтің «Абай және Дауани», Ғ.Есимовтың «Хакім Абай», Ж.Ысмағұловтың «Абайдың ақындық тағылымы» ерекше атап өтуге болады.

Зерттеу әдістері

Абай шығармаларының жеке тұлға қалыптастырудағы орнын талдауда әдіснамалық негіз ретінде мәтіндік талдау, әдеби талдау және салыстырмалы зерттеу әдістерін пайдаландық. Мәтіндік талдау әдісі арқылы Абай шығармаларының мазмұнын терең түсінуге әрекеттендік. Абай шығармалары мен қара сөздері арқылы оның адамгершілік, моральдік және философиялық көзқарастарын анықтадық. Салыстырмалы талдау әдісін қолданып, Абайдың шығармаларын қазіргі қазақ әдебиеті мен педагогикасымен салыстырдық.

Зерттеу материалдары және нәтижелер

Ғ.Мүсірепов өзінің «Қазақ әдебиетнің өркендеу жолындағы Абайдың тарихи орны» деген Абай шығармаларын талдау, мән-мазмұнын айқындау тұрғысында жазылған көлемді еңбегінде «Абайдың әдебиеттегі өсиеті - шындық, шеберлік, адам баласына ортақ гуманизм. Еліңді , Отаныңды сүю, не артқа тартып жатса, сонымен аянбай алысу, құртқанша алысу!» деп жазған Ғ.Мүсірепов Абай ойының түп қазығын дәл тауып, дөп басқаны әрі сол көзқарастан қайтпай дамытып отырғанын білеміз. Ол – Абай айтқан адам баласына ортақ гуманизм [1, 34].

Абай айтқан адам баласына ортақ гуманизмды қазіргі әдебиеттанушылар мен философтар Абайдың адамгершілік және ұлттық құндылықтардың қалыптасуына зор әсер ететінін айтып жүр. Өз басым, ес білгелі естіп, жатқа айтып жүрген «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін білмейтін қазақ жоқ шығар деп ойлаймын. Оның бұл өлеңі адамзат бойында болу керек асыл қасиеттер мен жаман мінез-құлықтар тізбесін көрсеткен және осы өлеңінде анық көрініс тапқан.

Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге.
Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз [2, 135].

Абай осы өлеңінде қандай жақсы қасиеттер адам бойында болу керектігін атап көрсетті. Әр адам бойында Абай санамалап көрсеткен мінез-құлық пен жақсы қасиеттер табылса, онда бар адамзат оның «Толық адам» іліміндегідей адам болған болар еді. Абай жастарға ақ пен қараны, яғни жақсы мен жаманның ара жібін ажыратуға үйретеді.

Абайдың «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңінде жастарға көрсе қызар болмауға, қоғамға қоғамға пайдалы тұлға болуға шақыра отырып, мықты маман иесі болуға үндейді.

Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң, арқалан
Сен де бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тапта, бар қалан! [3, 162].

Педагогика саласында қызмет атқарған соң, Абайдың осы өлеңін өмірде көп пайдаланамын. Әсіресе, мамандық таңдауға арналған тәрбие

сағаттары мен әртүрлі саладағы мамандармен ұйымдастырылған кездесу іс-шараларында. Мектеп бітіруші түлектермен «Мамандықтың бәрі жақсы» атты іс-шарада қарапайым жұмысшы мамандардан бастап, лауазымды қызметтегі маман иелерімен өткізген кездесуде, Абайдың осы бір өлең шумағы қатысушылар тарапынан сан мәрте рет қайталанды. Әр сөз алушы маман «Абай атамыз айтқандай..., «Абай айтқандай...» деп мамандығын мақтаған кезде, әр азаматтың қажет жерге «кірпіш» болып қаланғанын байқайсың. Ол деген сөз, Абайдың мамандық таңдауға сілтеген жолының дұрыстығы мен даналығы.

Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі тағы адамды жігерлендіретін, қазіргі тілмен айтқанда, мотивация беретін тұстары бар. Мысалы:

«Ғалым болмай, немене
Балалықты қисаңыз?
Ондай болмақ қайда деп,
Айтпа ғылым сүйсеңіз,
Сізге ғылым кім берер,
Жанбай жатып сөнсеңіз? [4, 135].

Абайдың «Интернетта оқып жүр» өлеңін балаларды тәрбиелеуге қолданатын сәттер болады. Мысалы, ата-анасы таңнан кешке дейін жұмыста, кейбірі бала-шағасын керемет оқып жатыр немесе тәртібі ретті деп ойлауы мүмкін. Өмір болған соң, кейде ондай болмай жатады. Ата-анасы үміт күтіп отырған кей бала, үйде басқа, қоғамда өзін басқа ұстауы мүмкін. Менің айтпағым, осындай сәттерде тәрбиелеу мақсатында балаларға Абай былай деген

Интернатта оқып жүр,
Талай қазақ баласы.
Жаңа өспірім, көкөрім,
Бейне қолдың саласы,
Балам закон білді деп,

Қуанар ата-ана-анасын [5, 29], - деп айтқан сәттерім болды және нәтижелі жұмыс болғанына куә де болдым. Балаларға: «Сіздің ата-анаңыз «Менің балам керемет оқып жүр» деп ойлауы мүмкін. Шын мәнінде ол солай ма? Өзіңіз талдау жасаңызшы!» деп айтуға тура келеді, кейде. Абайдың «Интернатта оқып жүр» өлеңі дөп осыған сай келетін тәрбиелік мәнге ие болары хақ. Түсінетін балаға ұзақ сонар мораль айтқанша, тоқ етер, түйінді сөз айтқан әлдеқайда тиімді екеніне бірнеше рет көз жеткіздім. Абай «Пайда ойлама, арды ойла» өлеңінде жастарды пайдакүнемдіктен аулақ болып, арлы болуға шақырады.

Пайда ойлама, арды ойла,
Талап қыл артық білуге.
Артық ғылым кітапта,
Ерінбей оқып көруге [6, 32].

Абайдың осы өлең шумағында қаншама мән-мағына жатыр. Өткен ғасырдағы жақсы мінез-құлық пен білімге құштарлық мәселесі әлі күнге дейін өзекті. Бұл күн тәртібінен түспейтін мәселе. Өйткені, арсыз адамнан еш

жақсылық болған емес. Бас пайдасы үшін бәріне баратын адам, білімсіздік пен арсыз адамның жаман пиғылынан шығады. Ондай адамдардың қоғамға тигізер пайдасынан, зияны басым. Абай атап көрсеткен мінез-құлық пен жақсы қасиетке ие болсақ, әлем керемет болған болар еді. Абайдың жастарды білім мен ғылымды меңгеруге, ар-ождан мен жақсы мінез, парасаттылық, адами болмысқа ұмтылуға үндейтін шығармалары бүгінгі күнде де өзектілігін жойған жоқ.

Қорытынды

Абайдың әрбір өлеңі мен қара сөзі ұрпаққа өнеге. Абай «Толық адам» ілімін жасап, соған жету алгаримін көрсетіп кетті. Абай білімді болуға, ізденуге, ғылым мен тілді игеруге, алдымен жүректе иман болуы үшін құдайды тану керектігін де айтып кетті. «Иман бар жерде, ұят бар» Абайдың бұл сөзі қанша ғасыр өтсе де, күшін жойған емес және жоймақ емес.Ұрпақтарымыз ұят пен арды, намысты, обал мен сауапты біліп өссе, заманның жақсы жаққа бет бұруы hақ және солай болады да. Қазақ халқы деген кезде ең бірінші көз алдымызға Абай келетіні рас және оған Абай лайықты да. Орыс халқы Пушкинімен, ағылшындар Шекспирімен, немістер Гетесімен мақтанса, біздер Абаймен мақтануға тиіспіз. Өйткені,Абай салған дара жол және шығармалары- саналы ұрпақ тәрбиеудің адастырмай, дұрыс бағытты сілтейтін, ескірмейтін бағдаршамы.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Ахметов З. Қалың елім, қазағым: Өлеңдер. - Алматы: «Атамұра», 2020. - 29 б.
2. Әуезов М.О. Абай Құнанбаев. - Алматы, 1967. - 389 б.
3. Мүсірепов Ғ. Әдебиет - кәсіп емес, өнер. - Алматы, 1987.
4. Құнанбайұлы А. Сәулең болса кеудеңде. - Алматы: «Мазмұндама қоғамдық қоры», 2022. - 135 б.

АБАЙДЫҢ ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМ ТУРАЛЫ ОЙЛАРЫНЫҢ ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ОРНЫ

Сейдешов Орынбасар Болатбекұлы,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
Астана қаласы әкімдігінің «Ақселеу Сейдімбек атындағы №54 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК

***Аңдатпа**. Бұл мақалада Абай Құнанбаевтың ғылым мен білімге қатысты ойларының тұлға қалыптастырудағы рөлі жан-жақты талданады. Ақынның өлеңдері мен қарасөздерінде көтерілген білімнің маңызы, оның адам дамуы мен қоғам өркендеуіне ықпалы ғылыми негізде қарастырылады. Сонымен қатар, Абайдың ағартушылық көзқарастары қазіргі білім беру жүйесімен салыстырылып, оның идеяларының өзектілігі айқындалады. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында Абай шығармаларын тиімді қолдану*

арқылы оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру мәселелері талқыланады.

Түйін сөздер: *Абай Құнанбаев, білім, ғылым, ағартушылық, тұлға қалыптастыру, рухани құндылықтар, ұлттық білім беру.*

Кіріспе

Абай Құнанбаев – қазақ халқының рухани жаңғыруына ықпал еткен ағартушы, оның ғылым мен білімге қатысты ойлары қазіргі таңда да өзектілігін жоғалтқан жоқ. Ақын өз шығармаларында білім мен ғылымды адам дамуының негізгі құралы ретінде қарастырып, надандықтың қоғам үшін ең үлкен қауіп екенін атап көрсетті. Оның «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі мен қарасөздерінде білім алудың маңыздылығы, ақыл мен парасаттың биіктігі айқын көрініс тапқан. Абай білім мен еңбектің тығыз байланысын көрсетіп, адамның кемелденуіне білімнің тигізер әсерін баса айтты. Оның ойынша, ғылым игеру – халықтың өркендеуі мен ел болашағының кепілі. Бүгінгі заманның жаһандық өзгерістері мен технологиялық дамуы жағдайында Абайдың айтқан идеялары бұрынғыдан да өзекті бола түсті. Ақынның танымдық көзқарастары қазіргі білім беру жүйесінде, тұлға қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Оның шығармалары тек теориялық білім алуды емес, адамгершілік құндылықтарды да бойға сіңіруді насихаттайды. XXI ғасырдағы білім мен ғылым саласындағы жетістіктерді игеру үшін Абайдың ілімін терең зерделеу қажеттігі туындап отыр. Сондықтан да Абайдың білім мен ғылым туралы көзқарастары ұлттық тәрбие мен сапалы білім берудің негізін қалауда құнды мұра болып қала береді [1].

Бұл зерттеудің негізгі мақсаты – Абай Құнанбаевтың ғылым мен білімге қатысты ойларын талдап, олардың қазіргі қоғамдағы тұлға қалыптастыру үрдісіндегі орнын анықтау. Абайдың ағартушылық идеялары мен философиялық көзқарастарының білім беру жүйесіндегі маңызын ашу зерттеудің басты міндеттерінің бірі болып табылады. Ақынның «Он тоғызыншы қарасөзінде» айтылған ғылымға ұмтылу, надандықтан арылу сияқты қағидалары бүгінгі жас ұрпақты тәрбиелеуде өзектілігін сақтап отыр. Абайдың шығармалары арқылы оқушылардың сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамыту, олардың танымдық белсенділігін арттыру мәселелері де зерттеу аясында қарастырылады. Сонымен қатар, ұлттық білім беру жүйесінде Абай мұрасын пайдалану арқылы жеке тұлғаның рухани және зияткерлік дамуына ықпал ету мүмкіндіктері сарапталады. Білімнің адамзат өркениетіндегі басты құндылық екенін ескере отырып, ақын көзқарастарының қазіргі заманғы оқыту үдерісіне ықпалы талданады. Абайдың педагогикалық идеяларын қазіргі білім беру стандарттарымен салыстыра отырып, олардың сабақтастығы мен дамуын көрсету – зерттеудің маңыздылығының бір аспектісі. Ғылыми зерттеулер мен тәжірибелік тұжырымдамалар негізінде Абайдың ғылым мен білім туралы ойларын қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында тиімді қолдану жолдары ұсынылады. Осылайша, Абай мұрасын тұлға тәрбиелеу мен білім берудің ажырамас бөлігі ретінде қарастыру қажеттігі айқындалады.

Әдебиеттерге шолу

Абайдың ғылым мен білім туралы ойларының тұлға қалыптастырудағы орны ерекше. Дегенмен, Абай мұраларын кімдер зерттеді екен дегенде біз алдымен Қ.Мұхамедханов, М.Мырзахметұлы, Р.Сыздық, З.Ахметов, Т.Жұртбай, С.Қасқабасов, Ж.Дәдебаев сияқты ғалымдардың және мен қатар Ш.Ибраев, Б. Ердембеков, А. Қартаева, С.Қорабай, Ж.Әубәкір сынды зерттеушілердің еңбектерін атай аламыз. Бұл ғалымдардың біреулері Абай мұрасындағы құндылықтар жүйесі туралы құнды пікірлер айтса, енді біреулері Абай шығармаларының типологиясын, өлеңдер құрылысын сөз еткен.

Зерттеу материалдары және талқылаулар

Абай Құнанбаев өз шығармаларында ғылым мен білімді адам дамуының негізгі құндылықтары ретінде қарастырып, олардың қоғамдағы рөлін айқындап берді. Ақынның ойынша, надандық – адам мен қоғамды кері тартатын ең үлкен кемшілік, ал білім – өркениеттің басты көрсеткіші. Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде ақын бес асыл қасиетті атап көрсетіп, адамның кемелденуі үшін ілім мен білімді меңгеру қажеттігін ескертеді. Ол ғылымды үйрену тек бір адамның емес, тұтас ұлттың даму жолындағы басты қадам екендігін алға тартады. Абай білімді тек жинақтау емес, оны дұрыс мақсатта қолдану керектігін де ерекше атап өтеді. Ақынның танымдық көзқарастары бүгінгі білім беру жүйесінде тұлға қалыптастырудың негізгі тетігіне айналған. Оның шығармалары тек теориялық білім алуды ғана емес, адамгершілік қағидаттарды бойға сіңіруді де насихаттайды. Абай ғылымды үйрену мен ақыл-парасатты дамыту өзара тығыз байланысты құбылыс екенін түсіндіреді. Ғылым мен білімді игеру арқылы адам өз мінезін түзеп, өмірінің мәнін ұғына алады. Осылайша, Абайдың ағартушылық идеялары тек өткен ғасырдың емес, бүгінгі күннің де өзекті мәселелерін шешуге бағытталған. Оның көзқарастары қазіргі заманғы зияткер тұлғаны қалыптастыруда маңызды рөл атқарады [2].

Абай қарасөздері мен өлеңдерінде халықты білімге, ғылымға үндеп, надандықтан сақтандыруға ерекше мән берді. Оның шығармаларындағы негізгі идея – білімнің адам өмірін өзгертуге қабілетті күш екендігі. Ақын адамның рухани өсуін біліммен байланыстырып, ғылымды игеру арқылы кемелденуге болатынын дәлелдейді. «Он тоғызыншы қарасөзінде» ол адам бойындағы жақсы қасиеттер мен жаман әдеттерді сипаттай отырып, білімнің адам санасына тигізетін әсерін түсіндіреді. «Жиырма бесінші қарасөзінде» білім мен еңбектің өзара байланысын көрсетіп, нағыз жетістікке жетудің жолы ретінде білім алуға шақырады. Абай өз заманындағы білімсіздік пен жалқаулықтың қоғамға тигізген кері әсерін қатты сынға алған. Ол қазақ халқын оқуға, ғылым үйренуге шақырғанымен, бұл үдеріске кедергі келтіретін жалқаулық, бейқамдық секілді мінездерді сынайды. Ақынның өлеңдері мен қарасөздері арқылы халықтың білімге деген көзқарасын өзгертуге тырысқаны байқалады. Оның ойынша, нағыз білім – тек теориялық емес, практикалық та болуы тиіс. Абай өз өлеңдерінде жас ұрпақты ізденуге, еңбектенуге, жаңашыл болуға шақырып, өз заманының ағартушысы рөлін атқарды. Білімнің адам

өміріндегі маңызын терең түсінген ақын, оның тек материалдық жетістікке жету үшін емес, рухани жетілу үшін де қажеттігін баса айтты.

Абайдың «Жетінші қарасөзінде» адамның ақыл-ойын дамыту, ғылымға деген ұмтылыстың қажеттілігі мен жалқаулықтың зияны туралы айтылады. Бұл қарасөзде ол адамды хайуаннан ажырататын негізгі ерекшеліктердің бірі – ойлау қабілеті мен білімге деген құштарлық екенін түсіндіреді. Ақын адам өмірінің мәнін ақыл мен парасаттың биігінде көреді және ғылымсыз адамның дамуы мүмкін емес деп есептейді. «Жиырма бесінші қарасөзінде» білім алудың маңызы, ғалым мен наданның айырмашылығы айқын көрсетілген. Бұл қарасөзде Абай білім алуға деген құлықсыздық пен жалқаулықты сынап, қазақ қоғамындағы кейбір адамдардың білімге немқұрайлы қарауының салдарын баяндайды. Ақын оқу мен еңбекті өмір сүрудің басты қағидасы ретінде сипаттайды.

Абай бірқатар өлеңдерінде ғылым мен білімнің адам өміріндегі орнын нақтылап, надандықтың зияны туралы терең ой қозғайды. Өлеңнің негізгі идеясы – адамның өз-өзін дамытуға ұмтылуы, бес асыл іске жақын болып, бес жаман әдеттен аулақ болуы. Абай бұл өлеңінде адамдықтың негізгі көрсеткіші білім мен ақыл екенін түсіндіріп, жас ұрпақты ғылымға, адалдыққа шақырады. Осы үш шығармада да Абай ғылым мен білімнің адам өмірін өзгерте алатын күш екенін ерекше атап өтеді.

Абайдың пікірінше, білім мен ғылым – тұлға қалыптастырудың негізгі факторларының бірі. Ғылым арқылы адам өз болмысын терең түсініп, өмірдің мәнін ұғына алады. Ақынның көзқарастары бойынша, нағыз кемел тұлға ақыл, білім және ізгілік қасиеттерін бойына сіңірген адам болуы тиіс. Ол адамның толық қалыптасуы үшін тек материалдық игіліктерді ғана емес, рухани жетілуді де басты орынға қояды. Білім алу мен ғылымды меңгеру арқылы адам өз мүмкіндіктерін кеңейтіп, тұлғалық дамуға қол жеткізе алады.

Абай білім мен еңбектің өзара байланысын ерекше атап көрсетіп, білімсіз еңбектің нәтижесіз болатынын ескертеді. Оның бұл идеялары бүгінгі білім беру жүйесі үшін де маңызды. Қазіргі жаһандану дәуірінде тұлғаның зияткерлік әлеуетін дамыту – қоғам дамуының басты шарты. Сондықтан Абайдың ғылым мен білімге деген көзқарасы қазіргі педагогикалық әдістермен үндесіп жатыр. Ақын ғылымды тек бір мамандықтың шеңберінде игерілетін білім деп емес, адамның ой-өрісін кеңейтетін маңызды құрал ретінде қарастырады. Оның шығармаларында ғылым мен білімнің адамның жеке басының дамуына, мінез-құлқына және жалпы өмір сүру сапасына ықпалы терең сипатталады. Осы тұрғыдан алғанда, Абай мұрасы қазіргі білім беру жүйесінде тұлғаны жан-жақты дамытуға арналған маңызды бағдар ретінде қызмет етеді [3].

Ғылым мен білім – кез келген ұлттың болашағын айқындайтын негізгі күштердің бірі. Абай өз заманында білімнің тек жеке адам үшін ғана емес, бүкіл ұлттың өркендеуіне ықпал ететінін баса айтты. Ол ұлттың интеллектуалдық әлеуетін дамыту арқылы ғана өркениетті мемлекет құруға болатынын түсіндірді. Білімсіз қоғам надандықтың, тоқыраудың, әлеуметтік теңсіздіктің құрбанына айналатынын Абай өз шығармаларында ескерткен.

Ғылымды игеру – экономикалық, саяси және мәдени дамудың негізі, бұл идея бүгінгі Қазақстан үшін де өзекті. Қазіргі таңда бәсекеге қабілетті елдердің барлығы білім мен инновацияны басты орынға қояды, бұл Абай көзқарастарымен үндеседі. Сондықтан да Абайдың ғылым мен білімге шақырған идеялары бүгінгі қоғамның стратегиялық басымдықтарымен толық сәйкес келеді.

Нәтижелер мен ұсыныстар

Абайдың ағартушылық идеялары қазіргі заманғы білім беру жүйесінің іргетасы ретінде қарастырылуы тиіс. Оның шығармаларында көтерілген ізденімпаздық, еңбекқорлық, парасаттылық секілді қасиеттер бүгінгі педагогиканың негізгі ұстанымдарымен үйлеседі. Ақын білім алудың өмір бойы жалғасатын үдеріс екенін атап көрсетті, бұл идея қазіргі «үздіксіз білім беру» тұжырымдамасына сәйкес келеді. Абай адамды жан-жақты дамытатын ілімнің қажеттілігін атап көрсетіп, оның тек теориялық біліммен шектелмей, тәжірибемен ұштасуы керектігін ескертеді. Қазіргі білім беру жүйесінде тұлғаның сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту және өзін-өзі жетілдіруге ұмтылу маңызды басымдыққа айналған. Бұл қағидалар Абайдың «адам болу» тұжырымымен тікелей байланысты. Сонымен қатар, білімнің рухани құндылықтармен сабақтастығы қазіргі педагогикалық тәжірибеде ерекше мәнге ие, бұл да Абай көзқарастарымен ұштасады. Бүгінде қазақстандық білім беру жүйесі жаһандық бәсекелестікке бейімделіп, зияткерлік ұлт қалыптастыруға бағытталған. Осы тұста Абайдың ғылым мен білімге деген көзқарасы жас ұрпақтың ұлттық әрі жаһандық құндылықтарды бойына сіңіруіне негіз бола алады [4].

Абайдың философиялық көзқарастары адамгершілік құндылықтар мен моральдық-этикалық нормаларға негізделген. Ол тұлға қалыптастыру үдерісінде әділдік, адалдық, қарапайымдылық және еңбекқорлық секілді қасиеттерді ерекше атап өтеді. Білімді адамның ең басты міндеті – алған ілімін адамзат игілігіне жұмсау екенін Абай өз еңбектерінде баса көрсетеді. Оның пайымдауынша, адам баласының рухани кемелденуі ғылым мен тәрбиенің үйлесіміне тәуелді. Қазіргі қоғамда білім алған адамның этикалық жауапкершілігі артып, оның әлеуметтік рөлі күшейе түседі. Осыған байланысты, Абайдың шығармалары тұлғаның адамгершілік қасиеттерін жетілдіруге бағытталған тәрбие жүйесін дамытуда маңызды ресурс болып табылады. Ақынның адамшылық, әділеттілік туралы идеялары қазіргі қоғамда да өз өзектілігін жоғалтқан жоқ. Бүгінгі білім беру жүйесі тек зияткерлік дағдыларды қалыптастырумен ғана шектелмей, тұлғаның моральдық тұғырларын да нығайтуға тиіс. Себебі Абай көрсеткен адами құндылықтар мен этикалық нормаларсыз алынған білім адамзатқа пайда емес, зиян әкелуі мүмкін. Осы тұрғыдан алғанда, Абайдың «толық адам» концепциясы бүгінгі педагогикалық жүйеге қажетті рухани бағдар береді.

Мен, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі ретінде, Абай шығармаларының оқушылардың дүниетанымын кеңейтуге үлкен ықпал ететінін байқаймын. Ақынның еңбектері арқылы оқушылар қазақ халқының

мәдениеті мен рухани құндылықтарын терең түсінеді. Сабақ барысында Абайдың өлеңдері мен қарасөздерін оқыту арқылы олар адамгершілік, еңбекқорлық, әділеттілік сияқты қасиеттерді бойларына сіңіреді. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі мен «Он тоғызыншы қарасөзін» талдау кезінде оқушылар білім мен еңбектің адам дамуына тигізер пайдасын ұғынады. Сонымен қатар, ақын шығармаларында көтерілген мәселелер – жалпыадамзаттық маңызы бар құндылықтар болғандықтан, оларды талдау оқушылардың сыни ойлау қабілетін арттыруға көмектеседі. Мен өз тәжірибемде Абай шығармаларын оқыту барысында пікірталас, жобалық жұмыс, шығармашылық тапсырмалар сияқты әдістерді қолданамын. Бұл тәсілдер оқушылардың өзіндік көзқарастарын қалыптастыруына және ұлттық құндылықтарды терең сезінуіне мүмкіндік береді [5].

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі ретінде, мен Абай шығармаларының ұлттық білім беру жүйесінде ерекше орын алатынын айта аламын. Ақынның педагогикалық идеялары қазіргі білім беру стандарттарымен үйлесім тауып, оқыту үдерісінде белсенді қолданылады. Сабақ барысында ақын шығармаларын тек әдеби тұрғыдан талдап қана қоймай, олардың әлеуметтік, моральдық және философиялық аспектілерін де қарастырудамын. Бұл оқушылардың жан-жақты дамуына ықпал етеді. Мысалы, «Қара сөздердегі» өмірлік ұстанымдар оқушыларға жауапкершілік пен адалдықтың мәнін түсіндіруге көмектеседі. Оқыту процесінде пәнаралық байланыс орнатып, Абайдың білім мен ғылым туралы ойларын тарих, математика, жаратылыстану пәндерімен байланыстырамын. Сондай-ақ, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында эссе жазу, көркем оқу, сахналық қойылымдар сияқты әдістерді қолданамын. Мұндай тәсілдер оқушыларға Абай шығармаларындағы негізгі ойларды өмірмен ұштастыруға мүмкіндік береді [6].

Абай шығармаларын оқушылардың тұлғалық дамуы мен рухани құндылықтарды қалыптастырудың маңызды құралы ретінде пайдалану қажет. Ақынның еңбектері арқылы оқушылар мейірімділік, әділдік, адалдық, еңбекқорлық секілді қасиеттерді бойларына сіңіреді. Сабақ барысында оқушыларды рухани-адамгершілік тұрғыдан тәрбиелеу үшін Абайдың «Толық адам» концепциясын кеңінен талқылаған жөн. Мысалы, «Бірінші қарасөзіндегі» білім мен еңбектің рөлі туралы ойлар оқушыларға өмірде жетістікке жету үшін үнемі іздену қажеттігін түсіндіреді. Сонымен қатар, мектеп тәжірибесінде Абай шығармаларын тәрбиелік іс-шараларда қолдану тиімді. Мәселен, оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту мақсатында «Абай оқулары» байқауы, мәнерлеп оқу конкурстары, эссе жазу, сахналық қойылымдар ұйымдастыру. Ондай шаралар оқушылардың көркемдік талғамын арттырып, ұлттық мәдениетке деген қызығушылығын оятады. Осылайша, қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында Абай мұрасын жүйелі түрде қолдану арқылы рухани құндылықтарға негізделген жан-жақты тұлғаны қалыптастыруға болады.

Қорытынды

Абайдың ғылым мен білімге қатысты ойларының бүгінгі таңда да өзектілігін айқын сезінеміз. Ақынның еңбектері білім алудың, ізденістің және еңбектің маңыздылығын қазіргі заман талабына сай көрсетеді. Оның «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі мен «Жиырма бесінші қарасөзінде» айтылған идеялар – жаңа ғасырдың басты қағидаларымен үндеседі. Бүгінде жас ұрпақтың бәсекеге қабілетті болуы үшін Абай айтқандай, білім мен ғылымға ұмтылуы шарт. Әлемдік технологиялар мен инновациялар қарқынды дамыған уақытта білімді жастар – ел болашағының негізі. Сондықтан Абай мұрасын оқыту арқылы өскелең ұрпақты ізденімпаз, жан-жақты және рухани бай етіп тәрбиелеу – біздің міндетіміз.

«Абай – қазақ әдебиетінің ұлы тұлғасы ғана емес, сонымен бірге оның ой-толғамдары қазақ халқының мәдениетіне, философиясына, ұлттық дүниетанымына жаңаша көзқарас әкелді. Оның поэзиясы мен қара сөздері замана мен қоғамды терең түсініп, халықтың болашағын ойлап жазылған асыл мұра болып табылады» деп Мұхтар Әуезов айтқандай, Абайдың ғылым мен білімге қатысты көзқарастары тек теориялық негізде қалмай, практикалық маңызға да ие. Ақынның «Он тоғызыншы қарасөзінде» адам бойындағы жалқаулық, надандық, көрсеқызарлық сияқты жағымсыз қасиеттерден арылып, білім мен ғылым арқылы кемелдену керектігі айтылған. Бұл ойлар қазіргі қоғам үшін де аса маңызды, себебі бүгінгі таңда ақпарат тасқыны артып, технологиялық прогресс қарқын алған кезеңде терең білімсіз табысқа жету мүмкін емес. Абайдың идеялары қазіргі заман талабына сай жаңғырып, тұлғаның интеллектуалды және рухани дамуына бағыт-бағдар береді. Сондықтан оның мұрасын жастардың санасына сіңіру – бүгінгі білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі [7].

Абайдың шығармалары ұлттық білім беру жүйесінде маңызды рөл атқарады. Ақынның қарасөздері мен өлеңдерінде көтерілген білім, тәрбие, еңбек, адамгершілік мәселелері қазіргі білім беру стандарттарымен тығыз байланысты. Мен өз тәжірибемде Абай мұрасын қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында кеңінен пайдаланып, оқушылардың ойлау қабілетін, рухани дамуын жетілдіруге тырысамын. Ұлттық білім берудің мақсаты – саналы, ұлтжанды, білімді тұлға қалыптастыру болса, Абайдың идеялары осы ұстанымды толық қолдайды.

Ақынның «Толық адам» концепциясы бүгінгі тәрбие жүйесінде үлкен мәнге ие. Бұл идея адамды жан-жақты жетілдіру, оның тек білімді болуымен шектелмей, ізгілік, адалдық, еңбекқорлық секілді қасиеттерді бойына сіңіру қажеттігін көрсетеді. Осы қағидаттар ұлттық білім беру мазмұнына еніп, қазіргі заман оқушысының жан-жақты дамуына ықпал етуі керек.

Менің педагогикалық тәжірибемде Абай мұрасын пайдалану – оқушылардың ұлттық рухани санасын қалыптастырудың тиімді құралы екенін көрсетті. Әдеби шығармалары арқылы жастарға ұлттық құндылықтарды дәріптеу, олардың ана тіліне деген құрметін арттыру, сондай-ақ адамгершілік тәрбие беру – қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімінің басты міндеттерінің бірі. Сондықтан ұлттық білім беру мен Абай мұрасының сабақтастығын сақтау – келер ұрпақ алдындағы жауапкершілігіміз.

Тәжірибе көрсеткендей, Абайдың ғылым мен білімге қатысты ойлары оқушылардың білімге деген құштарлығын арттырудың басты құралы бола алады. Ақын шығармаларын жүйелі оқыту арқылы жастардың білімге деген көзқарасын түбегейлі өзгертуге мүмкіндік бар. Оның «Он тоғызыншы қарасөзінде» көтерілген жалқаулық пен надандықтың зияны оқушыларды еңбекқор болуға жетелейді. Сонымен қатар, сабақтарымда Абайдың «Болмасаң да ұқсап бақ...» деген ойларын талқылау арқылы оқушыларды үздік болуға, жетістікке ұмтылуға ынталандырамын. Ақынның еңбектерінде айтылған ғылымға, білімге деген құштарлық идеясы қазіргі заман жастары үшін ерекше маңызды. Бүгінде білім – тек ақпарат алу құралы емес, өзін-өзі дамыту мен тұлға қалыптастыру жолы екенін түсіндіру – мұғалім ретіндегі басты мақсатым. Абайдың идеялары жастардың бойында жауапкершілік, еңбекқорлық, ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етеді. Осы құндылықтарды дәріптеу арқылы біз болашақ ұрпақты тәрбиелеп, еліміздің интеллектуалды әлеуетін нығайта аламыз. Жастардың өз бетінше ізденіп, білімін жетілдіруі, ғылымға бет бұруы – ұлттың болашағы үшін аса маңызды фактор. Сондықтан Абайдың ғылым мен білімге қатысты ойларын білім беру жүйесінде кеңінен пайдалану арқылы біз жас ұрпақты тәрбиелеуде үлкен нәтижеге қол жеткізе аламыз [8].

Қорыта келгенде, қазіргі таңда Абайдың ғылым мен білім туралы ойлары өзектілігін жоғалтқан жоқ, керісінше, жаңа заман талабымен үндесіп, қайта жаңғырып отыр. Оның еңбектері – ұлттық білім берудің ажырамас бөлігі. Мұғалім ретінде мен Абайдың мұрасын оқушыларға терең таныстыру арқылы олардың санасына ізденімпаздық пен білімге құштарлықты сіңіруге болады.

Абайдың идеялары – тек өткеннің мұрасы емес, бүгінгі және болашақ ұрпақ үшін де баға жетпес қазына. Сондықтан білім беру саласында оның шығармашылығын тиімді пайдалану – ұлттық рухани байлығымызды сақтаудың, дамыту мен жетілдірудің кепілі.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Ахметов З. Абай және білімнің маңызы/З.Ахметов//Қазақ білім академиясы. – 2018. – №1. – Б. 10-17.
2. Құл-Мұхаммед М. Абайдың ғылыми көзқарастары және олардың тұлға қалыптастырудағы орны. – Алматы: «Өркениет», 2020. – 305 б.
3. Байжігітов Т. «Абай мұрасы және ұлттық руханият»// Ұлы дала мұрасы. – 2019. – №4. – Б. 22-30.
4. Сейдахметова А. «Абай шығармаларындағы ғылым мен білім мәселесі». – 2017. – №2. – Б. 8-15.
5. Исақанов Ш. Абай және қазақтың ағартушылық дәстүр. – Нұр-Сұлтан: «Фолиант», 2016. – 290 б.
6. Оразов Б. Абайдың қарасөздері және тұлға қалыптастыру философиясы. – Алматы: «Қазақ университеті», 2019. – 280 б.

7. Нұртазаұлы Ж. Қазіргі білім беру жүйесіндегі Абай мұрасы//Педагогикалық зерттеулер. – 2021. – №3. – Б. 33-41.

8. Құнанбаев А. Қара сөздер және өлеңдер жинағы. – Алматы: «Атамұра», 2021. – 340 б.

ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ: АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДА КӨРІНІС ТАПҚАН ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Селимбаева Карлыгаш Тынысовна,
бастауыш сынып мұғалімі,
А.Байтұрсынұлы атындағы
№7 ЖББО лицеймектебі,
Алматы обл. Талғар қ.

Аңдатпа. *Ғылыми мақалада Абай Құнанбаевтың шығармаларындағы ұлттық білім беру мен құндылықтардың орны қарастырылады. Абайдың поэзиясы мен прозасында білім мен тәрбиенің маңыздылығы, адамгершілік, адалдық, еңбекқорлық секілді ұлттық құндылықтардың тәрбиелік рөлі зерттеледі. Абайдың шығармалары арқылы қазақ халқының рухани мұрасын, ұлттық мәдениет пен дәстүрлердің сақталуы мен дамуын көрсетеді. Мақала Абайдың мұрасын қазіргі жастарды тәрбиелеу мен білім берудегі өзектілігін атап өтеді, сондықтан ол білім беру саласындағы мамандар мен зерттеушілер үшін пайдалы ресурс болып табылады.*

Түйін сөздер: *ұлттық құндылықтар, адамгершілік, әділет, Абай шығармалары, рухани құндылықтар, қоғам, білім, мәдениет*

Кіріспе

Абай Құнанбаев қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғасы ғана емес, сонымен қатар ұлттық білім беру мен мәдениеттің дамуына үлкен үлес қосқан ойшыл. Оның шығармалары арқылы халқымыздың рухани құндылықтары, білімге деген көзқарасы, және адамгершілік шарапаты айқын көрінеді. Абай Құнанбаевтың шығармалары арқылы ұлттық білім беру мен құндылықтардың маңыздылығын зерттеу, Абайдың идеяларының қазіргі қоғамдағы өзектілігін көрсету өте маңызды. Сол себепті Абайдың поэзиясы мен прозасындағы білім мен тәрбиенің рөлін, Абай шығармаларындағы ұлттық құндылықтарды анықтап, Абайдың мұрасының қазіргі жастарды тәрбиелеудегі маңызын және ұлттық мәдениеттің сақталуы мен дамуына Абайдың қосқан үлесін көрсетуді өзімізге мақсат еттік.

Абай Құнанбаевтың шығармалары қазақ халқының рухани байлығы мен мәдениетінің негізі болып табылады. Оның көзқарастары мен құндылықтары қазіргі заманда да өзекті, себебі олар жастарды тәрбиелеуде, білім беруде және ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Абай мұрасы – ұлттық білім беру жүйесінің негіздерін қалыптастыруға көмектесетін құнды ресурс болып табылары сөзсіз.

Әдебиеттерге шолу

Абай Құнанбаевтың шығармаларды зерттеу барысында көптеген ғалымдар мен әдебиетшілердің еңбектері маңызды рөл атқарады. Олардың ішінен бірнеше негізгі бағыттарды атап өтуге болады: біріншіден, Абайдың философиялық көзқарастары. Абайдың философиялық ойлары мен адамгершілік құндылықтары туралы зерттеулер жүргізген ғалымдар көп. Солардың ішінде, ең алдымен, Абайдың тұлғасы мен шығармашылық әлеміне, ол өмір сүрген ортаны тануға мүмкіндік беретін әлемге танымал М.Әуезовтің «Абай жолы» романы [1]. Екіншіден, Абай шығармалары арқылы білім мен тәрбиені насихаттағаны туралы С.Ғаббасовтың «Абайдың педагогикалық көзқарасы» тақырыбында жазған мақаласы [2]. Үшіншіден, Абай шығармаларындағы ұлттық құндылықтардың маңыздылығын зерттеген ғалым Д.Ысқақұлының «Әл Фараби және Абай мұрасының ұлттық және заманауи маңызы» атты мақаласы [3]. Д.Ысқақұлы және басқа да ғалымдар Абайдың қазақ халқының мәдениетіне қосқан үлесін көрсете білген. Төртіншіден, Абайдың әлеуметтік мәселелерді көтеруі туралы зерттеулер де бар. Мысалы, М.Қаратаев «Тарихи шындық пен аңыз» еңбегінде Абайдың қоғамдағы әділетсіздікке қарсы күресіндегі рөлі талданады [4].

Абай шығармаларында білім мен тәрбиенің маңызын түсіндіруге тырысқан. Абайдың поэзиясы мен қара сөздерінің біршамасында білімге, тәрбиеге және моральдық құндылықтарға ерекше назар аударылған. Ол жастарды білім алуға, еңбек етуге және өз Отанына қызмет етуге шақырады. Мысалы, «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде Абай ғылымның маңызын, білімнің адамды жетілдіретін күшін атап өтеді.

Абайдың шығармаларында ұлттық құндылықтардың, әсіресе, адамгершілік, адалдық, және еңбекқорлықтың маңызы ерекше. Ол қазақ халқының дәстүрлері мен мәдениетін дәріптей отырып, жастарға этикалық нормаларды сақтауды ұсынады. Абай «Адам болам десеңіз» деген өлеңінде адамгершіліктің негізгі қағидаларын көрсетеді. Демек, ұлттық білім беру жүйесі мен Абай шығармаларындағы құндылықтарды зерттеу әдістемесі көптеген аспектілерді қамтуы мүмкін. Мұндай зерттеу, әсіресе, философиялық және мәдени тұрғыда терең талдауды талап етеді.

Зерттеу әдістемесі

Абай шығармаларындағы ұлттық құндылықтардың көрінісін ашу үшін, төменде ұсынылған әдістемелерді қолдануға болады: 1. Мазмұндық талдау. Мақсаты: Абайдың шығармаларындағы негізгі идеялар мен құндылықтарды анықтау. Әдісі: Абай шығармаларының текстін (поэзия, қара сөздер) мұқият оқып, ұлттық білім беруге қатысты мәселелерді талдау. Ұлттық бірлік, адамгершілік, білім және тәрбие, әділет, теңдік сияқты құндылықтарды шығармалардан бөлек шығарып, олардың әрқайсысына талдау жасау. Абайдың халық даналығы мен ұлттық тәрбие туралы ойларының маңыздылығын зерттеу. 2. Философиялық талдау. Мақсаты: Абайдың философиялық көзқарастарын зерттеу және олардың ұлттық білім беру жүйесіне әсерін анықтау. Әдісі: Абайдың философиялық мұрасын зерттеу, оның ішінде адам, қоғам, мораль мен білімге қатысты ойларының маңыздылығын талдау. Абайдың ұлтқа, тілге, дінге және адамгершілікке

қатысты жазған өлеңдері мен қара сөздерін философиялық тұрғыда зерттеу. Абайдың «толық адам» концепциясы мен оның ұлттық тәрбиедегі маңызын ашу. 3. Салыстырмалы талдау. Мақсаты: Абай шығармаларындағы құндылықтарды басқа қазақ ақындарының және ұлы ойшылдарының шығармаларымен салыстыру. Әдісі: Абайдың шығармаларын басқа ақындардың немесе философтардың шығармаларымен салыстырып, оның ұлттық құндылықтарды қалай бейнелегенін зерттеу. Абай мен Шоқан Уәлихановтың, Ыбырай Алтынсариннің және басқа да ойшылдардың білім туралы көзқарастарын салыстыру. Абайдың білім беру саласындағы көзқарастарын қазақтың ұлттық педагогикасымен салыстыру. 4. Әлеуметтік тұрғыдан зерттеу. Мақсаты: Абай шығармаларындағы әлеуметтік әділеттілік, теңдік, ұлттың болашағы туралы идеялардың бүгінгі ұлттық білім беру жүйесіне әсерін зерттеу. Әдісі: Абай шығармаларындағы әлеуметтік әділеттілік пен теңдік мәселелерін қазіргі заманғы білім беру мәселелерімен байланыстырып, оның маңыздылығын қарастыру. Абайдың ұрпақ тәрбиелеудегі әділеттілік пен теңдікті қалай насихаттағанын зерттеу. Қазіргі уақытта осы құндылықтардың білім беру жүйесінде қалай орын алатынын анықтау. 5. Мәдени және тілдік талдау. Мақсаты: Абай шығармаларындағы ұлттық мәдениет пен тілдің рөліне қатысты құндылықтарды анықтау. Әдісі: Абай шығармаларында ұлттық тіл мен мәдениеттің орны мен маңызын талдау. Абайдың тіл туралы ойлары, қазақ тілінің ұлтымыздың рухани байлығы ретіндегі рөлі туралы жазбаларын зерттеу. Абайдың ұлттық мәдениетке қатысты көзқарастарын қазіргі заманғы ұлттық білім беру жүйесінде қолдану. 6. Сауалнама және сұхбат жүргізу. Мақсаты: Абай шығармаларындағы құндылықтардың қазіргі қоғамдағы, жастар арасындағы түсінігін және олардың білім беру жүйесіне әсерін зерттеу. Әдісі: Оқушылар мен педагогтар арасында сауалнама жүргізу немесе сұхбат алу. Абай шығармаларының жастар арасында қалай қабылданатынын, олардың өміріндегі маңыздылығын анықтау. Ұлттық білім беру жүйесіндегі Абайдың рөлі туралы пікірлерді жинау. 7. Эмпирикалық зерттеу. Мақсаты: Абайдың шығармаларын мектептерде оқыту барысында оның құндылықтарын қалай қолдануға болатынын зерттеу. Әдісі: Мектептерде Абай шығармаларының оқу жоспарына енгізілуі мен оның тиімділігін бақылау. Мектеп мұғалімдері мен оқушылардың пікірлерін зерттеу арқылы Абай шығармаларының оқу үдерісіндегі мәнін түсіну. Абай шығармаларын оқытудың әдістемелік тәсілдерін талдау. 8. Абай шығармаларын тарихи тұрғыдан зерттеу. Мақсаты: Абай шығармаларындағы ұлттық білім беру мәселелерін тарихи контексте қарастыру. Әдісі: Абайдың өмір сүрген дәуіріндегі әлеуметтік, саяси жағдайларды және олардың ұлттық білім беру жүйесіне қалай әсер еткенін зерттеу. Абайдың шығармаларының сол кезеңдегі қазақ қоғамының дамуымен байланысын анықтау. Білім беру саласында Абайдың көзқарастарының тарихи маңыздылығын ашу.

Нәтижелер

Абай Құнанбаевтың шығармалары ұлттық білім беру мен мәдениетіміздің негізі ретінде үлкен маңызға ие. Зерттеу барысында мынадай

негізгі нәтижелерге қол жеткізілді: А) Абайдың білім мен тәрбиедегі рөлі айқындалды. Абай поэзиясы мен қара сөздерінде жастарды білім алуға, еңбек етуге, және адамгершілік қасиеттерді дамытуға шақырады. Бұл Абайдың ұлттық білім беру жүйесіне қосқан үлесінің көрінісі. Ә) Абай шығармаларындағы ұлттық құндылықтар, әсіресе, адалдық, еңбекқорлық, және жауапкершілік сияқты қасиеттер қазіргі жастарға маңызды бағыт-бағдар беретіні дәлелденді. Абайдың идеялары жастардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыруда ерекше рөл атқарады. Б) Абайдың шығармаларында әлеуметтік мәселелер, әділетсіздік, және қоғамдағы кемшіліктер туралы сындарлы көзқарастар бар екендігі нақтыланды. Бұл оның қоғам мен мәдениетке деген терең түсінігін көрсетеді.

Талқылау

Абай шығармаларының қазіргі білім беру жүйесінде қолданылуы өте өзекті. Оның көзқарастары мен құндылықтары жастарды тәрбиелеу мен білім беруде маңызды рөл атқарады. Абайдың мұрасын заманауи контексте зерттеу, ұлттық мәдениетті сақтау және дамыту үшін аса қажет. Сонымен қатар, Абайдың шығармаларындағы педагогикалық идеялар мен философиялық ойлары қазіргі білім беру бағдарламаларына енгізу мүмкіндігі бар. Бұл жастарды тәрбиелеуде Абайдың құндылықтарын насихаттау арқылы ұлттық бірегейлікті қалыптастыруға ықпал етеді.

Абай Құнанбаевтың білім мен тәрбиедегі орны, ұлттық құндылықтарды нығайтудағы рөлі, және әлеуметтік мәселелерге қатысты көзқарастары еліміздің білім беру жүйесінде әрі қарай зерттеуді талап етеді.

Қорытынды

Абай шығармаларындағы ұлттық құндылықтар – қазақ халқының рухани байлығы мен мәдени мұрасының негізгі көрсеткіштері болып табылады. Ұлттық білім беру жүйесінің негізі Абайдың шығармаларында көрініс тапқан адамның адамгершілік, ұлттық бірлік, білім мен тәрбие, әділеттілік және теңдік сияқты құндылықтарына сүйенеді. Абайдың шығармашылығы, оның философиялық, әлеуметтік, мәдени тұрғыдан терең мәні бар еңбектері, қазіргі замандағы ұлттық білім беру саласының негізіне әсер етіп, ұрпақ тәрбиесіне маңызды ықпал етеді.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Абайдың ойлары мен идеялары ұлттық білім беру жүйесінде кеңінен қолданылып, жастардың бойында адамгершілік және ұлттық тәрбие қалыптастыруда үлкен рөл атқарады. Әсіресе, оның «толық адам» концепциясы мен ұлтқа деген сүйіспеншілігі қазіргі білім беру процесінде терең талданып, оқушылардың рухани дамуына бағыт береді. Абайдың қазақ тілінің, мәдениетінің және ұлттық дәстүрлерінің маңыздылығын терең түсіндірген шығармалары білім беру жүйесіндегі құндылықтарды қалыптастырудың негізін қалайды. Абай шығармаларын оқу мен талдау арқылы қазіргі ұрпаққа ұлттық рухты, білім мен тәрбие ұстанымдарын насихаттау мүмкіндігі бар. Оның философиялық ойлары мен моральдық қағидалары ұлттық білім беру жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, бұл оқушылардың адамгершілік және әлеуметтік жауапкершілік сезімдерін қалыптастыруға ықпал етеді.

Қорыта келгенде, қазіргі білім беру жүйесінде Абайдың шығармаларын оқыту әдістемелері мен оларды кеңінен қолдану, ұлттық құндылықтарды жаңаша түсінуге және қоғамның дамуында маңызды рөл атқаруға мүмкіндік береді. Бұл зерттеу жұмысы қазақтың ұлттық білім беру жүйесін дамыту үшін маңызды ғылыми негіз болып табылып, Абайдың мұрасын тереңірек зерттеу қажеттілігін көрсетеді.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Әуезов М. «Абай жолы» романы. – Алматы: «Жазушы», 2021.
2. Ғаббасов С. «Абайдың педагогикалық көзқарасы»//Абайтану Таңдамалы еңбектер I том. Ойлар мен толғаныстар /Құрастырған: П.Бисенбаев, Е.Кәрібозов, Л.Мусалы, Н.Нұрәділ/. – Алматы: «Қазақ университеті», 2016. – 299 б.
3. Ысқақұлы Д. «Әл-Фараби және Абай мұрасының ұлттық және заманауи маңызы»// «Әл-Фараби мен Абайдың рухани мұрасы: қазіргі өркениеттегі орны мен маңызы» атты халықаралық онлайн ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы, 27 қараша, 2020 ж.
4. Қаратаев М. Тарихи шындық пен аңыз. – Алматы: «Ғылым», 1995. – 159 б.

ҰЛТТЫҚ МІНЕЗДІҢ РУХАНИ НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ КӨРІНІСІ

Скакова Бакизат Нұрмұхаметовна,
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі,
Қарауыл гимназиясы, Абай ауданы

Аңдатпа. *Бұл мақалада ұлттық мінездің тарихи-философиялық негіздері мен қазіргі қоғамдағы көріністері талданады. Әл-Фараби, Мәшһүр-Жүсіп, Абай, Шәкәрім сынды ойшылдардың ілімдері арқылы мінездің адам болмысындағы орны, ішкі қуаттар мен рухани тазарудың мәні ашылады. Мақалада ұлттық мінездің отарлық және посткеңестік кезеңдерде бұзылуы, оның салдары мен бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне әсері зерделенеді. Автор қазіргі білім беру жүйесінде ішкі сезім (хауас салим) және рухани саулық ұғымының назардан тыс қалғанын айтып, ұлттық рухты жаңғырту жолында тәрбиенің терең мазмұнға ие болуын ұсынады.*

Түйін сөздер: *ұлттық мінез, рухани құндылық, отарлық сана, хауас салим, тәрбие, рухани дағдарыс, Абай ілімі.*

Кіріспе

Жаһандану заманында ұлттық болмысты сақтау – стратегиялық маңызы бар мәселе. Халықтың ішкі қуаты мен рухани беріктігін айқындайтын басты фактор – ұлттық мінез. Қазақ халқының бойындағы ізгілік, имандылық, ар-намыс, әділеттілік сынды асыл қасиеттер ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келгенімен, отарлық езгі мен кеңестік жүйе оны әлсіретіп, орнына

мәңгүрттік, дүниеқоңыздық, жағымпаздық секілді келеңсіз қылықтарды сіңірді. Бүгінде ұлттық рух пен мінездің әлсіреуі қоғамның көптеген саласында көрініс тауып отыр: жастардың ғылым-білімге құлшынысының төмендеуі, отансүйгіштіктің әлсіздігі, ар мен ұят ұғымының құнсыздануы бой алып отыр. Ал, ұлттың жаңғыруы тек экономикалық даму арқылы емес, рухани тазару, ұлттық мінезді қайта қалыптастыру арқылы ғана жүзеге асады. Бұл мәселені шешудің педагогикалық, психологиялық және мәдени негіздерін зерделеу – бүгінгі таңда аса маңызды.

Әдебиеттерге шолу

Әр халықтың өмірлік бағытын айқындайтын негізгі тіректердің бірі – ұлттық мінез. Ол ұлттың ғасырлар бойғы тарихи тәжірибесінен, дүниетанымынан, ділінен, рухани-мәдени құндылықтарынан нәр алады. Сондықтан да ұлттық мінездің рухани негіздері және қазіргі қоғамдағы көрінісін сипаттау үшін осы бағытта жазылған еңбектер мен Абай мұрасын зерттеген ғалымдардың еңбектеріне шолу жасадық.

Ұлы ойшыл Әл-Фараби: «Адамның басына қонған бақыттың тұрақты болуы жақсы мінез-құлыққа байланысты» [1, 73] десе, Мәшһүр-Жүсіп: «Адам мінезінің бастауы – ақыл, ашу, шиһун (құмарлық) күштерінің тепе-теңдігінен тұрады» деп пайымдайды [2, 112]. Шынымен де, адам қоғамды қалыптастырушы тұлғалар. Олардың мінезінің жаман, я жақсы болуы қоғамдағы қарым-қатынастардың, қоғамдағы әлеуметтік, саяси, мәдени факторлардың дұрыс, я бұрыс болуына өз септігін тигізері анық.

Әдістеме және зерттеу әдістері

Ұлттық мінез – халықтың өзіндік мәдениетін, рухани келбетін танытатын айна. Бұл мақалада қазақ халқының ұлттық мінезінің философиялық және тарихи негіздері, оның отарлық дәуір мен қазіргі заман контексіндегі өзгерістері мен дағдарыстары, сондай-ақ ұлттық рухты жаңғыртудың жолдары қарастырылады.

Ұлы ойшыл, энциклопедист ғалым Әл-Фараби адамның басына қонған бақыттың тұрақты болуы жақсы мінез-құлыққа байланысты деген түйінді ойы өмірден өз орнын тауып, табысқа жеткісі келетін адамның жан-дүниесінің қорғаны мінез екенін тап басып айтып тұрғандай. Адам өзі тұтас бір әлем. Оның бойында мінездің түрлері көп. Бүгінгі күні адам табиғатын зерттеуші ғалымдардың жан мен тәнді екіге бөліп қарастыруы медицина мен психология ғылымдарын тұйыққа тіреуде.

Ғұлама ғалым, ақын-әулие Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы: «Әр адамда үш нәрсенің қуаты бар. Адамды адам етіп тұрған осы үш қуат. Бұлар ақылдың, ашудың, шиһуниенің күші. Адам бойындағы мінез біткеннің тұқымы да осы үшеуінен шығады» деп, мінездің бастау алар көзін адам болмысынан іздейді [2, 115]. Бұдан шығатын қорытынды: адам өзінің бойындағы мінездің үш қуатын өз қалыбынан асырмай, бір қалыпты ортасын ұстай білегенде ғана сексен түрлі көркем мінездің бастау алар көзі әділдік, әдеп, ержүрек, ибалық сияқты асыл қасиеттеріне ие болады екен. Қазақ халқы үшін жан тазалығы бәрінен де жоғары болған. Мәшһүр-Жүсіп: «Қазақтың барлығы бұрын батыр, әулие болған» дейді. Бұл адамгершілік қасиетке бабаларымыз оқу-ғылымның

көптігінен емес, көңілдерінің дүниеге байланбай, жүректерін таза, көздері ашық, көкіректері ояу, кеуделері есік, құлақтары тесік болғандығынан жекен. Ұлы далада еркін көшіп, өзіндік қайталанбас төлтума мәдениетін қалыптастырған аталарымыз мінездің ең оңдысы құлыққа ие болған. Құлық – өзін-өзі бағалауға ақыл-есі толық жеткен адамнан ғана табылатын қасиет.

Талдау және нәтиже

Қазақ халқы «Үл ұл сияқты, қыз қыз сияқты болсын», «Ұлың он шақты, қызың моншақты болсын», «Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер», «Қыз қылықты», «Қызға қырық үйден тыю» деп бала тәрбиесіне, оның мінезінің қалыптасуына баса назар аударып келген. Осыдан қазір біз баса назар аударып жүрген ұлттық құндылық, ұлттық мінез мәселесі қалыптасты. Алайда, сол ұлттық мінез дағдарысқа ұшырап отыр.

Ұлттық мінездің дағдарысы: Отарлық кезеңнің әсері. Өкінішке орай, серігі ақыл, сәуле шашар жарығы ар-ұят, намыс, иман болған қазақтың мінез бітістері ақын С.Торайғыров айтқандай, Абай тұсы қазақтың бұзылғаны. Дәл осы тұста ел өзінің дәстүрлі ел билеу жүйесінен толықтай айырылып, орыс патшалығының отарлық езгісіне түсіп, бодан елге айналды. Бұрынғы «жаным арымның садағасы»-дейтін намысқой, ержүрек қазақтың өр мінезі отаршылдардың жүргізген әккі саясатының әсерінен бұзылып, олардың бойында күншілдік, дүниеқоңыздық, жағымпаздық, еріншектік, мақтаншақтық, парақорлық, қорқақтық сияқты ұлтымызға жат қылықтар пайда болды.

Құлдық санаға бой алдырдық. Ұлтымыздың рухани құлдырауы кеңестік заманда да әрі қарай жалғасып, қазақ халқы қолдан жасалған ашаршылықтың құрбаны болды. Ана тілі азып, мәңгүрт елге айналудың қаупі төнді. Бұқар жырау бабамыз: «Бауыздамай ішер қаныңды, өлтірмей алар жаныңды» деп [3, 198] жырлағандай, отаршылдар ұлтымыздың өзегін суырып, жұлып алғандықтан қансыз, жансыз, рухсыз елге айналдық.

Ұлт көсемі А.Байтұрсынұлы: «Қоғамға бәрінен де бұрын қажет дүние – ұлттық мінез» деген екен [4, 89]. Олай болса қазақтың ғасырлар көшінде жоғалтып алған ұлт қадірін қайтару ұлттық мінезімізге сын. Бүгінгі қазақ халқының мінез-қасиеттері туралы сөз болғанда екі түрлі ой бар дейді, белгілі қоғам қайраткері, философ Аманкелді Айталы. Бұл ойдың бірі – пессимистік, екіншісі – реалистік пікір. Ғалымның сараптауынша пессимистік ойды білдірушілер бүгінде қазақ қоғамында ұлтты рухтандырушы, ұлтқа дем беруші салқам Жәңгір, кешегі Ә.Бөкейханов сияқты тұлғалар жоқ. Тәуелсіздікке қол жеткізгенмен әлі отарланған ұлттың кебінен шыға алмаудамыз. Ұлттың құлдырауы жалғасып, ұлттық рух әлсіреп барады. Кешегі батыр елдің ұрпағы ынжық, көнгіш, жуастарға айналып, ұлт бет-бейнесінен ажырауда, ана тілін менсінбейтін, өз ұлтының құндылықтарынан гөрі, бөтеннің құндылықтарын жоғары қоятын мәңгүрттер мен космополиттер ұлтты басқа ұлтқа ауыстырып, апарады [5] деп, қазақ халқының бойынан ұлттық мінез дағдарысының алты көрінісін атап көрсетеді.

Ұлттық мінезді жаңғырту жолдары. Ұлттық азғындаудың әр түрлі көріністерін мойындай отырып, бүгінгі ұлттық рух, патриотизм қазақ

халқында бар деп, реалистік пікір басым дейді философ. Алайда мемлекетіміз өзінің 35 жылдық даму тарихында бірінші экономика, содан соң саясат деген ұстанымы елді рухсыздандыруға әкелгені жасырын емес. Сондықтан да пессимистердің дәлелді пікірлері бүгінгі қазақ қоғамында басым түсіп жатыр деп ойлаймын. Елдік сезім кемшін. Отаншылдық, мемлекетшілдік рух жетіспейді. Ә.Бөкейханов: «Халыққа қызмет көрсету білімнен емес, мінезден» деп ұлт болашағына алаңдағаннан айтқаны анық. Білім әуелден бар нәрсе. Ол адамның көкірегінде. Адамның басындағы білім кеудесіне түспей, білім игілікке айналмақ емес. Қазіргі жоғарғы оқу орындарын бітірген интеллектуалды, жоғары білімді жастардың көкірек көздері жабық болғандықтан көздері бар көрмейді, құлақтары бар естімейді. Олардың ойында бірақ мақсат: қара халықтың есебінен кез-келген жолмен баю.

Кезінде Ресейдің патшайымы Екатерина II «Бұл қазақ кім екенін білсе әлемді жаулап алар еді» деп ұлтымыздың тектілігін мойындай айтқан сөзін, Япония мен АҚШ –тың тектану институтының ғалымдары өз зерттеулерінде расқа шығарып отыр. Тарихтың талай қатаң тезіне түсіп, жат қылықтарға бой алдырған ұлтымыздың мінезін қалай түзейміз?

«Жүректің көзі ашылса,
Хақтың түсер сәулесі.
Іштегі кірді қашырса,
Адамның хикмет кеудесі» – деп ұлы Абай айтқандай [6, 102].

Қорытынды

Ұлттық мінездің жаңғыртуы – ұлттың жаны мен рухының айнасы болып табылады. Бұл үшін адам ақылымен қатар, рухани білім мен тәрбиенің маңызы зор. Ұлттық мінезді қайта қалыптастыру үшін халықтың рухани тазаруы, ішкі сезімдер мен ұлттық ділді ояту қажет. Бұл міндет ең алдымен педагогика мен тәрбие жүйесіне жүктеледі.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Дербісәлі Ә. Өнегелі өмір. –Алматы: «Қазақ университеті», 2016. – 400 б.
2. Мәшһүр Жүсіп шығармаларының 20 томдық жинағы. – Павлодар, 2013. - 112, 115 б.
3. Бұқар жырау. «Бауыздамай ішер қаныңды...» // https://bilim-all.kz/olen/2258-Hanga-zhauap-aitpasam. 25 қараша 2015.
4. Тұрғараева Г.М. «А.Байтұрсыновтың халық ағарту саласына қосқан үлесі»//Халықаралық ғылыми конференциясы. – Алматы, 2007 ж. – 89-б.
5. Бөкейхан Ә. «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес,мінезден»//https://alash.kz/kz
6. Құнанбаев А. Шығармаларының бір томдық толық жинағы//А.Құнанбаев. – Алматы, 1981. – 695 б.
7. Мәснәуи: «Бұл дүние махаббаты әбден көңілінде орын алған қудан жақсы мінез емге іздесең шықпайды» (Руми, 2017, 65-б.).

ҚАЗАҚЫ БОЛМЫС ЖӘНЕ САНА: АБАЙДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Скаков Серік Тұраруұлы,
Шәкәрім атындағы орта мектебі
Абай облысы, Абай ауданы

Аңдатпа. *Бұл мақалада Абай Құнанбайұлының шығармаларындағы психологиялық ой-толғамдары мен қазақы болмысқа қатысты көзқарастары қарастырылады. Абайдың «толық адам» концепциясы мен оның ұлттық мінез, сана туралы идеялары ғылыми тұрғыдан сараланады.*

Түйін сөздер: *Абай, психология, толық адам, сана, ұлттық болмыс.*

Кіріспе

Абай Құнанбайұлының философиялық мұрасы – қазақ руханиятының терең тамыры. Оның адам табиғаты мен рухани дамуы жайлы тұжырымдары бүгінгі күні де өзектілігін жоғалтқан емес. Әсіресе, Абайдың «толық адам» концепциясы мен адам мінезі туралы ойлары қазіргі заман психологиясы мен педагогикасы тұрғысынан маңызды [1].

Зерттеу мақсаты – Абай шығармаларындағы психологиялық көзқарастар арқылы қазақы болмысты ашу.

Зерттеу міндеттері: Абайдың адам санасы мен мінезі туралы ойларын талдау; Ұлттық болмыстың ерекшеліктерін көрсету; Абайдың идеяларын қазіргі педагогикалық үдеріс пен ұлттық тәрбие жүйесіне байланыстыру.

Әдебиеттерге шолу

Абайтану ғылымында тұлғалық дамуға қатысты көптеген еңбектер жарық көрді. М.Әуезов Абайдың адам жайлы терең философиялық пайымдарына тоқтала отырып, оның ақыл, қайрат, жүрек үндестігін ерекше атаған [2]. Ғалымдар Абайдың рухани-адамгершілік концепциясын қазіргі гуманистік педагогикамен байланыстырады [3]. Сонымен қатар, ұлттық мінез, салт-дәстүр мен сана туралы ойлар Абайда терең әрі тұжырымды берілген [4].

Зерттеу әдістемесі

Бұл зерттеу жұмысы – сипаттамалық және салыстырмалы талдау әдістеріне негізделді. Абайдың қара сөздері мен өлеңдері мазмұндық талдау нысанына айналып, қазіргі психологиялық-педагогикалық теориялармен салыстырылды.

Нәтижелер

Абай үшін адам мінезі – ұлттың айнасы. Ол адамның ішкі рухани әлемін үштік құрылым арқылы сипаттайды: ақыл, жүрек және қайрат. Бұл үш элемент «толық адам» болмысының негізін құрайды (Абай, 7-сөз). Абай адам мінезінің тәрбиеленетінін айтады: «Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оған заманның өзі кінәлі» (Абай, 31-сөз) [5]. Бұл тұжырым қазіргі әлеуметтік психологияда адамның мінез-құлқы ортаның әсерімен қалыптасатынын дәлелдейді.

Абай ұлттық болмысты адамның жүрек тәрбиесімен байланыстырады. Оның пайымдауынша, жүректегі мейірім мен әділет болмаса, адам толық бола алмайды (Абай, 45-сөз). Осы тұжырымнан біз қазақтың «жүректі кісі» түсінігінің маңызын көреміз.

Талқылау

Абай көзқарастары бүгінгі ұлттық сана мен рухани тәрбие ұғымдарымен үндеседі. Ол айтқан рухани үштік – тұлғаның дамуының ішкі моделі ретінде қарастырылады. Қазіргі психологияда тұлғаның когнитивтік, эмоциялық және еріктік қабілеттері дамуы тиіс делінсе [6], Абай осы үш қасиетті ақыл, жүрек, қайрат деп бейнелейді.

Абайдың психологиялық концепциясы этнопсихологиямен де астасады. Қазақы болмыстағы сабыр, төзім, ар-намыс, ұят сияқты ұғымдарды ол терең зерделеп, тұлғаның рухани биігі ретінде сипаттайды. Бұл ұғымдар ұлттық тәрбие негізіне айналуы тиіс. Абайдың адам туралы ілімі – терең психологиялық, философиялық әрі ұлттық танымменсабақтас. Ол адам болмысына сыртқы формадан емес, ішкі рухтан қарайды. «Ақыл, қайрат, жүрек – үшеуін тең ұста, сонда толық боласың» (Абай, 17-сөз) [5] деген ой – адамның рухани кемелденуінің формуласы. Бұл идея қазіргі заман психологиясында адамның тұлғалық даму деңгейлерімен ұштасады. Мәселен, Маслоудың қажеттіліктер иерархиясында өзін-өзі жүзеге асыру – жоғары рухани деңгей болып саналса, Абай мұны «толық адам» деп сипаттайды.

«Толық адам» концепциясы адамның сана-сезімінің кемелденуін, моральдық жауапкершілігі мен рухани биіктігін меңзейді. Бұл идея гуманистік психологиядағы Карл Роджерстің «функционалды тұлға» ұғымымен үндес. Роджерс те тұлғаның ішкі үйлесімі, шынайылық, өзін-өзі бағалау сынды қасиеттерді алға тартады [7]. Абай осы рухани үйлесімділікті ақыл, жүрек, қайрат арқылы жүзеге асырады. Бұл элементтер адамның когнитивтік (ақыл), аффективтік (жүрек), және ерік-жігерлік (қайрат) аспектілерін бейнелейді. Осылайша, Абайдың концепциясы қазіргі психология ғылымымен табиғи үйлесім табады.

Сонымен қатар, Абайдың көзқарастары этнопсихологиямен тығыз байланысты. Қазақ халқына тән мінез ерекшеліктерін ол тек сипаттап қана қоймай, олардың психологиялық астарын ашып көрсетеді. Мысалы, қазақы болмыстағы ар-ұят**,** намыс**,** сабыр**,** төзім**,** қонақжайлық**,** құрмет**,** үлкенге ізет, кішіге құрмет сынды ұғымдар Абай дүниетанымында терең моральдық категориялар ретінде беріледі. Ол адамның қоғамдық ортада өзін ұстау нормаларын этикалық-психологиялық тұрғыдан талдайды. Бұл мінез-құлық нормалары – ұлттық болмыстың өзегі.

Абай адамның мінезін ортаның жемісі ретінде де қарастырады. Оның 31-қара сөзінде айтылған: «Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оған заманның өзі кінәлі» деген ой қазіргі әлеуметтік психологиядағы әлеуметтік-мәдени әсер ұғымына өте жақын. Адам тұлғасының қалыптасуы отбасылық тәрбиеге, қоршаған ортасына, қоғамдық ахуалға тәуелді екенін Абай сол кезеңнің өзінде дәл айтқан. Бұл ой бүгінгі психологиядағы «микроорта», «макроорта» теорияларын еске түсіреді.

Абайдың ойынша, ұлттық сана – жүректен басталады. Ол сана мен сезімді бөліп қарамайды. Жүрек – иман, мейірім, әділет бастауы ретінде көрінеді. Осы орайда Абайдың 45-сөзіндегі: «Адамның жақсы болуы – жүректің ісі» [5] деген тұжырымы адамгершілік психологиясының түп қазығы іспеттес. Қазіргі эмоционалды интеллект (emotional intelligence) теориясы да адамның табысты болуы – оның жүрек тәрбиесіне байланысты екенін дәлелдейді. Демек, Абай заманынан бұрын эмоционалды интеллект ұғымын ұлттық руханият негізінде айтып кеткен.

Сонымен бірге, Абай тәрбиенің ұлттық болмысқа сай келуін қолдайды. Оның ойынша, адам бойындағы ұят, намыс, ождан, ар-абырой секілді рухани қасиеттер тумысынан емес, тәрбиемен қалыптасады. Бұл қағида бүгінгі тәрбие теориясындағы мәдениетаралық тәрбие мен ұлттық құндылықтарды бала санасына сіңіру қажеттілігімен үндес. Осы тұста Абай ілімін ұлттық тәрбиенің идеологиялық негізі ретінде қарастыруға болады.

Қорытынды

Абайдың шығармаларындағы педагогикалық-психологиялық идеялар қазіргі мектеп бағдарламаларында кеңінен қолдануға лайық. «Толық адам» тұжырымын мектептегі тәрбие сағаттарына, пәндік интеграцияға, жеке тұлғаның даму бағдарламаларына ендіруге болады. Әсіресе, ұлттық сана мен рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруда Абайдың мұралары таптырмас құрал.

Қорыта келгенде, Абай Құнанбайұлы – тек ақын немесе ойшыл ғана емес, ұлттық психология мен рухани тәрбиенің негізін қалаушы ірі тұлға. Оның адам, сана, мінез, тәрбие жайлы ойлары – қазақы болмыстың тұтас жүйесі. Бұл жүйе бүгінгі педагогика мен психология ғылымдарына тың серпін бере алады. Абайдың идеяларын ұлттық білім жүйесіне кешенді түрде енгізу – тұлғалық дамудың және ұлттық бірегейлікті сақтаудың маңызды жолы. Абай идеялары арқылы ұлттық психологияны тануға, оны білім беру мазмұнына енгізуге мүмкіндік береді.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Жанділдин Ж. Абай және психология мәселелері. – Алматы, 1995.
2. Әуезов М. Абай Құнанбаев. – Алматы: «Ғылым», 1940.
3. Қалиев С. Ұлттық тәрбие және Абай тағылымы. – Алматы, 2010.
4. Есім Ғ. Абай және адам философиясы. – Алматы: «Санат», 2002.
5. Құнанбайұлы А. Қара сөздер мен өлеңдер. – Алматы: «Жазушы», 2003.
6. Maslow A.H. Motivation and Personality. – New York: «Harper», 1954.
7. Rogers C. On Becoming a Person. – Boston: «Houghton Mifflin», 1961.

АБАЙДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Смагулова Шолпан Аликазыевна,

бастауыш сынып мұғалімі,
С.Сейфуллин атындағы №2 ОМ,
Алматы облысы, Талғар қаласы

Аңдатпа. *Бұл мақалада Абай Құнанбаевтың шығармашылығындағы қазақ халқының ұлттық ерекшеліктері сөз етіледі. Абайдың поэзиясы мен прозасында ұлттық рух, мәдениет, дәстүрлер, және әлеуметтік мәселелер қалай бейнеленгені, қазақ халқының ұлттық ерекшеліктері, білім мен ғылымның маңызы, әлеуметтік әділеттілік, руханилық және адамгершілік құндылықтар Абай шығармаларында қалай көрініс тапқанын автор нақты мысалдармен дәйектейді. Зерттеу нәтижелері Абай идеяларының қазіргі қоғамдағы маңыздылығын, ұлттық сана-сезімді нығайтудағы рөлін, және жастардың білім алуға, рухани даму мен адамгершілік құндылықтарды бағалауға ықпал ететіндігі дәлелденеді.*

Түйін сөздер: *ұлттық ерекшеліктер, қазақ мәдениеті, әлеуметтік әділеттілік, руханилық, адамгершілік, дәстүрлер*

Кіріспе

Абайдың өлеңдері мен қарасөздерінде қазақ халқының ұлттық рухы, салт-дәстүрлері, моральдық құндылықтары мен әлеуметтік мәселелері көрініс табады. Абай қазақ қоғамының мәдениетіне, тарихына және этнографиясына терең талдаған. Абай қазақ тілінің көркемдігін, байлығын, және тереңдігін көрсете отырып, халықтың мәдениетіне үлес қосады. Оның шығармаларындағы ұлттық сөздер мен фразеологиялық тіркестер халықтың өмір салтын, ой-санасын білдіреді.

Ғылыми мақаланың зерттеу мақсаты:

Абайдың өлеңдері, қара сөздері мен аудармаларындағы ұлттық болмыс белгілерін, дүниетанымын, салт-дәстүрге, моральдық-этикалық құндылықтарға көзқарасын анықтау арқылы оның шығармалары арқылы қазақ халқының рухани-мәдени бейнесін сипаттау.

Ғылыми мақаланың міндеттері:

1. Абай Құнанбайұлының шығармаларын талдай отырып, ондағы ұлттық ерекшеліктерді анықтау;
2. Абайдың қазақ халқының дүниетанымын, өмір салтын, салт-дәстүрлері мен наным-сенімдерін суреттеу тәсілдерін айқындау;
3. Ақынның ұлттық құндылықтарға қатысты көзқарасын өлеңдері мен қара сөздері арқылы саралау;
4. Абай шығармашылығындағы ұлттық идея мен рухани-мәдени мұраның көріністерін сипаттау;
5. Қазақ халқының менталитеті мен этнопсихологиялық болмысын Абай туындылары арқылы түсіндіру;
6. Абайдың ұлттық болмысқа қосқан үлесін заманауи гуманитарлық тұрғыда бағамдау.

Абай Құнанбайұлы – қазақ әдебиеті мен руханиятының кемеңгер тұлғасы, оның шығармашылығы – ұлттың болмысын, дүниетанымын, салт-дәстүрін, тарихи-әлеуметтік жағдайын терең бейнелейтін рухани мұра. Бүгінгі жаһандану дәуірінде ұлттық құндылықтарды сақтау мен насихаттау – елдің

рухани қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды жолы. Осы тұрғыдан алғанда, Абай шығармашылығы – қазақ халқының ұлттық ерекшеліктерін, тілі мен мәдениетін, моральдық-этикалық нормаларын зерттеуде құнды дереккөз болып табылады. Абай туындыларын ұлттық контексте қарастыру арқылы қазіргі ұрпақтың ұлттық сана-сезімін оятуға, тарихи жадын жаңғыртуға және рухани тәрбиені күшейтуге болады. Сондықтан Абай шығармашылығындағы ұлттық болмысты ғылыми негізде зерделеу – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі.

Зерттеу әдістемесі

Абай Құнанбайұлының шығармашылығын зерттеу – қазақ әдебиеттануындағы іргелі бағыттардың бірі. Ұлы ойшылдың ұлттық болмысты суреттеудегі орны мен маңызын әр кезеңнің ғалымдары мен зерттеушілері сан түрлі қырынан талдаған. Бұл тарауда Абай шығармашылығына қатысты негізгі ғылыми еңбектер мен әдеби көзқарастарға шолу жасалады.

1. М.Әуезовтің зерттеулері [1] – Абайтанудың негізін қалаған Мұхтар Әуезов Абайдың өмір жолы мен шығармашылық мұрасын терең зерттеп, "Абай жолы" эпопеясы арқылы қазақ халқының ұлттық мінезі мен дәстүрін көркем бейнеледі. Сонымен қатар оның «Абай Құнанбаев», «Абай ақындығының айналасы» атты мақалаларында Абайдың ұлттық рухтағы ойшыл екенін жан-жақты негіздеген.

2. Қ.Мұхамедханов [2], З.Ахметов [3], М.Мырзахметов [4] сынды абайтанушы ғалымдар Абай поэзиясындағы халықтық сипаттарды, оның адамгершілік, имандылық, еңбек, білім туралы ойларын ұлттық таным тұрғысынан қарастырды. З.Ахметовтің «Абайдың ақындық әлемі» атты еңбегі поэтикалық талдауға негізделген және ұлттық идеялардың көркемдік бейнесіне шолу жасайды.

3. Ғ.Есім [5], С.Қасқабасов [6], Т.Жұртбай [7] секілді қазіргі заманғы ғалымдар Абайдың философиялық, этномәдени ойларын ұлттық идея мен рухани жаңғыру үдерісімен сабақтастыра зерттеген. Мысалы, Ғ.Есім Абайды «ұлттың философы» ретінде қарастырып, оның дүниетанымын қазақ менталитетінің айнасы ретінде бағалайды.

Жалпы алғанда, Абай шығармаларында бірнеше идея, ой жатыр. Оның шығармаларының ауқымы кең. Мәселен, ұлттық идея. Абайдың шығармашылығында ұлттық идеялар, яғни, қазақ халқының рухани жаңғыруы, білім мен ғылымның маңызы және әлеуметтік әділеттілік мәселелері кеңінен қарастырылған.

- Білім мен ғылым идеясы. Абай білім мен ғылымды қазақ халқының өркендеуінің негізгі факторы ретінде шоқтығы биік. Оның көзқарастары қазіргі білім жүйесімен үндеседі, жастарды білім алуға, ғылыммен айналысуға шақырады.
- Әлеуметтік әділеттілік мәселесі. Абай шығармаларында қазақ қоғамындағы әлеуметтік теңсіздік, әділетсіздік мәселелері көтерілген. Ол халықты ынтымаққа, бірлікке, және әлеуметтік мүдделерді қорғауға шақырады.

Абайдың поэзиясындағы ұлттық дүниетанымның өзін іштей бірнеше түрге бөліп қарастыруға болады. Абайдың поэзиясы қазақ халқының дүниетанымын, философиялық көзқарастарын, және ұлттық менталитетін таныта білген. Оның өлеңдерінде табиғат, адам, қоғам, және руханилық мәселелері терең көрсетті. Абай табиғатты адам өмірімен тығыз байланыстыра отырып, оның сұлулығын, құдіретін, және адамгершілік мәселелерін қарастырады. Табиғаттың адам өміріндегі рөлі оның шығармашылығында ерекше орын алады. Абайдың шығармаларында рухани даму, адамгершілік, және моральдық құндылықтар маңызды аспектілер болып табылады. Ол қазақ халқының рухани жаңғыруына, ұлттық сана-сезімінің артуына зор назар аударады.

Абай Құнанбаевтың шығармашылығы қазақ халқының ұлттық ерекшеліктерін бейнелейтін терең әрі мағыналы туындылардан тұрады. Абайдың шығармаларының өзектілігі бірнеше аспектілермен анықталады:

1. Ұлттық сана-сезімді қалыптастыру: Абайдың шығармалары қазақ халқының ұлттық санасын, рухын, және мәдениетін нығайтуда маңызды рөл атқарады. Оның идеялары жастарды ұлттық құндылықтарды бағалауға, салт-дәстүрлерін сақтауға, және ұлттық бірлікті нығайтуға шақырады.

2. Заманауи білім мен ғылым: Абай білім мен ғылымның маңыздылығын атап өтеді, бұл қазіргі білім жүйесімен үндеседі. Оның көзқарастары жастардың білім алуға, ғылыммен айналысуға ынталандырады, бұл Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал етеді.

3. Әлеуметтік әділеттілік мәселелері: Абайдың шығармаларында әлеуметтік теңсіздік, әділетсіздік мәселелері көтерілген. Бұл тақырыптар қазіргі қоғамда да өзекті болып табылады, сондықтан Абайдың ойлары жастар мен қоғам мүшелеріне әлеуметтік әділеттілік, ынтымақ, және бірлік туралы ойлауға мүмкіндік береді.

4. Руханилық пен адамгершілік: Абайдың шығармаларында руханилық, адамгершілік, және моральдық құндылықтар маңызды орын алады. Бұл құндылықтар қазіргі замандағы жастар мен қоғам мүшелерінің тұлғалық дамуына, рухани жаңғыруына әсер етеді.

5. Көпұлтты мәдениет: Абайдың ұлттық ерекшеліктері мен мәдениеті көпұлтты Қазақстанның мәдениетіне ықпал етеді. Оның шығармалары әлемдік әдебиетте қазақ мәдениетін танытуға, ұлттық ерекшеліктерді насихаттауға көмектеседі.

Абай Құнанбаевтың шығармашылығының өзектілігі оның ұлттық ерекшеліктерін, білім мен ғылымды, әлеуметтік әділеттілік мәселелерін, руханилықты, және көпұлтты мәдениетті қамтитындығында. Абайдың мұрасы қазіргі қоғамда да мәнін жоғалтпай, жастарды тәрбиелеуде, ұлттық мәдениетті дамытуда, және қоғамдағы әлеуметтік мәселелерге назар аударуда маңызды рөл атқарады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Абай шығармашылығындағы қазақ халқының ұлттық ерекшеліктерін талдауға бағытталған бұл ғылыми зерттеу жұмысы бірқатар кешенді әдістерге сүйене отырып жүргізілді:

1. Тарихи-генетикалық әдіс – Абай шығармаларының жазылу кезеңін, тарихи-әлеуметтік жағдайын және ақынның өмірбаянын ескере отырып, туындыларындағы ұлттық ерекшеліктердің пайда болу себептері мен даму жолдарын анықтау үшін қолданылды.

2. Мәтінталдау (текстологиялық) әдісі – Абайдың өлеңдері мен қара сөздерін терең талдау арқылы ұлттық болмыс, дүниетаным, салт-дәстүр, мінез-құлық сипаттары айқындалды.

3. Салыстырмалы-талдамалық әдіс – Абай шығармаларындағы ұлттық сипаттарды өзге халық ақындарымен немесе қазақтың басқа дәуір ақындарымен салыстыру арқылы оның ерекшеліктері мен жаңашылдығын анықтауға мүмкіндік берді.

4. Философиялық және мәдениеттанулық талдау – Абайдың рухани-философиялық ойлары мен моральдық-этикалық тұжырымдары арқылы қазақ менталитетін, ұлттық құндылықтар жүйесін ашу үшін қолданылды.

5. Интерпретациялық әдіс – Абай шығармаларын заманауи гуманитарлық тұрғыдан қайта пайымдап, ұлттық болмыстың қазіргі қоғаммен байланысын түсіндіруге бағытталды.

6. Контент-талдау әдісі – Ақын шығармаларындағы ұлттық ұғымдарға (мысалы, «ел», «жер», «намыс», «ар», «иман») қатысты жиілік пен мағыналық өрісін саралау үшін пайдаланылды.

Зерттеу нәтижелері

Зерттеу барысында Абай Құнанбаевтың шығармашылығында қазақ халқының ұлттық ерекшеліктері жөнінде бірнеше маңызды нәтижелерге қол жеткізілді. Олар:

1. Ұлттық рухтың көрінісі: Абайдың шығармаларында қазақ халқының ұлттық рухы, салт-дәстүрлері, және мәдениеті терең әрі жан-жақты бейнеленген. Оның поэзиясы мен прозасында ұлттық ерекшеліктер мен мәдени кодтар анық көрінеді.

2. Тіл байлығы: Абай қазақ тілінің көркемдігін, байлығын, және тереңдігін көрсете отырып, халықтың мәдениеті мен тарихын насихаттайды. Оның шығармаларындағы ұлттық сөздер мен фразеологиялық тіркестер қазақ халқының өмір салтын, ой-санасын білдіреді.

3. Білім мен ғылымның маңызы: Абай білім мен ғылымды қазақ халқының өркендеуі үшін маңызды фактор ретінде қарастырады. Зерттеу нәтижелері Абайдың білімге деген көзқарастарының қазіргі білім жүйесімен үндесетіндігін көрсетеді, бұл жастардың білім алуға деген ынтасын арттырады.

4. Әлеуметтік әділеттілік: Абай шығармаларында қазақ қоғамындағы әлеуметтік теңсіздік, әділетсіздік, және әлеуметтік мәселелер көтерілген. Оның идеялары қазіргі уақытта да өзекті болып табылады, жастарды қоғамдағы әділеттілік пен бірлікке шақырады.

5. Руханилық пен адамгершілік: Абайдың шығармаларында рухани даму, адамгершілік, және моральдық құндылықтар маңызды аспектілер болып табылады. Зерттеу нәтижелері оның шығармаларының жастарды рухани

жаңғыруға, моральдық құндылықтарды бағалауға ынталандыратынын көрсетеді.

6. Білім мен ғылымның маңызы: Абайдың білім мен ғылымға қатысты көзқарастары қазіргі білім жүйесімен үндес екені зерттеулерде) көрсетілген [2]. Абай білімді халықтың өркендеуі үшін маңызды фактор ретінде қарастырады, бұл қазіргі білім беру әдістеріндегі практикалық және теориялық білімнің үйлесімділігімен заңды түрде байланысады.

7. Руханилық пен адамгершілік: Абайдың шығармаларында руханилық, адамгершілік, және моральдық құндылықтар мәселелері тереңдетіліп қарастырылған [3]. Бұл заңдылық Абайдың шығармаларының жастарды рухани даму мен адамгершілік құндылықтарды бағалауға ықпал ететіндігін көрсетеді.

8. Әлеуметтік әділеттілік: Абай шығармаларындағы әлеуметтік мәселелер, теңсіздік, және әділетсіздік қазіргі қоғамдағы әлеуметтік мәселелермен байланысты. Абайдың идеялары қоғамның әлеуметтік әділеттілігін қамтамасыз ету жолындағы жастарға бағыт беретін құнды құжат ретіндегі заңдылықты көрсетеді.

9. Көпұлтты мәдениетке ықпал: Абайдың ұлттық ерекшеліктері мен шығармалары көпұлтты Қазақстанның мәдениетіне ықпал етеді. Оның мұрасы қазақ мәдениетін әлемдік деңгейде танытуда маңызды рөл атқарады, бұл заңдылық Абай шығармаларының халықаралық контексте де маңыздылығын дәлелдейді.

Абай Құнанбаевтың шығармашылығын зерттеу нәтижелері мен басқа зерттеулермен салыстыру заңдылықтарды анықтауға мүмкіндік береді. Бұл заңдылықтар Абайдың ұлттық мәдениет, білім мен ғылым, руханилық, әлеуметтік әділеттілік, және көпұлтты мәдениет мәселелеріндегі орны мен рөлін айқындап, оның шығармаларының қазіргі қоғамдағы маңыздылығын дәлелдейді. Абайдың мұрасы қазақ халқының ұлттық бірлігін, мәдениетін, және білімін дамытуға ықпал етеді.

Абай Құнанбайұлының шығармашылығы — қазақ халқының ұлттық дүниетанымы мен рухани болмысының көркем шежіресі. Ақынның өлеңдері мен қара сөздерінде көрініс тапқан ұлттық ерекшеліктер — қазақ халқының тарихи тағдыры, салт-дәстүрі, моральдық-этикалық ұстанымдары мен рухани құндылықтарының жиынтық бейнесі. Бұл тарауда Абай шығармалары негізінде анықталған ұлттық сипаттар талданып, қазіргі заманмен сабақтастырыла сараланады.

Біріншіден, Абай шығармаларындағы ұлттық мінез ерекше көрініс табады. Ол қазақ халқының еркін рухын, қонақжайлығын, әділеттілікке, адалдыққа ұмтылуын мақтанышпен жырлайды. Мысалы, «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңінде ақын елінің ішкі қайшылығын ашына айта отырып, оның бойындағы ізгі қасиеттерді сақтауға шақырады. Екіншіден, салт-дәстүр мен наным-сенімдерге көзқарасы Абайдың діни-ағартушылық идеяларымен ұштасады. Ол надандық пен жалған діншілдікті сынға ала отырып, имандылықты – нағыз рухани тазалық деп бағалайды. «Он тоғызыншы қара сөзінде» ақыл, қайрат, жүрек үшеуінің үйлесімін

насихаттауы – ұлттық философиялық танымның көрінісі. Үшіншіден, қазақтың тіршілік салты, табиғатпен үйлесімі Абай поэзиясында кеңінен бейнеленеді. Табиғат туралы өлеңдерінде (мысалы, «Жаз», «Қыс», «Күз», «Жазғытұры») қазақтың мал шаруашылығына негізделген тұрмысы, маусымдық өмір салты, табиғатпен етене өмір сүру дағдысы көркем тілмен суреттеледі. Бұл ұлттық өмір формасының поэтикалық коды іспетті. Төртіншіден, қазақ менталитетіндегі кемшіліктерді де Абай ашық көрсетеді. Ол жалқаулық, өсек, мақтаншақтық, көреалмаушылық секілді ұлтты ілгері бастырмайтын мінездерді қатты сынға алады («Бес нәрсеге асық бол, бес нәрседен қашық бол»). Бұл арқылы ақын ұлттық өзін-өзі тану мен тәрбиелік кемелденуге үндейді. Бесіншіден, Абайдағы ұлттық ерекшеліктер — жалпыадамзаттық құндылықтармен тығыз байланыста. Оның «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» деген сөзі – тек қазаққа емес, бүкіл адамзатқа арналған ұлы үндеу. Бұл ойлар қазақ халқының бойындағы гуманизм, бауырмалдық, әділеттілікке ұмтылу сияқты қасиеттерді көрсетеді.

Қорытынды

Абай Құнанбаевтың шығармашылығы қазақ халқының ұлттық ерекшеліктерін, мәдениетін, және рухани дүниесін терең әрі жан-жақты бейнелейді. Оның идеялары, ұлттық салт-дәстүрлері, және рухани құндылықтары қазақ мәдениетінің дамуына үлкен үлес қосқан. Абайдың мұрасы бүгінгі күні де өзекті болып, қазақ халқының ұлттық бірлігін, мәдениетін, және білімін дамытуға ықпал етеді.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Әуезов М. Абай және қазақ әдебиеті. - Алматы: «Қазақстан», 2003.
2. Мұхамедханов Қ. Абайдың ақын шәкірттері. - Алматы: ГРЖИ «Дәуір», 1993.
3. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. - Алматы: «Ана тілі», 1995.
4. Мырзахметов М. Абайтану мәселелері. – Алматы: «Ана тілі», 2010.
5. Есім Ғ. Хакім Абай. – Астана: «Фолиант», 2006.
6. Қасқабасов С. Абай шығармаларының фольклорлық негіздері. – Алматы: «Ғылым», 1995.
7. Жұртбай Т. Ұлт болмысы және Абай. – Алматы: «Білім», 2019.
8. Сұлтанбеков Т. Абай және білім беру жүйесі. «Жазушы» баспасы, 1989
9. Бердібаев Р. Абайдың рухани әлемі. «Жазушы» баспасы, 1991.

БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМҒА ШАҚЫРАТЫН АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІН БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚЫТУ

Смаилова Гульнар Кадыровна,
бастауыш сынып мұғалімі,
№ 61 мектеп-лицей, Астана қаласы

Аңдатпа. *Мақалаға өзек болып отырған тақырып – ұлы ақынның білім мен ғылымға шақырған өлеңдерін бастауыш сынып оқушыларына оқытудың маңыздылығы. Ұсынылып отырған мақалада бастауыш сынып оқушыларының сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамытуға, креативті ойлау мен жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ететін жобалау-зерттеу жұмысын қалай жүргізгені туралы автор өз тәжірибесімен бөліседі.*

Автор Абайдың білім мен ғылымға шақырған өлеңдерін талдай отырып, оқушылардың өлеңнің мағынасын терең түсінуі мен ұлы ақынның шығармашылығына деген қызығушылығын арттыру мақсатында жүргізген жобалау-зерттеу жұмысынан мысалдар келтіреді. Сондай-ақ, бастауыш сынып оқушыларымен зерттеу жұмысын жүргізу - олардың танымдық дағдысы мен аналитикалық ойлау қабілеті мен өз пікірін қалыптастыруда маңызды рөл атқаратыны туралы мәлімет береді.

Түйінді сөздер: *сын тұрғысынан ойлау; креативтілік, жеке тұлға, жобалық-зерттеу жүргізу, танымдық дағды, аналитикалық ойлау.*

Кіріспе

Абай – қазақ жазба әдебиетінде өзіндік өшпес із қалдырған біртуар ұлы тұлға. Абай өмірге келгелі ықылым заман өтсе де, ұлы ақынның шығармашылық қазынасы өз маңызын жоғалтпай, қайта қазіргі жаһандану дәуірінде заманауи көзқараспен зерделене түсуде. Ұлы Абайдың қай шығармасын алып оқысақ та, адамның рухани дамуына ерекше ой саларлық мән-мағына жатқанын көреміз.

Ақын шығармаларының көп бөлігі оқу-білімнің қажеттілігін насихаттап, ғылым жолындағы ізденіске жетелейді.

Зерттеу материалдары және әдістері

Абайдың «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» [1] деген өлеңінде адам жас кезінен білім нәрімен сусындап, уақытында білімін жетілдірмесе, ғылымды тануға ден қоймаса кейін көкірегін өкініш кернейтінін түсіндіруге тырысқан. Сондықтан, «білім мен ғылымның адам өміріне қаншалықты қажеттілігін түсіндіру - бастауыш сыныптан бастау алу керек» деген тұжырымға келдім. «Білім мен ғылымға шақыратын Абай өлеңдерін бастауыш сыныпта оқыту» деген тақырыптың өзектілігі неде деген сұраққа жауап іздейтін болсақ:

- ✓ Абайдың әлемге танымалдылығын бастауыш сынып бүлдіршіндерінің санасына сіңіру;
- ✓ ақынның білім мен ғылымға шақырған өлеңдерін жобалық-зерттеу әдісімен оқыту;
- ✓ оқушылармен зерттеу жүргізу арқылы олардың білімге құштар болып, ғылым жолына түсінуіне ерте жастан ықпал ету болып табылады.

Абай – халықты оқу-білім мен ғылымның қыр-сырын тани білуге шақырған ақын. Ғылымды ол халықтың қал жағыдайын жақсартушы құрал ғана емес, әлемдік дамуға жеткізетін даңғыл жол деп түсінді. Сонымен қатар, ол өз шығармаларында ғылымды «бақталастық» үшін емес, «ақиқатты білмек үшін үйрену керек» екенін де баса айтқан болатын.

Абай Құнанбаевтің ғылым мен білімге шақыратын шығармаларына: 1882-1885 жылдары жазылған "Жасымда ғылым бар деп ескермедім", 1886 жылы жазылған "Интернатта оқып жүр" және "Ғылым таппай мақтанба",

«Ғылымға көңіл бөлсеңіз» [2] атты өлеңдері жатқызуға болады. Ұстаздық еңбек жолымда: *«Ұлы ақынның білім мен ғылымға шақырған өлеңдерін қандай жолмен, қандай әдіс-тәсілдермен бастауыш сынып оқушыларының зердесіне құюға болады?»*,- деген сұрақ көп толғандырды. Білімім мен көп жылғы тәжірибеме сүйене отырып, оқу бағдарламасы бойынша 3-сыныптың әдебиет пәніне енгізілгені "Ғылымға көңіл бөлсеңіз" өлеңін жобалау-зерттеу әдісімен оқыту керек деген шешімге келдім.

«Жобалау-зерттеу жұмыстары – алдын-ала шешімі белгісіз және ғылым саласындағы зерттеулерге тән мәселені қою, тақырыпты теориялық зерттеу, зерттеу әдістерін таңдау, практикада жүзеге асыру, өз бетінше ақпарат жинау, оны талдау және қорытынды шығару сияқты негізгі кезеңдерден тұруды болжайтын білім алушылардың шығармашылық, зерттеушілік міндеттерін шешумен байланысты іс-әрекеті» [3].

Талқылау

В.В. Всесвятский зерттеушілік дағдылардың маңыздылығын: «Зерттеу жұмыстары шәкірттерді бақылау жүргізуге, жеке заттардың қасиеттеріне тәжірибе жасауға баулиды. Бұл процесс белсенді бала табиғатына сай келеді» деп атап өткен [4].

Жобалау-зерттеу жұмысын бастауыш сыныпта оқытудың негізгі мақсаты бастауыш сынып оқушыларымен :

- зерттеу жұмысын жүргізу арқылы олардың зияткерлік-шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- зерттеу әрекеті барысында оқушылардың бақылау жасау мен ақпарат іздеуге деген қызығушылықтарын арттыру, тәжірибе жасауға баулу;
- танымдық дағдысы мен аналитикалық ойлау қабілетін ашу;
- зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру;
- сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамыту;
- болашақта ғылыми жұмысқа қызығушылық танытатын, креативті ойлай алатын, жан – жақты дамыған жеке тұлға тәрбиелеп шығару;

Енді Абайдың "Ғылымға көңіл бөлсеңіз" өлеңі бойынша 3-ші сынып оқушыларымен жүргізген жобалау-зерттеу жұмысыма тоқталайын.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері:

- оқушыларды өлең мазмұнымен таныстыру;
- өлең мазмұнын тереңдете түсіндіру;
- өлеңнің негізгі идеясын ашу;
- сөздік қорларын дамыту;
- зерттеушілік қасиеті мен ғылым-білімге деген ұмтылысын қалып-тастыру;
- Абайдың ойларын күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.

Күтілетін нәтиже:

- Абайды тереңірек тани түсті;
- қосымша дереккөздермен жұмыс істеуді, өз бетінше ізденуді үйренді, тіл байлықтарын дамытты;
- өлең идеясын өмірмен байланыстырды;

- білім мен ғылымның қажеттілігін түсінді;
- жобаны қорғау кезінде өз ойларын ашық жеткізе білді.

Зерттеу жұмысының кезеңдері:

Дайындық кезеңі:

- Абайдың өмірі туралы қысқаша мәліметтер беру, өлеңді дауыстап оқыту; таныс емес сөздер мен ұғымдарды анықтап түсіндіру.

Негізгі кезең:

- өлеңді мағыналық бөліктерге бөлу;
- негізгі идеясын анықтау (ғылымға көңіл бөлу, жамандықтан жирену, жақсы адамды сөзіне қарап тани білу т.б).
- өлеңнің мазмұнын талқылап, алған әсерлерімен бөлісу.

Зерттеуге арналған проблемалық сұрақтар:

- Ақын осы өлеңінде нені үйренуге шақырады?
- Ақын жас кезде неге көңіл бөлу керек дейді?
- Абайдың ойынша, ғылым мен білімге қол жеткізу үшін не істеу керек?
- Білім алып, ғылымды игеру не үшін қажет?

Зерттеу барысы:

-қосымша дереккөздермен жұмыс істеу *(Абайдың өмірбаяны, оның білім мен ғылым туралы көзқарастары);*

Мини-эксперименттер жүргізу:

- Бір апта бойы әр топ өзі үшін бір жаңа нәрсе үйренуі және адам бойында жиреніштi қандай жаман қасиеттер болатынын күнделікті өмірде бақылауы керек.

Қорытынды кезең:

- әр топ апта соңында өз зертеулерін жоба түрінде қорғайды.

Зерттеу нәтижесі

Жоғарыда көрсетілген жоба кезеңдеріне орай оқушылар 4 топқа бөлініп бір апта бойы зерттеу жұмысын жүргізді.

Зерттеу нәтижелері бойынша әр топ оқушыларының жауаптарынан мысалдар:

1-топтан А деген оқушының жауабы:

– Абай атамыз бізге:

Болмасаң да ұқсап бақ,
Бір ғалымды көрсеңіз.
Ондай болмақ қайда деп
Айтпа ғылым сүйсеңіз, [5] – деген ақылын айта отырып, талапты болуға, жақсыдан үлгі алуға, ғылым, білім үйренуге жол көрсеткен.

2-топтан Ж деген оқушының жауабы:

Балалық шақты босқа өткізбей, ерінбей ізденіп оқи берсең, ғалым болу түк емес. Ақылды, даналардың бәрі де кезінде бала болған, сондықтан Абай атамыз айтқандай «ғылым сүйсеңіз, ондай болмақ қайда деп айтпау» керек.

3-топтан С деген оқушының жүргізген мини-экспериментi бойынша адам бойында болатын жиреніштi жаман қасиеттер кестесі:

Жаман қасиеттер	***Мен оны қайдан (кімнен) көрдім?***

Әдепсіздік	С деген баланың үзіліс кезінде ешкімге жол бермей жүгіргені.
Сараңдық	Б деген оқушының өзінің кәмпитін досымен бөліспеуі.
Өтірік айту	Д деген сыныптасымның сабаққа дайынмын деп өтірік айтуы.

4-топтан А деген оқушының жауабы:

Абай атамыз осы өлеңінде: Дүние де өзі, мал да өзі, Ғылымға көңіл берсеңіз,- [6] деп адамға қажетті дүние де, байлық та тек оқу-білім, ғылыммен табылатынын айтқан.

«Білім мен ғылымға шақыратын Абай өлеңдерін бастауыш сыныпта оқыту» бойынша өз ойымды қорытындылайтын болсам: ұлы Абайдың бір өлеңіне жобалау-зерттеу жұмысын жүргізу арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылықтары артқанын, Абай шығармаларына деген өзіндік көзқарастары қалыптасқанын байқадым. Жобалау-зерттеу жұмысын қорғау кезеңінде оқушылардың ізденгендері, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарағандары байқалды.

Асыл сөзді іздесең,
Абайды оқы, ерінбе!
Адамдықты көздесең,
Жаттап, тоқы көңілге! [7] – деп, ақын Сұлтанмахмұт жырлағанадай, ұлы Абайдың аталы да баталы сөздері біздің әрқайсымыздың жүрегімізден орын алып, бойтұмарымыздай жадымызда сақталуы тиіс.

Қорытынды

Қорытындылай келгенде Абай Құнанбайұлы өз заманының шамшырағы, замандастарының бірегейі, ақыл мен ойдың данагөйі бола білген, қалың ұйқыда жатқан «қайран жұртын» өнер-білімге, ғылымға жетелеуді мақсат еткен. Ұлы Абайдың асқар таудай арманын, ең алдымен, біз, педагогтер қауымы бүгінгі күні жүзеге асыратын болсақ, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген саналы ұрпақ тәрбиелеріміз анық.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 1,2-томдары. - Алматы, 1995.
2. Бастауыш сынып білім алушыларының жобалау-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2024 ж.
3. Абай тағлымы. Әдеби- сын мақалалар мен зерттеулер. - Алматы,1986.
4. Бахишева С.М. Педагогикалық жобалау: теориясы мен технологиясы: Оқулық. - Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011 ж
5. Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына орай «Абай әлеміне саяхат» атты республикалық байқау материалдар жинағы. – «Bilimórkenieti» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы» баспасы, 2020/2021 ж.

АБАЙ ҚАРА СӨЗДЕРІНДЕГІ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ИДЕЯЛАР

Сулейменова Жанна Сагидуллина,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Астана қаласы әкімдігінің
«№72 мектеп-лицейі» ШЖҚ МКК

Аңдатпа. *Абайдың «Қара сөздері» – оның терең философиялық ойлары мен адамгершілік құндылықтарын насихаттайтын маңызды еңбектердің бірі. Бұл мақалада Абайдың қара сөздеріндегі негізгі философиялық идеялар жан-жақты талданады. Ақынның еңбектерінде көтерілген адамгершілік, білім, еңбек, дін, қоғам және ұлттық сана мәселелері қазіргі заманғы моральдық-этикалық нормалармен тығыз байланысты.*

Мақалада Абайдың философиялық көзқарастарының қазіргі қоғаммен байланысы зерделеніп, оның мұрасының қазақ халқының мәдениеті мен рухани құндылықтарына тигізген ықпалы анықталады. Абай Құнанбаевтың «Қара сөздері» – тек әдебиет емес, сонымен қатар ұлттық философияның негізі болып табылады, ол бүгінгі күннің өзекті мәселелеріне жауап беретін терең ойлармен толы.

Түйін сөздер: *Абай Құнанбаев, қара сөздер, философия, рухани құндылықтар, мәдени мұра, адамгершілік.*

Кіріспе

Мақаланың негізгі мақсаты – Абай Құнанбаевтың «Қара сөздері» арқылы қазақ халқының рухани және мәдени дамуына қосқан үлесін, оның философиялық көзқарастарын, адамгершілік, білім, еңбек, діни сенім, әділдік және ұлттық сана мәселелерін зерттеу. Абайдың шығармашылығын қазіргі қоғаммен байланыстыра отырып, оның идеяларының өзектілігін көрсету. Зерттеудің міндеттері: Абайдың «Қара сөздеріндегі» негізгі философиялық ойларды талдау. Абайдың шығармаларын адамзаттық құндылықтар тұрғысынан зерттеу. Абайдың философиялық идеяларын шығыс және батыс ойшылдарының көзқарастарымен салыстыру. Абайдың шығармаларын тарихи контексте қарастырып, сол заманның әлеуметтік-мәдени жағдайларымен байланысын анықтау. Абайдың қара сөздеріндегі ойларды қазіргі қазақ қоғамындағы өзекті мәселелермен байланыстыра отырып, олардың маңыздылығын көрсету.

Әдебиеттерге шолу

Абайдың философиялық көзқарастарын зерттеуге бірқатар ғылыми еңбектер қарастырылды. Ғалымдар ақын шығармаларын адамзаттық құндылықтар тұрғысынан талдап, ұлттық сана мен рухани даму мәселелеріне тигізген ықпалын көрсеткен. Мақаланы жазуда М.Әуезовтің [1], Ғ.Есімнің [2], З.Ахметовтың [3] ғылыми еңбектері маңызды дерекөздер болды.

Зерттеу әдістемесі

Бұл зерттеу жұмысы бірнеше әдістерге негізделді. Әдеби талдау әдісі арқылы Абайдың «Қара сөздеріндегі» негізгі ойлары мәтіндік тұрғыдан қарастырылып, олардың мазмұндық ерекшеліктері зерттелді. Салыстырмалы зерттеу әдісін қолдану арқылы Абайдың философиялық идеялары шығыс және

батыс ойшылдарының көзқарастарымен салыстырылды. Абайдың шығармалары тарихи контексте қарастырылып, сол заманның әлеуметтік-мәдени жағдайларымен байланыстырылды. Бұл мәселелер мақалада тарихи-философиялық әдісті қолдану арқылы жүзеге асырылды.

Нәтижелер

Абай Құнанбаев – қазақ халқының ұлы ойшылы, ақын, философ және ағартушы. Оның шығармашылығы қазақ әдебиетінің алтын қорына енген, ал «Қара сөздері» ұлттық философияның негізін қалаушы еңбектердің бірі болып табылады. Абайдың қара сөздерінде адамгершілік, білім, еңбек, діни сенім, әділдік және ұлттық сана мәселелері терең талданады. Бұл мақалада Абайдың қара сөздеріндегі негізгі философиялық идеялар қарастырылады. Абайдың философиялық көзқарастары қазіргі заманғы моральдық-этикалық нормалармен тығыз байланысты. Оның идеялары жастар тәрбиесінде, ұлттық сана мен мәдени мұраны сақтау қажеттілігінде маңызды рөл атқарады. Сондықтан Абайдың «Қара сөздерін» зерттеу – қазақ халқының рухани мұрасын жаңғырту және оны бүгінгі қоғамда қолдану үшін аса маңызды.

Абай Құнанбаев – қазақ халқының ұлы ойшылы, ақын, философ, ағартушы. Оның «Қара сөздері» ұлттық философияның алтын қазынасы болып табылады. Бұл еңбектерде адамгершілік, білім, еңбек, діни сенім, әділдік және ұлттық сана мәселелері қозғалады. Абай шығармашылығы арқылы қазақ халқының рухани және мәдени дамуына үлкен үлес қосып, оның ойлары бүгінгі қоғам үшін де өзекті болып отыр [4, 95].

Абайдың философиясының негізінде адамгершілік пен ізгілік тұрады. Ол адамды қоғамның бір бөлшегі ретінде қарастырып, оның моральдық жауапкершілігін атап өтеді. Абай «Адам болам десеңіз, үш нәрсеге асық бол: ақыл, қайрат, жүрек» деп, адамның рухани дамуы үшін осы үш қасиеттің маңыздылығын көрсетеді. Адамгершілік – қоғамның дамуының негізгі тірегі болып табылады. Абайдың пікірінше, адамгершілік қасиеттерді дамыту арқылы ғана қоғамда ізгілік орнатуға болады.

Абай білім мен еңбектің маңыздылығын ерекше атап өтеді. Ол «Ғылым таппай мақтанба» деген өсиетімен жастарды білімге ұмтылуға шақырады. Білім – адамның рухани дамуының негізі, ал еңбек – адамның өмір сүруінің басты шарты. Абай «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деп, еңбектің қадірін бағалауды насихаттайды. Бұл идеялар қазіргі қоғамда да өзекті болып отыр.

Абай дін мен сенім мәселелеріне де терең назар аударады. Ол дінді тек рәсімдер мен формаларға емес, адамның ішкі дүниесіне бағытталған рухани құндылық ретінде қарастырады. Абайдың пікірінше, діннің мәні – адамды жақсылыққа жетелеу және оның моральдық-этикалық нормаларын қалыптастыру. Ол «Дүние – жалған» деп, материалдық дүниенің өткінші екенін ескертеді және рухани құндылықтарға баса назар аударуды насихаттайды.

Абай ұлттық сана мен мәдени мұраны сақтау қажеттілігін де атап өтеді. Ол қазақ халқының мәдениетін, тілін және дәстүрлерін дәріптеп, жастарға ұлттық құндылықтарды үйретуді мақсат етеді. Абайдың шығармашылығы

арқылы қазақ халқының рухани мұрасын жаңғыртуға және оны бүгінгі қоғамда қолдануға мүмкіндік бар.

Абай Құнанбаевтың қара сөздері – қазақ халқының рухани мұрасы және ұлттық философиясының алтын қазынасы болып табылады. Оның шығармаларында көтерілген негізгі философиялық идеялар бүгінгі қоғам үшін де өзекті болып қала береді: адамгершілік пен ізгілік, білім мен еңбек, дін мен сенім мәселелері, ұлттық сана мен мәдени мұраны сақтау қажеттілігі және әділдік пен теңдік принциптері. Абайдың ойлары жастар тәрбиесінде маңызды рөл атқара отырып, оларды рухани дамуға бағыттайды және қазіргі заманғы моральдық-этикалық нормаларды қалыптастыруда үлкен үлес қосады.

Абай әділдік пен теңдік мәселелеріне де назар аударады. Ол қоғамдағы әлеуметтік теңсіздікті сынға алып, адамдар арасындағы әділетсіздікті жою қажеттілігін айтады. Абайдың пікірінше, әділдік – қоғамдағы бейбітшілік пен келісімді қамтамасыз етудің негізі.

Абай Құнанбаевтың қара сөздері – қазақ әдебиетінің философиялық ойларының тереңдігімен ерекшеленетін шығармалар. Абайдың философиясы адам, қоғам, табиғат және өмірдің мәні туралы терең ойлардан тұрады. Оның қара сөздерінде адамзаттың рухани дамуы, моральдық құндылықтар, білім мен ғылымның маңызы, сондай-ақ адамның ішкі әлемі мен оның қоғамдағы орны туралы терең философиялық тұжырымдар бар.

Абайдың философиясы табиғатпен үйлесімді өмір сүруді де насихаттайды. Ол табиғаттың сұлулығын, оның адам өміріндегі рөлін жоғары бағалайды. Табиғатпен үйлесімділік – адамның рухани дамуының негізі деп есептейді.

Қорытынды

Абай Құнанбаевтың қара сөздері философиялық ойлардың тереңдігімен ерекшеленеді. Оның шығармаларында адам мен қоғамның мәні, білім мен ғылымның рөлі, моральдық құндылықтар мен табиғатпен үйлесімділік мәселелері жан-жақты талданады. Абайдың даналығы бүгінгі күнде де өзектілігін жоғалтпайды және жастарға рухани бағыт-бағдар беретін маңызды мұра болып табылады. Абай қара сөздерінде көтерілген мәселелер қазіргі қазақ қоғамында әлі де өзектілігін жоғалтпаған. Ақынның «ғылым таппай мақтанба» деген өсиеті білімнің маңыздылығын көрсетеді. Сонымен қатар, ол адамзаттық құндылықтарға баса назар аударып, әділдік пен еңбекқорлықты насихаттаған. Оның ойлары бүгінгі таңда жастар тәрбиесі мен ұлттық сананы дамытуда маңызды рөл атқарады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Әуезов М. Абай Құнанбаев. – Алматы: «Ғылым», 1995. – 350 б.
2. Есім Ғ. Абай дүниетанымы. – Алматы: «Раритет», 2005. – 275 б.
3. Ахметов З. Абай және қазақ әдебиеті. – Алматы: «Ана тілі», 1995. – 220 б.
4. Құнанбайұлы А. Сәулең болса кеудеңде. - Алматы: «Мазмұндама қоғамдық қоры», 2022. - 135 б.

АБАЙ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ: ОҚУШЫЛАРДЫҢ РУХАНИ ЖӘНЕ АҚЫЛ-ОЙ ДАМУЫНА ӘСЕРІ

Сындаркулова Манат Оралбековна,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
Қошке Кемеңгерұлы атындағы №49
мектеп-гимназия КММ, Астана қаласы

Аңдатпа. *Абай Құнанбайұлы философиясы қазақ халқының рухани және де мәдени құндылықтарына негіз қалаған маңыздырақ мұра болып саналады. Білім мен тәрбие туралы ойлары бүгінгі күннің педагогикасында өзекті болып табылады. Бұл мақалада Абай философиясындағы білім мен тәрбие мәселелері талданып, оқушылардың рухани және ақыл-ой дамуына әсері кеңінен зерттеледі. Абайдың көзқарастарының негізгі бағыттары – адамгершілік, ақыл-ойдың дамуы, ұлттық тәрбие және өмірлік тәжірибе білімінің маңызы. Қазіргі білім беру жүйесінде де өз орнын тапқан. Мақалада Абайдың педагогикалық тұжырымдамаларын оқу процесіне енгізу арқылы оқушылардың тек білім ғана емес, олардың тұлғалық, моральдық дамуын да дамыту мүмкіндігі толығымен қарастырылады. Абайдың ойлары қазіргі білім беру жүйесінің қалыптасуына үлкен әсер етіп, рухани бай, саналы азаматтарды тәрбиелеудің негізі ретінде маңызды рөл атқарады.*

Түйін сөздер: *Абай Құнанбайұлы, философия, білім, тәрбие, ақыл-ой дамуы, рухани даму, адамгершілік, ұлттық тәрбие, педагогика, қазіргі білім беру жүйесі, тұлғалық даму, моральдық құндылықтар, шығармашылық, сыни ойлау, ұлттық құндылықтар, педагогикалық тұжырымдамалар.*

Кіріспе

Қазіргі заман білім беру жүйесінің басты мақсаты – жан-жақты дамыған, рухани бай, интеллектуалды тұлға қалыптастыру. Абай Құнанбайұлы философиясы мен педагогика барысындағы көзқарастар қазақ елі мәдениетінің негізін құрайды. Сондай-ақ, білім мен тәрбиеге қатысты пікірі бүгінгі таңда білім беру саласында өзектілігін жоймай, тың идеялармен толығып отыр. Абайдың педагогикалық тұжырымдамаларының негізінде оқушылардың рухани және ақыл-ой дамуын қолдау үшін аса маңызды мәселелер мен әдістемелер ұштасып жатыр. Бүгінгі таңда Абайдың мұрасы тек қазақ әдебиеті мен мәдениетінің ғана емес, сонымен қатар қазақ білім беру жүйесінің де ажырамас бөлігіне айналды. Сондықтан да, Абай философиясындағы білім мен тәрбие ұғымдарының мәнін ашып, олардың қазіргі оқушылардың рухани және ақыл-ой дамуына әсерін айқындауды мақсат еттік. Осы ретте: - Абай еңбектеріндегі білім мен тәрбие мәселелерін талдау; - Абай философиясының бүгінгі білім беру жүйесіндегі қолданысын анықтауды міндет етіп, осы бағытта жұмыс істедік.

Қазіргі білім беру жүйесінде Абай философиясын қолдануда Абайдың философиясын қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың ақыл-ойы мен рухани дамуына маңызды әсер етуі мүмкін. Қазіргі білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқушыларды тек біліммен қаруландырып қана қоймай,

олардың адамгершілік құндылықтарын, моральдық негіздерін, шығармашылық қабілеттерін дамыту болып табылады. Абайдың философиясы осы мәселелерді шешуде маңызды үлес қосады.

Адамгершілік құндылықтарды қалыптастыра отырып, Абайдың тәрбие идеологиясы адамгершілік пен руханилықты басты орынға қояды. Ол оқушыларға тек білім берумен шектелмей, оларды адамгершілікке, әділдікке тәрбиелеуді көздеді [1, 92-97].

Абай Құнанбайұлының білім мен тәрбиеге қатысты көзқарастары қазіргі заманғы білім беру жүйесі үшін маңызды және өзекті. Оның философиясы тек қана білім беру емес, адамның тұлғалық дамуында, рухани және моральдық қасиеттерінің қалыптасуында да маңызды рөл атқарады. Абайдың педагогикалық ілімдерін қазіргі мектептерде қолдану арқылы оқушылардың ақыл-ойы мен рухани дүниесі дамып, қоғамда әділетті, мейірімді азаматтар тәрбиеленеді [2, 88-95].

Әдебиеттерге шолу

Абайдың педагогикалық идеялары көптеген зерттеулердің өзегіне айналған. Ғалымдар Абайды қазақ ағартушылығының негізін қалаушысы ретінде бағалайды. Мысалы, М.Баяхметова Абайдың философиялық көзқарастары мен оларды қазіргі заманғы білім жүйесіне енгізу туралы айтса[1], Ж.Тұрғынбекова Абайдың білім мен тәрбиеге көзқарасын, қазіргі педагогикаға ықпалын сөз етеді [2]. Б.Қ Дүйсембінова да Абайды педагогика ілімен байланыстырып, «Абай және қазақ педагогикасы» атты еңбек жазған [3]. Сондай-ақ, Ш. Ибраеваның да Абайдың педагогикалық идеялары туралы еңбегі жарық көргенін айтуымыз керек [4]. Аталған барлық зерттеулер Абайдың білім мен тәрбиені адам дамуының өзегі ретінде қарастырғанын көрсетеді.

Зерттеу әдістемесі

Абай Құнанбайұлы қазақ халқының ұлы ойшылы әрі педагогы ретінде кең танымал. Оның философиялық ойлары мен педагогикалық идеялары білім мен тәрбие мәселелеріне ерекше мән берген. Абай философиясының білім мен тәрбие саласындағы мәні оқушылардың рухани және ақыл-ой дамуына тікелей әсер ететін, бүгінгі педагогикада қолдануға болатын түбегейлі идеялар мен әдіс-тәсілдерді қамтиды.

Абай Құнанбайұлының шығармашылығында білім мен тәрбиеге қатысты бірнеше маңызды тұжырымдамаларына тоқталатын болсақ, біріншіден, Абай білім мен ақыл-ой дамуына мән бергенін көруге болады. Абай білімді адамды тек ақылды емес, сонымен қатар рухани жағынан да байытылған, терең ойлай алатын тұлға деп санады. Абай білімді тек ақпарат жинаумен шектелмей, оны терең ойлау мен саралау, танымдық қабілеттерді дамыту деп санады. Бұл көзқарас бүгінгі білім беру жүйесінің негізгі принциптеріне сәйкес келеді. Ол білімді тек ақпарат жинау емес, адамның ішкі дүниесін қалыптастыру, оны жоғарғы моральдық құндылықтармен байланыста дамыту деп қарады. Білім адамды әртүрлі қиындықтарға төтеп беруге дайындайтын құрал болуы керек.

Абайдың әр туындысында құнды ой, философия жатыр. Оның шығармалары арқылы оқушылардың сыни ойлауын дамытуға әбден болады. Олар терең пайымдауға үйретеді. Абайдың бес асыл ісі – талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым – оқушыларды мақсаттшыл, табанды және мейірімді болуға тәрбиелейді. Абай білімді «тек санаға емес, рухқа да азық» деп қарастырды. Ол былай деп жазды: «Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез». Бұл дегеніміз – білім беру процесінде оқушының ішкі қызығушылығы мен шынайы талпынысы оянып отыруы керек. Білім:

Ақылды дамытады.

Қиялды кеңейтеді.

Өзіндік ойлауға үйретеді.

Жауапкершілікті арттырады.

Бірақ ең бастысы – жан әлемін байытады.

Оқушы білім алғанда өзінің кім екенін және қандай мақсат үшін өмір сүретінін түсіне бастайды [5,135-140].

Абай шығармаларында рухани байлық және моральдық тәрбие бар. Абай адамның рухани дамуына және моральдық қасиеттеріне көп мән берген. Ол адамды тек ақылды емес, сонымен қатар жақсы, әділ, мейірімді болуға үйретуді мақсат етті. Абай ілімі арқылы оқушылар:

Жақсылық пен жамандықты ажыратады.

Ізгілік пен мейірімділікке ұмтылады.

Өзгелерге жанашырлықпен қарайды.

Абай туындыларын мектепте оқытуда өмірлік тәжірибе мен практикалық білім берілері анық. Абай өмірде тек теориялық біліммен шектелмей, адамға нақты өмірлік тәжірибе мен практикалық білімнің маңыздылығын түсіндіру керек. Абайдың педагогикалық көзқарастарында рухани тәрбие ерекше орын алады. Ол адамды рухани тұрғыда дамытудың маңыздылығын үнемі айтып, адамгершілік, әділдік, мейірімділік сияқты қасиеттерді тәрбиелеуді басты мақсат етіп қойды. Мұның өзі бүгінгі мектептерде тұлғалық және әлеуметтік жауапкершілігі жоғары азаматтарды тәрбиелеуде қолданылуы тиіс.

Абай теориялық білім мен практикалық білімнің арасындағы байланысты терең түсініп, оқу мен өмірді ұштастыру қажеттілігін ұсынды. Оның ойынша, тек кітаптан білім алу жеткіліксіз, өмірде қолданысқа жарайтын нақты дағдылар мен білімдер де өте маңызды.

Талқылау

Абай оқу мен өмірдің арасындағы байланысты терең түсініп, білім тек теориялық деңгейде ғана емес, өмірде қолданылатын нақты дағдылармен толықтыруды маңызды деп санады. Ол білім беру жүйесінің оқушыларды тек теориялық біліммен емес, практикалық тұрғыда да дамытуы керек деп көрді. Абайдың тәрбиелік көзқарастарының қазіргі білім беру жүйесіне әсері Абайдың білім мен тәрбие туралы ойлары бүгінгі күнде де педагогикада өз орнын тапқан. Оның әдістемелік тәсілдері мен принциптері қазіргі заманда оқушылардың рухани және ақыл-ой дамуына ықпал етеді [6, 58-65 б]

Абай тек ақылды емес, сонымен қатар адамгершілікті, әділетті, жауапкершілігі жоғары азаматтарды тәрбиелеуді мақсат етті. Абайдың қара сөздерінде тәрбие тақырыбы ерекше орын алады.

Ол үшін тәрбие дегеніміз – баланың жүрегіне ізгілік пен парасат ұялату. Абайдың толық адам концепциясы:

Ақыл – ойлау қабілеті.

Қайрат – ерік-жігер күші.

Жүрек – адамгершілік пен сезім орталығы.

Абай былай дейді: «Ақыл мен қайратты жүрекке билет, сонда әділет, шапағат секілді қасиеттер үстем болады.» Осылайша, тәрбие – оқушының мінезін, адамгершілік қасиеттерін дамытады. Бұл – нағыз рухани дамудың негізі [6, 110–115].

Зерттеу нәтижесі

Бұл идея қазіргі білім беру жүйесінде де маңызды рөл атқарады, себебі бүгінгі мектептерде тек білім берумен шектелмей, оқушылардың адамгершілік қасиеттерін дамытуға үлкен көңіл бөлінуде. Соның ішінде біршамасын санамалап айтар болсақ;

1. Танымдық қабілеттерді дамыту: Абайдың пікірінше, білім адамға тек ақпарат жинау үшін ғана емес, дүниені түсіну және ақыл-ойды дамыту үшін қажет. Бұл бағытта қазіргі білім беру жүйесі де көп көңіл бөлуде.

2. Ұлттық тәрбиенің маңызы: Абай ұлттық мәдениет пен дәстүрлерді сақтап, білім беру процесіне енгізуді ұсынды. Бұл да қазіргі оқытуда маңызды рөл атқарады. Абай ұлттық мәдениетті, халықтық дәстүрлерді бағалап, оларды білім беру процесінде пайдалануды ұсынды. Бұл идея бүгінгі таңда ұлттық тәрбие жүйесінің бір бөлігі болып табылады.

3. Практикалық аспектілер: Абай философиясының оқушыларға әсері Абай философиясын қазіргі білім беру жүйесіне енгізу арқылы оқушылардың рухани және ақыл-ой дамуының бірнеше маңызды аспектілері жүзеге асады:

4. Көңіл-күй мен эмоциялар: Абайдың шығармашылығы мен оның адам туралы түсінігі оқушылардың эмоциялық интеллектін дамытуға көмектеседі. Бұл оқушылардың өз сезімдерін түсінуіне және басқаруына көмектеседі.

5. Креативтілік пен шығармашылық: Абайдың шығармалары мен философиясы оқушыларды ойлау қабілетін дамытуға, шығармашылық әлеуетін ашуға ықпал етіп, терең ойлау, шығармашылық пен креативтілікке басымдық берілген. Бұл қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін қолданылатын әдіс-тәсілдермен ұштасады.

6. Әділдік пен теңдік: Абайдың идеялары оқушылардың қоғамдағы әділдік пен теңдік туралы көзқарасын қалыптастыруға ықпал етеді. Абай адамның әділдік, теңдік пен ақиқатқа деген сенімін қалыптастыруға тырысқан. Бұл оның шығармаларында жиі кездесетін тақырыптардың бірі. Бүгінгі білім беру жүйесі де осы принциптерге сүйене отырып, әрбір оқушыға тең мүмкіндік беруді мақсат етеді.

7. Шығармашылық және сыни ойлау: Абайдың философиясы мен шығармашылығы оқушылардың сыни ойлау дағдыларын дамытуға мүмкіндік

береді. Абайдың туындылары мен ойлары терең талдауды қажет етеді, бұл оқушылардың сыни ойлау қабілеттерін шыңдайды. Сонымен қатар оқушыларды тек біліммен емес, сыни ойлаумен де қаруландырады. Оның шығармалары оқушылардың терең ойлау қабілеттерін дамытып, олардың креативті шығармашылық әлеуетін арттырады [4, 42-48].

Қорытынды

Абай Құнанбайұлының философиясындағы білім мен тәрбие мәселелері бүгінгі күнде өзектілігін жоғалтқан жоқ. Оның білім мен тәрбие туралы ойлары қазіргі педагогикалық жүйеге үлкен әсер етіп, оқушылардың рухани және ақыл-ой дамуына ықпал етуде. Абайдың педагогикалық идеяларын қазіргі білім беру жүйесіне енгізу арқылы біз тек білімді емес, тұлғалық дамуы жоғары, қоғамға жауапкершілігі бар азаматтарды тәрбиелей аламыз. Абайдың идеяларының заманауи педагогикаға әсері оның шығармаларының мәңгілік құндылығын көрсетеді. Абайдың педагогикалық тұжырымдамаларын қазіргі білім беру жүйесінде пайдалану арқылы біз тек білімді емес, жан-жақты дамыған, моральдық тұрғыдан саналы азаматтарды тәрбиелей аламыз. Абай философиялық көзқарастары білім мен тәрбиенің рухани және ақыл-ой дамуына ықпал ететінін көрсетті. Абайдың 'Толық адам' концепциясы бүгінгі оқушылардың тәрбиесінде басшылыққа алынуы тиіс.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Баяхметова М. Абайдың философиялық көзқарастары мен оларды қазіргі заманғы білім жүйесіне енгізу. -Алматы: «Ғылым», 2007-92-97 б.
2. Тұрғынбекова Ж. Абайдың білім мен тәрбиеге көзқарасы: қазіргі педагогикаға ықпалы. - Алматы: «Педагогика», 2007.- 88-95 б
3. Дүйсембінова Б.Қ Абай және қазақ педагогикасы.- Алматы: «Мектеп», 2001.- 58-65 б
4. Ибраева Ш. Абай педагогикалық идеялары. - Алматы: «Мектеп», 2001.- 42-48 б
5. Құнанбайұлы А. Шығармаларының бір томдық толық жинағы. – Алматы: «Жазушы», 1987. – 135-140 б
6. Құнанбайұлы А. Қара сөздер // Абай шығармалары.-Алматы: «Мектеп», 2003.- 110–115-б

ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ: АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДА КӨРІНІС ТАПҚАН ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Тастанбекова Балжан Жайлаубаевна,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
Астана қаласы әкімдігінің «Ақселеу
Сейдімбек атындағы №54 мектеп-лицей»
ШЖҚ МКК, Астана қ., Қазақстан

Аңдатпа. *Бұл мақалада Абай Құнанбаев шығармаларының қоғамдағы маңыздылығы, оның философиялық көзқарастары және қазіргі заманмен байланысы жан-жақты талданады. Сондай-ақ, ақын шығармашылығында көрініс тапқан ұлттық құндылықтардың қазақ білім беру жүйесіндегі рөлі қарастырылады. Абай мұрасын оқыту әдістері талданып, олардың тиімділігі тәжірибелік тұрғыдан сипатталады. Зерттеу барысында әдеби талдау, салыстырмалы талдау және педагогикалық бақылау әдістері қолданылды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Абай шығармаларын оқыту оқушылардың рухани дамуына оң ықпал етіп, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруіне мүмкіндік береді.*

Түйін сөздер: *ұлттық құндылықтар, білім беру, Абай шығармашылығы, тәрбие, педагогика.*

Кіріспе

Білім беру – ұлт болашағының негізі. Кез келген мемлекеттің тұрақты дамуы, мәдениеті мен ұлттық құндылықтарының сақталуы білім жүйесіне тікелей байланысты. Қазіргі таңда жаһандану үдерісі күшейіп, ақпараттық технологиялар қарқынды дамыған кезеңде ұлттық құндылықтарды сақтау мен оны жас ұрпаққа жеткізу маңызды мәселелердің біріне айналды. Ұлттық сана-сезімнің қалыптасуы, тіл мен дәстүрдің сақталуы, жастардың елжандылық қасиеттерді бойына сіңіруі тікелей білім беру жүйесінің сапасына тәуелді. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ ағартушылығының ірі өкілі, ақын, ойшыл Абай Құнанбаевтың еңбектері маңызды рухани және әдістемелік негіз бола алады. Оның шығармашылық мұрасы мен философиялық көзқарастарының қазақ қоғамының мәдени, рухани және әлеуметтік дамуына ықпалы орасан зор. Себебі Абайдың өлеңдері мен қара сөздері адамның рухани кемелденуіне, білім мен ғылымның маңыздылығына, әділеттілік пен адамгершілік қағидаларына негізделген. Оның шығармаларында ұлттық құндылықтар терең көрініс тапқан. Ол өзінің өлеңдері мен қара сөздерінде қазақ халқының рухани болмысын, дүниетанымын, салт-дәстүрлерін, адамгершілік қағидаларын жан-жақты сипаттады. Абай шығармаларында көрініс тапқан негізгі ұлттық құндылықтарға тоқталатын болсақ, ол, ең алдымен, білім мен ғылымды қастерледі, халықтың надандық пен жалқаулықтан арылып, білім мен ғылымды игеруін маңызды деп санады. Ақын: "Ғылым таппай мақтанба, орын таппай баптанба" - деп, жастарды оқуға, ізденуге шақырды. Екіншіден, тіл мен әдебиетті қадірледі, қазақ тілінің байлығы мен құдіретін дәріптеп, оны сақтауға шақырды. Оның поэзиясы қазақ әдебиетінің дамуына үлкен үлес қосты. Үшіншіден, еңбекқорлық пен адалдық үлкен құндылық деп таныды: "Тамағың тоқтық, жұмысың жоқтық, аздырар адам баласын" – деп, еңбексіз өмірдің зиянды екенін ескертті. Төртіншіден, адамгершілік және әділеттілікті қадір тұтып, шыншылдық, адалдық, әділдік, имандылық сияқты қасиеттерді жоғары бағалады. Ол адам баласының өзара сыйластық пен мейірімділік қағидаларына сүйенуі керектігін айтты. Бесіншіден, ұлттық дәстүрлер мен рухани мұраны жоғары бағадады, қазақ халқының дәстүрлерін құрметтеп, оның құндылықтарын насихаттады. Оның шығармаларында ұлттық болмыс, қазақтың көшпелі мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігі көрініс табады. Алтыншыдан, достық пен ынтымақты, халықтың бірлігін, татулығын маңызды

деп санады. Ол ел ішіндегі алауыздықты сынап, ынтымақ пен бірлікті насихаттады: "Біріңді, қазақ, бірің дос, көрмесең – істің бәрі бос". Жетіншіден, дін мен руханият аясында, ислам дінінің тәрбиелік маңызына ерекше мән берді. Оның қара сөздері мен өлеңдерінде Аллаға сену, имандылық, рухани тазалық мәселелері қозғалады. Сегізіншіден, табиғат пен адам үйлесіміне мән берді, оның табиғат лирикасы қазақ жерінің сұлулығын бейнелеп қана қоймай, оның адам өмірімен тығыз байланысын көрсетеді. Табиғаттың жыл мезгілдерін сипаттай отырып, ол қазақтың көшпелі өмір салтын да сипаттайды [1, 240].

Абайдың шығармашылығындағы ұлттық құндылықтар қазақ халқының мәдениеті мен руханиятының негізін құрап, оның бүгінгі күнге дейін өзектілігін сақтап келеді.

Осындай баға жетпес ұлттық құндылықтарға толы оның шығармалары оқушыларға әдеби туындылар ретінде де, сонымен қатар өмірлік ұстанымдарды қалыптастыратын рухани бағдар ретінде де ұсынылуы керек. Бүгінде мектеп бағдарламаларында Абай мұралары оқытылғанымен, оны жаңашыл әдістермен жеткізу мәселесі өзекті болып отыр. Интерактивті оқыту әдістері, шығармашылық тапсырмалар, Абай идеяларын заманауи контексте қарастыру – бұл оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттырып, ұлттық сананы қалыптастыруға көмектеседі. Абайдың қара сөздерінде айтылған ойлар қазіргі заманғы білім беру философиясымен үндеседі. Ол “Он жетінші сөзінде” ақыл, білім және мінез мәселелерін көтере отырып, адам дамуы үшін өзін-өзі жетілдіру қажеттігін алға тартады. Бұл бүгінгі тұлғаға бағытталған білім беру жүйесінің басты қағидаларымен сәйкес келеді. Сондықтан Абайдың идеяларын заманауи білім беру үдерісіне тиімді енгізу – ұрпақ тәрбиесіндегі маңызды міндеттердің бірі [2, 198].

Абай Құнанбаевтың білім, тәрбие және адамгершілік туралы ойлары қазіргі білім беру жүйесі үшін құнды бағдар болып табылатындықтан, оның шығармашылығын оқыту әдістерін жетілдіру, ұлттық білім беру жүйесіне енгізу – болашақ ұрпақты тәрбиелеудің тиімді жолдарының бірі. Абай Құнанбаевтың шығармашылығы – қазақ руханиятының терең мән-мағынаға ие рухани қазынасы. Оның еңбектері ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, қазақ әдебиеті мен мәдениетінің ажырамас бөлігіне айналды. Бүгінде зерттеушілер Абайдың қара сөздері мен өлеңдеріндегі білім, еңбек, әділдік, адамгершілік сияқты құндылықтардың ұлттық сана қалыптастырудағы рөлін ерекше атап өтеді. Ұлы ойшылдың еңбектері қазақ қоғамындағы білім беру мен тәрбиенің негізін қалаған ілімдік-әдістемелік тұғыр ретінде де қарастырылады. Абайдың білім туралы ойлары оның көптеген шығармаларында көрініс табады. XX ғасырда қазақ педагогикасында Абай мұраларын оқыту мәселесі кеңінен зерттелді. Көрнекті ғалымдар мен зерттеушілер, оның ішінде А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов сынды қазақ ағартушылары Абайдың білім беру жүйесіне қосқан үлесін жоғары бағалады. Олардың еңбектерінде Абай идеялары білім беру мен тәрбие процестерінде қолданылуы тиіс маңызды қағидалар ретінде сипатталды.

Әдебиеттерге шолу

Кеңестік кезеңде де Абай шығармашылығы ұлттық тәрбие жүйесінің маңызды элементі ретінде қарастырылды. 1950-60 жылдары қазақ әдебиетшілері мен педагогтары ақынның мұрасын зерттеу жұмыстарын кеңейтті. Мәселен, Қ.Жұмалиев, М.Сильченко, З.Ахметов, Р.Нұрғали сынды зерттеушілер Абай шығармаларының тәрбиелік мәніне баса назар аударды. Олардың еңбектерінде Абайдың педагогикалық идеялары қазіргі заманғы білім беру жүйесіне қаншалықты сай келетіні кеңінен талқыланды.

Қазіргі таңда Абайдың еңбектері тек әдебиеттің ғана емес, педагогиканың да зерттеу нысанына айналып отыр. Оқулықтар мен бағдарламаларда Абай шығармалары оқытылып, олардың мазмұны ұлттық құндылықтармен сабақтастырылады. Абайдың қара сөздерінде көтерілген ғылым мен білімнің маңыздылығы қазіргі заманғы оқыту әдістерімен үндеседі. Оның "Он жетінші сөзіндегі" ақыл, білім және мінез мәселелері бүгінгі тұлғаға бағытталған білім беру жүйесінің басты қағидаларымен сәйкес келеді. Бүгінгі таңда Абай мұраларын оқытудың жаңа тәсілдері мен әдістері қарастырылуда. Интерактивті оқыту технологиялары, зерттеу әдістері, шығармашылық жобалар арқылы оқушылар Абай шығармаларының мазмұнын тереңірек түсінеді. Абай шығармашылығын оқыту арқылы, әсіресе, оқушының сыни ойлау мен аналитикалық талдау дағдыларын дамытуға болады [3, 320].

Абай Құнанбаевтың шығармашылығы қазақ білім беру жүйесінде маңызды, оның еңбектері тәрбиелік және әдістемелік құрал ретінде де құнды. Зерттеушілер Абай мұраларының маңыздылығын атап өтіп, оның идеяларын қазіргі білім беру жүйесінде кеңінен қолданудың маңыздылығын айқындайды. Ұлттық құндылықтарды сақтап, оны болашақ ұрпаққа жеткізуде Абай шығармаларының орны ерекше. Осы орайда өз тәжірибеммен бөліссем, қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда ұлттық құндылықтарды дәріптеу менің басты міндеттерімнің бірі. Оқушылардың қазақтың рухани мұрасына деген қызығушылығын арттыру, олардың бойында ұлттық сананы қалыптастыру үшін қазақтың ұлы тұлғаларының шығармашылығын терең талдау қажет. Осы тұрғыда Абай Құнанбаевтың шығармашылығы ерекше маңызға ие. Өзімнің бірнеше жылдық тәжірибемде Абайдың қара сөздері мен поэзиясын, ондағы ұлттық құндылықтарды әртүрлі әдістер арқылы оқушыларға жеткізуге тырысып жүрмін.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Абай шығармаларының өзегі – адамгершілік, ғылым-білім, еңбек, әділеттілік, ұлттық сана мәселелері болғандықтан, ақынның шығармаларын оқыту арқылы оқушыларды әдебиетке баулумен бірге, сонымен қатар олардың дүниетанымын кеңейту, сыни ойлау қабілеттерін дамыту, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіру мақсат етіледі. Өз тәжірибемде Абай шығармашылығын төмендегіше әртүрлі әдістермен оқытамын:

1. Әдеби талдау әдісі – шығармалардың мазмұны мен идеялық ерекшеліктерін анықтау;

2. Салыстырмалы талдау әдісі – Абай мұрасын заманауи әдебиет, өзге мәдениеттердегі ұқсас идеялармен салыстыру;

3. Педагогикалық бақылау әдісі – оқушылардың Абай шығармаларын қабылдау деңгейін зерттеу.

Абай қара сөздерін оқыту тәжірибеммен бөліссем, қара сөздер – Абайдың философиялық ойларын, өмірлік тәжірибесін жинақтаған, адамзатқа арналған рухани өсиеті. Сабақ барысында Абайдың 7, 10, 17, 31, 38-қара сөздерін оқушылармен бірге талдаймын. Мысалы, ақын қарасөздерінде адам өмірінің мәні туралы ой толғайды. Оқушылардан сол ойды өз өмірлерімен байланыстырып, эссе жазуды сұраймын. Бұл тәсіл олардың өзіндік пайымдауларын қалыптастыруға көмектеседі. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда ұлттық құндылықтарды дәріптеудің тағы бір мысалы, оқушыларды сабақта топқа бөліп, қара сөздерден алынған үзінділерге талдау жасатамын, әр топ қара сөздің негізгі идеясын қазіргі заманмен байланыстырып, постер немесе шағын сахналық көрініс түрінде қорғатып, осы секілді практикалық тапсырмалар қолданамын. Нәтижесінде оқушылар тек мәтін мазмұнын меңгеріп қана қоймай, оны өз өмірімен байланыстырып, өзіндік ой түйіндейді. Абайдың идеялары арқылы ұлттық құндылықтардың маңызын түсінеді.

Абай поэзиясын оқытуда мен интерактивті оқыту әдістерін жиі қолданамын. “Ғылым таппай мақтанба” өлеңін оқытуда оқушылармен бірге оның негізгі ойларын анықтаймыз, оны қазіргі заманғы біліммен байланыстырамыз. Мәселен “Ғылым таппай мақтанба” өлеңіндегі бес асыл іс пен бес дұшпанға талдау жасау барысында оқушылар өздері үшін ең маңызды үш асыл іс пен үш жағымсыз қасиетті таңдап, өз өмірлерімен байланыстырып жазады. Сабақ барысында өлеңдегі білімге деген ұмтылыс идеясын қазіргі жастардың көзқарастарымен салыстырамыз.“Жасымда ғылым бар деп ескермедім” өлеңін оқып, екі өлеңнің үндестігін талдаймыз. Нәтижесінде оқушылар білімнің маңызын түсінеді, өзін-өзі дамытуға деген мотивациясы артады,өлең мазмұны арқылы өз өмірлерін саралап, мінез-құлықтарын өзгертуге ұмтылады. Абай шығармаларын оқыту барысында оның ойларын әлем әдебиетіндегі ұқсас идеялармен салыстыру – оқушылардың таным көкжиегін кеңейтудің тиімді жолы. Мысалы, Абайдың еңбек туралы ойларын Л.Н. Толстойдың еңбектерімен салыстырамыз. Абайдың “Еңбек – қуаныш, жалқаулық – айырылмас азап” қағидаты Толстойдың “Адамға көп жер қажет пе?” **(«**Много ли человеку земли нужно») әңгімесіндегі еңбекке деген көзқараспен салыстырылады. Оқушыларға екі жазушының идеяларын талдап, өз ойларын дәлелдеуге тапсырма беріледі. Нәтижесінде оқушылар Абай шығармаларын басқа әдеби туындылармен салыстыру арқылы оның ойларының тереңдігін түсінеді. Сыни ойлау дағдылары дамиды.

Зерттеу нәтижелері

Оқушылардың Абай шығармаларын оқып, талдау барысындағы жетістіктерін бақылау мақсатында бірнеше әдістерді қолданамын, мысалы сұрақ-жауап әдісі оқушылардың мәтін мазмұнын қаншалықты меңгергенін анықтауға көмектессе, рефлексиялық жазба арқылы сабақ соңында оқушылар Абай шығармаларынан алған негізгі ойларын жазады. Практикалық қолдану

әдісімен оқушыларға өз өмірлерінен мысал келтіріп, шығарманың идеясымен байланыстырған эссе жаздыртамын. Нәтижесінде оқушылар Абай шығармаларын тек жаттанды түрде емес, терең түсініп оқиды, қара сөздер мен өлеңдер олардың мінез-құлқына, дүниетанымына әсер етеді, ұлттық құндылықтарды тереңірек түсініп, өз өмірлеріне бейімдеуге тырысады.Абай шығармаларын қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында тиімді қолданудың оқушылардың ұлттық құндылықтарды бойларына сіңіруіне, сыни ойлау дағдыларын дамытуға және өздігінен іздену қабілетін арттыруға ықпал ететініне көзім жетті. Менің тәжірибемде әдеби талдау, салыстырмалы талдау, педагогикалық бақылау әдістерін қолдану арқылы оқушылардың Абай шығармаларын терең меңгеруіне жағдай жасалды. Нәтижесінде, оқушылар тек білім алып қана қоймай, Абайдың идеяларын өмірлік ұстаным ретінде қабылдайды.

Болашақта бұл тәжірибені одан әрі жетілдіру мақсатында оқытуға заманауи технологияларды, шығармашылық жобаларды енгізуді жоспарлап отырмын. Абай мұрасы – сарқылмас қазына, оны оқыту арқылы біз ұрпақ санасына ұлттық рухани құндылықтарды сіңіре аламыз.

Абай шығармашылығын білім беру үдерісінде тиімді пайдалану арқылы оқушылардың ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығы артатыны анықтадым. Ақынның қара сөздері мен өлеңдеріне талдау жасау олардың өмірлік құндылықтарды түсінуіне ықпал етті. Оқушылардың қабылдау деңгейіне байланысты анықталған нәтижелеріме тоқталсам, оқушылар Абай шығармалары арқылы ұлттық құндылықтарды тереңірек түсініп, өзінің этномәдени ортасына деген қызығушылықтарын арттырды. Қара сөздер мен поэзиялық шығармаларды талдау барысында оқушылар ой қорытып, өзіндік пікірлерін дәлелдеуге үйренді. Абайдың адамгершілік туралы ойлары оқушылардың өзара қарым-қатынасына оң әсер етті. «Әсемпаз болма әрнеге», «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі сияқты шығармалар оқушылардың білімге, өзін-өзі жетілдіруге деген қызығушылығын арттырды. Оқушылар тек Абай еңбектерімен ғана шектелмей, қазақ әдебиеті мен басқа халықтардың әдебиетін салыстыра оқуға ынталы болды[1, 240-б]. Бұл нәтижелер Абай шығармаларын қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жүйелі әрі жан-жақты оқытудың маңыздылығын тағы бір дәлелдейді.Абай Құнанбаевтың шығармалары қазақ халқының рухани мұрасы ғана емес, сонымен қатар ұлттық білім беру жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде Абайдың қара сөздері мен поэзиясын оқыту оқушылардың ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығын арттырып, олардың тұлғалық және интеллектуалдық дамуына ықпал етеді.

Мұғалімдер Абай шығармаларын оқытуда әдеби талдау, салыстырмалы талдау, педагогикалық бақылау әдістерін қолдана отырып, білім беру үдерісін қызықты әрі тиімді ете алады. Бұл әдістер оқушылардың сыни ойлау дағдыларын дамытып, олардың әдебиетке деген сүйіспеншілігін арттыруға көмектеседі. Абайдың мұрасын бүгінгі білім беру жүйесінде тиімді пайдалану – ұлттық тәрбие мен рухани дамудың негізі болмақ.Мектеп тәжірибесінде

Абай шығармаларын оқыту оқушылардың әдеби мәтінді түсіну дағдыларын дамытуға ғана емес, сонымен қатар олардың рухани-адамгершілік тәрбиесіне де ықпал етеді. Абайдың өлеңдерін оқыту барысында оқушыларға білім алудың маңызын түсіндіру арқылы олардың оқу мотивациясын арттыруға болады. Сонымен қатар, интерактивті әдістер мен мультимедиялық ресурстарды қолдану оқыту үдерісін қызықты әрі тиімді етеді [4, 280].

Қорытынды

Қорытындылай келгенде, Абай Құнанбаевтың шығармашылығы – ұлттық білім беру жүйесінде оқушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесін қалыптастырудың маңызды құралы. Ақын мұрасын оқыту әдістерін жетілдіру және оны қазіргі білім беру стандарттарына сәйкес бейімдеу – ұлттық сананы нығайтудың тиімді жолдарының бірі. Болашақта Абай шығармаларын оқытудың жаңа әдістемелік тәсілдерін әзірлеу маңызды. Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасы – қазақ әдебиетінің, мәдениеті мен философиясының биік шыңы. Оның өлеңдері мен қара сөздері адамзаттың рухани дамуы, әділдік, білім мен ғылымның маңыздылығы туралы құнды ойларға толы. Ақынның философиялық көзқарастары қазіргі қоғаммен тығыз байланысты, сондықтан оны білім беру жүйесіне енгізу – ұлт болашағының жарқын кепілі. Абай мұраларын оқыту арқылы ұлттық құндылықтарды сақтау және жас ұрпаққа жеткізу мүмкін болады. Оның идеялары ұрпақ тәрбиелеудің және білім берудің тиімді әдістерінің бірі болып қала береді.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Ермағанбетова Г. Қазақ әдебиетіндегі Абай дәстүрі. – Нұр-Сұлтан: «Фолиант», 2020. – 240 б.

2. Жұмаділова Қ. Абай және рухани жаңғыру. – Астана: «Қазақ әдебиеті баспасы», 2018. – 198 б.

3. Қалиев С., Әбілова З. Қазақ этнопедагогикасы. – Астана: «Фолиант», 2018. – 320 б.

4. Құнанбаева С. Абай шығармашылығы және ұлттық тәрбие. – Алматы: «Қазақ университеті», 2010. – 256 б.

5. Мырзахметов М. Абайтану мәселелері. – Алматы: «ҚазҰУ баспасы», 2008. – 280 б.

АБАЙДЫҢ «ТОЛЫҚ АДАМ» ІЛІМІ: АҚЫЛ, ҚАЙРАТ, ЖҮРЕК ҮЙЛЕСІМІ

Тоғтох Серикгуль
Астана қаласы әкімдігінің
«Д.Қонаев атындағы №66 мектеп - лицей» ШЖҚ МКК
Педагог-шебер, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Аңдатпа. *Мақалада Хакім Абайдың «Толық адам» ілімі мен адамгершілік негіздерін насихаттаған шығармаларының өміршеңдігі туралы сөз етіледі. Ұлы ақынның өлеңдері мен қара сөздеріндегі «Толық адамның» сипаттары – ақыл, қайрат, жүрек үйлесімі туралы жан-жақты қарастырылады. Негізгі бөлімде ақынның «Толық адам» концепциясына түсініктеме беріліп, философиялық көзқарастарын ғылыми тұрғыдан зерттеп, Абай ілімінің жалпы мәселелеріне, концепцияларына, өлеңдері мен қарасөздерінің рухани маңыздылығына талдау жасалады. Абай мұрасын зерттеген ғалымдардың ғылыми еңбектерін негізге ала отырып, ақын көтерген мәселелердің бүгінгі қоғамдағы көрінісіне, оның өзектілігіне тоқталады.*

Түйін сөздер: *«Толық адам» ілімі, Абай үшкілі, қайрат, ақыл, жүрек.*

Кіріспе

Абай – қазақ рухани әлемінің жарық жұлдызы. Әдіскер ұстаз Қ. Бітібаева Абай туралы «Әлемдік деңгейдегі ақындардың бірі, мәдениет, пәлсапа, музыка, ой дүниесінің алыбы, эстет, гуманист, моралист, ағартушы-демократ, шешен, заңгер, әділ би, аудармашы, қоғам қайраткері, тәрбиеші-ұстаз Абай тек бір ұлттың көлемінде ғана емес, адамзат әлемінде ірі құбылыс болды» деп Абайдың біртуар тұлға екенін тамаша жеткізген [1,3].

Өзектілігі. Дана Абайдың шығармаларының өзегі – Толық адам. Оның даналық үшкілі адамның ішкі жан дүниесінің үйлесімділігін, рухани кемелденуін, адам болмысының тұтастығын қарастырады. Яғни, ақыл, қайрат, жүректің үйлесімділігі – толық адамның сипаты.

Абайдың толық адамы – ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстаған адам. Ұлы ойшылдың бұл идеясы «Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек», «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес», «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа», «Көк тұман – алдындағы келер заман», «Мен боламын демеңдер» өлеңдері мен «Он жетінші» және «Отыз сегізінші» қара сөздерінде көрініс тапқан. Абайтанушы Мекемтас Мырзахметов «Бүкіл оқу орындарындағы тәлім-тәрбие беретін оқулықтар Абайдың «Толық адам» ілімі негізінде қайта жазылуы тиісті. Бұл рухани қажеттілік» – десе [2], мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында: «Біз Абайдың «толық адам» тұжырымын қайта зерделеуіміз керек... «Толық адам» концепциясы, шындап келгенде, өміріміздің кез-келген саласының, мемлекетті басқару мен білім жүйесінің, бизнес пен отбасы институттарының негізгі тұғырына айналуы керек деп есептеймін» деп Абай ілімінің XXI ғасырда да өзекті екенін тілге тиек етеді [3].

Зерттеу материалдар мен әдістер

Зерттеу мәселесі бойынша Абайдың «Толық адам» концепциясына теориялық талдау; Абайтанушы ғалымдардың зерттеу еңбектерін талдау; ақынның «Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек», «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес», «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа», «Көк тұман – алдындағы келер заман», «Мен боламын демеңдер» өлеңдерін, «Он жетінші» және «Отыз сегізінші» қара сөздерін зерттеу, зерделеу, әр түрлі дереккөздерден ақпараттар жинақтау; ақпараттарды өңдеу, салыстыру, жүйелеу, қорытындылау әдіс-тәсілдері кеңінен қолданыс тапты.

Талқылау және зерттеу нәтижелері

Абайдың толық адам жайлы танымын зерттеп, зерделеп, оқырманға тереңінен түсіндірген ғалым М. Мырзахметұлы. Ол 1982 жылы жарық көрген «Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары» атты монографиясында: «Жалпы, діни-философиялық ойдың даму тарихында «адам» ұғымының алатын орны орасан десек те, оны белгілі бір жүйеге түсіріп, тиянақты түсіндіруге көш басы болған философ – Сократ. Абайдың толық адам туралы танымы сол Сократтан басталатын Платон, Плотиндердегі сүюші сүйеніш, тірек еткен адам, қытайлардың дао іліміндегі әбден жетілген адам (совершенно мудрый человек), шығыс ойшылдары мен суфизмдегі камили инсани мен бенделіктің кәмалаттығына ұмтылған адам және Ирандағы жәуанмәртілікпен сабақтасып, туыстасып жатады. Абайдың адамгершілікті жырлаудағы ең басты жаңалығы да осы» деп, Абай ілімінің бастауы Сократтан басталатынын айтады» [4,126]. Ал Ғарифолла Есім «Абай шығармаларын бір рет қана оқып қоймақ түгілі, тіптен оның шыгармаларын жаттап алу да аз, мәселе, оны түсінуде. Абай адам санасы кемелденіп, толысқан сайын түсінікті бола бастайды. Әр ұрпақ Абайдан өз түсінігін табады. Менің айтып өткендерім Абайдың хакімдігінің өзім түсінген қырлары» деген ой айтады» [5,82]. Ғалымның бұл пікірі – қанша ғасыр өтсе де, Абай мұрасының өз құндылығын жоймайтын өміршең мұра екендігінің дәлелі.

Ұлы ойшылдың ұзақ іздеп, тереңнен толғап тапқан танымы – «Толық адам» ілімі. Абайдың «Толық адам» тұжырымы – оның рухани-философиялық көзқарасының тереңі. Бұл ілімде Абай адамгершілік, парасат, иман, әділет сияқты рухани құндылықтарды алдыңғы орынға қояды. Сонда, «Толық адам» деген кім? Толық адам – рухани жаңғырудың шыңы, өзінің рухани болмысын таныған адам. Абайша толғасақ, ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстаған адам. Яғни, ақылды, қайратты, жүректі (мейірімді, әділетті), сенімі (иманы) бар адам. Ақын «Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек» өлеңінде:

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек...

Біреуінің күні жоқ біреуінсіз... – деп үшеуінің үйлесімі ғана «толық адамды» қалыптастыратынын тілге тиек етсе, «Көк тұман – алдыңдағы келер заман» өлеңінде:

Ақыл мен жан – мен өзім, тән – менікі,

«Мені» мен «менікінің» мағынасы – екі, – деп адамның рухани болмысының (ақыл мен жан) өлмейтінін, ал тәнінің уақытша екенін айтып, адамның жан дүниесін, рухын биіктетуді мақсат еткен» [6,178].

«Он жетінші қара сөзінде» ақыл, жүрек және қайратты өзара дауластырып, төрелікті ғылымға береді. Үшеуінің бір-бірінен артықшылығын өздеріне айтқызады да, толық адам болу үшін олардың үйлесімі қажет деп түйіндейді [8.258]. Жүрекке басымдық беру – адамгершілік пен мейірімділікті негіз етіп алудың көрінісі. Ақыл-ой елегінен өткізуші, таным құралдары, ал қайрат – шешім мен әрекетке итермелеуші күш. Осы үш қасиет үйлесім тапқанда ғана адам толыққанды рухани кемелденеді. Сонда ғылым деген не? Абай ғылымды кітаптың сөзі дейді, яғни, Алланың сөзі.

Мен толық адам болмысын Абайдың үш сүюімен, «Имани гүл» тұжырымымен толықтырғым келеді. «Абай ілімінің жүйесіндегі маңызды қағидалардың жүйесі имани гүлге негізделеді. Имани гүл концепциясы – Абай ілімінің басты концепцияларының бірі. Ол Абайдың шығармашылығында маңызды орын алады» [7.74]. – дейді Абайтанушы ғалым Ж.Дәдебаев. Имани гүл болатын үш сүю туралы ақынның өзі «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңінде былай дейді:

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және хақ жолы осы деп әділетті.

Осы үш сүю болады имани гүл...» [6.94]. Ал Ғарифолла Есім: «Абай бірінші адамзаттың өзін махаббатпен жаратқан Алланы сүй дейді, оны біз парыз философиясы деп атадық. Екінші, адамзаттың бәрін бауырым деп сүю, оны біз бауырмалдық философиясы дедік. Үшінші, хақ жолы деп әділеттікті сүю, оны әділеттілік философиясы дейміз», – деп Абай ілімінің рухани-адамгершілік негіздерін (парыз, бауырмалдық, әділет) нақтылап береді» [5,18] Ғалымның бұл тұжырымы қазіргі таңда өте өзекті, себебі, парыз – адамның Алламен, рухани дүниемен байланысы болса, бауырмалдық – бейбітшілік пен татулықтың, толеранттылықтың кілті. Ал қазіргі заманның басты талабы – әділеттілік. Әділетсіздікке қарсы тұру, әділ заң мен әділ билік құру – бақытты ұлттың, зайырлы мемлекеттің басты ұстанымы болуы тиіс деп ойлаймын. Сөзімді М.Әуезовтің Абайдың үш сүюі туралы айтқан пікірімен пайымдаймын: «...адамзатты махаббатпен жаратқан ие бар, ендеше соны сүю жаратылушы бенденің қарызы деген ой жалғыз исләм ғұламаларының көзқарасы емес. Ол – Сократтан, Платоннан бері басталып келе жатқан идеалистік философияның бәрінің арқа тірегі» [9,178].

Қорытынды

Абай – адамзаттың ғұмыр бойы игеріп, түйсіне түсетін ғажайып әлемі. «Абайдың мол мұрасы қазақ ұлтының жаңа сапасын қалыптастыруға қызмет етеді. Оның шығармаларындағы ой-тұжырымдар әрбір жастың бойында халқына, елі мен жеріне деген патриоттық сезімді орнықтырады. Сондықтан хакім Абай еңбектерінің нәрін өскелең ұрпақтың санасына сіңіру және өмірлік азығына айналдыру – ұлтты жаңғыртуға жол ашатын маңызды қадамның бірі» [3].

Абайдың даналық үшкілі – «ыстық қайрат», «нұрлы ақыл», «жылы жүрек» адам өмірінде ешқашан тозбайтын құндылықтар қатарына жатады. Сөзімді түйіндесем, Абайдың «Толық адам» ілімі – ғылымға сүйенген, мейірім сезімді баптаған және әлеуметтік әділетті сақтауға күш салған шынай бақытты ел болудың моделі. «Абай арманы – халық арманы. Халық арманы мен аманатын орындау жолында аянбағанымыз абзал. Абайдың өсиет-өнегесі XXI ғасырдағы жаңа Қазақстанды осындай биіктерге жетелейді» [3]. Бүгінгі уақыт биігінен осыған көз жеткіземін.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Бітібаева Қ. «Мектепте Абайды танытудың жаңашыл технологиясы» – Алматы: «Дәуір-Кітап» баспасы, 2012. –188 б.
2. Айнара А. «Біз және Абай»//Қазақ әдебиеті газеті 4.08.2017 ж.
3. Тоқаев Қ. «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан»//Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты, 08.01.2020 ж.
4. Мырзахметов М. Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары. – Алматы: «Ғылым», 1982. – 292 б.
5. Есім Ғ. Абай туралы философиялық трактат. – Алматы: «Қазақ университеті», 2004. – 84 б.
6. Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: «Жазушы», 1995. – 336 б.
7. Дәдебаев Ж. Абай ілімі. – Алматы: «Абай институты», 2022. – 185 б.
8. Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. II том. Аудармалар мен қара сөздер. – Алматы: «Ғылым», 1977. – 312 б.
9. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Том 20. Монография мен мақалалар//Жауапты шығарушылар: Л.Әуезова, З.Серікқалиев/. – Алматы: «Жазушы», 1985. – 496 б.

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ КОД

Томабаева Әзиза Ғазизқызы,
KILC лингвистикалық колледжі, мұғалім

Аңдатпа. *Бұл мақалада Абай Құнанбаев шығармаларындағы ұлттық код ұғымы талданып, оның рухани-мәдени мәні сараланды. Ақынның табиғатты, тұрмысты, салт-дәстүрді бейнелеуі арқылы қазақ халқының дүниетанымы мен болмысын қалай сипаттағаны көрсетілді. Абай поэзиясындағы ұлттық ерекшеліктерді зерттеу арқылы бүгінгі ұрпаққа рухани жаңғырудың негізі ұсынылады.*

Түйін сөздер: *ұлттық код, Абай шығармалары, дәстүр, рухани жаңғыру, әдебиет, поэзия, мәдени мұра.*

Кіріспе

Қазір ұлттық ерекшеліктер, ұстанымдар, салт-дәстүрлер адам сана-сезімінен жоғалып бара жатыр. Бұның негізі жаһанданудәуірінде деп айтсақ да болады. Себебі, жаңа прадигмалар, жаңа ізденістер орнап, халықтар арасында ортақ реалий қалыптасқан. Барша адамзат өз ұлтының рухани өзгешелігінен бас тартты деуден, әрине, аулақпыз. Ұлттық кодты, салт- дәстүрді сақтау маңызды екені баршамызға аян. Сондықтан, қазіргі технологиялық революция дәуірінде ұлттық код ұғымы бұрынғыдан да маңызды бола түсті. Ұлттық код – белгілі бір халықтың болмысын, мәдениетін, дүниетанымын айқындайтын рухани-мәдени ерекшеліктер жиынтығы. Ол ғасырлар бойы қалыптасқан тарихи жады, салт-дәстүр, тіл, әдебиет пен өнер арқылы көрініс табады.

Бүгінде технологиялық даму мен ақпараттық ағынның күшеюі ұлттық кодқа жаңа сын-тегеуріндер әкелуде. Бір жағынан, әлемдік мәдени ықпалдастық ұлттық құндылықтардың өзгеруіне әсер етсе, екінші жағынан, халықтың өзіндік ерекшелігін сақтауға деген ұмтылысы арта түсуде. Қазақ халқы үшін ұлттық кодтың басты көрсеткіштері – тілі, тарихы, салт-дәстүрі мен әдеби мұрасы болғандықтан, қазақ ғалымдары сол көрсеткіштерді сақтаудың, оны әрі қарай жетілдірудің сыр-сипатын талқылап келеді. Әсіресе, қазақ әдебиеті мен фольклоры ұлттың дүниетанымдық негізін қалыптастыратын басты құралдардың бірі болып қала береді.

Ұлттық код – белгілі бір ұлттың салт-дәстүр, тарихи оқиғалар арқылы жинақталған рухани ақпараты.

Осы тұрғыдан алғанда, ұлттық кодтың заманауи көрінісін талдау – ұлттық бірегейлікті сақтап қалудың, рухани жаңғырудың және болашақ ұрпаққа ұлттық құндылықтарды жеткізудің өзекті мәселесі болып табылады. Абай шығармаларындағы ұлттық кодты жинақтай келе, ұлттың сезімін оятып, рухани жаңғыруға апаратын жолды көрсеткіміз келді.

Әдебиеттерге шолу

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «ХХ ғасырдағы батыстық жаңғыру үлгісінің бүгінгі заманның болмысына сай келмеуінің сыры неде? Меніңше, басты кемшілігі – олардың өздеріне ғана тән қалыбы мен тәжірибесін басқа халықтар мен өркениеттердің ерекшеліктерін ескермей, бәріне жаппай еріксіз таңуында. Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастауалатын рухани коды болады Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай» - деп рухани жаңғырудың негізі – ұлттық кодымызды сақтау екенін көрсетті [1].

«Абайдың табиғатты суреттеп жазған бір топ өлеңдері тек түр жағынан ғана емес, мазмұны жағынан да өзгеше. «Желсіз түнде жарық ай», «Қыс», «Жаз», т.б. өлеңдерінде жыл мезгілдерінің әрбір кезеңін қазақ ауылының өмір тіршілігіне қабыстыра суреттейді» - деп ғалым Ханғали Сүйіншәлиев Абай поэзиясын ұлтты сипаттайтын көркем энциклопедия деп бағалайды [2, 321].

Талқылау және зерттеу нәтижелері

Бірінші кезекте Хакім Абайдың шығармаларындағы ұлттық кодтың көрініс тапқанын «Жаз», «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңдерін талдап, бес түрге бөліп қарастырдық. Олар, табиғатпен тұрмыс үйлесімі, жылқы мен киіз үйдің символикасы, дәстүрлі сусын - қымыз, аңшылық дәстүр, лексикалық кодтар.

Абайдың 1886 жылы жазған «Жаз» өлеңіндегі қазақ ұлтына тән өзгешелікті әсем бейнелеген. Біз оны мына көрінісінен байқаймыз:

Жаздыкүн шілде болғанда,
Көкорай шалғын, бәйшешек,
Ұзарып өсіп толғанда;
Күркіреп жатқан өзенге,
Көшіп ауыл қонғанда [3, 14]

деп көшпелі қазақ салтын жайлауға көшкендегі бейнесімен әсем табиғат көрінісін қатар ұштастырған. Ханғали Сүйіншәлиев «XIX ғасыр әдебиеті» еңбегінде қазақ ауылының бейнесін былай сипаттайды: ««Жаз» өлеңінде тасыған өзені мен жасыл алқапты жағалай қонған қазақ ауылы көз алдынан кетпейді» [2, 321].

Қазақ дүниетанымында жылқы малының орны бәрімізге мәлім. Жеті қазынамыздың өзінде жүйрік аттың қасиетін айқындап көрсеткен.

Шұрқырап жатқан жылқының
Шалғыннан жоны қылтылдап,
Ат, айғырлар, биелер
Бүйірі шығып, ыңқылдап,
Суда тұрып шыбындап,
Құйрығымен шылпылдап,
Арасында құлын-тай
Айнала шауып бұлтылдап [3, 14]- деп Абайдың бұл өлеңінде жылқы малының жайлаудағы асыр салып ойнап, жаздың ыстығынан судың жағасына келіп пана іздегенін әсем бейнеленген.

Киіз үй көшпелі халықтардың, соның ішінде, қазақ халқының ежелден келе жатқан баспанасы. Ауа-райына бейімделген, тез жиналып, тез құрастырылатын және тасымалдауға ыңғайлы ерекше үй. Ұлы Абай бұл киіз үйді тігудегі рәсімді қыз-келіншектердің жиылып, әзілдесіп, тамаша бірлескен әрекетін және оның сол ауылдағы адамдарды бір-біріне жақындататынын көрсетеді:

Қыз-келіншек үй тігер,
Бұрала басып былқылдап,
Ақ білегін сыбанып,
Әзілдесіп сыңқылдап [3, 14].

Жоғарыда жылқы малының алар орны ерекше деп айтылғандай, сол жылқы малынан алатын өнімдер де аса құнды. Саумал, қымыз қазіргі заманның өзінде қазақ елінің ұлттық сусыны. Абай бұл жерде сусын ашытуға арналған теріден жасалған «саба» ыдысында дайындалған, балғын, таза қымыздың дәмін көруге бәрі дәмелі екенін байқатады. Қазір «саба» сөзі көп қолданылмайтын болғандықтан, ақпарат бере кетуді жөн көрдік.

Аяңшылы жылпылдап;
Сабадан қымыз құйдырып,
Ортасына қойдырып,
Жасы үлкендер бір бөлек
Кеңесіп, күліп сылқылдап.
Бай байғұсым десін деп,
Шақырып қымыз берсін деп,
Жарамсақсып, жалпылдап.
Шапандарын белсенген [3, 14].

Абайдың 1982 жылы жазған «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңінде қазақы аңшылық салтын әспеттеп суреттейді. Бұл жердегі алғаш қар

жауғаннан кейінгі қазақ халқының аңшылыққа бүркітті алып шығуын, сол аңшы дайындығын әрі қызығын көрсетеді. Мәселен,

Қансонарда бүркітші шығады аңға,
Тастан түлкі табылар аңдығанға.
Жақсы ат пен тату жолдас – бір ғанибет,
Ыңғайлы ықшам киім аңшы адамға.
Томағасын тартқанда бір қырымнан,
Қыран құс көзі көріп самғағанда.
Төмен ұшсам түлкі өрлеп құтылар деп,
Қандыкөз қайқаң қағып шықса аспанға [4, 22].

Қазіргі уақытта «ғанибет», «томаға», «қандыкөз» деген сөздер көп қолданылмайтын болғандықтан, кішкене анықтама бере кетейік.

«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» жоғарыда аталған сөздерге мынадай анықтама беріледі: «Томаға – қыран құстың көзін жабуға арналған басқа киігізіп қоятын былғарыдан жасалған тұмылдырық, қандыкөз- бүркіттің жемтігін көргенде көзі қанталаған түрі, ғанибет - сәттілік, игілік деген мағынаны береді» [5, 182]. Дана халқымыздың ертеден аңшылықпен айналысқанын, һәм оған айрықша көңіл бөліп, құмай тазы, қыран құс, жүйрік ат пен берен мылтығын дайындап шығатыны мәлім. Хәкім Абайдың аңшы бейнесін, түлкі мен қыран құстың айқасын бейнелеп қана қоймай:

Мұны оқыса, жігіттер, аңшы оқысын,
Біле алмассың, құс салып дәм татпасаң, [4, 23]-деп аңшылыққа шыққан адам ғана түсінетінін айтқан.

Қорытынды

Абай шығармаларындағы ұлттық код элементтері – қазақ халқының рухани әлемі мен мәдени болмысын танытатын көркем дереккөздер. Табиғат пен тұрмыс, дәстүр мен дүниетаным, салт пен символ – барлығы ақынның шебер қаламы арқылы ұлттық кодты сақтаудың әрі болашаққа жеткізудің тәсіліне айналған. Осы арқылы Абай тек ақын ғана емес, ұлт болмысын жеткізуші мәдениет кодын жасаушы тұлға екенін дәлелдеуге болады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» //www. akorda. kz 12.04.2017

2. Сүйіншәлиев Х. XIX ғасыр әдебиеті. - Алматы, 1992. - 321 б.

3. Құнанбаев А. Таңдамалы өлеңдер. - Алматы: «Жазушы» баспасы, 1985. -14 б.

4. Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. - Алматы, 1957. - 22 б.

5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. - Алматы, 2008. – 182 б.

ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ: АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДА КӨРІНІС ТАПҚАН ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Тулегенова Галия Жанабергеновна,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Астана қаласы әкімдігінің «Ақжан
Әл-Машани атындағы №92 мектеп-лицейі»,

Аңдатпа. *Бұл мақалада ұлттық білім беру жүйесіндегі Абай шығармаларында көрініс тапқан құндылықтардың рөлі қарастырылады. Ақынның ағартушылық идеялары, адамгершілік қағидаттары мен білімге деген көзқарасы қазіргі ұлттық білім беру жүйесінің негіздерімен сабақтастырылады. Абай еңбектеріндегі талап, еңбекқорлық, ғылым-білімге ұмтылу, әділеттілік, ізгілік секілді құндылықтар талданып, олардың бүгінгі білім беру үдерісінде қолданылу мүмкіндіктері зерттеледі. Зерттеу нәтижесінде Абай мұрасының ұлттық сана қалыптастырудағы маңызы айқындалып, педагогикалық идеяларының заманауи білім беру жүйесіне ықпалы көрсетіледі.*

Ақынның ағартушылық идеялары қазіргі заманғы оқу бағдарламаларымен, тәрбие әдістерімен, құндылықтарға негізделген білім беру тұжырымдамаларымен салыстырылып, үйлесімділігі мен тиімділігі сипатталады. Педагогикалық идеяларын білім беру үдерісінде пайдалану арқылы оқушылардың рухани-адамгершілік қасиеттерін дамыту, сыни ойлауын жетілдіру, ұлттық сананы қалыптастыру жолдары зерттеледі.

Түйін сөздер: *ұлттық білім беру, құндылықтар, ұлттық тәрбие, ғылым-білім, рухани даму, сыни ойлау, ұлттық сана.*

Кіріспе

Қазіргі заманғы білім беру жүйесі тек академиялық білімді игерумен шектелмей, жеке тұлғаның жан-жақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған. Әсіресе, ұлттық құндылықтар мен рухани-адамгершілік тәрбие білім беру үдерісінің маңызды бөлігіне айналып отыр. Бұл тұрғыда қазақ ағартушыларының, соның ішінде Абай Құнанбайұлының еңбектерінде көрініс тапқан идеялар мен қағидаттар ерекше маңызға ие. Абайдың шығармалары жастарды ғылым-білімге ұмтылуға, еңбекқорлыққа, әділеттілік пен адамгершілікке баулудың маңызды құралы ретінде қарастырылады. Оның поэзиясы мен қара сөздерінде көтерілген мәселелер тек өз дәуірінің емес, бүгінгі күннің де өзекті сұрақтарына жауап бере алады.

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, тілі орамды,
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін,- деп Абай өзі шығармашылығының тақырыбын нақтылап өткен [1].

Абай шығармаларында білім мен тәрбиенің өзара байланысы терең көрініс тапқан. Адамгершілік, мәдени, балалар мен жасөспірімдердің дене тәрбиесі туралы жазбаған ақын- жазушы кемде - кем, бірақ алғашқылардың бірі болып Абай ұрпақты қалыптастыруда баланың физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып тәрбиелеу қажеттілігіне назар аударады.

Ақын халықты надандықтан арылту үшін ғылым мен білімнің маңыздылығын ерекше атап өтіп, оқу мен еңбекті, әділеттілік пен адамгершілікті насихаттады. Ол білімнің тек ақпарат алу құралы ғана емес, сонымен қатар жеке тұлғаның рухани кемелденуіне ықпал ететін маңызды күш екенін

көрсетеді. Абайдың кең тараған педагогикалық көзқарастарына тоқталсақ, өткен ғасырда педагогикалық теория мен практиканың әмбебап мәселелерін шешуде олар айқын, іргелі көрініс береді. Оның кейбірі:

«Адам тек біліммен ғана өмір сүреді,

Біліммен ғана заман көшеді,

Біліммен ғана жүректердің нұры...» [1] деген сөздері қанатты сөздерге айналды.

Бұл зерттеудің негізгі мақсаты – Абай шығармаларында көрініс тапқан ұлттық құндылықтарды талдап, олардың бүгінгі білім беру жүйесінде қолданылу мүмкіндіктерін анықтау. Ақынның ағартушылық идеяларын білім мазмұнына енгізу арқылы оқушылардың рухани дамуына, ұлттық сана-сезімінің қалыптасуына ықпал ету жолдарын көрсету. Өткен жылы қала бойынша таратуға бекітілген "Мәтінмен жұмыс арқылы білім алушы бойында құндылықтарды қалыптастыру" тақырыбындағы авторлық бағдарламамда да Абай шығармаларын тек қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында ғана емес, барлық пәндер аясында кеңінен қолдануды насихаттаған болатынбыз. Зерттеу мақалада да осы қырына тағы да тоқталып өтемін.

Мақсатқа жету үшін келесі міндеттер айқындалады: Абай шығармаларында көтерілген білім мен тәрбиенің өзара байланысын анықтау; ақынның адамгершілік, әділеттілік, еңбекқорлық, ғылым-білімге ұмтылу секілді құндылықтарын талдау; Абайдың педагогикалық идеяларының қазіргі білім беру жүйесімен үндестігін саралау; білім беру үдерісінде Абай шығармаларын қолданудың тиімді жолдарын ұсыну; ұлттық тәрбие мен жалпы адами құндылықтардың сабақтастығын көрсету.

Білім беру жүйесі заман ағымына қарай өзгеріп, үнемі жаңарып отырады. Дегенмен, қандай өзгерістер орын алса да, ұлттық тәрбие мен рухани-адамгершілік құндылықтарды сақтап қалу негізгі міндет болып қала береді. Абайдың еңбектері осы құндылықтардың негізін қалаушы ретінде ерекше орын алады. Қазіргі қоғамда жаһандану үдерісі белең алып, ақпараттық технологиялар білім беру саласына терең енген шақта, ұлттық болмысты сақтау және оны жаңа форматта дамыту мәселесі өзекті бола түсуде.

Абай Құнанбайұлының шығармалары осы мәселелердің шешімін табуда маңызды рөл атқарады. Оның «Толық адам» концепциясы, ғылым мен білімге деген көзқарасы қазіргі заманның білім беру бағдарламаларымен үндесіп, оқушылардың рухани және зияткерлік дамуына ықпал етуі мүмкін. Сонымен қатар, ақынның әділеттілік, адалдық, еңбексүйгіштік туралы ойлары бүгінгі жас ұрпақтың бойында жауапкершілік пен ұлттық сана-сезімді қалыптастыруда ерекше мәнге ие.

Адам биік мақсаттармен басқа өмірге ұмтылады. Осы мақсатқа жету жолы – білім. Сіздің мақсатыңыз – өзіңізді физикалық және рухани жағынан дамыған тұлға ретінде тануға алғашқы қадам жасау, яғни, білім алу. Ал екінші қадам – мақсатқа жету. Ол жастарды: «Әр нәрсеге асықпаңыз, Талантыңмен мақтан: Ей, адам, ғаламның өмір құрылысына қаланған кірпіш ретінде өз орныңды тап,» - деп шақырады [2].

Бүгінгі таңда білім беру саласында құндылыққа негізделген оқыту жүйесі қалыптасып келеді. Осы бағытта Абай шығармаларын оқу үдерісіне енгізу – оқушылардың ұлттық құндылықтар мен тарихи санасын дамытудың маңызды құралы болмақ. Сондықтан бұл тақырыпты зерттеу, әрі білім беру жүйесіне енгізу – уақыт талабы.

Абай Құнанбайұлының шығармаларындағы ұлттық құндылықтар мен оның білім беру жүйесіндегі орны көптеген ғалымдардың зерттеу нысанына айналды. Қазақ әдебиеті, философиясы, педагогикасы және мәдениеттану ғылымдарының аясында Абай мұрасына арналған еңбектерде оның ағартушылық идеялары, рухани-адамгершілік ұстанымдары, білім мен тәрбиеге қатысты көзқарастары кеңінен талқыланды.

Әдебиеттерге шолу

Абайдың ағартушылық мұрасы туралы алғашқы іргелі зерттеулердің бірі Ахмет Байтұрсынұлы мен Мұхтар Әуезовтің еңбектерінде қарастырылды. Байтұрсынұлы Абайды «Қазақтың бас ақыны» [3] деп бағалап, оның шығармаларының ұлттық сана мен ой-өрісті дамытуға қосқан үлесін ерекше атап өтті. Ал Мұхтар Әуезов өзінің «Абай жолы» роман-эпопеясында ақынның ағартушылық және ұстаздық қызметін көркемдік тұрғыда бейнелеп, халқына білім беру жолындағы күресін сипаттады. Сондай-ақ, М. Әуезов Абай шығармалары арқылы "оқыту мен тәрбиелеудің бірқатар қағидаттары: еңбек, адамгершілік, ақыл-ой, эстетикалық тәрбие арасындағы өзара байланыс; жеке тұлғаны қалыптастырудағы тәрбиенің жетекші рөлін тану" туралы нақты жазғанына тоқталғым келеді [4].

Ғылыми зерттеу тұрғысынан қарастырғанда, Қайым Мұхамедханов, Зәки Ахметов [5], Ғарифолла Есім, Мұхтар Мағауин сынды ғалымдар Абайдың философиялық және педагогикалық көзқарастарына терең талдау жасады. Мәселен, Ғарифолла Есім өзінің еңбектерінде «Абайдың толық адам» концепциясын кеңінен зерттеп, оның ұлттық тәрбие жүйесімен байланысын ашып көрсетті. «Тілін білмесең, ол халықтың сырын да білмейсің. Абай тіл бөтендігін жеңді», - дейді Ғарифолла Есім [6, б. 119]. Абай-тілімен бірге халықтың жанын да мәдениетін де, болмыс-түсінігін де ұғып, желі тұтастығын, ой өміршілдігін, сөз тұнығын сүзген тұлға.

Абайдың білім туралы ойларын зерттеген ғалымдардың бірі – Тұрсынбек Кәкішев [7]. Ол Абайдың оқу мен тәрбиенің өзара байланысы туралы пікірлерін талдай отырып, оның өлеңдері мен қара сөздерінде көтерілген «ғылым-білімге ұмтылу» мәселесін жан-жақты қарастырды. Сонымен қатар, Серік Қирабаев пен Рәбиға Сыздықова Абай тілінің байлығын зерттеу барысында оның оқу-ағарту саласына қосқан үлесін де атап өтті.

Материалдар және зерттеу әдістері

Абай шығармаларындағы ұлттық білім беру құндылықтарын зерттеу барысында бірнеше теориялық ұстанымдар негізге алынады:

1. Гуманистік педагогика – Абай шығармалары адамгершілік пен рухани тәрбиені алдыңғы қатарға қояды. Оның «Толық адам» концепциясы – осы бағыттағы негізгі теориялық негіз.

2. Тұлғаға бағытталған оқыту теориясы – Абайдың білім беру идеялары адамның өзін-өзі дамытуы мен жетілуіне бағытталған. Ол білімді тек механикалық жаттау емес, ақыл мен сананың дамуы деп есептейді**.**

3. Мәдени-тарихи теория (Л.С. Выготский) – Абайдың еңбектері қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымымен тығыз байланысты. Оның шығармаларында білім беру тек мектеп қабырғасында емес, халықтық тәрбие негізінде жүзеге асатыны айтылады.

4. Дәстүрлі қазақ педагогикасы – Абайдың көзқарастары қазақтың ұлттық тәрбие жүйесімен сабақтас. Ол қазақ халқының білімге, ғылымға ұмтылуын, оның өмірлік маңызын атап көрсетеді.

Абай шығармалары ұлттық білім берудің теориялық және практикалық негіздерін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Ол тек қазақ қоғамының емес, бүкіл адамзаттың рухани-адамгершілік дамуындағы құнды мұра болып табылады. Оны түрлі әдістердің көмегімен бақылауға болады:

Теориялық талдау әдісі – Абай шығармаларындағы ұлттық білім беру құндылықтарын талдау үшін ғылыми әдебиеттер, монографиялар және зерттеу еңбектері қарастырылды.

Контент-талдау әдісі – Абайдың өлеңдері мен қара сөздеріндегі білім беру мен тәрбиелеуге қатысты идеялар құрылымдық тұрғыдан зерттелді.

Салыстырмалы әдіс – Абайдың педагогикалық ойлары қазіргі білім беру жүйесімен салыстырылып, ұқсастықтары мен ерекшеліктері анықталды.

Тарихи-хронологиялық әдіс – Абайдың еңбектері оның өмір сүрген дәуірінің әлеуметтік-мәдени контексінде қарастырылды.

Эмпирикалық әдістер – Білім беру саласындағы сарапшылармен сұхбат, сауалнама және педагогикалық тәжірибені талдау арқылы Абай шығармаларындағы идеялардың қазіргі білім беру жүйесіне ықпалы зерделенді.

Талқылау

Абай Құнанбайұлы – қазақ халқының рухани ұстазы. Оның шығармаларында білім мен тәрбиенің маңызы ерекше орын алады. Ұлттық білім беру саласында Абайдың идеялары қазіргі заманғы педагогикамен үндеседі. Абайдың «Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр», «Әсемпаз болма әрнеге» сынды өлеңдері мен «Қара сөздерінде» білімнің рөлі, оның адам өміріндегі мәні кеңінен талқыланады.

Білім мен ғылымның адам өміріндегі рөлі туралы Абайдың «Он тоғызыншы сөзінде» терең сипатталады. Бұл тұжырымдар қазіргі педагогикалық ойлармен үндеседі. Абайдың «адам болу» қағидаттары қазіргі заманғы құндылыққа негізделген білім беру тұжырымдамаларымен тығыз байланысты екенін айқындаған зерттеулер де бар.

Қазіргі таңда Абай шығармаларын білім беру жүйесіне енгізу мәселесін зерттеген еңбектер де баршылық. Қазақстандағы ұлттық білім беру жүйесін дамыту аясында Абайдың идеялары оқулықтар мен бағдарламаларда кеңінен қолданылып келеді. Бұл тұрғыда Әбдімәлік Нысанбаев, Тұрсын Жұртбай, Қажым Жұмағалиев [8] секілді ғалымдардың зерттеулері ерекше орын алады.

Сондай-ақ, педагогика ғылымында ұлттық құндылықтарға негізделген білім беру әдістерін жетілдіру мақсатында Абай мұрасын пайдаланудың тиімді жолдары қарастырылуда. Зерттеушілер Абайдың еңбектерін қазақ халқының болмысын, рухани және мәдени құндылықтарын қалыптастырушы негізгі қайнар көз ретінде қарастырады. Ғалымдар (Ж. Аймауытов, М. Әуезов, Қ. Жұбанов және т.б.) Абайдың шығармашылығын қазақ педагогикасы мен ұлттық тәрбие жүйесінің негізі ретінде бағалаған. Оқушыларды сыни ойлауға, талдау дағдыларын дамытуға, ұлттық тәрбиеге баулуға бағытталған ғылыми еңбектерде Абайдың өлеңдері мен қара сөздері жиі қолданылады.

Жалпы, әдебиеттерге жасалған шолу көрсеткендей, Абайдың шығармаларында көрініс тапқан ұлттық құндылықтар тек әдебиеттану саласында ғана емес, сонымен қатар педагогика, философия, мәдениеттану және психология ғылымдарында да кеңінен зерттеліп келеді. Дегенмен, оның білім беру жүйесіне ықпалын терең зерделеу, әсіресе, қазіргі заманғы білім беру үдерісінде қолдану мүмкіндіктерін ғылыми негіздеу әлі де өзекті болып отыр. Осыған байланысты, Абайдың ағартушылық мұрасын жаңа заман талаптарына сай оқу-тәрбие үдерісіне бейімдеу болашақ зерттеулердің маңызды бағыты болмақ.

Зерттеу нәтижелері

Абайдың шығармаларындағы білім беру құндылықтарының төменде көрсетілгендей өзектілігін көрсетті:

Абайдың «Толық адам» концепциясы мен қазіргі білім беру жүйесі – жүргізілген контент-талдау нәтижесінде Абайдың адам тәрбиесіндегі жан-жақты дамудың маңызын ерекше атап өткені анықталды. Қазіргі заманғы тұлғаға бағытталған білім беру әдістерімен салыстырғанда, Абайдың көзқарастарының өзектілігі айқындалды.

Моральдық-этикалық тәрбие рөлі – Абайдың қара сөздері мен өлеңдерінде адалдық, әділдік, еңбексүйгіштік, ізгілік секілді құндылықтар ерекше орын алатыны зерттеу барысында анықталды. Бұл қазіргі білім беру бағдарламаларындағы этикалық тәрбиенің маңыздылығымен үндеседі.

Абай идеяларының білім беру жүйесіне ықпалы – сарапшылармен жүргізілген сұхбаттар мен сауалнамалар нәтижесінде мұғалімдер мен ғалымдар Абайдың педагогикалық идеяларының бүгінгі таңда да білім беру жүйесінде қолданылу мүмкіндіктерін растады.

Қазақтың дәстүрлі тәрбиесі мен заманауи білімнің байланысы – тарихи-хронологиялық талдау нәтижесінде, Абайдың көзқарастары қазақтың дәстүрлі білім беру үрдістерімен сабақтас екені анықталды. Ол ұлттық болмысты сақтау мен жаңашылдықты үйлестіру қажеттігін атап өткен.

Абайдың білім мен тәрбиеге қатысты идеялары қазіргі білім беру жүйесіне сай келеді және ұлттық құндылықтарды сақтауда маңызды рөл атқарады. Абайдың «Толық адам» концепциясы тұлғаның жан-жақты дамуына ықпал ететін әмбебап әдіс ретінде қарастырылуы тиіс. Абай шығармаларындағы моральдық-этикалық құндылықтар қазіргі оқыту бағдарламаларына енгізілуі қажет. Ұлттық педагогика мен Абайдың білім

беру философиясын біріктіре отырып, оқыту әдістемелерін жетілдіру маңызды.

Ұсыныстар

Алдымен, білім беру жүйесінде Абай шығармаларын кеңінен қолданып және оларды мектеп бағдарламаларына тереңірек енгіу қажет. Екіншіден, мұғалімдер мен тәрбиешілерге Абайдың педагогикалық идеяларын қолдануға бағытталған арнайы оқыту курстарын ұйымдастыру керек. Үшіншіден, Абайдың «Толық адам» концепциясын заманауи білім беру әдістемелеріне сәйкестендіру бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілуі тиіс. Төртіншіден, жас ұрпаққа ұлттық құндылықтарды насихаттау мақсатында Абай шығармалары негізінде интерактивті оқыту құралдарын әзірлеу маңызды. Бұл ұсыныстар Абайдың ұлттық білім беру құндылықтарын қазіргі заманғы білім беру жүйесінде тиімді пайдалану мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал етеді.

Қорытынды

Абай Құнанбайұлы шығармалары — ұлттық тәрбиенің темірқазығы. Сондықтан да, Абай шығармаларының толып тұрған құндылық екенін тәжірибе жүзінде тексеру мақсатында бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылды. Ол: 1. Педагогикалық эксперимент – мектеп оқушыларына Абай шығармалары негізінде арнайы сабақтар ұйымдастырылып, олардың ұлттық құндылықтарды қабылдау деңгейі бағаланды. Нәтижесінде, оқушылардың әдебиетке, моральдық-этикалық нормаларға деген көзқарастары оң өзгерістерге ұшырады. *2.* Сауалнама мен сұхбат – мұғалімдер мен оқушылар арасында сауалнама жүргізіліп, Абай идеяларының білім беру процесіне ықпалы зерттелді. Мұғалімдердің басым бөлігі Абайдың тәрбие мен білім беру туралы ойларының оқыту сапасын жақсартуда маңызы зор екенін атап өтті. 3. Практикалық семинарлар – ұстаздар мен білім беру мамандары үшін Абай шығармаларын қолдану әдістеріне арналған семинарлар ұйымдастырылды. Нәтижесінде, педагогтар Абайдың тәрбиелік идеяларын қазіргі оқыту әдістеріне енгізудің жаңа тәсілдерін ұсынды. 4. Бақылау жұмыстары – оқушылардың Абай шығармаларын оқуға деген ынтасын арттыру мақсатында шығармашылық жобалар, эссе байқаулары өткізілді. Бұл олардың ұлттық мәдениет пен рухани құндылықтарға қызығушылығын арттырды.

Қорыта келгенде, ақынның білім мен тәрбиеге қатысты идеялары қазіргі білім беру жүйесіне сай келеді және ұлттық құндылықтарды сақтауда маңызды рөл атқарады. Абай мұрасы – отансүйгіштікке тәрбиелеу, сүю мен қастерлеудің негізі. Ұрпақ білімді болсын, өсеміз десек, Абайды оқып қана қоймай, қайталап оқу керек, тереңірек үңілу керек және оның шығармаларының мәні туралы ойға түю қажет.

Пайдаланған әдебиеттер

1. ҚұнанбаевА. Шығармаларының толық жинағы (екі томдық). – Алматы:

«Көркем әдебиет», 2002. – 368 б.

2. Абай Кунанбаев. Избранное. Серия: Мудрость веков. – М.: «Русский Раритет», – 426 с.

3. Байтұрсынұлы А. Казақтың бас ақыны. Шығармалары / құраст.: Ә.Шәріпов, С.Дәуітов/. – Алматы: «Жазушы», 1989. Абай институтының вебсайты.

4. Ауэзов М.О. Абай Кунанбаев. Статьи и исследования (на рус. и каз. языках). – Алматы: «Ғылым», 1967.

5. Елеукенов Ш. «Абай – академик Зәки Ахметовтің зерттеу еңбектерінде»// Егемен Қазақстан. 7 тамыз 2013 ж.

6. Есім Ғ. Кемеңгер Мұхтар. – Астана: «Хас-Сақ» баспасы, 2017. – 320 б.

7. Кәкішев Т. Абайтану тарихының мәселелері. Әдебиет порталы, 08.08.2015

8. Жұмалиев Қ. «Абай және қазақ әдебиеті»//Абай-Ақпарат. 27 Қараша, 2013

ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ: АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДА КӨРІНІС ТАПҚАН ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Уйсунбаева Алмагул Кубевна,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
Астана қаласы әкімдігінің М.Жұмабаев
атындағы №65 мектеп-гимназиясы

Аңдатпа. *Бұл мақалада ұлттық білім беру жүйесіндегі құндылықтардың рөлі қарастырылады. Абай Құнанбайұлы шығармаларында көрініс тапқан білім мен тәрбиенің негізгі қағидаттары талданып, олардың қазіргі білім беру жүйесіндегі маңыздылығы анықталады. Зерттеуде педагогикалық әдістер, Абайдың танымдық көзқарастары, оның шығармаларындағы білім мен адамгершілік тәрбие мәселелері айтылады. Мақалада Абайдың еңбектеріне сүйене отырып, ұлттық білім берудің құндылықтық негіздері мен оларды оқытудағы практикалық маңыздылығы көрсетіледі.*

Түйін сөздер: *Абай шығармашылығы, ұлттық білім беру, құндылықтар, тәрбие, адамгершілік, педагогика.*

Кіріспе

Қазіргі жаһандану дәуірінде ұлттық білім беру жүйесін дамыту өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Білім берудегі ұлттық құндылықтарды сақтау және оларды жас ұрпақтың санасына сіңіру маңызды міндеттердің бірі саналады. Осы орайда, қазақтың ұлы ойшылы Абай Құнанбайұлының шығармаларындағы білім мен тәрбиеге қатысты ойлары ұлттық білім беру жүйесінің негізін қалыптастыруда ерекше орын алады. Абайдың педагогикалық көзқарастары, оның шығармаларындағы адамгершілік құндылықтар, білім мен тәрбиенің үйлесімділігі қарастырылады. Сондай-ақ ұлттық білім беруде Абай идеяларын қолдану жолдары сипатталып, зерттеу нәтижелеріне негізделген ұсыныстар беріледі.

Әдебиеттерге шолу

Абайдың ағартушылық идеялары туралы көптеген зерттеулер жүргізілген. Отандық ғалымдар оның еңбектеріндегі білім мен тәрбие мәселелерін жан-жақты қарастырды. Мәселен, М.Әуезов (1995) өз зерттеуінде Абайдың шығармаларында білім алуға деген ұмтылыс пен адамның өзін-өзі жетілдіру қажеттілігіне ерекше мән бергенін атап көрсетеді [1, 275]. Сонымен қатар Сейдумановтың (2022) ұжымдық еңбектерінде Абайдың іргелі жалпы адамзаттық құндылықтарға, атап айтқанда – ақиқатқа, әсемдік пен жақсылыққа қарай ішкі тартылысы болғанын байқаймыз және олар туралы көп және тамаша жазғандығы ол үшін барлығынан қымбат адам екенін көрсетеді [2, 7]. Осы зерттеулерді негізге ала отырып, біз ұлттық білім беру жүйесінде Абайдың идеяларын қолданудың өзектілігін айқындаймыз.

Зерттеу әдістемесі. Зерттеу барысында келесі әдістер қолданылды:

- Тарихи-аналитикалық әдіс – Абай шығармаларындағы білім беру мен тәрбиеге қатысты ойларды талдау.
- Салыстырмалы әдіс – Абайдың көзқарастарын қазіргі ұлттық білім беру жүйесімен салыстыру.
- Контент-талдау әдісі – Абайдың өлеңдері мен қара сөздеріндегі негізгі педагогикалық идеяларды жүйелеу.
- Практикалық зерттеу әдісі – қазіргі білім беру үрдістерінде Абай идеяларының қолданылуын бағалау.

Нәтижелер. Зерттеу нәтижесінде Абай шығармаларында ұлттық білім беруге қатысты бірнеше негізгі құндылықтар анықталды:

1. Адамгершілік пен тәрбиенің маңыздылығы – Абай білімділікті тек ақыл мен ғылым арқылы ғана емес, адамгершілік құндылықтар арқылы да бағалаған.
2. Өзін-өзі жетілдіру және білімге ұмтылу – «Ғылым таппай мақтанба» [3, 36], «Интернатта оқып жүр» [3, 59] сияқты өлеңдерінде білім алу қажеттілігіне баса назар аударған.
3. Еңбекқорлық пен жауапкершілік – «Қара сөздерінде» [4, 174] білім мен еңбектің тығыз байланысын сипаттаған.
4. Тіл мен мәдениеттің рөлі – ұлттық сана мен тілді сақтаудың білім беру жүйесіндегі орнына ерекше көңіл бөлген.

Бұл нәтижелер қазіргі білім беру саласында маңызды рөл атқарады және ұлттық тәрбиенің негізі ретінде қолданылуы мүмкін.

Талқылау

Зерттеу барысында Абай шығармаларындағы құндылықтардың қазіргі білім беру жүйесімен үйлесетіндігі анықталды. Бүгінгі таңда білім беру мазмұнына ұлттық тәрбие мен рухани құндылықтарды енгізу маңызды болып отыр.

Абайдың педагогикалық идеялары Қазақстандағы білім беру реформаларына сәйкес келеді. Мысалы, «Білімді ұрпақ – ел болашағы» [5] қағидатына негізделген мемлекеттік бағдарламалар оның көзқарастарымен үндеседі. Сондай-ақ, қазіргі таңда білім беру саласында Абай идеяларын оқу бағдарламаларына енгізу қажеттілігі артып келеді.

Қорытынды

Қорыта келе, Абай шығармаларындағы білім мен тәрбиенің негізгі құндылықтары айқындалды. Оның идеялары бүгінгі ұлттық білім беру жүйесінде қолдануға лайықты және оларды оқу процесіне енгізу болашақ ұрпақтың рухани дамуына оң әсерін тигізеді. Ұлттық білім беру жүйесінде Абайдың шығармаларын тереңдетіп оқыту және оның идеяларын оқу бағдарламаларына енгізу маңызды. Осыған байланысты келесі ұсыныстар жасалады:

✓ Абай шығармаларын орта және жоғары білім беру жүйесінде жүйелі түрде оқыту;

✓ Оның еңбектеріндегі білім мен тәрбиелік құндылықтарды практикалық білім беру үдерісіне енгізу;

✓ Ұлттық құндылықтар мен адамгершілік тәрбиеге негізделген білім беру бағдарламаларын әзірлеу.

Бұл ұсыныстар ұлттық білім беру жүйесін дамытуға және рухани құндылықтарды нығайтуға ықпал етеді.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Әуезов М. Абай Құнанбаев. Монографиялық зерттеулер мен мақалалар – Алматы, «Санат», 1995 - 320 б
https://abaialemi.kz/post/view?id=883
2. Сейдуманов А. Абайдың философиялық іліміндегі «толық адам» тұжырымдамасы және қазіргі заман. Ұжымдық монография. – Алматы: Философия, саясаттану және дінтану институты, 2022. – 290 б. https://iph.kz/upload/iblock/836/78ulvth17lsh9m00xzdcwlvwhrnjx3yt.pdf
3. https://adebiportal.kz/upload/iblock/6bd/6bd6307110a51a7d13f44535cda3fe89.pdf
4. Құнанбаев А. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар мен қара сөздер. - Алматы: «Жібек жолы», 2005. – 488 б.
https://kazneb.kz/bookView/view/?brId=1568948&lang=kk
5. Назарбаев Н. Қазақстан-2050: Мәңгілік ел жолында. - Астана: «Елорда», 2012.https://kk.wikipedia.org/wiki/BD_2050

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖҮЙЕСІ

Умурзакова Лаззат Араповна,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
А. Құрманов атындағы №17 мектеп-гимназия,
Астана қаласы

Аңдатпа. *Бұл мақалада Абай Құнанбайұлы шығармаларындағы құндылықтар жүйесі, ұлт болмысы, мінезі кеңінен ашылатын тұстары нақты өлең жолдары, мысалдар арқылы кеңінен қарастырылады. Сондай-ақ, ақын шығармаларындағы ұлттық мінез типологиясы, болмыс қырлары жан-жақты талданады. Абай шығармаларындағы ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар жүйесі, Абай танымындағы ұлттық*

мінез типологиясы секілді өзекті тақырыптар талданып, ұлт мінезін түзеу, рухани кемелдендіру мұратының мәні, қыры айқындалады. Сол арқылы Абай танымындағы құндылықтар жүйесін жаңа қырынан танып, зерделеуге мүмкіндік ашылады.

Түйін сөздер: *Абай, абайтану, құндылықтар жүйесі, руханият, ұлттық мінез*

Кіріспе

Отандық әдебиеттану саласындағы маңызды бағыттардың бірі – абайтану. АбайҚұнанбайұлы шығармашылығы осы уақытқа дейін тек әдебиеттану шеңберінде ғана емес, өзге де салалардың зерттеу нысанына айналып үлгерді. Абай Құнанбайұлы мұрасы әдебиетіміздің, мәдениетіміздің, тарихымыздың, жалпы ұлттық руханиятымыздың ажырамас бөлігі. Өйткені ақын мұраларында қазақ елінің әлеуметтік жағдайы, тарихы мен мәдени болмысы жан-жақты ашылады. Сонымен қатар әр өлеңінен ақынның қоғамдық, мәдени-эстетикалық, философиялық көзқарастары айқын көрінеді. Қазіргі кезге дейін абайтану саласының әр кезеңдерінде ақын мұрасын саралау мақсатында көптеген зерттеу еңбектері жарық көрді. Әр еңбекте ақын мұрасы сан қырынан қарастырылып, ондағы айтылған өзекті мәселелер белгілі бір ғылыми аспектіге сай талданып келеді. Сол арқылы Абай Құнанбайұлы мұрасымен жақын танысуға болады. Ақын шығармашылығы абайтану кезеңдерінде бірнеше деңгейде қарастырылды. Әр кезеңде абайтанушы ғалымдар Абай Құнанбайұлы мұрасын кеңінен қарауға, талдауға тырысқаны белгілі. Бірақ кеңестік кезеңде әртүрлі кереғар пікірлер айтылып, көптеген тақырыптар толық деңгейде зерттеу нысанына айнала алмай, жабық күйінде қалды. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін барып ақын мұрасын ұлттық таным тұрғысынан зерттеп, зерделеуге мүмкіндік туды. Әсіресе оның философиялық көзқарастары,кітапханасы мен ақындық мектебі бойынша көптеген ғылыми еңбектер 1990-жылдардан бергі уақытта ғана жарыққа шықты. Аталған еңбектерде Абайдың өмірі мен шығармашылық мұрасы жөнінде тың ізденістер мен жаңаша көзқарастар орыналды. Тәуелсіздік кезең абайтануы мол ғылыми базамен толықты. Әр жылдары ақын шығармашылығындағы құндылықтар жүйесі, концептілер жаңа қырынан зерттеле бастады. Тек әдебиеттану ғылымының аясында ғана емес, пәнаралық ғылымдар тоғысында қаралды. Соның негізінде ақын мұрасына, шығармалар мәні жаңа сипаталды. Ақын өлеңдері мен қарасөздерін зерттеу арқылы адам мен болмыс, ұлт, қоғам жөніндегі ойларын, қалыптастырған құндылықтар жүйесін танимыз.

Зерттеу әдістемесі

Абай мұрасындағы құндылықтар жүйесі, олардың тегі мен типологиясы тақырыптарын өздерінің зерттеу еңбектерінде Қ.Мұхамедханов, М.Мырзахметұлы, Р.Сыздық, З.Ахметов, Ж.Ысмағұлов, Ж.Дәдебаев, Т.Жұртбай, С.Қасқабасов, Қ.Мәдібай, А.Еспенбетов, С.Қирабаев, А.Темірболат, Ш.Ибраев, Б.Ердембеков, А.Қартаева, С.Қорабай, Ж.Әубәкір, Т.Шапай, т.б. секілді филолог ғалымдар тәуелсіздік алғаннан кейін осы мәселелер төңірегінде жарыққа шығарды. Абайдың өлеңдеріндегі философиялық ойлар жүйесі, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар мәселесі жаңаша сипатта пайымдалатынын кейінгі зерттеулер, монографиялар

мен академиялық басылымдар айғақтайды. Осы ретте М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында соңғы 25-30 жыл шамасында атқарылған жұмыстарды олардың нәтижесі ретінде 1995, 2020 жылдары жарық көрген академиялық басылымдарды атап өтуге болады. Ақын мәтіндерінің жаңғырған нұсқалары да ұлттық болмыс пен мінез аспектінде қайта зерделеуді қажет ететін тұстардың бар екендігін айқындайды.

Талқылау

Қазақ әдебиетінде де әр кезеңдері осы тақырыптар қарастырылып келді. «Дала философиясы» деп аталатын терең білімді бар ақылымен, жүрегімен таныған ата-бабаларымыз елдік, бірлік, адамгершілік деп аталатын ұғымдар жүйесін ұлттық болмыс тұрғысынан ұштастыра білді. Осы кезекте жалпы «болмыс», оның ішінде «ұлттық болмыс» не деген заңды сұрақ туындайды. Ұлттық болмыс белгілі бір ұлт мінезіне, танымына тән ерекшеліктер. Осы ерекшеліктер әр халықты, ұлтты бір-бірінен ажыратып, даралап тұрады. Ұлттық болмыс негізі – құндылықтар жүйесі. Абай шығармаларының тағы бір ерекшелігі–жалпы адам болмысы, адамның ойлау жүйесі талқыға түседі. Сол үлкен философиялық ойдан ұлттық болмыс бөліктерін тарқатып, қазақ танымын ашады.

Ақын өлеңдерінде, ең алдымен, Абайдың өзінің танымы, психологиялық күйі көрініст абады. Өмір сүрген қоғамындағы орын алған жағдайлардың ақын жүрегіне қатты әсер етіп, кеудесі қайғыға толуы –ұлы адамдарға тән қасиет. Ғалым А.Салқынбай «Абай сөзінің лингвопоэтикасы» деп аталатын еңбегінде Абай поэзиясындағы сөздің мәні мен мағынасын, лингвопоэтикалық сырын қарастырады. Ақынның көптеген өлеңдерінен мысалдар келтіре отырып, бағалау субъектісін, нысанын айқындайды [1]. Осы орайда ақынның «Ем таба алмай» деген өлеңіне мән берелік:

«Ем таба алмай,
От жалындай,
Толды қайғы кеудеге.
Сырласа алмай,
Сөз аша алмай
Пендеге» (Абай, 2020:162).

Ақын қандай дерттің емін таба алмай отыр? Қоғамының ақсап тұрғанына ем таба алмай, шарасыз күй кешеді. Соның әсерінен көңілі, ойы уайымға, қайғыға батады. Сондықтан осындай бағытта өлеңдер жазып, ішкі мұңын қағазға түсірді. Осы сарындас өлеңдер Абай поэзиясында өте көп кездеседі. Олардың барлығында ақын ішкі сырын, көңіл-күйін бөліседі.

Абай елу тоғыз жасында дүниеден өтті. Бірақ ақын өлеңдерін, әсіресе, шығармашылығының басында жазғандарын оқып отырсақ, егде жасқа келген адам образы көз алдымызға елестейді. Қырық жасқа енді аяқ басқан шақтан бастап «қартайдық», «жастықтың оты, қайдасың» деп өткенін еске алады. Жасы орта кезеңнен енді асып отырса да, ақын ел қамын, адамзат жайын ойланғандықтан «қартайдық, қайғы ойладық» деп айтып отыр. Адамзат мәселесі ойшылды ерте есейтті. Ел ішіндегі қарама-қайшылықтарды көру арқылы ақын жүрегі бейғам жастық шағын аңсағаны байқалады. Ерте кезден

ғылым, білімге көңіл бөлмегенін, дүние сырына ерте үңілмегенін өкінішпен айтады. Мысалы, мына өлеңінде ақынның жастық шағын аңсауы айқын аңғарылады:

«Жастықтың оты,қайдасың,
Жүректі түртіп қозғамай? Ғылымның біліп пайдасын,
Дүниенің көркін болжамай» (Абай, Т.1, 2020:136).

Бұл өлең жолдарынан түсінетініміз, жастықтың оты – зор адами әлеует. Жалын атып тұрған жастық шақта ғылымға, болмысты тануға ұмтылу – ойлы адамның әрекеті. Соны орынды пайдалану арқылы дүниенің көркін болжауға болады. Оқу-білім жолына кеш келгендігі, уақытының көп бөлігінің босқа өткендігі туралы ақын ойы «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» деп аталатын өлеңінде айтылады. Шамамен жасы қырыққа келген шақта жазған өлеңінде жастық шағының ғылым-білім қуумен емес, басқа арнада өткеніне іштей қынжылады.

Абайдың отыз сегізінші қарасөзін үлкен философиялық трактат ретінде қарастыруымызға болады. Көлемі жағынан болсын, қозғалған тақырып жөнінде болсын басқа қарасөздерінен жанры жағынан да өзгеше.

Зерттеу нәтижесі

Абай ойының тереңдігін, философиясының негізгі өзегін танытатын бір желісі – «толық адам» ілімі. «Толық адам» ілімін жеке тұлғаның рухани кемелдену жолындағы басты бағдары ретінде тануымыз қажет. Бұл ілім ақын өлеңдері мен қарасөздерінде жиі қолданылады. «Толық адам» ілімі өз бойына ақын шығармашылығындағы бірнеше ұғымдарды сіңірген. «Жүрек» культі», «үш сүю», «жауан мәрттілік» секілді ұғымдар бір-бірімен байланыса отырып Абайдың пәлсапалық әлемін құрайды. Толық адам ілімін көп жылдар бойы зерттеген ғалым Мекемтас Мырзахметұлы бұл туралы: «Толық адам (толық инсаният) дегеніміз Абайдың танытуында, әрбір адам ақылымен, білімімен, мал-дәулетімен біреулерге әділет, шапағатымен жақсылық жасау немесе ақыл, қайратты жүректің қалауымен жүргізіп, оларды тек изгілікті істерге қызмет еттіру жолы болып шығады», – дейді [2, 75]. Абай Құнанбайұлы «Толық адам» бойынан қандай қасиеттер табылу қажет деген сұраққа «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде былай деп жауап береді:

«Адам болам десеңіз,
Тілеуің, өмірің алдында,
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, ақтаншақ,
Еріншек бекер мал шашпақ
Бес дұшпаның білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой
Бес асыл іс көңсеңіз» (Абай, 2020:31).

Осындағы әр мәселеге назар аудару арқылы тұлға бойындағы жақсы, жаман қасиеттердің мағынасын, қайсысының қажет екенін тани аламыз. Бұл өлеңде берілген әр жақсы, жаман мінез әр қоғамда адам бойынан табыла береді. Бірақ соның ішіндегі қайсына басымдық беру, сол бойынша өмір сүру

адамның өз қолында.

Сызба 1 – «Абайдағы рухани құндылықтар жүйесі»

Талап	еңбек	терең ой	қанағат	рақым

«Бес асыл іс» деп аталатын жүйеге ішіне кіретін қасиеттер кестеде көрсетілгендей бір-бірімен байланысып отырады. Олардың әрқайсысы жеке-жеке келгенде үлкен ілімнің негізін құрай алмайды.Ұғымдар басы біріккен кезде ғана философиялық ілімнің негізгі жүйесіне айналады. Ақынның бұл өлеңі көлемі жағынан да, айтатын ойы жағынан да ауқымды, өзекті. «Адам болу» деген тұжырым негізі осы категориялардың негізінде жасалады. Көрсетілген жақсы мінездер қоғамның әрмүшесінің бойында табылуы қажет. Айтылғандардың барлығы–адам болудың ережесі. Өмірде өз орнын тауып, кемелдікке ұмтылған тұлғаның бойында табылуы қажет қасиеттер. Аталған қасиеттерді бойымызға сіңіру арқылы рухани кемелдену жолына түсеміз.

XIX ғасырдағы қазақ халқының жағдайын түсініп, уақытты бос өткізбей еңбек етуге, шаруа істеуге шақырып, адамды қанаттандырып отырады. Оған мысал ретінде «Қуанбаңдар жастыққа» деген өлеңдегі ақын ойын мысалға келтіреміз:

«Қуанбаңдар жастыққа,
Елірме күлкі, мастыққа.
Көзің қайдан жетеді
Достық пенен қастыққа?» (Абай, 2020:368).

Идеялық арнасы «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңімен сарындас келетін бұл туындыда Абай философиясындағы өмірге деген прагматизм көрініс табады. Өмір сүру деген ұлы ұғымның өзін рационалдылық тұрғысынан пайымдау ұмтылысы зерделенеді. Дүниенің парқын білуге, адами құрметпен беделдің бағасын түйсінуге шақырған өлең, шын мәнінде, қай заманда да өзекті. Өзгенің айдауы мен жетегіне мойынсынбай, өз ішкі меніне құлақ асу, әр естіген ақылды сана сарабына салу сынды кеңестер бүгінгі таңда да өзектілігін жойған жоқ.

Досыңмен, дұшпаныңның арасын ажырата алмайтын жастық кезеңінде бос күлкіге, мастыққа салынып адам уақытының бос өтпеуін, әр сәтінің ізгілік жолында, іздену бағытында болуы қажеттігін назарға алады. Сондай-ақ:

«Құрбыңның қызық дегенін
Сөз екен деп апшықпа.
Адалдан тапқан тыйынды
Сал да сақта қапшыққа» (Абай, 2020:368).

Сызба 3 – «Адам бойындағы мінездер жүйесі»



Бір ыдыс ішіндегі қазіргі заман адамы бойынан табылуы қажет көрсетілген «білімді, тәрбиелі, интеллектуал» деген қасиеттердің қазіргі таңдағы мағынасы өзгерген секілді. Осы аталған қасиеттер бір адамның бойынан табылғанымен «ұлт» үшін кәдеге аспаса барлығы бекер болмақ. «Интеллектуал» деген ұғым адам жанының,ойының тереңдігін білдірмейді. Абай айтқан жүрегіңе терең сүңгуге жәрдемдесе алмайды. Неге? Өйткені адам өзінің болмысын,өзінің болмысы арқылы ұлт, адамзат танымын білу үшін білім, тәрбиемен қатар Абай айтқан «үш сүюді», «жәуанмәртлік», «кемелинсан» қағидаттарын меңгеруі қажет. Солардың бәріне ұмтылған шақта ғана ақын мұратының мәніне жетеміз. Профессор Ж.Дәдебаев Абай Құнанбайұлының шығармаларындағы ел бірлігі туралы ойы жөнінде: «Ақынның елдің ынтымағы мен бірлігі туралы сөзі жүйелі, ойы көпқұрамды, күрделі. Бір ойдан келесі ой, бір тұжырымнан келесі тұжырым туады. Алдыңғы тұжырым кейінгі тұжырымның алғышарты, негіздемесі қызметін атқарады», – деп ой білдіреді [3, 15].

Жалпы ақынның өмір бойы ұстанған жолы, ұстанымы – білім-ғылымды насихаттау. Ағартушылық деп аталатын идеяны қозғауы барлық шығармаларында айқын аңғарылады. Себебі сол кезең ағартушылыққа қатты зәру болды [4].

Абайдың өз халқын, ортасын аяусыз сынаудағы әрекетіелін,жерін шексіз с үюден орын алған. Халқым түзелсе екен, өркениетті елдердің қатарына қосылса екен деген ақын ойы барлық шығармаларының негізгі арқауы болды. Осы мәселе кезінде кері түсіндіріліп, ақын мұрасын тану кезінде түрлі тосқауылдар орыналды. Абай Құнанбайұлы шығармаларымен қатар ақын шәкірттерінің мұрасын зерттеудің өзі қиынға соқты. Дегенмен қазіргі таңда ақын мұрасының қай қырын зерттесек те негізгі алатынымыз Мұхтар Омарханұлы Әуезов шығармалары. Абайдың өмірбаянынан бастап шығармаларының жазылу, жиналу тарихына дейін М.Әуезов көп іс атқарды. Осы кезекте М.Әуезовтің шәкірті Қ.Мұхамедхановтың да еңбегін естен шығармауымыз қажет. Абайдың ақын шәкірттерінің өмірі мен шығармаларын жинастырып, текстологиялық еңбектер жазуы абайтану саласын белгілі бір деңгейде дамытты.

Бұл мақаланың негізгі мақсаты – Абай шығармалары негізінде жеке тұлғаның кемелдену жолын айқындау. Яғни жаңа ғасырдағы, қоғам дамуындағы тұлға мінезі, танымы. Осыдан бірнеше ғасыр бұрын өмір сүрген ата-бабаларымыздың мінезі, тұрмысы белгілі түрде өзгеше болды.

Қазіргі қоғамда жеке тұлға тек қана білімді болып қана қоймай, сол ұлтының болмысын бойына сіңіре алуы керек.Ұлттың негізін құрайтын Абай айтқандай «единицалар». Осы единица тұлғалар елді дұрыс арнаға бағыттау қажет. Ұлтқа қызмет содан басталады. Себебі қазіргі таңда білімді жастар өте көп.

Қорытынды

Абай шығармаларының идеялық лейтмотиві – ұлт бірлігі. Осы мәселе тұрғысында да Абай мұрасы –қазіргі әлеуметтану, психология, мәдениеттану,

саясаттану, дінтану салалары үшін ізгі идеялардың қайнар көзі. Жеке тұлғаның өмірлік бағдар таңдауы, өмір бойы үйреніп-білуден жалықпау, сана мен ар тазалығын сақтау,тұлғалық коммуникациядағы мәдениет пен парасат, білім беру, ғылым игеру істерінің қоғам игілігіне бағытталуы, діни сауаттылық сынды сан салалы ой-толғамдар зияткер қоғам қалыптастырудың базасын құруға негіз болады. Поэтикалық жағынан ұлттық болмыс пен мінезді сипаттаған туындыларының негізгі ерекшелігі – ақынның топтық портреттерді сомдауға ден қойғандығында. Бірінші жақтан айтылатын өлеңдердегі ақын «мені» де, үшінші жақта бейнеленетін топтық суреттемелерде Абай дәуіріндегі ұлт болмысын танытады.

Абай шығармашылығындағы ұлттық құндылықтар иерархиясы жүйеленді. Ақын шығармаларында арқау болған тірек ұғымдардың ұлтты сипаттаудағы маңызы мен ролі сараланды. Осы орайда әсіресе білім, ғылым, тәуелсіздік, бірлік ұғымдарының маңызы өте зор екендігі нақты мысалдар арқылы дәлелденді.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Салқынбай А.Б. Абай сөзінің лингвопоэтикасы. Монография. – Алматы:
«Қазақ университеті», 2015. – 242 б.
2. Мырзахметұлы М. Абайтану:1-кітап. Өңд.,толықт., 2-бас. – Астана:«InteractivKazakhstan», 2014. – 432 б.
3. Дәдебаев Ж. Абайтану. Таңдамалы еңбектер. Ойлар мен толғаныстар. – Алматы: «Қазақ университеті», 2017. – 294 б.
4. Қалиева А. «Абай мұрасындағы рухани көшбасшы тұлғасы»//«Современники и наследники Абая». Материалы международной научной конференции, посвященной 175-летию со дня рождения поэта. – Нур- Султан, 2021. – С.139-143.
5. Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үштомдық. Т.1. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 2020. – 604 б.
6. Баязитов Б., ДадебаевЖ., Жусанбаева С. «Абай шығармаларының мағыналық-құрылымдық жүйесі»// «Keruen» ғылыми журналы, №73(4), 2021. – 374 б.// https://doi.org/10.53871/2078-8134.2021.4-025.
7. Seisenbiyeva E., Begmanova B., Aitova Z., Tulebayeva K., Madibayeva K. (2022) Thebasicsof determining the speech of national traditions in literature| Lesbases de ladétermination dudis coursdes traditions nationales dans lalittérature. Xlinguae this linkisdisabled, 15(4). – P. 28–37 DOI: 10.18355/
8. Құдайбердіұлы Ш. Шығармалары: Өлеңдері, дастандары. Т.1. – Алматы: «Ел-шежіре», 2008.–480 б.

БЕЙНЕМАТЕРИАЛДАРДЫ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ТІЛДЕРДІ ҮЙРЕТУ

Уразалиқызы Ақбота, Астана халықаралық университеті магистранты,
Резуанова Г.К., ф.ғ.к., доценті

Аңдатпа. *Бұл жұмыс ғылыми және практикалық тұрғыдан тіл үйренушінің (оқушының) тіл үйрену мотивациясына шынайы бейне материалдардың қалай әсер ететінін зерттейді. «Qadam» мектебінде жүргізілген нақты эксперимент нәтижелеріне сүйене отырып, мақалада бейне құралдарды жүйелі пайдалану арқылы оқушылардың белсенділігін арттырудың жолдары ұсынылады.*

Түйінді сөздер: *түпнұсқа, бейнефильм, ынтаны арттыру, қызығушылық тудыру*

Кіріспе

Бүгінгі таңда жаһандану және цифрлық технологиялардың қарқынды дамуына байланысты тілдерді оқыту саласында да да әр түрлі жаңа әдіс-тәсілдер қолданылуда. Ондай жаңашылдық, ең алдымен, тіл үйренушілердің сабаққа (тілді үйренуге) деген қызығушылығын және ішкі ынтасын арттыру мақсатында қажет.

Мотивация – білім алушының іс-әрекетіне бағыт-бағдар беріп, оның белсенділігін ұзақ уақыт сақтайтын психологиялық фактор. Тілді оқытуда бұрыннан бар дәстүрлі әдістер көбіне-көп оқушының пәнге (тілді үйренуге) қызығушылығын тудырмайды. Осыған байланысты педагогке көп іздену, оңтайлы шешім табу, тілді үйренуге деген қызығушылықты оятушы білім беру технологиясы мен әдіс-тәсілдерді таңдап алу маңызды болып келеді. Осы ретте бейнематериалдарды, әсіресе шынайы өмірге негізделген шынайы контентті пайдалану тіл үйренушінің (оқушының) тіл үйренуге деген ынтасын арттырудың тиімді құралы болып саналады.

Түпнұсқалық бейнематериалдар – оқу процесіне арнайы бейімделмеген және күнделікті өмірде қолданылатын тілде жасалған бейнеконтент. Оларға телебағдарламалар, деректі фильмдер, анимациялық сериалдар, YouTube бейнеблогтары, әлеуметтік желілердегі қысқа бейнелер (TikTok, Instagram Reels) сияқты ресурстар кіреді. Бұл материалдар оқушыларды табиғи тілдік ортаға ендіріп қана қоймайды, сонымен қатар оларды мәдени және контекстік жағынан да байытады. Және оқуға (тілді үйренуге) деген ынтасын арттырады. Мұндай тұжырым жасауға негіз болған «Qadam» мектебінде тілді үйрету бойынша жүргізілген нақты эксперимент нәтижелері. Ғылыми және практикалық тұрғыдан тіл үйренушінің (оқушының) тіл үйрену мотивациясына шынайы бейне материалдардың қалай әсер ететінін төменде қарастыратын боламыз және «Qadam» мектебінде жүргізілген нақты эксперимент нәтижелеріне сүйене отырып, бейне құралдарды жүйелі пайдалану арқылы оқушылардың белсенділігін арттырудың жолдарын ұсынамыз.

Зерттеулер және зерттеу әдістері

Оқыту үрдісінде шынайы бейнематериалдарды қолдану – педагогикалық тәжірибеде тілді шынайы өмірмен байланыстыру әрекеті десек болады. Өйткені педагог сабақта көркем немесе деректі фильмдерден үзінді көрсету арқылы оқушыны шынай тілдік ортаға енгізеді. Біріншіден, оқушы сол тілдің дыбысталуын естиді, сөздерді қай кезде қалай қолдану керектігін үйренеді. Яғни визуализация арқылы ол сол тілде адамдар қалай сөйлесіп жатқанын естиді әрі қай жерде қандай эмоция, қандай іс-қимыл жасауға болатынын көреді. Сол тілдің байлығын сезінеді. Атап айтсақ, бір сөзді қалай түрлендіріп айтуға болатынын, яғни синонимдердің қолданысын аңғарады. Мәселен, бір ғана «нужен» деген орыс сөзінің қазақ тілінде керек, қажет, тиіс, шарт немесе дұрыс, абзал, жөн деген варианттарын сол тілде сөйлеушілер сөзқолданыста қалай жұмсайтынын білетін болады.

Әдебиеттерге шолу

Жалпы, зерттеушілер түпнұсқа материалдарды пайдаланудың бірқатар артықшылықтарын атап көрсетеді. Мысалы, Widdowson табиғи тілдің қолданылуы, интонация, екпін, сөйлеу жылдамдығы сияқты элементтер осы материалдардың көмегімен тиімді игерілетінін алға тартады [1, 56]. Сонымен қатар, Гебхард студенттердің нақты тілдік контексте сөйлеу қорқынышын жоюда бейнематериалдардың әлеуетіне баса назар аударады [2, 154].

Мотивация мәселесін қарастыра отырып, Гарднер шет тілін үйренудегі мотивацияны ішкі мотивация және сыртқы мотивация деп бөледі. Ішкі мотивация тілге деген қызығушылық пен тұлғалық даму қажеттілігінен туындаса, сыртқы мотивация бағалар, тест нәтижелері немесе әлеуметтік ортаның әсері арқылы қалыптасатынын айтады [3, 78-82]. Шынайы бейне материалдар көбінесе ішкі мотивацияны қолдайды. Өйткені бейнежазбаның көмегімен оқушы тілді нақты жағдайда, белгілі бір мақсатта қалай қолдану керектігін үйренеді.

Крашен ұсынған кіріс гипотезасына сәйкес тілдік материал оқушыға і + 1 деңгейінде ұсынылуы керек [4, 96-99]. Яғни, тілдік ақпарат оқушы деңгейінен сәл күрделірек, бірақ бәрібір түсінікті болуы тиіс. Дәл осы түпнұсқа бейнематериалдар бұл тепе-теңдікті қамтамасыз ете алады. Сонымен қатар, бейнематериалдар ерекше мәдени-танымдық рөл атқарады десек болады. Томалин мен Стемплески атты ғалымдар бейнелер оқушыларды тілге ғана емес, сонымен қатар мәдени ортаға жақындатып, мәдениетаралық құзыреттілікті арттыратынын айтады [5, 143]. Бұл өз кезегінде оқушының тілге деген құрметі мен сенімін қалыптастырады.

Зерттеу әдістемесі

Зерттеу 2024-2025 оқу жылында «Қадам» мектебінің 5 сынып оқушылары арасында өткізілді. Зерттеудің мақсаты – шынайы бейнематериалдарды жүйелі пайдалану арқылы оқушылардың ағылшын тіліне деген қызығушылығының және оқуға деген ынтасының өсуін қадағалау. Зерттеуде аралас әдістер қолданылды. Бұл сапалық және сандық мәліметтер жинақталғанын білдіреді. Сандық деректер сауалнамалар, тест нәтижелері және бақылау парақтары арқылы жиналды, ал сапалы деректер тіл үйренушілердің (тыңдаушылардың) кері байланысы және мұғалімнің бақылау

жазбалары арқылы алынды.

Зерттеу 3 кезеңнен тұрды:

1. Диагностикалық кезеңде – бастапқы сауалнама, тест тапсырмалары, мотивация шкаласы жүргізілді.

2. Эксперименттік кезеңде – 8 апта бойы сабақта бейнематериалдар қолданылды.

3. Қорытынды кезеңде – қайталама сауалнамалар мен сынақтар арқылы нәтижелер жиналып, салыстырмалы талдау жүргізілді.

Сабақта пайдаланылған бейне материалдар: Peppa Pig, National Geographic Kids, YouTube влогтары, балалар жаңалықтары, TikTok қысқа бейнелері.

Бағалау құралдары: 10 сұрақтан тұратын мотивациялық сауалнама, 20 сұрақтан тұратын тілдік тест, сыныптағы іс-әрекеттерге арналған бақылау парақтары.

Мәліметтер SPSS және Excel бағдарламаларында өңделді. Сандық мәліметтердің дәлдігін қамтамасыз ету үшін Кронбахтың альфа сенімділік коэффициенті тексерілді.

Практикалық бөлім: Сабақта бейнематериалдарды пайдалану мысалдары.

Сабақтар үш кезеңге бөлінді [6, 5]:

- Pre-viewing (алдын-ала): сабақтың басында оқушыларға бейнебаян мазмұнына қатысты кілт сөздер ұсынылды, фондық білім белсендірілуі үшін қысқа тапсырмалар берілді.
- While-viewing (көру барысында): оқушылар бейнематериалды көргеннен соң нақты тапсырмаларды орындады. Мысалы, «What is the main idea?», «What is she doing now?» деген сұрақтарға жауап беру, сөйлеу құрылымын анықтау.
- Post-viewing (талдау кезеңі): оқушылар өз ойын білдіріп, видеодағы жағдайды сипаттап, жаңа сөйлемдер құрастырып, шағын диалогтар жасады.

Пайдаланылған бейнелерден мысалдар келтірейік:

1. «Отбасы. Есімдіктер және жай сөйлем құрылымдары» тақырыбын өткенде А1, А2 деңгейлі оқушылар **«Peppa Pig»** мультфильмін көре отырып, кейіпкерлерді сипаттады және алдын ала берілген тапсырма бойынша үйден әкелген отбасы мүшелерінің фотосуреттерін көрсете отырып, «Бұл менің әпкем. Оның есімі Әмина» деген сияқты сөйлемдер құрастырды.

2. «Жануарлар және қоршаған орта» тақырыбын өткенде оқушыларға «**National Geographic Kids»** бейнематериалдары көрсетілді. Бейнематериалды көргеннен кейін LED экранға бейнематериалдан көрген аңдардың суреттері көрсетілді және оқушылардан қандай жаңа сөздерді естігендерін сұрап, ол қай суретпен сәйкесетіні сұралды. Соңынан оқушылар өздерінің сөздік қорында бар сөздерді пайдалана отырып, «Піл үлкен, ол Африкада мекендейді» сияқты сөйлемдерді құрастырды.

3. Үйге «**YouTube влог» арқылы** өздерінің бір күндік өмірін түсіруге

тапсырма берілді. Сабақ барысында оқушылар өздерінің күнделікті істерімен бөлісті және «Мен сағат 7-де оянамын. Содан кейін тісімді ысамын. Таңғы асымды ішемін. Сабаққа баратын киімімді киемін» деген сияқты сөйлем құрылымдарын қолданды.

4. Сабақта **TikTok қысқа бейнелерін** де қолданып отырдық. Мәселен, оқушылар контекст бойынша жаңа сөздерді тыңдап, соларды қатыстырып сұрақтар дайындайды.

Сабақта қолданылатын жұмыс түрлері:

- Жұптық жұмыс: жұп боп диалог құрастыру
- Рөлдік ойындар (бейнефильмдегі көріністерді сахналау)
- Сөйлеуді қолдауға арналған карталар дайындау
- «Бір сөйлем – бір көрініс» ойыны

Сабақтағы бейнематериалдар оқушылардың қызығушылығын және сөйлеу белсенділігін 35–50%-ға арттырады.

Нәтижелер мен талдаулар

Сандық зерттеу нәтижелерін төмендегідей кесте арқылы беруді жөн көрдік:

Көрсеткіш	**Экспериментке дейін**	**Эксперименттен кейін**
Мотивация шкаласы (орташа балл)	2.8	4.3
Тыңдалым тестті	62	85
Сөйлеу белсенділігі	40	68

Сапалық нәтижелер

Оқушылардан алынған пікірлер:

- «Сабақтар көңілді өтеді. Біз тек оқып қоймай, көреміз, сөйлейміз».
- «Мультфильмнен кейін мен жаңа сөздерді оңай есімде сақтаймын».

Мұғалімнің бақылау жазбаларынан:

- «Алдыңғы қатарда отырмайтын оқушылар да жауап беруге ынталы болды».
- «Диалог құруда бұрын тілдесуден қашқан балалар да қатыса бастады».

Бұл нәтижелер теориялық негіздермен үйлесіп, тәжірибелік тұрғыдан дәлелденді.

Қазіргі заман медиасының мүмкіндіктеріне тоқтала кететін болсақ, цифрлық дәуірде оқушылар бейнеконтентті тұтынғанды жөн көреді және өздері де гаджетті қолданғанды ұнататындарын ескерсек, оны дұрыс бағытта, яғни білім алу, тіл үйрену үшін қолдануға оқушыларды дағдыландырғанымыз дұрыс. Бұл олардың тіл үйрену ортасына бейімделуін жеңілдетеді. TikTok, Instagram Reels, YouTube Shorts сияқты платформалар қысқа, шынайы, визуалды тартымды контент ұсынады.

Сабақта осы ресурстарды қолдану оқушыны пассивті тыңдаушы емес, белсенді тіл үйренуші ететіндігін айтқымыз келеді. Мысалы, TikTok арқылы:

- «Describe the scene» тапсырмасы

- Видеоға пікір айту

- Видеоны жалғастыру сынды жаттығулар жүргізілді.

Сондай-ақ, **Edpuzzle** сияқты платформалар арқылы видеоны тоқтатып, интерактивті сұрақтар қоюға болады. Бұл әдіс арқылы мұғалім материалды бейімдеп, оқушы жауаптарын дереу бағалай алады.

Болашақ зерттеу бағыттары

Аутентикалық бейнематериалдармен жұмыс істеу барысында зерттеуші ретінде бірнеше маңызды мәселелерді байқадық. Ең алдымен, бейнематериалдардың оқушылардың эмоционалды белсенділігіне әсері айқын байқалды. Сабақта бейнеролик көрсетілген сәтте, тіпті бұрын қызығушылық танытпайтын оқушылардың көзі жайнап, зейіні артып, сабаққа деген қызығушылығы артатынын көруге болады. Бұл – мотивацияның тек когнитивтік емес, аффективтік деңгейде де қозғалысқа түсуінің дәлелі. Екіншіден, бейнематериалдар мәдениетаралық сана мен тілдік ортаға бейімделуді дамытады. Әр бейне мазмұны оқушыны тек лексикалық немесе грамматикалық құрылыммен емес, сол елдің өмір салтымен, құндылықтарымен таныстырады [7, 145]. Мысалы, «Peppa Pig» мультфильмінен британдық сыпайылық үлгілерін, «National Geographic Kids» бағдарламасынан қоршаған ортаны құрметтеу мәдениетін байқауға болады. Үшіншіден, оқушылар өздігінен бейнематериалдарды іздеп көру арқылы тілдік ортаға жақындай түседі. Бұл – тіл үйренудің табиғи жолы десек болады.

Болашақ зерттеулерге бағыттар:

- Әр жас санатындағы оқушылар үшін бейнематериалдың тиімділік деңгейін салыстыру;
- Қысқа видеоформаттардың есте сақтау қабілетіне әсерін зерттеу;
- Бейнематериалдардың жазылым және оқылым дағдыларына ықпалын анықтау;
- Ата-аналардың бейнематериалдарға деген көзқарасын зерттеу.

Бұл ұсыныстар болашақта аутентикалық бейнематериалдардың әлеуетін тереңірек зерттеуге жол ашады.

Қосымша тапсырма үлгілері

Бейнематериалмен жұмыс істеу кезінде дәстүрлі тапсырмалардан бөлек, оқушылардың тілдік қабілетін, шығармашылық және сыни ойлауын дамытатын тапсырмалар қолданылды. Мұғалімдерге арналған бірнеше үлгіні төменде ұсынамыз:

Тапсырма 1: Watch and React

Оқушылар бейнематериалды көріп болған соң, кейіпкерлердің көңіл-күйін сипаттайды, эмоцияларды сипаттайтын сөздермен сөйлемдер құрастырады.

Тапсырма 2: Continue the story

Видео бір сәтте тоқтатылады. Оқушылар оқиғаның қалай жалғасатынын болжайды және өз нұсқасын айтып береді.

Тапсырма 3: Role Play Interview

Оқушылар бейнекейіпкерлерінің рөлінде бір-бірімен сұхбаттасады. Бұл тапсырмада сөйлеу, сұрақ қою және жауап беру дағдылары дамиды.

Тапсырма 4: Vlog time

Оқушылар өз күн тәртібі, хоббиі немесе отбасы туралы қысқа влог түсіреді. Сынып алдында бейнемен бөлісіп, шағын пікірталас ұйымдастырылады.

Тапсырма 5: Fill the gap (жазылым)

Видеоүзінді негізінде оқушылар сөйлемдегі бос орындарды толтырады. Бұл тапсырма тыңдалым және жазылымды байланыстырады.

Қорытынды

Аутентикалық бейнематериалдарды тіл үйренуде қолдану – бұл тек заманауи үрдіске ілесу емес, бұл оқушыны ортаның белсенді мүшесіне айналдырудың сенімді жолы. Бейнематериалдар – бұл жай контент емес, шынайы өмірдің, мәдениеттің, эмоцияның айнасы.

Оқушылар бейнематериалды жай қарап қана қоймай, сол ортада өмір сүргендей әсер алады. Бұл – тілді үйренудің ең тиімді тәсілі. Сондықтан мұғалімдер мен әдіскерлер бейнематериалдарды сабақ құрылымына жоспарлы, жүйелі енгізсе, нәтиже сапасы еселеп артады.

Мақалада ұсынылған идеялар нақты зерттеу нәтижелерімен және теориялық тұжырымдармен бекітілген.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Widdowson, H.G. Aspects of Language Teaching. – Oxford: Oxford University Press, 2019. – 250 P.
2. Gebhard, J.G. Teaching English as a Foreign or Second Language. – Ann Arbor: University of Michigan Press, 2006. – 267 P.
3. Gardner, R.C. Social Psychology and Second Language Learning: The Role of Attitudes and Motivation. – London: Edward Arnold, 1985. – 192 P.
4. Krashen, S. Principles and Practice in Second Language Acquisition. – Oxford: Pergamon, 1982. – 240 P.
5. Tomalin, B., & Stempleski, S. Video in Action: Recipes for Using Video in Language Teaching. – New York: Prentice Hall, 2010. – 256 P.
6. Ur, P. A Course in Language Teaching: Practice and Theory. – Cambridge: Cambridge University Press, 2012. – 390 P.

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУДА ГЕЙМИКАЦИЯ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНУ

Шальжанова Гульзат Жанабаевна,

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
Қадыр Мырза Әлі атындағы BINOM
SCHOOL мектеп-лицейі

Аңдатпа. *Бұл мақалада Абай Құнанбайұлы шығармаларын орта мектеп оқушыларына оқытуда геймикация элементтерін қолданудың тиімділігі қарастырылады. Ойын әдістерін пайдалану - білім беру сапасын арттырып, оқушының танымдық белсенділігін жоғарылатады. Зерттеуде геймикацияның теориялық негіздері мен педагогикалық тәжірибеде қолдану үлгілері көрсетіліп, практикалық сабақтардан алынған нәтижелер талданады. Абайдың терең мағыналы өлеңдері мен қара сөздерін меңгертуде ойын технологиялары оқушыны шығармашылыққа баулиды.*

Түйін сөздер: *Абай, геймикация, ойын технологиясы, әдеби білім, мотивация, мектеп оқушылары, цифрлық оқыту.*

Кіріспе

Бүгінгі білім беру жүйесінде оқытудың дәстүрлі тәсілдері жаңаша бағытта түрленіп, оқушы тұлғасын дамытуға бағытталған әдістермен алмастырылуда. Солардың бірі - геймикация. Аталған тәсіл сабақ барысында ойын элементтерін енгізу арқылы оқушылардың оқу үдерісіне белсенді қатысуына мүмкіндік береді. Әдебиетті оқытуда, әсіресе Абай шығармаларын меңгертуде, геймикация тәсілдері оқушылардың қызығушылығын арттыруда маңызды рөл атқарады. Бұл зерттеу геймикацияны қолдану арқылы Абайдың поэтикалық және прозалық мұрасын меңгертудің жаңа формаларын ұсынады. Осыған орай мақаланың мақсаты -мектеп бағдарламасына сәйкес Абай шығармаларын оқытуда геймикация элементтерін оқу процесінде қолданудың нәтижелілігін талдау. Осы мақсатқа сәйкес келесі міндеттерді шешу көзделді:

- геймикация ұғымына сипаттама бере отырып, зерттеуші ғалымдардың тұжырымдарын талқылау;
- Абай шығармаларын оқытуда геймикацияны қолданудың маңызын анықтау;
- мектеп оқушыларымен сауалнама жүргізу және нәтижесін талдау.

Әдебиеттерге шолу

Геймикация ұғымын алғаш ғылыми айналымға Н.Пеллинг (2002) енгізіп, оны "ойыннан тыс салаға ойын логикасын енгізу" деп анықтады. Осыған орай, ғалым геймикацияны былайша сипаттады: «Геймикация – бұл ойын механикасын ойыннан тыс салада, соның ішінде білім беруде қолданып, адамның қызығушылығы мен ынтасын арттыру тәсілі» [1]. Ал ғалым Кэтрин Уиттонойын элементтерін оқу процесіне енгізу арқылы оқушылардың ішкі мотивациясын күшейтіп, білім беру тәжірибесін әсерлі әрі есте қаларлықтай ете алатындығын тұжырымдады [2]. *"The Gamification of Learning and Instruction"* кітабының авторыКарл Капп: «Геймикация — бұл жай ғана ойнау емес, ол оқушыға мақсат қою, прогресті бақылау және жетістік сезімін сезіну арқылы оқытуды жандандырудың қуатты құралы» деп сипаттады [3]. Шетелдік ғалымдардың жоғарыда аталған тұжырымдарынан геймикация элементтерін оқу процесіне енгізу оқушының білімді игерудегі

қызығушылығын арттыра отырып, мақсатқа нәтижелі жетудің бір жолы деп қарастырғанын байқауымызға болады.

Сонымен қазіргі таңда бұл әдіс білім беру жүйесінде кеңінен қолданылуда. Отандық зерттеулер қатарында Айтмағамбетов А.Б. (2021) қазақ әдебиетін оқытудағы инновациялық әдістердің ішінде геймикацияның маңызын атап өтеді [4]. Абдрахманова Ж.Е. (2020) білім берудегі интерактивті әдістерді талдай отырып, ойын формаларының когнитивтік дамуға ықпалын көрсетеді. Осы зерттеуде автор *геймикацияны әдебиет сабақтарында қолдану оқушының шығармашылық қабілетін дамытып, мәтінмен жұмыс істеуге деген қызығушылығы артатынын ерекше атап өтеді [5].* Шетелдік зерттеушілер Бруер К.Д. (2016), Прибыловская Е.А. (2017) геймикацияны оқушы мотивациясын арттыру құралы ретінде сипаттайды. Демек, шетелдік және отандық зерттеушілердің аталған тақырыпқа сәйкес пікірлерінің ортақ екендігін көруге болады.

Зерттеу әдістемесі

Зерттеу жұмысы 8-сынып оқушыларына арналған “Абай және оның шығармашылығы” бөлімін оқыту барысында жүргізілді және төмендегі әдістер қолданылды:

- Сыныпта бақылау (геймикациямен және геймикациясыз сабақтар);
- Сауалнама (оқушылар мен мұғалімдер арасында);
- Талдау және салыстыру әдістері;
- Педагогикалық эксперимент (2 сынып параллелінде).

Геймикация элементтері ретінде қолданылған тәсілдер: “Kahoot” викторинасы, квест-сабақтар, рөлдік ойындар, QR-код тапсырмалары, пазл құрастыру, “Абай жолы” виртуалды жол картасы.

Нәтижелер

Зерттеу нәтижесінде төмендегідей қорытындылар алынды:

Көрсеткіш	Геймикация қолданылмаған сынып	Геймикация қолданылған сынып
Сабаққа белсенділік (%)	54%	91%
Оқыған материалды есте сақтау	Төмен	Жоғары
Қызығушылық деңгейі	Орташа	Жоғары
Шығармашылық тапсырма орындау	58%	87%
Сабаққа қатысу саны	65%	92%

Сауалнама нәтижесінде оқушылардың 85%-ы ойын түрінде өткен сабақтардан көбірек әсер алғандарын айтты. Педагог мамандармен болған сұхбат нәтижесі де мұғалімдер геймикация элементтерін сабақ процесінде қолданған кезде оқушылардың белсенділігі артып, сабаққа деген қызығушылығы оянатынын жеткізді.

Талқылау

Абай шығармаларын оқытуда геймификацияны қолдану қажеттілігі:

- Күрделі мәтіндерді жеңіл әрі түсінікті ету;
- Терең ойлы шығармаларды қызықты әрі креативті әдіспен жеткізу;

- Оқушылардың әдебиетке деген қызығушылығын арттыру;
- Танымдық белсенділікті дамыту.

Үлгі 1: Kahoot-викторина Тақырып: «Абай кім?»

Мақсаты: Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы білімдерін бекіту. Сипаттамасы: Сұрақтар (Абайдың туған жылы, шығармалары, қара сөздері), 2–3 топқа бөліну, уақытпен жауап беру, жеңімпаздарға марапат.

Үлгі 2: Рөлдік ойын (драмаландыру)

Тақырып: Абайдың қара сөздерін сахналау

Мақсаты: Мәтінді терең түсініп, көркем тілін меңгеру.

Мысал: «Он тоғызыншы сөз» шығармасы рөлдерге бөлініп, сахнада көрініс түрінде қойылады.

Үлгі 3: QR-кодпен тапсырмалар (квест-ойын)

Тақырып: Абай өлеңдеріндегі адамгершілік идеялар

Мақсаты: Өлең мәтінін талдай отырып, негізгі идеяны табу. Мәселен, QR-код арқылы әр бекетке тапсырмалар жасырылады. Мысалы: “Ғылым таппай мақтанба” өлеңін оқып, тәрбиелік мәнін айту.

Үлгі 4: Wordwall арқылы сөзжұмбақ немесе сәйкестендіру ойыны

Мақсаты: Абай шығармаларындағы негізгі ұғымдарды бекіту Мысал: Терминдер – “Ғылым”, “Махаббат”, “Ақыл”, “Еңбек”. Мәтін үзіндісін беріп, сәйкес ұғымды таңдату.

Геймификацияны қолдану барысында оқушылардың:

- әдебиетке қызығушылығы артады;
- сабаққа қатысу белсенділігі жоғарылайды;
- шығармашылық, сын тұрғысынан ойлау қабілеті дамиды;
- білім сапасы жақсарады.

Қорытынды

Абай шығармаларын оқытуда геймикация элементтерін қолдану Қазіргі заманғы білім беру талаптарына толық жауап береді. Бұл тәсіл тек оқушылардың қызығушылығын оятып қана қоймай, олардың әдебиетке деген құрметін арттырып, шығармашылықпен жұмыс істеуге дағдыландырады. Геймикация арқылы берілген материал оқушы жадында ұзақ сақталып, эмоционалдық әсері мол болады. Болашақта бұл әдісті кеңейтіп, әдебиетті ғана емес, өзге де пәндерге енгізуге болады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Pelling N. The (short) prehistory of Gamification, 2002. [Электронды ресурс]. Қолжетімді: http://nanodome.com

2. Whitton N. Game-Based Learning: Challenges and Opportunities. TechTrends, № 55 (5), 2011. – P. 19-23.

3. Kapp K. M. The Gamification of Learning and Instruction: Game-based Methods and Strategies for Training and Education. - San Francisco: «Pfeiffer», 2012.

4. Айтмағамбетов А.Б. Қазақ әдебиетін оқытудағы инновациялық әдістер. — Нұр-Сұлтан, 2021.

5. Абдрахманова Ж.Е. Қазақ әдебиетін оқытудағы инновациялық әдістер: интерактив және геймификация. – Түркістан: «ХҚТУ баспасы», 2020

6. Brewer C. D. (). Gamification in Education: Motivation and Engagement through Game Elements//Journal of Instructional Research, № 5(1), 2016. – P. 45-52.

7. Прибыловская Е.А. «Геймификация как средство повышения мотивации учащихся»// Современные проблемы науки и образования. – №1, 2017.

8. Абай Құнанбайұлы. Қара сөздер. — Алматы: «Ана тілі», 2010.

ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ: АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Шериязданова Майгуль Ануарбековна,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, магистр,
Астана қаласы №6 гимназия

Аңдатпа. *Бұл мақалада автор Абай шығармалары ұлттық құндылықтарды ашып көрсетуге тырысады. Ұлттық құндылықтарға толы Абай шығармалары жан-жақты талданып, сарапталады. Автор білім беру ұйымдарында Абай шығармаларын оқытудың маңыздылығы мен себептерін айқындап береді. Адамның дамуы үшін еңбектің, білімнің, талаптың қаншалықты қажеттігін түсіндіреді.*

Түйінді сөздер: *ұлттық құндылықтар, талап, еңбекқорлық, білім, мәдениет, рухани құндылық, адамгершілік*

Кіріспе

Қазіргі ұлттық білім беру жүйесі тек білім мен дағды берумен шектеліп қалмай, тұлғаның рухани-адамгершілік дамуына да айрықша көңіл бөлуді талап етеді. Бұл тұрғыда Абай Құнанбайұлының мұрасы – қазақ халқының рухани-мәдени дамуының, ұлттық құндылықтарының қайнар көзі ретінде маңызды рөл атқарады.

Абай шығармаларында көрініс тапқан білімге құштарлық, еңбекке баулу, адамгершілік пен имандылық, мейірімділік пен махаббат сияқты қасиеттер жас ұрпақты тәрбиелеуде басты бағдар бола алады. Оның «Толық адам» ілімі – адам болмысының кемелдену жолын көрсететін тұтас рухани-философиялық жүйе ретінде, бүгінгі ұлттық білім берудің құндылықтық негізін толықтыра түседі. Сондықтан да Абай мұрасын білім мазмұнына тереңдете енгізу – жас ұрпақтың жан-жақты дамуына, ұлттық бірегейлікті сақтауға және адамгершілікке тәрбиелеуге бағытталған стратегиялық маңызы бар іс.

Әдістеме: талдау және зерттеу әдістері

Абай ілімі – ұлттық құндылықтарды ұлықтаудың, рухани жаңғырудың және кемелденген қоғам қалыптастырудың темірқазығы.

Абай «Ғылым таппай мақтанба» атты өлеңінде: «Бес нәрсеге асық бол – талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым...» – деп, жастарды білім мен ғылымға, ізгілікке үндейді [1, 45]. Абай Құнанбайұлы – қазақ халқының ұлы ақыны, ойшылы, ағартушысы. Оның «Ғылым таппай мақтанба» атты өлеңі – жас ұрпақты білімге, ғылымға, адамгершілікке үндейтін аса маңызды туынды. Бұл өлеңінде Абай нағыз адам болу үшін қандай қасиеттер керек екенін нақты атап көрсетеді. Ақынның айтуынша, адам баласы «талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым» сияқты бес асыл қасиетке ұмтылуы керек.

Талап – адамның алдына мақсат қойып, соған жетуге деген ынтасы мен құлшынысы. Талапты адам ешқашан бір орында тұрмайды. Ол үнемі алға ұмтылады, дамуға тырысады. Абайдың ойынша, талап – ғылым мен білімге апаратын алғашқы баспалдақ.

Еңбек – талаптың жалғасы. Еңбексіз жетістікке жету мүмкін емес. Абай жас ұрпаққа еңбек етпей ештеңеге қол жеткізуге болмайтынын ұқтырады.

Терең ой – кез келген нәрсеге байыппен қарап, ақылға салып шешім қабылдау. Ғылым мен білімге құштар адам үнемі ойланып, сұрақ қоя білуі керек. Терең ойлы адам ғана шындыққа жетеді, өмірдің мәнін түсінеді.

Қанағат – барға разы болу, ашкөздікке, ысырапқа жол бермеу. Абай бұл қасиетті адамның рухани кемелденуінің бір белгісі ретінде қарастырады. Қанағатшыл адам өмірге риза, өз ісіне сенімді болады.

Рақым – бұл мейірімділік, қайырымдылық, адамға деген сүйіспеншілік. Абай білімді адамның жүрегі жұмсақ, өзгеге жанашыр болуы керектігін алға тартады. Ғылым мен білім – тек ақыл емес, жүрек ісі де болуға тиіс.

Осы бес асыл қасиетті бойына сіңірген адам – шынайы ізгілікке, биік адамгершілікке жетеді. Абай жастарды мақтаншақтыққа емес, шынайы білім мен ғылымға ұмтылуға шақырады. Себебі білім мен ғылым – елдің болашағы, дамудың негізгі кілті. Сондықтан да қазіргі заманда Абай өсиеті бұрынғыдан да маңызды. Жастар білімге, ғылымға құштар болып өссе – еліміздің болашағы жарқын болмақ.

Ал «Он тоғызыншы сөзінде» Абай адамның ішкі кемелдігін ғылым, еңбек пен адалдық арқылы жетілдіру қажет екенін жазады [2, 86].

Абай Құнанбайұлының «Он тоғызыншы сөзінде» айтқан ойлары – адамның ішкі рухани кемелденуі туралы терең философиялық тұжырымдар. Бұл қарасөзінде Абай адам болмысының мәнін, рухани дамудың жолдарын түсіндіре отырып, ішкі жетілуге апаратын үш маңызды ұстанымды ерекше атап өтеді: ғылым, еңбек және адалдық.

Абай үшін ғылым – тек білім алу ғана емес, адамның өз болмысын тануы, өмірдің мәнін түсінуі. Ол: «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады» деп, адамның шынайы артықшылығы материалдық байлықта емес, рухани байлықта екенін көрсетеді.

Абай адамның дамуы үшін еңбектің маңызын ерекше бағалайды. Ешбір ғылым, ешбір жақсы қасиет еңбексіз жүзеге аспайды. Абай: «Еріншектік – кедейлікке себеп» дейді. Демек, ішкі дамуға ұмтылған адам бос уақытын ысырап етпей, пайдалы іспен айналысуы керек. Бұл – өзін-өзі тәрбиелеудің екінші жолы. Абайдың айтуынша, адалдық – адамның жүрегіндегі ең асыл

қасиеттердің бірі. Абай осы қара сөзінде адал болуды, ар-ұятты сақтауды адамгершіліктің биік өлшемі ретінде көрсетеді.

Қорыта айтқанда, Абайдың «Он тоғызыншы сөзінде» адам бойындағы ішкі кемелдік – ғылымды үйрену, еңбек ету, адал өмір сүру арқылы қалыптасатыны анық айтылады. Бұл – тек жеке адамның ғана емес, тұтас ұлттың рухани өсу жолы. Абайдың осы өсиеті бүгінгі таңда да өзекті, себебі адам болу – мәңгілік міндет.

Абайдың «Он жетінші қара сөзінде»: «Ақыл, жүрек, қайрат үшеуін бас қылмақ керек...» – деп, адам бойындағы үш асыл қасиеттің үйлесімін сипаттайды [1, 80].

Бұл тұжырым қазіргі заманғы ұлттық білім беру мазмұнындағы тұлғаның рухани үйлесімділігін қалыптастыру идеясымен үндес.

Абай Құнанбайұлының «Он жетінші қара сөзінде» айтылған: «Ақыл, жүрек, қайрат үшеуін бас қылмақ керек...» деген терең мағыналы сөзі – адамның ішкі болмысын, жан дүниесін тануға бағытталған философиялық тұжырым. Бұл қарасөзінде Абай адам бойындағы үш негізгі қасиет – ақыл, жүрек, қайрат туралы айтып, олардың үйлесімділігі арқылы ғана адам кемелдікке жететінін түсіндіреді.

Абай үшін ақыл – дұрыс жолды таңдай білуге, өмірдің мәнін түсінуге жол ашатын қасиет. Жүрек – Абай үшін ең маңызды, ең шешуші қасиет. Жүрек арқылы адам мейірімге, рақымға, кешірімділікке ие болады. Жүрексіз адам қатігез, тасбауыр болмақ. Сондықтан Абай жүректі – адамшылықтың негізі деп есептейді. Ол: «Үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтаймын» деп, жүрекке ерекше мән береді. Бірақ жүрек те өздігінен әрекет ете алмайды – ол ақыл мен қайраттың көмегіне мұқтаж. Қайрат – ерік пен іс-әрекеттің қуаты

Абай осы үш қасиетті бір-бірінен бөліп қарамайды. Ол: «Біреуі ғалым болыпты, біреуі би, біреуі батыр болыпты. Үшеуі таласыпты...» – деп, әрқайсысының өз артықшылығын дәлелдеуге тырысқанын баяндайды.

«Он жетінші қара сөзіндегі» бұл тұжырым – Абайдың адамтану ілімінің негізі. Ол адам болмысын тек ақылмен немесе күшпен ғана емес, жүрекпен де өлшеу керек екенін үйретеді. Осы үш қасиетті тең ұстау арқылы адам рухани жетіліп, қоғамға пайдалы, адамгершілігі мол тұлға бола алады. Бұл – бүгінгі күнде де өзінің өзектілігін жоғалтпаған терең ғибрат.

Әдебиеттерге шолу

Абай Құнанбайұлының «Толық адам» ілімі – оның философиялық, рухани, адамгершілік көзқарастарының шыңы. Бұл ілімде Абай адам болмысының мәнін, кемелдікке жетудің жолын терең сипаттайды. Ғалымдардың пікірінше, Абай тәрбиесінің негізі – адамның бойындағы махаббат, мейірімділік және әділет секілді ізгі қасиеттерге сүйенеді [3, 57 б].

Абай үшін махаббат – тек біреуге деген сүйіспеншілік емес, жалпы жаратылысқа, адамзатқа, ақиқатқа деген терең сүйіспеншілік. Оның «Толық адам» концепциясында махаббат – барлық жақсы қасиеттердің негізі, тірегі. Абай: «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» деп, шексіз махаббат идеясын ұсынады. Нағыз адам – өзге жанға жанашырлықпен, сүйіспеншілікпен қарай алатын адам.

Абай Құнанбайұлы – қазақ халқының рухани ұстазы, ұлттық болмыстың айнасы. Оның шығармалары мен даналық ойлары тек әдеби мұра ғана емес, тәрбиенің, адамгершіліктің, рухани жетілудің қайнар көзі. Қазіргі білім беру жүйесінде Абай құндылықтарын оқыту – ұрпақ тәрбиесінің, ұлттық сана мен рухани әлеуеттің ажырамас бөлігіне айналып отыр.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің мәліметіне сүйенсек, «Абайтану» курсы – жастардың ұлттық дүниетанымын қалыптастыруға, Абай ілімін терең меңгертуге арналған маңызды пән [4, 23]. Бұл курс арқылы оқушылар тек Абайдың өмірі мен шығармашылығымен танысып қоймай, оның терең философиялық ойлары, адамгершілік ұстанымдары арқылы өз болмысын тануға, рухани жетілуге жол табады.

Талдау нәтижелері

Абай құндылықтарының тәрбиелік мәні зор. Абай шығармалары арқылы оқушылар:

Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым сияқты қасиеттерді бойына сіңіреді;

Махаббат, әділет, мейірімділік негізінде кемел адам болуға ұмтылады;

Адалдық, еңбекқорлық, білімге құштарлық секілді ұлттық қасиеттерді меңгереді.

Абайдың «Толық адам» ілімі – қазіргі заманда моральдық дағдарысқа қарсы тұратын рухани бағдар. Осы бағытта тәрбиеленген жас – ұлттық санасы оянған, заманауи білімді игерген, ішкі мәдениеті жоғары азамат болып қалыптасады.

Абай құндылықтарын игеру – тек әдеби таным ғана емес, ол:

Патриотизмді қалыптастырады;

Рухани жаңғырудың негізін қалайды;

Тұлғалық дамуға ықпал етеді;

Қазақы тәрбие мен заман талабын ұштастырады.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, қазіргі ұлттық білім беру жүйесінде Абай құндылықтарының орны ерекше. Оның рухани ілімі мен адамгершілік ұстанымдары жас ұрпақтың дүниетанымын тереңдетуге, ұлттық болмысын нығайтуға, жан-жақты кемелденуіне жол ашады. «Абайтану» курсы – осы маңызды мақсатты жүзеге асырудың нақты құралы. Демек, Абайды оқу – өткенді тану ғана емес, болашаққа жол сілтеу.

Бүгінгі таңда білім беру тек ақпарат беру емес, тұлға тәрбиелеу үдерісі екенін ескерсек, Абайдың идеялары – осы үдерістің рухани-адамгершілік тұғырын қалыптастыратын басты құрал. Сондықтан Абай еңбектерін оқу – ұлттық білімнің мәнін тереңдетіп, жас ұрпақтың рухани кемелденуіне жол ашады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Абай Құнанбайұлы. Қара сөздер және өлеңдер. - Алматы: «Жазушы», 2009. - 160 б.

2. Жұмалиев Қ. Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі. - Алматы: «Ғылым», 1999. - 280 б.

3. Ғабитханұлы Қ. Абайдың адамгершілік ілімі. - Алматы: «Қазақ университеті», 2005. - 128 б.

4. ҚР Білім және ғылым министрлігі. Жалпы орта білім мазмұнын жаңарту бағдарламасы. - Астана, 2018. - 90 б.

АБАЙДЫҢ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ АДАМ МЕН ҚОҒАМНЫҢ ОРНЫ: АҚЫННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК КӨЗҚАРАСТАРЫН ЗАМАНАУИ ТҰРҒЫДАН ЗЕРТТЕУ

Шолпанбаева Алтынай Калдыбековна,
бастауыш мектеп мұғалімі,
Қадыр Мырза Әлі атындағы
BINOM SCHOOL мектеп-лицейі

Аңдатпа. *Мақалада Абай Құнанбаевтың философиясындағы адам мен қоғамның орны, оның әлеуметтік көзқарастары заманауи тұрғыдан зерттеледі. Абайдың шығармашылығында адам болу идеалы, қоғам мен жеке тұлғаның арасындағы өзара байланыс, әлеуметтік теңдік пен әділеттілік мәселелері ерекше орын алады. Зерттеу барысында Абайдың философиялық тұжырымдамаларының бүгінгі қоғамдағы өзектілігі мен маңызы қарастырылады. Ақынның әділетті қоғам құру, білім мен тәрбие берудің маңыздылығы, сондай-ақ адамның қоғамдық міндеті мен жауапкершілігі туралы идеялары қазіргі қоғамның әлеуметтік мәселелерін шешуге бағытталған құнды ұсыныстарды қамтиды. Мақала Абайдың әлеуметтік философиясының тереңдігі мен оның бүгінгі күнмен байланысын ашып көрсетеді.*

Түйін сөздер: философия, әділеттілік, теңдік, қоғам дамуы, білім.

Кіріспе

Абай Құнанбаев қазақ халқының ұлы ақыны әрі философы ғана емес, оның әлеуметтік және адамгершілік мұрасы да терең маңызға ие. Абайдың шығармашылығында адам мен қоғам арасындағы байланыс, жеке тұлғаның қоғам алдындағы міндеті мен жауапкершілігі мәселелері айрықша орын алады. Сол себепті Абай Құнанбаевтың әлеуметтік философиясын, оның адам мен қоғам туралы көзқарастарын заманауи тұрғыдан талдауды, Абайдың адам болу мен қоғамды дамытуға қатысты идеяларының қазіргі заманға қалай сәйкес келетіндігін, оның философиясындағы басты әлеуметтік мәселелерді қарастыруды мақсат еттік. Өйткені ақынның әлеуметтік философиясының қоғамның рухани жаңғыруы мен әлеуметтік мәселелерін шешудегі маңызы зор.

Абай Құнанбаевтың әлеуметтік философиясы қазіргі заманда ерекше маңызға ие. Ақынның қоғамдағы теңдік, әділеттілік және білім беру мәселелері туралы идеялары қазіргі әлеуметтік проблемалармен тығыз байланысты. Заманауи қоғамда білім мен адамгершілікке негізделген әлеуметтік әділеттілік пен теңдік мәселелері күн тәртібінде тұр. Абайдың

идеялары жастарды рухани және моральдық жағынан жетілдіруге бағытталған, сондықтан оның философиялық мұрасы бүгінгі күннің өзінде өзектілігін сақтап отыр.

Абай философиясының негізінде адам мен қоғам арасындағы өзара байланыс жатыр. Абай адамды тәрбиелеу, оны моральдық және рухани жағынан жетілдіру мәселелеріне терең мән береді. Оның философиясында «адам болу» идеалы ерекше орын алады. Абай адамды ақыл-ойы, білім мен ізгілік тұрғысынан қарастырады, қоғамдағы әрбір жеке тұлға өзінің ой-санасы, ар-ұжданы арқылы қоғамдық ортаға әсер етуі тиіс деген түсінік қалыптастырады.

Абайдың әлеуметтік көзқарастарындағы маңызды мәселелердің бірі – теңдік пен әділеттілік. Оның шығармаларында әділетті қоғам құру, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту, адамдар арасындағы теңсіздікті жою жайлы идеялар кеңінен талқыланған. Абай қазақ қоғамындағы әлеуметтік теңсіздіктерді сынға алып, қоғамның әр мүшесіне білім мен тәрбие берудің маңыздылығын атап өтеді.

Абайдың «Әділетті қоғам» тұжырымдамасы қоғамның әрбір мүшесінің құқықтарын құрметтеуді, білімге тең қолжетімділікті, тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуді мақсат тұтады. Ол адамдар арасындағы әлеуметтік айырмашылықтарды жоюды, қоғамды әділеттілік пен теңдікке негіздеуді ұсынады.

Абай Құнанбаевтың шығармаларында қоғам мен жеке тұлғаның арасындағы қатынас әрдайым өзекті мәселе болып келеді. Оның ойынша, жеке тұлға қоғамдық өмірдің белсенді мүшесі болуы тиіс. Адам өз жаны мен тәнінің дамуы үшін, тек қана жеке мүдде тұрғысынан емес, сонымен бірге қоғамға пайда тигізу мақсатында да әрекет етуі керек. Бұл тұжырым бүгінгі таңда да өз маңызын сақтайды.

Абайдың пікірінше, адам жеке бастың жетістігі мен қоғамдық мүдделердің бірлігінен тұрса, қоғам да тек сонда ғана дамиды. Бұл адам мен қоғамның бір-біріне тәуелділігін көрсететін маңызды философиялық идея болып табылады.

Абайдың әлеуметтік көзқарастары бүгінгі күнмен өзара байланыста талдануы қажет. Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік теңсіздіктер, білімге қолжетімділік, әділеттілік мәселелері оның шығармаларында көтерілген тақырыптармен тікелей байланысты. Абайдың әділеттілік, білімге деген ұмтылыс және әлеуметтік жауапкершілік туралы идеялары қазіргі заманда да өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Қазіргі Қазақстан қоғамындағы әлеуметтік мәселелерді шешуде Абайдың әлеуметтік философиясы үлкен мәнге ие. Оның әділетті қоғам құру туралы идеялары елімізде білім беруді жетілдіру, әлеуметтік теңдікті орнату үшін маңызды құндылықтарды қалыптастырады. Абайдың «адам болу» идеалы бүгінгі жастарға білім мен адамгершілікті ұштастыра отырып, қоғамға пайдалы болуға шақырады.

Әдебиеттерге шолу

Абай Құнанбаевтың философиялық мұрасы қазақ әдебиеті мен мәдениетінің маңызды бөлігі болып табылады. Оның әлеуметтік және адамгершілік көзқарастары көптеген зерттеушілер мен ғалымдардың назарын аударған. Абайдың шығармашылығындағы адам мен қоғам арасындағы байланыс, әділеттілік пен теңдік мәселелері қазіргі заманғы әлеуметтік және философиялық талқылаулардың өзекті тақырыптары болып табылады. Осыған байланысты Абай философиясы туралы әдебиеттерде бірнеше маңызды бағыттар қарастырылады. Атап айтсақ: Көптеген ғалымдар Абайдың әлеуметтік философиясын кеңінен қарастырылған. Мәселен, Шәкәрім Құдайбердіұлының еңбектерінде Абайдың ағартушылық көзқарастары мен адам тәрбиесіндегі рөлі туралы пікірлер айтылады [1]. Енді кей ғалымдар Абайдың адамгершілік пен мораль философиясына зерттеуді жөн көрген. Мәселен, Шәкір Ибраев Абайдың адам болу мен адамгершілікке қатысты философиялық ойларын қарастырған [2]. Ғалым Серік Қирабаев Абайдың қоғамдық өзгерістер мен әділет туралы ойларын, әділеттілік пен теңдікке қатысты идеяларын [3] тереңірек талдаған. Мұхтар Әуезов [4] пен Ахмет Байтұрсынов [5] Абайдың қоғамдық және жеке тұлғаға қатысты көзқарастарын тамаша түсіндірген. Әуезов өзінің «Абай жолы» эпопеясында Абайдың дүниетанымын, адам мен қоғамға деген көзқарастарын көрсетіп, қазақ қоғамын өзгерту жолындағы ақынның үміттері мен армандарын сипаттайды.

Зерттеу әдістері

Абай Құнанбаевтың философиясындағы адам мен қоғамның орнын және оның әлеуметтік көзқарастарын зерттеу үшін келесі әдістер қолданылған: 1) теориялық талдау әдісі; 2) тарихи салыстырмалы әдіс;
3) құжаттарды сараптау әдісі; 4) логикалық талдау әдісі

Тарқатып айтар болсақ, Абай Құнанбаевтың шығармаларын, оның философиялық және әлеуметтік көзқарастарын талдау үшін теориялық талдау әдісі қолданылды. Бұл әдіс ақынның шығармашылығындағы негізгі идеяларды, философиялық ойларын және әлеуметтік мәселелерді түсіну мақсатында оның шығармаларын терең талдауды көздейді. Абайдың әлеуметтік көзқарастары мен философиялық тұжырымдамаларын зерттеу барысында тарихи салыстырмалы әдіс қолданылды. Абай Құнанбаевтың шығармалары мен олардың қолжазбалары, сондай-ақ оның өмірі мен шығармашылығына қатысты басқа да деректерді сараптау әдісі қолданылды. Бұл әдіс арқылы Абайдың философиялық мұрасы мен әлеуметтік ойлары туралы маңызды ақпараттарды жинап, оларды жүйелеп, талдауға мүмкіндік бередіАбайдың философиялық ойларын логикалық тұрғыдан талдау әдісі де қолданылды. Бұл әдіс Абайдың шығармаларындағы негізгі әлеуметтік және адамгершілік идеяларды анықтап, олардың философиялық мағынасын тереңірек түсінуге көмектесті.

Зерттеу нәтижелері

Абай Құнанбаевтың философиясындағы адам мен қоғамның орны және оның әлеуметтік көзқарастары қазіргі қоғамда өзектілігін жоғалтпайтынын зерттеу барысында бірқатар маңызды нәтижелер алынды. Абайдың

шығармашылығындағы терең философиялық және әлеуметтік ойлары бүгінгі қоғамдағы көптеген мәселелермен тығыз байланысты. Зерттеу барысында төмендегі негізгі нәтижелерге қол жеткізілді:

1. Абайдың адам мен қоғамға қатысты философиялық көзқарастары айқындалды. Абай Құнанбаевтың шығармашылығында адам болу, жеке тұлғаның дамуы, білім алу және ізгілік мәселелері айрықша орын алады. Абай адамды тек қана жеке мүдде тұрғысынан емес, сонымен бірге қоғамға қызмет ету тұрғысынан да қарастырды. Оның «адам болу» идеалы қоғамның әлеуметтік, мәдени және рухани тұрғыда дамуына үлес қосатын азамат қалыптастыруға бағытталған.

2. Ұлы ойшылдың әлеуметтік теңдік пен әділеттілік мәселелерді қалай көтергені сарапталды. Абайдың әлеуметтік философиясында әділеттілік, теңдік және білім мәселелері басты орын алады. Оның шығармаларында қоғамдағы әлеуметтік теңсіздіктерді сынға алып, әділетті қоғам құруды, халықтың білім деңгейін көтеруді ұсынғаны белгілі. Қазіргі уақытта бұл мәселелер жаңа сипат алғанымен,

3. Қоғамның рухани жаңғыруында Абайдың рөлі қандай екендігі айқындалды. Абайдың шығармашылығы қоғамның рухани дамуына бағытталған көптеген идеяларды қамтиды. Оның идеялары халықтың білім деңгейін көтеру, моральдық және адамгершілік құндылықтарды нығайту арқылы қоғамды жаңғыртуға бағытталған..

4. Заманауи қоғамдағы Абай философиясының өзектілігі дәлелденді. Абайдың әлеуметтік және адамгершілік көзқарастары қазіргі қазақ қоғамындағы әлеуметтік теңсіздік, білім беру жүйесі мен азаматтық қоғамды дамыту мәселелерімен тығыз байланысты. Абайдың әділеттілік пен теңдікке қатысты ойлары қоғамның әлеуметтік мәселелерін шешуге арналған тиімді шешімдер ұсынуы мүмкін.

Талқылау

Абайдың адам мен қоғамға қатысты ойлары өзінің уақытынан әлдеқайда алда болды. Оның әділеттілік, білім, адамгершілік мәселелері жөніндегі пікірлері тек қазақ қоғамына ғана емес, жалпы әлемдік деңгейдегі әлеуметтік мәселелерге де әсер ететіндей маңызға ие.

Қазіргі қоғамда білім беру, әлеуметтік әділеттілік, адамның рухани дамуы секілді мәселелер Абайдың шығармашылығында көтерілген тақырыптармен үндеседі.

Абайдың әлеуметтік көзқарастарының бірқатар жақтары бүгінгі күннің талаптарына сәйкес келеді, бірақ қазіргі уақытта қоғамның дамуының басқа да аспектілерін ескере отырып, оның идеяларын жаңа тұрғыдан интерпретациялау қажет..

Қорытынды

Абай Құнанбаевтың философиясындағы адам мен қоғамның орны және оның әлеуметтік көзқарастары бүгінгі қоғам үшін маңызды әрі өзекті болып табылады. Абайдың әділеттілік, теңдік, білім мен адамгершілік туралы ойлары қазіргі әлеуметтік мәселелерді шешуге көмектесетін тиімді құндылықтар мен бағыттарды ұсынады.

Абай Құнанбаевтың әлеуметтік көзқарастары оның философиялық мұрасының негізін құрайды. Абайдың адам мен қоғам туралы идеялары қазіргі заманға байланысты талданғанда, оның шығармаларындағы түбегейлі мәселелер, яғни білім, әділеттілік, теңдік және адамгершілік туралы ойлар қоғамды дамытуда маңызды рөл атқарады. Абайдың философиясы қоғам мен жеке тұлғаның үйлесімді дамуына бағытталған идеяларымен қазіргі қоғамның рухани және әлеуметтік жаңғыруына үлес қосады. Абайдың шығармашылығын заманауи тұрғыдан зерттеу оның әлеуметтік көзқарастарының тереңдігі мен заманауи өзектілігін көрсетеді.

Пайдаланған әдебиет

1. Құдайбердіұлы Ш. Шығармалар жинағы. - Алматы: «Жазушы», 1989.
2. Ибраев Ш. Абай және оның философиялық мұрасы. - Алматы: «Қазақ университеті», 2015.
3. Қирабаев С. Абай философиясының негіздері. - Алматы: «Қазығұрт», 2007
4. Әуезов М. Абай жолы (роман-эпопея). - Алматы: «Жазушы», 1976..
5. Байтұрсынов А. Абайдың ұлттық тәрбиедегі орны. - Алматы: «Ана тілі», 1999.
6. Мұхамедов Т. Абай және ағартушылық философиясы. - Алматы: «Ғылым», 2007.

ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ: АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДА КӨРІНІС ТАПҚАН ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Шуленбаева Гулдария Мирзатаевна,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
№93 мектеп-лицей, Астана қ.

Аңдатпа. *Абай мұрасын ұрпаққа жеткізу жауапты іс. Бұл күнде әр қазақ осы істі жан-тәнімен түсінсе екен. Абайда ұлттың коды бар. Абайдың әр сөзінде қазаққа қажет мұң бар. Абайтану қазақ үшін ұлы ғылым. Және тек қазаққа ғана керек екенін айта кету керек. Оны меңгеру әрқайсымыздың борышымыз. Оны білу буынмен бекіп, қанатпен бірге қатаю керек.*

Ақынның ғибрат сөздерін зерттеуге бағытталған ғылыми-тәжірибелік семинарға сәйкес «Ұлттық білім беру: Абай шығармаларында көрініс тапқан құндылықтар» атты ғылыми мақалада төмендегідей зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Құнанбайұлының «Сегіз аяқ» өлеңіне сипаттық талдау. Орта білім беруге арналған оқу бағдарламасына сәйкес қолданылу деңгейіне тәжірибелік бақылау көрініс алды.

Түйін сөздер:
ұлттық код, білім беру, әдебиет, мәдениет, ұлт тәрбиесі, философия, абайтану

Кіріспе

Абай шығармаларында көрініс тапқан құндылықтың биігі «Ұстаздық еткен жалықпас үйретуден балаға...» дегені. Бала оқытуды мойнына алған әр мұғалімнің жігерін қанаттандырған, бүтіндей халықты білім үйренуге, үйретуге ынталандырған жалғыз аяқ өлең сөзі. Бұл Абай даналығы.

Ойшылдың педагогикалық-ғалымдық көзқарасын ғылыми тұрғыдан негіздеген ғалым Қобдабай Қабдыразақұлы: «Талантты жастың өз бетінше ден қоя оқыған, құныға тыңдаған ауыз әдебиеті шығармалары туған халқының өмірі мен дәстүрін, арманы мен мұңын ертерек танып-білуіне себепші болды. Өмір заңдылықтарын түсінуге игі ықпал еткен әке тағылымы да ақын бойында ұстаздық қасиеттің қалыптасуына әсер етті. Туған халқының рухани мұрасын жан-жақты игеріп, Батыс пен Шығыстың ғылыми ой-санасын сыншылдықпен бойына сіңіру арқылы Абай қазақтың қоғамдық ой-пікірін өзінің ағартушылық тұрғыдағы тұжырымдарымен байытты. Ақынның жастарды білім алуға, ғылымға, адамгершілікке үндеген педагогикалық топшылаулары шығыстың атақты ғұламалары Әлішер Науаи, Ғ.Дауани, әл-Фараби, т.б. ой-пікірлерімен сабақтас, өзектес келеді» [1, 1], - дейді. Педагогикалық әдісі тарихи шындыққа толықтай негізделе көркем ашылған. Абай тек өз түйсігіне сенген адам емес, ол нағыз ғалым. Ғұлама әлемнің философиясын меңгеріп, қазақ ұлтына тілге жеңіл, жүрекке жылы жеткізе білген жан.

Әдебиеттерге шолу

Абай шығармашылығы өзімен бірге құпиясын ала кетті. Құдды болашаққа шешімін шығаруды тапсырып, түйсікті қозғау үшін жұмбақтап қалдырғандай. Алаштың арысы Міржақып Дулатұлы «Қазақ» газетіне берген мақаласында «Сөз өнерінің сиқырын «Сегіз аяқ» өлеңінен де байқай аламыз» дейді [2]. А.Байтұрсынов: «Естуімше, Абай өз өлеңінің басылып шығуын тілемейді һәм бастыруға ешкімге рұқсат бермейді екен, күз Қарқаралы қаласына барамын, сонда әдейі бұрылып, Абайға сәлем беремін, танысамын һәм өлендерін бастыру жайынан сөйлесемін»,- деген екен. Алайда Ахметке Абайды көруге нәсіп болмады. Абай өмірі күзге жетпей, сол июннің 23-інде үзілді» [3] деген екен естелігінде. Жоғарыдағы құпия деуіміздің себебі осы. Ақын көзі тірісінде шығармашылығын дүйім жұртқа паш етпеді. Оның хикметтері оқырман қошеметін күтпеді. Әдетте ақынға желеу беріп, шабыттандырғанда ғана жырлана түсетін еді. Сонда Абай ақын емес, ақыннан да биік болғаны ғой. Бұл біздің тарихи фактілерді жинақтай, шығармашылығымен толықтай таныса келген түйген ойымыз.

Зерттеу әдіснамасы

Сөз өнерінің сиқырын «Сегіз аяқ» өлеңінен де байқай аламыз. Шығарма шумағы 8 жолдан тұрғандықтан атауы да солай. Аралас ұйқасты 5 буынды тармақтар мен 7-8 буынды тармақтар үйлескен. Келте тармақтарда 3 және 2 буынды болып келетін өлең жолы. Оқырманның сыни ойлау қабілетіне тікелей әсер ететін қазақ әдебиетінің жауһары.

«Ақынның ағартушылық ой-пікірлерінің қалыптасуына игі әсер еткен табиғи арналардың алғашқысы – ақынның дүниеге келген ортасы, жас Абайдың бойына адамгершіліктің ізгі қасиеттерін ақ сүтімен қоса дарытқан ана мейірімінің қуаты. Кеудесі шежіре-тарих, аңыз-әңгімеге толы, халықтың

салт-дәстүрін жетік білетін мейірбан әжесі Зере мен мінезге бай, тілге шешен анасы Ұлжан бала Абайды өз алдына бір бөлек рухани қазына бесігі болып тербетті. Өскенбей шаңырағына бекем орнаған «Қарашаңырақ мектебі», асыл әжелердің басшылығында жұмыс жасаған «Дана Аналар» мектебі, Білікті аталар арқылы бұл әулетте орныққан «Дана Аталар» мектебі ауыл балаларымен бірге жас Абайды үкілеп өсірді, айтулы адам болдырды. Осы отбасы мектептерінің өзіндік педагогикасы қашаннан бар болатын, Абайдың дана педагогикасында бұл дәстүр ұнасымды орын тауып, сабақтастықпен жалғасқан. Абайдың педагогикалық көзқарасы қазақ жерінде патриархалдық-феодалдық қатынастар әлсіреп, капиталистік қатынастардың өмірге ене бастаған кезеңінде қалыптасты [4]. Мұндай тәлім ойлы перзенті үшін қайырлы болған.

Жұмыс барысында ақын шығармасындағы ғибрат ойлар мен шығармашылық биіктіктің ара жігін ажырату арқылы ғалымдардың зерттеуі мен ұстаздың күнделікті тәжірибесі жеке талданып бірқатар зерттеу жүргізілді.

Талқылау және нәтижелер

Мақаламыздың негізгі өзегі ретінде «Сегіз аяқ» алынды. Бұл бекер емес. Әу баста біз бас абайтанушы Мұхтар Омарханұлы Әуездің «Сегіз аяқ» – ұлы ақынның жазушылық еңбегінің орта тұсында туған үлкен бір белдей әрі мол, әрі бар жағынан көркем келісті шыққан, зор шығармасының бірі» [5, 137], – деген едік. Абайдың кейінгі жырларынан осы «Сегіз аяқтан» басталған көп мұңды көреміз [5, 139].

Ойлы адамға бұл өмірде қызық болмайды. Болыс болып, ел арызын арқалау Абай психологиясына қатты әсер етеді. Мұны шығармаларынан және жоғарыда қалдырған тарихи деректер арқылы нақтылай аламыз.

Араға ғасырлар салып адамның өмір сүру салты түбегейлі өзгеріп кетсе де, Абай сөздері өзектілігін еш жоғалтқан емес. Бұл да ойдың асылын байқатса керек. Педагог ретінде қазақ әдебиеті, адам құқығы және төл тарихымызды оқытатын пәндер арқылы бала бойына Абайша ойлаудың формуласын енгізу мәселесін көтергіміз келеді.

«Орынсыз ыржаң,

Болымсыз қылжаң

Бола ма дәулет, нәсіп, бұл?» деген екен. БАҚ арқылы жеңіл әзіл насихатталып жатқанын көргенде

«Ашиды жаның

Қайнайды қаның,

Мінездерін көргенде» деп Абайша сыни ойға батамыз.

Біз елестететін болашақ ұрпақ ғылымға назар қойған, өркениетті елдермен еркін қатынасқа түсіп, ұлт мүддесін биік мінберде қорғай алатын болса екен дейміз. Сол үшін Абай шығармаларындағы құндылықтар барынша кең әрі түсінікті таратылса игі. Ертеңгі қоғамның бағдар алар темірқазығы бүгінгі ұлттық білім беру. Абай шығармаларында көрініс тапқан құндылықтарды жас бойына сіңіріп өсіру. Ол үшін тек ғылыми-зерттеу жасалып, мемлекеттік мұрағатты қарастыру жеткіліксіз. Халықтың назары

түскен әр бұрышта Абай хикметтері болса нұр үстіне нұр болар еді. Көз көргенін ұмытпайтыны секілді, құймақұлақ ұрпаққа аса пайдалы болары анық. Ол үшін заманауи жобалар көптеп жасалып, қаражаты еркін жетуі қажет.

Абай туғалы екі ғасырға жуық уақыт өткенімен әр бес жылдықта Абай тойы қазақ даласында дүркіреп өтіп жататыны рас. Бұл мемлекеттік тапсырманың оңтайлығының көрінісі.

Қорытынды

Қорыта келе, «Сезіз аяқ» өлең жолдары екі аяқты пенденің еріксіз, жігерсіз басқан әр қадамына қарсы күш іспетті. Ұрпақтың саулығы алдыңғы буынның бір міндеті.

Жеке ұстаздық тәжірибеге сүйене келе төмендегідей ұсыныс білдіргіміз келеді. Бүгінгі таңда Абай шығармаларындағы маңызды сөздердің көбі көнерген, сол себепті соларды тағы бір жаңарту қажет.

«Тілге жеңіл жүрекке жылы тиіп

Жұп-жұмыр тегіс келсін айналасы» дейтін де, Абайдың өзі емес пе.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Қабдыраззақұлы Қ..Абай педагогикасы – Тәрбие ілімінің тұнығы// www.abaialemi.kz

2. Дулатов М.. «Абай»//«Қазақ» газеті. – № 67. 23 маусым 1914.-

3. Байтұрсынов А. Шығармалары//Құрастырған: Ә.Шәріпов, С.Дәуітов/ - Алматы: «Жазушы», 1989.

4. Абай Құнанбайұлы. Монография. –Алматы, 1995. – 137 б.

5. Әуезов М. Абай Құнанбаев. - Алматы: «Санат», 1995. - 75 б.

«Абайдың «Толық адам» ілімі – қазақ руханиятының темірқазығы» халықаралық ғылыми-тәжірибелік семинарының жинағы.– Астана: Астана халықаралық университеті, 2025. – 359 б.